

Орынбасар ИСАХОВ

Бәрінен де сұлу



Алматы “Мектеп” 2021

ӨОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Каз)
И85

*Кітаптың мұқабасына және ішкі мазмұнына
автордың 9 жасар немересі Раминаның (Германия)
салған суреттері пайдаланылды.*

Исахов О.

И85 Бәрінен де сұлу: Өңгімелер, пьесалар, аудармалар, өлеңдер. —
Алматы: Мектеп, 2021. — 328 б., сур.

ISBN 978-601-07-1581-3

Бұл жинаққа автордың әр жылдары жазған өңгімелері, пьесалары, өлеңдері және аудармалары енді. Шығармалардың негізгі кейіпкерлері жастар және олардың қоғам өміріндегі іс-әрекеттері, жан-дүние толғаныстары, нәзік махаббат сезімдері суреттеледі.

И $\frac{4702250206-020}{404(05)-21}$ 94-21

ӨОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Каз)

© Исахов О., 2021

© «Мектеп» баспасы, көркем
безендірілуі, 2021

Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлiктік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978-601-07-1581-3

Әңгімелер



ДОС КӨҢІЛІ

(новелла)

Қазақстан мен Ресейдің шегаралас облыстары өзара татулық кәделерімен кездесіп тұрады.

Бірде Қазақстаннан Ресейге қонаққа барған біздің жақтың әкімі Ресей жақтың губернаторына бір қолқа салып:

— Василий Иванович, в вашей области живет мой армейский сослуживец, можете организовать встречу? — деп сұраған.

«Әрине, бәрін жасаймыз» деген губернатордың қолына әкім мекенжай жазылған бір жапырақ қағазды ұстатқан.

Сол мекенжай бойынша губернатор ауданға, аудан селоға тапсырма берген. Үшінші күн дегенде — ресми сапардың соңғы күні әкімнің әлгі іздеткен адамы келіп жетті. Оның тұратын жері қаладан 20—25 шақырым ғана болса да неге ол үш күн бойы жете алмай жүргендігі туралы әкім досы білген жоқ...

* * *

Әкім оны мәртебелі қонақтар тоқтайтын қонақүйде қабылдады. Ол келгенше үлкен апартаменттің залына дайындық жасатып, дастарқан жайғызып қойды.

Өзі аздап қуанып та, қобалжып та қояды. Атшаптырымдай залдың біресе ары, біресе бері шетіне жүріп: «Бұл рыжий Вася қандай болды екен, ә? Ну, салага! — деп баяғы кездерін еске алады. — Өскерде қызмет еткенімізге де отыз жылға жақындап қалыпты!»

Көп күттірмей көмекшісі келіп, шақыртқан қонағының келгенін хабарлады. Бұл «кірсін!» деп рұқсат берген соң, оққағар жігіт ұзын бойлы, мығым денелі кісіні ертіп кірді.

Бұл орыс жігіті әкімнен жасырақ көрінетін сияқты. Қысқа кесілген шаштары тікірейіп, екі бетінің қызғылт шырайы шапшып, көк көздері жарқырап тұр. Киім киісі, тұрған тұрысы село интеллигенциясының әдеттегі әлпетін көрсетеді.

Ол бөлмеге кіргенде әкім оны бірден таныды, баяғы солдат кезінен гөрі толып, аздап көртейгені болмаса, түк өзгермепті.

Бұл оны көре сала дәл баяғы ашық көңілімен алға ұмтыла түсіп:

— Здравствуй, Вася! — деп қарсы алды, тіпті құшақтап алғысы да бар. Бірақ Вася үлкен қонақтың алдында әдеп сақтады ма, ішкі әсерін білдірмей:

— Здравствуйте! — деп жауап берді. Әкім де алғашқы айылын жинап ала қойды да:

— Заходи, заходи, проходи! — деп оны төрдегі диванға қарай ертіп барып, өзінен жоғары отырғызды.

— Ну, Вася... сколько лет, сколько зим! Очень рад, что тебя встретил. Ну, как дела?

— Ничего! — деді Вася даусын шығарар-шығармас. Сосын есік жақта отырған оққағарға, ортадағы үсті тола тағам қойылған үлкен үстелдің жанында дайын тұрған қызметші әйелге кезек-кезек қарап қойды. Осыны байқаған әкім аналарға иек қағып еді, екеуі де бөлмеден зым-зия шығып кетті.

Әкім байыппен барлап Васяға қарады. Екеуі бірін-бірі әбден көріп алғысы келгендей аздап үнсіз отырысып қалысты.

— ...Міне, еліңе қонақтап келіп қалдық! — деді әкім.

— Да, я вижу! — деді Вася.

— Об этом наверное, и ваши газеты пишут?.. Я аким — это губернатор по-вашему... А ты, Вася? Чем занимаешься? Рассказывай?!

Вася тұздай көк көздерімен әкімге тесірейе қарап отырғаны болмаса, ләм-мим деп ауыз ашуға құлқы жоқ сияқты.

— Ну, Вася?!

— Да... Я, — деп өзін-өзі қинағандай жауап берді Вася. — Я... я тоже вроде маленький хаким, но свиноводческого комплекса...

— Давай, Вася, приглашаю за стол, попьем чайку и поговорим?! — деп әкім қонағын жасаулы дастарқан басына шақырды.

Бірақ Вася үзілді-кесілді бас тарта жауап қатты. Мұны күтпеген әкім оған таңдана қарап, мүдіріп қалды.

— Все-таки такая встреча, за столько лет! Может отметить — по сто грамм?!

— Нет, нет, нет! Я не пью! Спасибо!

— Ты то не пьешь, Вася?! В армии даже одеколон пили, помнишь... Да, я тебя не узнаю, Вася?! А ты меня узнал?

— Возможно...

— Возможно? Да, я Каратай, Вася!

— Знаю. Черная лошадка... переводе с казахского. Не забыл же я, по званию ефрейтор, имени — Черная лошадка!

— Ну, правильно! — деп қуанып кетті әкім. — А ты — младший сержант, Васька — рыжий осел!..

Әкім сол баяғы бозбала кезіндегідей ішегі қата күлді. Вася күлген жоқ. Көк көздері жасаурап, шекесі қызарып кетті. Әкім күлкісін қоя бергенде:

— Можно спросить? — дегенді қайталап, сөзін батылдау, нықтаңқырап жалғастырды. — Я хотел узнать: что ты от меня хочешь?!

Әкім мынадай күтпеген сұрақтан сасып қалды:

— Как «что хочу»?! Ничего я от тебя не хочу! Просто увидеть и узнать — как ты! Вспомнить о службе.

Әңгіме тұйыққа тірелген сияқты. Екеуі де аз уақыт үнсіз отырып қалды.

— Знаешь что... — деп Вася үнсіздікті бұзды. — У меня на такие сентиментальности нет времени! Можно я пойду? — Вася орнынан тұрды. Әкімнің тілі байланып қалған сияқты, не дерін білмеді. Ол да іле-шала орнынан көтерілді. Вася өз сұрағына жауап күтпестен есікке беттеді. Оның бұндай қылығын қалай жорырын білмей, әкім сілейіп тұрып қалды.

Вася есікке жете бере артына бұрыла қарап, әрі батылсыз, әрі өкінішті дауыспен:

— Ну, не обижайся, Қаратай — Черная лошадька! Может быть выгляжу странным, глупым, неблагодарным, просто идиотом? Может быть так и есть! Но, у меня тоже есть гордость. Прощай!.. — деді де шығып кетті.

Әкім аң-таң. Аң-таң емес, әлем-жәлем. Әлем-жәлем емес... Не керек, оның ішкі дүниесінде біреу бетіне түкіріп қорлық көрсеткендей ыза-кек сезімінің оты лаулап жанып келе жатты.

— Еу, мына байғұс адам болмай қалған ба?!

* * *

Вася, Василий Журавлев өзі айтқандай, шынында да, шошқа бордақылау комплексінде қатардағы инженер болып істейтін.

Білімі, іскерлігі жағынан ол тек кешенде ғана емес, бүкіл шаруашылықтың басында-ақ отыратын адам. Бірақ... Бірақ қазіргі заманда бәрі ақшамен немесе туыстықпен шешіледі емес пе? Ал оның анаусы да, мынауы да мандып тұрған жоқ. Сондықтан өспейді. Сапырылысып келіп-кетіп жатқан бастықтар үшін белшесінен бата қара жұмысты атқарады. Оның үстіне, бұның өз ісіне мықтылығы «қолына күрек ұстай білмейтін» шала дүмбіл бастықтардың, неге екені белгісіз, шамдарына тиеді, нақақтан-нақақ жақтырмайды, мүмкіндігі келген жерде мұқатып қалады.

Міне, Вася жарты жыл бұрын келген жаңа бастығымен де осындай «сыйластықта» жүріп жатқан. Ал облыс губернаторынан шақыру хабары келгенде секпіл бет бастығы бұны шақырып алып, әй кеп шақпасы бар ма!

— Слушай, оказывается ты у нас блатной бл!.. Вон, они наехали друзья твои, казахи! Поедишь в область делегатом от нашего коллектива, будешь налаживать с ним связь...

Секпіл бет бастығы, әрине, небір боғауыздармен мәнерлеп айтқан еді бұл сөздерін. Вася оның бұл қылығын өзіне көрсеткен кезекті қиқаң-қоқаңдығы деп білді. «Мен ешқайда да бармаймын!» деді де, есігін тарс жауып кетіп қалды. «Секпіл бет» бастық миығынан күліп отырып, аудан басшысына телефон соғып: «Сіздің тапсырмаңызды Журавлевке жеткіздім, бірақ ол губернатордың шақыруын тыңдамай қойды», — деді. Бұны естіген аудан басшысы тас-талқан боп ашуланды: облыс губернаторының айтқанын өлді-тірілді орындауы керек. Бар амалы — бұл істі милицияға тапсырды. Аудандық милиция «сиренін» азан-қазан айқайлатып жетіп келіп, комплекстегі қалың жұрт — қатындардың көзінше ләм-мим сөзге келмей, Журавлевті артқы есігінің торы бар машинаға салды да алып кетті. Вася «не үшін, не үшін?!» деп әрі аң-таң, әрі үрейлі күйінде кете берді. Тек селодан ұзай бере үлкен трассаға түскенде милиционер жігіттер түстерін жылытып, бұны жұбата бастады.

— Е, брат, қам жеме, біз сені құрметті қонақ ретінде губернаторға алып барамыз... О, сенбейсің бе? Оның шақыруынан неге бас тартқаныңа түсінбейміз?!

— Шақырғаны қалай?! — деп шынымен таңғалды Вася.

— Мәссаған! Саған губернатордың шақырғанын жеткізген жоқ па?..

— Қойыңдаршы! — деді Вася милиционерлерге ренжіп. — Өздерің менің балам қатарлы балдар екенсіңдер, сендердің әкелеріңді біреу өстіп келемеждесе не істер едіңдер?

— Келемеждеген ешкім жоқ... Қысқасы, былай: кәзір бізге Қазақстан көршілес облысының делегациясы келіп жатыр. Оны телевизордан көріп жүрген шығарсың? Сол қазақтардың губернаторы өзіңмен бірге армияда болғанға ұқсайды, «армейский досыммен кездескім келеді» дейді ол біздің губернаторға. Губернатор тапсырма береді. «Сені тауып, шақыртыңдар» деп. Ал сен болсаң осынша құрметке бұтыңдағы «беделіңді» қойыпсың!..

— Тоқта, тоқта! — деп айқайлап жіберді Вася. Машина кілт тоқтады. — Маған «осылай еді» деп кім айтыпты?! Міне, қайда мәселе!..

Васяның қаны басына шапшып, қантамырлары білеуленген шекесі күрең тартып, көздері бақырайып, жасаурап кетті.

Өзін өуре-сарсаңға салған мына жағдайы, әсіресе қарамағында істейтін көп қыз-келіншектердің алдында милицияның «айдап» кеткен халі қайта көз алдына келгенде оның қорлығы үдейе түсіп, бұны жермен-жексен ете жаншып бара жатты. Оның осы қорлығына себеп болған әлгі армияда қызметтес болған адам туралы ойлағанда ашу-ыза кеудесін кернеп кетті. «Кім болды ол найсап!?» Жүрек тұсына алақанын қойып, ауа жетпегендей алқынып машинадан түсіп, жол шетінде басын салбыратып біраз тұрды. Милиционерлер қасына келіп, қаумаласып қалды. Сәлден кейін Вася есін жиыды.

— Жігіттер, — деді сосын қатқыл дауыспен, — мен ешқайда да бармаймын. Ол осыны айтты да, жолмен кері қарай жаяу жүре берді. Ал аз уақыт аңырып қалған милиционерлер оның артынан жүгіріп жетіп, алдын тосқауылдады:

— Братан, бұлай болмайды! Біз бұйрықты орындауымыз керек! Өзің де бұрынғы солдатсың, түсінсейші бізді!..

...Васяның қазақстандық әкім жолдасымен кездесуіне дейінгі басынан кешіргендері осы еді.

28.04.07 ж.

ҮНДІ ӨУЕНІ

(новелла)

Жасым қырықтан асты... Көңіл күйім жаздан күзге ауысып келе жатқан жыл мезгіліндей. Ыстық аптап қайтқан. Ағаш жапырақтарында сарғая бастаған нышан бар. Жиын-терім... Оқтын-оқтын аспанды бұлт қаптап, шаң иісті жаңбыр себелеп кетеді. Тау бөктері, ашық дала, қыр қойнаулары — бар дүние күз киіміне ауысқан... Су түскен шымдақ алқап қайта көгеріпті, шіркін-ай, көктем еске түсіп кетті!

* * *

Автобуста адам тығыз. Мен оның артқы салонында жұртпен тығылысып, қысылысып келе жатқам. Келесі бір аялдамада сырттан ішке қарай адам легі лап қойғанда бұрынғы қысылғанымыз кеңшіліктің өзі екен, қатталған бір бума ақшадай

бір-бірімізге жаппа-жап жабыстық та қалдық. Кенет ешкінің құйрығындай шолтаң-шолтаң етіп байлап қойған қысқа шаш менің бетіме, мұрныма тиіп жыбырлата бастады. Түшкіріп жібере жаздаған қалпымда келте шаштың төмен жағындағы әлдеқандай майда көзді алқа тағылған, күн көзімен сәл ғана күреңіткен нәзік мойынға кезікпесі бар ма қу зейінім! «Ойпырым-ай-ау!»

Иә, басқа не демекпін өзіме-өзім?

«Мынадай мойынға тағылған моншақтың иесі қандай болды екен? Жүзін көрсе ғой! «Ешкі құйрық» етіп байлап қойған шашы анау моншаққа, ал ол моншақ сәнмен ғана орап алған жыңғыл түстес тегіс мойынға қандай жарасады!»

Оның бәрін ойша пішіп, қиялмен көріп тұрмын. Түшкіріп жібермегенім қандай жақсы болған! «Мынау көкешім мәдениеттен жүрдай-ау! Е, иә, жасы да біраз бар-ау, кешіре салайық!» деп ойлап қалар еді онда... «ешкі құйрық!»

Иә, сонымен? ...Мен өзіме-өзім кекештене қарамайыншы. Кейінгі кезде осындай әдет жабысты дерт болып — қажай беру, қажай беру. Әсіресе қыздар туралы ойлап немесе соларға байланысты жағдайларға кенеттен душар болып, кейбір жігіттердей емеурін білдіре бастасам-ақ ішкі бір «жыным» сақылдап күліп, бетін шымшылайды-ай кеп!..

Сөйтіп, құдай өзі қатарластырып, қабаттастырып қойғанымен, бар ойым «ешкі құйрықтың» тек мойнын ғана емес, жүзін де көру еді. Басқада ісім шамалы, басқа ешкім көзге көрінер емес.

Солайы-солай-ау, бірақ бұл лепірген жағдайым тек іштей ғана. Әйтпесе сыртқы көңіл күйім жайбарақат, тіпті немқұрайлық түр көрсетіп келем айналаға!

* * *

Бар дүние сағынышпен сыңсып тұрғандай. Күздің жылы желі сарғайған жапырақтарды асфальт бетімен біресе анда, біресе мұнда жинайды... Дүние-зейнім әлдебір алыста қалған сезім әуенін еске түсіре алмай әуре еді. Лажсыздық. Қол жетпестік... Тағы қалай айтуға болады? Жыл мезгілі — адам арманы. Келеді-кетеді, сағым болып алыстай береді...

* * *

Тағы бір тоқтағанда көп адамның қатарында «ешкі құйрық» та автобустан түсті. Түсе сала автобустың артын айналып, көшеден өте берді. Міне, сол кезде мен оның жүзін көрдім! Жол бойы әуреге түскен ыстық көңілім түк емес екен, қыз бейнесі еміс-еміс

ұмыт бола бастаған алыс әуенді еске түсіргендей көз алдым әдемі сөнге бөленіп кетті. «Радха, Радха!» деп айқайлап жатқандай жан даусым. Иә, Радха! Бала кезімізде бар болмысымызбен сеніп, басымыздан кешкендей боп көретін үнді фильмдеріндегі Радха!

...Радханы мен өмірімде алғаш рет Қаржан тауларының бауырында, ұяда жатқан ақ мәйектей жылы орныққан ауылда кездестірген едім. Ол үндінің ұлттық киімі сариге оранып сахнада ән айтып, би билеп тұрушы еді. Ал біздер — қатарластары әнінің қайырмасына қосылып, биіне қол ұрып тұрғанымызға бақытты болатынбыз.

Әдетте, концерт кешкі сағат ондарда басталып, түн ортасы ауа аяқталатын. Жазғы айлы түнде бәріміз үнді әуенінің сиқырымен Радханы қимай үйді-үйімізге лажсыз тарайтынбыз. Ал бастырма астындағы тапшанға салынған төсек үстінде таудың үшкір шоқыларын ақ сәулеге бөлеген Айға қарап аппақ арманға бататын да сол кез еді-ау! Ұйықтай алмай жатқандағы бар амалың — «О, Индия!» деп күрсіну ғана — «О, Индия!»

Ойша «Индия, Индия!» деген сайын құлағыма «Радха, Радха!» деген сыбыр келіп, жүрегім атой салып кетеді. Тұңғық аспандағы шүпірлеген жұлдыздар шымыр-шымыр етеді. Ай ауып, таң атып келеді...

Ал «Радха, Радха!» деп бүкіл ел елеуреп, ғашық болып, дуду әңгіме етіп, аңызға айналдырған қызымыздың аты Қаржан тауының бауырында туып-өсіп, бойжетіп келе жатқан Бану деген ару еді!..

* * *

Сол Қаржан тауының бауырындағы ауылда Бану екеуміз сегізінші класта бір жыл бірге оқыған едік. Бір партада отырдық.

Мен мұнда жаңа ауысып келгем. Қонақ ретінде сыйлады ма, әлде совхоз парторгінің інісі болған соң ілтипат көрсетті ме немесе өзімнің әжептәуір көрікті жігіт болып өсіп қалған беткелбетім ұнады ма, әйтеуір, Банудың қасына отырғызды!

Бану осы мектептің беткеұстар оқушыларының бірі екен: үздік оқиды, қоғамдық жұмысқа араласады, көркем үйірмеде өлең айтып, би билейді... ол — мектеп директорының қызы.

Мектеп директоры бізге тарихтан сабақ беретін болып шықты. Ол кісі өзін әскерилерше-ресми қалпында ұстайды екен.

Бірінші сабаққа келгенде-ақ мені орнымнан тұрғызды:

— Танысып қояйық: мен осы мектептің директорымын. Сенің үлгерім қағаздарыңмен таныстым. Отличник екенсің,

біздің мектеп оқушыларының үлгерімі өте жоғары, босаңсып кетпе! Иә, айтқандай, сен біздің жаңа парторгтің інісі екенсің, мен Нүрекенді бұрыннан білемін, сыйлайтын кісім. Сондықтан жақсы оқымауға право жоқ!..

Директордың менімен осылай іштарта сөйлесуі тек кластағы емес, бүкіл мектеп қабырғасындағы менің ерекше орнымды анықтап берген сияқты. Оның үстіне, папасының сөзін қолдағандай Бану менің жағыма қарай таңданыс-төнтілік көзқарас тастағанын сездім.

Ол әкесіне тартыпты — ақ сары өңді нәзік қыздың жасыл көздері жасаурап, күлімсіреп тұрғаны. Сәл ғана бұйраланған ашық қоңыр маңдай шаштары өзіне ғана жарасып, әдемі қызды көріктендіре түседі. Күлген кезде ашыла берген алау қызыл еріндерінің ар жағынан біркелкі аппақ тістері көрінеді.

Алғашқы күндері біз бір-бірімізден ұялып, қысылып жүрдік. Қыркүйектің ыстығы ма, қалай оның қасына жақындасам іштей от-жалын боп лапылдай бастаймын. Бану да дәптерімен желпініп әуре. Сөйлескенде даусымыздан гөрі жүрек дүрсілі қаттырақ естіледі.

Үзіліс кезін асыға күтіп, қоңырау соғыла сыртқа атып шығып, бір-бірімізді көрмейтіндей бұрышқа барып, тұншығып бара жатқандай халде терең-терең дем алып, ауа жұтып қайтатын болдық. Сабақ соңында тіпті зым-зия қашамыз мектептен. Ал ертеңіне мектепке баруға жүрексіне тұрып, бірақ оған ертерек жетуге асығуымыз біртүрлі қызық!

Бірде үзіліс қоңырауы соғылып, мен әдеттегідей орнымнан шұғыл көтеріле бергенше, Бану кенеттен маған тіке қарамаған күйі тіл қатты:

— Келесі сабақ физика ма?

— Иә! — дедім мен елең етіп.

— Мен физиканы ұнатпаймын. Тапсырманы онша түсінбедім, айтып бересің бе? — деді.

Мен орныма қайта отырдым.

— Тапсырманың мына жері қалай? — деді Бану маған қарауға бата алмағандай.

Мен де сондай күйде отырып:

— Ол былай ғой!.. — деп бастауын бастап алып, былдырлап бірдеңкелерді айтып шықтым.

— Ал ана жерінде анадай сұрақ қояды?

— Ол сұрағына... Берген жауабым есімде жоқ...

— Формула?..

— Формуласы былай жазылады, қарашы? — дей бергенімде, ол шынымен маған бұрылып қарады. Бір-бірімізді алғаш көргендей бір сәт таңғала қарасып қалыппыз. Осыған батылы жеткеніне Банудың өзі де риза. Жасыл көздерінің жарқ еткен жанарымен менің жүзімді сипап-сипап өткендей болды.

— Менің айтқандарымды түсіндің бе?

— Жақсы түсіндіреді екенсің — физиканы ұната бастадым! — деді Бану...

Міне, содан бастап бір-бірімізге үйренісіп кеттік. Бұрынғыдай мектепке баруға жүрексінуді қойып, алып-ұшып асығып жетеміз де, одан қайтуға асықпаймыз. Бануды шығарып салып, екі ортада таусылмас әңгімелерді айтып, сырласып жүріп аламыз. Сабақ арасындағы үзілістерде де сыртқа шығуды қойдық — қатар отырғызып шегелеп қойғандай қозғалмаймыз, қозғалғымыз келмейді, алыстағымыз келмейді! Шүйіркелесіп отырғанымыз!..

* * *

Бұл мектепте көркемөнерпаздар үйірмесі жақсы жолға қойылышты. Футболды тастап, Бануға еріп мен үйірмеге қатысатын болдым.

Үйірмені Сәкен ағай мен Светлана апай басқарады екен. Жас жұбайлар. Сонау Көкшетау жақта мәдениет училищесін бітіріп келіпті. Сәкен аккордеон, мандолина, домбыра тағы басқа аспаптардың бәрінде ойнайды, ал Светлана — би маманы.

Екеуінің жүріс-тұрысы ерекше — қатар жүріп бара жатқанда судан шыққан қаздар сияқты сәнденіп, аяқтарын маң-маң басады. Олардың сыртынан қарап тұруға бәрі әуес. Сондықтан болар, үйірмеге қатысушылар көп.

Бұлар үнді фильмінен нөмір дайындауға кірісті. Негізгі орындаушысы — Бану. Биін Светлана, әнін Сәкен үйретеді. Сәкен аккордеон ойнап тұрып, өзі де қосылып айтады. Бұйра шашты жас жігіт Капурға еліктейді. Ол Бануға қарап ән айтқанда үзіліп кете жаздайды. Оның бұнысы көппен бірге «массовкада» тұрған маған ұнамайды. Тіпті осы үйірменің өзі де менің көңілімнен шықпады. Сөйтіп жүргенде мектепте футбол жарысы өтетін болды да, мен класымыздың командасына қуана-қуана қосылдым...

* * *

Футбол жарысы, әдетте, түс ауа, күн аптабы басыла бергенде басталып, қас қарайғанша созылады. Ал ертеңіне таңертең мектепке келген оқушылар ол туралы қызу әсерлерін бөлісіп жатады.

...Күндегі әдетімше сабаққа ертерек келсем, кластастарым футбол жайында әңгіме-дүкен құрып тұр екен, мені көре сала олар шу-шу ете қалысты:

— Міне, өзі де келді біздің герой! ...Біздің командамыздың бірінші шабуылшысы! Біз оған «Аққұйын» деп ат қойдық! «Аққұйын» кеше екі гол соқты!.. Молодец!.. — Әсіресе қыздар жағы қояр емес, мені қоршап алып кезектесіп құшақтап, бетімнен сүйеді, арқамнан қағады...

Мен де мәзбін, иығымды қомдап-қомдап қоямын. Атақты кім жаман көреді?..

Бану да класта екен, бірақ басқаларға қосылмаған, өз алдына оқшаулау, тек мен орныма қатарласа отыра бергенімде бұрылып, маған күлімсірей қарады:

— Сәлем!

— Сәлем!..

Банудың ақ сары жүзі алаулап, жасыл көздері жасаурап кетіпті.

Банудың мені қызғанатынын сонда бірінші рет сездім! О-о-о! Сездім де, белгісіз бір дүниенің толқынында қаңбақша қалқып бара жаттым. Оған көмектесуге өзім де әлсізбін, неден қарманарымды білмеймін. Содан бүкіл сабақ барысында ол да үн-түнсіз, өз алдына, мен де өз алдыма, ләм-мим ауыз ашпадық...

* * *

Сол күннен бастап біз көп сөйлеспейтін болдық, баяғы шүйіркелес әңгіме жоқ. Бірақ бұрынғыдай мектепке ерте келемін. Ол да сөйтеді. Сабақтан кейін оны қимай айналшықтап жүріп аламын. Ол да кетуге асықпайды. Ортамызды көзге көрінбес тұнық әйнек-қабырға бөліп тастаған сияқты. Көзбен көргенмен, көңілмен жете алмаймыз бір-бірімізге.

Күндердің күнінде мектеп көркемөнерпаздарының концерті де болды. Халық лық толы совхоз клубының сахна төріне үндіше киінген Бану жарқ етіп шыға келгенде, оның әдемілігіне «ах!» деп таңданған көп жұрттың демдері ішінде қалды. Ол үнді фильміндегі Радха болып ән салып, би биледі.

Ол тұрған сахна мен үшін қол жетпес заңғар шыңға айналып кеткендей!

Аккордеонын аңыратып өлең айтқан Сәкен де жұрт көңілінен шықты. Мұрнының астына қара күйемен мұрт салып, басына мыжылған шляпа киген ол тұп-тура Радж Капурдың өзі бола қалыпты! Ол Радхаға ғашықтығын білдіріп зарлап өлең айтқанда мұрындарын солқ-солқ тартып, көздерін сұрткен келіншектер: «Өй, тұқымың құрымағыр, жасы жетпеген қызға жанын беруге

бар бұл бейбақ! Өзіңнің әйелің тұр емес пе қасыңда!» — деп сұңқылдап қояды...

Концерт бітіп, үйге қайтуға бет алған Бануды бір топ туған-туыстары, мектеп оқушылары қоршап алды. Бану өзі есіне алып, олардың арасынан мені іздегендей ишара көрсетпеді, оған әлем-жәлем болған мен де тұманды көңілмен шет қала бердім.

Сол концерттен кейін Банудың жұлдызы тіпті жарқырап кетті. Бүкіл мектеп болып оны қошеметтеп жатқаны. Оған достық көңілін білдіргісі келетіндер көбейді. Әсіресе жоғары кластың балалары! Біреулері мектепке ерте келіп, Банумен әңгімелесіп, менің орныма отырып алатын әдетті шығарды. Бану да ешқайсысына кет әрі емес, ашық-жарқын сөйлесіп, ойнап-күледі. Көпшіліктің оған жығыла қараған көзқарастары да толастар емес!

Оның қасында мен бір бейшара сияқтымын! Сырт көзге солай көрінеді деп ойлаймын. Осы ойым ыза сезімін шақырады, кеудеме алғаш ұялаған жақсы көру сезімімен тайталасады.

Арамызды бөліп тұрған «әйнек-қабырға» қалыңдай берді, қалыңдай берді. Қасымда ғана отырған Банудың даусы да, сөздері де құлағыма жетпейді, тек күлімсіреген жүзін, күлімдеген жасыл көздерін, сәл ашыла берген еріндерін, оның ар жағындағы ақ тістерін көремін. Желге желбіреген оның бұйра шаштары менің көңіліме дегбірсіздік әкеледі. Өрекпіген кеудем оқтын-оқтын пышақ тілгендей ашып кететінді шығарды...

* * *

Бір жылдан кейін менің ағам облыстық партия комитетіне ауысты да, біз Қаржан тауының бауырындағы ауылдан көшіп кеттік. Жазғы каникул кезі болатын. Бану ауданның бір топ озат оқушыларымен Москваға қыдырып кеткен еді, сондықтан қоштаса алған жоқпыз...

Облыс орталығы — үлкен қаланың өмірі басқа өмір екен. Күнделікті жаңалыққа толы, әр уақытта асығыс өзгеріп жатқан дүниенің құшағына ендім де кеттім... Кеше ғана кеудемді керіп ашытқан сезім күші біртіндеп әлсіреп, жүрегімнің сонау бір түкпіріне қарай бір түйін боп ығыса берді...

* * *

Білмеймін, бала кезімде көп көрген үнді фильмдерінің әсері ме, әлде Банудың жүрегімдегі ең алғаш рет бақытты да азап

сезімін оятқан бейнесі ме, әйтеуір, үнді әуені естілсе елең ете қаламын. Иә, біз қатарлы жігіттердің сондай әдеті бар!

Бала махаббат!

Бірақ махаббатты жасқа қарай бөлуге болмайтын сияқты. Ол жарықтық жарқын сезім сені билеуге келіп қалса, сірә, өз жасыңды санап жатуға мұршаң да болмас, есіңе келмес!

Сен он беске, қырық беске, алпыс беске кел, ал, бірақ ол ең тамаша сезім — махаббат сол алғаш жүрегіңмен сезінген кездегіден еш айнымас!

* * *

Бұл әңгімеге себеп болған әлгі автобуста кездескен бейтаныс қыз — «ешкі құйрық» еді-ау! Айнымай ұқсайды Бануға! Менің күзбен қабат келген сағынышты сарыуайымдай ойша әсерім солай дейді. Әйтпесе сонау сол кездегі «Бану-Радха оқиғасы» өмірімде болған-болмағаны беймәлімдей алыстап кеткен, тек аса асыл әсерлі сырым ретінде көңілімнің бір түкпірінде ғана жататын еді ғой мұндалап. Содан кейін де болар, «ешкі құйрықтың» жүзін сыртынан көріп, Бануға ұқсастығын танығанмен, артынан жүтіре жетіп, тіл қатысуға, танысуға талпынбай қала берген жағдайым. Бәлкім, ол салқыны сезімді шарпи қоймаған жайлы күздің май шуақты еріншек ерекшелігінен шығар!

Адам сезімі — әрекетіне себеп. Бірақ сезімнің кейбір сәттерін сыртқа шығару ересек жасқа әсте жараспайды.

Мүмкін, мені тежеген де осы заңдылық шығар? Бұл заңдылық па, әлде әр адамның өз ой-өрнегінде тігілген шартты шеңбер ме? Әйтеуір, жол-жөнекей тежейді де отырады. Содан арман туады. Қол жетпес сол арман адамның әр уақыт жан сезіміне таусылмас рухани азық іспетті.

СЕРГЕЛДЕН СЕЗІМ

(*әңгіме*)

Ажарды бұдан бұрын көргені бұның түк есінде жоқ. Қалай, қандай жағдайда кездескендері беймәлім.

Мүмкін, бір-бірін елейтіндей қызығушылық болмаған шығар жан дүниелерінде. Қызық қой адам табиғаты — болмашы нәрседен, кездейсоқ әсерден бүкіл тағдырын өзгертер оқиғалар өрбіп кетеді...

Өткенде Жақыпқа табан асты лекция конспекттері керек болып, көрші жатақханада тұратын курстас таныс қызына барған. Оны бәрі Пәти деп атайды, толық аты Пернегүл. Бет

әлпеті келісті, аяқ-қолы түзу, келбетті-ақ өзі, бірақ жүріс-тұрысы, мінез-құлығы ер баланың болмысындай болғандықтан ба, жігіттерге жақын, аралас-құралас жүреді. Жақыпқа да дос, тіпті емешегі үзілген қамқоршы. Міне, сол Пәтиден лекция алмақ боп бөлмесіне кіріп келсе, онда екі қыз шай ішіп, әңгіме құрып отыр екен.

Жақып әдеттегісінше сызылып кешірім сұрап, келген шаруасын айтқан соң кете қояйын деп еді, таныс қызы (Пәти дә) болмады. «Бізбен отырасың, — дейді. — Құдай өзі айдап келді сені, әдемі қызбен таныссын деп. Танысып қойыңдар, е».

— Ажар! — деді бейтаныс қыз.

— Жақып...

Жақып бейтаныс қызға танысу ілтипатымен көз тастады. Иығынан келтіре қиылған жібектей шашы ақ жүзін көмкере алдына түседі, ал көздері түп-тұнық, мөлдір бұлақ суындай: толқу, әбіржу, қуану, ренжу нышандары білінбеді.

Жақыптың кенет кеудесінен толқып шыққан әсер басына қарай шапши жөнелді. Бірақ оған өзі мән бергісі келмеді, ішкі бір тежегіш күш бұны кері қақпайлай берді. Өттең, енді кете салуға ыңғайсыз, себеп табу керек.

Пәти бастап үшеуара оны-мұны әңгіме жүріп жатты арада. Ажар жақсы мінез көрсеткісі келді ме, әлде өзі осындай ма, көп сөйлемейді, басқаны тыңдап отырып әп-әдемі жымыып қояды. Жымығандағы ерні де жаңа піскен құлпынайдай оймақтанып кетеді екен. Жақып сырттай мән бергісі келмесе де, ішкі дүниесі еріксіз қыздың әрбір әдемі жақтарын ойына тоқып отырды.

Пәти өзінің тарс-тұрс мінезіне басып Жақыпқа тіке қарап:

— Қалай? — деп сұрақ қойды бір кезде.

Жақып түсінбей қалды. Пәти иегімен қасында отырған Ажарды нұсқап:

— Қалай деймін біздің Ажарка? Сұлу емес пе, ә?!

— Иә, айтқаныңа қосылам!.. — деді Жақып.

— Әрине, қосыласың, бірақ сен бір көргеннен ғашық боп қалып жүрме, ұят болады. Бүгін осымен бітті. Мә, лекцияңды ал да, жөніңді тап! Ажармен енді менің туған күнімде кездесесіңдер!..

Өстіп шығарып салды таныс қызы Жақыпты.

* * *

Екінші рет Ажарды, шынында да, Пәти қыздың туған күнінде кездестірді. Ескі таныстардай болып көрісті.

Кеште он шақты адам ғана болды. Бәрі өз қатарлары. Ажар мен бұл екеуі үстелдің екі басында отырып қалыпты.

Өркім өз жұбымен келгендіктен бе, жұрт ортасында отырса да жалғыздықты сезінді. Анау жақта Ажар да сондай күйді бастан кешкендей. Отырыстан соң би басталғанда екеуі бір-біріне еріксіз ұмтылып биге шықты. Қыз бойшаң, сымбатты екен. Оның қасында Жақып бойын барынша тік ұстамаса, кішкентай көрініп қалуы мүмкін еді.

Бұнысы да жақсы болды. Әйтпесе Жақып та көшеде кездесер қайбір бала жігіттей басын алға тастап, бүкірейіңкіреп алып, ұзын аяқтарын сидаң-сидаң еткізіп, жел ұшыра тез-тез жүріп бара жатқаны. Кей-кейде мамалары «Әй, бүкіреймей тік жүрсеңші!» демесе, өздерінің не үшін сұрақ белгісін ойнап жүргенін байқамас та еді олар. Енді, міне, Ажар сияқты бойшаң қыздар кездесті-ақ бойларын жазып, мойындарын созып, өздерін бір бәйтеректей сезіне бастайды...

Би бітіп, үстел басына қайта жиналғанда Пәти:

— Менімше, сендер бір-бірлеріңе біртіндеп жақындасуларың керек! — деп Ажардың орнын ауыстырып, Жақыптың жанына отырғызып кетті.

Содан кейін ғана бұл екеуінің арасында майда-шүйде сұрақ-жауап төңірегіндегі ілтипат жалғасы дастарқан басында көрсетілер қызметпен ұласып, кеш барысында бір-біріне көңіл аударып, қолдап отырысты. Оның үстіне, аз-аздап ішіп отырған шарап та өзара емін-еркін жақындыққа септігін тигізген сияқты.

Отырыс аяқталып, жиын тарай бастағанда:

— Ендігі сендердің программаларың мынау, — деді тағы да сол Пәти, — сен (Жақыпқа айтып тұр) мынаны (Ажарды айтады) шығарып сал. Көшенің қараңғылау жерінен өте бере оны құшақтауыңа болады! Ажарка, сүйісуге сен де қарсылық жасама енді!..

Бұл екеуі оған күлісіп алды. Пәтидің бұл сөздерін кейін көшемен келе жатып та қайта-қайта еске алып, қайта-қайта күліседі.

Бұлар кішігірім скверге енді. Оның орта шеніне жете бере жүрістерін азайтып, үнсіз қалды. Себебі қараңғылау екен.

«Көшенің қараңғылау жерінде оны құшақтауыңа болады!» — деді Жақып Пәтидің сөзін қайталап.

«...Сүйісуге сен де қарсылық жасама!» — деді Ажар да іле-шала. Сөйтіп, даурығыса күле түсіп құшақтасты да, артынша үндері шықпай қалды...

Ертеңіне кешке жақын Жақыптың бөлмесіне Арман деген досы келді.

Бұлар бірін-бірі іштей жақсы түсінетін, бір-бірінің алдын кеспейтін, бір-бірінің сөзін бөлмейтін достар. Бұлардың қарым-қатынастары солай қалыптасқан. Тіпті әңгімелесіп отырғанда да бірінің даусы бірінің даусынан қаттырақ шығып кетпеуін іштей үнемі қадағалайтындай әсер қалдырады. Арман өзі аңқаулау ма, ойында, сөзінде бүкпе жоқ, бар білгенін жайып сап отыра береді.

— Жағдай қалай?

— Жаман емес... Сендерге келгенім осы. Жол-жөнекей басқа бөлмелерде тұратын қыздарға кіріп шықтым... Бес минутқа ғана кірдім...

— Оқу қалай? Не болды, көптен келмей кеттің?

— Оқып жүрміз ғой. Оның үстіне жұмыс істеймін. Фабрикада. Грузчик... Өмір сүру үшін... Стипендия алмаймын... Тапсырмаған қарыз көп...

— Көп қыдырсаң, әрине, сабақ жайына қалады!

Бұлар оны-мұны әңгіме айтысып біраз отырды. Содан кейін Жақып досына Ажар туралы айтып еді, ол бұған аз уақыт қарап қалды да:

— Не, сен оған ғашық боп қалғансың ба? — деді күліп. — Абайла, сен менің қатарыма қосылып жүрме!..

Жақыптың әзілді қолдай қоймаған түрін байқап, Арман күлуін кілт тоқтатты. Сосын аса маңызды түрмен ойланып отырды да:

— Е, Ажар дейсің бе? — деп былдырлай бастады. — Сен оны бұрын көрмеп пе едің? Жоқ, ә, сен оны білуің керек? Әй, әкесі обкомның секретарі боп істейтін қыз ше? Жігіттер «мұндай әйелің болса, қор болмайсың!» деп айтып жүр ғой?..

Жақып ондай адамды білмейтіндігін білдіріп, иығынан қағып, үнсіз отыра берді.

— ...Былтырғы мейрам кешінде ол қыз болған. Өзі семіздеу болғандықтан сенің қарамауың мүмкін. Біздің институттың бір жігіті жүретін, сол екеуі келген кешке... О, атаңа нәлет, ана жігіт толық қыздарды жақсы көреді, әй, неге екенін білмеймін. Өзі ап-арық, ұп-ұзын... Сонда бір топ жігіт толық қызбен билеуді әуес көріп, қайта-қайта кезектесіп биге шақырып, құшақтап сүйе берген соң, арық жігіт шатақ шығарып, төбелесіп қалған. Е, сен де билемеп пе едің онымен?.. Ә, бірақ сенің өзгеден оқшау отыратын әдетің бар...

Жақып таңғалды. Арман айтқан оқиғалардың бәрі есінде, бірақ кәзіргі танысқан Ажарды бұрын-соңды көргені есінде жоқ. Осы бір дүдәмал ойын түсінген Арман:

— Өй, қыздар деген құлпырады да жүреді, біресе семіре салады, біресе арықтай салады... Пәтидің подругасы — сол Ажар ғой! — деп тарс еткізді.

Жақыптың ішкі дүниесі астан-кестен!

* * *

Жақып институтқа ерте келді. Сергек көңілі әлденеге алып-ұшады. Көктемгі күн ап-ашық, ал таңертеңгілік өуезді өмір тынысы да құлаққа жұмсақ тиеді. Әр бағытта жөңкіген транспортта да ышқыну-пышқыну жоқ, жеп-жеңіл, тың күшпен зу-зу етеді.

Лекция өтетін аудитория желдетілмепті, кешегіден қалған қапырық, мұңкіген ауа қозғалыссыз тұрып қалыпты.

Жақып үлкен-үлкен терезелерді айқара-айқара ашып жібергенде теңізден жеткен балық иісті салқын самал мен көше гүлі ішке лап қойысты. Жақыптың көз алдында Нева жағалауы, Петропавл қамалы, Васильев аралы сияқты сұлу кескінді панорама тұрды. Бірақ ол оның біреуіне де көз салып, әсерленіп тұрған жоқ, қаптаған ойлар мен елестер бұған ештеңе көрсетер емес. Толқын-толқын ойлар өздеріне ілестіріп әлдеқайда алып кетіп қалады. Кей-кейде есін жиып, меңіреулерше жүрген түріне қарап өзі де ренжиді.

Арманның айтқан әңгімесінен кейін мұның кеудесінде әлдебір қарама-қайшы әсерлер бір-бірімен соқтығысып жатты. Не үшін өйтеді — өзі де түсінбейді. Ажар... жігіттер... Жүрегін қыж-қыж қайнататын бейнелер... «Өй, маған олардың қандай қатысы бар?!» деп өзіне іштей басу жасағысы келеді, бірақ асау сезіміне әлі жетпейді.

Осындай халдегі Жақып Ажарды шығарып салғаннан кейінгі үш күнді азап ақыретімен зорға өткізді. Көргісі келе береді. Нендей іс істесе де оның бейнесі көз алдынан кетпейді, әсіресе сүйіскен сәті! Бұрын сүйісудің қандай екенін бұл қайдан білсін? Ендігі жерде бұдан тәтті, бұдан артық дүние жоқ! Көбінесе өзімен-өзі тұйық кетіп, Ажармен ойша сөйлесіп отырғандай қиялдайды, одан тіл жетпес ләззат алады...

Үш күн өткен соң шыдам таусылды, іштегі қарама-қайшы ой-сезімдер бір жаққа шықты, бәрін ынтықтық жеңді, тек көруге көңіл алып-ұшып тұрды. Осындай күймен таныс қызы Пәтиге барды.

Ол алдына кітаптарды жайып салып, қайсысына тиісерін білмей, зеріккеннен жыны кеп отыр екен.

— Зачет, коллоквиум, емтихан күтіп тұр алда, бірақ дайындалуға уақыт жоқ! — деп ренжігендей кітаптарды тарс-тарс жауып, жинап тастады. — Бұл қалай, а? Адамды аяу керек қой! Мысалы, шетелде сессия деген жоқ, қай уақытта саған қолайлы, сол уақытта тапсырасың сессияны!..

Өзімен-өзі бұрқылдап, проблемалардың бәрін тізіп айтып шыққаннан кейін Пәти:

— Сен Ажарды көргің келіп өліп тұрсың ғой, — деді. — Давай, оған барып қайтайық, а?!

— Көңілің қалмасын, ертіп барайын! — деді Жақып өзінің ішкі қуанышын білдіргісі келмей.

— Иә, менің көңіліме қарап қапсың!..

— Қарайын-қарамайын, бірақ менсіз де көңілдеріңді табатындар бар екен ғой Ажар екеуіңнің?!

— Болмағанда! — деді Пәти міз бақпай.

Жақып тынысын ішіне тартып, басы мең-зең, көзі бұлыңғырланып кетті.

Жолда трамваймен кетіп бара жатып Пәти, түк болмағандай, Ажардың қандай жігіттермен қалай жүргенін жыр ғып айтып берді. Оның ішінде Арман айтқан оқиға да бар екен.

— Е, солай де? — деді Жақып.

— Солай! — деді Пәти. — Ажарды сен ойлама оңай қыз деп! Жігіттер солай ойлауға дайын тұрады ғой. Айтқандай, Ажарға қазір тағы бір әдемі жігіт келіп жүр!..

— Онда біз несіне келе жатырмыз?..

Пәтидің көзі ежірейіп кетті:

— Е, біз ол жігіт емеспіз ғой! Біздің жөніміз бөлек. Әлде сен сол жігіттей болғың келе ме? Сен басқа адам болғандықтан Ажарға ұнауың мүмкін...

* * *

Ажар бөлмесінде болмай шықты. Қасындағы қыздары оның бассейнге кеткенін, келетін уақыты болып қалғанын айтты.

Жақып пен Пәти бөлме ортасына қойылған үстел жанына жайғасып, бөлмедегі қыздармен әңгімелесе отырып Ажарды күтті. Қыздар Жақыпқа Ажардың салған суреттері деп бір альбомды ұсынды.

Суреттер, әрине, реалистік суреттер емес, сонда да әртүрлі ойларға, әрқилы сезімдерге жетелейтін сияқты. Әйтеуір, әркім әртүрлі түсінікпен қарауына болады.

«Болашақ мұздатқыш техникасының инженері сурет салумен әуестенеді екен!» — деп ойлады Жақып Ажардың бұл өнерін іштей құрметтеп.

Өлден уақытта коридордан есікке жақын келген аяқ тықылы естілді.

— Ажар! — десті қыздар.

Жақыптың жүрегі дір ете қалды. Арқасын есікке бере отырған ол есік ашылғанда түк сезбегендей қатты да қалды.

— Ажарка! — деп Пәти оны құшақтай алды. Одан босаған Ажар Жақыптың ту сыртын көрген кезде:

— О! — деді қуанышпен. — Елеусіз отырғанын қара! Сәлем! — Ажар қолын ұсынды. — Менің шығармаларыммен танысып отырсың ба? «Изостудия оқушысының алғашқы қадамдары» деген тақырыпта альбом шығаруға жараса...

— Неге... суреттер жақсы екен. Көңіл күйіңе қарай өртүрлі мағыналарды білдіреді...

— Тек көрмеге жіберу керек!.. — деген Ажар өзінің шығармашылығына ұялатындай сыңай білдірді. Одан әрі хал-жағдай сұрасу, қарапайым әңгімелер айтылып жатты.

Жақып сөйлегенде Ажар оған зейін қойып қарап отырады да, кенет жүзі алаулап, бұрынғыдан да құлпыра түседі. Бетін алақанымен қалқалай ұяла күледі. Ал Жақып Ажарға тік қарай бермеуге және өзін сабырлы ұстауға тырысады. Әдетте, көп сөйлемейтін Жақып кейде күлкілі бір көңіл күйдің тамырын басып, тізгінін ұстап, сол тақырып айналасында кеш бойы өзіл сөз айтып, жұртты өзіне ілестіріп алатын-ды. Осы жолы солай болды. Оның қағытпа астарлы сөздеріне қыздар жығыла күлісіп, оған риза болысты.

Бірде Жақыптың көзі Ажардың көздерімен түйісіп қалды. Оның бұны ұнатып отырғандығы ап-анық көрініп тұрды.

Біраз өзіл-оспақ әңгімелерден кейін кенет бәрі үнсіз қалды. Неге екені белгісіз, кейде осылай болады, табан асты таусылып біткендей.

— Келесі кезекті өнге береміз! — деді Ажар радио дикторына еліктеп. Бұл оны күлдіру үшін айтқанымен, енді ешкім күле қоймады. Оның есесіне, өмірі тосылу дейтінді білмейтін Пәти бір әнді айқайлап айтып бастап кетті. Онысы біртүрлі ыңғайсыз шықты, ешкім қосылмады өнге. Содан ұялды ма, ол әннің бір шумағын айтар-айтпас үзіп тастады да, жуып-шайып:

— Боже мой! — деді. — Бұл маған не нравится! Бір нәрсе ойнайықшы? Карта жоқ па осы үйде?!

— Карта бар, бірақ толық емес! — деді сол бөлмеде тұратын бір қыз. — Шахмат ойнаңдар...

— Шахмат ойнамаймыз, — деді Пәти. — Біз көңіл көтеру үшін қыдырып кеп отырсақ қалай шахмат ойнаймыз?

Әңгіменің шырқы бұзыла бастаған сияқты. Бөлме иелері бұларды тезірек шығарып салғысы келетіндей. Содан болар, Жақып өзін ыңғайсыз сезінді.

— Сіздердің демалыстарыңызға кедергі жасадық-ау? — деп тынышсызданды Ажардың алдында. Ал Ажарға бұндай жағдай әбден үйреншікті болып кеткендей:

— Ешқандай жайсыздығы жоқ, несіне қысыласыз? — деді жайбарақат. — Кейбір достарымыздың тіпті түні бойы отыратын әдеттері бар... Қасыңа жатып түней салуға дайын!

Жақып Ажардың бұл әңгімесінің өзіл-шынын айыра алмады. Өйтеуір, бір кекесін мен салқын немқұрайдылықтың лебі еседі даусынан.

— Түні бойы отыруға біздің уақытымыз жоқ! — деді Жақып. — Сондықтан бізді «қонып кетіндер» деп қинамасаңыздар!..

Ажар сөз астарын бірден түсінді де, жүзі алаулап қызарып кетті:

— Жо-жо-жоқ, қинамаймыз! — дей берді.

Жақыптың ішкі дүниесі әлем-жәлемге түсті. Досы Арманның әңгімесін Ажардың өзі растағандай — өзінің басқа жігіттермен қарым-қатынасын ашық айтып берді. «Қасыңа жатып түней салуға дайын» дейді.

Содан Жақып үн шығармады, қасындағы қыздардың айтқандарын тыңдап отырғандай түр көрсеткенмен, осы жерде бір секунд та қалуға құлқы болмай қалды. Осыны түсінді ме, бір кезде Пәти:

— Ей, біздің уақыт лимитіміз бітті, біз қайтайық? — деді. — Тем более бізді басқа да ресми кездесулер күтіп тұр, онда кешігуге болмайды! Солай ғой, Жақып?

Жақып мақұлдаған жауап ретінде орнынан тұрды...

Ажар да, бөлмедегі басқа қыздар да бұларды көшеге шығарып салған жоқ, түсініксіз көзқарастарымен бөлмелерінде қала берді.

Жолда-метрода өшейінде көп сөйлейтін Пәти де ләм-мим деп ауыз ашпады...

...Ал Жақып түні бойы кірпік ілмеді — ұйықтағысы келмеді. Жаңа ғана кездескен Ажардың ару бейнесі, оның алма гүлдеріндей хош иісті лебі әсте бұған тыныштық берер емес.

Ленинград, 1967 ж., қазан айы

СЫРБАЗ ЖАЗ ЛЕБІ

(романтикалық шағын хикаят)

Оңтүстіктің шілде-тамыз кезі.

Қыр бауырлап, өзен жағалап жатқан кішігірім ауыл — совхоз орталығы.

Қырқадан асып келе жатып ауылға көз тастасаң, жасыл алқапты аралға ұқсатасың.

Ыстық аптап болмаса, түс әлдеқашан ауған.

Айналасына «Сельмаг», клуб, совхоз кеңесі сияқты еңселі үйлер орналасқан алаңға «Пазик» автобусы келіп, шаңдатып тоқтады. Одан қаладан қайтқан бес-алты адам түсті — кемпір-шал, бала-шаға демекші.

Ең соңын ала автобус есігінен бір бойжеткен көрінді. Үстінде өзіне жарасымды жаздық жұқа көйлек, қолында ақ сумка. Ол ешкімге қарайламай, көшенің бас жағына қарай бет алды.

Осы кезде кеңсенің алдына екі бозбала шыға қалған. «Сельмаг» жақ тұстарынан өтіп бара жатқан қызға көздері түсіп, жүздері жайнап, ыржия қалысты.

— Мынауың кім-әй?! — деді біреуі екіншісін түртіп қалып.

— Кім болсын, періште дә! Мынаның жүрісінің өзі бір сән ғой! Шашының өзі бір әдемі желбірейді!..

— Көздері үлкен-ау деймін, ә? Бетінің жартысын алып жатыр ғой!..

— Жалаңаяқтарын қарасай?..

— Түу, аяқтары қандай түзу! Оның табандары тиген көшеміздің топырағы қандай бақытты!..

Қыз бұлардың тұсынан өтіп, енді ұзап кететін болды. Осыны ескерген жігіттердің біреуі айқай салды:

— Сәлеметсіз бе, қарындас!

Қыз жалт қарады. Екі жігіт езулері құлақтарына жете ыржиып тұр екен. Қыз бұлар күтпегендей қылықпен бір қолын жоғары көтеріп, саусақтарын жыбырлатып амандасу рәсімін жасады.

Жігіттердің естері кете мәз болып, қыздың жасаған қимылын қайталап, ілтипат көрсетті.

Бұл қас қағым уақытта болған кішігірім оқиға еді.

Жігіттер көше бойымен ұзап бара жатқан қыздың сыртынан ұзақ қарап, таңдайларын қағып тұрысты.

— Қонақ екен, баратын үйіне дейін ертіп бару керек еді, ә? — деді біреуі, бірақ даусында батылсыздық лебі білініп тұрған сияқты.

Қыз келген үйін бұрыннан білетін болса керек.

Көше жағы шарбақпен қоршалған үйдің алдына бірлі-жарым ағаш, гүлдер егіліпті де, кіреберіске дейін төселген цемент жолдың үстіне жүзім сабақтарын асып, көлеңке-коридор жасап қойыпты.

Осы «коридормен» жүрген қыздың дәл төбесінде көкті-жасылды жүзім шоқтары үпір-шүпір ілініп тұрды.

Қыз байыппен келіп есікті тартып еді, құлыптаулы екен. Әдеттегідей жан-жағына қарап, үй егелерін іздеді. Өсте бұл үйде дәл қазір ешкім болмаса керек.

Дегенмен қыз үй айналып, бау-бақша алқабына бір-ақ шықты. Бұның алдында үйге жалғаса созылған кең де ауқымды егістік жатты. Берігіректе жүйек-жүйегімен егілген помидор, қияр сияқты өртүрлі овоцтар пісуі жетіп тұрса, арағырақта пөлектеріне байланып, әр жер-әр жерде үлкенді-кішілі қауын, қарбыздар жатыр теңкиіп. Жер аяғына бау салыныпты.

Ал жерді қақ бөліп, оның сол жақ бөлігіне жүгері егілген екен. Ну орман дерсің — әлсіз самал желмен шалқып-шалқып кетеді.

Қызды жасыл жүгері алқабы қызықтырды ма, солай қарай жүріп, көк шалғынға сүңгіп кеткендей болғанда майда тобыр торғай-шымшықтар пыр-пыр ұшып, ұзаққа бармай келесі жерге шыпыр-шыпыр қонысты. Қыз алға қарай жүрген сайын жүгерінің жұмсақ та ұзын жапырақ-сабақтары оны құшақтап-құшып алғысы келетіндей. Ах, қандай хош иіс! Ол аз уақытқа тоқтап, өзінен әлдеқайда биік жүгерілердің ұшқыр төбелеріндегі әдемі шашақтарына қарап қызықтады.

Өзі бағыт алып келе жатқан жақтан әлдекімдердің дауыстары естілгендей болды. Қыз еріксіз алға қарай жүре түсті. Жүгері алқабының шетіне шыға келгенде екі үйдің жерлерін бөліп тұрған шарбаққа келіп тірелді. Шарбақтың ар жағында көршінің бау-бақшасы жалғасып жатыр. Шарбаққа жанамалай арық салып, арықтың екі жағасына пісте егілген екен. Олар толықси жетілген тападай бастарын төмен салып, қыз алдында иіліп тұрысты.

Көрші үйдің бауы арасынан сықылықтай күліскен, күлкіні бастырмалата дабырлай сөйлескендердің дауыстары енді анығырақ естілді.

Қыз жүгері нуының ішінде жасырын тұрып, көрші баудың дәл ортасында тұрған кәрі алмаағашының астында отырған бір-екі бозбаланы байқады.

Бірі алма түбінде бері қарап отыр екен.

Оның өзімен қатарлас екендігін қыз бірден айырды. Негізінен, сөйлеп отырған да сол.

Екіншісін анық көре алмады. Ол ағаш тақтаның үстінде басын бері беріп жатқандықтан, тек желбіреген шаштары ғана көрінеді.

— ...Мынадай қызық болды, — деп жалғастырды әңгімесін ағаш түбінде отырған бала, — біздің класта бір қыз бар, түрі әжептәуір болғанымен, өзі сондай бұзық. Ерке ме, әйтеуір, бір пәле. Бетіне қарасаң, шапалақпен тартып жібереді. Өзілдеп бірдеңе десең, қолындағысымен жіберіп ұрады. Сонысына қарамай балалар оны жақсы көргіш. Бірде сол қыз үшін екі бала бір-бірін жекпе-жекке шақырыпты. Келісілген сағатта, келісілген жерге бір бала жеке өзі келіп, екінші бала бүкіл класты ертіп келіпті. Қорықса керек...

— Ал сен соның қайсысы едің?! — деп тасада жатқан дауыс мынаның әңгімесін бұзып жіберді.

— Е, Алтай, е, — деді әңгіме айтушы бала арсыздана әрі тіке жауаптан қашқақтап. — Сен де мен сияқты оныншыда оқып жүргенде қыздар туралы көп айтушы едің ғой?! Енді не, студент болғандардың сезімі таусылып қала ма екен?

— Ой, шіркін-ай! — деді тақтада жатқан өзілкештікпен әндете. — Ол кезде ғашық болғыш-ақ едік! Мен өзім ғашық болу деген әдетті ерте бастадым... Кәзір институтта да бар бір қыз. Ауылдан келген. Ұялшақ. Өзі маған лекция кезінде тесіліп қарайды да отырады, ал мен оны қыдыруға шақырғанда көшенің екеуміз екі шетінде жүріп қыдырдық!..

Екі бозбала даурығыса күлді.

Қыз бұрылып кетті.

Жібектей жұмсақ самал соғып еді, жүгері алқабы сыбдыр-сыбдыр сыбырға толып кетті. Топ-топ шымшықтар балапандарын басқарып, піскен дөңдерді базар ғып шуласып, дүр етіп ұшып, біресе онда, біресе мында қона қалысады. Өздерімен-өздері шу-шу, мөз-мейрам.

* * *

Ақ әже ауыл қариясы болғанымен, бақуат, ширақ, жүрісі тік. Ол «Сельмагтан» қайтып үйіне жақындағанда көрші үйдің алдында дағдарып тұрған бізге, таныс қызға көзі түсті. «Бай-қауымша, мына қыз осы үйдегі келіннің сіңлісі-ау!» — деп шамалады да, солай қарай бет алды.

— Есенбісің, қарағым! — деді жақындағанда.

Қыз бұл кісінің келе жатқанын бақылап тұрған болатын, сәлеммен жауап қатты.

Ақ әже қыздың аяқ-басына, түр-тұрпатына бір шолып көз жіберіп алды.

— Бұл үйдің адамдары көзір жұмыста. Оу, қас қарайғанда қайтады. Бү күнде, шырағым, ешкім үйде отырмайды — совхоздың жұмысы, көзір жиын-терім шағы. Иә, қайдан келесің?

— Мамам «әпкеңе барып жағдайын біліп кел» деп жіберді. Каникул кезі оның үстіне...

— Әй, мен де «осы үйдегі келіннің сіңлісі болар-ау!» деп ойлап ем... Атың кім?

— Аякөз...

— Е, онда, қарағым, жүр біздікіне! Жүр, көне!..

Екеуі көрші үйге қарай жүрді.

Аякөз бау ішінен жаңа ғана көрген бұл үйдің балаларын есіне алып, іштей мырс етті.

Ақ әже екі қолын артына ұстап, алда, ал қыз қолындағы ақ сумкасын бұлғақтатып оған еріп келеді.

— Келін де «бойжеткен сіңлім бар, өзі сұлу» деп мақтап айтып отырушы еді! — деген Ақ әже кілт тоқтап артқа бұрылғанда, өкшелеп келе жатқан қыз екеуі «мұрындарымен соғысып» қала жаздады. — Оқудасың ба өзің?..

— Оныншы класты бітірдім, енді он бірге барам...

— Е, біздің Көсемжанмен қатар екенсің ғой!..

Олар есік алдына келді. «Балалар қайда кеткен?» деп өз-өзіне күңк еткен Ақ әже:

— Кір, қарағым, кір үйге! — деп Аякөзді ішкі үлкен қонақ бөлмеге бастап, арқасы биік сәнді диванға отырғызды.

* * *

Ақ әже қайта шықты аулаға. Ол үй айналып, бауды қоршаған шарбаққа жете бере:

— Әй, Көсем, қайдасың?! — деп айқайлады.

— А-а!? — деген Көсемнің даусы естілді бау түкпірінен.

— Бері кел!

Көсем әп-сәтте әжесінің қасына жетіп келді.

— Не дейсің, апа?

— Ағаш жарып берші, балам, шай қояйын?..

— Газға қоя салмайсың ба?

— Е, самауырдың шайын ішейік те!..

Екеуі аулаға — үй алдына келді. Көсем үйге жалғай салынған бастырманың алыс түкпірінде жатқан ағаштарды майдалап жара бастады. Ақ әже оны бақылап, тапшанның шетінде көлеңкелеп отырды.

— Қайда барып келдің, апа?

— Модни төплилер түсті деген соң магазинге барып ем, өтірік екен ғой, қараң қалғыр!

— Өзіңе ме, апа? — деп Көсем қулана ыржиды.

— Өзіме де... Е, сосын әкелмейсіңдер ме сендер бір-бір шүйкебасты?!

— А-а?! — Көсем сықылықтап күлді.

— Несіне күлесің?

— Е, ол шүйкебастардың аяқтарының размерін қайдан білесің?!

— Білмесем де... сәл-пәл үлкеніректерін алып қойса ештеңе етпейді!..

— Апа, мынауың идея екен. Кең боп жатса, олар туфлилерінің басына мақта тығып алар, ә? Өзің сөйтесің ғой!..

— Әй, бізде таңдау болды ма? Тар болса да, кең болса да киіп жүре бердік...

Көсем ағаш майдалап болып:

— Заказың орындалды, апа! — деді де, үйге кіріп кетті.

— Ойбай, мен шай қояйын! — деп Ақ әже де орнынан тұрды...

...Аякөз отыра беруден жалығып, бөлме қабырғаларына ілінген суреттерді қарай бастады. Олардың арасында Көсемнің және одан ересектеу бозбаланың суреттері бар екен. Бұл бау арасында тек басы ғана көрінген жігіт — Көсемнің ағасы болса керек.

Аякөз терезе алдына келіп, сыртқа көз жіберді. Дәл қарсы жақтағы террасаға асыла өскен жүзім сағақтары салбырап тұр. Ал бір шеттегі бастырма астында салынған тапшан айналасынан Ақ әже мен Көсемді көрді. Көсем үйге кіріп келе жатты. Ол бірақ Аякөз отырған бөлмеге келмеді. Сәлден кейін оның даусы көрші бөлмеден естілді. Ол шолжаң дауыспен айқайлап «өлең айта» бастады. Өлең деп өлең емес, опера орындаушысына еліктейтін сияқты, қатты айқайлағаны соншалық, тіпті бөлме қабырғалары сықырлап кеткендей болды. Оның «ариясы» кенет кілт үзілді. Бар дүние қалт тұрып, демін ішіне тарта жым-жырт зың ете он бес-жиырма секундтай үнсіз қалды. Сосын кенет қайтадан барылдай жөнелді. Арасында бұлыңғыр бір сөздерді қосады:

«Жа...ным... сәулем қай...да сен... жақсы...сен... келсей... сағындым... жаныма... салған... азабың... әурең... а-а-а... келсей!»

Осы «ариясын» айта жүріп, Көсем Аякөздің бөлмесіне кіріп келе жатты. Кіріп келе жатты да, қарсы алдында тұрған Аякөзге көзі түсті. Көзі түсті де, төбесінен жай түскендей аузын ашқан күйі даусы шықпай орнында қалт тұрып қалды.

— Сәлеметсіз бе! — деді қыз жайбарақат, бірақ жымыған ернінде Көсемнің «өнін» сынға алғандай бір күлкі үйіріліп тұрды.

— А-а?! Сәлем!.. — Көсем бірдеңе іздегендей жан-жағына жалтақ-жалтақ қарады. — Апам қайда, ей?..

Сөйдеген Көсем өзінің бөлмеден қалай ытқып шығып кеткенін байқамай қалды. Есік алдында оған Ақ әже қарсы шықты.

— Алтайды шақыр, шайға келіндер! — деді әже.

— Кәзір, кәзір келем, апа! — деген Көсемнің көзіне ештеңе көрінбей, безілдеп үй айналып бара жатты да, кенет есіне бір нәрсе түскендей бұрылып:

— Апа-ау, апа-ау! Магазинге барып модный туфли алудың орнына модный қыз тауып келгенсің бе? — деді өзіл-қуанышы аралас.

— Е, тентек неме, ұнап қалды ма?! — деп Ақ әже үйге кіріп кетті. Көсем мең-зең. «Әй, бұрын көрген сияқтымын ғой?! — деп сұрайды өзінен. — Ә... иә, көрші үйдегі жеңшемнің сіңлісі емес пе?.. Әй, бойжетіп, бұрынғыдан да әдеміленіп кетіпті! Алдыңғы жылы келгенде мен оны әжуалап, менсінбеген түр көрсетіп ем!.. Қашан кеп қалған?.. Әдемі қыз!»...

Осындай ойлармен ол алмаағашының түбіндегі тахтада көзін жұмып, мызғып жатқан ағасы Алтайдың қасына келіп, сәл уақыт үнсіз тұрды. Сосын ақырын ғана, батылсыздау оны түрте бастады:

— Алтай!.. Алтай! Апам шайға шақырып жатыр!

— Ішпеймін... — деді Алтай тұрғысы келмей.

— Ішпеймін?! Ішпегенінді көрер ем, егер сен үйге кім келгенін көрсең!

— Кім келді?..

— Осыдан екі жыл бұрын келгенде... онда да әжептәуір болатын. Екі бетінде аздап секпілі бар сияқты еді... көздері қоңыр ма, жасыл ма? Қарай алмайсың, әдемі болып кетіпті-ей!..

Алтай басын көтерді.

— Секпіл бет қыз келіпті дейсің бе?

— Әй, мына көрші жеңшемнің сіңлісі ғой қонаққа келген.

— Е, есімде, есімде! — деген Алтай орнынан тұрды. — Бірақ оның секпілі жоқ еді ғой?

— Әй, білмеймін, ол кезде ол қыз да мен сияқты сегізіншіде оқитын еді ғой. Менің көзіме көзі көк, екі беті секпіл-секпіл көрінген!

— Е, жүр, барып амандасайық. Амандаса тұрып, секпілінің бар-жоғын тексерейік...

Алтай орнынан тұрып, үйге қарай беттеді. Көсем оның артынан еріп келе жатып: «Бұл көзір кәйтер екен, ұялар ма екен? Қыз ше?..» — деген ойлармен әуреленіп кетті.

Есік алдында Алтай мен Көсемге Ақ әже кезікті, тапшанға дастарқан жасап жүр екен.

— Шайға келіңдер! — деді.

Алтай кідірмей үйге кіріп кетті. Әжесінің қасында қипақтап қалған Көсем Алтайдың артынан:

— Қарашы, қыз десе құлағына ештеңе ілмейді, көзіне ештеңе көрінбейді! — деді.

* * *

...Ағайынды екеуі өзен жағасы — биік жарқабақ басында отыр. Төменде тоған — айдын көл.

Екеуінің де суға түсуге дайын отырған кезі, бірақ екеуі де үнсіз ойланып кеткен.

Өзен тып-тынық, тыныш жатыр. Оның бетінде ашық аспанның суреті көрінеді. Соның анау төрінен Аякөздің бейнесі шығады. Көсем осылай елестетіп отыр оны көз алдына.

Алтайдың қиялы тіпті алысқа шарықтап кеткен.

...Жазғы Ленинград. Петропавл қамалы жанындағы пляж. Күн көзіне күйген құжынаған халық. Алтай және қыз. Қыз, әрине, еуропалық типті қыз. Екеуі әлдене жайлы қызу сөйлеседі. Көпірлер. Васильев аралы. Биржа. Аспанда ақша бұлттар тізбегі...

Елесті суға күмп етіп сүңгіген Көсемнің әрекеті сейілтіп жіберді.

Селт етіп басын көтерген Алтай тоған басына қарай келе жатқан жасты-кәрілі бір топ кісілерді көрді.

* * *

Тағы сол жарқабақ басы. Жарқабақтың ернеуінде Алтай түрегеп тұр да, одан екі-үш қадам жерде Керімқұл деген шал жүресінен отыр. Екеуінің де көздері төмендегі өзен иірімінде. Иірімде Алтай қатарлы жігіт суға айғыр жалдатып, жуып жүр. Айғыр бір орнында тыныш тұрар емес — біресе ары, біресе бері,

тоғанның тереңінен жүзіп, таязынан жүріп өтеді. Оның үстіне, мініп алған жалаңаш жігіттің аузы тынбай, жоғарыда жар басында отырған шалмен әңгімесін жалғастыра берді.

— ...Өкіметтің жұмысы жылдан-жылға қауырт, биылғы күзде көкпар бола қоймас, ә, Жәке, ә? Әй, өткен жылдары армансыз шабушы едік! Арғы жылғы анау Әйкөлдегі көкпарды айтсаңызшы!

— Ә, иә, балам, әлгі соның қарсаңында Жамантайдың қызы қашып кетті емес пе? О заман да бұ заман парторгтің қызы өстеді дегенді естімеппін...

— Иә, иә... от сол кезеңдер-ай!..

— Әй, Керім, қыз қашты демекші, Жақып келіншек әкелген дей ме осы?

Айғыр кенет тулап-тулап кетті. Керім жүгенін тарта түсіп, «др-р...р дыр-р...р» деп тыныштандыра бастады.

— Тәк, тәк, тәк! Әй-әй! Жан рақатқа мастана бастады... Балам, тереңге қайта жалдата түс! Шығатын уақыты болған жоқ...

Керім тебініп-тебініп, айғырдың басын тереңге бастады. Ат бүкіл денесімен суға батты, тек басы сыртта, ал оның үстіндегі Керім беліне дейін судың ішінде, сөйтіп тұра Керімқұл шалдың әлгіндегі сұрағына жауап жалғастырды.

— ...Кеше кешке қарай әкелгенге құсайды, Жәке!

— Қыз қай елден екен?

— Ақмоладан дей ме, әйтеуір, бірге оқып, бітірген соң бері қарай қол ұстасып жүре беріпті. Байқайсыз ба, көпшілік басқа жақтың қыздары біздің елдің жігіттеріне шыққанды қалайды?

— Е, мейлі дә. Көңілің қаласа Ақмолаң не, Ақтөбең не!.. Ал олардың тойына не қамдап жатырсың, жақының емес пе?

— Осы жағы сәл қинап тұр, Жәке! Мына совхоз деген ақшаға жарытпай-ақ қойды. Өйтпесе ақшалай берсең, әрине, әжептәуір демеу болып қалар еді! Амал жоқ, жүз елу кило дән артып, бес қой айдап барам. Оқығандардың көңілі толмас, ал ата-анасы жағдайды түсінер... Айтқандай, олар біздің Бибіштің ұзату тойына жөнді пәтнүс те әкелмеген, бірақ мен сол үшін көңіл тарылтпай-ақ қойдым...

— Оның дұрыс, балам. Бар адам бергісі келмейді, ал жоқ адамға байлықтың қадірі жоқ. Ағайын болу тең болу емес. Адам табиғаты сол. Байғұс Совет үкіметі қанша теңестірем дейді бәрін, бірақ жаратылысқа қарсы не амал... Мынау болды ма деймін? Арты құрылдаған жоқ па?

— Болып қалды-ау, Жәке.

— Шығара ғой онда!..

Керім астындағы аттың басын ағысқа қарсы бұрды да, иірімнен жоғарырақ жақтағы жайма кешу жерге қарай кетті.

Керімқұл көптен үнсіз тұрған Алтайға бет бұрды.

— Ал, қарағым, оқу қашан бітпекші?

— Бірінші курсты бітірдім, әлі төрт жыл бар ғой...

— Осы сені Москвада оқиды дей ме?

— Жоқ. Ленинградта.

— Жақсы жерде екенсің. Соғыс кезінде мен ол жақта болғанмын. Өзінде емес, маңында. Одан ары Таллинде, Киевте, Варшавада болдық. Сол Варшавамен соғысты бітірдік...

Керім үстінің суы сорғи бастаған жарауды жетектеп келді де:

— Мінекиіңіз! — деп шылбырын шалға ұстатты.

— Көсегең көгерсін, қарағым! Қазір апарып біраз отқа қоямын...

Шал айғырын жетектеп, ауыл шетіне қарай ұзай берді.

Бұл кезде толық батқан Күннің қызғылты да көмескіленіп, аспан біртіндеп қарауыта бастаған. Ауыл көшелері абыр-сабыр: қырдан түскен мал, жұмыстан қайтқан жұрт.

— Кел, судың жағасында отыра тұрайық! — деді Керім қолына ұстаған шолақ жең көйлегін киіп жатып. Екеуі жарқабақ шекесіне үйісе қалған қойтастарға құйрық басты.

— Осы жаңағы шалды бала кезімізден білгенімізбен, маған біртүрлі таныс емес сияқты? — деді Алтай.

— Е, ол кісі түбі біздің ауылдың адамы емес қой! Мен онымен осылайша сырлас болып жүрмін. Қысқасы, ол Петропавл жақта туып-өскен. Соғыс алдында Томскіде оқыпты. Екінші курстан кейін соғыс басталып, армияға шақырылған. Соғыстан аман қайтып еліне келгенде бұның үстінен ағайындары арыз жазып, түрмеге отырып шығады, содан жер ауып Қырғызстанға өтіп кетеді. Сол жақта қырғызға үйленіп, біз қатарлы балаларының енді-енді естерін жия бастаған кезде ауылға көшіп келіпті. Кіші қызы есінде жоқ па? Бізден бір класс жоғары оқыды ғой?

— Айтқандай, сол қызы қайда?

— Баршакүл ма? Е, ол финансовый техникумда оқып жүргенде артынан бір милиционер жігіт қалмай қойып, бітірер-бітірмес зормен үйленіп алды ғой. Сол атаңа нәлет милиционер талай жігіттің жолын кесіп, тас қаптырып кетті!..

— Оның ішінде өзің де барсың-ау?! — деді Алтай өзілдеп. Керім үндемей қалды.

— Ой, сен де әлі-ақ институтқа түсесің. Ол жерде жан-жақтан жиналған жастар. Тоғыз жігітке он қыздан келеді екен статистика бойынша. Ал таңдайсың сосын.

Керім Алтайдың мына әзіл сөздеріне аз уақыт жауап бермей отырды да:

— Е, таңдауға мен қарсы боп отырған жоқпын. Бірақ қол қысқалау — қарындасты ұзаттым, жалғыз шешемнің табысы мардымсыз. Оның үстіне, пенсияға кеп қалды, қарайтын адам жоқ. Содан кейін ғой мына совхоздың қара жұмысына таңылып қалғаным.

Әбден қас қарайды. Қыр желкесіне Ай шығып келе жатты. Су бетіне шабақ балықтар секіріп шолп-шолп етеді. Ауыл үйлерінің шамдары жанған. Жаңа ғана у-шу мал тұяғы мен адам аяғы саябырси бастаған. Қай жанұя болсын дастарқан басына жиналып, асқа бас қойған сияқты. Келесі бір көшеден радионың даусы саңқылдап тұр...

— Қой, қайтайық? — деді Керім.

— Біздің үйге барып шай ішейік? — деді Алтай.

— Апам жалғыз, елегзиді!..

Олар үйді-үйіне тарасты.

* * *

...Көсемнің өзен жағасынан ерте кетіп қалғаны үйдің тірлігіне байланысты емес еді. Ол көрші үйге қонаққа келген Аякөзді анықтап көріп алуға ынтықты. Өзіне «тек анықтап көрем» дегені болмаса, іштей нәзік сезімі үлкен күшпен баурап бара жатты.

Бірақ қыз әпкесінің үйіне кіріп кеткеннен қайта шықпай зарықтырды. Оның үстіне, үйдегі әжесі көз алдында тұрған мұны анда-мұнда жұмсап, тыныштық бермеді. Бұл көрші үйдің есігінің алдына жалтақ-жалтақ қараумен өуре. Сөйтіп жүріп кеш те болды. Аякөздің әпкесі жұмыстан келіп, екеуі үйде шұрқырасып, тіпті қараларын көрсетер емес.

Көсем бау ішіне барды. Алмаағашының түбіне отырып алып, көрші үйдің осы жаққа қараған терезесіне көз жіберді. Жарық жаққан кезде ондағы «өмірдің» бәрі көз алдында екен.

Міне, бұл үйдің терезесі айқара ашылып тасталды. Бөлме жап-жарық. Өне, бір шетте үстел басында Аякөз отыр, екі қолымен жағын таянып алыпты. Оның әпкесі Бақыт бұлаңдап біресе олай, біресе былай жүреді. Сөйлескен дауыстары толқын-толқын анық естіліп қалады.

— ...Ертең қайтпайсың! Келмей жатып мұнысы несі екен? — дейді Бақыт.

— ...Үйінде күні бойы жалғыз отырғанда не бітірмекпін?.. — дейді Аякөз.

Келіншек бөлмеден дәлізге шығып, жарқ еткізіп жарығын жақты. Дәліздің өйнектері үлкен болғандықтан, Бақыттың іс-әрекеттері түгел көрініп тұрды. Ол жайпақ ыдысқа су құйды да, екі аяғын салып қасында тұрған орындыққа отырды. Көйлегінің етегін сонау беліне дейін түріп тастағандықтан, жас келіншектің аяқтарынан сандарына дейін жалаң қалды, Бақыт балтырларын сипап, аяғын жуа бастады.

Өшейінде осы бір көрініске қызыға, ынтыға қарайтын Көсем бұл жолы көздерін Аякөзден айыра алмады.

Бақыт сандарын сүлгімен ысқылап сұртті де, Аякөз отырған бөлмеге қайта кірді.

— ...Жездем осылай кеш жүре ме әрдайым?

— Қызметіне қарай ғой... Жұмыс та жұмыс — әбден шаршадым! — деген Бақыт көйлегін шешіп тастап, жұп-жұқа ішкөйлегімен қалды. Көкірегіндегі екі томпақ жұқа көйлекті тіреп, атып шығып кете жаздап тұрғандай.

Үй жақтан мұны іздеген әжесінің даусы естілді. Көсем мына көріністі әжесі көріп қоймасын дегендей үйге қарай жүгіре жөнелді...

* * *

...Түн ортасы әлдеқашан ауып кеткен. Аякөз ұйықтай алар емес. Айқара ашылған терезеден түскен Айдың сәулесі болмаса, бөлме іші қараңғы. Қапырық па бұны ұйықтатпайтын, әлде?..

Далаға құлақ түрді. Жазғы түн тып-тыныш, мүлгіп кеткендей. Оқтын-оқтын иттің үргені, алыстан жеткен техника гуілі, тынымсыз, бірін-бірі іліп алып жалғастыра шырылдаған шегірткелер әні...

Анау Қазығұрттың желкесінен шыққан дөп-дөңгелек толық Айға қарап жатып ол, әрине, Алтай туралы ойлады. Бүгінгі ең әсерлі оқиға сонымен кездесуі болды. Оның кездескен бетте амандаса сала ашық әңгімелескені ұнады. Келбет-кескіні... Иә!.. Ұнады!..

Кенет жүрегі алқына жөнелді. Көңілінде оны тағы көруге құштарлық туды.

«Бақыттылық!.. Бақыт сезімі оны неге кенеттен менің ұнататындығымды да ойлауға мұрша бермейді?!»

Аякөзді сыртқы есіктің тықылдағаны сергітіп жіберді.

Бақыт әпкесінің арғы бөлмеден сыртқы есікке қарай тапырлап жүргені, шамдарды тық-тық жандырғаны естілді.

Сыртқы есік ашылды.

— Тағы біраз жүріңкіремедің бе? — деген Бақыттың даусы.

— Отчетты бітіріп, соны аздап отметить еттік! Ертең тағы бес күнге командировкаға кетемін.

— Жақсы бопты... Тоқта, ол жаққа кірмей-ақ қой! Онда қонақ жатыр, оятып жібересің!

— Қандай қонақ? Көрсем кәйтеді?

— Бір жігітті тығып отыр деймісің, балдызың келген, таңертең көрерсің...

— Жүр, мен саған жігітті көрсетейін! — деді еркек даусы құштарлана.

— Отчеттан кейін не бітірем дейсің! — деп сыңқ еткен Бақыттың даусы көрші бөлмеге қарай алыстай берді.

Аякөз үстіндегі жамылғыны ашып тастап, алқына дем алып аунап-аунап түсті.

* * *

Ертеңіне Аякөз бен Алтай бір-бірімен көршілес аулада кездесіп қалды.

Аякөз есік алдына шығып көршілер жаққа көз салғаны сол еді, ол үйден Алтай шыға келгені! Екеуі де еріксіз ортадағы шегара-шарбақтың қасына жақындасты.

— Сәлем!

— Сәлем!

— Қалай?

— Қалайы солай. Қонақжайлылық көрсетіп, үйлерінде жалғыз қалдырды. Әпкем жұмысқа, жездем командировкаға кетті. Жалғыз не істерімді білмеймін! — деді Аякөз әрі өзілмен, әрі шағым айтқандай, бірақ өзі күлімсіреп, қуанып тұрып айтты.

— Мені де үйге жалғыз қалдырып кетіпті! — деді Алтай. — Бір-бірімізге көмектесейік? Мен, мысалы, ауылдың әдемі жерлеріне қонақты қыдыртып келуге дайынмын!..

Екеуі бір-біріне қарап тұрып қалды, сосын Аякөз:

— Мен сізді түсімде көрдім! — деді.

— Солай ма?..

— Иә, сіз мені ауылдың әдемі жерлеріне қыдыртып жүр екенсіз!

— А-а?!

Екеуі даурығыса күлді...

— Олай болса, — деп аспанға қарады Алтай, — мына күн шыжып барады, өзенге барып шомылсақ қайтеді?..

...Бұлар ағын суы асыға аққан арықтың бойын қуалай түскен қара жолмен келеді. Арықтың арғы жағын бау алып жатыр, ал қарсы алқапқа бақша — егін салыныпты.

Алтай алда, Аякөз артынан еріп келеді — екі көзі оның желкесінде. Жымиып қояды. «Бір құлағы бір құлағына ұқсамайды екен! — дейді іштей. — Бірақ бәрібір маған ұнайды!.. Бұйралана өсіп кеткен шаштары да!..»

Ол саусақтарымен жігіттің мойнынан қытықтап алғысы келді.

Осы кезде Алтай бірдеңе айтпақ болып кілт тоқтап, артына бұрылғанда, жүріп келе жатқан қыз екпінімен оған барып соқтығысып қалды.

— Сіз білесіз бе?!.

Қыз құлақтарын алақандарымен қалқалай қойды. Сосын өзін нұсқап:

— Сен, сен, — деді. — «Сен» деп сөйлесуге келісіп едік қой!..

— Иә... Сен білесің бе, біз мектепте оқып жүріп мына алма бауында жұмыс істейтінбіз.

— Былайша айтқанда, мына ағаштардың өсуіне сенің де сіңірген еңбегің бар ғой?!

Алтай арықтың арғы бетіне секіріп өтті.

— Ал! Сен де секір!.. Біз баудың арасымен жүреміз...

Аякөз ойланбай Алтайдың созған қолына қарай секіріп еді, ол қолынан шап беріп өзіне қарай тартып алды.

Баудың арасы қалың шөп, жемістері толықсып жерге иілген бұтақтар.

Бұлар жалғызаяқ жолға түсіп, қалыңға қарай сұңги берді.

* * *

Алтай мен Аякөз өзен жағасына келді.

Сәске түс болып қалыпты — күн ыстық. Айнала құлаққа ұрғандай тыныштық. Оқта-текте ауыл жақтан балалардың айқайлап ойнаған дауыстары келіп жетеді...

Екеуі су жағасында ары-бері жүріп, су ортасына қарай тас лақтырысты.

— Ал шомылайық енді?! — деді Алтай сосын.

Екеуі қатар тұрып шешіне бастады.

Жаз кезі емес пе, шешетін не бар — әп-сәтте шомылу киімдерімен қалды.

Аякөз сыртқа білдірмесе де, іштей толқып дір-дір ететін сияқты. Күн тимеген аппақ денесі, түп-түзу аяқ-қолдары енді-енді толықсып, өсіп келе жатқандығы көрініп тұр. Тек жігітке қарап жәутеңдеп, өзін соған тапсырғандай күйге берілген.

— ...Кеттік пе? Айтқандай, жүзе білесің бе? — деп сұрады Алтай.

— Ой, біз, Қасқасуға күнде шомыламыз! — деген Аякөздің балалық сөзінен Алтай күлкісі келіп, жымыған күйі суға қойып кетті. Артынан суды пашырлата жүгіріп Аякөз түсті өзенге.

— Қуыспақ ойнайық?..

— Мен қуамын! — деп шап еткен Аякөз су ортасында орта белден қылтиып тұрған Алтайға тап берді. Алтай суға сүңгіп үлгерді де, бірер минут ұшты-күйлі жоқ болды. Аякөз жалтақ-жалтақ жан-жағына қарап өуре. Алтайдың басы у-шусыз арғы жарқабақтың қасынан қылт етіп көрінді. Ол басын су бетіне қылтитқан күйі қызды сырттай бақылап тұрды. Қыз жігітті таба алмайды.

— Қу, қу! — деді Алтай. Дауыс шыққан жаққа жалт қараған қыздың жүзі жайнап салды да, бар екпінімен жігітке қарай жүзе жөнелді.

Жігіт болса қыздың жақын жүзіп келуін күтіп тұрды да, қол-созым жақын қалған сәтте су астына қайта сүңгіп, жоқ болды да кетті.

Қыз су бетін сипалап, әуреленіп қалды, сосын жарқабақ қасынан жай тауып, демін алып отырды.

Алтайдың басы су ортасынан қайта қылтиып көрінді.

— Қасқасуға шомылғанда осылай қуыспақ ойнайсыңдар ма? — деді Алтай күліп.

— Жоқ! — деді Аякөз басын шайқап, бар ынта-шынтасымен күлімсіреп. — Бірінші рет!..

— Ал қу мені онда!

— Ұстатасың ба?

— Ұстатқанымның қызығы болмайды ғой!

Қыз үндемей отырып қалды. Төбесінен төніп тұрған жарқабақтың қыртыс-қыртыстарына қарап тамашалады.

Қыз көңілінің басқа жаққа ауғанын байқаған Алтай бір қулық ойлады.

— Аякөз! — деді дауыстап. — Анау жардың беткі қыртыстарына қарашы, өте қызық, әдемі!..

— Иә, иә! — деп елпілдеп жауап қатты қыз. — Мынау қыртыстар жердің жаралған кезеңдерін көрсетеді...

— Ал сен анау үңгір-үңгір індерді көріп тұрсың ба, онда әртүрлі жыландар мекендейді!..

Алтайдың сөзі Аякөздің түсінігіне жеткенше аз уақыт тыныштық орнады да, кенет «Ой!» деген қыздың даусы шығаршықпас, ол суға күмп беріп сүңгіп, шапыр-шұпыр асыға жүзіп, келесі жағаға бет алып бара жатты.

Жігіт су ортасында тұрып қорқынышпен асығыс жүзіп бара жатқан қызға қарап мәз болып қарады. Қыз қақалып-шашалып келесі жағаға шықты. Құмға тізерлеп отыра кетіп, басын салбыратып алқына демін алды. Жігіт те судан шығып, оған жақындай бергенде, қыз тұрып, киімдерін алды да, қалың қамысаққа қарай бет алды.

— Мен киінемін!..

* * *

Екеуі келген жолдарымен кері қайтты. Үнсіз. Айнала қалың шөп, өсімдік, ағаштар. Пыр-пыр ұшқан, шық-шық үндескен құстар. Әр жер-әр жерде жайылған сиыр, қой-ешкі...

Алтай алда келеді.

Аякөз қолындағы жіңішке шыбықпен қалың шөпті ұрса, шегірткелер жан-жаққа шашырай қашады.

— Қорыққанымды еске түсіруге ұяламын! — деді қыз.

— Әрине, мектеп оқушысында жүрек жоқ. Олар бөрінен қорқады...

Аякөз Алтайдың сөзін аяқтатқызбай, қолындағы шыбықпен арқасына шып-шып еткізді. Ол ыршып түсіп жалт қарады. Аякөз мәз болып күліп тұр екен. Бұлбұл жүзі қандай тамаша, қандай таза, қандай сұлу!

Алтай оны бар күшімен қапсыра құшақтап, ернінен құмарта сүйді. Бір сәт қыз оған бар тәнімен құлай берілгенімен, артынша жігіттің құшағынан құлшына шығып, оның қайта соза берген қолдарын шыбықпен осып-осып жіберді... Жігіт тосылып қалды. Қыз қолындағы шыбығын лақтырып жіберді де, томсырайған күйі ауылды бетке алып кете барды. Екпіндей жүрген Аякөздің алдынан кенет сансыз көп ақ көбелектер дүр-дүр ұшып, аспанға алақайлап алыстап бара жатты.

Аякөз де лепірген көңілмен солармен бірге ұшып бара жатқандай сезінді өзін...

* * *

Бақыт Аякөз сіңлісін автобусқа шығарып салу үшін жұмысқа бармады.

Ол екеуі заттарын алып, үй алдына шығуы мұң екен, көрші үймен екі арадағы шарбақтың жанына Көсем келе қалды.

Жай бір нәрсеге айналып тұрған түр көрсеткенімен, Аякөздің шығуын қарауылдап тұрғаны байқалып қалды. Оның мұндай ынтық қарасын Бақыт келіншек бұдан бұрын да байқап жүрген. Сол үшін де Көсемнің ойынан шыққысы келді ме:

— Мырзаға-ау, қолың бос па? — деп сұрады.

— Иә, бос, жеңеше! — деді Көсем.

— Онда бізбен жүрсейші, мына Аякөзді автобусқа шығарып салайық? Заттарын алысып жүресің...

Аякөз «ауыр жүк емес қой» деп айтып үлгермей:

— Жарайды, жеңеше! — деп жарқылдап қуанып кеткен Көсем бұлардың қасына жүгіріп келіп, Аякөздің қолындағы сумкасына жармасты.

Аякөз «Алтай көрінер ме екен» деген үмітпен көрші үйге қарай берді, бірақ ол көрінбеді. Оны бір көруге ынтық Аякөздің көзі сағынышқа толы, уайымды ма, қалай? Әпкесі «Ал кеттік пе?» дегеніне дегбірсізденген ол «Көзірі!» деді де, үй айналып жүгіріп кетті. Үй артындағы баққа кірген ол баяғы таныс жүгерінің арасымен жүріп, екі үй егістігінің шегарасына жетіп, көршінің бау жағына көз салып еді, ешкім көрінбеді. Тыптыныш. Құстардың да дауыстары естілмейді. Қызықсыз бос кеңістік!

Аякөздің көкірегі мұңға толып кері қайтты. Ол күтушілердің қасына қайтып келгенде, мұның көңіл күйзелісін іштей сезген Бақыт Көсемнен:

— Ағаң жоқ па үйде, мырзаға? — деп жай сұрай салғандай болды.

Аякөздің Алтайға жалтақтағанын Көсем де сезіп, ұнжырғасы түсіп кеткен еді.

— Жоқ! — деді зормен жауап беріп.

Неге жоқ екендігі, қайда кеткендігі туралы қасақана айтқысы да келмеді, бұлардың алдына түсіп, арқантастам аралықта кете барды. Сол бойы «Сельмагқа» жеткенше артына бір бұрылып, бірауыз сөз қатпады.

Көшемен келе жатып артына жалтақтап қарай берген Аякөз ішкі толқуын әпкесіне білдіріп қойды.

— ...Е, ол үйде жоқ деді ғой! — деді Бақыт түспалдап сөйлеп. — Мына кіші мырзаны өкпелетіп қойдың...

— ...Келмеуім керек еді, көрмеуім керек еді! — деді Аякөз, жай айтса да тіс арасы ысқыра сөйлеп.

— Басқаны көрмеуім керек еді деп мені де көрмейін деп пе едің? Есіңді жи, Аяшка! — деді Бақыт әрі нықтай, әрі еркелете.

Содан «Сельмагқа» жеткенше үндеспеді. Бұлар «Сельмагқа» жақындағанда автобус та келіп тоқтады. Бұл — оның бұрылып қайтатын жері. «Сельмагқа» қарама-қарсы көшенің келесі бетіндегі Кеңсе алдында Аякөз алғаш келген күнгі таныс екі бозбала тағы тұр екен. Олар:

— Сәламатсыз ба, жеңеше! Амансыз ба, жеңеше! — деп жамыраса амандасты Бақытпен.

— Е, аманбыз! — деді Бақыт. — Е, мына сорлы контордың бастықсымақтары жүр екен ғой мұнда! — деп жалғастырды сөзін оларға естіртпей.

Екі жігіт көшеден өтіп, бұларға жақындады.

— Жол болсын, жеңеше?

— Жай автобусқа қонақ шығарып салып жүргенім ғой, сіңлімді...

— Білеміз... келгені кеше ғана емес пе еді бұл қарындастың? — деп Аякөзге сұқтана қарап тұрған жігіт сөзге араласты. — Әлде дұрыс қонақ ете алмадыңыз ба? Бізге айтсаңыз, міне, біз дайынбыз... Сәлеметсіз бе, қарындас! — деп Аякөзге қол ұсынды. Аякөз еріксіз қолын созды, бірақ қолын созғанымен, алдындағы жігіттің бетіне қарағысы келмей, бетін еріксіз бір шетке бұрып еді, елеусіз тұрған Көсемге көзі түсіп кетті. Ол қадала қарап, мына жігіттерді жақтырмай тұр екен. Екеуінің көздері бірауық түйісіп қалды. «Ағасының көздері сияқты көздері!..» — деп ойлап үлгерді Аякөз. Көсем көздерін тайдырып әкетіп, бұрылып автобустың есігінің алдына барып тұрды.

— Автобусымыз жүріп кетер!.. — деген Бақыттың сөздерімен ілесе Аякөз қолын жігіттің қолынан зормен тартып алды да, Көсемге қарай жүрді.

Автобус есігінің алдында үшеуі біразырақ қоштасып тұрып қалды. Бақыт сіңлісімен қайта-қайта құшақтасады, сүйіседі. Автобус оталып, жүруге дайын.

Аякөз Көсемнің қолынан заттарын алды да, көздеріне көздерін қадап, тояттана қарап, оған ұмсына ұмтылып, бетіне ернін тигізіп сүйіп алды...

— Рақмет!.. Қош, сау бол!..

Автобус орнынан қозғала берді.

Аякөз көшенің ұзына бойына біреуді іздегендей үмітпен көз жібергенімен, ойлаған адамын таппады. Мұңлы көздеріне жас

үйіріліп кеп қалды. Сол күйімен сыртта терезе алдында қоштасып тұрған әпкесі мен Кәсемге қарады.

Кәсемнің көздері оттай жарқырайды. Бақытты.

Әпкесі Аякөздің көзіне жас алғанын көріп, көңілі босап кетті. Қол бұлғап тұрып, өз көзінің жасын алақанымен сүрте берді.

1966 ж.

САҒЫНЫШТЫ АҚ ТҮНДЕР

(лирикалық кинохикаят)

Студенттер жатақханасының кішігірім «Актный залы». Бүгін мұнда би кеші. Залдың онша-мұнша мебельдерін шетке жинастырып қойған. Бір шетте «ВИА», тар бөлмені төбесіне көтере музыка ойнап жатыр. Билеушілер қарақұрым, сыймағандары тіпті коридорға шығып билеп жүр.

Қалың топқа үш жігіт қаумалай кіріп, ортаға ұмтылды. Бірінің артынан бірі ілесе сөйлеп келеді.

— Володя, мынау халық сенің туған күніңді тойлауға келді деп есептейміз! — дейді Арман даурығып. — Биле-биле, халық! Жиырма бес жасқа толған Козловтың құрметі үшін! Әрине, ол әлі жас — ішкен тамағы да, киген киімі де, оқыған оқуы да Үкіметтің мойнында. Бірақ болашағына үлкен үміт артамыз — коммунистік қоғамымыздың гүлденуі мен ілгері басуына жас маман ретінде өз үлесін қосады деп ойлаймыз!

— Қосады. Ержетсін! — деген дауыс шықты.

— Ойбай, мынадай сығылыста билеген қандай қызық! — дейді Олжабек те даурығып. — Ей, мынадай топыр-топырдың арасынан сенің қыздарыңды қалай табамыз?! — деп Володяға бұрылды. Оның бойы ұзынырақ болатын, жұрттың төбесінен қарап:

— Әні, олар, әні! — деді.

Жігіттер Козлов көрсеткен жаққа қарай билеушілерді сүзе өтіп, екі қыздың қасынан шықты.

— Сіздерді күттіріп қойғанымыз үшін кешірім өтінеміз! Біз кінәлі емеспіз. Кінәлі — туған күн!

Екі қыз күлді де, екі жігітпен билей бастады...

Бұлардан қалып кеткен Арман бір шетте тұрған қызға жақындады.

— Сіздің қасыңызға тұруға бола ма? — деді.

Қыз жалт қарап, әзіл-мысқылмен:

— Тұра қойыңыз! — деді.

Арман қасақана оған иықтасып тақалып тұра қалды. Қыз міз бақпады, тіпті жігітке тақала түскендей қимыл жасады. Үндемеді.

— Сіз неге тұрсыз, а? — деп сұрады Арман ұзаққа шыдамай.

— Ерігіп...

— Ерігіп?... Қызық екен! Осы жұрт осындай қызметті қайдан тауып алады, а? Е, бос тұрғанша мен де ерігіп тұрайыншы? Бола ма? Сіздің жұмысыңызды алып қоймаймын ба?

— Жоқ. Бәрімізге жетеді...

Екеуі үнсіз тұрып қалды. Арман сәл қозғалақтап тақала түскендей болып еді, қыз одан да күшін асыра тақалып, бұның қисайыңқырап тұруына мәжбүр етті.

Үнсіздік тағы да ұзаққа бармады. Арман:

— Кешіре көріңіз! Мен шынымен сұрап тұрмын: сіз мұнда неғып тұрсыз?!

— Сізді күтіп!

— А! Солай демейсіз бе?... Бірақ... ерігіп өшейін тұра берген дұрыс емес пе? Біреуді күткенше?..

— Күтетіндері жоқ байғұстарды күтіп, кеуделерінде бір масаттану сезімдерін тудырғым келеді.

Арман. Солай ма?! (*Бірақ үнсіз қалды. Сосын өзінен-өзі*). Сіздің күтіп тұрғаныңыз менің кеудеме мақтаныш сезімін тудырады! Әйтпесе мен мүсәпір, байғұс екенмін!.. Мен мұны жиырма жасқа өне-міне келіп қалсам да неге білмеймін?! Сіз мені мас екен деп ойлап қалмаңыз?..

Қыз. Ойлайтындай мен ештеңе байқап тұрғам жоқ...

Арман. ...Дегенмен бүгін Володя Козлов деген курстас досымның туған күні. Соның «күйігінен» ішіп салып едім... Володя мен Олжабек курстастарым болғанымен, менен жастары үлкен, армияда бірге болған... Солардан қалыспаймын деп қағып салып... Бірақ сыр білдірмейміз ғой!.. Айтқандай, сіздің күйеуіңіз бар ма?

Қыз. Болған... Не, үйленейін деп пе едіңіз?!

Арман. Иә... қатар тұрып иықтарымыз түйісіп қалған екен деп үйлене саламыз ба?!

Қыз. Несі бар? Бірінші күйеуіме ешкінің құйрығы сияқты шұнтитып байлап қойған шашым ұнап, содан үйленгенбіз. Ал шашымды қалай бос жібердім — махаббатымыз таусылып, ажырасып кеттік.

Арман (*Қыздан сәл алшақ тұрады*). Түйіскен иықтарымыз ажырасып кетті?!

Қыз. Иә, иә, дұрыс айтасыз — махаббат бітті!

Музыка аяқталып, бұлардың қасына Олжабек пен Володя келеді.

— Компанияларыңызға қосылсақ қарсы болмайсыздар ма?! — деді Олжабек.

— Жоқ, жоқ, — деп Арман жауап берді, қыз үндемеді. — Танысып қойыңыз, мынау менің достарым!

— Танысып қояйық, менің атым Олжабек! — деп Олжабек бірінші қолын созды қуақылық дауыспен.

— Таныссақ, танысайық! — деді өте бір маңызды түрмен Володя, бірақ жүзінен әжуа күлкі байқалып қалды. — Өте қуаныштымын!..

Қыз (*бұлардың қолын алма-кезек алып тұрып*). Өте қуаныштымын! Өте бақыттымын! Шексіз!..

Осы кезде музыка ойналып, келесі би басталды. Володя қыздың қолын босатпаған күйі ишара етіп биге жетелей жөнелді.

Арман (*олардың артынан қарап*). Е, мына қыздың дене-келбеті ничего екен, ө?

Олжабек. Иә, әп-әдемі қыз... Саған ұнап қалды ма?

Арман. Білмеймін... Өзінің күйеуі болған екен, өзі ажырасып кеткен екен... Қызық-ей, менің көзім түскен қыздардың күйеуі немесе жігіті бар болып шығады?..

Олжабек (*әжуа күлкімен*). Бұл жолы да солай боп шықты! Бұдан күдеріңді үз! Мұның жүретін жігіті де досымыз Володя, болашақ күйеуі де Володя!

Арман. Солай ма?! (*Олжабек басын изеп күле береді*). Сендер барлық уақытта үлкендіктеріңді жасайсыңдар, өздеріңше құпия ұстайсыңдар!.. Айтқандай, менің де өз құпиям бар! Бірақ айтпаймын...

* * *

Арман метро поездерінің бірнешеуіне ауысып мініп, жеткен стансысынан сыртқа шыққанда түн жарымнан ауғанмен, көшедегі жұрт жүріс-тұрысы саябырсымаған екен әлі.

Көктем айы. Түнгі Ленинград аспаны ашық. Ақ түн.

Арман көшеден асықпай келеді. Құлағына әлдебір әсерлі музыка келгендей.

* * *

Арман іштен іліп қойған жатақхана есігін тақылдатты. Ар жақтан біреу есікті ашты. Кезекші пәкене бойлы ақ сары кемпір

екен. Ол Арманды танитын болса керек, шешпеген көзілдірігінің үстінен қарап:

— Е, сен бе едің! — деді өзімсініп. — Есікті іле сал!.. — Ол бұрылып кетіп, өз орнына барып отырды. — Түсінбеймін!..

Арман есікті іліп келді де, кемпір отырған үстел алдына ұзыннан қойылған диванға отыра кетті.

— Қайырлы кеш! Нені түсінбеймін деп отырсыз?

Кемпір. Хм!.. Сағат қанша болды?

Арман. Түнгі бірден енді ғана асты...

Кемпір. Жатақханаға тым ерте қайтыпсың?..

Арман. Туған күнде, биде болдым, көшеде де қыдырдым, бірақ жалықтым... көңілсіз...

Кемпір. Қыдырудан жігіттер жалықпаушы еді ғой? Әлде қыздар ұнамай жүр ме?

Арман. Білмеймін... Танысасың — біреуінің жігіті, біреуінің күйеуі бар болып шығады!..

Кемпір көзілдірігінің үстінен қарап мырс етіп күледі.

— Е, солай! — деген Арман диванға созылып жата кетті. Жүзінде қуақылық бар. — Осы қыздар қу боп кеткен бе? — деп сөзін жалғастырды. — Өздерінше төкаппар, қарамаған түр көрсеткенсіп көз қиықтарын қадап-қадап алады...

Кемпір. Е, ол күйеуі бар келіншектер сенімен мысықпен ойнағандай ойнап жүр екен де!

Арман (*басын көтеріп*). Қалайша?!

Кемпір. Қалайша, қалайша! Сенің жас бұзаудай ербиіп тұрған түрінді көреді де, ойнағысы келеді де!

Арман. Е, қойыңызшы, е! Мені, тегі, бұзауға теңеп жібердіңіз!.. (*Орнынан тұрып кетеді*).

Кемпір. Оның несі ұят. Бірінші курсты енді бітіресің, жасың он сегізде. Осы жастығыңды қалай жасырасың? Жасырма! Қыз-келіншектер қызығып әлем-жәлем болсын сенің жастығыңа. (*Екеуі аз уақыт үнсіз қалады*).

— Сен ішпеуші едің ғой? — деп сұрады сосын кемпір.

— Білініп тұр ма? — деді Арман ыңғайсыздана.

— Саған әлі ертерек ішкілік ішу! — деді кемпір. — Қыздармен қыдырсаң, қыдыр, бірақ ішкілікке құмар болма! Өзің әп-әдемі, жақсы жігітсің. Ақылың бар, адамгершілігің бар... Ал ішкілік...

— Е, достарым қауқалап қоймаған соң аздап қана алып едім!..

— Бар бөле сол «аздаптан» басталады. Жарайды, сенің ішкеніңді бірінші рет көрген соң айтып отырғаным ғой. Сенің оған құмарлығың жоқтығын білемін! Ал бөлмеңе бар да демал!

Арман. Жарайды... (*Кетуге бет ала беріп*). Айтқандай, кешіріңіз, шалыңыз тәуір болайын деді ме?

Кемпір. Рақмет. Жаман емес. Кеше дәрігер келіп кеткен. Дәріге рецепт жазып беріп еді, онысы тек орталық дәріханада бар дейді...

Арман. Ертең мен «Қысқы стадионға» жаттығуға барамын. Орталық дәріхана сол маңда емес пе? Рецептіні маған беріңіз, ала келейін?

Кемпір. Сөйтсең, сөйте ғой, ақыры сол жаққа жолың түсіп тұр екен!..

* * *

Жатақхана коридорымен келе жатқан Арман асхана бөлмесінің тұсына жете бере оның ашық есігінен плита жанында тұрған Марәтті көрді.

— О! — деді Арман тоқтай қалып. — Уақыт түн жарымнан асса да тамақ дайындап жүрген кім екен десем?!

Марәт — Балтық жағалауы халықтарына төн, ұзын бойлы келіншек. Ол Арманнан жасы үлкендеу болса керек, бірақ ұяң жүзінде сәбилік аңқаулық көрініп тұрады. Ол Арманның даусынан жалт бұрылды.

— Ой, сен неғып жүрсің?! Сен сияқты сәбилер әлдеқашан ұйықтап жатыр!

— Мен де ұйықтап жатқам, бірақ тамақ дайындап жатқан біреудің табақ-аяғының салдырынан оянып кеттім. Сөйтсем, өзіміздің Марәт! Е, сендерде де Латвияда түн ауған соң тамақ жей ме?

— Жоқ, біз қазақтар емеспіз түні бойы ет жеп шығатын, біз кофе ішеміз... міне, көрмейсің бе кофе қайнатып жатқанымды? Кофе ішпесем мына ұйқы басып, сессияға дайындалуға мұрша бермейді! — деген Марәт кофе демдеген ыдысты орамалмен ұстап. — Жүр біздің бөлмеге, кофе ішеміз! — деді.

— Мен түн жарымда кофе ішпеймін, ет жеймін! — деді Арман да өзілдеп.

— Онда жолың болды. Менің қасымдағы қыз дәл бүгін көп қылып ет пісіріп қойып еді! Сенің жерлесің, менің қасыма жақында ғана ауысқан! Жақсы болды ғой, кімге жегізерімізді білмей отыр едік! Жүр, жүр, ет жегіш!

— Е, жарайды! Оның есесіне, ертең күні бойы тамақ жемеймін. Кедей студентке бұл да үнем...

Бөлме есігін Марәттің өзі ашып, алдымен өзі кірді де, біреуге ескерткендей:

— Бізге қонақ келді! — деді де, Арманға бұрылып «Кір!» дегендей ишара білдірді.

Бөлмеде тек үстел үсті лампасы жанып тұрғандықтан ала-көлеңкелеу екен.

Алғаш кіргеннен-ақ төргі төсекте кітап оқып жатқан қызға Арманның көзі түсті. Бөтен біреу келеді деп ойламаған қыз емін-еркін ішкөйлегімен ғана жатқан екен, есік алдында кідіріп, өзіне бір сәт қадалып қалған жігіттен ыңғайсызданып, астына басылып қалған одеялды үстіне тартқылай берді.

Мұндайда теріс айнала тұруды білмеген жас бала қызға қарай бір қадам жасап, ентелей түсіп ақтала сөйледі:

— Сәлеметсіз бе!.. Кешіріңіз!.. Кеш болса да Марәт шақырған соң... оның көңілін қимай...

Қыз қарағаны болмаса, үн қатқан жоқ, амандасып басын да иземеді, әуреленіп жатып астындағы одеялды шығарып алып үстін жапты-ау, әйтеуір!

— Отырсайшы! — деді Марәт орындықты нұсқап. Арман әлгі жатқан қызға арқасын бере отырды да, әлдебіреу атып жіберердей екі иығын қусыра қалды. Марәт бұрыштағы шкафтан ыдыстар аламын деп жүргенде, жігіт кенет артына оғаш жалт бұрылып қызға қарады. Ал ол қараған жоқ, көздерін кітаптан алмай, жауап ретінде өлсіз ғана қабағын түкситті.

— Ал әңгіменді айта бер! — деді Марәт стақанға кофе құя отырып. Арман жауап қатпай, өз әсерімен мырс етіп күлді.

— Неге күлесің?

— Күлкім келді...

— Күлкің келсе, кофе іш! Біреуін Ираға әперші!

Арман қызға ұсынған кофесін төгіп ала жаздады. Көздері түйісіп қалды. Қыз бұған таңырқап қараған сияқты болды. Сосынғы сәтте жігіт томсырайып үнсіз отырып қалды. Балалық қылықтан әлі арыла алмағандығы көрініп тұр.

— Неге кофе ішпей отырсың?

— Ет жейміз деп шақырдың ғой? — деді Арман көдімгідей сеніммен.

— Ой, ұмытып кетіппін! — деді Марәт күліп. — Сен басқа қыздармен қыдырып жүргенде бізге де жігіттер келіп, бәрін жеп кеткен екен ғой!

— Міне, айттым ғой, әйтеуір, бүгін жолым болмады...

Арман, әдетте, тыныш отырмайтын жас балалардай үстел шетінде тұрған магнитофонның бір тетігін басып қалды. Тар бөлме ішін әдемі әуен кернеп кетті. Оны жайлатып қою ойына да кірмеген Арман қызға бұрылып:

— Сізге музыка кедергі жасамай ма? — деді. Қыз мұның жағына қарағысы да келмегендей түрмен тек басын шайқады.

Кенет көрші бөлмеден біреу дуалды дүрсілдетіп ұрды.

— Көршілер наразылық білдіреді! — деді Марэт. Арман музыканы өшіре қойды:

— Ешкімге ұнамаймын, ешкімге жақпаймын...

Бәрі үнсіз қалды.

— Күйеуімнен хат алдым! — деді Марэт үнсіздікті бұзып.

— Ригада қандай жаңалық бар екен?

— Ригадағы ең үлкен жаңалық: ол мені қатты сағыныпты, көргісі келеді. Сен ше, Арман? Сен ешкімді көргің келмей ме? Күтіп жүрген біреу бар шығар?

— Жоқ!.. — деген Арман аз уақыт үнсіз қалды да. — Жоқ... Мен мамамды көргім келеді! — деді.

Марэт өзілін әрі жалғастырды.

— Сен оңай жолмен құтылып кетесің. Бәріміздің де әкешешелеріміз бар күтетін! Менің сұрап тұрғаным басқа?..

— Бүгін бір жолдас жігітімнің туған күнін тойлап едік, жігіттер қоймаған соң өмірімде бірінші рет шарап іштім. Сондықтан мен сенің сұрағыңды түсінбеймін, Марэт? Және сізді де бірінші рет көріп отырмын! — деді қызға жалт бұрылып. — Рұқсат болса, мен кетейін? Көрсеткен сыйыңа үлкен рақмет, Марэт!

— Түк емес. Ет жемедім деп өкпелеме, досым!

— Ер адамда өкпе деген болмайды, досым.

— Жарайды. Жүр, мен сені шығарып салайын.

— Өуре боп қайтесің?

— Жоқ, мен досымды жалғыз жібермеймін. Өмірінде шарапты бірінші рет татқан, қорғанышсыз жас балақайды коридорда кездескен бір қыз ұстап алса қайтеміз? Сосын ол пәле бізге сені билетпей кетер, досым?

— Олай болса, жарайды. Өзім де қорқамын біреу қағып кете ме деп... — Арман орнынан тұрып, есікке бет ала бере қыз жаққа кілт бұрылды. Қоштасайын дегендей сыңай білдіріп еді, қыз кітабына қадалған күйі елемей жата берді.

Арман мен Марэт бөлмеден шығып, коридормен лифтіге бет алды.

— Бұл қыз қашаннан бері сенімен тұрады?

Марэт. Көп болған жоқ. Бұрын пәтерде тұрыпты.

Арман. Институтта да көрген емеспін бұрын?

Марэт. Онда да сирек болса қайдан көресің? Сенің жерлесің...

Арман. Аты кім?

Марэт. Индира. Біз күнделікті Ира дейміз...

Бұлар лифтінің қасына келгенде Марэт кнопкасын басып, оның есігі ашылғанда:

— Кіруіңізді сұраймын, досым? — деді.

— Амал қанша, қимаймын, айырылысқым келмейді сенімен!.. — Арман лифтіге кіріп, есігі жабылды. Марэт енді бұрылып кете берем дегенде лифт есігі қайта ашылып, Арман көрінді.

— Марэт, анау қасыңдағы қыз мылқау ма, үндемейді ғой?! — деді ол.

* * *

Кинотеатр фоесі. Эстрадада музыка ойналып жатыр.

Фоенің бір шетіндегі орындықтардың бірінде Арман газет оқып отыр. Газетін қарап болып, бұрынғыдан да жайғаса созыла отырып, апыр-топыр көрермендерді сырттай бақылады. Кенет есіктен кіріп жатқан көпшіліктің арасынан бір таныс бейнені байқап қалғандай, алға ұмтыла түсіп қадала қарады.

Кинотеатрға кіріп келе жатқан Индира еді.

Арман орнынан ұшып тұрып, оның қасына жетіп баруға бір-екі орашолақ ірі-ірі қадам жасады да, табан асты басқа жаққа бұрылып кетті. Ол бір бұрышта орналасқан буфеттің қасына қалай барып қалғанын байқамай, әдейі сол үшін келгендей балмұздақ сатып алды. Өзі жасырын тұрғандай, бірақ екі көзі Индирада.

Қыз асықпай жүріп фотокөрмені қарай бастады. Орта бойлы денесіне ақ плащы құйып қойғандай, жарасымды екен.

Арман сыртынан қарап, тағат таппай, біресе ана бұрышқа, біресе мына бұрышқа өтіп кетеді. Ақырында шыдамы таусылды білем, қызға тым жақындап барып, ту сыртынан тұра қалды.

— Саламатсыз ба! — деді сосын қыздың иықтарымен аман-дасқандай.

Индира дауысқа елең етіп, жайбарақат бұрылып, Арманға таңырқай қарады да, жымыып, басын изеп амандасты.

— Киноға келдіңіз бе? — деген Арман өзінің орынсыз сұрақ қойғанын байқамай қалды.

— Сіз балмұздақ жеуге келдіңіз бе?! — деп қыз еріксіз күліп жіберді.

Арман шошайтып ұстап алған балмұздағын енді көргендей. Онысы ери бастаған ба!

Арман (*жауап таппай, ыңғайсыз қипақтап*). Сатып жатыр екен!..

Индира. Сол қатарда пирожки де сатып жатыр, көрмедіңіз бе?

Арман. Көрдім... Бірақ мен мұнда пирожки жеуге келгем жоқ қой!

Индира (*фотосуреттерге қарай түсіп*). Көрініп тұр...

Арман. Шындығында мына суреттер жақсы көрініп тұр екен, ө?

Индира (*сәл үнсіздіктен кейін*). Иә, фотокөрмені тамаша ұйымдастырыпты... Осы суреттердің сізге қайсысы ұнайды?

Арман (*суреттерге мән беріп қарамай*). Бәрі тамаша!.. (*Қыздың көзқарасынан ақталғандай*). Бәрі тамаша дегенім солай ғой енді, сәбилер болған соң... Сіз де, мысалы, біреуін ғана жақсы көре алмайсыз ғой?!

Бірінші реткі қоңырау соғылып, залдың есіктері ашылды. Киноға келгендер сол есіктерге ақырын созыла бастады. Индира да солай қарай бет алды. Арман да оған еріксіз ілесіп келе жатқан, кенет қолындағы балмұздақтың ери бастағанын байқады.

— Ой!.. — деді Арман тоқтап, қыз да кідіріп бұған қарады. — Балмұздақ? Жегіңіз келмей ме?..

Индира бір қолына портфель, бір қолына балмұздақ ұстаған Арманның түріне қарап күліп жіберді.

Индира. Жегім келеді. (*Арманның қолындағы балмұздақты алды да, бір шеттегі урнаға жақындап, соның ішіне тастады, қайта оралып Арманның сірне болған саусақтарын беторамалмен сүртті*).

Олар кірер есік алдына жақын тұрып қалған екен, кіруші жұрт екі жақтан қаумалай өткенде екеуін бір-біріне қарай итере, жақындата түсті. Қыздың қопсыта бұйралаған шаштары жігіттің бетіне тиіп, қытығын келтірді.

Сосын жұртпен ілесіп залға кірді. Екеуі қатар отырды.

Арман. Рақмет!

Қыз үндемеді. Зал бірте-бірте қараңғыланды да, артынша фильм басталып кетті.

Индираның бір қолы үйреншікті түрде Арманның тізесінің үстіне жатты. Оған ол тіпті мән бермейтін сияқты. Бірақ

Арман тізесіндегі қыздың қолына қарап, түрпі тигендей, әлсіз қозғалақтап қалды.

Арман басталған фильмге қарауға шамасы жоқ, «қолыңды менің тіземе әдейі қойып отырсың ба?!» деген түрмен Индираға қадала қарап қалыпты. Осыны сезген қыз бір кезде бұрылып, ернін бұның бетіне тақап сыбырлап:

— Маған қарағанша кино көрсейші! — деді.

Арман абдырап ұялып қалды.

— Аха, аха, кино көрейік!.. — дегенімен, көзін қыздан ала алмады...

* * *

Екеуі метроға түсті. Екеуі де үнсіз келе жатты.

— Кино ұнамады ма? — деп Индира үнсіздікті бұзды.

— Ұнады. Әдемі актриса. Әндері қандай тамаша! Бірақ...

— Бірақ не?

— Теңізге кетіп өлген жас жігіт аянышты. Ол неге өйтті? Сүйген қызының әнші болғаны үшін бе?

— Кинода солай болады ғой. Сара Монтъел деген әнші-актриса, даусы әдемі, келбеті келісті... Сюжетін шиеленістіру үшін жасаған болар. Өйтпесе қазіргі заманда солай болады деп ойламаймын. Еуропада, Испанияда.

— Испания болғанымен, ескі әдет-ғұрыпты қатаң ұстайтын бір облысын білем ғой?

— Біздің Шымкентте де әдет-ғұрыпты қатаң ұстайды, бірақ менің күйеуім испан жігіті сияқты әрекетке бармас еді!

— Қалайша?! — деген жігіт жүзінен сенбестік пен таңданғандық белгісі жарқ етті. — А-а! Сі...с! — Арман булығып, тұтығып қалды. — Сіздің еріңіз бар ма?!

— Иә! — Индира жайдары жымыып басын изеді. — Ол — инженер-металлург...

Арман өзімен-өзі іштей торығып қалды.

Гүлдеп пойыз келді.

— Біздікі! — деп Индира алға ұмтылды. Арман оның артынан ілесе қойған жоқ, аяғын ілбіп басқан күйі терең ойға бойлап кеткендей, жүрген бағытын да байқаған жоқ.

Индира вагон ішіне жұрт легімен кіре сала артынан ілескен Арманды іздеді. Метро стансысы колонналарының арасында Арманның қарасын көрді. Пойыз жүретіні туралы хабарлап жатқанда Индираның вагоннан шапшаң кері шығуына тура келді.

Арманға қарсы жүріп, оған бетпе-бет келгенде:

— Не болды? — деп сұрады.

— Ойланып кетіппін! — деді Арман. — Менің сондай жаман әдетім бар: кенеттен ойланып кетемін. Мысалы, дәл осылай сабаққа асығып бара жатып, ойға түсіп кетемін. Одан қайтып шыққанша талай пойыздар өтіп кетеді!..

— Мысалы, қызбен қыдырып келе жатып ойға түсіп кетсең, ол қыз сені тастап кетіп қалмай ма? Өкпелеп қалуы да мүмкін ғой? Тіпті қасыңнан талай қыз өтіп те кеткен болар?!

— Солайы-солай! — деді Арман өттеген-ай деген түрмен, қызға қарамай мұңая. — Содан кейін де маған ұнаған қыздардың не ері, не жігіттері бар боп шығады!

Қыз ұяла қызарып, бірақ Арманның көз ала алмай қарап қалыпты, әлдебір сезім құшағына еніп кеткендей.

— Маған қарауға келдің бе? — деді Арман оның көз алмай қарағанынан қолайсыздана қипақтап.

— Ой, кешір! Мен де бір ойға түсіп кетіппін! — деп ақталғандай болды Индира есін жиып.

Екеуі сықылықтап күлісті. Себеп-салдарсыз бос күлгендей әсер қалдырады.

Пойыз келді. Жұрт ағынымен бұлар ішке енді. Пойыз жүріп кетті. Бұлар қайтып бір-біріне ләм-мим деген жоқ. Екеуі қатар тұр. Терезеден бейнелері көрінеді. Сол арқылы бір-біріне қарап көздерін айыра алмайды. Ақырында қыз мырс етіп күліп жіберді де, басын оның иығына қойды.

* * *

Бұлар метродан шыққанда үдемелі жаңбыр жауып тұр екен. Жұрт шығаберісте іркіліп қалыпты.

— Мен магазинге баруым керек еді! — деді Индира.

— Онда кеттік!

Екеуі шыға жүгірді. Қыз ілесе алмай артта қалды. Арман оралып келіп, оны қолынан сүйрелей жөнеледі. Оларға әдейі ерегескендей жаңбыр қарсы ұрып, құйып берді.

Азық-түлік дүкеніне жетіп, ішке қойып кетті. Мұнда да мәз емес екен — сығылысқан халық. Бұлар бір шетке барып тұрды.

Қыз көңілді. Демін баса алмай күле береді. Қолсәмкесінен беторамалын алып, әдеті болса керек, әй-шәйға қарамай Арманның бетін сүрте бастады. Ол сүртіп болған кезде, Арман беторамалды жұлып алды да:

— Енді мен сүртейін? — деді.

Индира қарсыласқан жоқ, жымып, көзін жұмып бетін тосты.

Арман сүрте бастады, қимылы ебедейсіз. Соны әжуа етіп қыз күліп жіберді:

— Сен сүртіп тұрған жоқсың, түртіп тұрсың ғой! — деп жігітті икемдей бастады. — Жақынырақ тұр! Менен қорықпа, бір қолыңмен иығымнан ұста... Ех! Бәрін білетін жігіт сияқтысың!..

Арман қыз айтқандай бір қолын оның иығына салып, беторамалмен бетін сүрте бастады.

— Менің ерім мұндай істерге ұста! — деді қыз ойында ештеңе жоқ.

Жігіт тіксініп қалды.

— Жаңбыр қойыпты! — деген ол сұртуін қоя салды. — Мұнда тығылған жұрт та тарап кетіпті ғой?!

Шындығында да көпшілік тараған соң магазин іші кеңіп қалғандай болыпты.

— Сен осында күте тұр! — деген қыз керегін сатып алуға кетті.

Арман көшеге қарап витриналық терезе алдында тұр. Өткінші халық... Жаңбырдан кейін күн ашылыпты.

Терезе-витрина алдына үш қыз келіп тұра қалды. Біреуінің көзі іштегі Арманға түсті. Қасындағыларды түртіп, мұны мегзеді. Үшеуі де Арманға қарады, мәз боп күлісті. Біреуі тілін шығарды. Арман міз бақпай қимылсыз, жауапсыз тұра берді. Қыздардың біреуі келемеж түрмен «бізбен жүр» дегендей ымдап шақырды.

Арман оларға қарап тұрғанымен, көңілі басқа жақты шарлап кеткен.

Қыздар мұны әжуа етіп біресе күліп, біресе қабақтарын түйіп, біресе қолдарын бұлғап ештеңе шықпаған соң, тырқ-тырқ күлісіп алды да, өз жөндерімен кетіп қалды.

Индира келді. Алған заттарын қалтасымен Арманға ұстата салды.

Олар жатақханаға дейін үн қатыспай жаяу келді.

Есік алдында айырылысып, ішке бөлек-бөлек кірісті.

* * *

Жатақхана кезекшісі таныс кемпір екен.

— Күні бойы саған телефон соғумен болды! — деді ол Арман кіре бергенде.

— Кім екен ол?

— Достарыңның біреуі болар. Мына бір телефон нөмірін тастады, — деп бір жапырақ қағазды ұстатты.

Арман оқып көре сала кемпірдің алдындағы телефонға ұмтыла бере:

— Телефон соғуға рұқсат етесіз бе? — деді де, кемпірдің жауабын күтпей телефон аппаратын өзіне жақындата нөмір сандарын тере бастады. Арғы жақтан жауап болғанша. — Жағдайыңыз қалай? — деп сұрады.

— Жағдай көшедегідей күншуақты, жылы, жазғы жаңбырлы, тамаша!..

— Дәл бір көшеге қыдырып келгендей қалай біліп отырсыз тамаша екенін?!

— Сен кіріп келгенде-ақ көңіліңді жүзіңнен байқадым...

Арман (*трубкаға*). Алло! Маған жүз он бесінші бөлмеден...

— Ол осында! — деп мұның сөзін бөліп жіберді ар жақтағы дауыс. — Қазір трубканы алады...

Олжабек екен.

— Ареке! — деді Олжабек. — Өткен туған күннен кейін хабарласпай кеттік. Халің қалай?.. Е, мен саған күні бойы телефон соғуда болдым, қайда жүрсің?

— Киноға бардым...

— Киноға?! Сен оған қалай уақыт таптың? «Уақытым жоқ» деп шырылдап жүретін адам... Өлде біреуді ертіп баруға тура келді ме?.. Ө, жарайды, ол сенің өз ісің... Кеше Обком комсомолда жиналыста болдым. Мен сонда студент құрылыс отрядтары комиссиясының мүшесімін ғой. Алдағы жазғы демалыс кездерінде Гурьев облысына баратын студотрядтарды жасақтап жатырмыз. Бір отрядта болсақ қайтеді?

— Онда не істейміз?

— Өртүрлі құрылыс объектілеріне бөледі ғой барған соң...

— Жазғы каникулға менің өзімнің жоспарым бар...

— Түсінікті: қыдыру, қонақтарда, тойларда болу ғой! Е, анау ауыл-селоларда жиналмай жатқан егіндерді жинауға, бітпей жатқан аурухана, малханаларды бітіруге біз көмектеспесек кім көмектеседі? Алло! Неге үндемей тұрсың?

— Ойланып көремін...

— Көп ойланар түгі жоқ. Ертең Мәдениет сарайына кел, сонда тағы да жанталасайын деп жатырмыз... Айтқандай, сенімен бір әдемі қыз танысқысы келеді. Сондай әдемі! «Огонек» журналының сыртқы бетіне суреті шыққан!.. Ол да отрядпен барады.

— Мен жазғы демалыста мамамның қасында болуым керек, бір жыл көрген жоқпын ғой...

— Түу! — деп Олжабек ар жақта күйініп кетті. — Студотрядтан кейін бір-екі күнге барып қайтасың ғой мамаңа!

— Бір-екі күнге?! — деген Арманның даусы қатты шықты. — Есің дұрыс па?! Өкпелеп қалады ғой! Сосын мен не істеймін? Сен сөйтсең сенің де мамаң өкпелейді ғой, Олжабек?

— Е, талай өкпелеп, талай кешіріп жүр ғой! — деді Олжабек онша мән бермей.

— Солай ма?! — деп Арман аз үнсіз қалды. — Анадь өкпелетіп жүріп жұртқа жақсылық жасаймын дегенді түсінбеймін!..

Арман түсінбестік халде телефон трубкасын қоя салды. Алдында отырған кемпірге әлдебір сәбилік көзқараспен қарап қалыпты.

— Күні бойы құлаққа тыныштық бермеп еді! — деді кемпір де аздап кейістікпен мұны қолдағандай.

Арман кемпірмен болған алғаш әңгіменің желісіне қайта оралғандай:

— Сіз жас кезіңізде жігіттерді бір қарағаннан-ақ ұнатып немесе ұнатпай қоятын ба едіңіз? — деп сұрады.

— Жас кезің не, қазір де кімнің кім екенін бір көргеннен шамалап танымын. Сүйкімді адамның сүйкімділігі алдымен көзінен көрініп тұрады. Көз — көкірек айнасы. Әрине, әдемілікті көре білетін көз керек, жан дүние көзі керек...

— Әдемілікті көрсем тебіреніп кетемін, ұшып жүрген сияқты боламын!

Кемпір. Біреуді қатты ұнатып қалдың ба?!

Арман. Білмеймін, солай ма, солай емес пе... бірақ...

Кемпір. ...Бірақ ұшып жүрген сияқтысың ғой?.. Құттықтаймын! Көктем де тез өтеді. Үлгеріп қалу керек!

Арман. Рақмет!.. Мен кеттім. *(Ішке бет алады).*

Кемпір. Бізге үйге қонаққа кел. Шал тұрып жүр. Сені сұрап қояды: «жерлесіміз қалай?» деп.

Арман. Жарайды, келемін! Сіз де сәлем айтыңыз дедушкаға!..

Арман жатақхана коридорының ең соңына дейін жетіп, тепкішекпен жоғары көтерілмес бұрын ойланып тұрды да, кері бұрылып коридордың екінші соңына бет алды.

Өзіне таныс ас дайындайтын бөлмеге жақындады.

Есігі айқара ашық екен. Іште жалғыз Индира ас дайындап жүр. Үстінде үйде киетін халат...

Арманға бұрылып қараған ол қымсынып, ұялып қалғандай болды.

— Марэт болар деп ойлап қалып едім... — деді Арман ақталып.

— Оның күні бойы кітапханадан шықпайтын әдеті бар екен...

Арман басқа әңгіме бастауға себеп таппай, қипақтап тұрып қалды.

— Индира, біз екеуіміз кинодан шыққан соң жолда кафеге кіріп тамақтанып алу менің ойыма келмепті. Міне, енді әуреленіп тамақ пісіріп жатырсың!..

— Онда тұрған не бар? Барлық студенттер осылай істейді. Кафені қалтамыз көтермейді өйткені. Оған ұялатындай себеп жоқ...

Индира алдындағы ісімен айналысып, теріс қараған күйінде тұра берді.

— Жарайды, — деді Арман, — мен бөгет жасамайын...

Арман кетуге бет алды. Ол коридордың бұрылатын бұрышына жете бергенде, артынан «Арман» деген қыздың даусын естіді. Қыз күлімсірей, өзіне қарай ентелей жүріп келеді екен. Бұл да қарсы жүрді. Жақындасып, қарама-қарсы тоқтасты.

— Бірге тамақтанайық? — деді қыз ақырын ғана қиыла сұрап... Арман қуанып кеткенін жасыра алмады.

— Менің атымды қайдан біліп алдың?! — болды жауабы.

— Біліп алдым, оған несіне таңданасың! Жүр! — Қыз Арманның қолынан алып жетелей жөнелді. Бөлмесіне кіргізді.

— Шешініп жайғасып отыр, мен... қазір! — Индира шығып кетті, Арман бұрышта тұрған магнитофонды қосты. Осы күндері өте танымал «Махаббат тарихы» әні оның жүрегін толқытып жіберді. Кітап этажеркасына сүйенген күйі тұрып қалды. Индираның қалай бөлмеге қайта кіріп, үстел үстіне дастарқан жайып болып, өзіне қадала қарап тұрғанын сезбеді...

* * *

Ленинград көктемінің күншуақты күндерінің бірі. Аспан көкпеңбек, шоғыр-шоғыр аппақ бұлттар.

Арман мен Индира көше-көшемен жүріп отырып Неваның тас жағалауынан бір-ақ шықты. Тас жағалаудың тепкішектерімен су жалап тұрған төменгі ернеуіне дейін түсті. Мұнда түсе сала Индира жалт бұрылып, Арманның мойнына асыла кетіп сүйе бастады. Ұзақ сүйді...

Келесі кезекте екеуі де Неваға қарап үнсіз тұрды.

Дәл жаңағы сүйістен кейінгі қыз жүзіндегі бақытты толқын біртіндеп ерніне күлкі боп үйіріле бастады да, мысқылмен мырс етті.

Арман. Неге күлесің?

Индира. Күлкілі.

Арман үндемей қалды. Сұсынан ұнатпағандық айқын аңғарылады. Осыны байқаған Индира:

— Сен туралы емес! — деді. — Өзіме күлемін. Ерім маған опасыздық жасаған еді, енді мен одан кегімді қайтарып жатырмын...

— Бұл мен үшін жағымсыз әңгіме! — деп Арман кесіп тастады. Екеуі де үнсіз қалды.

Су бетіне шағылысқан күн сәулесін қырат-қырат майда толқындар қуып, ойнап жүргендей. Анау көпір үстімен ағылып жатқан транспорт...

Бәрі сәнді, бәрі әдемі.

Арман Индираның тосылып, көңілсізденіп қалғанын байқады.

— Индира, менің саған айтайын дегенім... Мен сені ұнатамын!

Жігіт бұрын-соңды өз сезімін осылайша білдіріп көрмегендіктен олақ айта салды және оның үстіне, кінәлі адамдай басын төмен салбыратып жіберді.

Қыз оның бетін, шашын сипалады:

— Жарығым!.. Сәбиім!..

Бірақ бұл сөздерге қандай мағына қосқаны түсініксіз, үйреншікті айтыла салғандай көрінді. Мүмкін, өзінің сәбиіне немесе күйеуіне айтты ма?

Арман сөзін тағы қайталады:

— Сені ұнатамын, Индира!

Бұл тек өз сезімін білдіргендік ғана емес, қыз сезімін де барлап байқау еді, өз жан дүниесіндегі дүдәмал сұраққа жауап алу еді.

— Бірақ сүймейсің ғой?.. — деді Индира.

Арман. Қалайша?.. Ұнатамын дедім ғой?

Индира. Ұнату мен сүйу екі басқа.

Арман. Мен үшін екеуі де бір мағынаны, бір сезімді білдіретін сияқты.

Индира. Мен де ақымақпын, Арман, кішкентайым! Мені енді біреудің сүйуінің қажеті не?

Арман. Неге олай дейсің?

Индира. Себебі сүюдің қадіріне жетіп, оны түсініп жатқан мен жоқ. Маған қайбір құрбыларым, туыстарым солай дескен: сүйген адамыңа бәрін кешіруге болады екен. Мен туралы Марэт айтқан болар?

Арман. Әркімнің тарихын оның өзінен естіген дұрыс емес пе?

Индира. Өзім туралы не айтуым керек? Туған жылым, туған жерім сияқты автобиографиялық мәліметтердің керегі болмас? Ерім бар. Мен саған оны инженер-металлург дегенмін. Анығырағы солай болады. Қазір Москвада, студент, соңғы курсты бітірейін деп жатыр. Онымен қалай кездескеніміз, үйленгеніміз, сәбилі болғанымыз туралы тәптіштеп жатпайын. Сен мені қате түсіне көрме. Шынымен-ақ біз ол екеуміз бір-бірімізді ессіз сүйіп қалғанбыз. Екеуміз туралы жұрт бір-біріңе табылған егізсіндер, бақытты боласыңдар десетін. Мен бақытқа кенеліп, махаббатқа шексіз берілдім. Бірақ күндердің күнінде ол сезімім, сенімім топан су алған қамалдай құлап түсті. Көңіліме қызғаныш, ыза, көзіме жас толды. Түкке түсінбеймін. Біреуді сүйсең неге басқаға тәніңді сипатасың?! Неге сүйіктіңнің қасында болып ойың басқаға ауады?! Ондайға қарсы тұруға дәрмен тағы жоқ! Дәрменсіздікті алғаш сезінгенде тіпті өмір сүргім келмеді. Апталап, айлап көз жасым төгілді. Төгіле-төгіле көз жасым таусылды, кеудемдегі әлем-жәлем өшті. «Ақымақтық қой бұның!» деп өзімді-өзім әжуалап күлдім. Ендігі жерде еріме өмір-жолдас болудан бас тарттым. Ол кешірім сұрайды. (*Kçlin*). Кешіру, кешірмеуде тұрған не бар? Кеудедегі ыстық сезім тастай суып кеткен. Оны қайта жылыта алмайсың. Сүйіспеншіліктің табиғаты солай...

Арман (*үңсіздіктен соң*). Осы әңгімені айтқызығаным үшін кешірі!

Индира. Кешірім сұрайтын түгі жоқ. Мен бәрібір айтуым керек еді ғой өз тарихымды. Міне, алдыңа жайып салып отырмын. Сондықтан маған «ұнатамын, сүйемін» деген сөздерді айтпай-ақ қойшы. Сұранамын? Ондай сөздерді естісем жаным тітіркенеді! Естігім келмейді! Онсыз да менімен жақын болуыңа қарсы емеспін... Сен әлі жаның таза, сәбиліктен арыла қоймаған баласың ғой. Ал өз сезіміңді білдірер бұдан басқа да кездер келер, оны жүрегімен қабылдар адам да жолығар болашақта?!

Қыз сөзін бітіріп, арада үңсіздік орнады. Арман оның мынадай ашық әңгімесіне қандай жауап беру немесе қандай қолдау білдіру керектігін білмеді. Тек Нева бетімен жүзіп бара жатқан кішігірім катерлер мен теплоходтарға, шәңк-шәңк етіп ұшып-қонып жүрген ақшағалаларға еріксіз көңіл аударып, көз тіккендей қалыпта тұрып қалысты...

* * *

...«Не істеу керек?» дейді Арман ұйықтай алмай жатып өзіне-өзі. «Сүйемін» деген сөзді айтпа дейді, «менімен жақын

болуыңа қарсы емеспін» дейді! Бар болғаны осы ма? Осымен бітті ме? Бірақ... Мен оны сүйетіндігімді, кеудемде сыймай жатқан сезімді айтқым келеді!.. Біз неге ертерек кездеспедік? Ертерек кездессек қой, ол махаббат сөздерінен жерімес еді! Мен бүкіл жан дүниемді алдына ақтарып салар едім... Ол мынадай періште әйелге қалайша опасыздық жасаған?! Түсінбеймін!.. Енді не істеуім керек?! Мен барып кіргім келген махаббат бағының гүлдері тапталып қалған сияқты! Бәрібір мен оны ұнатамын! Мен оған көмектесуім, демеуім керек. Бірақ қалайша?! Білмеймін... Керісінше мен оның қасында әлсіз көрінемін... Қасында жай еріп жүретін мен бе?! Маған оның қажеті жоқ!.. Маған олардың арасындағы өзара проблемаларының керегі не?! Қойшы!.. Болды!.. Ештеңе ойлағым келмейді!.. Сүйемін!.. Бейнеңді ұмыта алмаймын!.. Шарасызбын!..

Осылайша ой тізбектері ұйқы бермей, дөңбекшіп жатқан Арман әлсіреп барып мызғып кетті. Ол түс көреді.

Түсінде Индира жас сәбиін құм алаңындағы өткеншекке отырғызып, тербетіп ойнатып тұр екен. Бір кезде кішкентай бала өткеншектен құлап түсті. Арман жан ұшыра жүгіріп барып, оны көтеріп алды... Индира ризалық түрмен күлімсіреп, бұны аймалап сүйіп жатыр... Сәби де жылы ұшырап қолдарын ербеңдетеді. Бір кезде Арман ақ боз асау атты құрықтап, мойнына арқан салып жүр екен.

Асау бой бермейді — ойқтастап ары шабады, бері шабады, аспанға шапшиды... Арқан ұшын қолына ұстаған Арман «Кәйтемін?! Мен оны сүйемін!.. Мен оны сүйемін!» дей береді...

* * *

Жеңіл киінген Арман иығына рюкзагын іліп алып, көшеге шығу үшін жатақхана фоесіне түсті. Кемпір кезекшілік орнында екен:

— Қайырлы таң! — деп амандасты.

— Қайырлы... қайырлы... Таң атпай қайда жөнөп барасың?

— Спортбазаға, Кавголоваға. Бір апта жаттығу жиынына...

— Е, жолың болсын онда!.. Бірінші май мейрамына үлгеріп келетін шығарсың?

— Білмеймін... Мүмкін... Әрине, мейрам күндері кім жаттығу өткізеді?

— Біз шал екеуміз демонстрацияға шықпақпыз.

— Тамаша... Шыққан жақсы...

— Көңілсізсің ғой?

— Түнімен ойлана-ойлана оның ақырына жете алмадым.
— Оған жету үшін адам шешімді болу керек. Я былай, я былай шеше алмай ойлана берсең, оның тұңғыығына батып кетесің!
— Білмеймін... мен кеттім!
— Мейлі...
...Арман метрода да, «Финляндия» вокзалына келгенде де, қала сыртына қатынайтын поезд вагонына мінгенде де бір сұрақты іштей қайталай береді:
— Мен қалай шешуім керек?!
Электричка Ленинградты артқа тастады...

* * *

Ерте тұрған Арман таңғы заряд жасау үшін спорт формасымен далаға шыққанда «Демалыс базасы» әлі ұйқыда болатын. Айналаны қоршаған орман көктемгі жылы-жеңіл тұманға оранып, қиялға шомып тұрғандай екен.

Арман өзіне таныс жалғызаяқ жолға түсіп, орта желіспен жүгіріп кетті. Жүгіретіндердің таптаған жолымен көл жағасындағы алаңға жетті. Алаңның шетін жағалай айналып біраз жүгірді.

Мұнда келгені кеше ғана, ал бүгін «Ленинградта қандай жаңалық болып жатыр екен?» деген сұрақ ызыңдап басына кіріп алды. Ол сұрақтың астары «Индира қалай екен?» деген сұрақпен ұштасып жатқандығы көрініп тұр.

Таңертеңгі жаттығуларды жасай бастады. «...Мұнда келгеніме бір күн өтті!.. Жоқ... Мен ойланбаймын дегем... Ойланбаймын... Қандай жаттығу жасадым?..»

Ол әр жерде жатқан ірі-ірі тастарды бір жерге жинады да, ядро лақтырғандай бір-бірлеп лақтыра бастады.

«...Айтқандай, мен қашан қайтуым керек? Бұрын келгенде қайту туралы ойламаушы едім?..»

Келесі тастарды лақтырды.

«...Басымнан кетпейтін ойды да осылай лақтырып тастауға болса!.. Ол маған жабысып қалған жоқ. Мен өзім мойныма әлдебір міндетті жүктеймін. Мен мұнда неге келдім? Әлденеден қашып жүрген жан сықылды?! Қойшы! Кеттім!..»

Қолындағы тасын ызалана лақтырды да, ол жай, жеңіл жүгіріп кетті. Жүгіріп бара жатып ақ бұлтты көк аспанға, бұның жүгірісімен кейін ығып, қалып бара жатқан ағаштардың бастарына қарады. Бұршік ата бастаған ба, бұтақтар жасыл рең тартады.

Шыбынша ызыңдап кетпейтін ой еріксіз қайта мазалай бастады:

«...Ол «сүйемін» деген сөзінді шын сүйген қызыңа айтарсың» дейді. Жарайды. Оған неге жабысып қалдым осы? Неге?»

Жүгіруін қоя қойды. Селқос ары-бері сенделіп жүрді.

Алаңшаға бір топ қыз-жігіттер келіп кіреді. Бұлар да спорттық жаттығу апталығына келгендер болса керек. Олардың арасынан Арман өзіне таныс, Володяның туған күнінде кездестірген қызды көрді. Бұның қасына жақындаған ол:

— Саламатсыз ба! — деп бірінші амандасты.

— Әрине! — деді Арман неге екені белгісіз.

— Неге тұрсыз?

— Күтіп...

— Біз таныс сияқтымыз?

— Козлов бірге келді ме сіздермен?

— Кім?!

— Козлов, сіздің джентельменіңіз!

— Ондайды білмеймін, джентельмендерді ұнатпаймын. Өзім аққулар сияқты бостандықты сүйемін...

— А солай ма?! Онда менің досымның халі қалай екен?..

— Мен айттым ғой! Мен бостандықты сүйемін!

Қыз да, онымен бірге еріп келген жолдастары да бөлек-бөлек тұра қалып, гимнастика жасай бастады...

* * *

...Орман арасындағы бұралаң жалғызаяқ жолмен қыз бен Арман келеді.

Олар спортбазаның алдынан шықты.

— Өткенде де есіміңізді сұрамаппын, білуге болар ма екен? — деді Арман.

— Оның қажеті болмас...

* * *

Спортбаза үйлерінің алдында скамейкада Арман отыр. Айнала ну орман. Бір шетте орман арасынан көл көрінеді. Ал қарама-қарсы жақта биік-биік трамплиндер...

«...Неге мен оны сүйіп қалдым?»

Арманның көз алдында Индираның бейнесі. «Неге мен сені кездестірдім?!»

...Есік алдына таңертең кездескен қыз шықты. Қолында доп.

— Қалай тамақтандыңыз?

— Аш қасқырдай! — деді Арман.

— Көпшілік жұрт орманға қыдыруға кеткен секілді?..

— Біз неге қыдырмаймыз? — дей салды Арман.
— Мен одан да футбол ойнар едім...
— Мен де! — дей салды Арман.
— Онда еріңіз артымнан. Өзім ғана білетін бір тамаша алаңқай бар, футбол ойнауға ыңғайлы...

— Ердім...

Екеуі жолға түсті. Қыз алда.

— Неге көңілсізсің? Кешір, «сен» дегеніме. Көңілсіз адамдармен жүрсем мен өзімді ыңғайсыз сезінемін! — деді қыз.

— Кешір, жымия салуды ұмытып кетіппін...

— Мен кінәлап тұрған жоқпын — кешірім сұрау орынсыз. Менің ісім не? Өртүрлі жағдайлар бола береді. Әйтеуір, себеп көп қой. Адам түні бойы қорқынышты түстер көріп, ұйықтамай шығатын кездер болады. Түс демекші, айтқандай, тамаша түс көріппін, айтып берейін бе?..

— Иә, қызық болар еді!.. — дей салды Арман. Ал ой-дүниесі тіпті алыста. «Сағынып барамын, бірақ лажсызбын!» дейді ойы.

— Түсімде Москва «Спартагінің» күшті ойыншысы екенмін, — деп әңгімесін жалғастырды қыз. — Ойын соңында телевидение тілшілерімен кездесіп жатырмын. Жаудырап сұрақтар береді, бірақ мен біреуіне де нақты жауап қата алмаймын. Кеудемде сұрақтың жауабы сайрап тұр, бірақ сөз айтуға жігерім жетпейді, біреу мені дуалап тастағандай. Әр сұраққа иығымды қағамын да қоямын. Бұл неліктен, қалай ойлайсың?

Арман иығын қақты да қойды. Көз алдына тағы да еріксіз Индира келді. Оның қасында жігіт тұр. (*Ері болса керек*). Орталарына сәбиін алып суретке түсіп жатқан сияқты.

Арман тыжырынып, тұнжырап қалды. «Ленинградқа қайтуға несіне асығам?!» деді өзіне.

Бұлар шөбі өсіңкілеу кішкентай алаңға келіп қалған екен. Қыз бұрылып тоқтап:

— Міне, сені күштеп, зорлап ертіп келген алаң осы! — деді.

— Неге зорлап?..

— Белгісіз бір нәрсеге тәуелді болып, шырмалып қалғандайсың.

Арман өз құпиясын мына қызға білдіріп қойғандай ыңғайсызданып қалды.

— Жоқ, ө, мен... таңғалып тұрғаным — «Спартак» командасының ойыншысы болуды армандайтын қызды бірінші рет көріп тұрмын.

— О, несі бар?! Менің бір жолдас қызым Тибетке барып өмір сүргісі келді...

— Охо!.. Біреуге Париж ұнайды... Ал жарайды, ойынға кірісейік?

— Сен қақпашы бол! — деген қыз екі жерге екі тасты қойып «қақпа» жасады.

— Жарайды!..

Қыз допты «қақпадан» 15—20 метрдей қашықтықта ыңғайлап қойды да, өзі жүгіріп келіп тебу үшін шегіншектеп кете берді. Тіпті алыстау шегіншектеді. Арман допты қағып алуға даярланды.

Қыз бар ынта-шынтасымен жүгіріп келіп допты теуіп жіберді. Бірақ ойнай алмайтындығы көрініп қалды — қолайсыз тепті. Доп тіке ұшпай, әлдеқайда басқа бағытта қалықтап кетті. Мұны күтпеген Арман әзіл-күлкі аралас:

— Е, «қақпа» анау жақта ма еді?! — деді доп ұшып кеткен бағытты нұсқап.

— Әрине, доп сен дейсің бе, ол «қақпа» қайда екенін біледі.

Қыз допты әкелуге кетті...

Арман шөптері өсіп, нәзік әртүрлі гүлдер гүлдей бастаған алаңға, оны қоршаған жасыл шыршалы орманға қарап жүрегі толқып кеті.

«Неткен көңілсіз, қызықсыз шақ!» деп ойлаған Арман жуан өскен ағашқа сүйеніп тұрып қалды.

Осылайша өз сезіміне шомып тұрған Арманның ойын сүйеніп тұрған ағашына келіп соғылған доптың дүмпуі сергітіп жіберді. Қыз сын көзбен қарап жымылып тұр екен. Арман сыр білдірмегендей доп артынан жүгіре жөнелді де, оны аяғымен ұстаған кезде ары қарай жай теуіп ойнай бастады. Оның ойынын қоштаған қыз да жүгіріп келіп, допты иемденуге әрекеттенді. Арман алдамшы қимылдармен допты аяқтарымен іліп бір шетке сытыла жөнелді. Осы сәттен бастап екеуі де ойынға беріле кірісіп кетті. Қыз допты қалайда алуға тырысып өуре. Арман алғызар емес. Қыз, болмаған соң, ызаланып кетіп, жігітті қапылыста шалып жіберіп шалқасынан құлатты. Өзінің қысастық ісін жасыру үшін қыз да шалынып кеткендей, жігітті құшақтай, оның үстіне жалп етті.

— Көмектесіңдер!.. Көмектесіңдер! — деп айқайлап қояды қыз тағы да. Ол, аз болғандай, көз бен қастың арасында Арманның ерніне жабыса сүйіп алды. Екеуі де бір сәт үнсіз, бір-біріне таңырқап қарасып қалды. Арманның көзіне үстінде жатқан қыз құдды Индираға ұқсап көрінді. Басы тұманданып, қалайша қызды қапсыра құшақтап, аударып алып, құшырлана сүйгенін өзі байқамады. «Индира!» деп сыбырлағандай болғанымен,

жігіттің сөзін қыз түсінген жоқ. Тек біраз сүйісіп жатты да, кенет жігітті көкірегінен итеріп, орнынан тұрды да, ашуланған түрмен әрі ойнақы:

— Мен сені футбол ойнауға шақырсам... Сен... сен бұзық бала екенсің! — деді.

* * *

Ленинградқа қайтып келе жатқан Арманға электрчка да, содан кейін метро пойызы да — бәрі өте шабан, асықпай жүретіндей көрінгендіктен, жол-жөнекей шыдай алмай жатақханаға әрең жетті.

Жатақхана есігінен асыға кірді. Вахтер кемпірдің алдына тоқтамай, зып етіп өте шықты. Өтіп бара жатып «Саламатсыз ба!» деп үлгерді. Коридормен де сол асыққан күйі Индира мен Марэт тұратын бөлмеге жақындай бере жүрісін жайлатты. Есік алдына аз кідіріп, жүрексіне есікті қақты. Көп ұзамай бөлме есігі ашылып, Марэт көрінді.

— О, Арман?... Сәлем!..

— Кіруге бола ма, Марэт?

— Әрине...

Арман бөлмеге кіріп, бөлменің әр түкпіріне көз сүзе қарап шыққанымен, көргісі келетін адамын таппады.

— Саламатсың ба! Жағдайың қалай? — деді содан кейін ғана Марэтке.

— Жағдайым жақсы... Дайындық жасап, оқып отырмын...

— А Индира қайда?

— Ол кеше жедел ұшып кетті үйіне. Сәбиі науқастанып қалыпты. Телеграмма келіпті...

— Солай де?! — Арман көңілсізденіп, басын салбыратып, дел-сал тұрып қалды.

— Шешініп отыр, шаршаған боларсың? — деді Марэт. Арман рюкзагын есік алдына тастай салып, орындыққа сылқ етіп отыра кетті.

— Кетерінде ештеңе деген жоқ па?..

— Жоқ... Бірақ мен жағдайды біліп, хабарлас дегем...

Арман үндемей қалды. Марэт оның күйзелістегі көңіл күйін түсініп, ештеңе дей қоймады. Үстел басына отырып жазуын жалғастырды...

Арманның ішкі шыдамсыз, лажсыз халі аяқ-қолдарының елеусіз діріл қимылдарынан байқалып тұрды.

— Бірінші Май мейрамына кешікпей келейінші деп асығып келіп едім!.. — деді даусы жарғақтанып шыққан Арман айтар сөзін аяқтамай. — Мейрам, мейрам! — деді сасып орнынан тұрып кетіп. — Бірақ ол соншалықты көңілсіз мейрам екен деп ойламаппын, Марэт.

* * *

Арман Марэт екеуі көшемен қыдырып келеді.

— Ленинград қандай әдемі! Арман, қарашы, мейрам алдында қаланың қалай түрленіп кеткенін!

Шынында да көктем желегіне бөлене бастаған қала салтанатты безендіріліпті. «Марсово поле» саябағы. «Мәңгі алау» үлкен-үлкен қызыл жалаулар. Қатар-қатар сән түзеп, қауызын ашқан қызғалдақтар...

— Мынадай ғажайып сұлулықты Индира көрсе ғой!.. — деді Арман.

— Мен де солай ойлап едім...

— Бірақ бұл әдемілік маған түк әсерлі емес, Марэт.

— Мен сені түсінемін, — деді Марэт. — Бірақ айналадағы шынайы өмірге сен байсалды қарап, бағалауың керек...

— Көйтіп қарасам да қызықтыратын ештеңе жоқ сияқты. Тек Индира!..

— Ішкі бар сезімің, бар ойың!.. Мынау Неваға қарашы, Арман! Ал мынау Киров көпірі қандай сәнді! Сен осындай көпірмен өтіп келе жатқан сияқтысың өміріңде!.. Жүрші, жаяу өтейік!..

* * *

Институттың Үлкен лекция залы.

Арман мен Марэт көпшіліктің орта шенінде отыр.

Лекция өтіп жатыр.

Марэт лекцияны тыңдап, конспектілеп отыр. Ал оның қасындағы Арманның ойы шартарапта: аудиторияның кең де биік терезелерінен мынау көсіліп жатқан Неваға, оның арғы жағалауындағы Петропавл қамалына, өтіп бара жатқан жолаушылар тасымалдаушы теплоходқа, оның қасынан зулап өткен «Ракета» қайығына қарап отырған сияқты. Осы көріністердің аясында көмескіленген Индираның бейнесі елестей береді...

...Лекция тыңдаушылардың ду күлгенінен Арман елесті ойынан сергіп кеткендей таңырқап Марэтке қарады. Ол да күліп отыр екен, өзіне қараған Арманнан: «Сен қалай ойлайсың?» —

деп сұрады. Арман сұрақтың мәніне түсінбегендіктен жауап берген жоқ, оның орнына қағаз бетіне былай деп жазды:

«Саған одан телеграмма келуі керек қой?»

Марэт жауап жазды: «Егер келсе, бірінші саған айтамын!»

Арман былай деп жазды: «Мүмкін, келіп қалған болар? Жатақханаға барып почтаны тексеру керек!»

«Сабақтар бітсін!..»

«Жоқ, мен осы лекциядан кейін кетемін, почтаны тексеремін!»

«Өзің біл. Бірақ сабақтардан кейін де үлгерміз ғой?»

«Мен солай шештім!..»

* * *

Арманның үміті ақталмады. Ол фойедегі хаттар салатын жәшік-полканың барлық «ұяшаларын» тексеріп шықты. Бірақ Индирадан ешбір хат-хабар келмеді!

— Бізге почтаны қанша рет әкеледі? — деп сұрады кемпірден.

— Екі рет. Таңертең әкелді, енді түстен кейін келуі керек. Айтқандай, саған открытка бар...

— Көне?!

Кемпір үстел суырмасын кілтпен ашып, одан открытка алып, Арманға берді.

— Құттықтау болса керек...

Арман ала сала тез-тез көз жүгіртіп шықты. Алғашқы жарқ еткен үміт оты біртіндеп сөне түсті де, алғашқы селқос күйіне қайта түсті. Өзіне сұрақ белгісімен қарап отырған кемпірге:

— Май мейрамымен құттықтайды!.. — дей салды.

— Е, мейраммен құттықтаса несіне көңілің түседі?

— Жоқ. Көңілім көтеріңкі, жақсы...

— Менің көзім, құдайға шүкір, әлі жақсы көреді, көрмей қалған кезде алдарсың!..

Арман едәуір үнсіз тұрды да, өзінше күңкілдеп:

— Қажеті не осының? — деді.

— Ненің қажеті не?

— Мейрамдардың әртүрлі!..

— Мұндай сұрақты біздер ерлеріміз майданға кетіп, өзіміз блокадада қалғанда да қойған емеспіз.

— Жоқ... Мен басқаша... Адамға ештеңе ұнамайтын кез болады ғой!.. Бірақ мейрамның аты — мейрам...

— Түсінікті! — деді кемпір өзінің тіке айтатын мінезімен. — Олай болса, сен біреуге ғашық болып қалғаның?

— Жо...оқ! Оны кім айтты сізге?!

Арман өзінің құпиясы ашылып қалғанына қысылып, сасып қалды. Мұндай сезімді бұрын басынан өткермеген жас жігітке оны біреудің біліп қоюы аса бір ұят сияқты көрінді.

Арман бір бұрыштағы орындыққа барып жайғасты. Кемпір әңгімені ары қарай жалғастырғысы келмейтіндей сыңай танытып, сұраққа жауап қатпады. «Өзің бәрін білесің ғой» дегендей отыра берді.

— Соңғы лекциядан кетіп қалдым!.. — деді Арман көп ұзамай паузаны бұзып.

— Мен сенің жекебасыңның мәселесіне араласуға хақым жоқ, әрине. Дегенмен балалық жасап басқаны әурелеп, өзінді де қинап жүрме. Не туралы айтып отырғанымды түсінетін шығарсың?..

— Балалық емес, шын! — деді Арман кемпірдің нендей нәрсені меңзеп отырғанын түсінгендей.

— Баяғыда... иә, баяғыда дейтіндей уақыт өтіп кетті ғой!.. — деп кемпір әңгіме бастады. — Соғыс басталардың алдында сен сияқты жас едік, маған бір жігіт ғашық болды. Мен де кет әрі емес едім. Бірде Москваға барып келуге аттанайын деп тұрғам. Сөйтсем, әлгі жігітім артымнан вокзалға жүгіріп келіпті. Аз күнге айырылысуға шыдамаймын дейді. Өзі өлесі мас, жалаңбас, көйлекшең, аяғында басы сүйретілген шұлықтан басқа ештеңе жоқ. Келе сала аяғыма жығыла өкіріп жылағаны. «Кетпеші, айырылмайықшы!» дейді. Жер болдым жұрт алдында! «Тұқымы құрысын мұндай махаббаттың!» дедім өзіме-өзім. Көрдің бе, кейбір жігіттер өздерін-өздері сыйламайды. Ондай жігіттерді қыздар да сыйламайды. Қазір «күйдім-сүйдім» деп жылап тұрған жігіттің ертең-ақ «махаббатым таусылды» деп жырқ-жырқ күле салуы оп-оңай... Сол вокзалдағы оқиғадан кейін қыздардың артынан жалынышты махаббатын ала жүгіретін жігіттерді жек көретін болдым...

— Мен жүгіріп жүрген жоқпын! Оны қайдан таптыңыз? — деп кенет Арман шамданып қалды.

— Сен маған ашуланба, кешіре гөр! Болашақта есінде болсын деп айтып жатқаным ғой!.. Мен, мысалы, сол кезде вокзалда алдыма келіп жығылған, жылаған жігітті жиіркене жек көріп кеттім... Жарайды, бұл менің тарихым ғой, ал сенің тарихың басқаша. Әрбір тарихтың өз ерекшеліктері бар. Бірақ жігіт те, қыз да өз қадірін біле білгендері жөн!..

Кемпір әңгімесін бітіргендей үнсіздік орнады. Арманның шамданғаны тарқамаған сияқты.

— Мен почтаға кеттім. Өңгіmemізді бұзғаным үшін кешіріңіз! — деді ол кенет ұшып тұрып есікке беттеп.

— Бар, бар...

* * *

Байланыс бөлімінде адам аз екен. Қатар орналасқан терезе-тесіктердің біреуіне Арман жақындап келіп:

— Хаттарды осы жерден қарай ма екен келген-келмегенін? — деп сұрады. Арғы жақтан орта жастағы әйел жауап берді:

— Иә!..

Арман қалтасынан іздеп документін таба алмай қойды.

— Мен документімді қалдырып кетіппін. Аты-жөнімді ауызша айтсам хат бар-жоғын тексере саласыз ба?

— Болмайды! — деді әйел салқын ғана. Арман шетке ығысы дағдарып тұрып қалды. Келесі бір терезе-тесіктің тұсында отырған өзі сүйкімді жас қызметкер қыз Арманның амалсыз тұрған күйіне көңіл аударды.

Арман әйел отырған терезеге тағы да имене жақындады:

— Егер де менің атыма бірдеңе келіп түскен болса, документімді алып келер едім?.. — дей берген Арманның сұрағына:

— Болмайды! — деп келте жауап берді әйел.

Арман жасып қалғандай тағы да шетке ығыса берді.

Арғы терезе тұсында отырған қыз тағы да бұған көз салды. Осы кезде Арманның да көзі түсіп кетіп, жарыққа талпынған көбелектей үмітпен елпең етіп соған жақындады.

— Документімді қалдырып кетіппін! — деді айыпты жандай әрі өкініш білдіргендей.

Қыз жауап қатудың орнына үнсіз бұған бір жапырақ қағаз бен қалам ұсынды.

— Аты-жөніңіз?..

Арман да түсіне қойып, аты-жөнін жазып бере қойды. Қыз тағы да үн-түнсіз күйі орнынан тұрып, әйел отырған тұсқа жақындап, оның алдындағы үстел үстіндегі хат салынған жәшіктерді тексере бастады.

— Тағы да танысың ба?! — деді әйел.

— Иә! — дей салды қыз.

— Документсіз хаттарды берме деп қанша айтамын саған! — деп кейіді әйел. Қыз жауап қатқан жоқ. Өз ісін бітірді де, орнына қайта оралды.

— Қазірше ештеңе жоқ! — деді оны күтіп тұрған Арманға.

— Жарайды... рақмет! — Арман кетер-кетпесін білмей тұрып қалды.

— Мейрамға қарсы түсіп жатқан почта көп, оларды сараптап бөліп үлгере алмай жатқан болар! — деді қыз жігітті жұбатқандай.

— Солай ма! — деп Арман қуанып қалды. — Онда тағы да келемін документпен!

Қыз мақұлдап басын изеді.

— Сау болыңыз! Көріскенше!..

* * *

...Ленинград филармониясының Үлкен залы. Орган концерті. Ұйып тыңдаушылар арасында Арман мен Марэт.

Музыка әсерімен Арман қиялдап кеткен. Қиялында ғажайып табиғат көріністері. Сол көріністер фонында Индира бейнесі өзіне қарай келе жатқан сияқты.

«...Ертерек келші сен! — дейді Арман ойша. — Не қаласаң да көнер едім. Тек келші!.. Сенсіз көңілім құлазып, ештеңеге зауқым жоқ. Не туралы ойларымды да білмеймін, не істерімді де білмеймін... Егер қасымда болсаң ғой!..»

* * *

Уақыт түн жарымнан ауды. Арман ұйықтай алмады. Ол киініп коридорға шықты. Оның анау орта шенінде бір ғана шам жанып тұрғанымен, коридор кәдімгі күндізгідей-ақ жап-жарық. «Ақ түн!»...

Арман коридормен мақсатсыз сенделіп келеді. Фойе тұсына жетті. Оның бір бұрышына қойылған декоративтік гүл ағашының тасасындағы диванда екі жас сүйісіп отыр екен.

Арман коридордың бір соңындағы терезе алдына келіп сыртқа көз салды.

Көше жарық! Тыныштық. Оқта-текте бірен-саран такси, машиналар өтеді. Ілби басып бара жатқан жүргіншілер, екеу-екеуден қыдырушылар көрінеді.

Арман бейне бір фантастикалық түске кіріп кеткендей.

«...Не деген таңғаларлық нәрсе?! «Ақ түннің» сонау заңғар аспанында сенің жүзің жүзіп жүргендей! Ал менің ынтық сезімім оған жете алмайтындай. Өте-мөте алыстасың, бірақ жүрегімдесің! Жүрегімнің түкпіріне ұялап алып сағындырасың, қинайсың... Ақ түндей сұлусың... Тек тезірек келші?! ...Әлде?! Әлде күйеуіңмен кездесіп... келісіп... Қайта татуласып кетсеңдер... әрине, дұрыс... Бірақ өзің айтқаның қайтпаймын деп!.. Мұндай ойдың

маған қажеті не?! Ол өздерінің ісі... Жоқ, жоқ, мен ойлануым керек, жақсылап ойлануым керек!.. Жарайды, ақылға салып көрейінші!.. Ері бар, баласы бар?.. Оған деген сағынышым басқа нәрсе ойлауға мұрша берер емес!.. Тек сен туралы ойлаймын! Тек сені сүйемін!.. Сүйемін!..»

Арман далаға шығу үшін тепкішекпен төменгі қабаттарға түсіп бара жатты. Осы кезде артынан тасырлай жүгіріп, жетіп озған қызды көрді. Фойедегі сүйісіп отырғандардың бірі сияқты. Артында жүгірмей қалып қойған жігіт:

— Болмайтын нәрсеге ашуланудың, өкпелеудің қажеті не?! — деген жайбарақат сөздермен тоқтатпақ болды. Қыз қарамады, келесі қабаттың коридорымен бұрылып жоқ болды.

— Өзіңе жақсы болса, мейлі! — деп жігіт те кері бұрылып кетіп қалды.

«Айырылысып, алыстап кету нағыз азап екенін түсінбейсіңдер ғой!» деп қынжылды іштей Арман.

...Кезекшілікте отырған кемпір бір шетте тұрған диванға қисайып ұйықтап кетіпті.

Арман аяғын абай басып, сыртқы есіктің құлпын бұрап, дыбыссыз ашты. Сыртта қыдырыстан қайтқан бір топ жастар кіре алмай тұр екен.

— Есікті ашқаныңызға рақмет! — деп жамыраса бастаған оларға Арман «тыныш!» дегендей ымыра білдірді. Олар бірден сыбырласып сөйлеуге көшті:

— Бұл кемпір өзі жас кезінде қыдырмағандай уақытынан сәл кешіксек, есікті тарс жауып қояды!..

* * *

Арман бос көшемен мақсатсыз сандалып келеді. Айнала жым-жырт. Оқта-текте бірлі-жарым адам қарасы көрініп қалады. Аспан ашық. Алыс көкжиек сарғылттанып, таң атып қалғандай әсер қалдырады.

«...Мен сені қашан көремін, қашан?!» деген мотивтегі шыдамсыз ойлар бар болмысын бойлап алған.

«...Келсейші ертерек!..»

Теміржолға келіп тіреліп, көше аяқталды. Теміржолды қиып өткен Арман кішкене паркке кірді. Оның шағын алаңына орнатылған құлпытасқа бұл жерде Пушкин мен Дантестің дуэлі болғаны жазылыпты.

Арман ескерткішті бір айналып өтті де, онымен қарама-қарсы тұра қалды.

«...Жаным, сенің өз еркің өзінде, әрине! Күйеуіңді кешірсең... Қарсы тұра алмаймын... Тек... дуәлсіз-ақ оққа ұшқандай боламын!.. Неге одан бұрын кездеспедім сенімен?! Неге?.. Тағы да осы ой!.. Қойшы!.. Тынығайыншы!..»

Арман құлпытастың етегіне отыра кетті де, едәуір уақыттан кейін кенет орнынан шұғыл тұрып жүгіре жөнелді.

«...Басыма ой сыймай барады, кеудемді сағыныш кернеп кетті! Біреумен бөліспесем быт-шыт боп жарылармын!..»

Осы ойлармен Арман жатақханаға қалай жетіп, енді Марэттің бөлмесінің алдында неге тұрғанын өзі де аңғармады.

Бөлме есігін ақырын тықылдатты. Сәл уақыт күтіп, тағы да тықылдатты. Бөлме ішінен адам қимылының сыбысы естілді. Есік ашылып, көзі ұйқылы Марэт көрінді. Үстіне асығыс жамылған халатының түймелері салынбапты.

— А, Арман?! Неғып жүрсің? Не болды?!

— Марэт, айып етпе, бөрі дұрыс! Жай... жалғыздан-жалғыз ұйқым келмеді!

— Уақыт қанша болды?

— Уақыт?.. — Арман қолсағатына қарап. — Төрт?.. Төрттен асып кетіпті, Марэт! Сәлден кейін таң атты деген сөз! Мен уақытты байқамаппын, Марэт! Айып етпе...

— Жо... ештеңе етпес. Бөлмеге кір! — Марэт ішке қарай бұрылып кетті, Арман артынан еріп бөлмеге кірді.

— Ыңғайсыз болды... — Арман креслоға отырды.

— Ештеңе етпес... Түсінемін ғой!..

— Қалай ету керек, Марэт! — деді Арман қорғансыз қалып, көмек сұрағандай.

Марэт қапелімде жауап бере алмады.

— Мүмкін, — деді сосын, — ертең бір хабар келіп қалар?! Жоқ, ертең сөзсіз телеграмма аламыз!

— Білмеймін... білмеймін не істерімді, не ойларымды. Бейне мас адамдай сандалып жүрмін!..

— Шаршаған боларсың?

— Бөрібір ұйқым келмейді...

— Ал менің ұйқым келіп тұр! Олай болса, мен саған қалай көмектесе аламын?.. Мен түсінемін, бірінші рет аса ыстық сезімді басыңнан кешіріп отырған боларсың? Бірақ сен өз сезіміңді өзің сыйлауың керек. Өлдім-талдым, күйдім-жандым деп аласұрғаннан ештеңе шықпайды. Жұртқа күлкі боласың!.. Сен осынша қиналатындай не болды? Ойланып көрші. Бүгін болмаса ертең келеді Индира! Сосын не болады?.. Арман, сен

маған өкпелеме, оның жолы бөлек, ал сенің өмір жолың енді басталады. Оның күйеуі, баласы бар — семья! Ол сенің мынау балалық өтпелі-кетпелі сезіміңнен әлдеқайда маңызды! Сен эгоист болма, Арман!

— Мен оны қатты жақсы көріп барамын ғой, Марэт?

— Ол түсінікті, Арман. Менің де басымнан өткен. Бір емес, бірнеше рет... Уақыт өтеді екен, бәрі орнына келеді екен... Екеуміз доспыз, бір-бірімізге ойымызды ашық айтамыз. Солай емес пе?

— Иә...

— Онда сен өз еркінді өз қолыңа ал! Бөлмеңе бар да демал, ертең бәрі дұрыс болады! Өзің-ақ көресің...

* * *

Май мейрамы. Невский проспектісі. Шеруге шыққан халық. Эфирде салтанатты ұрандар, салтанатты музыка...

Арман иін тірескен халықтың арасымен көше шеті тротуармен өз бетінше, ағылғандардың бағытымен жай жүріп келеді. Мына лек-лек жұрттың оған кейде қатысы жоқтай басы төмен салбырап кетеді. Осындай күйде келе жатқан ол кенет өзінің атын біреу атағандай сөздерге, сосын сыңқ-сыңқ ете қалған күлкіге елең ете жалт қарады.

Алдында аксия жымылып Олжабек, оның қатарында талдырмаш әдемі қыз тұр екен. Күлген осы қыз болса керек.

— Ассалаумағалейкүм, Арман! Мейрам құтты болсын! — деді Олжабек.

— Рақмет! Сендерді де!..

Бұлар қол алысып амандасты. Ал қызбен қол алысқанда:

— Арман! — деп өзін таныстырды.

— Білемін! — деді қыз, бірақ өз атын атаған жоқ. Өлденеден қымсынып қалғандай көзін төмен салумен бітті. Сұраулы жүзбен қараған Арман қыздың тіп-тік арық денесіне және аяқтарының басы екі жаққа қайқая қашып тұрғандығына көңіл аударды.

— Жанна, болашақ балет жұлдызы! — деді Олжабек. — «Вагановканы» бітіреді!..

Арман ештеңеге мән бермеді.

— Жағдайың қалай? — деп сөзін жалғастырды Олжабек еріксіз.

— Жақсы...

— Біз Володялармен бірге шыққанбыз, жаңа олар артта кідіріп, адасып қалдық. Е, дегенмен науқас жандай түрің жүдеу ғой тіпті?!

— Еш жерім ауырмайды. Көктемнің, «ақ түннің» әсері болар? Оның үстіне, бір апта жаттығуда болдым... — Арман ақталғандай селсоқ түрде сөйлеп тұрып, болашақ балерина қызға қарады. Ботаның көздеріндей үп-үлкен көздері әрі үрке, әрі бәрін түсінетіндей жәутең-жәутең етеді екен. «Менің жан дүниемдегі астан-кестен толқуларды сен ғана сезетін сияқтысың» деп ойлап үлгерді Арман.

— Біз бір қызықты кеш ұйымдастырып жатырмыз, Арман. Шақырамыз, келесің ғой, ө?

— Уақыт болса...

— Е, «уақыт болсаңды» қой... Жанна өнерін көрсетеді!..

— Білмеймін... — деп жауап қатты Арман.

Осы кезде бұларды қаумалай Володя мен спортбазада кездескен қыз сап ете қалды.

— Сәлем!..

— Сәлем!..

Бәрі бір-бірімен амандасып жатқанда қыз танымайтын адам ретінде шет қалды.

— Жағдайың қалай? — деді Володя.

— Көрмей тұрмысың — мейрам, көңіл көтеріңкі! — деп жауап берді Арман.

— Студенттік отрядпен сіз де Қазақстанға барасыз ба? — деді қыз «сізге» көшіп. — Мен де барсам ба деймін. Онда түйе көп деседі — мініп көргім келеді.

— Мен отрядқа қосылмайтын шығармын, ол туралы айтқанмын. Менің өз жоспарым бар...

Арманның көңілсіз де селқос жауабына Олжабек пен Володя шыдай алмай кетті.

— Бәріміз бірге барамыз, сонда көреміз ғой, ө! Ұйымдастырамыз!..

— Ей, мен өзім-ақ үйретемін! — Володя қызын иығынан құшақтап өзіне тартты. — Мен талай рет түйеге мінгенмін... паркте!

— Олай болса, проблема жоқ! — деді қыз. — Алға жылжиық.

— Е, сөйтеік! — Олжабек қолдай кетті. — Ал демонстрациядан кейін бірге қыдырайық, Арман, қалай қарайсың?

— Жоқ, рақмет!

— Біздің колонна ұзап кетті, жігіттер! — деп тықыршыды Володя.

— Жүрейік дедім ғой мен! — деді қыз тымырайып.

— Жарайды! Тағы да құттықтаймыз! Өміріңде үлкен жаңалықтар болсын! — деген Олжабек балерина қызды қолынан тартып,

достарының артынан ілесті. Балерина қыз үнсіз үлкен көздерімен Арманға сүзіле қарап, ноқталы ботадай Олжабектің жетегінде кете берді. Бірте-бірте олар қалың халық арасына сіңіп кетті.

«...Өмірімде үлкен жаңалық?..» Арманға іштей осы ой келе берді. Ол ой сөзсіз Индираға байланысады. Индираның есімі мен бейнесіне шомып кеткен ол, тіпті айналасындағы халық легі өзін қалай ілестіре солай әкетіп бара жатқанын байқамайтындай да.

«...Мүмкін, одан хат-хабар келген болар?!» деген ой сап ете қалды Арманға. Қуанып кетті. «Жатақханаға бару керек!..» Ол кілт тоқтап кері бұрылып, жұрт легіне қарсы жүрмек болғанда үлкен толқын кеп бетінен ұрғандай шегіншектей берді. Қалың топқа қарсы жүруге мұршасы жетпеген ол амалсыз оның ығына түсіп ілбіп кете берді.

* * *

«Кішкентайым менің... — деп басталыпты құттықтау открытка. — Май мейрамымен құттықтаймын! Мен баламды ауылға алып келдім. Денсаулығы жақсы. Аздап үйренген соң оны осында қалдырып, өзім Москваға ұшамын. Онда бір-екі күн боламын. Мен туралы көп ойлама! Өзім де кездесуге асықпын! Қатты қысып құшақтаймын! Индира».

* * *

«...Кішкентайым менің!» деген сөздерді Арман іштей қайталай берді. Кеудесін қуаныш кернеп, жүзі бақытқа бөленген. «...Кішкентайым менің!.. Кішкентайым... Кішкентайым... Менің!»

Өзі көпір үстінде тұрып алып Неваның толқындарын, ары-бері жүзген қайық, кемелердің қимылдарын, дәл жанынан ерсілік-қарсылы жөңкіген автомашиналар мен дүрс-дүрс етіп жүрген трамвайлардың шуылын шат жүзбен бақылап, сүйсіне тыңдап тұрған Арманның кеудесіне бақыт гимні құйылып жатқандай. Өмірге риза, айналаға риза! Әсіресе Индираға шексіз риза! Сол ризашылығын дәл қазір, дәл осы минутта білдіргісі келеді.

«...Мен туралы көп ойлама!..»

Бірақ Арманның көп немесе аз ойлауға еркі жоқ. Индираның бейнесі бұның бүкіл болмысын билеп алғандықтан оны өзінің ой-жүйесінен, сезімінен қуып шыға алмайды. Оған талпынбайды да. Оның бейнесін елестету — жанға рақат! Өзін кездестірсе ғой!..

«...Өзім де кездесуге асықпын! Қатты қысып құшақтаймын!»

Бұл жолдарды оқығанда Арман «Әрине! Әрине!» деп айқайлап жібере жаздады. Көздерінен бырт-бырт жас шығып кетті.

«Бәрі, бәрі тамаша! Кеудемде тек саған деген ынтық сезім! Соны сен білсең ғой!.. Білесің!.. Білген соң жазып отырсың осы сөздерді!.. Көздерімнен жас шығып кетті жыламасам да. Жоқ, бұл көңіл бостық емес, мен ер адаммын! Әлде бұл ер адамның нәзікжандылығын көрсете ме?.. Біртүрлі күлкілі!.. Ешкім көрмесін, ешкім білмесін! Бұл құпия!»

Арман Неваға қадалып тұрған күйі жанынан өтіп жатқан адамдарға білдірмей көздерін сүртіп-сүртіп алды. Осы қылығына өзі қымсынып, сосын артынша намыстанып, жүзінде қатулану нышаны пайда болды! Оған «Москваға неге барады екен?» деген сұрақ тіркесе қалды. Сұрақты қоярын қойып алып, оның ар жағында кімге болса да ап-айқын түсінікті нәрсе бар екендігі жанын күйзелтіп, қызғаныш сезімін лап еткізді.

«Күйеуімен кездеседі! Күйеуімен сүйіседі! Күйеуімен!..»

Арманның жүрегі өртеніп, күйіп бара жатқандай болды. Адам айтқысыз әлсіздікті, жермен-жексен болған намыс күйін сезінді. Бұдан сәл ғана бұрын Индираның бейне елесінің өзінен ләззат рақатын алып тұрған Арманның жан дүниесі лезде астан-кестен болды. Көз алдына тек Индира мен ерінің құшақтасқандары, сүйіскендері, төсекте жатқандары қара бұлттай қаптап елестей берді, елестей берді.

«Жоқ! Олай емес! Олай ойлағым келмейді! Керегі жоқ! Керегі жоқ ештеңенің! Ешкімнің де керегі жоқ!..» дегісі келді Арман.

* * *

Жатақхананың бізге таныс «Актовый залы». Мұнда бүгін мейрамға арналған би кеші өтіп жатыр. Бүкіл жатақхананы басына көтерген көңілді музыка, жастардың гу-гу дауыстары, иін тіресе тұрып билеген қауым. Эстрада жағы болмаса, бүкіл зал іші жартылай қараңғы, түрлі түсті прожектор шамдары көзді жарқ-жүрқ еткізеді.

Арман мен Олжабек залға бас сұққанда айтылып жатқан ән аяқталып қалған еді. Гитараның соңғы аккордымен бүкіл зал іші жарқ етіп жарыққа бөленіп кетті. Билеушілер ду қол соғып, көңіл хошын білдіріп жатыр.

— Өне, Жанна! — деген Олжабек бір шетте тұрған қыз жақты нұсқады.

Бұлар жұртты қаумалай қыздың қасына келді.

Қыз көшеде демонстрация кезіндегі қыздан айрықша көрінді Арманға. Бойы ұзындау ма? Тұрысы тіп-тік, сәнді. Үстіндегі

көйлегінің түсі де әдемі, тігісі де сәнді. Қап-қара қалың бұйра шашы ерекше таралып қойған.

Арманның жүрегін жылы да жұмсақ сұйықтық шайып өткендей болды да, тітіркеніп қалған жақпарлары жазылып сала берді.

— Сәлем! — деді ескі танысын көргендей қуанып.

— Сәлем! — деді қыз да бота көздерін төңкеріп. Даусы пүліштей жұмсақ екен. Оны бірінші рет естіді. Алғашқы кездесуде үн-түнсіз кеткенін Арман енді есіне алып байқады.

— Сендер бірге бола беріңдер, мен Козловтарды іздеп келейін! — деген Олжабек бұларды тастап, қалың жұрт арасына кіріп кетті. Оның табан астында кетіп қалуын күтпеген Арман мен Жанна алғашқыда тосылып үнсіз тұрып қалды. Бірақ көп ұзамай:

— Менің қарамағымда қалып қойғаныңызға қарсылық етпейсіз бе?! — деген қыздың сөздері үнсіздікті бұзды. «Иә, әні, көшеде көрген момақан да нәзік қыз емес бұл!..»

— Жо...оқ! — деді Арман.

— Онда бері жүруіңізді өтінемін!

Жанна Арманды бір шеттегі бардың қасына ертіп барып, биік орындықтарға қатар отырысты.

— Енді танысамыз ба?! — деді басын сәл қисайта Арманға жымия қарап.

— Танысамыз! — Арман да қуана күлді.

— Менің сұрағым сізге күлкілі көрінетін сияқты?

— Жо...о...!

— Жарайды, солай-ақ болсын. Біреудің біреуге күлкілі көрінуі бір-біріне қызығушылық танытуы деген сөз ғой?!

— Иә, иә... Мен сізге қызығушылық танытып отырмын. Содан күле бергім келеді...

— Өте тамаша!.. Менің есімім Жанна. Өткенде таныстырып еді ғой бізді? Бірақ, кім біледі, есіңізден шығып қалды ма деп айтып отырмын.

— Жоқ, есімнен шыққан жоқ. Өткенде мен сізді Жанна д'Аркке ұқсайды екен деп ойлап қалғанмын. Сол ойым әлі орында тұр.

Қыз біртүрлі наздана қарады. Қарағанда келісті, сәнді қарайды. Тіпті оның барлық қимыл-әрекет, қылығы орынорнымен үйретіліп қойған сияқты.

— Сіз оны кездестірген бе едіңіз? — деп сұрады Жанна кәдімгідей қызыққан, сенімді түрде. Қыздың қылықты қимыл-

сөз әрекетіне сүйсініп қарап отырған Арман оның сұрағын түсінбей қалды.

— Кімді кездестірдім дейсіз?

— Сіз Жанна д'Аркті?..

Арман әзілді түсіне қойды.

— Жоқ, мен оны кездестірген емеспін. Бірақ бір жолдасым оны эстрада әншісі ретінде сахнадан көріп, өз құлағымен естігенін айтып сендірген!

— Иә?! — қыз ішек-сілесі қата күле жөнелді. Ол күлсе де жұртқа көрсетіп күледі екен. Оған қарап Арман да күле бастады. Күліп бола берген кезде қыз кенет:

— Осы сусын ішуге болар ма екен? — деді.

— Сұрап көрейік, — Арман бардың ар жағында қызмет етіп жүрген сатушыны қол бұлғап шақырды. Ол бұларға жақындағанда:

— Мен лимонад ішемін! — деді қыз.

— Бізде тек коктейль, «белые ночи» мен шампанское ғана бар!..

Арман «не қалайсыз?» дегендей Жаннаға қарады.

— Онда коктейль ішейік...

Сатушы бұларға екі коктейль алып кеп берді.

Екеуі түтікше арқылы сораптап ішіп, біраз уақыт үнсіз отырды. Бұлар үнсіз болғанымен, айнала көңілді, шулы. Соларға көңіл аударғандай түрдегі бұлар бірін-бірі сынап, барлап отырған сыңайлы еді.

— Билесек қалай болады?..

Бұл — тағы да Жаннаның жай ғана аңқаулықпен қоя салған сұрағы. Дәл осы кезде жай ырғақтағы әсем әуенді музыка ойнады.

Жанна бастап бұл екеуі ортаға шықты. Жаннаның жүрісі аққудың суда жүзісі сияқты — Арманның көңілі соған түсті. Аққу екі қанатын жайып жіберіп, бұның иығына сәндеп аса салды ма! Сосын екеуі жай ілбіп жылжи бастады. Арманның танауы қыздан шыққан тәп-тәтті хош иіске толып, кеудесін аппақ ұлпа қуаныш кернеп кетті. Әлгі аққудың қанаттары бұны көкке көтеріп кетердей. Қыздың беліне және арқа жонына түскен жігіттің қолдары нәп-нәзік тал шыбыққа тигендей әлсіз ғана демеп ұстайды. Қыз онсыз да үлкен бота көздерін бадырайта өзінен биік Арманның бетіне қарайды. Жігіт сәл жымығандай болып еді, қыздың жүзіне қан толқыны жүріп өткендей көздері жасаурап, имене кірпіктерін төмен түсірді.

— Өткенде, Бірінші Май күні мейрам шеруі кезінде кездескеніміз қандай жақсы болды! — деді Жанна. — Содан кейін осында келгім келді. Олжабекке жалынып, артынан қалмадым!..

— Мен түсінбедім... Әдемі қызды жалындырып қойғаны несі Олжабектің?

— Ол мені әлі кішкентай көреді. Ал мен хореография училищесін бітіргелі отырмын, жасым он жетіде!

Арман өз сырын ашық айтқан қыздың сәби көңіліне жүрегі жылы қарады, достық ілтипатпен өзіне жақын тұтты.

— Енді оның олай ойлауына бір себептер бар шығар? Әдемі қыздың алдында жүрексінуі де мүмкін?.. Әйтеуір, сізді қасынан тастамай ертіп жүр ғой?

— Өйткені оған менің мамам тапсырған: «қарап жүр, ертіп жүр!» деп. Мен оның туған жиен қарындасымын ғой, қалай дегенмен!

— А...а! — деп таңданып қалды Арман. — Е, ол «осы Ленинградта кішкентай қарындасым бар, соны анда-мында ертіп барып жүремін» деп айтқан еді!

— Ертіп жүрмейді ол, қатаң бақылап жүреді! — деді Жанна наздана.

...Бұлар осылайша әңгімелесе жүре музыка қандай ритмде болса солай билеп, бір-біріне үйірсектеніп, үйреніп кетті.

Бір кезде топ арасынан Олжабек көрінді.

— Не болды? Қайту керек пе? — деп сұрады Жанна одан ойынды қимаған жас балаша.

— Оны көреміз әлі! — деді Олжабек. — Алаңдамай билей бер... Сосын Олжабек Арманды бір шетке ертіп шықты:

— Мен саған мына Жаннаны тапсырамын, биден кейін шығарып саларсың?! — деді ол Арманға.

— Өзің ше?

— Мен де шығарып саламын... басқаны!..

— Жарайды. Түсінікті.

Арман Жаннаның қасына қайтып оралғанда:

— Иә? — деп үлкен көздерімен Арманға сұрақ белгісімен қарады Жанна.

— Сізді бақылап, қорғап жүру, шығарып салу функциясын уақытша мен атқаратын болдым! — деді Арман әзілді-салтанатты түрде.

— Сонда?! Сонда сіз менің кавалерім боласыз ба? Ур-р-а...а! — Жанна Арманның мойнына асыла кетіп, қатты қысып құшақтады.

«Московский» теміржол вокзалы.

Арман Индираны пойыздан күтіп алуға келген. Ерсілі-қарсылы ағылған халық.

...Арман күткен пойыз перронға жай ғана еніп келеді. Күтіп алушылар пойызға қарсы лап қойып, вагон-вагондардың тұстарына шашырай топтала бастады.

Арман да алға ұмтылды. Екі көзі вагондардың нөмірінде. Бір кезде бұл іздеген вагон қасынан сырғып өте шықты. Ол кері бұрылып, соның артынан екпіндей жүріп келеді. Пойыздың екпіні бөсеңсіп, ақырындап тоқтағанда бұл да көздеген вагонына жетпесе де, жүрексінгендей, аяқтары алға тартпай тұрып қалды.

Вагон жолсеріктері есіктерін ашып, жолаушыларды түсіре бастады. Жолаушылар мен күтіп алушылардың арасында қуанышты қауышулар, сүйісу мен құшақтасулар басталды.

Арман вагон есігінен көз алмай қарап тұр. Басы айналып кеткендей ме, қалай! Ары-бері сабылған жүргіншілер бұны иықтан қағып-қағып кетеді. Бірақ оған елең еткен бұл жоқ.

Бұның көздеген вагонынан түсушілер көп екен. Есіктен алдымен үлкен-үлкен чемодандар көрінеді де, артынан олардың иелері түсіп келе жатады. Ұзын-сонар осы бір көрініс Арманды соншалықты тағатсыздандырып жіберді-ау деймін, тамбурға жақын барып, арғы ішке үңіліп көз жүгіртті.

Вагонда ешкім қалмады-ау деген кезде ғана кенет есіктен Индираның тұлғасы көрінді. Арман алғашқыда селт ете қалып, сосын айналасы ертегідей көңілді күйге еніп, жайнап сала берді. Қыздың қолында кішірек жол сумкасы бар екен. Үстінде өзіне қонымды, жарасымды көктемдік киім...

Индира жігітті көзімен тез іздеп тауып, жымың етті. Арман да солай жауап қатты-ау. Әйтеуір, ентелей барып Индираға қолын беріп, вагоннан түсуіне көмектесті. Индира түсті. Арманның қолын қолынан жібермей, бетін оның көкірегіне басты.

— Сәлем!..

— Келуіңмен!.. — Арман қолындағы гүлін ұсынды.

— Рақмет!..

Басқа ештеңе дескен жоқ. Деуге батылдары жетпегендей... Жұрт ағынына ілесе метро стансысына жетті... Эскалатормен төмен түсіп келе жатты... Гүілдеген, зуылдаған шуылды естімейтін сияқты бұлар.

— Ауылда қазір қызғалдақ гүлдеп тамаша болып тұр!.. — деді кенет Индира Арманға гүл-гүл жайнаған көздерін тастап. — Қыр-қырлардың, сай-салалардың бәрі қызғалдақ!..

— Білемін... Мен қатты сағындым! — деп Арман не туралы айтып тұрғанын өзі де түсінбегендей күмілжіп қалды. Индира өзінен бір тепкішек төмен тұрған Арманның мойнына қолын салды:

— Мен де өте сағындым!.. — Арманды сүйіп алды.

Арман жүзі алаулай жанып, абдырап, бақытқа кенеліп, басын жоғалтып алғандай жан-жаққа жалтақтай берді. Индира күлді.

— Неге күлесің, бірдеңе болды ма? — деген Арман жан-жағына тағы да жалтақ-жалтақ қарады. — Е, ештеңе жоқ қой күлетін!..

— Сенің осылай қуанғаныңа күліп тұрмын. Өйткені сен мені ұмытып кеткен боларсың деп ойлап едім...

— Е... жо... қалай?!

— Рақмет, ұмытпағаныңа! — Индира Арманды тағы сүйіп алды...

...Бұлар метро вагонының ішінде кетіп барады.

— Сәби қалай? — Арман бұл сұрақты өте қолапайсыз сұрады және оған өзі іштей қымсынып қалды.

— Ой... Ол тамаша! — деді Индира сүйсініп. — Оның қасында болғанымда одан басқа маған ешкімнің керегі болмады! Бала деген солай, бәрін ұмыттырады. Ол қатты сағынып қалыпты мені, қолымнан түспейді, қасымнан бір елі кетпейді!..

Арман қуанышты болғанымен, басқа ештеңе ләм-мим деп айтқысы келмеді, ішкі дүниесі тынышсызданып, бейне өртке бара жатқандай көзінде ұшқалақтық пайда болды. Индира әлденені түсінгендей, Арманға сұрақ белгісімен қарады.

— Содан кейін ғой тез келмегенің!.. — дей салған Арманның даусы қалтыраңқырап шықты. Іштей көңілі толмай қалғандығы көрініп тұр.

— Жо-о-қ, — деді ақтала сөйлеген Индира, — мен Москвада болдым ғой... Бірінші Майдың алдында-ақ келгенмін онда. Күйеуіммен кездесіп, арадағы мәселені біржолата шешейін деп жол-жөнекей соққанмын. Арсыз ғой ол! Бес-алты күн қыдырайық деп жібермеді. Оны жек көріп кеткендігімді айтсам күле береді. Қанша көңілім қалса да, бірге жүруге тура келді...

Арманның ұнжырғасы тіпті төмен түсіп кетті. Кеудесін сағыныштың орнына қызғаныш билеп алды. Бірақ амалсыздық

оның алдын кес-кестей береді. Е, осынша сезімін сарп етіп жүрген бұл бір мүсәпір сияқты ғана!

Арманның көңіл күйіндегі өзгерісті Индира байқады да, аз уақыт үнсіз қалды. Сосын жай ғана абайлап барлағандай:

— Мен жағымсыз бірдеңе дедім бе? — деді.

— Жоқ... Неге?.. Айта бер, өте қызық...

...Тиісті стансыға жетіп, пойыздан түскенде де, эскалатормен сыртқа шыққанда да бұлар үн қатыспады. Индира Арманнан жауап күтетіндей, оның тосыннан-тосын томсырая қалған қылығына түсінбейтіндей халде жаутаңдап қарайды. Оны сезген Арман олар тротуармен келе жатқанда Индираның иықтарына қолын асып, өзіне тарта құшақтады:

— Мен сені өте сағындым...

Бұл сөздерге Индира мәз болып, қуанып, жымыып сала берді. Сол қуанышын білдіргісі келгендей, әу баста бітпей қалған әңгімесін жалғастырды:

— ...Оның жатақханасына қонып шыққаннан кейін ертеңіне, Бірінші Май күні ол мені қоярда-қоймай демонстрацияға ертіп барды. Қызыл алаңнан өттік, суретке түстік, қыдырдық, әбден шаршадық...

Индира сумкасынан бір топ суреттерді алып Арманға ұстатты. Суреттерді біртіндеп қарай бастаған оның көзі бір топ адамның ішінен таныс бейнеге түсті. Міне! Көңілді топтың ортасында Индира тұр. Ал оның иығын қапсыра құшақтап алған жігіт күйеуі болса керек!

— Ол — осы болар? — деді Арман.

— Ол — сол! — деді Индира сұрақты жақсы түсінгендей, жүзінде байқаусыз ғана келеке күлкі ойнап.

Арман суреттерді бумасымен Индираға қайтарып ұстата салды.

— Келісті жігіт!..

— Келісті жігіт?.. Иә, келістісі келісті, бірақ... — Индира ары қарай сөз таба алмай қалғандай, әрі қамығып тосылып тоқтады. «Егер күйеуінің опасыздық жасағанын білмесе ғой, бұл да менімен осылай кездеспес еді!» деген ой Арманның басына шапшып шыға келді. «Олай болса, Индираның маған қарым-қатынасы тікелей оның күйеуіне байланысты!..»

— Сөйтіп, қандай қорытындыға келдіңдер? — Арман іштей сызданып қалды.

— Әй, онымен адам сияқты сөйлесу қиын. Қанша күн бірге болдық — бір рет салмақты әңгімелесе алмадық. Әр сөзімді ойынға айналдырады. Мен оған қуыршақ сияқтымын...

Арман үнсіз өзінің ішкі дүниесіне еніп тұйықталып кеткен. Жүзі түтігіп, Индираның әңгімесіне көңіл қою түгілі, оның бетіне қарауға құлқы жоқтай. Оны сезген Индира:

— Жарайды, бұл туралы енді айтпаймыз! — деді оның көкірегіне басын қисайтып.

— Өзің біл!..

— Өкпелеп қалдың ба? — деп сұрады Индира оның қолтығына тығыла түсіп.

— Жоқ... Сен қыдырсаң, өзіңнің еріңмен қыдырдың, оған мен несіне өкпелеймін!

— Менімше, мен саған ешқандай бір міндетті жүктеп отырған жоқпын...

— Ол мүмкін емес те!

Арманның тік, кесіп қайырған жауабына Индира аң-таң болып таусылып қалды. Үндемеді. Жалтаң-жалтаң еткен көздеріне жас та іркіліп тоқтады. Тек жалт еткен қайрат ұшқыны ғана оларға ерік бермеді.

Өзінің қатқыл даусынан Арман да іштей өкінгендей. Индираның дәл осы сәттегі әлсіз, қорғансыз күйіне жаны ашып кетті. Тез арада кешірім сұрағысы келді. Әдемі, әсерлі, көңілді ой-күйін білдіргісі келді! Бірақ айтуға сөз таба алмады. Индираға қарады. Оның көздері мұңға толып кетіпті. Арманның көзқарасын сезіп, ол да жалт қарады.

Арманның бүкіл болмысы өзіне қарай ентелеп, елжіреп келе жатқандай көрінді.

* * *

Бұлар жатақханаға кіргенде фойеде кемпір әдеттегі жұмыс орнында отыр екен. Бірінші Индира амандасты:

— Саламатсыз ба!

— Сәлем, сәлем! Келуіңмен! Сәбиің қалай?

— Рақмет! Үлкен болып өсіп қалыпты.

— Сені көріп қуанды ма?

— Әрине! Бірден таныды мені!..

— Танымағанда!.. Сәбиі мен ананың жүрегі бір ғой... Жақсы болды, барып, көріп келгенің... Айтқандай, міне, бөлмеңнің кілті!..

Кемпір кілтті беріп жатып сөзін жалғастырды:

— Арман да көңілді... Несін айтайын, екеуің бір-біріңе жарасасыңдар!..

— Рақмет...

Екеуі кетуге беттегенде кемпір Арманды тоқтатып:

— Біздің шалдың сәлемдемесі бар еді, кідіре тұршы! — деді. Индира ішке кіріп кетті.

— Сенің дәл қазіргі бар болмысың шексіз бақытқа бөленгендей халде. Басқадай жағдайларды тыңдауға, қабылдауға шамаң жоқ. Түсінемін. Бірақ оның күйеуі болғандығы, ол екеуінен бала болғандығы көз алдында, көкірегінде тұрады да алады. Өйткені бұл ержеткен жігіт ретіндегі алғашқы маңызды қадамың, сезімің. Мұндай сәтте екі арада басқалардың көлеңдеп бейне беріп жүргендері ерте ме, кеш пе көңілге қаяу түсіреді. Осы есінде болсын. Бұл бірінші махаббатың ғой?!

Кемпір әдеттегі сенімді сырласы ретінде Арманға сұрақпен тікелей қарады. Арман да оған бауыр басып, арқа сүйеп өскен баласындай шынын айтты:

— Бірінші махаббат мектепте қалып кетті ғой!..

Кемпір көзілдірігінің астынан Арманға сықақтай көз тастады, әзіл-күлкі аралас.

— Егер құпия болмаса, ол неге мектепте қалып кеткенін айтып бермейсің бе? — деді.

— Білмеймін ғой, өзінен-өзі солай болды...

— Себепсізден-себепсіз ештеңе болмайды. Мүмкін, оның қатты күлгені немесе құрбысымен құпия сыбырласа бергені ұнамай қалған шығар? Өлде қыздың бойы тез өсіп, сенің төбеңнен қарағаны намысыңа тиді ме?! Ол басқа баламен бірге сабаққа дайындалды ма?..

— Қыздар арасында волейболдан мектепаралық жарыста көрші мектептен бір қыз ерекше көзге түсті. Оның ойыны, дене қимылы, секіріп «туш» ұрысы жұрттың бәрін тәнті етті. Тіпті ересек жігіттер қырындап біртүрлі көз тастады! Ал менің «бірінші махаббатым» анау қыз сияқты жақсы ойнай алмады. Соған жыным ұстады, біртіндеп оның маған ұнамайтын қылықтары көбейе бастады...

— Міне, көрдің бе?.. Әй, айтқандай, мен сені көп ұстап қалдым, Индира күтіп қалды, айып етпе! Біздің шал әдеттегідей сәлем айтып жатыр... Бар, бара ғой! Күттірме!..

— Жоқ, ештеңе етпес!.. Менен де сәлем айтыңыз!..

* * *

Арман Индираның бөлмесінің есігін тықылдатып, ар жақтан жауап болмаған соң жайлап ашып, алдымен басын сұғып, сосын өзі кірді. Индира бөлмеден шығып кетсе керек. Жаңа ғана қолына ұстап келген сумкалары жатыр... Музыка қойып кетіпті...

Арман бөлме ортасында состиып тұрмастан терезе алдына барып, сыртқа көз тастады. Музыка әсерімен ойға кетті. Көз алдында Индира, сәбиі, ері...

Арман мырс етіп күлді. Көзінен не қуаныш, не ыза отын пашқаны түсініксіз... Индираның күйеуінің бейнесі тіпті көз алдынан кетпей қойған соң аса бір өкінішпен іштей: «Оны менің жек көруім орынсыз! — деді өзіне-өзі. — Не жаманшылық жасады ол маған? Қандай?!»

Осы кезде бөлменің есігі ашылып, Индираның кіргені білінді. Азғана сәттен кейін Индира оның артынан кеп құшақтады. Арман есеңгіреп, рақат әсерге бөленіп тұрып қалды. Бір кезде кеудесін от-жалын шарпып өткендей бар болмысы қатты қызып, құмартып, Индираға кілт бұрылып, оны қатты қыса құшақтап сүйе бастады.

— Кішкентайым менің! — деген Индираның ерні Арманның ернімен кездесіп, қайта айырылыспай қойды.

— Мен сені сүйемін! Қатты сүйемін!

— Мен ше?! — деді Арман.

— Білмеймін... Сүйсең де, сүймесең де маған бәрібір. Ең бастысы мен сені сүйемін!..

Индира Арманның құшағынан үнсіз сытылып шығып, «жүр, жүр!» деп өзімен бірге жетелей барып, жол-жөнекей үстіндегі жеңіл халатын шешіп үлгеріп, төсекке жатты.

— Кел!.. Келші! — деді өзіне қарап бөгеліп тұрып қалған Арманға екі қолын созып. Арман оған қарай еңкейіп құшақтамақ болғанда:

— Шешінсейші! — деген Индираның нық сөзін естіді. Одан арғы Арманның әрекеттері өңінде емес, түсінде жасалып жатқандай болды. Ол буын-буындары діріл қағып, асып-сасып шешінді, қыздың қасына жатты.

— Бәрін шешу керек қой! — деді қыз бұның трусиінің резинасын саусақтарымен төмен сыдырып. Оның даусының ерекшелігі, әсерлілігі соншалық, жігіттің бүкіл денесін салға кеткендей дәрменсіздік, әлсіздік басып кетті. Қыздың үстіне еріксіз құлап, енді иірімге кетіп бара жатқан жандай түйсікпен ғана апыл-ғұпыл бұралаң қимылдар жасай бастады.

— Асықпашы... Саспашы... Бәрі дұрыс болады... Тұра тұр, мен саған көмектесейін... — деп жай ғана ерке пүліш дауыспен айтылған сөздер де бұны тоқтата алмады, қайта сонау тереңде жатқан намыс-ызасына тиіп кеткендей, алғаш жойқын күшпен келген тау толқын жағаға ұрылып, бұның еркіне көнбей лық шегініп бара жатты.

Сол арада «көмекке келген» келіншек саусақтары жігіт әрекетіне «жол көрсетіп» үлгерді-ау, әйтеуір. Бірақ жігіт ол «жолдың рақатына» жетер-жетпес қыз екеуінің тәндері түйіскен арасы тыз-тыз етіп, ыңғайсыз күйге түскенін сезді.

— Ештеңе етпейді, келесі жолы бәрі дұрыс болады! — деді Индира сыбырлай сөйлеп, Арманның көңіліне тиіп алмайын, қолдайын дегендей.

Арман есеңгірегендей бірер минут қыз үстінде сұлқ жатып қалған еді.

— Осы-ақ па?! — деді бір кезде аспаннан түскендей қолайсыз, түсініксіз халде. Жігіттің белін, арқасын орап жатқан қыздың қолдары кенет оның көкірегіне тіреліп, «түсші!» дегендей ыңғай білдірді.

Арман тұрды да, апыл-ғұпыл киініп алды, ал Индира көрпені қымтана теріс қарап үнсіз жатып қалды.

Арман төсек жанында аз уақыт отырған соң есін жиғандай болды да, Индираның иығын алақанымен сипай бастады.

— Менімен болу саған ұнамады ма? — деп сұрады Индира. Арман жауап берудің орнына тек иығын ғана емес, шашын, жүзін сипап, үндемей отыра берді.

— Түсінікті! — деді Индира тағы да. — Мен сенің шын махаббатыңа лайықты емеспін. Е, мен ол туралы ойламаймын да!.. Мен сені жақсы көріп қалдым ба — жақсы көріп қалдым! Сен де солайсың!.. Солай ма?!

Арман сұраққа жауап іздегендей қипақтап біраз отырды да, ақырында қимастық түрмен Индираға төне түсіп, жартылай сыбырлап:

— Мен сені қалай сағындым десеңші! Өмірімде бірінші рет осындай азап шектім. Ол ұзақ жылдарға созылып кеткендей болды. Ойласам жүрегім сыздап ауырып кетеді!..

Индира бері қарап аударылып жатты да, өзіне төніп отырған Арманның мойнынан қолдарымен орай құшақтап, еріндері мен еріндері қатты жабыса ұзақ сүйісті.

— Сен неге киініп алдың? — деп сұрап үлгерді Индира, екеуінің еріндері бір кез ажыраса бергенде.

Арман асығыс дегбірсіздене қайта шешінді. Шешінді де, Индираның қойнына сүңгіді.

Бүкіл денесін шарпыған алау өрт, ыстық ынтықтық билегені болмаса, бұл жолы асып-сасып жігерін төгіп алмай, ынтызар іске көнігі жандай кірісті.

— Ой, жаным! Сен қандай жақсысың!.. Асықпа, асықпа...а! — деді Индира бөксесі бүлк-бүлк жоғары-төмен шапши қимылдап. Жаны ұшып бара жатқандай жиі-жиі аһылай-уһілей.

Мұндай кезде әйел денесінің ерекше қимылдары мен дауыс шығара ыңырсығаны еркекке ерекше күш беріп, қоздырып, аса бір рақатқа бөлейді. Оны алғаш басынан кешіргелі отырған Арманның оқыс екпіні бір сәт уақытқа ғана жетті. Бірақ бұл жолғы бастан кешкен жан рақаты мен ләззатты сезімі сөзбен жеткізгісіз еді! Бүкіл денесінен жинақталған алтындай құйма ерітіндісі қыз денесіндегі ең құпия, ең ғажайып, ең ыстық нүктесіне «ай, жеттім-ау» дегендей дәлме-дәл түйісіп, тыз-тыз атылып-атылып кетіп, келесі кезекте бүкіл жан-болмысы талмаусырап талып, еріп, батып бара жатқандай күйге енді.

— Жаным!.. — Индира Арманның белінен құшақтап, арқасын сипалады. — Сен жігітсің... менің жігітімсің! — деді бәрі біткен кезде. Арман аунап түсіп, арқасымен жатты.

— Рақмет!.. Мен бұрын ешкімді осылай сағынған емеспін!.. Қазір сағынышым қанған сияқты, бірақ артынша тағы бір сағыныш пайда болды. Мен сені сағына бергім келетін сияқты. Сен менің бірінші сағынышымсың!

Арманның еміреніп айтқан осы сөздерінен кейін бұлар бір-біріне етене жақындап, ортада құпия кедергі қалмай, бір жан болып кеткендей сезінді. Содан болса керек, әзіл-күлкі ретінде қыз қалған-құтқан құпияларды ортаға салып, қуанышты көңілін білдіргісі келді-ау деймін:

— Бұлай күшті өнерді қайдан үйрендің, жаным?! — деді қылықты назбен. — Айтшы, менен бұрын шынымен ешкімнің болған жоқ па?!

Жігіттің қораз көңілі әжептәуір қоқиланып, қомданып қалғандай болды. Бірақ онымен қабаттаса «менде бұл бірінші рет екенін біле тұра неге сұрады, мұқатып, күліп отырғандай?» деген ой да келе қалды.

— Жоқ! — деп екіойлы жауап қата салды.

— Ал менің ерім маған дейін-ақ!.. — Индира сол әзіл-күлкісімен сыңқ-сыңқ етті. — Былайша айтқанда, мен оның «біріншісі» емеспін. Керісінше ол менің «бірінші» жаттықтырушым!.. Бәрін үйретті ғой!..

Күле сөйлеген Индира осы бір жайды юморға айналдырдым деп ойлағанымен, күйеуіне деген ыза-ашуын да астарлатып айтып отырғаны белгілі еді.

Ал Арманның көңілі бұл әңгімені тіпті де әзіл-күлкі ретінде қабылдамады. Керісінше ызасын, әсіресе қызғанышын қытықтап, іштей қатты күйзеліске түсірді. «Мен де саған, әрине, «бірінші» емеспін!..» деген ой көк шыбынша ызыңдап мазасын кетіре бастады. «...Мүмкін, «екінші» де емес шығармын?! «Төртінші», «бесінші!»... Аулақ кетші, қасаматқыр салдақы ойлар!..»

Индира өзінше мәз. Ол Арманның жалаңаш көкірек-кеудесін сипалап, сүйіп емірене түсті. Кенет:

— Осылай жата берген мені жалықтырып жіберді! — деген Арман басын көтеріп, түрегеп отырды. Индира мұның сыздаған жүзін енді байқады. Сол сәтте-ақ көздеріндегі қуаныш, жүзіндегі әзіл-күлкі су сепкендей басыла берді. Айтқан сөздері Арманға ұнамай өкпелетіп алғанын бірден сезді. Ол үшін кінәсін мойындағандай Арманның арқасын абайлап сипап, ернін тигізді.

— Қарның ашты ма?

— Жоқ... Мына бөлменің ауасы тарылып, дем жетпей барады маған!..

— Онда көшеге шығып, ауа жұтып демалып кел...

— Демалып келемін!

Арман тұрды да, тез киініп шығып кетті. Индира төсек үстінде отырған күйі қала берді.

* * *

Арман сыртқа шығып бара жатып есік алдында Марәтке жолығып қалды.

— Қалай, күтіп алдың ба? — деп сұрады Марәт.

— Күтіп алдым... Өзің қалай, тапсырдың ба зачетты?

— Тапсырдым...

— Құттықтаймын!

— Рақмет. Қайда асығып барасың?

— Көшеге...

— А...а?! Индира қайда?

— Өзінде...

Марәт Арманның бет-жүзіне бақылай қарап, оның көңілінде бір кірбің бар екенін байқады, бірақ қазбалап сұрамады.

— А...а! Жарайды. Тез қайтып кел. Біз күтеміз! — деп ажырасты Арманмен.

«...Әрине, жақсы емес!» деді іштей Арман көшемен кетіп бара жатып. Бірақ ненің жақсы еместігін өзі үшін анықтаған жоқ. «Жақсы емес! Неге осылай болып шықты? Бұл не кесір, не пәле? Сағынып-сарғайып жүрген кездер рақат екен ғой! Ойлаған ойың да, сезген сезімің де тап-таза, мөлдір!.. Білмеймін... Кенет

осының бәрі жағымсыз, қорлық болып кеткені несі?! Өзім қалаған арманым тең болмағаным ба сонда? Біз неге кездесе қалдық?... Жоқ... Бірінші рет өзімнің бақытты екенімді сезбедім бе онымен кездесіп? Мен оны ұнатып қалдым, жақсы көремін! Ол!.. Ол жүрегімнің төріне қонған бақыт қой!.. Сағына бастадым қайтадан!..»

Арман жағалауда тұр. Нева айдыны көктем күншуағымен жалт-жұлт шағылысады. Аспанда шоқ-шоқ аққу ақ бұлттар. «Біз бір-біріміздің өмірімізге ақ сәуледей әдемі өң беруіміз керек қой!» Арман іштей осындай бір ой түйді, бірақ нақты кімдерге арналғаны туралы тәптіштеп жатпады. Кенет көз алдына Жанна келе қалды, даусын да естіген сияқты болды: «...Сонда?! Сонда сіз менің кавалерім боласыз ба?! Ур-р-а...а! Менің бірінші кавалерім!..» дейді тағы да.

Арманның жүзі жылып сала берді. Оның билеген сәтін дәл алдында көріп тұрған сияқты.

«Жанна қалай екен, а? Оны іздеп барып, қыдырып қайтсам қайтеді?»

* * *

Арман мен Марэт институттан бірге шықты.

— Мен кітапханаға, оқу залына барамын! — деді Арман.

— Онда жолымыз бір...

— Трамвайға отырамыз ба?

— Фонтанканы жағалап демалып, жаяу барайық...

Фонтанка жағалауымен жүрген жүргіншілер аз.

— Енді оқу-жазу, дайындық жұмыстарына көбірек отыруым керек! — деді Арман әлдебір ауыр жұмыстарды бітіріп, біржола босап келгендей түрмен. Марэт оның жүзіне түсіністікпен көз жүгіртті.

— Әрине, сессия болса жақындап жан алқымнан алғалы тұр. Ендігі жерде қыз артынан жүгіру түгілі, сақал-мұртыңды қыруға да мұрша болмас! — деп Марэт өзілдеп күлді. — Айтқандай, кеше кешке сен бізге кірмей кеттің ғой?! Ол сені күтті!

— Дұрыс айтасың, Марэт. Сезім сезіммен. Алда сессия! Одан өте алмай қалып масқара болсам, махаббаттың да сәні кетер!.. Келіп тұрам ғой сендерге, Индира түсінер, өкпелемес...

Марэт Арман мен Индираның арасындағы «өлдім-талдым кезеңі» өткенін, шарпып жалындаған сезімнің басылғанын түсінді. Солай боларын ол білген де сияқты.

— Әрине, келіп тұрасың! Оны сен жақсы көресің ғой!

— Жақсы көремін... — Бұлар біразырақ үнсіз келе жатты да, Арман сөзін әрі жалғастырды. — ...Тек жақсы көремін!..

— Ой, махаббат мәселесінде менің білетінім көп қой саған қарағанда! — деді Марэт кенет серпіліп, өзілдей күле сөйлеп. — Мойындайсың ғой?! Мен күйеуі бар әйелмін, ал сен... сен кімсің?!

— Мен әйелі жоқ баламын! — деді Арман Марэттің өзілін іліп алып жалғастырып.

— Баланың әйелі болмайды. Сен мүйізі енді шыға бастаған бұзаусың! — Марэт өзі айтқан бұзаудың образы көз алдына келді ме, ішегі қата күлді.

Арман ызаланған жоқ, Марэтпен бірге күлді.

— Болсақ, боламыз да! Маған ұнайды бұл теңеу! Сиырлардың артынан еріп жүрген бұзау біртүрлі сүйкімді өзі!..

— Жарайсың, досым! Сен өз орныңды өзің түсіне бастаған сияқтысың! Еріп жүре бер! Саған өгіздің жүгін арқалау әлі ерте!

Арман Марэттің айтпақ ойын дәп түсінді. Өзінің сонау кеуде түкпірінен де осындай бір ойдың ұшы шығып келе жатқан сияқты еді.

— Менің көңіл күйімді әр уақытта жақсы түсінгенің маған біртүрлі демеу. Сондықтан сенімен бөліскім келіп тұрады...

— О! — деді Марэт Арманның сөзін бөліп. — Ауа райы қандай тамаша! Күн! Ашық аспан!.. Мына жағалауда сәл демалып тұра тұрсақ қайтеді?

Екеуі тас жағалаудың ыңғайлы жеріне қатарласа тұрды.

— Ленинградтың мұндай күншуақты күндері тез өтіп кетеді. Оны барынша пайдаланып қалуымыз керек...

Бұлар Фонтанкамен жүзіп бара жатқан кішігірім қайықтарға, онша-мұнша ұшып жүрген шағалаларға қарап біразырақ тұрды.

— ...Мен сені түсінем! — деді сосын Марэт Арманның бұдан бір нәрсені естігісі келіп тұрғанын сезіп. — Индираның саған дейінгі «семьялық тарихы» бар. Күйеуі, баласы туралы әңгіме сені тұйыққа тірейді, тіпті ызанды келтіреді. Бірақ сен ол «тарихты» жоққа шығара алмайсың! Оған әуре болудың қажеті де жоқ! Оған тиісуге де правоң жоқ!

— Иә, иә! Ол күйеуін есіне ала береді!.. Құшақтассақ та, сүйіссек те салыстырып отыратын сияқты!..

— Бірақ сендердің бір-біріңе деген ынтық сезімдерің бар ғой?! Одан басқа не керек? Сен оны сүйіп қалған екенсің, ол өзінің сезімімен жауап қатып отыр, бұл бүкіл дүние-мүлкі, бала-шағасымен сенің меншігіңе өтті деген сөз емес қой?! Мұндай эгоистік анайы психологиядан арылуың керек.

— Айтқаның дұрыс, Марэт. Менің осылайша қатты сүйгенім бірінші рет. Индира да мені жақсы көретінін айтты. Сосын біз... нағыз ерлі-зайыптылар сияқты қатынасқа бардық!..

Арман осылай дерін деп алып үнсіз қалды. Марэт те естіген сөздерден күлкісі келіп, Арманға көздерін бақырайта қадап, бірақ өзін тежеп, сөздің соңын күтті.

— Енді солай болған соң... мен... былайша айтқанда, барлық жүкті өз мойныма алған сияқтымын... Білмеймін...

— Жауапкершілік туралы ойың дұрыс, — деді Марэт. — Бірақ оның бәрін өз мойныңа ала беру де орынсыз саналады... Қой, жүрейік! Уақытымыз кетіп қалатын болды...

Арман мен Марэт гранитпен қаланған жағалау жолымен тез-тез жүріп бара жатты.

* * *

Арман Индираның бөлмесіне жақындай бергенде іштен әдемі бір музыка естіліп тұрды. Ол есік алдында аз кідіріп, сосын есікті тықылдатты, бірақ жуық арада ешкім жауап беріп, есікті аша қоймады. Музыканы қатты қойғандықтан естімеген болар?

Арман есікті ішке қарай итеріп көріп еді, ол жай ғана ашылды да, музыка үні коридорға лап қойды. Арман лып етіп ішке кіріп, есікті жапты.

Индира орындыққа шығып алып, рамаға салған баласының суретін қабырғаға іліп жатыр екен. Бөлмеге кірген Арман екенін ол теріс қарап тұрса да білгендей:

— Арман! — деді қуанышты дауыспен. Арман да үндемей оның сыртынан бір сәт қызықтай қарап тұрды.

Индира үстіне жұқа, қысқа халат киген екен — оның бүкіл дене силуэті ап-анық көрінеді. Оның үстіне, ол суретті ілмек боп екі қолын жоғары созғанда онсыз да қысқа көйлегінің етегі жоғары шығып кетеді екен.

Арман құмарлықтың күшімен жетіп барып, Индираны сол тұрған күйі артынан құшақтай алды. Индира да бұрыла сала бұны қатты құшып, ернімен ерніне жабысты.

Құшырлана бірауық сүйісіп тұрған соң:

— Есікті іліп келші, — деп өтінді Индира...

* * *

Бұлар сол ләззатты арпалыс кезеңінен кейін төсекте үнсіз тынығып сұлқ жатты. Денелері жеңілдеп, көңілдері тояттанып, желп еткен самалдай әдемі нәзік сезімдерге бой алдырды.

— ...Мен бәріне кінәлімін, Арман! Кешірі! — деді Индира. Арман оның не үшін кінәлі екенін түсінбеді, бірақ бір-біріне деген сезімге байланысты шығар деп жорамалдады. Сондықтан бұл да дәл сондай түсініксіз «кінәні» өзіне жаба салды:

— Мен де кешірім сұрайын деп едім!..

Индира Арманға қарады — кәдімгідей бәрін түсініп, ой елегінен өткізгендей.

— Кінәлі мен ғой?!

— Жоқ, ол жөнінде емес! — Арман әңгімені бір түсінікті жүйеге түсіргісі келгендей қиналып кетті. — Сен түсінуің керек, Индира! Өзің айтқандай, егер мен сенімен мәңгілік бірге болғым келмесе, тек осылай құпия жүре беруге менің арым жетпейді. Ал бірге болуға... Болмайды... Бәрін ұмытып, басқаша өмір сүруім керек сияқты!..

Индира ештеңе естімеген жандай Арманды аймалай берді. Жауапты ұзақ күтуге шыдамы жетпеген Арман:

— Индира, сен нені қаласаң соны істейін онда? — деді дегбірсізденіп.

— Рақмет, жаным! Сенен кешірім сұраған себебім... сен түсінеді ғой деп ойлаймын... мен сенімен мәңгілік бірге бола алмаймын — өз семьям бар. Оған өкпелеме!.. Тек кездесіп тұрамыз. Қанша қаласаң, сонша!..

Екеуінің де көңілдері орындарына түсіп, бір-бірін бұрынғыдан да бетер жақсы көріп кеткендей болды. Бір-бірін қатты қыса құшақтап, құшырлана сүйісе бастады. Сосын көп ұзамай «ой, жаным!» деген қыздың жан рақатты даусы шықты.

1970 ж.
(2014 жылы өңделді)

ӨРТИС

(әуесқой өнерпаздың монологі)

Тағдыр дегенің ағып жатқан су ма деймін, қайда бұрсаң да бұрыла беретін? Қызық, әйтеуір...

...Өзім жас маман — бұғалтырмын. РайОНО-да. Тып-тыныш, бірқалыпты қызметтің өтіп жатқан кезі. Ай сайын пәлен мың сомды мұғалімдерге таратып беріп жүрсем де жаңылысқан емеспін. Бір күні райком комсомолға шақырды. Ішім қылп ете қалды. «Бұл не болды екен? Взыносын да жаңылыспай төлеп жүруші едім ғой?..» Жол-жөнекей осынша «переживайт» еткенім бекер болып шықты...

«Пьесада ойнайсың» деді. «Е, мақұл, не бұйырсаң да!..» Сосын «режиссер» деп бейтаныс, қатқан қара баланы таныстырды.

«...Саламатсыз ба, режи... режи... жолдас! Иә, жол болсын». Сөйтсем, әлгім Алматының «театральныйын» бітіруге жақын қалғанда шалдықпа ауруына шалдығып қайтып кепті. «Пьеса қоямын» дейді. Бір табақты пьеса екен. Сөзін жілік-жілік қып бөліп берді. Бөліп берді де, «Жаттаңдар» деді.

Басқа түспеген пәле, ал жатта кеп сөзді, жатта кеп! Цифрларды үйір-үйірімен ұстауға үйренген бас ұзын-сонар мылжыңбай сөздерді бір қабылдай қойсайшы! «Екі күнде жаттап, үшінші күні келіңдер!» деген. Оның бер жағында қызметке бармай жан кіріп қалды. Шаршаса, тіл шаршасын, бас шаршамасын!

Шефіміз «Е, неге жұмысқа келмей жүрсің?» десе, «менен сұрамаңыз, комсомолдан сұраңыз!» деймін де кете беремін...

Екі күн өтіп, үшінші күні келдім. Режиссеріміз күтіп отыр екен, пьесамызға қатысатындардың әрқайсысынан сөзін жеке-жеке сұрады. Айттық. Онан соң бәрімізді қатар айтқызды. Айттық.

«Ал енді әркім өздерің ойнаған адам кейпіне түсіп айтыңдаршы», — деді. Айт... Айтайын деп едік, басқаның кейпіне қалай түсудің амалын білмей дал болдық. Біз болмаған соң режиссеріміз үстіндегі киімін лақтырып-лақтырып тастады да, ал кетті маймыл боп, ал кетті қораз боп! Біресе күледі, біресе жылайды... Өзі де, әй, азамат екен, бәрімізді күлкіге қарық қылды. Басқа бейнеге қалай түсудің амалын қатырып көрсетті!

Дегенмен өзіңнің мінезіңнен шығып, біреудің мінезіне кірудей итқорлық жоқ екен. Бізді әурелейді кеп, әурелейді. «Идиот!» деп тепсініп тамағын жыртады. Біз де көрсеткендерін бұлжытпай қайталауға тырысып жүрміз. Режиссер бір-екі жерде маған «Маладес!» деп қойды... Не керек, ол бізді бірте-бірте басқа біреудің терісіне ендірді ғой, әйтеуір...

Келесі мәселеміз грим болды енді, кәстөм болды енді. Костюмін кидік, гримін режиссер жақты. Ал сосын бір-бірімізге қарап тырқылдап күле бердік, күле бердік!

Тырқылдай-тырқылдай бір күніміз соған кетті. Бір-бірімізді мазақ қыламыз. «Өзіңнің сұмпайы реңіңе қарасайшы!» дейміз. Режиссер айтты: «күліп алыңдар» деді. Сахнада салмақты болудың орнына спектакльдің басынан аяғына дейін тырқылдап жүрсек ұят қой! Сөйтіп, сол күні кешке дейін күлдік те, ақырында күлуге шамамыз келмей үйге қайттық.

Мұншалықты көп күлуіміздің де жаны бар. Мысалы, мені алайықшы. Үстіме кигізгені Колчак армиясы әфисерінің пормасы. Өзі аппақ, қып-қызыл жолақтары бар. Мұртты жіберді едірейтіп, мұрным қыр мұрын боп түзеліп кетті. Екі бет қызарып, бетіне қызыл пудра жаққан өртістердей шыға келдік...

Бар қызығы алда әлі.

Дайындаған пьесамызды анау-мынау емес, аудан партактівінің алдында көрсететін болдық.

Бірінші рет жұрт алдына шығуым...

Шымылдық ашылды — сахнада тұрмын. Құдай салмасын, тізем бір қалтырап қоя берді. Жүрейін десем ырық бермейді. Бірінші сөзімді айттым — өз мінезімде айттым. Сөйтіп, келесі сөзімді күтіп тұрған кезімде мінезімді жоғалтып-ақ алғаным! Түк есіме түспейді. Перденің сыртында тұрған режиссеріміз бірдеңе деп сыбырлайды — естілмейді. Қолдарын ербеңдетеді — түсінбеймін. Банкетке кеткен партактівтің алдыңғы қатардағы орындарына иықтасып отырып алған шибөрі майда-шүйде балалар шиқылдап күле бастады. Мектептің бір мұғалімі маған жаны ашып балаларды тыныштандырмақ болып еді, бір қап-қара қара түйнек: «Ағай, ол сөзін ұмытып қалды ғой!» — деп еді, мұғалім: «Е, тақтаға шыққанда сені де кейде албасты басып қалады ғой!» — деді. Балалар «Албасты, албасты!» деп тырқылдауын үдете түсті. Сахнадан ытқи жөнелдім. «Е, не болды?!»

«Атасына нәлет, мінезімді жоғалтып алдым, қайта бастаймыз!» Қайта бастадық... Пьеса жүріп жатыр.

Бұл жолғы шығуымды ойдағыдай атқарып, сөзімді жаңылыспай айтып келдім. Екінші рет пистолет атылғанда шығуым керек. Бір уақытта «тарс-тарс!» етті. Шықтым. Шықсам, сахнада порохтың түтіні қаптап кетіпті. Иісі өте жаман екен, сөз айту былай қалып, әңгімені түшкірумен бастадық. Айда кеп түшкіру! Түшкіріп жатырмын, түшкіріп жатырмын. Түшкіргенде жұртқа қарап түшкірем. Өйтпеске амал жоқ, форма шалбарымның арты қасақана сөгіліп кетіп, соны жұртқа көрсетпейін деп-ақ өлдім. Бәрі күлкіге қарық. Олардың да кейбіреуі түшкіріп жатыр...

Ертеңіне жергілікті газетке мені мақтап, «рөлді өзінше шеше білген» деп жазыпты. «...Колчак армиясының әфисеріне сол керек. Жұрт алдында түшкіріп масқара болғаны дұрыс ойлап табылған!..» Ол жағын қайдам енді. Сахнада Колчак әскерінің әфисері түшкірді ме, әлде мен өзім түшкірдім бе — білмедім.

Қазір әжептәуір өртіс атағым бар.

Той-томалақтарда маған сөз берер алдында «Ауылымыздың алдыңғы қатарлы өнер адамы, біртума талант» деген тіркестерді қосатын болды. Алғашқы кезде қысылатын едім, бара-бара оған етім үйреніп, егер өйтіп мақтамаса, отырған жерімнен кетіп қалғым кеп тұрады. Оның үстіне, осындай атақ-даңқым бұғалтыр деген қызметіме жараспайтын сияқты. «Өзі өртіс, өзі бұғалтыр» деп таныстырғанда бұғалтырлығым біртүрлі артық көрініп, өзімді тек «өртіс» деп сезініп жүрдім.

Күндердің күнінде бір қызды қатты ұнатып, «өртістік беделіммен» сөз салғанымда, «ойбай, өртісі құрысын!» деп ол осықырынып-пысқырынып жанына жолатпай қойды. Содан құса боп өле жаздап бұғалтырлығымға қайта оралдым. Бірақ анау асау бөле бөрібір қол жеткізбей қойды.

Тағдыр деген ағып жатқан су...

1971 ж.

БҮГІНГІНІҢ ТОЙЛАРЫ

(сатиралық монолог)

Кеше біз бастығымыз екеуміз шақырылған екі тойдың басында болып, үшінші тойдың қызу басталған кезіне жетіп үлгердік. Келсек, асаба шалқып сөйлеп тұр екен:

— Бүгінгі кешімізді аса маңызды, аса тарихи кеш десе де болады. Өйткені оған «Нұрлан» түрлі түсті әйнектер шығару-өңдеу фабрикасы президентінің өзі қатысып отыр! Е, тойыңа одан ардақты, одан салмақты қандай қонақ керек? Өйткені ол — аса қадірлі қонағымыз тек «Нұрланның» президенті ғана емес, «Гүлденбаев» теплица шаруашылығының да президенті. Ал Гүлденбаев — оның фамилиясы. Бұл кісі, құдай қаласа, жақында үлкен банк ашпақ ойы бар. Офисі дайын. Офисінің шекесіне «Нұргүлбанк» деп жазып та қойды. Банктің аты өзінің аты мен әкесінің атының бірінші буындарынан құралып, екінші қызының есімін білдіреді екен. Қызының аты Нұргүл...

Айтпақшы, тойымызға басқа да президенттер қатысып отыр. Мысалы, «Арғын» қорының президенті Арғын Айтбаев, «Найман» біріккен израиль-матай консорциумының президенті Гүлденбақ Мата... Не керек, бас-аяғы он бес президент қатысып отыр. Тағы да екі-үш президент келіп қалуы мүмкін деп күтілуде. Бұл деген — осы жақында ғана өзім асабалық еткен көрнекті ақын, жазушы, қоғам қайраткері Әлім Жәлім ағамыздың тойына қатысқан президенттер санынан екі-үш есе көп деген сөз. Қалай

дегенмен де бүгінгі той иесінің еліміздің салық саласына салған салмағының салмақты екендігін көрсетеді. Ал, оның есесіне, бүгінгі тойда қатысып отырған академиктердің саны ақын тойына қатысқан академиктердің санынан екі-үш есе кем болып отыр. Бұның өзі «тең-теңімен...» деген қағиданы растай түсетін сияқты. Өйтпесе өздеріңіз ойлаңыздаршы: дөкей әйелдер дөкей емес әйелдермен бірігіп қоғам құрып не қылсын! Солай емес пе?!

Иә, сонымен, тойға келіп отырған президентіміз Нүрекеңнің өзі бас болып, бір топ президенттерге бірінші сөз береміз!

Маэстро, музыка! Президенттер, ортаға!..

...Мейрамхананың ортадағы кең алаңына арығы бар, толығы бар, ұзыны бар, қортығы бар бір топ президенттер шықты. Бөрінің үстінде қымбат қара костюм, мойындарында «бабочка». «Президенттер» деп атап шақырмаса ғой, бұларды «бес жұлдызды» қонақүйінің қызметкерлері екен деп қалуың мүмкін.

Бұлар сөйлеп тұрғанда тамада менің қасыма жақындап келіп құлағыма: «Ей, сенің президентің қайда? Жұрт қатарлы тұрмай ма?!» — деп сұрады. Қалың президенттер қатарына көз салып жіберсем, біздің «көк түйнек» олардың қатарында жоқ боп шықты. Өзі бір жерде тұрақтап тұрмайтын, бір орнында тағаттап отырмайтын, әңгімесін аяғына дейін айтпайтын, жұрт әңгімесін аяғына дейін тыңдамайтын, «ұялы» телефонмен жағаласып қалған бір жағаласқыр!

Тұра жөнелдім оны іздеп келуге.

Білем ғой оның қайда жүретінін: иіс-қоңысты, шаң-түтінді, ызың-ызғырықты, қапырық-тұмшама түкпірлерді тауып алады. Тауып алады да, не кока-кола ішіп тұрады (көні кебеді де жүреді), не пісте шағып тұрады.

Қараң-құраң жерде талды тасалап тұрған президентімді бірден таптым.

Етегі ұзын костюм, кең балақ шалбар, жалпақ түйінді ашық түсті галстук, ұшы сүйрік туфли, бойы қысқа болса да етегі жер сыпырған ұзын пальто, міне, менің мода талабына сай киінген бастығымның сыр-сымбаты.

Ол шалбарының қалтасынан уыс-уыс пісте алып, жанглерлік шеберлікпен үңірейіп ашыла берген аузына бір-бірлеп лақтырып, сосынғы қас қағым сәтте «шалқ» еткізіп шағып, шұлқасын шырт-шырт түкіріп тұр екен. Мен қалбалақтап келіп қатарына тұра қалдым.

— Е-е! Бұ қалай, анда бөрі тост айтып жатыр, ал біздің «Күнбағыс» фирмасының президенті мұнда тұр?

Ол — «Күнбағыстың» президенті жауап қатпады. Аузы бос емес, пісте шағумен әуре.

Ол, әдетте, өз ойын орысша айтқанды жақсы көреді және фирмамыздың («Күнбағысты» айтам) құрылымын жиі-жиі өзгертіп отыруды ұнатады. Бірақ әрбір өзгерткен сайын жаңа құрылымның жобасы мас күйінде жобаланғандай әсер қалдырады. Түп-тура біздің Үкіметтің көктемде, күзде құлпырып тұрған қалпындай...

Үкімет демекші, айтқандай, ол кейде бізге жұмбақ айтады: «Келгенде құлағы тікірейеді, кеткенде белі бүкірейеді» — ол не? — дейді. Біз ойланбаймыз, біз ойланып үлгермейміз. Өйткені оған мұрша бермей, іле-шала президент өзі жауап береді: «Это — Правительство!» — дейді, әрі біздің топастығымызға, әрі өзінің тапқырлығына бірдей масаттанып.

О, сорлы! Үңгір аузына пісте лақтырып тұрып, Үкіметті сынағысы келеді. Осы Үкімет емес пе сендейлерді селтитіп қойған!

Сөйтіп тұрғанымызда президенттің қалтасындағы «сотовыйы» «Ей, хат келде...е!!» деп әндете бастады. Басқалардікіндей әуен ойнамайды, әлгі сөзді қайталай береді: «Ей, хат келде...е!!» Болмаған соң «көк түйнек» оны ышқыр қалтасынан суырып алып, шырт еткізіп кішкене қақпағын ашты да, сөйлесе бастады:

— Әлеу!.. Не?.. Қасымда?.. Иә... Біздің фирманың менеджері... Құрт?..

Президент телефонының аузын жауып тұрып маған мойын бұрып: «Кетші, әрі!» — деді. Мен түсінбегенсіп тұра бердім. Ол сөйлесуін жалғады:

— Құрттым... Во...от! Не?.. Құрттым ғой... шықсаңшы... Қалтамдағы шемішкем бітті... Шемішкеше шағайын... Подвалға барамыз. Сол бильярд... Ну, қаласаң без «р»... Жақсы. Давай.

Президент томпақ торғайдай телефонын қалтасына сала салды да, әдеттегідей аузын айналадан жасырын ашып тұрып, сасық иісті жоятын иіссудан көмейіне дейін тыз-тыз еткізіп сеуіп алды.

— Я пошел! — деді сосын.

— Е, тост ше?

— Да, на х..! Сен менің орныма шығып болтни что-нибудь!

— Е, онда өңкей президенттер!..

— Да я их знаю какие они президенты — одни вороны да сороки! Мен кеттім! Сұраймын сенен, иди туда, нажрись сколько влезет и за меня тоже, ладно?

Мен не істеймін? Амал жоқ, соны істеймін. Той иелерін танымасам да, шефімнің орнына қонақ болып, ішіп-жеп, ақырында бәрімен құшақтасып, сүйісіп, әйелдермен қара терге түсіп билеп, тіпті көзіме түскен біреуіне қырындап, сосын ол мені «Ланд Крузеріне» салып ала жөнеліп, сосын ол: «Ей, күшіңнің бәрін биге бергенше беліңде сақтамайсың ба!» — деп ренжіп, айдалада қалдырып кетіп, үйіме таң ата зорға жеттім емес пе!..

2005 ж.

ҚЫП-ҚЫСҚА ҚЫЗЫҚ ӨНГІМЕЛЕР

Мәдениет бөлімінің бастығы айтты...

Осыдан біраз жыл бұрын музыка өнерінің аса көрнекті қайраткері, ғұлама ғалымның 125 жылдық салтанатын өткізу іс-шаралары жүргізіліп жатқан. Осыған байланысты ұйымдастыру комитетінің бір отырысында біздің Мәдениет бөлімінің бастығы айтты:

— Ол кісінің атына құттықтау адрес папкасын дайындауды ұмытып кетпейік!

* * *

Осыдан біраз жыл бұрын көрнекті де классик ақынды еске алу кеші өткізілмек болды. Ақынның артында қалған балалары кеш соңында дастарқан жайып, ас беру туралы біздің Мәдениет бөлімінің бастығына өтініш айтады.

— Қам жемеңдер, бәрін ұйымдастырамыз. Ақсақалға осы туралы менен үлкен сәлем айтыңдар! — деді ол.

* * *

Осыдан біраз жыл бұрын орыс тілінде шығатын бір газеттің тілшісі біздің Мәдениет бөлімінің бастығынан:

— Сіз өзіңіз география маманысыз, олай болса, культураға қандай қатысыңыз бар? — деп сұрайды.

— Өйткені менің әйелім мектепте физкультурадан сабақ береді! — деген еді Мәдениет басқарушы.

Ақша жоқ... мынау заман!..

— Ахан аға, шай алыңыз... Бал салып ішіңіз. Мынау Ыстықкөлдікі, мынау Қатонқарағайдікі... Немесе конфеттермен ішіңіз. «Мишка на севере», «Мишка косолапый», қайсысын

ұнатасыз... Кешіріңіз, үйде қант жоқ еді шайға қоюға... Ақша жоқ... Е, мынау заман!..

* * *

— Ахан аға, тамақ алыңыз! Міне, қазы-қарта, жал-жая! Қызыл балық, ақ балық... Әлде уылдырықты ұнатасыз ба — қарасы, қызылы алдыңызда!.. Кешіріңіз, колбаса кесіп қоюға ұятты болып отырмыз... Ақша жоқ... Е, мынау заман!..

Ғылым қамы

(шағын монолог)

— Менің көрсетіп отырған ұлағатты үлгімді ешкім танығысы келмейді. Мен сияқты ешкім өзін-өзі құрбан еткісі келмейді. Мен сияқты ешкім ерлік көрсеткісі келмейді... ғылыммен айналыспауға, оның шаужайына жармаспауға!

Баяғыда, бала кезімде көкем «Үйленбесең, қызды құртпа!» деп ақыл беретін. Сол айтпақшы, мен де «Қырың болмаса, ғылымға қырындама!» деймін. Бірақ бұл ақылым ешкімге ақыл боп арзымады. «Әй, — дейді, — менің қызметім — бар болғаны бөлім бастығы. Мен осы орнымда отырып кандидаттық қорғағанымнан, сосын докторлық қорғағанымнан ешкімге зиян келмес. Жұмыстан кетсем, бір кафедраға жармасармын... азар түбі!..

Конкурс қорытындысы

«Қазақ тілі — өз тілім» конкурсының жүлдегерлері болып Ольга Иванова (І орын), Сергей Ким (ІІ орын), Ялқұн Шәмиев (ІІІ орын) танылды.

Жалпы конкурсқа қатысқандардың 70% -ы қазақтар, 20% -ы орыстар, ал қалғандары әртүрлі ұлт өкілдері болып табылады.

Тырнақшаның тәлкегі

Жетпіске жақындап қалса да Жетпісбай ағайдың үйіндегі апай қызғаншақ.

Жетпісбай аға мынадай өңгіме айтып берген:

Бірде Балғабаевтың «Ең әдемі келіншек» деген спектаклін көріп театрдан кеш келсем, үйде әйелім тымырайып, тынысы тарылып отыр екен. «Не болып қалды?» деп сұрамақ түгілі, ойлауым сол екен:

— Не болушы еді, сен өстіп жүрсең! — деп лазерлік жарығы шыққан көздерімен мені «атып-атып» жібергені.

— Кә... кә... кәйтіп жүр екем?! — деп сұрап үлгердім «лазер жарығының» күшінен берекем кеткен мен, әлдебір беймәлім кінәні мойныма алып та қойғандаймын іштей.

— Мен қайдан білейін сенің кәйтіп жүргеніңді! Артыңнан аңдып жүр деймісің? Өзің айт кәйтіп жүргеніңді, арың таза болса?..

— Кә... кә... кәйтіп жүргенімнің ешқандай кәйтіп жүргені жоқ...

— Айт ертегіні! Білеміз... документально... даже!

— До... до... документально? Документтерім орнында, міне!

— Ой-ой-ой! Түк білмегендей, түк көрмегендей... Одан да мойында — қандай екен ең әдемі келіншек?

— Ең әдемі келіншек? Тәп-тәуір, тек жылаңқылау.

— Нахал! Ұятсыз! Қалай бетің шыдап айтып тұрсың-ей?! Тағы «жылаңқы екен» дейді! Бетсіз... ұятсыз.

— Не... не... неге ұятсыз?

— Жылаңқы келіншекке барып кеп отырып неге ұятсыз емессің... Оның несі әдемі екен?

— Қа... қа... қа...

— Қа... қаң құрысын! «Қа... қа» деме! Жап аузыңды! — деген әйелім долданып жылап қоя берді. «Жылаңқы өзіңсің ғой!» деп айтайын деп тұрдым да үндемедім. Өзім аң-таңмын. Түсінбеймін. Түсінбеген соң түсінбегеніңді сұрау заңды.

— Ей, қайдағы келіншек-ей?!

— Қазір барып келген келіншекті айтам!

— Менің барғаным келіншек емес, «Ең әдемі келіншек» — спектакль...

— Жаның шықсын!.. Мә, оқы! — деген әйелім бір жапырақ қағазды ұстатты. Қағазды ашқанда Шалабай деген досымның қолын тани кеттім. «Братан өткенде Батерфляйдың батасын оқыдық бүгін ең әдемі келіншекті көрейік кешке кел» деген үтірсіз, тырнақшасыз, нүктесіз сөз тіркестерін оқыдым...

Ұсыныс

— ...Президент Әкімшілігі аппаратының негізінде Ғылым академиясын қайта ашып, оның жұмысын қайта жандандыруға толық мүмкіндік бар, өйткені мұндағы екі жүз қызметкердің 150-інде ғылыми атақ бар екен...

Біздің партияның сайлау алдындағы іс-шаралары

1) ...Қарттар үйінде «Вальс кешін» ұйымдастыру;

2) бұрынғы жұмысшыларды (*қазір — жұмыссыздар*) жинап, «Ұлы мәртебелі еңбек адамы!» атты ғылыми конференция өткізу. (*Әрқайсысына: конверт — 5 мың теңге, пакетте — 1 арақ, 1 қорап конфет, блокнот, фломастер, партия значогы, кандидаттарымыз туралы пиар материалдар*). Шақырылатын жұмысшылар саны 10-нан аспасын. Телевидение үшін массовка — өзіміз;

3) «Балалар — біздің болашағымыз» акциясы: 12 жасқа дейінгі балалардың бір тәулік бойы троллейбуста тегін жүруін ұйымдастыру: мойындарына партия символикасы галстугін байлау, тегін жевачка, кока-кола тарату. (*Балалар — партия мүшелерінің балалары*).

Партия есептік баяндамасынан үзінді

«...Көмек көрсету үшін кем-кетік, ауру-сырқауларды іздестіріп, қарттар үйлеріне барып едік, бірақ сайлау өткенше бөрінің жарылқайтын партиялары бар болып шықты...»

Мен!..

Сахнада халықтар достығын бейнелейтін қойылым өтіп жатыр. Орындаушылар — 3-4-сынып оқушылары.

— Мен Украинаданмын! — деді украин ұлттық киімін киген қыз.

— Мен Өзбекстаннанмын! — деп саңқылдады тақия киген бала...

Осылайша талай халықтың уәкілдері аталды. Кезек үрпек бас сары балаға келгенде ол:

— Мен Татағстаннанмын! — деп саңқ етті.

Көрермен ду күлді де, іле-шала шапырлата қол соқты. Мұндай қошеметті күтпеген бала сасып қалды да, неге екені белгісіз, даусын бұрынғыдан да күшейте:

— Мен Татағ!.. — дей бергенде, жұрт одан бетер ду күліп шулап кетті, сөзін соңына дейін айтқызбай үзіп жіберді. Баланы білетін біреулер «оның тілі «р»-ға келмейді, күлмеңдер!» деп ақталып жатты.

Осымен бұл концерт нөмірі аяғына дейін орындалмай үзіліп қалды.

Пьесалар



БӘРІНЕН ДЕ СҮЛУ...

(үш көріністі комедия)

Қатысушылар:

Орақ

Ертай

Қалақ

Көлбеңбай

Келіншек

Кеңсе қызметкері

Әйел даусы

Бірінші көрініс

Кабинет. Телефондар. Ісқағаздары. Кабинет иесі Ертай телефонмен сөйлесіп отыр. Алдында Көлбеңбай. Қабылдауға келген сияқты. Ол барлық сахналарда үнсіз қатысады.

Ертай (телефонмен). Да, да, да!.. Қайдан табамыз енді?.. Е, е... қайта-қайта айта берген соң ол байғұстардың мойындары әбден жауыр боп бітті... Олай болса, тағы да жер-жердегі объектілерден сыпырамыз... Басқа амал жоқ... оның кеңірдегін тығындауға... *(Кеңсе қызметкері кіріп, бір папка қағаздарды мұның алдына дүрс еткізіп қойып шығып кетеді).* Жағдайдың бәрі өзіңізге белгілі: бір жерін тығындасаң, басқа жерінің араны ашылып тұрады! Тығындамасаң, өзіңді жұтып қояды!.. Иә... жақсы... жақсы... жақсы... жақсы... жақ... *(Трубкины қояды).* Басталды тағы да!.. Дәл жұма күні! Сағат кешкі 5-те жұрт енді жұмыстарын бітіріп үйлеріне жинала бастағанда!.. Енді бір уақытылы үйге қайтып, демалып, көңіл көтерейін десең!.. Жоғарыдан бұршақтай борайды тапсырмалар!.. Күні бойы қайда жүреді осы бастықтар?! Жиналыстарда!.. Оу, жиналыстарыңды жұмыстан кейін жасасаңдаршы!.. *(Көлбеңбайға).* Сен күтіп отыра тұр... Егер шыдасаң!.. *(Ішкі байланыс аппаратының тетіктерін басады).* Тыңдаңдар! Жедел тапсырма!.. Әрбір бөлім өз салалары бойынша мекемелермен байланысып, ақпараттар жинап, маған тапсырыңдар! Орындау уақыты бір сағат!.. *(Аппарат тетіктерін өшіреді. Көлбеңбайға).* Иә, ал қайдан жүрсің?..

(Орақ пен Қалақ сау етіп кіріп келеді).

Қалақ. Әссәлау-ма-әлейкүм? Рұқсат па? *(Қол алысып амандасады. Көлбеңбаймен де. Көлбеңбай орнынан тұрып, шеттеу жерге отырады).*

Орақ. Біз келдік!.. Дәл өзің айтқан уақытта!.. Өзің білесің ғой, мен кешіккенді ұнатпаймын!.. Пунктуальность — выражение интеллигентности!..

Ертай. Асықпа, аптықпа! Отырындар!..

Қалақ (*жағдайға түсінгендей*). Жедел тапсырма ғой тағы да?! Анасының бақыты, міне, саған интеллигенция!.. Айтқандай, бүгін менің туған күнім екен-ей! Ұмытып кете жаздаппын!

Ертай. Мәссаған! Бәрімізді бірдей зәр қысып тұр екен! Онда анау әйелмен таныстыруға бармай-ақ қоямыз ба?

Қалақ. Мен білдірмей-ақ қояйын деп едім, әйелім болмай отыр «дайындалып қойдым» деп...

Ертай. Түні бойы жүрсек те бәріне үлгеруіміз керек! (*Орақты нұсқап*). Әйтпесе мынаның бәлесінен құтылмаймыз! «Таныстырмайсыңдар! Мені аямайсыңдар!» деп. Бұның қатынымен араздасқаны бізге міндет болды! Қарашы, өзінің қызбен таныстыратындай түрі де, көңіл күйі де жоқ! Сүмірейеді де жүреді... Басыңды көтерсеңші-ей, Орақ! Қуанбайсың ба?!

Орақ. Да, ну...

Ертай. «Да, нуың» құрысын, ө!

Орақ. Кәйтем енді? Сендер сияқты ыржың-ыржың етіп күле салуға менің ішкі күй пернелерім жібермейді. Көкірегімде Гендельдің музыкасы! Тыңдай бергің келеді, тыңдай бергің... Сосын... сағынышқа батасың да кетесің!..

Ертай (*әзілін жалғастыра*). Генделің де құры, сен де құры. Екеуіңе де бір-бір тоқал керек! Батып бара жатқан сағынышдың емі сол!..

Қалақ. Да, ничего, анасының бақыты! Бәрін қатырамыз — өз туған күнімді тойламай кетсем де, бүгінгі негізгі идеямызды іске асырамын! Таныстырамын сені онымен! Таныстырамын... сосын... ары қарай не істейтініңді өзің біл!..

Ертай. Әй, сен, ары қарай не істейтініңді білесің бе?!

(*Орақ түсініксіз екі иығын көтереді. Көлбеңбай сықақтағандай түрмен бетін тыржитады*).

Қалақ. ...Телефоныңнан звондайыншы!.. Тағы да айтып, пысықтап... (*Рұқсат құтпей, телефонды алдына тартып нөмір тереді*). Алие!.. Сәламатсыз!.. Бұл біз. Келісім бойынша. Иә!.. Бірақ... (*Ертайға сұрақ белгісімен қарап*). Бірақ біз бір сағаттай кешігіп шығатын болдық! Бастықтан шұғыл тапсырма түсіп!.. Е, жоқ, ө, ең үлкенінен емес, майда-шүйделерінен... Көп қой олар, бұйрық бергіш, тапсырма бергіш! Солардың біреуі абайсызда айтып қалған екен... Бітірейін деп қалдық! Ал... енді

біз үшеу боп келе жатырмыз. Өзіңе құда түскелі бара жатқан соң солидный болсын деп... үшеу боп... Жақсы жолдасым деп едім ғой!.. Жақсы... Жақсы ол жағы да!.. *(Ішегі қата күледі)*. Ажырасып кеткен... почти. Жоқ, өзі жақсы дедім ғой... бет-аузы бұзылмаған... аяқ жағы да... Вообще, Гендельді жақсы көреді, бақтың, анасының бақыты?! Гендельді!.. Гантель емес, Ген-дельді! Иә! *(Трубкины алақанымен жауып, Ораққа)*. Әнші ме бұл? Қай елдікі?

Орақ. Ұлы композитор! Идиот!..

Қалақ *(трубкаға)*. Ә, жай композитор... Иә. Сен немка екен деп қалдың ба?! *(Күледі)*. Дайындал! Немкалардан нең кем, асып түспесең?.. Неге, неге?! Ұнатқанда қандай!.. Шалқасынан түседі!.. Ал енді қалған екеумізге де тауып қойсайшы, компания болсын! Телміріп отырамыз ба! *(Ішегі қата күледі)*. Қойсайшы ойынды! Біз де еркекпіз... Е, керегі жоқ олардың... Жоқ, ойыны жоқ. Шын айтамын. Әйелімізде, семьямызда нең бар? Не мешает же один к другому! Келістік қой?! Ал жақсы... Шығар кезде звондаймыз... Дайындал... *(Күледі)*. Жаңағы екеуін... «Славянской внешностью» деген сияқты... да, аяқтары ладно!.. Бізде бәрі дайын!.. Жақсы... *(Трубкины қояды)*. Солай... Анасының бақыты! Ойлағанымыз орындалып келеді! Естідіңдер ғой, ө, бәрімізге бір-бір... *(Ертай ымдап, бөтен адам — Көлбеңбайға білдірме дегендей ишара көрсетеді)*... Ә... бәрімізге бір-бір... Түу! Есімнен шығып қалды... ih! Ереке, бір секунд? Ораға, сізге де касается!.. *(Ертайды, Орақты шақырып, өзіне ілестіре бір шетке шығады)*. Е, мынауың кім?!

Орақ. Маған альтернатива ретінде шақырып отырсың ба?!

Ертай. Е, қой, е!.. Жолдастардың жолдастары ма, білмеймін, түрі таныс. Бір шаруамен келген сияқты. Өзі отырған соң кет дей алмайсың. Жөн сұрауға менің де уақытым болмай жатыр — көріп тұрсыңдар ғой? Осындайлар болады өмірде — үн-түн жоқ сенімен араласып жүре береді, бейне көлеңке сияқты. Пайдасы да, зияны да жоқ тигізіп жатқан... Дегенмен сырымызды білдіріп ашық айта бермейік!..

Орақ. Дұрыс, дұрыс оның... *(Қалаққа)*. Ал сен болсаң жаңа телефонмен сөйлескенде анау әйелге менің әйелімді жамандадың.

Қалақ. Е, жоқ, е...

Орақ. «Оның өзі жақсы» дедің ғой? Мен туралы дедің солай... *(Көлбеңбай газетпен тарсылдатып шыбынды ұрады. Мыналар оған, ол мыналарға қарап қалады)*.

...Ал сөздің шындығына келсек, менің өзім емес, менің әйелім жақсы... Солай емес пе?! (*Бәрі жалтақтап Көлбеңбайға қарайды. Көлбеңбай бұлармен ісі жоқтай отыра береді*).

Қалақ. Солай ғой, солай! Күмән жоқ! Сен идеалиссің, әйелің материалист. Олай болса, бастарың қосылмайтын әртүрлі ұғым-дағы философсыңдар, анасының бақыты!

Ертай. Жарайды, жарайды! Уақытымыз тар, мұрнымыздан шаншылып жатқанда философия не теңдерің-ей! Өз шаруамызды уақытылы, качественно, содержательно ұйымдастырып алайықшы. Уақытты үнемді пайдалану үшін, сен Қалақ, тез арада үйіңе де, мына өзіміздің мероприятиямызға да керекті продукцияларды дайындап кел. Мен оған дейін мемлекеттің шұғыл тапсырмаларын орындап үлгеруім керек. Ал Орақ... ол бүгін күйеу жігіт қой, демалып, іштей дайындалсын...

Қалақ. Түсінікті. Онда мен кеттім. Бәрін қатырамын, білесіңдер мені! (*Кетеді*).

Ертай (*Ораққа*). Ал арыстаным, саған да бір тапсырма...

Орақ (*оны бөліп*). Бәрібір ол жақсы дедім ғой... Сендер осы менің айтқан сөздеріме құлақ аспайсыңдар, оның түпкі мәнағынасына үңілмейсіңдер!..

Ертай. Ненің мағынасына? Не туралы айтып тұрсың сен?!

Орақ. Әйелім туралы!..

Ертай. Түү! Тағы да әйелің бе?!

(*Көлбеңбай да шыдай алмай орнынан тұрып, қайта отырады*).

Орақ. Әрине, әйелім!.. Сен, біз екеуміз... (*Көлбеңбайға көзі түсіп кетіп*) анау да — бәріміз жентелмендерміз, сондықтан әйелдер басымызды жарып жатса да, жамандауға болмайды, өйткені олар, өзің білесің, ең қасиетті, аса жоғары функцияларды орындайтын...

Ертай (*шыдай алмай*). Слушай, басымды ауыртпа! Менің басым анау мемлекеттің тірлігімен қатып тұрғанын түсінбейсің бе?! Сенің әйелдер туралы докладыңды мен демалысқа шыққанда тыңдамасам, қазір уақытым жоқ! Жұмысы жоқтың сөзі көп! Бос отырып көкмылжың боп кетпей тұрып, саған да бір тапсырма жүктеймін! Қалақтың туған күніне бір ерекше сыйлық алу керек?!

Орақ. О, маған ұнайды мұндай жұмыс! Менің вкусым жақсы екенін білесің. Қалақ сияқты жолдасыма ең биік эстетикалық талаптар тарапынан тандап алуға мүмкіндігім мол. Мысалы, бар ғой, Ереке, қазіргі кезде небір элитный тойларды, қымбат-

қымбат жәрмеңкелерді, жұлдызды корпоративтерді түрлі түсті әшекей-мүшекей шарлармен безендіріп тастайды...

Ертай. Шарлармен?..

Орақ. Иә. Мен ойлаймын, біз де качественный-качественный шарларды таңдап алып, гелиймен қампитып толтырамыз да, әрқайсымыз бір-бір шариктен ұстап, туған күнге барамыз!.. *(Ертай түсінбей қарап қалады)*. Әрі арзан, әрі эстетично, әрі оригинально, әрі... *(Ертай үнсіз қарап тұр)*. Өй, жаңа туған жас сәби қуанып қалады шарларға... Қалақты айтамын... Жаңа туды ғой... Тек, айтқандай, шардың кімге қандай түстері ұнайды — келісіп алайық? Маған, мысалы, голубойы... Гоб-голубойы!..

Ертай *(күйіп кетіп)*. Түу!.. Сен не деп тұрсың?! Ей, сенің шарың не, голубойың не?! Бүгін танысуға бара жатқан келіншек сенің голубойды ұнататыныңды білсе, ойбай, масқара боламыз! Сосын ол сенімен қоса біздің бөріміз голубойды ұнатады екен деп ойлайды! *(Көлбеңбайды нұсқап)*. Ананы да! *(Көлбеңбай «масқара!» дегендей тұр көрсетіп, бетін басып, басын шайқап әрі-бері жүреді)*. Тыңда мені!.. «Французский домға» бар да, бес жүз доллар тұратын брендовый галстукті сатып алып кел сыйлыққа! Қалақта ондай галстук жоқ...

Орақ. Солай ма? Шарик-мариктен гөрі сол дұрыс-ау, ә?.. Сенің вкусың күшті-ей, менен гөрі!.. Айтқаның болсын. Мен кеттім онда. «Французский домға!» *(Ол есік алдына дейін барып, ойланып, қайта оралады. Ертайға)*. Менде сол бес жүз доллар бар деп ойлайсың ба?!

(Ертай шыдамы таусылғандай қалтасынан ақша шығарып, Ораққа қарай лақтырады).

Орақ *(шашылған ақшаны асықпай жинап алып)*. Осынша ашулануға тұрмайды бұл қағаздар. Не қыласың нервінді кетіріп?! *(Түк болмағандай жай басып шығып кетеді. Көлбеңбай оны көзімен шығарып салады. Ертай үстел басына отырады. Телефон шырылы)*.

Ертай *(телефонмен сөйлесіп)*. Да!.. Иә!.. Енді не дейсіңдер? Осы қауырт жұмысты мен ойлап тапты дейсіңдер ме? Ойлап тапқым келген күнде де дәл бүгін ойламай тұра тұрар ем... Неге?.. Маңызды іс болып тұр. Жекебастың... Бірақ мемлекеттік маңызы бар. Оны дәл қазір менің орнымда болсаң түсінер ең... Отырарсың, әйтеуір, бір кезде. Ондай ойың бар екенін білмейді дейсің бе?! Ол бастық та орнында. Так что сен үшін ол орын да бос емес!.. Бәрі... Бөріміз орнымызда отырмыз мына тапсырманың орындалуын күтіп... Бөріміз бір жаққа асығып отырмыз!.. Менен

тезірек құтылғыларың келсе тездетіндер справканы! Ары қарай мен де құтылайын!.. *(Телефонды қояды. Көлбеңбайға)*. Так... Ал сонымен?.. *(Кеңсе қызметкері кіреді)*. Тағы да ма? Онсыз да шұғыл тапсырмамен отырмын... Қағаз болса, әйтеуір, маған қоқырсытып!.. Басқаларға бере бермейсіз бе?

Кеңсе қызметкері. Басқалардың өз сыбағасы бар. Ал мынау сіздікі! *(Бір папка қағазды Ертайдың алдына қояды)*. Қайта жартысын бермей отырмын... Бүгін жұма. Ертерек қарап берсеңіз, тез таратып тастап, үйімізге уақытылы қайтып, демалыс күндері тыныш жатсақ?! *(Ол бұрылып есікке бет алғанда, Көлбеңбай жай ысқырып шақырғандай болды. Қызметкер оған жалт қарайды. Көлбеңбай ыржия күліп, бұған қылымсып, жылы ілтүпат көрсетеді. Қызметкер оған «есің дұрыс па?!» дегендей көзқараспен тұрып қалады да, кілт бұрылып шығып кетеді)*.

Ертай. «...демалыс күндері тыныш жатсақ... Е, кімнің жатқысы келмейді?! *(Көлбеңбайға)*. Сен айып етпе, көріп тұрсың мыналарды!.. Әңгімелесуге де мұрша бермейді! Мүмкін, кейін жолығармыз?.. *(Көлбеңбай естімегендей тұр көрсетіп, жайбарақат отыра береді)*. Е, онда мейлі... *(Шұқшиып қағаздарды қарай бастайды)*. Ihi!.. Сіздің дәмеңіз осылай болса, біз сізге былай дейік! *(Қағазға бұрыштама жазады)*. Осымен біраз жүріңіз арқандалған азбандай айналшықтап!.. Басың айналған соң бас бермей көр!.. *(Басқа қағазды оқиды. Пауза)*. Түу!.. *(Телефон нөмірін тереді)*. ...Мен мынаны көріп отырмын... Біздің позициямыз қайда? Тіске басатын түк жоқ... Сені кінәлап отырған жоқпын. Кінәлі болсақ, бәріміз кінәліміз, кінәлі болмасақ... Енді бір нәрсе ойлап табу керек. Сенің фантазияң күшті еді ғой мұндай істерге!.. Профессионалсың... Виртуозсың десе де болады. *(Екінші телефон шырылдайды)*. Саған сенемін... Ойластыр... *(Қолындағы телефонды қойып, екінші телефонды алады)*. Алло!.. Иә?.. Е, сен бүкіл магазинді көтеріп алып кетпекпісің?! Өзің білесің ғой, ол әйелдің үйінде бәрі бар!.. Аз да болса элитный бірдеңе ал... Қазақстан коньягын ішпейді ол... Виски болса, болсын, бірақ этикеткасына, бағасына қара! Шотландияның өзінікі болсын... Олар, әйелдерді айтам, бәрін біледі! Қай супермаркеттің қай полкасына қандай брендтер қойылғанына дейін... «Хеннеси» ішеді дейсің бе?.. Е, онда соны ал... Өзің ғой виски деп тұрған... Конфет? Швейцарияның шоколады... Сырты әдемі, көлемді болсын!.. Болды... Тездетсейші! Ө, мына көшенің арғы бетінде тұрған магазинге барып келуге осынша уақыт керек пе?! Тез, тез!.. *(Телефонды қоя бергенде ол қайта*

шырылдайды. Трубкины көтереді). Алло!.. Да!.. Иә?.. Ей, сен супермаркетте неғып жүрсің? Мен сені «Французский домға» жібермеп пе едім?! Бардым?.. Алдың ба галстукті?.. Жол-жөнекей супермаркетке кіріп нең бар еді?.. Е, Қалақты сыртынан көріп жасырынбақ ойнап жүрсің бе?.. Подаркінді көрсе, көре берсін, бәрібір береміз... Сен көзір оған бар да, алатындарыңды алып, тез келіңдер!.. Жарайды, жарайды! Болды! (Трубкины қояды). Солбырайған сабазым!.. Созылып алып сөзі көп! Әйелің сенен бекер безіп жүрген жоқ қой! Ызыңдай бергенше ылдым-жылдым жұмыс істесейші!.. (Ішкі байланыс пультінің кнопокасын басады). Шай алып келші... Екеу... (Қағаздардан мезі болған тұрмен теріс қарайды. Пауза). Міне, осылай!.. Қашан ғана осындай қағазбасты проблемалардан құтыламыз? Басқалар болса ғой әлдеқашан жан рақатына керектілерін жасап алған. Біз әлі сол — әр нәрсенің басын шалып... Қырық-елудегі біздерді өзгерту қиын, ал балаларымыздың халі қалай болар екен? Мен соларды ойлаймын. Олар өстіп қағазға жазылғандарды оқып отыруға шыдамы жетер ме екен? Көзір оқуға деген ынта құрып барады!.. (Кеңсе қызметкері кіреді. Екі стақан шайды және бір папка қағазды Ертайдың алдына қояды).

Кеңсе қызметкері. Міне, сұраған шайыңыз! Міне, сұратқан материалдарыңыз!

Ертай. Оу, мына күйінде бастыққа бере алмаймыз ғой! Басын біріктіріп, бір справка етіп берулері керек еді ғой?

Кеңсе қызметкері. Тапсырған адамдарыңыз осылай тастап кетті. Бүгін жұма, жұмыс уақыты бітті... Кешіріңіз, мен де кетуім керек, садикке кешігем... (Ол бұрылып шығып кетеді).

Ертай. Оу, сонда?! Осылай да адам шай іше ме?! (Алдындағы шайды бір шетке ысырып қойып, Көлбеңбайға). Мә, сен іше бер шайды! Мен мыналарды өзім істейтін болдым! (Ол шұғыл қағаздарға шұқшиып жұмысқа кіріседі. Көлбеңбай бір стақан шайға қант салып, қасықпен қозғап, стақанмен бірге печеньені уыстай ала кетіп, орнына барып, жайбарақат отырып, сораптай сорып шай іше бастайды. Тіпті кресло үстіне созыла түсіп, кабинеттің төбесіне қарап, алғашқыда бір нәрселерді санағандай, сосын ойға шомғандай позада қимылсыз қалады. Бір кезде орнынан тұрып ары-бері жүреді, кенет белгілі мемлекет қайраткерлерінің позаларында қалт тұрып қалады. Ертайдың сырт жағынан барып, телефон трубкасын көтеріп, нөмірлер теріп, ақырын жасырын дауыспен сөйлесе бастайды. Ертайдың оған көңіл аударуға шамасы жоқ).

Көлбеңбай (*телефонмен, пауза ұстап*). ...Лье!.. Мен... Да... Да... Іһі... Пах!.. (*Таңдайын қағып*). Ныңқ!.. Ныңқ!.. Іңкі!.. Оой!.. Но-о!.. Бай!.. Гуд бай!.. (*Трубкины қояды да, терезе алдына барып сыртқа көз салады. Артынша таңғалғандай ысқырып жібереді. Сол ысқырығы жалғасып, бір таныс әуенді ысқырып сала бастайды. Сәлден соң оған жұмыс істеп отырған Ертай ысқырып қосылады. Әуен сондай таныс, екпінді. Ертайдың жұмысы жеңілдеп кеткен сияқты*).

Ертай (*сәлден соң*). Біттім мына жұмысты! (*Орнынан ұшып тұрады. Ысқырық-әуен кілт үзіледі. Көлбеңбай мен Ертай бір сәт бір-біріне аң-таң қарасып қалады. Орақ пен Қалақ кіріп келеді*).

Қалақ. Анасының бақыты, біз осындамыз! Бәрі дайын, уақыт на исходе, аналар уже күтіп отыр! Тездетейік!..

Ертай. Мен де дайынмын.

Орақ. Е, достар, менде бір ұсыныс бар, е! Мынау Қалақтың туған күніне жақсы сыйлықтар тауып әкелдім. Міне, көріңдер! (*Үлкен пакеттен ала-құла жұмсақ ойыншық шығарады. Не ат, не есек емес, зебра болса керек*). Мынау мінгізген атымыз! Қалақ досымыз өмір бақи аттан түспесін деген ниетіміз. Былайша айтқанда, бұл — үлкен символика, терең философия!.. Бұл ат, Қалеке, негізінен, лично менен! Ал мынау... (*Жұқа пакеттен галстук шығарады*). Мынау... Көзге онша көрнекті болмағанымен, бағасы қымбат сыйлық Ертайдан! Бес жүз доллар тұратын брендовый галстукті кім тағып жүр дейсің мынау қағаз қоқырсыған мекемеде! Ұсынысым сол — осындай сыйлықтармен үйіне барсақ әйелінен ұялмаймыз! Сондықтан басқа жаққа әуре болмай-ақ досымыздың үйіне бара салайық?!

Қалақ (*көнбей*). Жо... жо... жо!.. Анасының бақыты!.. Баста келістік!.. Сен сияқты досымның бақыты үшін менің туған күнім күте тұрады! Солай ғой, Ереке?

Ертай. Өздерің келісіп бір жағына шығыңдаршы. Мен мына справканы бастыққа тапсырып, құтылып келейін! (*Кетеді*).

Орақ (*сәл үнсіздіктен соң*). Ә, Қалақ, ө!?

Қалақ. Я, қойсаңшы, ө! Алған беттен қайтпа!..

Орақ. Маған біртүрлі мынадай тірлікке бара жатқаным... Ес-түссіз тыр жалаңаш күйде жұрт алдына шығып кеткендей ыңғайсыз сезім тудырып тұр.

Қалақ. Сен тудырма оны!..

Орақ (*балаша ренжіп*). Ой, сен де!.. Тудырма, тудырма... Туып жатса, оны қалай тоқтатасың?

Қалақ. Необходимо принять меры предосторожности! Бақтың?

Орақ. Предосторожность!.. Сенің бұның нағыз натурализм! Ұят!

Қалақ. Натурализм әлі алдында! Ол жағынан қам жеме, бәрін ұйымдастырам. Тек сенен сұрайтыным — өзің жақсы көретін сентиментальный есектің рөлін ойнай бермеші.

Орақ. Есектің?! (*Үнсіздік. Ашулану мен өкпелеу сезімдері қатар келіп күйгелектен*). Есек... Сенің бар ғой фантазияңның шеңбері тар! Маған бір... бір достойный ат қоюға да жарамайды!

Қалақ. Е, достойный болғанда?.. Өзің жақсы көретін мультфильм... Совет Одағы кезіндегі... Шіркін, ол кездегі мультфильмдер мазмұнды еді ғой!.. Есіңе түсті ме? Есектің туған күніне келе жатқан Винни пух жолда қолындағы шарды жарып алады... Есек оған қатты қамығады... Өзің айттың ғой сонда: «есектің образы сентиментальный жақсы образ!» деп?!

Орақ. Бүгін менің туған күнім емес қой, есек болатын, сенің туған күнің!

Қалақ. Ал жарайды, болсақ, болайық, анасының бақыты! Жақсы кейіпкер болғанға не жетсін! Ал енді өзің кімсің? (*Орақ үндемейді*). Айтсай!

Орақ. Не айтам?

Қалақ. Мен сол мультфильмдегі есек болайын, ал сен кімсің?

Орақ. Кімсің!.. Сол атты бірінші маған беріп алып, жағымды болған соң артынан иемденіп шыға келдің!..

Қалақ. Түу! Саған, әйтеуір, жақпайсың! Кері тартып тұратын есектің өзісің!.. (*Көлбеңбай кенет ысқырып әуен сала бастайды*). Мә!.. Бақтың?! Мынау біздің балалық өміріміз ғой! Мектепте осы әнді көп айтатын едік, модный болатын сол кезде! Тыңдашы, тыңдашы! (*Көлбеңбай ысқырып салған әуенді тыңдайды*).

Орақ. Индийский ме?

Қалақ. Болмағанда? Бәріміз сен сияқты классик дейсің бе? (*Ысқырып әуенге қосылады. Ертай келеді. Жұмысы біткен, көңілді. Ол да ілесе кетіп, ысқырып әуенге қосылады. Үшеуі едәуір ысқырып әндетеді. Тіпті билеп те жібереді. Биге Орақ та қосылады. Ысқырық әуенмен біраз билейді*). Әй, жолдастар! Осы әніміз үшін, осы биіміз үшін жүз-жүз грамнан алып жіберсек қой!

Ертай. Әй, мынауың орынды ұсыныс. Отчет-матчет деп шаршадым. Подкрепиться надо! Менің запасымнан құйып жіберіңдер! (*Көлбеңбай лыпылдап бір жақтан рюмкалар мен арақты шығара қойып, құйып-құйып жібереді*).

Қалақ. Кеттік!..

Ертай. Кетсек, кеттік!..

Орақ. Е, сендер нетіп жатқанда мен кәйтем, мен де сөйтем ғой!.. *(Барлығы қағып-қағып салады. Көлбеңбай да ішіп тастап, жылдам рюмкаларды толтырып қояды).*

Ертай *(ысқырып салған әуенмен).* Да-ба-да-да-ба-да-а!..

Қалақ *(қосылып).* Думба-дунға-думба-дунға... *(Орақ үстел бетін барабанша ритммен ұра бастайды. Көлбеңбай бір шетте ысқырып, билеп жүр).*

Ертай. Әй, тездетейік баратын жерімізге...

Қалақ *(қолын шапалақтап).* Бір минут! Менде бір тост бар! Сосын кетеміз... *(Бәрі рюмкаларды алады).* Әй, жігіттер! Анасының бақыты... біздің өстіп барабандатып, өндетіп жүргеніміз денсаулықтың арқасы. Сол денсаулықтың арқасында, міне, қызмет істеп, бала-шаға асырап демекші. Дегенмен талай жылдар бойы жас тайларша тебісіп өскен досымыз Орақтың семейный жағдайы бүлініп, менің жаныма батып жүр. Қырықтың қырқасына шықса да, әйелі екеуінің қырқысуы таусылмайды. Араздасады — қайта қосылады. Араздасады... Араздасқан сайын ажырасам деп бұл шығады, басқа қатын әпермек боп біз шабыламыз! Бірақ бір жолы болмай жүр еді, міне, бүгін жолы оңынан болайын деп тұрған сияқты! Сол үшін алып тастайық! *(Бәрі ішіп қояды).* Бірақ, сен Орақ, бұл жолы бұлтарып кете алмайсың! Бұл қатын бір ұстаса, ұстаған жеріңнің соғын шығарып жібереді. Керек болса, бес балаңды анау бестолковый әйеліңмен қоса қолына алып алуға күдіреті жетеді! *(Ертайға).* Солай ғой, ә, Ереке? Сен де білесің ғой оны?

Ертай. Білгенде қандай! Кім білмейді? Мощный келіншек... Бағы жанатын болды досымыздың. *(Ораққа).* Өзің айдаушысы боласың, әйеліңді үй жұмысына салады. Балаларыңды элитный интернатқа береді. Сенің досың ретінде бізге де жаман болмас!.. Әй, осы менде де бір тост пайда болды! Құйыңдаршы, реті келгенде айтып жіберейін! *(Көлбеңбай лып еткізіп рюмкаларды толтырып қояды).* Орақ, осы достарыңның бүгінгі жиналып отырған жиыны — сенің қамың. Сен де біз сияқты дұрыс өмір сүрсе екен дейміз. Әйтпесе, қарашы-ей, әйеліңмен тіл табыса алмай вечно мүсәпір боласың да жүресің! Үйіңе достарыңды шақырмақ түгілі, кейде өзің де кіре алмай, алыстан айналшықтап жаутаңдап, тентіреп кетесің. Сен ғой біздің үйлерімізде апта сайын қонақсың. Ал біз, достарың сенің үйіңе бір рет те бармаппыз?!

Орақ. Болдыңдар ғой үйде...

Қалақ. Қашан?..

Орақ. Әйелімнің әкесі қайтыс болғанда...

Ертай. Жарайды, жарайды!.. Менің тостым мынау: құдай сені еркек қып жаратты ма — еркек бол! Әйеліңнің шөре-шөре дегеніне еріп ешкі болып кетпе! Еркек ретінде өзінді нық ұстасайшы! Сен үшін! Еркектер үшін!

Қалақ. Бақ, айтасың!.. *(Бәрі өре тұрегеліп, соғыстырып ішін қояды. Көлбеңбай да қағып салып, артында бос рюмкаларды толтырып қояды. Өзі әдеттегідей ысқырып әндетіп, билеңкіреп шетке ығыса береді).*

Қалақ. Ә, анасының бақыты, біз баратын жерімізді ұмытып кетпейік! Кеш болды, аттанайық!?

Ертай. Тұра тұр, тұра тұр! Біздің мероприятиямыздың негізгі геройы — Орақ! Сол бір тост айтсын! Е, әйтпесе өкпелеп қалады! Сосын жүрейік. *(Ораққа).* Е, герой Орақ, сөз айт!.. Герой болғаныңа... Орақ десе, Орақсың... ілмиіп, бүкірейіп... тұрысын қара! Ей, көтерсейші еңсеңді, көрсетсейші анау құдай берген ұзын тұра бойыңды! Бүкірейме — қыздар қарамай қояды! Ал айт айтатыныңды! Бірақ как всегда, философиялатып былжырап кетпе!

Орақ *(ойланғандай, терең дем алып, аспанға қарап аздап үнсіз тұрады).* Мен... өз тағдырыма... ризамын. *(Көңілі босап, даусы дірілдеп).* Менің осындай достарымның болғанына! Әр уақытта бір шәугім шәйді бөліп ішіп, талай қыздарды... то есть... қызықтарды бірге көріп, сосын, иә, бірге көрдік қой! Рақмет! Рақмет сендерге, рақмет сендердің ата-аналарыңа! Ата-бабаларға!.. Жатқан жерлері жарық, топырақтары торқа болсын!.. *(Пауза. Көлбеңбай бетін сипайды. Оған қарап басқалары да беттерін сипайды).* ...Кейде ойлаймын мен: егер де кезінде біздер алғаш кездесіп, танысқан жерімізде кенеттен кездеспеген, таныспаған болсақ, әрқайсымыз өртүрлі жолмен кетіп қалсақ!.. Планеталар бір-бірімен кездеспейтіні сияқты!? Қандай өкінішті болар еді!.. Бірақ біз кездестік! Ризамын!.. Ризамын тағдырыма!.. *(Пауза. Көзіне жас келгендей үндемей тұрып қалады. Көлбеңбай беторамалымен бетін басып, екі бүйрегі бұлк-бұлк етіп, бүкірейе бұрышқа сүйенеді).*

Қалақ *(көздерін сипалап).* Анасының бақыты!..

Орақ *(жалғастырып).* Ризамын!.. Ризамын халқыма! Уәде беремін!.. Мынау күшті әйелге үйленемін деп! Үйленіп алған соң... көрсетемін мен сендерге... көмекті!.. Аямаймын!.. Ондай

крутойларды қолдау үшін немді аяймын! Аяған нәрсемнің атасына нәлет!.. Бірақ бір өтінішім бар сендерге... Жан достарыма айтпағанда кімге айтамын өтінішімді... Түсінеді ғой деп ойлаймын сендерді... Ол өтінішім... Менің балаларым мен өз әйелімді... анау... күшті әйел қолына алмай-ақ қойсыншы?! Оларды аяймын, жаным ашиды!.. Мен жалғыз өзім-ақ бара берейін... құрбан болып. Өтінем, е, Қалақ, сөйлесші?!

Қалақ. Мен айтып қойдым ғой! Енді не істеймін? Одан обратной дороги нет!..

Орақ. Өтінемін, е! Мен өзім жан пидә!..

Қалақ. Енді бара көрейік. Сенің бақытыңа қарай семьяң түгілі, ол сенің өзінді де қабылдамай қоюы мүмкін! Все таки, богатая барышня!..

Орақ. Түу! Жүрегімді орнына түсірдің! Рақмет! Жүр онда, кеттік!..

Ертай. Ей, сен алдымен тостыңды айтып бітірсейші?

Орақ. Иә, тостыны аяқтайтын болсам... Мынау бара жатқан аса маңызды, аса күрделі, аса жауапты сапарымызды әбүйірмен атқарып, аман-есен қайту үшін алайық. *(Бәрі алып қояды. Көлбеңбай автомат сияқты рюмкаларды тез толтырып қояды. Телефон шырылдайды. Ертай телефонды алады).*

Ертай. Да!..

Телефондағы дауыс. Ертай Егембердиевич! Службы охраны беспокоит... Из Центрального пульта звонили. Объект сдается под сигнализацию. Вам необходимо покинуть помещение!

Ертай. Түсінікті! *(Телефонды қояды).* Естідіңдер ғой?.. Көп отырып қалыппыз! Тостыны қысқа айт деп еді-әй, Орақ-ай!.. *(Толы рюмкаларға қарап).* Әй, мынаны әлі алмағанбыз ба?! Әй, Орақтай, көп сөйлеп!..

Орақ. Әні, тағы да мен кінәлімін!..

Ертай. Ал алып қояйық! Қалдырған обал болады! *(Бәрі алып қояды).* Кеттік, көні! Қайда?! Қайда әлгі... біз қайда бара жатыр едік?

Қалақ. Әй, мен де қызып қалыппын! Ол қатынды танымай қалмасам болғаны!.. Танымай қалсам, Орекеңе басқасын таныстыра саламыз!.. Какая разница! Ө, Орақ?..

Орақ *(саусағын шошайтып сұс көрсетеді. Сосын оны Көлбеңбайға қарай шошайтып).* Музыка!

(Көлбеңбай ысқырып таныс әуенді салып, билей жөнеледі. Ертай мен Қалақ оған қосылады. Орақ стол бетін ұрып «барабан соғады». Қараңғылану).

Екінші көрініс

Үлкен бөлме. Үй жиһазы бұл жерде бай адам тұратындығын көрсетеді. Диванда Орақ ұйықтап жатыр. Ортадағы үстел үстінде әртүрлі ыдыстар, бөтелкелер — кешегі кештің нышаны. Көрші бөлме жақтан краннан аққан судың шуылы естіледі. Орақ оянып кетіп, тұсінбей, бөтен жерде жатқанын көріп, шұғыл тұрып отырады. Бейжай.

Киімін іздейді, таппайды. Көрші бөлме жақтан осылай қарай жүрген адам аяғының тықылы. Орақ көрпені жамылып жата қалады. Бөлмеге талдырмаш, әдемі келіншек кіреді. Ұйықтап жатқан адамды оятып алмайын дегендей абайлап қимылдап, үстел үстінен артық бөтелкелерді алып шығып кетеді.

Орақ (көрпенің астынан басын қылтитып). Мынау!.. мынау... «мынау!» ғой?! Әй, менімен таныстырмақ болғандары осы ма?! Бұл нәзік қой, крутой емес! «Бизнесмен» деп еді? Мынада ондай дене жоқ. Мығым болмай ма олар?.. Әлде?.. Басқа жаққа түсіп кеткен жоқпыз ба?.. «Басқасына таныстыра салам» деп еді Қалақ? (*Ашулана бастап*). Ол вечно, әйтеуір, бәрін жол-жөнекей өзгерте салады! Согласовать етпейді... Мен... не, бәріне бірдей сай келе беретін универсальный запчасть емеспін ғой! Маған... маған айтылған деловой әйел болмаса, не керегі бар басқасына әуреленіп?!. (*Есіне түсірмек болады*). Кеше анау Ертайдың кабинетінен қалай шықтық? Әйтеуір, ысқырып, қышқырып, үстелді тоқылдатып әндетіп жатқанымыз есімде. Одан қалай шықтық?.. Көшеде машинаға мініп жатқанымыз... еміс-еміс. Одан ары пустота. Сосын бір үйге кіріп жаттық, қарсы алған әйелді бәріміз бас салып құшақтап, кезек-кезек сүйіп жаттық. Бірақ оның түрі есімде жоқ, силуэті ғана көз алдымда. Одан кейін не болды?.. Ә, айтқандай, тост айтып, сөйлеп тұрғаным бұлыңғыр есімде. Өзімше оратормын — қайдағы терминдермен, мақал-мәтелдермен майын тамызып... Өзіме ризамын... Бөгелмеймін... Бәрі төңті боп тыңдап отырғандай! Бірақ «қой, болды, бітір!» деп Қалақ ыржақтап түрте берді... Сөйтіп, сөзімді бітірдім бе, бітірмедім бе, есте сақтауға мүмкіндік бермеді. Ең соңында ғой деймін, фужер толы шампанды сіміріп тұр екенмін!.. Одан ары қарай?.. Түк жоқ... есімде... Қайда жатырмын мен?! Сол әйел ме, басқа ма?! Әй, достарым-ай, достарым!.. Бейтаныс әйелдің қолына осылай тастап кете салғандарың достық па осы?!

(Көрші бөлмеден келе жатқан адамның аяқ тықылы естіледі. Орақ көрпені қайтадан жамылып жата қалады. Келіншек

кіреді. Подноспен алып келген шәйнек, ыдыстарды үстел үстіне қоя бастайды).

Орақ (көрпенің астынан басын қылтитып). Қарындас!.. Қарындас, кешіріңіз, бұл кімнің үйі?!

Келіншек. Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң!

Орақ. Қайырлы... қайырлы... бұл кімнің үйі екен, білмейсіз бе?

Келіншек. Менің үйім... Түнде бәрін айтып танысып едік қой?

Орақ. Ә, иә... солай ғой ол, түндегі ғой! Ал таңертеңгі басқаша... Қайырлы таң! Менің атым Орақ. Түнде де танысып, айтқан болуым керек, ұмытқан жоқсыз ба?

Келіншек. Жоқ, ұмытқан жоқпын! Ұмытпастай кеш болды ғой!.. Егер ұйқыңыз қанып, тұрам дейтін болсаңыз, киімдеріңізді алып келейін, утюгтетіп қойғам?..

Орақ. Жо...жо...жо...жоқ! Енді ұйықтамаймын. (Келіншек шығып кетеді). Мә...ә! Менің киімдерімді өтектеп қойыпты!.. Бұл мені уже иеленіп алған ғой деймін?! (Үнсіздік). В принципе... неге өйтпеске?.. Мені әп-әдемі келіншек иеленіп жатса!.. Еркек ретінде бағалап жатса!.. Әйелім... өйтпейді бірақ! Көйлектерімді өзім жуамын, өзім өтектеймін... Әй, осы көйлектерімнің жағаларын жууды жек көремін! Кетпейді ғой кірі! Мойнымнан как будто қарамай шығатындай... Мына байғұс та алақандарын күлдіретіп алған болар кірін кетірем деп?.. Өзі бір нәзік, мәдениетті жан сияқты! Көрдің ғой жаңа «Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң!» дегенін. Әй, айналайын... Ну, бірақ көйлекті жуғанда не тұр? Махаббат болмаса?.. Арамызда махаббат ояна ма, оянбай ма? ...Қытықтап көру керек қытығы бар жерді! Оянып кетуі мүмкін!

(Келіншек Орақтың киімдерін алып кіреді де, орындықтың арқасына іледі).

Келіншек. Жуынып-шайыну бөлмесі мына жақта. (Бір шеттегі есікті сілтейді, қайта шығып кетеді. Орақ тұрып, киімдерін алып жуынатын бөлмеге кетеді. Сәлден соң оның унитазға су жіберген, сосын су ағызып жуынғаны естіледі. Бір кезде көңілді ыңылдап ән сала бастайды. Киініп қайта шығады. Киімдері жаңа тігілгендей, әп-әдемі, үтіктелген. Ол айна алдына барып өз келбетіне сүйсіне қарайды).

Орақ. Мелочь, но приятно!.. Однако!.. Адамның тек сыртқы киімдерін ғана емес, ішкі жан дүниесін, сезімін, пиғылын, ойын, іс-қимыл әрекеттерін өстіп әдемілеп үтіктеп қоюға болатын болса! Сонда, мысалы, ойы жаман біреулер жаман сөз айтып жатса, «Е, жолдас, сөздеріңді барып үтіктеп келші!» деп қайтарып

жіберетін... *(Ол айналасына зер сала қарайды)*. Оу, мынау кәдімгі стандартный пәтер емес қой! Салтанат сарайы!.. Мен осы түлен тұртіп «Рахат палас» мейрамханасына кіріп кеткен жоқпын ба?! *(Терезе алдына барады)*. ...Мәссаған! Қайдағы «Рахат палас!» Таудың төбесінде тұрмын ғой?! Мынау үйді үшкір таудың үстіне қалай салған десеңші!.. Төменге қарасаң басың айналады... Үйдің өзі неше қабат?.. Мен ең үстінде тұрмын... Миллионердің дачасы екендігі анық. Миллиардер болуы да ғажап емес! Е, қазақ үшін миллионер таңсық болып па! Екінің бірі... Не де болса, мейлі. «Е, ондайларды да көргенбіз!» деп кейін айтып жүретін болдым.

(Ол айна алдына келіп таранады. Киген таза киімдерін сипап, қағып, масаттанып, өзіне-өзі көзі тоймай тұрғандай сүзіле қарайды. Келіншек шай алып кіреді. Үстел үстіне дастарқан жасап, Орақтың отыруын күткендей ишара білдіреді. Орақ отырады).

Келіншек. Шай алыңыз!..

Орақ. Рақмет!.. Киімдерімнің реңі кіріп қалыпты.

Келіншек. Өзіңіз де реңсіз емессіз!..

Орақ. Да?! *(Қуанып, мақтаныш сезіммен)*. Да!.. Бала кезімде ауылдың кемпірлері де сіз сияқты мақтайтын. «Реңді боласың, өйткені танауың кең, мұрның үлкен!» дейтін. «Мұрынды еркек мүйізді бұғы сияқты сымбатты келеді» деуші еді. Мен әлі күнге дейін түсінбеймін соны?.. Айтқандай, мен үшін ең маңыздысы сыртқы әдемілік емес. Сыртқы әдемілік ол көйлекті жуып, үтіктеп қойған сияқты...

Келіншек. Кеше кеш бойы осыны айтқансыз!

Орақ. Кеш бойы?.. Жалпы, бар ғой, мен тұйықтау адаммын. Ішкі сырымды кім көрінгенге жайып сала бермеймін. Автобиографиям, состав семьи, туған жерім дегендей. Не қылам бір балам, бір қызым бар, әйелім бар екендігін айтып? Құдайға шүкір, балаларымның садиктегісі — садикте, мектептегісі — мектепте. Әйелім пекарныйда. Нанға тоқпыз. Әйелім шығыстан, мен батыстан. Высшее образование екеумізде де. Жүріп жатырмыз жұрт қатарлы... Енді үй болған соң... Қалай деуші еді: «Ыдыс-аяқ сынбай, кровать сықырламай тұрмайды!» деуші ме еді? Ұрыс-керіс дегендей ұрыс-керіс жоқ. Тек сөзбен жүйкені құрту ғана! Әйтпесе... проблема жоқ... Айтып отырмын ғой, мен ішімдегіні лақ еткізіп ақтара салудан аулақпын. Сондықтан түні бойы сөйледің дегеніңіз... ұят болған екен!

Келіншек. Несі ұят?

Орақ. Енді ұят болмағанда... Өзіңіз айтыңызшы, адам сөйлей бергеннен кейін ішкі дүниесі ашылып қалмай ма масқара болып? Егер ол жағы топалаң болып жатса?.. Бірақ, әрине, мен ішкі дүниемді құпия деп отырған жоқпын. Оны көрсетуден ұялмаймын да, құдайға шүкір! Бір жағы жаным таза, адал еңбекпен ғана күн көрем, коррупциялық істерге қатысым жоқ деп мақтану да, менімше, нескромно!.. Кешегі жағдайды айтсақ... Айып етпеңізші!.. Ішпесең тағы болмайды. Достарыңмен тіл табыса алмайсың. Трезвый болсаң тіл күрмеледі. Қалай жүз грамм жүріп кетті, тіл өзінен-өзі сөйлей бастайды! Сөздерді қайдан табатынын білмейсің ғой! Жаңа ғана бір-біріне бедірейе қарап отырған еркектер жүректері елжіреп қимас дос, сыйлас жолдас боп шыға келеді! Жүрекжарды сөздер мен тостылар таусылмайды-ау!.. Біздің мылжың сөздерімізге құса болып, түні бойы ұйқы көрмеген шығарсыз?

Келіншек. Жоқ, мен ұйықтадым!

Орақ. Қалай? Дұрыс ұйықтадыңыз ба?.. Ешкім мазалаған жоқ па?

Келіншек. Жоқ.

Орақ. Мен ше?.. Мен тек осы диванда ұйықтадым ғой?

Келіншек. Жоқ. Алдымен анау бөлмедегі менің кроватима жаттыңыз.

Орақ. Қалай?

Келіншек. Жұрттан бұрын қызып, жұрттан бұрын ұйықтап қалады екенсіз. Содан соң сонда жатқыза салғанбыз...

Орақ. Иә, иә, ондайым бар...

Келіншек. Сіз ұйықтап қалған соң екі досыңыз тағы да біраз гуледі емес пе!

Орақ. Белгілі ғой... Көздерінен сәл таса болсам болғаны беттерімен кетеді. Мен ғой оларды так-так деп ұстап, адам ғып жүрген!.. Иә, сонымен?..

Келіншек. Сізді маған үйлендіруге келдік дейді. Екі жақтап сөз салды...

Орақ. Үйлендіргенде!.. Мен ұйықтап жатқанда қалай үйлендірмекші?!

Келіншек. «Еркекті ұйықтап жатқанда үйлендіру оңай!» дейді ғой олар. Қасына жатып алсаң болды, таңертең оянғанда ешқайда бұлттарып кете алмайды екен!..

Орақ. Иә?!

Келіншек. Сіздің қасыңызға зорлап жатқызды! «Көзімізше қойнына кірмесең, біз үйге қайтпаймыз!» деп сенделіп жүріп алды...

Орақ. Иә?!

Келіншек. Жатуға тура келді...

Орақ. Со... со... сосын... олар кетті ме?..

Келіншек. Кетті ғой, әйтеуір...

Орақ. Кеткені қалай?.. Светті өшіріп кетті ме?

Келіншек. Бәрін-бәрін қолмен қойғандай дайындап... мүмкіндіктерді жасап... Тек... *(Пауза. Орақ қолайсыз толғаныста, бірақ әлденелерді есіне түсіре алмайды. Орнынан оқыс тұрып, ұйықтайтын бөлменің есігінен ішке қарап азын-аулақ тұрды. Одан кейін жол-жөнекей диванға оқырая қарап қайта отырады).*

Орақ (батылсыз). Егер... бір ұятсыздық жасасам... кешіріңіз!

Келіншек (күледі). Ештеңе етпейді!.. Ер жігіт болған соң...

(Орақ ыржаң-ыржаң етеді. Екеуі үнсіз шай ішеді).

Орақ (бір кезде). Бірақ менің түк есімде қалмапты?!

Келіншек. Есте қалатындай болмаса, әрине...

Орақ. А, иә, солай ғой!.. *(Кенет басын жұдырығымен тұйып қалады).* Мен қандай ақымақпын! Есек десе, есек! Қалайша мынадай мүмкіндікті пайдаланбай!.. Айтыңызшы, кімнің қойнына кім өздігінен келіп жатып жатыр, а?! Мен бар ғой... Мен осындаймын! Талай рет құдайдың өзі осылай жеткізіп тұрғанда... ақырына дейін жеткізбейтін өзім ғой!.. Міне, бүгін түнде де!.. Айтқандай, қасыңыздан неге кетіп қалдым?

Келіншек. Ұйықтап жатып сандырақтап сөйлейді екенсіз! Түні бойы әйеліңізбен ұрсысып шықтыңыз! Сіз сөзге шебер екенсіз, жеңілмей қойдыңыз әйелден! Небір есте қалатын сөздерді айттыңыз! Бір кезде «Нервімді жеп біттің!» деп бұрқылдап тұрдыңыз да, мына диванға келіп, шешінбестен қисая кеттіңіз. Шешіндіруге тура келді...

Орақ. А?! Қарсыласып ештеңе деген жоқпын па?!

Келіншек. Дедіңіз...

Орақ. Мә...ә! Бүлдірген болармын?..

Келіншек. Шалбарыңызды шешпек болып балағыңыздан тартып жатсам, «Иди, собака! Не кусай» деп қолымнан теуіп жібердіңіз!..

Орақ. Собака?! Қайдағы собака? Ондай иттігім бар екенін білмеппін!.. Біртүрлі... *(Азырақ үнсіздік).* ...Мен оларға айтып едім, «семья болған соң әртүрлі кикілжіңдер бола береді» деп... Міне, мынадай болды... Дегенмен оған дегенде енді определенный сезім дейміз бе, қалай... бар ғой! «Сүйем» демесем де, «жақсы көрем» дегеннің уровенінде ме екен... Тіпті олай да емес,

қалай десем болады?.. «Сыйлаймын» десем бе екен? Мүмкін, осы айтқандардың бәрі бар шығар?! Ал аналар болса «сені үйлендіреміз» деп болмай ертіп келді. Нервім кеткен кезде, әрине, оған қарсы емеспін, бірақ в принципе...

Келіншек. Кім туралы айтып отырғаныңызды білсек...

Орақ (*қынжыла, шорт кесіп*). Да, әйелімді айтамын дә! Бұрынғы... то есть кешегі... то есть... көзіргі!

Келіншек. Сүйгеніңіздің, жақсы көргеніңіздің түрі қызық екен!

Орақ. Басқа түрін қайдан табам?! (*Пауза*). Рақмет, шайыңызға!..

(*Келіншек үндемей ыдыстарды жинастырып, асханаға алып кетеді. Орақ орнынан тұрып, біраз селтиіп, қайда жүрерін білмей тұрып қалады*).

Орақ (*әлдебір кеңістікке бағыштағандай*). Айтшы, осы мен шексіз кеңістіктің қай өлшемінде тұрмын? (*Пауза*). Жауап жоқ. Жарайды. (*Келіншек кеткен жаққа қарап*). Киімдерімді жуып, үтіктеп берді, тамағымды тойдырды! Енді маған не керек? Тайып отыру керек. Айтқандай, бір боксер қонаққа барып жақсы күткен үй иесіне өте риза болғандағы айтқаны екен: «Тамағыңды бердің, арағыңды іштім, мақтап-мадақтап айтқан сөздеріңе көңілім өсті. Енді сол үшін менен ескерткіш сыйлық ретінде тұмсығыңа коронный ударымды қалдырсам қайтеді?!» — деп... (*Ішегі қата күледі*). Бірақ мен боксер емеспін... Біртүрлі... түні бойы қасында жатсам да естелік ретінде... бір рет те дұрыстап... сөйлесе алмағаным!.. Ішімде бірдеңелер жыбыр-жыбыр етеді. Олар ұят-аят, намыс, мораль сияқтылардың жаңбыр құрттарындай әлсіз жыбыры шығар? Кеше түнде бұл бейтаныс үйге қандай күйде келгенімізді құдай білсін! Сол ғажайып бейнемді мына келіншек бетіме салық етіп баспай тұрып табанымды жалтыратайын... Ой, әйтпесе мынадай жылы-жұмсақ жағдайға тез үйреніп қалатын әдеті бар ғой адамның!.. Өлде жігіттердің көңілдерін жықпай көне салсам ба екен осыған? Адам ретінде ердей алып кеп таныстырды бұл келіншекпен! Несерьезно как-то безрезультатно кете салған! Е, бай әйелдерді паналап жүрген жас жігіттер аз ба?! Одан ұялатын не бар? (*Келіншек келеді*). Мүмкін болса?.. Мен жаңа осында жалғыздан-жалғыз тұрып терең ойға кетіп, бір боксер досымның айтқаны есіме түсіп өзімнен-өзім күліп алдым! (*Даурыға күледі, келіншек жымиғаны болмаса, күлмейді. Бұл күлкісін кенет тыя қояды*). ...Үйіңізде құдайы қонақ боп қонып шықтық... Киімдерімді қатырып үтіктеп қойыпсыз...

Тамақтанып алдық... Дәмді екен... Мен бірақ осылай пісіре алмаймын. Әйтпесе сізді шақырып... Ә, енді не сұрайын деп едім сізден?.. Мен өз жөніме кетейін, егер сіз?.. Бірақ біртүрлі жөнсіз сияқты сіздің атыңызды білмей кеткенім?!

Келіншек. Түнде сұрап алып едіңіз ғой! Төрт рет!.. Жазып та алғансыз...

Орақ. А?! Иә, солай... сөйткен екем ғой! Дұрыс... енді есіме түсе бастағандай... Сонымен, сөйтіп... мен қайтайын. Жедім, іштім. Басқа не керек? Басқа қызмет түрлерін... бұл жолы көрсете алмасам да, кейін жолы болар. Кеттім!

Келіншек. Сау болыңыз!

Орақ. Жақсы, өте жақсы! (*Қолын ұсынады, келіншек те қолын береді*). Жақсы... жақсы... Мүмкін болса, тағы бір айтайын дегенім... Мен туралы басқаша ойлап қалмаңызшы!? Біз бір көргеннен... былай... нетіп... қалай десе болады?.. Құлай салмау керек!..

Келіншек. Құламаңыз!..

Орақ. Үлкен рақмет!.. Тырысып жүрмін ғой! Әйтпесе өзіңіз білесіз арты қандай болатынын!.. (*Шығуға беттеп, тоқтайды*). Мен сіздің телефоныңызды жазып ала салайыншы? Мало что...

Келіншек. Жазып алғансыз түнде! Төрт рет...

Орақ. Төрт рет!.. Түк есте жоқ!.. Да, иә... Айып етпеңіз! (*Бұрыла бере қайта тоқтайды*). Осы кезде бар ғой!.. Қоштасар сәт!.. Көңілдер алабұртып, жүректер дук-дук соғып!.. Сол кезде Гендельдің музыкасы бар күшімен ойнаса!.. Міне, романтика!.. Қос жүректің бір-біріне ұмтылып, әлдененің дәмін татқысы келетіндей!..

Келіншек. Гендельді түні бойы тыңдадыңыз ғой!

Орақ. Сонда?! Түні бойы тыңдасақ, оның сізде болғаны ғой?! Бірақ менің неге есімде жоқ? Ештеңе есімде жоқ...

Келіншек. «Гендельді тыңдап отырған осы бір кезді өмір бақи ұмытпаймын! Өйткені мен шексіз бақыттымын!» деп едіңіз ғой?

Орақ. Иә... иә... сөйтіп құдай ұрған болар мені!.. Ал мен қайтайын! Жақсы... Сау болыңыз! (*Бірақ орнынан қозғалмайды*). Қалай дегенмен бар ғой... тамаша екен!.. Гендельдің болғаны!.. Ә... қай шығармалары бар сізде?

Келіншек. Сізге қайсысы керек?

Орақ. Мә!.. Барлық шығармалары, ә? Сіз қайда жүріп генделист болғансыз?

Келіншек. Бойдақ келіншек не істесе өз еркі! Қандай музыка тыңдайды — онда ешкімнің шаруасы жоқ!..

Орақ. Мен білмеймін. Мен әлі ол жағын зерттеп көрген емеспін. Естігенім тек олай емес, бұлай емес... Мысалы, сіз, айталық, ағаш өсіруді жақсы көресіз, орман салуды армандайсыз делік. Бірақ осы сияқты сырыңызды ең жақын адамыңызға білдіргеніңізде ол «ағаш егіп атаңның атын шығармақсың ба?» деп сықақтап, әрі осындай ойыңыз үшін сізге аяушылықпен мүсіркей қараса сіз не дер едіңіз?..

Келіншек. Ойы іске аспас арманшыл еркек, әрине, мүсәпір. Оның ой-өрісі, іс-әрекеті сол отырғызылмаған орман сияқты... (*Телефон шырылдайды, келіншек трубкины көтереді*). Алло!.. Сәлем!.. (*Ойнақы әзілмен*). Тамаша!.. Көңілді болмағанда! Күшті!.. Бір минут көз ілмедік... Әлі тұрған жоқпыз... Міне, қасымда... (*Ораққа, күле*). Жаным, сені телефонға шақырып жатыр! (*Трубкины ұсынады*).

Орақ (*трубкины алмай тұрып, түсінбей*). Кім бұл? Кім бұл?! Маған ба, маған ба?! Ой!.. Мен туфлиімді шешейін! (*Есік алдына барып туфлиін шешіп, қайта келіп келіншектен трубкины алады*). Алло!.. А, Қалақ!.. Не?! Турсиі несі?! Туфли... е, енді біз туфлимен... нетіп... енді маған жалаңаяқ тұр дейсің бе?! Е, енді... осындай жағдай болса көйтем?.. «Осындай жағдай болса көйтем» деймін? Мына кісіге рақмет қайта!.. Туфлимен жатып қалсам да... неғылмағаны!.. Қумағаны... Қайта көшеден бір бейшара бомжды тауып алып келіп тазалағандай... тазалап қойыпты менің киімдерімді!.. Ол жағы?.. Қалай десем болады? Е, енді кездескенде айтайыншы, е, кездескенде?.. Кәзір неудобно! Кездескенде дедім... айтайыншы? Жалынамын!.. Түу! Қоймадың ғой! Кеше өздерің осында қалып, өз көздеріңмен көрмедіңдер ме?.. Енді... шықсам, шыққан шығармын... Оны есептеп жатыр дейсің бе!.. Сенің бұл мәселеге отношенииң біртүрлі анайы... натурализм... Қанша тыңдасам да тоймаймын! Она — сама совершенства!.. Уақыт көрсетеді... Қалақ, жарайды!.. Жарайды!.. Слушай, неудобно, дама ждет!.. (*Трубкины қояды. Пауза*). Қоймайды сұрап... жағдайды. Білгісі келіп барады... Айтқандай, жаңа сіз, случайно, қателескен жоқсыз ба?

Келіншек. Қателескені несі?

Орақ. Маған телефон трубкасын ұсынғанда не дедіңіз?

Келіншек. «Сізді телефонға шақырып жатыр» дедім. Онда тұрған не бар?

Орақ. Жай... Ештеңе жоқ... (*Өз-өзіне*). Странно!.. «Жаным» дегендей болмады ма? Бірінші рет естуім мұндай сөзді!.. Жаңсақ

естісем... солай болғаны дә!.. Достарым мені кімге теңейтінін білесіз бе?

Келіншек. Гендельге теңейді, әрине!

Орақ. Түу!.. Аямайды екенсіз!.. Қайдағы!.. Есекке теңейді!.. (*Келіншек күлер-күлмесін білмейді*). Да!.. Мультфильмдегі сентиментальный есекке... (*Ойлана*). Жалпы жағымды герой. Маған біртүрлі ұнайды да... теңегендері. (*Кенет қатқылдау үнмен*). Сұңқарға, арыстанға, қасқырға... тағы сол сияқты қайдағы жоқ жыртқыш аңдарға теңеу тіпті ақылға сыймайды! Айтқаным дұрыс па?! Кәне, тауып беріңізші көкжал қасқыр жігітті?! (*Қолайсыз пауза*).

Келіншек (*батылсыз*). Іздеп көрейін... жарайды...

Орақ. Мә!.. Мен сізге ізде деп тұрмын ба? Менің айтқанымды істеймін деп аңшы боп кетерсіз!..

Келіншек. Егер әлгіндей аңдарға сай келер біреулер кездесе неге аңшы болмасқа?! (*Пауза*).

Орақ (*қайта сентименталды қалпына келіп*). Әрине... Сіздей әдемі келіншекке тең бе екен... есек... Құлағы салпыып... байғұс... (*Кенет*). Кстати! Мен бір нәрсені ұмытып кетіппін!

Келіншек. Нені?

Орақ. Үйіме қайтуды!..

Келіншек. Иә?.. Енді есіңізге түскені қандай жақсы болды!

Орақ (*құрсініп*). Сол есіме түспей-ақ қойғаны одан да жақсы болар еді!.. (*Пауза*). Ес деген ол кірмелі-шықпалы екен ғой. Біресе кіріп келе жатады, біресе шығып бара жатады. Қарамайды сенің жағдайыңа. Мен есім кіргенде ойшыл бола қалатын әдетім бар. Мысалы, кәзір есім кіріп еді, небір ойлар басыма сыймай кетті: үйге қайту-қайтпау туралы, қоғамдағы жанұя, жанұядағы әйелдің рөлі туралы, дүниеде болып жатқан дағдарыстар және ондағы Америка Құрама Штаттарының рөлі туралы, тағысынтағы көптеген ойлар... Сол ойлардың ерекше біреуін сізге жіліктеп, талдап бермейінше кете алмайтын шығармын деген ой мазалап тұрғаны... Айып етпейсіз бе?

Келіншек. Мазасыз ойыңызбен кетіп қалсаңыз, мен де өзімді кешірмеймін!..

Орақ. Ой, рақмет, рақмет! Сіз қандай... қандай қатқан адамсыз! (*Терең ойға кеткендей позада сәл үнсіз тұрып қалады*). Бұл... мынадай ой!.. Жұртты толғандырып жүрген ой!.. Қарайсың: бұл дүниеде барлық мүшелері сайма-сай, бірде-бір деталінде кемістік жоқ, былайша айтқанда, мировой стандарттың барлық параметрлері осында келіп түйісіп жатқан сияқ... қылды. Ол

тек сыртқы форма ғана емес, ол өзінің ішкі бай дүниесі мен материалдық... і...і... состояниесінің дейміз бе, қалай, ұласып, ұйқасып, ұй... ұйпа... Өзіңіз де түсініп тұрсыз ғой ұйпа-тұйпасы шығып кеткенін!.. Табиғат ол — гармония, гармония ол — сұлулық! Сұлулық ол... сіз маған табиғатты есіме түсіріп тұрсыз! Өкінішке қарай, табиғатты бағаламайтын заманға жеттік. Экология, адам болмысы — бәрі өзгеріп барады! Әйтпесе бар ғой... (*Келіншекті нұсқағандай*). Осындай табиғи, бұзылмаған... нені... табиғатты иесіз, қожайынсыз қалдырып не көрінді... адам баласына! (*Келіншек қатты күледі. Орақ та оны қоштап, әсіре күлкімен шиқылдап күледі. Күлкілерін бір сәтте қояды*). ...Айтқандай, бұл жерден қандай автобустар жүреді?

Келіншек. Ешқандай автобус жүрмейді бұл жерде... Сізді алып кетуге машина күтіп тұр есік алдында!

Орақ (*секем алып*). Күткені несі?! Қандай машина? Милиция емес пе?! Ешкімге тиіскен жоқпын түнде, құдайға шүкір! (*Жылдам терезе алдына барып, сыртқа қарайды*). «Ланд Крузер!», «Мерседес», «Тойота Камри»... арағырақта тізілген майда-шүйде машиналар... Осылардың бәрі сіздікі ме?

Келіншек. Жоқ, бір-екеуі ғана!..

Орақ. Бір-екеуі ғана!? Бір стақан су ішуге бола ма?

Келіншек. Мүмкін... жүз грамм?

Орақ. Жо... жоқ, жоқ! Құдай сақтасын!.. Жалпы мен ішпейтін жанмын. Кей-кейде... албасты басып... осындай біреулерге, бір жаққа барарда батыл болу үшін... (*Келіншек стақанмен су береді*). Су ма?.. (*Сіміріп салады*). Уһ! Қандай рақат таза су ішкен!.. (*Тақпақтап*). Өмір, міне, жалғасады, организмде заттар алмасады! (*Терезе жаққа иек артып*). Е, сіздің үйіңіз бір төбенің қақ төбесінде қоқиып тұрғанын байқап қойғам?..

Келіншек. Иә, қоқиып тұр...

Орақ. Бұл жердің өдіресі де жоқ шығар?

Келіншек. Өдіресі жоқ...

Орақ. Енді қалай? Қалай табады сізді?! Тапқысы келгендерді айтам?.. Бар шығар олар?.. Иә... бірақ тапқысы келгендер табады ғой!.. Мына төбе ғой көрініп тұрған!.. Тағы бір стақан су беріңізші.

Келіншек. Мүмкін... жүз грамм?

Орақ. Жо...жоқ! Айттым ғой мен ішпейтін адаммын деп! (*Келіншек тағы да су әкеліп береді. Бұл тағы да сіміріп салады*). Уһ!.. Қандай рақат! Өмір, өмір жалғасады...

Келіншек. Тағы ішіңіз?

Орақ. Жоқ... Су арақ емес, көп іше алмайсың... болды... Окончательно, кетем мен! Тек айып етпеңіз, анау машиналарыңызға міне алмаймын. Үйренбегенмін. Мына төбеңізден қалай қарай «домалауым» керектігін сілтеп жіберсеңіз болды!

Келіншек. Биіктік жасамай ма домалай салуға?

Орақ. Мейлі. Өле кетсем, «биіктен домалаған» деп айта жүрсін дә жұртым! Қош болыңыз!.. *(Кенет келіншектің иығына қолдарын салып, сосын ебедейсіз құшақтайды).* Мен кетейінші?! Әйтпесе сізді біртүрлі жақсы көріп бара жатырмын!.. *(Қараңғылану).*

Үшінші көрініс

Бірінші көріністегі кабинет, Ертай қағаз жазып отыр. Бір шетте Көлбеңбай креслоға жайғасқан. Телефон шылдырлайды.

Ертай *(трубкины алып, сәл тыңдап).* Сөзсіз бүгін бәрін бітіреміз!.. Дүйсенбі — жұма емес. Дүйсенбі — артында запасы көп күн: сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма демекші... Бітіреміз. *(Трубкины қояды).* Әй, тыныштық бермейді-әй! Тура социалистік жарысқа түскендей... Дүйсенбінің қиын күн аталатыны осыдан екен ғой! *(Көлбеңбайға).* Сен аздап күте тұр. Е, тіпті айлап-жылдап күтсең де мейлі! Бәрібір істейтін жұмысың жоқ. Осылай жұмыссыз көлбеңдеп жүргендер аз ба? Сен байғұс та бір жерде отыруың керек қой! Қайбір иіс-қоңыс қоқыстарды жағалап жүргеннен гөрі мына жер жайлы, таза, жарық әрі жұрт қатарлы ішіп-жейтіндер баршылық. Онша-мұнша әңгіме тыңдайсың! Қауесет өсек тыңдасаң-ақ болғаны, қоғам өмірінің қақ ортасында отырғандай боласың... *(Басын ұстап).* Ой, мына бастың шытынап тұрысы-ай! Осындайда уақыт өтпей, ұйыған айрандай тұрып алады... Айран демекші, шөл де қысып барады. Мұздатқан піскен айран болса ғой, шіркін, кешегі ішкен коньяктар мен шампандарды басып тастар еді-ау, ә?! Запыран бөле қақыратып, кептіріп барады қолқамды!.. *(Кенет Көлбеңбай, қайдан алғаны белгісіз, Ертайдың алдына ұзынша стақан қойып, бөтелкеден сыра құяды).* Оу!? Ө!.. Е, енді!.. *(Әй-шәйсіз сыраны сыңғытып ішіп салады. Көлбеңбай тағы құя қояды).* Ну?! Егер?.. *(Сыраны тағы сыңғытып салады).* Уа...ай! Көзің ашылғыр, көзім ашылып қалды, әй! Тер де шып-шып шығып келеді. Тырысқан-құрысқандар жазыла бастады. Көңілім біртүрлі қуанышқа бөленді... Дос болсаң, міне, осындай бол! Тура өзіңнің бажаң сияқты, бәрін аңлап, түсініп тұратын. *(Көлбеңбай сыра құяды).* ...Иә, менің айтайын дегенім... *(Кешегі қызуы қайта*

көтерілгендей). Мен бақытты адаммын... Менің көп достарым бар. Соның ішінде ең керектісі — сенсің! Қасымда жүрсең, қалмайсың. Қапыда қайдан келе қалатыныңды құдай білсін. Бірақ дәл келесің-ау керек кезінде. Мен шақырмасам да. Ойыма алмасам да... Тіпті бар ғой... аты-жөніңді ұмытып қалсам да... Мүмкін, білмейтін де шығармын... Жүресің-жүресің... Майда-шүйде қызмет көрсетіп... Мен сенің сол адамгершілігің үшін, адалдығың үшін өте сыйлаймын. Сол үшін, өзің үшін, сен үшін, сен сияқты адамдардың бұл дүниеде болғандығы үшін мен алып қояйын тағы да! (*Сыраны сіміріп қояды*). Қан жүгірді, көңіл жібіді. Енді бір музыка болса! (*Көлбеңбай таныс әуенді ысқырып салады. Ертай ысқырып оған қосылады. Ысқырық әуені орган музыкасымен ұласып кетеді. Орақ кіреді. Кіре мыналардың әуеніне қосылып, кирелеңдеп билей бастайды. Мәз. Музыка бітеді*). ...Сен мәзсің ғой сонша кирелең-кирелең етіп?!

Орақ. Мен сияқты ситуацияға түсіп шықсаң, сен де кирелеңдер едің жыланша... Мен ғой, міне, нағыз жігіттіктің арқасында?..

Ертай. Иә, қатырдың. Нағыз жігіттігің сол ма, екі рюмкіге төтеп бере алмай қылжиып қалдың! Сенің сол «жігіттігіңді» жуып-шайымыз деп Қалақ екеуміз өзіміз шайылып кете жаздадық. Дегенмен анау қатын да мықты екен, берілмеді!

Орақ. «Қатын» демесейші...

Ертай. Е, неге? Қатын емес пе екен?!

Орақ. Солайы-солай ғой, бірақ... оның болмысына біртүрлі дәрекілеу ме, қалай?.. «Келінше...ек!» десек мәдениеттілеу болмай ма?

Ертай (*паузадан кейін*). Ал жарайды. «Келіншек» дейміз. Біліп келдің ғой кім екенін...

Орақ (*масаттанып, желпініп*). Сол келіншектің көңілінен шыққан сері жігіт, міне, қара, алдыңда тұр!.. Түсінесің бе сен, мен оған түні бойы ұйқы бермедім ғой, түні бойы! Түсінесің ғой, ә? Әй, несі бар түсінбейтін!.. Тек... таң ата ғана көзім аздап ілініп кетіпті. Әйтпесе... почти, түні бойы!.. Сен оған шыдар ма едің?

Ертай. Сен сияқты бұл істі түсімде көрсем шыдаймын!

Орақ. Ой, қайдағы түс? Түс емес. Келіншектің өзі айтты ғой түні бойы не істегенімді!..

Ертай. Е, не істепсің?

Орақ. Өзің ойлашы, жас жігіт пен жас келіншек түні бойы ұйықтамаса, екеуі де аса... аса сезімтал интеллектуалдар болса не істер еді?

Ертай. Интеллектуалдар?... Әдетте... бір-біріне ақылды екендіктерін дәлелдеуге тырысады.

Орақ. Ақыл? Қайдағы ақыл? Ақыл деген жолда қалды. Біз екеуміз бір-біріне жарасқан сәйгүліктердей, әй, жарыса шаптық-ай! Сен оны білмейсің, түсінбейсің. Ондай рақатты, ләззатты шақты сен еш уақытта басыңнан кешірген емессің!.. Күшті екен-ай!.. Келіншекті айтамын. Ол да көптен бері мен сияқты өз теңімен кездеспей сусап қалған екен. Бір-бірімізге енді сондай бір шап-шақ келіп, ыммен тілдесіп, емеурінмен түсініспедік пе?! Өзі сондай нәзік, үлбіреген, почти, қыздай!.. Тек оқта-текте бір сыңқ етіп күледі де қояды!..

Ертай. Достым, аузыңнан сілекейің ағып суреттей бермей, істің тоқетерін айтсайшы?! Не істедіңдер түні бойы, сонымен?

Орақ (*«түсінбейді екенсің» дегендей тұрмен маңғазданып, пауза ұстайды*). ...Музыка тыңдадық!.. Ол да Гендельді сүйеді екен!

(*Көлбеңбай «түу!» дегендей күйде қалбалақтап, орнынан тұрып кетіп, ары-бері жүреді*).

Ертай (*түсіне алмай сәл отырып қалып*). Біз ойлап отырған мәселені сонда қазіргі жастар «Гендельді тыңдау» деп айта ма екен?!

Орақ. Тыңдасаң, әрине, тыңдадым деп айтасың... Сол, міне... әбден тыңдап-тыңдап қалжырап шаршап қалыппын.

Ертай. Олай болса, сол нағыз азаматтығың үшін неге ішпейміз? (*Көлбеңбай Ораққа да сыра құяды. Ертай аса маңыздана*). Ал, достым Орақ, осы тостыны өз міндетіңді әбүйірмен орындап, үлкен жеңіспен, аман-есен ортамызға оралғаның үшін көтеремін! (*Сыраны сіміріп тастап*). ...Қалай дедің: «Тек оқта-текте бір сыңқ етіп күледі де қояды» дейсің бе?

Орақ. Иә!.. Ләззат алудың да өзінің философиясы, эстетикасы бар ғой. Бұл кейбіреулер сияқты «ах-ах!» деп айқайлап кетпейді екен!

Ертай. Е, айқайлаған да жаман емес, әркімнің темпераменті әртүрлі демекші... (*Телефон шырылдайды. Трубкины алып*). Иә!.. Мен!.. Сәлем, сәлем!.. Иә, осында!.. (*Трубкины алақанымен жауып*). Звондап тұрған законный қатының! Айқайдың философиясын да, эстетикасын да көресің қазір!.. (*Орақ сүмірейе қалады*). Өй?.. Түні бойы нағыз еркектігін көрсетіп келген батырымызға не болды?! Жасыма! Көрсет өзіңнің қандай мықты екендігіңді! Сен жолбарыссың! Өзінің құрбанына атылайын деп тұрған нағыз жолбарыссың! Трубкины жолбарыс мырзаға беремін.

(Трубканы береді). Аса тарихи әңгімелеріңді бәріміз естік! (Екеуінің дауыстары естілу үшін бір тетікті басып қояды).

Орақ (өзін-өзі қайрап, қомданып). Трубкада!.. Трубкада жолбарыс!

Әйел даусы. Жолбарыс?! Телефонға есекті шақырыңыз!

Орақ (беті қайтып, жасып қалады). Сен... сен қорламасайшы... есекті! Тиіспе ол жануарға!

Әйел даусы. Жолбарыс болсаң есекте қандай шаруаң бар? Мен есекпен сөйлескім келеді. Ол сенен гөрі адам!..

Орақ. Сонда да... Маған айтар сөзіңді «есек» деп жеткіздің, сөйтіп есекті оскорбить еттің!

Әйел даусы. Ә, солай ма?

Орақ. Солай... Сен психологиялық экология шебіне аңдаусыз кіріп кеттің!..

Әйел даусы. Онда... онда кешіріңіз... кешіріңізші... (Кенет қатқыл). Ал жарайды, есекке сонша жаның ашыса, сені енді қалай атаймын? Қай мақұлыққа сай боп жүрсің?

Орақ. Түсінесің бе... табиғатта қайбір жануар, мақұлық болсын өздерінің орындары бар, әрқайсысының өзі ерекше, даже... біртүрлі... сүйкімді! Сондықтан оларды ортаға қыстырмай-ақ сыйластығымызды жасай берейік?

Әйел даусы. Е, онда өзің айт, саған қандай құрметті ат қояйын?

Орақ. Құрметті ат болғанда... «Мистер Икс» дей салсайшы. Сол жарасады өзіме!..

Әйел даусы. Десек, дейік. Өзіңнің де қайда жүріп, қайда қонғаның белгісіз, Мистер Икс! (Пауза). Неге үндемейсің, тіліңді жұтып қойдың ба?

Орақ. Иә...

Әйел даусы. Немене «иә?»

Орақ. Сол... белгісіз Икс болған соң өзім де білмеймін белгісіздігімді...

Әйел даусы. Байғұс-ай, ә!.. Сенің тәсілің маған белгілі: ақкөңіл, аңқау болып көріңгің келеді. Анайылық... Анайы болмасаң, жабайы боп кет! Бірақ заңды түрде айырылысқанша қайда жүргеніңді білуім керек, түктен түсіңі жоқ есек!

Орақ. Өне, өне, тағы да тиістің адамның намысына!

Әйел даусы. Намысы бар есек... Официально ажырасқанша қыдырмасаң өліп бара жатырмысың? Өзіңнің сүмірейіп тұрған тұрысың анау. Аузыңа арақ тиер-тимес жираф сияқты сұлап

түсесің! Бір жерде сұлаған күйі о дүниелік боп кетсең мен кіммен ажырасамын?!

Орақ. «Официально ажырасқанша» деп мені көртейгенше ұстамақшысың! Уақытым жоқ күте беретін!

Әйел даусы. Көртеймек түгілі, қазірдің өзінде кімге керексің? Еркек боп жарытып жүргенің де шамалы! Мыжырайған түрің анау, мылжың сөздерің мынау! Табыс тауып, асырап жүрсен бұлардың бәріне шыдар едім.

Орақ. «Табыс» деп... Сенің мойныңда отырмын ба, не?! Керек десең, осы үй-жайдың бәрі кімнің атына, кімнің табысына келгенін есептесейші! Сол жасап берген жайдың өзін лас ұстайсың, жинап, әдемілеп қою деген жоқ! Кесірткенің тіліндей тілінді сумаңдатып, адамның намысын қоздырасың, содан өзін рақат табасың!..

Әйел даусы. Олай болса, үйіңді әдемілеп, әлекей-шүлекейге бөлеп қоятын, тілі жоқ мылқау қатын тауып ал! Енді үйге, маған жолама!

Орақ. Табамын ыммен түсінісетін әйелді! Сөйлемейтін әйел қайта рақат емес пе? Ал үйге... үйге жолаймын, әрине! Менікі!..

Әйел даусы. Кеттің бе — кет! Байдан шыққан қатындар, байға шықпаған кәрі қыздар көп қой — біреуінің қолына кіріп ал!

Орақ. Оны уақыт шешеді... Алдымен өзіңнен құтылып алайыншы!.. (*Кенет армандан*). Ой, шіркін-ай, дүниеде жан сырыңды түсінетін, тіпті... Гендельді тыңдайтын небір жақсы әйелдер болады екен-ау, ө!

Әйел даусы. Е, өлші өлші Генделіңмен бірге! Немістердің өлік шығарарда қоятын музыкасын тірі кезінде тыңдап!.. (*Жылағаны естіледі*). Сен өлсең мен бүйтіп жыламас едім!..

(*Орақ әйелдің жылағанына көңілі босап, төмен қарап, үндемей тұрып қалады*).

Ертай (*сөзге араласып, әзілмен*). Құрметті, мырзалар мен ханымдар! Селектрлік «дөңгелек үстелімізді» ары қарай жалғастырамыз! Отбасында жиі кездесіп, ұрыс-керіс демей-ақ қояйық, «дебат» дейміз бе, қалай, осы проблема жайлы сөзді бұл саланың ортасында жүрген белгілі философ Орақ ағамызға береміз!

Орақ. Дә? Маған ба?.. Күнде-күнде... енді опыт бар ғой, шынында. Ең бірінші, сөз етер объектінің ұғымдық категориясын негіздеп алайық. Күйеуі мен әйелінің арасындағы күнделікті, сағат сайынғы, минут-секунд сайынғы лап етіп жанып, лып етіп өшіп қалатын әңгіме түрін «салғыласу» деп атаймыз. Жалпы

адам тарихымен бірге келе жатқан салғыласу мәселесі кей жерлерде мылжыңдасу түріне айналып кетеді...

Әйел даусы (бөліп). ...Мына сөзіңе қосыламын! Дәл айттың өзіңнің мылжың екендігіңді!

Орақ (мүдіріп). Ой-жүйемді бұзып жіберді!.. Әр уақытта осы ғой... (Ұрсып). Тағы да тидің адамның намысына!

Әйел даусы. Кімнің намысына?

Орақ. Адамның! Менің!..

Әйел даусы (паузадан кейін жай ғана). Сен... сен жолбарыс емессің бе?!

Орақ (амалсыз, ашулы). Өне! Өне! Сөйлесе алмаймын! (Телефонды Ертайға бере сала, басын қос қолдап ұстап, Көлбеңбайға қарай жүреді. Ол да мұны қолдағандай, осындай позада, бір-біріне ілесіп, сенделіп жүре бастайды).

Ертай. Құрметті мырзалар мен ханымдар! Осымен селектрлік «дөңгелек үстелімізді» аяқтаймыз! (Телефонды қояды. Ораққа). Әйелді сөзбен жеңуге — әліңе қарасайшы, ей, жолбарыс!

Орақ. Енді көйтем? Күйіп кетем!

Ертай. Күйме де, үндеме де, тек ешкім жоқ кезде сабап-сабап ал!

Орақ. Сосын ол сені милицияға айдатып жіберсін!..

Ертай. Е, немене, солай болып па еді?!

Орақ. Әйтпесе бекер айтама ба? (Телефон шырылдайды).

Ертай (телефонға). Да!.. Ол кетіп қалды... Ашулы! Түрі жаман!.. Сабаймын дейді!.. Ол үйге жеткенше сен милиция шақырып қойғаның дұрыс қой! Әйтпесе... Да? Уже?! Дұрыс. Сөйтіп тәрбиелемесең болмайды еркекті. Әйтпесе бұзылады. «Бизнесмен келіншектер ұнайды» дегенді шығарды! Сонан кейін ғой өзін жолбарыспын деп атап... Мания мужской силы!.. Абайла!.. Сау бол! (Трубкины қояды. Ораққа). Естідің ғой?! Үйіңе қайтуға көзірше жол жоқ — милиция шақырып қойыпты!..

Орақ (өзінше батыл шешімге келгендей қоқиланып). Болды, болды, шештім!.. Кеттік онда басы бос, жақсы, ақылды, сұлу, көп сөйлемейтін әйелдерге!

Ертай (әсіре әзілмен). Сабыр, сабыр, Орақ аға! Мына түріңмен жолыңдағыларды жол-жөнекей қырып кетесің! Сенің жағдайың мәз емес! Бұл мәселені енді тағы да бір-бір стақан сыра ішіп алып ақылға салмасақ... (Көлбеңбай лып етіп сыра құяды). Ал!.. Рухымыздың биіктігі үшін, ойымыздың ұшқырлығы үшін, басымыздың бостандығы үшін, ең бастысы әйелдердің сұлулығы үшін!..

Орақ (*Ертайдың сөзін бөліп жібереді*). Айтқандай!.. Оның телефон нөмірін сұрап алмаппын!? Хабарласа алмасам, көрмесем кәйтіп оның сұлулығы үшін ішемін?

Ертай. Қойнында болып кеп, хабарласа алмасаң, онда бітті махаббатың! Есіңнен шығар! Біз де көмектесе алмаймыз!..

Орақ. Өзім де сезіп едім ақыры осылай болатынын! (*Армандап*). Қолың жетпейтін әйел қандай сұлу, ә?! Ал қолыңдағы... анаған қарағанда... енді қалай десем екен... Қолыңдағы әйел ол — қолың жетіп тұрған әйел ғой! Түсінбеймісің?.. (*Жыламсырап*). Айырылып қалыппын қараптан-қарап тұрып!..

(*Көлбеңбай тұрып кетіп, теріс қараған күйі жылағандай көздерін беторамалмен сүртеді*).

Ертай. Ой, сорлы-ай, жылана бергенше қолыңды созбайсың ба? Қолыңды созсаң, қолың бірдеңеге жетер еді ғой!

(*Көлбеңбай қолдарын жоғары созады. Әйелдің шашын сипағандай сипайды, сосын оның белінен «құшақтап» билей бастайды. Ертай мен Орақ оған қарап қалады. Орақ Көлбеңбайдың кіммен билеп жатқанын түсінгендей қызғанып, одан алып қойғысы келеді, бірақ оларды ажырата алмайды*).

Орақ (*ашуланып*). Е, қойыңдаршы-ей, ақылгөйси бермей! Мені әлсіз, жігерсіз біреу деп ойлайсыңдар! Өзім білемін... Менің тіпті ондай еместігімді көрсететін стратегиялық ойым бар!.. (*Пауза*). Ол былай: мен әйелімнен ажыраспаймын!.. Екі баламның үстіне үшінші бала болып жұмыс істемей үйде жатып аламын. Ұрса бастаса — құлағымды тығындап қоямын. Жұмсаса — бармаймын, айтса — тыңдамаймын, сұраса — үндемеймін, жыласа — күлемін, отырса — тұрамын, тұрса — отырамын...

Ертай. ...Тамақ іш десе — ішпейсің, тоқта десе — тоқтамайсың, ұйықта десе — ұйықтамайсың, «әй, абайла, басыңды ұрып алма» десе — әдейілеп барып басыңды қабырғаға соғасың!.. (*Пауза*). ...Е, сол кезде есің кіреді!

(*Қалақ келеді. Түрі ұйна-тұйна*).

Қалақ (*абдырап-дабдырап*). Ассалау!.. Бәріңе! Үстеріңнен түскенім қандай жақсы болды. Әйелден әбден ұрыс естідім, анасының бақыты. «Туған күнінде жолдастарыңды үйге ертіп келмейсің бе адам сияқты!» дейді. Үстел үстін жайнатып дастарқан жасап қойған екен кеше. Арнайы қой сойдырып, қазы-қарта, қымыз-шұбат, қара уылдырық, қызыл уылдырық — бәрін дайындап қойыпты азамат әйелім. Мен болған жағдайды айттым. Сөйтсем, азамат әйелім: «Ей, сол қатынды осында ертіп

келіп таныстырмайсың ба!» — деп ұрыспасы бар ма!.. Мені қуып жіберді... анасының бақыты: «сендерді алдыңа салып айдап кел!» деп!

Орақ (*өзімен-өзі*). Бұл қоғамда қатыны қуғандардың қатары көбейіп келеді деген қорытынды жасауға болады.

Ертай. Түу!.. Қалеке, сенің әйелің не деген данышпан! Менің әйелім сияқты... «Барған жерлеріңе мені неге ертіп бармайсың!» деп түні бойы өкпелеп, теріс қарап жатты ғой! Кәзір оған звондайыншы «Қонаққа барамыз!» деп. Қуанып қалсын. Қонаққа барғанды сондай ұнатады. Рухани ләззат алады. Қонақтың сөні болып ән айтады. Айта-айта жұртты аузына қаратып қояды. Тамақ өз жайына қалады!

Орақ. Ал менімен таныстырған әйел ше? Сол күйі атын да білмей кететін болдым!..

Қалақ. Е, оны уже шақырып алды менің әйелім. Кәзір үйде отыр. «Әйелімнің бастығы» деп айттым ғой саған!.. (*Кенет Көлбеңбай қуана ысқырып таныс әуенді салады*). Кстати (*Көлбеңбайды нұсқап*) мына албастыны жақсы көріп қалыпты ол қатын! Таң атпай жатып бұл туралы сұрап жатыр телефонмен. Енді, Ораға, сен оның есебінде жоқсың! Кешірі!.. Өзің кінәлісің, әйелдің қасында жатып алып Гендельмен айналысқан!.. (*Пауза*). Ойбай, ал, жігіттер-ей, кеттік біздің үйге! Менің туған күнімді тойлаймыз, анасының бақыты!..

Ертай. Кетсек, кеттік! Ал тұрайық!..

Орақ (*басын төмен салып*). Мен бармаймын!

Ертай. Не боп қалды?

Қалақ. Неге, а, неге?

Орақ. Енді... Өздерің ғой «соны аласың» деп дәмелендіріп... Мен байғұс оған сеніп, оған көніп... ол үшін ұрыс естіп!.. Енді болса басқаға берейін деп отырсыңдар! Осы ма достықтарың?! Баяғыда бір философ айтқан екен: «Жыртық болса да киіп үйренген кебісім артық» деп... Рас екен, ескі кебісіммен қалдым!.. Достық көңілдерің осы болса... Әй, мен де ойлап едім: «осындай... қалай десем екен... осындай әуесің келер объектіні маған қалай қия қойды екен!» деп... Солай болып шықты!.. Өкінішті-ақ!..

Ертай (*Қалаққа*). Мынау не деп кетті? Осы философтар бар ғой, өздеріне түсініксіз құбылысты жұртқа түсіндіргісі келеді де тұрады!..

Қалақ. Ол былай... (*Ертайды шетке бұрып*). Анасының бақыты, анау қатын философ досымызды опровергнуть етті! Оған мынау жүрген Көлбеңбай ұнап қалыпты. Әйеліме звондап:

«Маған конкретный іс істей алатын еркек керек», — депті. Жаңа осы әңгіменің шет жағасын айтып едім, міне, есек сияқты өкпеледі де қалды!

Ертай. Несіне өкпелейді? Ол үшін біз орындай алмаймыз ғой әйелдің конкретный талабын!..

Қалақ. Әлбетте, анасының бақыты!.. Сен тілін таба білесің бұның. Көндірші, үйге барайық? «Тамақ суып қалды!» деп ұрсады...

Ертай (Ораққа). Ореке, бері келші! *(Орақ жақындайды)*. Е, есек!.. Мен сені өзің жақсы көретін жануарыңа теңеп айтып тұрмын.

Орақ. Кімге теңеп жүргендеріңді енді түсініп тұрмын ғой!.. Бөрінен де сұлу... келіншек дейміз бе, қалай... есекке тең бе еді деп бергілерің келмейді!.. Түсініп тұрмын...

Ертай. Е, есеке, саған кім кімді бермей жатыр? Айтшы, мен әкесін танытайын! Сенің бақытың үшін біз до конца күресуге дайынбыз!.. Е, ол әйел саған психологический атака жасап жатқанын түсінбей тұрсың ба?! Сені қызғансын деп әдейі *(Көлбеңбай жақты нұсқап)* ана бөлеге көзі түскенсіп отыр. Әйтпесе оның көзі сенен айырылмай қадалып қалғанын көрдік қой! Бұл — тактика! Түсінесің бе, әйелдердің тактикасы! Ал сен еркексің! Еркек стратегический әрекет етуі керек!

Орақ. Солай ма?!

Ертай. Енді мен не деп отырмын!

Орақ. Түсінікті!.. Бәсе, мен де ойлап едім: «Егер оның маған деген бірдеңесі болмаса, неге... неге киімдерімді жуып, үтіктеп қойды!» деп... Түсіндім... Стратегический қаруымды қайрап, ...қолданам оған қарсы! Қолданғанда да толығымен, барынша, бар немді... Күшімді салып... Айтқандай, стратегия дегенді бұл жерде қалай түсінесің?

Ертай. Стратегия деген бұл жерде — сені қызықтырып отырған объектінің саған деген қызғанышын тудыру. Ол үшін сен көзір әйеліңе телефон соғасың. Соғасың да, «Бүкіл бала-шағамызбен Қалақтың үйіне қонаққа барамыз!» дейсің. Балаларыңмен, әйеліңмен бірге көргенде анау қатын қызғаныштан күйіп кетпесе маған айт! Ал звонда!..

Орақ. Да?.. Солай ма?.. *(Телефон трубкасын алғанымен құманданып, бірақ іштей қуанып, қутың қағып тұрып қалады)*. Сөйтсем, сөйтеіян... Достықтың аты — достық қой, шіркін! Егер сендер болмасаңдар осындай іске тап болар ма едім? Ләззат қой бұл адамның жүрегін лүпілдеткен! *(Аздап ойланып, телефон*

нөмірін тереді). ...Алло!.. Мен ғой... жолбарыс! Ө... жоқ... күйеуің дегенім ғой... Иә, тірімін... Даусымды естіп тұрсаң тірі болғаным ғой... Иә... Тыңдап тұрмын! (*Ұзақ тыңдайды. Бір кезде тіпті тізелері дірілдеп кетеді өлімсіреген дауыспен*). ...Айтқандарың дұрыс... Бәрі дұрыс... Деп тұрмын ғой... Адам емес екендігім рас, бірақ еркек екендігім!.. Оны дәлелдеу үшін полигон іздеп жүргенім... қайдан біліп қойдың?.. Жарайды, қойдым іздеуді... Көнем бәріне... Көндім дедім ғой! Енді сен тыңдашы!.. Тыңдашы деймін... Былай... Қалақ деген досымыздың туған күні бүгін. Кешелі бері біз жігіттер сол туған күнді қалай тойлаймыз деп ақылдасып-ойласып, түні бойы ұйқы көрмей жүргеніміз сол. Енді шештік соны жан-жақты... Тыңдашы дедім ғой?.. Сұранамын, жақсылап тыңдашы, бұл судьбаносный мәселе! Түсіндің ғой? Онда көзір балаларды киіндір, өзің жақсылап киін. Сексуальный болып көрінетіндей киін! Көзіргі модамен. Шетінен қырып салатындай... еркектерді! «Ондай киімдерім жоғы» несі?.. Мини юбка... Көзір қайтадан модаға кірді... Декальте глубокий... Ой, бір қызғансыншы!.. Әуреленсін өзіне қаратып алмақ болып!.. Солай, жаным!.. Сенің менің фантазиямдағы образың көз алдыма келіп сондай бір әсерге бөлеп жіберді!.. Жиналыңдар! Жиналыңдар тез! Туған күнге барамыз! (*Трубкины қояды. Қуаныштан Көлбеңбай сияқты ысқырып әуендетіп, билеп кетеді. Көлбеңбай таңырқап қарайды*).

Ертай (*әндетіп*). Да-ба-ду-ба! Да-ба-ду-ба!

Қалақ (*әндетіп*). Думба-даба! Думба-даба!

Соңы

КҮН КӨЗІ

(екі бөлімді пьеса)

Иван Радоевтың (Болгария)

«Моцарт» атты пьесасы негізінде жазылды.

Қатысушылар:

Жігіт

Қыз

Апай

Жақа

Кісі

Милицонер

Бірінші бөлім

Көп қабатты үйдің ең жоғарғы техникалық қабаты — шатыр астындағы терраса. Террасаның еңселі, үлкен-үлкен терезелерінен бүкіл қала алақаныңда жатқандай. Астананың орталық алаңы, бізге таныс ғимараттар силуэттері көрінеді.

Мұнда — террасада компьютер клубы орналасқаны аңғарылады: компьютерлер, басқа да оргтехника.

Террасаның ортасы алаңша болғанымен, айналасы әртүрлі темір-бетон тіреулерден тұрады. Бір шетте есік көрінеді. Ол анау-мынау сақтайтын кішкене бөлме болса керек.

Террасаға тек люк арқылы көтеріледі.

Бетон тіреуіштерге жіп керіліп, жуылған кірлер ілініпті.

Компьютер қойылған бір үстел жанында Қыз отыр. Ол компьютерден ақпарат іздеу қызығына түсіп кеткен сияқты. Оның үстіне, қатты музыка қойып қойыпты. Музыкасы — әртүрлі екпін-ырғақтағы барабан соғысы.

Бір кезде террасаға көтерілетін люктің қақпағы ашылып, абаймен Жігіт шығады. Ол Қыз жаққа барлап қарайды да, ақырын басып келесі шетте тұрған компьютер жанына отырып, барабан соғу ырғағына сай әдемі әуенді музыка қосады.

Жігіт (компьютерге қосылған кішкентай микрофон арқылы).
Кешіріңіз, сіз қай дүниеде жүрсіз?

Қыз (ол да алдындағы микрофонға). Барабан соғып отырсам — қай дүниеде болғаным? (Жігіт алдындағы мониторда Қыздың бейнесі пайда болады).

Жігіт. Ә, міне, таптым!.. Открыткаға айналып кетіпсіз ғой!

Қыз. Олай болса, сол открыткаға адресіңізді жазып жібере салыңыз!

Жігіт (*Қыз жанына жетіп келіп*). Жазып әуре болмайын деп өзім келдім... (*Пауза*).

Қыз. Осынша телміргенше табаныңды жалтыратсаң өте риза болар едім!

Жігіт. Кешір. Мынау үйдің шатыры менің де, сенің де жекеменшіктеріміз емес екендігіне риза болуың керек. Ол көпшіліктікі.

Қыз. Қосарланған музыкасымағың да мазаны кетірді. Мен таза барабан үнін тыңдағым келеді, түсінемісің, сондықтан ертерек босатшы мына кеңістікті!

Жігіт. Бір нәрсенің ізіне түскен сияқтысың!..

Қыз. Саған келіп-кетер пайда жоқ одан. Тек қалай тіл табысудың амалын таппай тұрсың ғой.

Жігіт. Қарсы болмасаң бірге ойнайық?

Қыз. Қайсы аспапта ойнаушы ең?

Жігіт (*компьютерді көрсетіп*). Тек мынадай жәшікте ғана ойнайтынымды білесің...

Қыз. Ең болмаса трубада ойнауды үйренбеймісің, байғұсым?

Жігіт. Болмайды.

Қыз. Неге?

Жігіт. Музыка маған жақпайды. Бала кезімде музыка үшін таяқты көп жегем, содан жаным тітіркеніп тұрады.

Қыз. Неге таяқ жеп жүрсің?

Жігіт. Ұмытпасам, алты жастағы ақымақ бала кезім. Өкешешем мені скрипка үйренуге берді. Ал сосын күндіз-түні оны шиқылдатып әуре боп жатқаным. Осы шиқылдан титықтаған әкем бірде «әй, сен оны жөндеп ойна немесе лақтырып таста!» деді. Өзіме де осы керек еді, ешқандай ойланбай-ақ скрипканы лақтырып жібердім. Мұны күтпеген әкем көздерімді жарқылдатып тұрып шапалақпен тартып-тартып жібергені. Содан, міне, көңілім дімкәс боп қалған музыкаға...

Қыз. Сол да сөз бе екен! Ал менің мамам басымды скрипкамен періп кеп жібергенде басым емес, скрипканың быт-шыты шыққан-ды. Көрдің бе, бұдан сегіз жыл бұрын менің басым тастай болған жарылмайтын!.. Сен қалай ойлайсың, балалық шағыңда Айман Мұсақожаеваны да ұрды ма екен, а?

Жігіт. Е, ол не дегенің? Бізге енді сол қалып еді!.. Дүниежүзінің әртісіне қол тигізетіндей оның әкесі кім еді сонша?!

Қыз. Тигізсе не бопты, жұрттан артық па?

Жігіт. Сенің есің дұрыс па? Айманға?!

Қыз. Жарайды, бұл мәселені аяғына дейін талқылап қорытынды шығару — сенің тірлігің. Ал мына жерді босат деп тағы да қайталап айтамын. Мен ең болмағанда тағы да бір жарты сағат керекті файлдарды қарауым керек. Одан кейін модельертігінші күтіп отыр.

Жігіт. Өкінішке қарай, мен бұл жерден кете алмаймын, оны кейін түсіне жатарсың. Ал барабанды қанша тыңдаймын десең, сонша тыңдай бер. Менің өз жұмысым бар. *(Жігіт өз компьютері тұрған үстелге жақындап, бір клавишті басқанда музыка өшеді. Ал Қыздың компьютерінен ойнаған барабан дабылы жалғаса береді. Жігіт бетон тіреуіштерінің бірінің артына кіріп кетіп, кішкентай шыны сынықтарын алып қайта шығады. Үстелінің үстіндегі газеттен жыртып алып, оны от тұтатып жағып, түтініне шыны сынықтарын күйелей бастайды. Қыз барабан үнін өшіріп, орнынан тұрып Жігітке жақындайды, еңкейіп жанып тұрған газетке сигарет тұтатады).* Солай де... Сен, әрине, бүгін күннің тұтылатындығы туралы естімеген боларсың?

Қыз. Е, біз қараңғы халық не білеміз!..

Жігіт. О, «қараңғы халық» деп өзің туралы ойың жоғары екен! Ал енді Күннің толық тұтылуы маңызына келетін болсақ... Сен көз алдыңа елестетіп көрші бұның қандай оқиға екендігін!.. Елестеттің бе?.. Біз сол оқиғаның табалдырығынан аттайын деп тұрмыз. Бір аяғыңды көтеріп алға бассаң болғаны... Бұдан кейін ол қанша уақыттан кейін тұтылатынын құдай біледі... Жүз жылдап күту керек! Оған, әрине, біздің бала-шағамыз куә болмаса, біз шыдамаспыз жетуге!.. Міне, бүгінгі Күннің тұтылу маңызы осында!

Қыз. Сол да маңызды болып па! Бұл — планеталардың өз жолдарымен жүріп жатқан қарапайым тіршіліктері...

Жігіт. Саяси қараңғылық деген болады, ол — басқа қараңғылық. Ал сенің дәл мынадай күйінді адам даму тарихының қай кезеңіне қоярымды білмей тұрмын.

Қыз. Күннің тұтылуына саяси қараңғылықтың қандай қатысы бар?

Жігіт. Сеніңше қалай? Сен шалқаңнан түсіп жатады екенсің де, ал Күн сол үшін жарқырап тұра бере ме екен? Солай ма?

Қыз. Солай болмаса, қалай?

Жігіт. Әңгіме тіпті оның жарқырап немесе жарқырамай тұрғанында емес. Мысалы, ол осы жарты сағаттан кейін тұтылады.

Қыз. Тұтылса көйтем?

Жігіт. Сен ең болмағанда оның не үшін сөйтетіндігі туралы ойламайсың ба?

Қыз. Ойла-ойлама, болатын іс болады. Маған бәрібір.

Жігіт. Е-е, сенің мұндай күйге жеткенің — барабанның бөлесі!

Қыз. Мені өмір бақи барабан қағып, барабан тыңдап өтеді деймісің. Бұл — көңіл күйзелісін тарқатудың амалы. Осылайша жүйкемді жайландырам. Кейде шаршап, езіліп отырғанда барабан даусы бастаған марш музыкасын тыңдасам болды демалып, тіпті әсерленіп, қуанып кетем... Барабанның екпінімен жаңа бір іс бастағың келеді.

Жігіт. Осы сөздерді сен өзің ойлап тапқан жоқсың — біреуден естідің немесе бір жерден оқыдың.

Қыз. Қайбір адамның болсын білетіндері — бір жерден оқығандары немесе естігендері... Сеніңше әрбір адам бәрін өзі жаңадан ойлап табады деймісің? Адамзат тарихының о басында бір топ данышпан болған. Солардың ойластырып тапқандарын кейінгілер байланыс құралдары арқылы бүкіл әлемге таратқан...

Жігіт. Бәрібір, әр адам — өзінше жаңалық! Әр адамның бойында басқаға ұқсамайтындай ерекшеліктері бар...

Қыз. Өзіңше бір жаңалық ашып, оны дәлелдеп бердім деп ойлап тұрсың-ау!..

Жігіт. Мен неге бір нәрсені дәлелдеуім керек?

Қыз. Мені сендіру үшін.

Жігіт (*айналасындағы тіреулерді нұсқап*). Е, онда ана тіреу мына тіреуге, мына тіреу ана тіреуге бірдеңені дәлелдеу үшін қойылған болар, ө?!

Қыз. Олар тіреулер, ал біздер адамдармыз...

Жігіт. Адамдар болсын, тіреулер болсын, ит, құс, телевизор, компьютер — бәрі біртұтас дүние, ардақтым менің... (*Пауза. Сосын ойнақы*). Ой, мен еріксіз «ардақтым менің» деп айтып салып, артынша кенет сені жақсы көретіндігімді сездім. Шын айтамын... Бірақ енді кейбір ақындар сияқты өлең оқып береді екен деп ойлап қалма. Егер көзің сөйте бастасам, әрине, сені тіпті құрметтемейтіндігімді көрсеткен болар едім. Сенің басыңды айналдырып ала қоятындай ондай қабілетім жоқ. Оның үстіне, әңгімелермен қызықтырып алардай алыс елдерге де барған емеспін. Тек мақтауға тұрарлық қасиетім — техникамен тіл табысқаным. Мысалы, міне, қара! Өз қолыммен жасаған видеотүсіргіш. Оны мына компьютерге қосып қоясың да, түсе бересің... Кәне, екеуіміз тұра қалайық алдына. (*Видеотүсіргішті компьютерге қосып, тиісті клавиштерін басады. Экранда*

екеуінің бейнелері көрінеді). Керек болса, осы суреттерімізді сенің, менің үйдегі жәшіктерімізге қолма-қол «дұғай сөлем» деп открытка ретінде жібере салуға болады... (*Қыз немқұрайды тыңдайды*). Ал... жарайды. Мен саған ең құпия жаңалығымды ашайын... Әрине, адамның бүкіл өмір-тұрмысы информациядан тұратындығы туралы оқып, естіп жүрміз. Кәзір не көп — мистикалық ғажайып құбылыстар туралы кітаптар көп... Тоқетері — компьютерге қосымша бір блок ойлап құрастырдым. Ол адам денесіндегі энергиямен жұмыс істейді. Сол арқылы адам миындағы информацияны қабылдайды. Одан адамның бар болмысын білдіретін дыбыстық, жарықтық композиция құрайды. Міне, құрастырған аспабым! (*Велосипед насосы сияқты таяқшаны ұстатады*). Кәзір сенің композициялық образыңды көреміз... (*Таяқшаны Қыз ұстаған мезетте қараңғы басып, әлдебір дыбыстар, шуылдар, сосын біртіндеп романтикалық музыка фонында әдемі, ғажайып табиғат көріністері пайда болады*). Міне, менің саған деген сезімімнің қандай екендігін көріп тұрсың ғой? Бір-біріміздің адрестерімізді білеміз — осылай открытка жіберіп тұрайық?! Қалай дегенмен де әжептәуір интеллектуалдық еңбек еттім. Тіпті жаңалық аштым десем де болады... Біздің мынау аула көлемінде... Әрине, мұндай техникалық мүмкіндік дүниені әлдеқашан бес орап алғандығы белгілі, оны жасыра алмаймын. Бірақ менің еңбегімнің айырмашылығы — өз қолыммен жасағандығым. Арнайы дайындығы жоқ адам үшін бұл — үлкен жетістік. Біздің осы клубымыздың жетістігі... Е, айтқандай, осы біздің сүйікті отауымызды біреу сатып алып қойыпты дейді?..

Қыз. Саған осы клубтың керегі не? Сенің ашқан жаңалығың кімге керек?..

Жігіт. Өңгіме жаңалық ашуда емес, өңгіме осындай жұмыстың маған ұнауында. Менің өзім қызығатын жұмысым бар. Осы туралы біреуге айта бастасам-ақ болды, миығынан күле бастайтын сияқты... (*Сыртқа көз тастап, әсерлене*). Қарашы, қаламыздың еңсесі қалай биіктеп барады! Мына құрылыс екпіні бүкіл даланы қаптап алардай! Біз де сол ұлы толқынның ақ көбігімен араласып, құлаш сермеп...

Қыз. Ш-ш-ш!..

(*Жай ғана қақпағы ашыла бастаған люкті көрсетеді. Қыз бен Жігіт тіреулердің артындағы есікке кіріп жасырынады. Люктен орта жасар әйел — Апай көрінеді. Жұылған кірлер салынған ыдысын көтеріп, өзімен-өзі сөйлей шығады*).

Апай (*қияли түрде біреулермен сөйлесіп жүретін әдетімен*). Көйлек-көншектер, пододеяльниктер, құп-құрғақ боп кепкен шығарсындар? Сендерді жинап аламын да, орындарыңа мына жуылған трусилер мен мәйкелерді, орамалдар мен носкилерді ілемін! Мүмкіндігім барда рақатыма қолданбаймын ба? И-и-й! Міне, үш жыл болды осы клубтың еденін жуып, құлпын салып тұрғаныма. Балалар компитер ойнайды мұнда... Үйімнің төбесінде ғана — жап-жақын, жап-жақсы жұмыс... Балалар жоқ кезде өзім би, өзім құдаймын бұл жерде... Керек болса, күндіз-түні демей мысығымыз екеуміз осында жүреміз. Қазына тірлігі болғаннан кейін жәнің ашиды. Бірақ енді қазынанікі болмайын деп тұр... Сатылып шаруасы бітіп тұр. «Ношной кәзинөк жасаймын!» дейді сатып алған пәтшағар! Ойбай, мына сырттан көтерілетін лифт жасаймын дейді! «Енді сен сияқты салпы қарын қатындардың керегі жоқ мұнда» дейді, «сирағы ұзын сұлулар керек» дейді! Дұрыс. Түні бойы қызмет қылуға мен де құлшынып тұрғам жоқ! (*Қияли түрдегі мысыққа ұрсады*). Піш! Піш! Жоғал әрман аяққа орала бермей! Жақында бұл жерде өңкей ұзын сирақтылар жүретін болады — соларға сүйкенерсің рақаттанып!..

Жігіт (*есіктен басын шығарып*). Ол жоқ мысықпен сөйлесіп жүр. Өзінің мысығы өліп қалғалы бері сөйтетін болды...

Апай. Я, мияулай бермеші, ә! Мен өзім де білемін бүгін не болатынын. Ғылыми атағым болмағандықтан мені ақымақ деп ойлайсың ба? Сен ол жағына қам жеме. Басқа істейтін тірлігі жоқтардың ісі ол — қорғай беру. Академиктерге аузыңды аша бермей, мені де тыңда. Өзіл ғой! Өсек-аяң айтушылар аз ба? Бүгінгі Күннің тұтылуын орыстар жасап отыр. Оны маған мәжілісте істейтін Нағима айтты. Ол да мен сияқты еден жуады. Ол сондағы бастықтармен жақсы, олай болса, ол білмегенде мен білем бе? Соған сондағы бір депутат қатын айтыпты: «Путин келгелі бері орыстар күшейіп барады, олар американдарды қорқыту үшін Күннің тұтылуын жасап отыр», — деп. Ойбай-ау, Күннің бетін жапқаны былай тұрсын, баяғыда біздің Қүрекең — Хрущевті айтамын, қасқайып тұрып оларға мынаны көрсеткен. (*Үш саусақтың комбинациясын жасайды*). Ал аналар болса біресе «Күннің тұтылуы — табиғаттың өзінің заңы» деп, біресе «бұл құдайдың бар екенін дәлелдейді» деп телевизордан әй кеп жақтары тынбайды! Ауыздары кебістей боп «адамның правосы, адамның правосы!» деп өздерінше көлгірсиді. Өздерінің тірліктері анау — күндіз-түні президентінің жүріс-тұрысын аңдиды! Сонда не, президент адам емес пе?! (*Елес «мысыққа»*). Әй, қойшы-әй,

мияу-мияу өсектеріңді!.. Одан да мені тыңда... Орыстардың Күнді шынымен жауып қоюына құдіреттері жетеді. Өйткені біздің жерден талай нәрсені ұшырып жатқанын көріп отырмыз ғой. Оған қазекеңнің де қатысы бар! Біздің қазақ бар ғой... қой мінезді момақан болып көрінгенімен, іштерінде «талай нәрсе тұнып жатыр». «Аттан!» деп бір көтерілсе, қоймайды дүниені. Орыстан бетер... Бұл жағынан олармен біргеміз. Олармен бірге оқта-текте Күн көзін қалқалап қоятын да әдетіміз бар американдарға қыр көрсетіп... Бұны да сол әлгі мәжілісте уборщица боп істейтін Нағима айтты. Ол сондағы депутаттардан естиді дә... олардың арасында, білесің ғой, пыш-пыш әңгіме... одан басқа не істесін байғұстар. Әрине, онда менің ісім қанша? Әйтпесе сыртымнан айтып жүрер депутаттардың ісіне киліктің деп. Килікпесем, килікпей-ақ қояйын. Олардың киліге қоярлық тындырып жатқаны да шамалы. Бірақ американдар туралы айтқаным — айтқан. Қырық рулы деп қазақты жамандап жүргендер түрлі түсті американдарды неғып көрмейді-ей, ағы бар, қарасы бар... голубойлары да бар дейді. О, жаратқан ием, қара адамды көргем, бірақ көк түстілерін көрмеппін!.. Жан-жақтан босып келіп бастары қосылған халық қой, әйтеуір. Байғұстардың не Бетховен, не Қалдаяқов сияқты атақты композиторлары жоқ. Киносын көрсеңдер: қолдарында мылтық, ауыздарында сағыз — ой, шайнайды кеп, шайнайды... Сонда олар нені шайнай береді? Жүрістері — есі ауысқандардың жүрісі: талтаң-талтаң, әйелдері болса, әсіресе кемпірлері түштаң-түштаң етеді. Сосын «О-хо-хо! О-хо-хо! Хайду-уйдуу!» деп даурығысады! Сен оны түсінбей-ақ қой, мияу-мияулағаныңа оның қажеті не?.. Қойшы әрі, ө, аяғыма орала бермей!.. Шаршатып жібердің... *(Компьютердің қасындағы креслоға отырады. Өзі бұрыннан үйреніп алған болса керек: компьютердің клавиштерін басып-басып қалады. Ретро музыка — белгілі танго ойналады. Апайымыз креслоға шалқая, екі аяғын екі жаққа созып жіберіп отырып тыңдайды. Оқта-текте танго ырғағымен аяқтарын бұлғақтатады).*

Жігіт *(музыка біткенде тағы да есіктен басын шығарып).* Енді адамдардың биоэнергиясы туралы сөз қозғайды.

Апай. Е, неге қозғамасқа?.. Қозғаймын!.. Халыққа бұл мәселені біреу жеткізіп, түсіндіріп беру керек қой. Сол «біреу» мен шығармын, мүмкін?.. Адамның денсаулығы да бизнеске айналды... Мұны мен мынау қатардағы қарапайым ғана әйел ретінде көріп отырмын. Өне, бәрі шетінен көріпкел, емші, тәуіп боп шыға келді! Олардың бәрінің құпия ұстап жүрген биотоктары

туралы көп айтуға болады. Ол жөнінде мен ғалымдардың пікіріне толық қосыламын. Ал анау аппақ көйлек, аппақ дамбал киіп, бастарына сәлде салғандар туралы айтайын десем, «сен неге барлық жерге араласа бересің» деп айта ма деп діңкем құриды. Е, оны кім білмейді? Адам істеген ісіне, айтқан сөзіне, ойлаған ойына өзінің күшін жұмсайды. Оны биоток дейді. Міне, сол биоток дүниеден құрып кетпейді. Ол айналамызда ұшып жүреді. Егер біреуді қарғап-сілесен немесе жамандық жасауға ниет етсең, содан пайда болған биотоктар барып анау сорлының желкесінен түйіп жібереді. Қаба сақалдылар қаптап кетті айналамызда! Ойбай-ау, өзіміздің кейбір зиялылар зікір салып, жалғыз көз жалмауыздардың құшағында жүрген жоқ па? Осының бәрі жаман энергетика! Осылардың бәрі басымызға пәле болып жиналып жатыр... Не? Сенбейсің бе? Тьфу! Ештеңеге сенбейтін қандай албасты мысықсың!.. *(Осы кезде мысықтың «мияулағаны» естіледі)*. ...Әне, менің биотоғым жан даусыңды шығарды!.. Енді сендің бе?.. Өстіп талайлар талайлардың жәндерін шығарып жүр. Олай болса, оны неге айтпасқа? Әкімдер қайда қарап отыр, осындай жаман биотоктарын таратып жүргендерді бақылауға алып, тәртіпке келтірмей? Айтпады деме, бұның арты үлкен пәлеге апарып соғады. Келе-келе дүниежүзін жаман биотоктар жаулап алуы да мүмкін. Сонда көресің ақырзаманның орнағанын! Сен болсаң Күннің тұтылғанына сонша мияулайсың!..

Жігіт *(есіктен басын қылтитып)*. Бұл кісі адамзаттың қалай пайда болғаны туралы да өз ойларын ортаға салғанды жаратады. Апай, адам жаратылысы жайында айтып беріңізші?

Апай. Бұл мәселеде мені жаңылыстыра алмайсың, оған күмәнім жоқ. Адамдар маймылдан тараған деген далбасаға түкіріп қойдым. Бәрі емес маймылдан тараған... Бір бөлігі ғана маймылдан тараған. Олар қайсылары дейсіз ғой?.. Е, қарасандаршы айналаға — маймыл сияқты тырбандап жоғарыға өрмелей беретіндер аз ба?! Көрінген төбеге тырбана беруді өздеріне мәртебе тұтады бұл маймылдар. Соған өздері мәз!.. Газетке шығады түкті беттерін *(қолымен көрсетіп)* мынадай қып!.. Маймылдың аты, жарықтық, маймыл ғой — биікке қанша көтерілген сайын *(аузын қолымен қалқалап, жай)* жалаңаш арты сонша ашыла береді! Бірақ өзі оны байқамайды. Ондай түйсік, ұялу сезімі маймылдарда болмайды. Сосын оның бар бітіретін тірлігі де сол: өрмелеу... қайта түсу, өрмелеу... артын көрсету... Жүрген жерінде әр нәрсені бүлдіріп, майқандап бітеді. Өздерінің ататегін де ешкім айырып білмейді... Ал адамдардың

бір бөлігі балықтан тараған. Олар маймыл тектес адамдарға көздерін балықтарша бақырайтып қарайды да, үндемей жүре береді. Аналардың әуре-сарсаң тірліктеріне түсінбейді, я өз ойларын дүниеге паш етіп айта алмайды. Жағалауға шығып қалса, ауыздарын дәрменсіз ашып шаруасы бітеді...

Жігіт. Апайымыздың әңгімесі көп, сөйлеуден жалықпайды...

Апай. ...Е, неменеге жалығам?.. Шоқиып отырып әңгімемді үндемей тыңдаған сендей мысықтан айналдым!.. Әй, мынау адамдарға әңгіме айту қиын бәрінен. Әрқайсысы бір киліге береді, киліге береді әңгімеңе... Бәрі сөйлегісі келеді, ешкім тыңдағысы келмейді. Мысық құрлы сабырлылық жоқ бұл адамдарда!..

(Осы кезде кенет люктің қақпағы «тарс» етіп шалқасынан ашылып кетеді де, артынша шығып келе жатқан адамның басы көрінеді. Семізше келген орта жастағы Кісі шығады).

Кісі (барлай қарап болып, Апайды кездестіргеніне қуанғандай). Ә!.. Сіз осында ма едіңіз?.. Сәләмәтсіз ба! Мен осы үйде екінші қабатта тұрам. Көп болған жоқ мұнда көшіп келгеніме... Осы жаққа жұрт көтеріліп жатады, түсіп жатады. Содан кейін мен де бір көтеріліп көрейінші деп ойлап жүр едім... Сізді де байқап жүрмін сыртыңыздан: көшеге шығып бара жатасыз, көшеден кіріп келе жатасыз... Мұнда көшіп келгелі бері временно холостяк болған соң жалғыз жүрген келіншектерге көзің еріксіз түсе береді екен!.. Мұнда келіп жатқандардың бәрінің халі осылай, білем ғой... Көшеде бүрсең қаққан бірлі-жарым халық. Бір-біріне қарамайды екен. Жол сұрасаң ол да білмейтін болып шығады жолды. Өзіңді жалғыз сезінесің... Сол себепті қисыны келмей жүр еді өзіңізге тіл қатуға... Содан бүгін осында шығып көрейінші деп... Бұл өзі қызық болды: «чердақтағы кездесу» деп атайтын болдық... Бұл жер сонда қандай мекеме, қарындас?

Апай («қарындас» дегенге қылымсып). Ә, иә... Ә, иә... Бұл мекеме... мен істеп жүрген мекеме... Жуған кірді жайып алуға ыңғайлы... Бос уақытымда еденін жуып кете саламын... Пәтерімнің дәл төбесінде болған соң...

Кісі. Сонда бұл офис болды ғой?..

Апай. Бұл жер — балалардың кәмпитер клубы. Балалар кәмпитер үйренеді... Кәзір барлық жерді кәмпитерлендіріп жатырмыз... *(Өзінше маңызды тұрмен).* Бұл өте керекті нәрсе!.. Мен әр уақытта айтып отырамын осында... осы жерде жүрген құйрықты... Ә, иә... жасөспірімдерге кәмпитер үйреніндер деп...

Кісі. Бәрекелді... Дұрыс екен... Мен де сол өз үлесімді қосайын деп осында ауысып келдім... Университетке... Әзірше кафедра ашып беріп отыр... Өзім доқтыр науыкпын, профессор дегендей...

Апай. Ө, онда сізге кәмпитер деген түк емес қой! Үйіңізде бар шығар?.. Профессорлар бар секретін кәмпитерге тығып қояды дейді ғой?..

Кісі. Е... бар ғой... ехе...хе... біраз секреттеріміз... Бірақ әзірше Алматыға қалдырып кеттім... Сіз Қошқарбек Сырнаев деген политологті естіген боларсыз? Кәзіргі көрнекті саясат зерттеушісі, мемлекет қайраткері... Күнделікті газет-журналдардың беттерін аша қалсаңыз, Қошқарбектің суреті мен мақаласын көресіз...

Апай. Е, көрсем танымын ғой!..

Кісі. Көргенде танысаңыз, алдыңызда тұрмын ғой!.. Хе-хе-хе!.. Просто мынау жер чердак болған соң мені онша байқамай тұрсыз. Әйтпесе телевизордан көрсеңіз таныр едіңіз... Оның оқасы жоқ. Канце де канцов мені әрбір адамның тануы необизателні!.. Біздер — коммунистік партияның тәрбиесін көріп қалғандар скромный боп өстік қой... Е, ЦК-да істеп жүргенімізде бізге айтып отыратын скромный болыңдар деп. Телевизорға, газеттерге орынсыз шыға беруге тыйым салатын... Кәзіргілер ғой, мынау министр болмай жатып ақылғөйсіп экранды ерттеп мініп алады. Ей, айналайын, қызметіңді көрсетсейші алдымен!.. Е, иә... біз кажется негізгі темамыздан тайып кеттік аздап... Сонымен, бұл жер компьютер клубы дедіңіз ғой?.. Е, жақсы екен, жақсы екен... Бәсе, топырлаған балалар біресе жоғары шығады, біресе төмен түседі. Ойлап жүр едім осыны бір порядокқа келтіруге болмас па екен деп. Все-таки саясаткер ғалым адамға определенный условия керек дегендей...

Апай. Әрине... Мыналардың бәрі профессорға таңсық емес... Бірақ қарапайым әйел болсақ та осында қызмет істегелі бері талай нәрсені үйреніп, кәмпитерге бауыр басып қалдық мысығымыз екеуміз. *(Апай өзінің білетін компьютер клавишін басып қалады. Тағы да бұдан бұрын естіген танго ойналады. Оны ортасынан үзіп өшіріп қояды).* Міне, бұл да бітті! Сізге порядок, тыныштық керек болса... *(Апай ілген кірлермен айналыса бастайды).*

Кісі. Қарындас, жаңа «мысығымыз екеуміз» деп қалдыңыз. Сонда мысығыңыз екеуіңіз ғана тұрасыздар ғой, ө, үйде?

Апай. Иә-иә, біз әр уақытта осы офисте кездесеміз. «Место встречи изменить нельзя!»

Кісі. Жақсы екен, жақсы екен!.. *(Теріс қарап, кір іліп, кір жинап-бүктеп тұрған Апайдың сыртынан).* Айтқандай, мысық демекші, өткенде бір танымал жазушы досым... Өзі лауреат Госпремии... өзі шутник... қызық әңгіме айтып берді... Болған оқиға... Мысық туралы... Сіз тірлігіңізді істей беріңіз, мен әлгі

қызықты айтып берейін... Екі қазақ құда бопты. Біреуі северден, яғни Астанада, екіншісі югтен, яғни Алматыдан. Бір күні севердегі құдасы югтегі құдасының үйіне келіпті. Үйде құда жоқ, құдағи қарсы алып, шай-пай беріп, енді тамақтың қамымен кухняда теріс қарап тұрып қамыр илей бастапты. Қамыр илеп тұрған құдағи тура осы теріс қарап тұрған сіз сияқты сырт келбеті өте бір келісті екен!.. «Бел десе, бел бар!..» дегендей. *(Апайдың белі елеусіз бұраң-бұраң ете қалады)*. Северден келген құда как всегда қазақша жөнді сөйлей алмайды екен. Сондықтан қамыр илеп тұрған құдағиының сыртынан қарап шай ішіп отыра беріпті. Бір кезде бөлмеге бір мысық кіріп келе жатыр екен. Северден келген құданың ойында ештеңе жоқ, южанка құдағиына айтыпты: «Құдағи, құдағи, сіздің котыңыз красивый такой!» — депті. *(Апай орнында қыбырсыз «қатып» қалады)*. Құдағиы ештеңе демей, қамырын илеп тұра береді. Мысық тамақтың иісін иіскеп, дастарқанның қасына шоқиып отырады. Құдасы құдағиына айтады: «Құдағи, құдағи, котыңыз не только красивый, но и большой, и кругленький!» — дейді. *(Апай тез қырын қарап тұра қалады)*. Құдағиы үндемейді. Северден келген құдаға мысық өте ұнайды. Ойында ештеңе жоқ: «Құдағи, котыңызды можно погладить?» — дейді. *(Апай белін қиқаң еткізіп орындыққа отыра кетеді)*. Өстіп құдағиы тіл қатпай қойған соң, құда өзіне-өзі айтып отыр дейді: «Біздің әйелде де кот бар, бірақ такой маленький, өзі сабалақ-сабалақ...» *(Кенет мысық мияулайды. Апайға)*. Ой, қарындас, сіздің котыңыз ба «мияу!» деген?

Апай *(қалбалақтай тұрып, қайта отырады)*. Жоқ, жоқ, менің котым өткен жылы өліп қалған!

Кісі. Дә, солай ма?! Онда айып етпеңіз?.. Арты қайырлы болсын, жатқан жері жарық... і...иө... *(Пауза)*. Өзі... үлкен... әдемі шығар, ә?.. Үйіңізге қонаққа бара қалсам, оны сипап отырар едім, бірақ... Е, енді не дейміз?.. *(Пауза. Не дерін білмейді)*. Айтыңызшы: біз қазақтар қалай ел боламыз, а? Мемлекеттік тілімізді неге «кот-мот» деп шұбарландыра береміз?

Апай. Мен айтсам... Е, неге айтпасқа? Адам айтқан сөзге құлақ асса ғана бірдеңе үйренеді, бір нәрсе біледі. Ал қазақтар біреудің айтқаны түгілі, бір-бірінің де сөздерін тыңдамайды. «Тіліміздің мәртебесін көтерейік» дейді. Бірақ оны өздері естімейді. Менің білетіндерім, мысалы, әркімнен естігендерім. Мен көп оқыған жоқпын. Академик, профессорлардың қатарына ілеспедім. Өйткені жастайымнан осылаймын: оқығанымнан гөрі

естігендерім көбірек. Кім біледі, артына түссем қайдағы жоқ бөле-бөтірдің бәрін оқи берер ме едім? Өйткені ғылым — үлкен күш, оған күмән жоқ. Егер кезінде талпынып, оның бір жеріне ілініп кеткенімде жағдай бұлай болмас па еді?! (*Кір салған ыдысын көтерін, люкке қарай жүреді*). Сіз ойлап қалмаңыз «бұл бір қарапайым қыз екен» деп... (*Люкпен төмен түсе бере*). Ғылыми атағым болмаса да, менің білмейтінім жер түбінде, тек араласқым келмейді. «Араласпайтын жерге неге араласасың?» деп жұрт айтып жүрмесін деймін!.. Сіз сияқты, мысалы... (*Түсіп кетеді*).

Кісі (*түсініңкіремей тұрып қалады*). Әй, мынау адаммен қоштаспады, онысы несі екен? Әлде «бүгін әлі қоштаспаймыз» дегені ме? Жасы, әрине, жас емес, өзі нелеу... витамин жетіспей жүрген қыз сияқты. Бірақ ничего, сойдет контачить етіп тұруға!.. Олай болса, айырылып қалмай тұрып барайын артынан. (*Люкпен асығыс төмен түсіп кетеді. Қыз бен Жігіт тіреулердің тасасынан шығады*).

Жігіт. Уһ! Шаршатты бұлар!.. Екеуінің арасында роман басталған сияқты! Түсіндің бе? (*Мысықтың мияулағаны естіледі*).

Қыз. Мына жерде шынымен мысық бар екен?

Жігіт. Бұл — Апайдың қияли мысығы емес, шын мысық. Оның неге мияулайтынын білесің бе?

Қыз. Білемін. Еркек мысықты кездестіріп қылымсып тұрған болар! Ол түгілі, жаңағы апайымыз да сөйтті ғой!

Жігіт. Түу, қойшы! Бұл мияулаудың себебі секс емес.

Қыз. Енді не?

Жігіт. Енді не... Осы қыздар жасырынып жасайтын ұятсыз тірліктер туралы өсектерді неге жақсы көреді? Мен айттым ғой бұл секстің мәселесімен мияулап тұрған жоқ деп.

Қыз. Жарайды, қандай себеппен мияулап тұрғанын айта қойшы?

Жігіт. Космостағы өзгерістердің себебінен.

Қыз. Бос сандырақ!

Жігіт. Сенбейсің, әрине. Барабанның дүңкілін көп тыңдай беріп миың айналып қалған... Күннің тұтылуын адамдар газеттерден, телевидениеден біледі, ал жан-жануарлар оны өзінің болмысымен сезіп, тынышсыздана бастайды. Мысықтың да мияулайтыны сондықтан. Олар түсінбейді табиғи құбылыстарды... Адам да солай ғой, мысалы, көше жарық болса, жайбарақат жүре бересің, ал қараңғы болса, үрейленесің — қараңғы жерлерде не тұрғанын көре алмайсың... Көрінбеген құбылыс үрей тудырады...

Қыз. Кәзіргі жігіттер қараңғыдан қорқады, жарықтан жасқанады, желден ығады...

Жігіт (*ирониямен*). Әрине, әрине! Таңертеңнен кешке дейін бірімізге-біріміз қараймыз да отырамыз компьютер екеуміз. Көздерімізді ала алмаймыз. Отыра-отыра арқамыз бүкірейеді. Бір қадам жаяу жүргім келмейді — астымда машина. Қолда, аяқта бұлшық ет жоқ. Турникке асылсам бақаша тырбандап қалам... Бірақ біздің күшіміз басқа да — мына баста! Байқайсың ба, менің басым иығымнан үлкен. Күндердің күнінде космостың субъектілері Жерге келіп түскенде бізге қарап таңданатын болады — «бұлар бізге қайдан ұқсап жүр» деп...

Қыз (*компьютермен жұмыс істеп отырып*). Маған жіберген откриткаңыз әдемі екен, бірақ грамматикаңыздан ұялып отырмын. Ағылшын тілінің американдық және ұлыбритандық болып бөлінетіні бар. Ал сіздің ағылшыншаңыз қазақша ағылшынша!

Жігіт. Одан ұялып, жерге кіріп кетейін деуге негіз жоқ. Біздер — қазақтар түгелімен ағылшынша сөйлейтін деңгейге жеткенімізде жұрттар балаларынан орысша сұрайтын болады: «Ты какой язык хочешь учить: американский английский или казахский английский?» деп. Міне, мен, біле білсең, сол «казахский английский» қалыптастырушылардың бірімін...

Қыз. Онда кешіріңіз! «Казахский английскиймен» жазған откриткаңызға рақмет!.. Сіздің маңызды жұмысыңыздың қасында менікі бос әурешілік. Күннің тұтылуын күйе шынымен қарағанша, оның ар жағына үңілмейміз бе? Ол жақтан келіп жатқан қалайда бір информациялар болуы керек қой.

Жігіт. Менің астраномиям тек күнделікті тіршілік деңгейінде ғана. Ал негізгі мақсатым, өзің білесің (*компьютерді сипап*), мынау жәшік екеуміз Швейцария банкіне түсу! Ол операцияны біз өте сыпайы жүргіземіз... Оны ешкім білмейтін болады. Бірақ мен саған мынадай бір құпия белгілерді айтып қояйын... Күндердің күнінде Астананың төрт жағынан төрт таңғажайып ірі құрылыс салына бастайды. Олар заводтар да емес, пәтер үйлер де емес, олар Астананы қыста бораннан сақтайтын, жазда қапырықтан қорғайтын, дүниеде әлі болмаған ерекше құрылыс — суперагрегат.

Қыз. Түсіндім: сіз жәшігіңіз екеуіңіз Швейцария банктерінің алтындарын Астананы субтропикаға айналдыру ісіне жұмсайсыздар! Ниеттеріңіз дұрыс. Бірақ ойларыңыз дүниеде қалыптасқан практикаға қайшы екен... Бұл заманда кім тасып жатыр

Швейцариядан. Керісінше Швейцарияға тасыған сенімді, тыныш дейді ғой көрегендер. Ал енді алда-жалда алған беттен тайқымай, істеріңізді іске асырып жатсаңыздар, мен сыр білдіріп аузымды ләм-мим деп ашпаймын! Дұрыс па?

Жігіт. Өте дұрыс!.. «Дұрыс емес» десем, сенің намысыңа тиіп кетуім мүмкін. Біз сөзіміздің емес, ісіміздің патриоттары болуымыз керек.

(Екеуі үнсіз компьютермен жұмыс істеп отыр. Тез-тез басқан клавиштердің тықылы).

О, мұнда бүгінгі күн тақырыбына байланысты бірдеңе бар сияқты... Айдан екі есе алыс қашықтықта белгісіз космостық дене оқтай ұшып Жер траекториясына жақындап келеді екен!.. *(Қызға бұрылып қарайды. Пауза. Қыз көңіл аудармағандай үндемейді).* ...Және Жермен түйісіп қалу қаупі бар екен!.. Осы хабарда 1994 жылғы Юпитер планетасы мен Шумейкер-Леви деген кометаның соқтығысын мысалға келтіреді. Соның нәтижесінде жарылыс энергиясының күші жүздеген миллион мегатоннаға жетіпті. Юпитер бетінде алдымен лапылдаған отты шарлар, одан кейін көлемі Жер шарынан да үлкен қап-қара дақтар пайда болыпты. Қара дақтар тек бір жыл шамасынан кейін ғана сейіле бастапты... Бұл — алып Юпитерге кометаның жасағаны. Ал біздің кішкентай Жеріміздің жолы ондайлармен айқаса қалса не болмақ? *(Қызға тағы да жалтақтап қарайды. Одан жауап болмаған соң өзін-өзі жұбатқандай).* ...Құдайға шүкір, Жер мен жаңағы астероидтің тек ұшу траекториясы ғана жанасады...

Қыз *(ойнақы әжуамен).* Ойыңның бөрі — Күннің тұтылуы, астероидтер мен кометалардың қақтығысы!.. Жинайтының — үрейлі информациялар, галактикалық ғажайып процестер... Айналаңдағы мына біздер: сөйлегіш апай мен политолог профессор, мысық пен мысықтың мияулағаны сенің қызығу траекторияңда жоқ, әрине. Олай болса, осындай әңгімелеріңді мынадай музыкамен көркемдеп қойған дұрыс шығар? *(Компьютер арқылы барабан дүмпуі естіледі).* ...Ал мынау қолсозым айналамыздағы өмір қуаныштары мен қиындықтарының бізге қатысы жоқ сияқты... Азамат деңгейіне қашан көтерілесіз, құрметті мырза?

(Жігіт Қызға шамдана қарап қалады да, бірақ үндемейді. Өз компьютерінен барабан ырғағына сәйкес келетін әуенді қосады. Үрейлі барабан дүмпуін романтикалық әдемі музыка басады. Монитор бетінде ғарыш көріністері пайда болады. Жігіт терезе

алдына барып күйеленген шыны сынығымен аспанға, Күнге қарайды).

Жігіт. Біздің көк жасыл Жеріміз кенет көк мұзға оранса, қандай өкінішті болған болар еді десеңші!..

Музыка жалғасы, мониторда көріністер.

Бірінші бөлімнің соңы

Екінші бөлім

Сол бірінші бөлімдегі көрініс. Жігіт күйеленген шыны арқылы Күнді бақылап тұр. Қыз компьютер жанында.

Жігіт. Күннің беті тапа тал түсте толық жабылып қалуы ғажайып нәрсе! Біз аз уақыттан кейін сондай оқиғаның куәгері болмақпыз!..

Қыз. Мен саған бір ақыл айтқым келеді?

Жігіт (ойнақы). Ақыл?.. Е, айт ақылды, ақылдым! Сондай болуыңды армандағанымға қанша уақыт өткенін өзің білесің...

Қыз (ойнақы қылықпен). Онда тыңда: сен ең бірінші анау көзір тұтылайын деп тұрған Күннен Жерге келіп кетші?

Жігіт. Ә, жарайды, міне, келіп жеттім. *(Қыздың қасына келіп тұрады).*

Қыз. Жердің қай жеріне кеп түстің?

Жігіт. Қай жеріне болсын? Өзіміздің аса сүйікті қаламызға!

Қыз. Ал қаламыздың қай жеріне?

Жігіт. Теміржол вокзалының алаңына.

Қыз. Онда сен поезбен келген болдың ғой?

Жігіт. Қайдағы поезд? Ракета бұдан былай рельске қонатын болған... Сен естімеген екенсің ғой?

Қыз. Мүмкін. Техника сағат сайын өзгеріп тұрады ғой... Такси ал да, мына мен отырған жерге тез жетсейші!

Жігіт (үстелді айналып өтіп). Тез жеттім!

Қыз. Жетсең... Біздің шеф қайда жүр? Мұнда өзіміз осылай отыра береміз бе?

Жігіт. Қайдан білейін. Мен енді келдім ғой. Қайдан келгенімді өзің білесің... Жұмысым көп, өзімді-өзім асырауым керек. Шеф мына клубтың жағдайымен жүгіріп жүр ғой... сатылып кетіпті дейді...

Қыз. Дұрыс болған!.. Жерге түсетін болдық. Не бар мына шатырдың астында?! Жұылған кірлердің арасында отырып еститінім — мысықтың мияулағаны!..

Жігіт. О, мен сонау алыстан ұшып келгенде сенен естімегім осы ма? Төменде не бар дейсің, үйреншікті іс-қимыл, күнделікті күйкі өмірден басқа? Шатыр асты болса да, бұл жер биікте ғой! «Жоғарыдағылардың» қатарында отырмыз! Бұл жерде біз бәріміз біргеміз!

Қыз. Осы бірге жүргеніміз маған сонша ұнайды деп ойлай-мысың?

Жігіт. Жоқ... Жай... біргеміз дегенім ғой!

Қыз. Электрондық жалған өмірден жалыққанша, жалғыз отырып барабан соққаным жақсы емес пе?... Иә, иә, идея екен — компьютердің орнына барабан...

Жігіт. Мейлі, барабан соқсаң. Маған ешқандай кедергі емес, мен барабан тыңдағанды жақсы көрем. Оны көп уақыт тыңдамасам, біртүрлі өзім елегізіп кетем... Ойлашы өзің: «тыңқ-тыңқ!», «дүңк-дүңк!» еткен барабанды тыңдап-тыңдап жүріп, кенет оның дүмпуі тоқтап қалса, керең адамдарша құлағың тынып қалады ғой!

Қыз. Осы сөздеріңе сеніп, іші-бауырым елжіреп кетті... Барабанда нең бар, менің ішкі дүниемде ісің қанша... Галактика, әлемдік мәселелер сені қатты толғандыратынын білемін.

Жігіт. Кәйтем енді... глобализация жеп барады мені де!.. Жұрттың бәрі мұхиттың ар жағындағы мәселелерге атсалысып жатқанда мен неге қалып қоюым керек? Әлемнің кіндігі осы жер! Олай болса, аузымды ашып қарап отыра алмаймын!

Қыз. Онда менің шаруам жоқ. Тек сенің ақылғөй интеллектуалдық ызың әңгімелеріңнен құлағым тынышталып қалатынына қуанып отырмын...

Жігіт. Е, мен оны түсінем... Мен де алғашқы кездерде сенің барабан тыңдауды немесе барабан соғуға құмарлығыңды түсінбей, үйрене алмай жүретінмін. Кәзір, өзің білесің, тәулік бойы жалықпаймын барабаннан... Интеллектуалдық мәселе де солай — адам өзін-өзі аздап болса да дайындау керек...

Қыз. Өте-өте... өте орынды сөздер. Бірақ маған оның қандай қатысы бар — интеллектуал болу тіпті ойымда жоқ және оларға ілесуге бір тамшы да ықыласым жоқ...

(Төменнен дабырлаған дауыстар естіліп, люк ашыла бастайды).

Жігіт. Мынау келе жатқан шефтің өзі!..

(Люк ашылып, екі кісі көтеріледі. Біреуі 45—50-лердегі толықтау, төртбақ кісі. Оны жұрт «Жақа» деп атайды. «Жаңа қазақ» деген сөздердің қысқартылған түрі болса керек. Екіншісі — жас жігіт, милиция қызметкері).

Қыз (олар көтеріліп келе жатқанда). Қайдағы шеф! Мына сұмырайлар ғой! ...тағы да!

(Жігіт пен милиция жігіт алақандарымен ұрысып аман-дасады. Таныс болса керек. Пауза. Жақа кірген бетте әй-шәй жоқ террасаның әр жерін тіміскелеп, бірдеңе іздей бастайды. Милиционер жігіт оның әрекетін сырттай бақылап, бір шетте тұрады).

Жақа (Милиционерге). Жоқ ол. Тығып қойған ғой. (Қыз бен Жігітке). Қайда ол?

Қыз. Кім?

Жақа. Кім-кім!.. Өтірік қана білмей қаламыз...

Жігіт (әдейі қағытып). Е, ол ма? Ол осында!..

Жақа. Қайда? Кәні?

Жігіт. Жақын жерде, тіпті қасымызда екенін сезіп тұрмын.

Жақа. Нені сезіп?.. Сен осы не туралы айтып тұрсың?

Жігіт. Сіздің іздеген затыңыз туралы... Егер ол бар зат болса, оны жоғалды деп қауіптенбеңіз. «Бардан жоқ болмайды, жоқтан бар болмайды» деп кезінде әбден жаттаған жоқсыз ба?

Жақа. Жоқ, жаттаған жоқпын. (Жігіттің көз алдына саусағын шошайтып). Ал барды жоқ қылуды мен саған көрсетемін!..

Жігіт. Сіз, құрметті мырза, саусақ шошайтып нервке тимеңіз!

Жақа. Жап-жас боп алып нервті шошайып тұрады.

Жігіт. Сізге не керек? Не жоғалттыңыз?

Жақа. Машинаның төсеніш кілемін!

Жігіт. Кілем?.. Ол орнында жоқ боп шықса, әрине, ұрлап кеткен!

Жақа. Оны өзім де білемін. Сонсоң да сұрап тұрғаным сендерден: «осында алып кеп төсеніш ретінде қолданған жоқсындар ма?» деп!..

Жігіт (сол қуақы қалпында). Біз үстіне жатқан кілем ғой?!

Жақа. Ә, бөрекелді, түсінігі бар бала сияқтысың!..

Қыз. Сіз, құрметті ағай! Ойланып сөйлеңіз!

Жақа. Біз өйте алмаймыз, қарағым! Біз сендер сияқты үй-үйдің төбесіне шығып... былай... мынадай тірлікпен айналысып жүрген жоқпыз. Біздің, құдайға шүкір, заңды, қасиетті төсегіміз бар...

Жігіт (Милиционерге). Милиционер мырза, мына кісінің тісін сындыруға бола ма? (Милиционер үндемейді). Түсіндім. Болмайды... Оған тұрмайды, әрине...

Жақа. Оң қолыңды бер маған!

Жігіт. Мә!.. (Қолын оқыс созып қалғанда, Жақа қорыққанынан ыршып түседі). Қорықпа!.. Ұруға аяймын...

Жақа (ақ қағаз бен итемпель бояуы бар қорапшаны шығарып). Бас бармағыңды әкел!.. (Саусақтарды бояуға малып, қағазға басып, іздерін түсіріп ала бастайды).

Жігіт. Бас бармақтан басқа саусақтарды қазақша қалай атаймыз?.. (Жақа үндемейді). «Балаң үйрек!» «Ортан терек!» «Шылдыр шүмек!» «Кішкентай бөбек!..» Таптым! Кілемді «Кішкентай бөбек» ұрлады!

Жақа. Ал енді алақаныңды!.. (Алақанын қағазға басады).

Жігіт (аяқкиімін шешіп, бір аяғын көтеріп). Аяқтарымның да іздері керек болар?..

Жақа. Кәзірше керегі жоқ... Ал транзистор қайда?

Жігіт. Транзистор?

Жақа. Қылжақты қой. Менің машинамың транзисторы қайда деймін?

Жігіт. Транзисторды білмеймін, бірақ дөңгелектерінің қайда екенін білемін.

Жақа. Дөңгелектерінің қайда екенін өзім де білемін, маған транзисторды тап!

Жігіт. Түуһ! Алған беттен қайтпайтын адам болады, ә?.. Транзистор?.. Міне, мынау қораптың ішінде. Бірақ оны ұрлаған жоқпын. Біз бәріміз осында құрастырғанбыз.

Жақа. Техникамен айналысамыз дейсің ғой?

Жігіт. Түп-тура. Ол ұрлық емес шығар?

Жақа. Техниканы ұрлап алып айналыспасаң неңмен айналысасың?

Жігіт. Біз өз қолымызбен құрастырамыз бәрін...

Жақа. Философияны қой, үрпек бас! Қайда транзистор?

Жігіт. Намысқа тиер сөздеріңізден екеуіміздің интеллектілік деңгейіміздің тең еместігін байқауға болады...

Жақа (қораптың ішін ақтара бастайды). Қайда деймін транзистор?..

Жігіт. Сонша күшенудің керегі не?.. Мен көрсетейін мұнда не барын... Міне, мыналардың бәрі жеке-жеке блоктар, жартылай өткізгіштер... Жалпы айтқанда, осы біздің клубтың жұмысына қажетті қоқыр-соқыр... Айтқандай, сіздің транзисторыңыздың негізгі параметрлері қандай еді?.. Білмейсіз. Ал мен білемін. Өз қолыммен бөлшек-бөлшек етіп бұзғам. Сосын олардың бәрін Есіл өзеніне лақтырып жібергем... Ешкім таппасын деп. Таппаған соң маған ешкім айып таға алмайды деп...

Жақа. Осы сенің есің дұрыс па?

Жігіт. Жоқ... Не бопты? Мен әдейі сөйттім. Әйтпесе сіз сияқтылардан ештеңе ала алмайсың... Тұу, бәріміз көріп жүрміз: алған үстіне ала берсем, ала берсем, бірақ ешкімге ештеңе бермесем дегендерді...

Жақа. Ей, тыңда, Эдисон!..

Жігіт. Тыңда, тыңда!.. Мысалы, мынау айналамыздағы темір-бетон тіреуіштер... Олар не істейді? Дүп-дұрыс: шатырды тіреп тұрады. Ал мынау компьютерлер ше?.. Жүйеге салып, ойлап қарасақ, машинаның ішіндегі кілемше мен транзистордың мына тіреулер мен компьютерлерге ешқандай қатысы жоқ, солай ма?

Жақа. Қандай жүйе, қайдағы жүйе? Менің машинамының есігін ашып, оның кілемін сыпырып, приемнигін жұлып алып, бөлшек-бөлшегімен Есілге лақтырып жіберу сеніңше жүйе ме?

Жігіт. Оның жүйе, жүйе еместігін білу үшін Есілдің түбін сүзіп шығу керек.

Жақа. Сен не, мені ызаландырғың келіп тұр ғой? Олай болса, сен ұсталдың!

Жігіт. Бір сұрағым бар, рұқсат па?.. *(Пауза. Жақа «айт» дегендей ыңғай береді).* Фантастикалық симфонияның авторы кім?.. Әрине, шындығымды айтсам, оны мен де білмеймін. Сондықтан транзистордың керегі қанша маған?

Жақа. Мен жырқ-жырқ етіп күліп жүретін әртіс емеспін. Телевизорға түсіп, тойға барып шалқақтап жүруге уақытым жоқ. Істеген істерім тап-тұйнақтай, заттарым өз орындарында белгілі тәртіппен тұрулары керек, аптекадағыдай тазалық сақтауды ұнатамын...

Жігіт. Еліктеуге тұрарлық қандай үлгілі өмір!..

Жақа. Жасы үлкендердің сөзін бөлмес болар! *(Жігітке қол көтермек боп ұмтылады. Милиционер ортаға түседі).* Сабап алса...

Жігіт *(сырттай өзін тежеп).* Шын айтам, неткен үлгілі адам, үлгілі өмір... *(Милиционерге).* Сіз қалай деп ойлайсыз?

Милиционер. Сіз бізбен жүресіз. Бөлімшеге барып сөйлесеміз, бәрін анықтаймыз. *(Қызға).* Өткендегідей ғой... Курсовойымды қарап, түзетіп берсе болды — босатамын.

Жігіт. Қалай десеңіз, солай болсын. «Аққа құдай жақ». *(Милиционер екеуі шығып бара жатқанда Қызға).* Мен қайтып ораламын!.. Күт!..

(Милиционер мен Жігіт люкпен төмен түсе бастайды да, көрінбей кетеді. Жақа қораптың ішіне тағы үңіліп ақтарып

жатып, олардан кеш қалып қояды. Қыз Жақаның қасына барып қасақана қарап тұрады. Жақа бұған көңіл аударып, қасына жақындайды).

Қыз. Түсімде ме, әлде өңімдегі өз ойым ба, есімде жоқ, «адам әрекетіне, көңіл күйіне информациялық арқау жасау арқылы әсер етуге болады» деген ой есімнен кетпейді. Шындығында да адамның бүкіл болмысы жарықпен, дыбыспен, ауамен, жеген аспен келетін информациялардан тұрады екен. Осы информациялық каналдарды қолдану арқылы бүкіл адамзат тарихына төңкеріс жасауға болады. Өлгі жігіттің құпия жаңалығын іс жүзінде қолданып көрейін... *(Жақаға «таяқшаны» ұстатады. Шам сөнеді. Космостық дыбыс, музыка, жарқ-жұрқ т.с.с. эффектiлер).*

Жақа. Не болып кетті? Замыкания ма? Бүлдіріпсіңдер ғой бәрің!.. *(Қыз «таяқшаны» Жақадан алып қояды. Жарық өз қалпына қайта келеді).*

Қыз. Сіз!.. Кешіріңіз, сіз осы өмірде барсыз ба?

Жақа. Неге болмайын бұл өмірде?.. Сен білуің керек мені?..

Қыз. Ал мен әйтпесе сізді откритканың суреті екен деп қалдым.

Жақа. Немене деп қалдым?!

Қыз. Шешініңіз!

Жақа *(түсінбей тұрып қалады).* Ше... шешініңіз?!

Қыз. Мен де шешінем! Сіз білмей жүрсіз ғой, мен сізді көптен бері ұнатам. Есіңізде ме, мамам екеуміз үйіңізде қонақта болғанымыз? Содан бері құпия түрде жақсы көрем өзіңізді. Бұл қылығым сізге біртүрлі болып көрінуі мүмкін. «Ойы толмаған ақымақ қыз» деп те ойларсыз. Бірақ мен өз сезімімді қалай білдірудің жолын әлдеқашан ойлап жүргем. Түсініңізші мені. *(Жақаға жақындайды).*

Жақа. О, не... қалай... түсінем...

Қыз. Сол жолы мен сіздің әңгімеңізге әбден тәнті болғам. Антальяға барып демалғаныңыз, сонда теңіздің жылы суына сүңгіп жүріп, қайықпен серуен құрғанда оның түпсіз тұңғиығына қарап отырып біздің тіршілігіміз пайда болар шақтағы жарық дүниедегі хаос туралы ойларыңызды демімді ішке тарта отырып тыңдағам. Ал Әмиратқа шеккен сапарыңыз, ондағы молшылық, уайымсыз өмір туралы айтқандарыңыз әртүрлі бояумен салған әдемі табиғат суретіндей әлі көз алдымда. Қажылыққа екі рет барған хикаяңыз, әсіресе құдай жолы дегенде ештеңеңізді аямайтындығыңыз сіздің сана-сезіміңіздің әбден жетіліп, пендешілік дегеннен құлан-таза тұрғаныңызды көрсетеді...

Жақа. Жарайды, жарайды... Мен соншалықты особый емеспін...

Қыз. Мен енді ойдан құрап тұрған жоқпын ғой. Бар нәрсені ғана айтып тұрмын. Мен көрген адамым туралы, оның қасиеті туралы байқағандарымды айтуға құқым бар шығар? Әлде сізге ұнамай тұр ма?..

Жақа. Е, енді сенің правонды мен қалай запретить ете алам? Кеше ғана құртақандай қыз едің, енді бойжетіп, өз правонды қорғап отырсаң оған неге қуанбасқа!

Қыз. Олай болса, мен де қуаныштымын. Сөздеріміз жарасып келе жатқан сияқты. Қандай жақсы!

Жақа. Жақсы... Мен кетуім керек еді...

Қыз. Ұнамасам, мейліңіз!

Жақа. Е... е, не туралы сөйлесуді білмеймін, әйтпесе... Сосын жасым біразға келді...

Қыз. Елу беске.

Жақа. Иә-иә... Елу бес болуы да мүмкін... Мен ұмытшақ боп барамын...

Қыз. Елу бесте, алпыста тұрған не бар? Мен әлде түрі келіспеген бір сүйкімсіз жан боп көрінем бе сізге?

Жақа. Жоқ, әрине... Қандай тамаша күн... Ол, айтқандай, тұтылайын деп тұр... тамаша күн!

Қыз. Мен оның тұтылғанын ұнатамын.

Жақа. Мен... иә, мен де. Бірақ ол өте сирек болатындығы өкінішті... Қандай тамаша оның тұтылуы!.. Өттең, ол ұзаққа созылмайды... Сол... *(Пауза)*. Қандай тамаша күн... тұтылған...

Қыз. Көп сөздің керегі не? Онсыз да түсінеміз деп білем бір-бірімізді. *(Жақаның қасына жақындайды. Жақа ебедейсіз қимылмен Қызды құшақтап, сүйіп алады. Қыз оның жағынан салып жібереді. Пауза)*. Сәл болмағанда шапалақпен тартып жібере жаздадым. Біз әлгі Жігіт екеуміз бір-бірімізді шапалақтап аламыз да, сіздің машинаңыздың кілемін төсеп жіберіп, барабан соғысы жазылған дискіні қойып, кілем үстіне жата кетеміз. Барабанның дүмпілі маған ұнайды. Қанша қатты соққыласа, сонша мені қатты қоздырады. Кілемді әкеліп төсейін? Барабан соғысы сізге де ұнайды!..

Жақа. Жо... жо... Мен кетемін.

Қыз. Неге?

Жақа. Уақытым жоқ...

Қыз. Даусыңыз дірілді, көзіңіз үрейлі. Қисынды-қисынсыз күдіктене беру ойы арам адамдарға тән. Ал сіз теңіз тұңғиығына

үңілетін, тіпті басқа қасиеттеріңізді былай қойғанда, Данышпанның саусақтарының іздерін өз қолыңызбен қағазға түсіріп алғаныңыз неге тұрады!

Жақа. Қайдағы Данышпан?

Қыз (*даусын көтеріп*). Жаңа ғана сіз милицияға айдатып жіберген адам! Ол галактикамен тіл табысқан Данышпан!

Жақа. Тише, тише, сұранам!

Қыз. Неге?

Жақа. Ойбай, даусың бүкіл көшеге естіліп жатыр.

Қыз. Қандай көше? Бұл жер көше емес, бұл жер — үйдің шатыры. «Технический этаж» дейді.

Жақа. Даусың шөңкілдеп қатты шығады екен.

Қыз. Ол ештеңе емес. Кәзір. (*Терраса ернеуіне жақындап, айқайлап*). Ей, адамдар! Мұнда қараңдар! Мұнда бір қызық болып жатыр!..

Жақа. Тыныш, тыныш! Сен қайда тұрсың?

Қыз. Осы жерде, үйдің төбесінде, Азия құрлығының дәл ортасында. Мен бұдан да қатты айқайлай аламын. Міне. (*Айқайлайды*). Ей, халайық, маған бір сұмырай тыныштық бермей жатыр!..

Жақа. Ойбай, қой! Қой деймін!

Қыз (*айқайлауын қоймайды*). Тезірек келіп көріңдер оның не істеп жатқанын...

Жақа. Мен саған жалынамын — бұл ұят.

Қыз. Ұят екені рас. Егер ұят болса, жарайды, мен айқайламай-ақ қояйын.

Жақа. Міне, қандай ақылды қызсың! (*Кетпек боп люкке қарай жүреді*).

Қыз. Қайда? Қайда?

Жақа. Қайда-қайда? Сайға! (*Люкке беттейді*).

Қыз (*оның алдын орағытып*). Мен бір нәрсе көрсетем. Өте маңызды. Содан кейін жол ашық. (*Жылдам ғана компьютердің жанына барып, бір-екі клавиштерін басады. Дисплейде Жақа мен Қыздың бейнелері шығады. Осының алдында ғана Жақаның Қызды сүйіп алған тұстары қайталанады*). Біз жеке қалып бірге болған сәттер түгелімен жазылып, мәңгілікке сақталып қалды...

Жақа (*әрі-сәрі, кете алмай тұрып қалады*). Сен енді қайтып айқайламаймын деп едің ғой?

Қыз. Иә, дегенім рас. Бірақ мен сізге түкке тұрмайтын болмашы ғана шарт қойғым келеді. Соны орындасаңыз, дымымды шығармайтын боламын. Ол былай! (*Терраса жақты нұсқап қояды*). Мына жерден көшеге қарап тұрып, «Ей, адамдар! Мен

сұмыраймын!» деп айқайлаңыз немесе мен айқайлаймын. Даусым мынау бүкіл орталық алаңға естіледі. Жұрт жиналады, олар мені зорламақ болғаныңызды көреді. Телевидение, анау Үкімет үйіндегілер естиді... Ал айқайлаңыз.

Жақа. Қалайша?... Неге мен өзімді масқаралап айқайлауым керек?

Қыз. Онда өзіңізді мақтап айқайлаңыз: «Ей, халайық, мен нағыз еркекпін, бизнесменмін, құдіреттімін!» деп...

Жақа. Жоқ.

Қыз. Неге «жоқ?» Жазықсыз адамға кінә тағуға, жалғызілікті келіншектерді алдап, қорқытып пайдалануға шеберсіз. Ал мына жерден айқайлай салуға неге батылыңыз жетпейді? Бұл шарт орындалмаса, компьютердегі информация анау қарсыдағы үлкен үйлерден бір-ақ шығады! Айқайласам даусымды да естиді!..

Жақа. Тыңдашы, одан да басқа бір шартқа келісейікші?

Қыз. Бірінші шартым орындалған соң.

Жақа. ...Мысалы, мен осы жерді сатып алуды қарастырып жатырмын. Осында менеджер ғып жұмысқа алайын?..

Қыз. Жоқ. Керегі жоқ. Кезінде менің мамамның басын қатырғаның да жетеді. Айқайла!

Жақа. Айқайлай алмаймын.

Қыз. Онда мен-ақ айқайлайын. «Ей, адамдар!..»

Жақа. Жарайды!.. Жарайды!.. Байқап көрейін.

Қыз. Терезеге жақындап тұрыңыз.

Жақа (*терезе тұсына барып айқайламақ болғанымен, даусы өлімсіреп шығады*). Ей, адамдар...

Қыз. Бұл болмайды!

Жақа. Түсініп тұрмын. Мстишь. Бірінші, жаңағы баланы ұстатып жіберді деп, екінші, мамама қарамай қойды деп... Мамаңмен жүргенімді өзің білесің. Бірақ «үйлен» деген талабын орындай алмадым. Қалайша түсінбейсіңдер сендер? Семьям, бала-шағам, немерелерім бар адаммын. Атым жұртқа белгілі не дегенмен де. Ал сен «айқайла, айқайла» дейсің!

Қыз. Атағым бар! Бала-шағам бар! Тек менің дегенім болсын, құлқыным тойсын! Сол үшін Жерді қайтадан топан басса да мейлі!

Жақа. Түсінсей. Сен түсінетін қызсың ғой ақылсыз емес...

Қыз. Мен ақылсызбын, мен түсінбеймін... Айқайла, әйтпесе мен өзім-ақ айқайлаймын.

Жақа. Мен сенен жалынып сұраймын. Өте. Басқа бір шартыңды орындауға дайынмын. Не десең де орындайын, бірақ «айқайла» дей көрмеші?

Қыз. Мақұл делік. Олай болса, атағы, беделі бар адам, мысалы, менің орнымда болса қандай шарт қоюы мүмкін еді?

Жақа. Мысалы, мен сенің аяқтарыңды сүйейін?

Қыз (*паузадан кейін*). Біздің көкелеріміз қандай ақылды, қандай қу болып кеткен?! Намысынан бұрын пайдасын ойлаған!.. «Губа — не дура!..» (*Қуақы*). Ал жарайды. Аяқтарымының қай жерлерін сүймек ойыңыз бар, құрметті мырза? Саусақтарын ба, әлде... (*юбкасының етегін жоғары көтеріңкіреп*) балтырымды ма? Мүмкін, одан да жоғарырақ?.. Менің сандарымның терісі әдемі. Қыздардың, жалпы әйелдердің сұлулығы — ол терісінің әдемілігінде! Ақын, жазушылардың «көз, мойын, бөксе, бел» деп жазып жүргендері — сексуалдық, эротикалық көзқарастарының кенжелігінен туындаған ойлары. Өңгіме тері, клеткаларда... Міне, қарай қойыңыз, жиырмаға толмаған қыздың терісі қандай болады екен! Бірақ жан-жаққа шапшып, ойнақтап тұрған көздеріңіз түкті де көрмейтін сияқты! Ондай соқыр сезіммен менің аяқтарымды кәйтіп сүймексіз! Одан да мынау бос алаңға, тас алаңға «Мен көрмін!» деп айқайлағаныңыз жарасады...

Жақа. Енді басқа шартты орындауға келістік қой?..

(*Мысықтырдың мияулағаны, иттердің ұрғені естіледі. Қараңғылана бастайды*).

Қыз. Жан-жануарлар үрейге бөленді. Күннің тұтылуы басталды!..

Жақа. Биссимиллә! Биссимиллә!..

Қыз. Жарайды. Мұндай жағдайда сіздің айқайлауға, шындығында да, шамаңыз жоқ. Ендігі шарт былай: сіз ана шетке барып тұрыңыз. Ол жерден ешкім көрмейді де, естімейді де... (*Жақа көрсеткен жерге тұрады*). Солай... Сол тұрған жеріңізде менің көз алдымда шешініңіз!

Жақа. Шешін... Қалай?..

Қыз. Біртіндеп. Аспай-саспай, солидный еркекке тән салмақпен, батыл қимылмен...

Жақа. Тыр жалаңаш па?

Қыз. Туфлиіңізді шешпей-ақ қойыңыз!

Жақа. Ол болмайды ғой.

Қыз. Неге? Адам денесінде ұялып, намыстанатындай артық ештеңе жоқ. Ұят нәрсе оның қу басынан, ой-өрісінен шығады.

Жақа. Сонда да ұят қой біртүрлі.

Қыз. Ұяты несі? Шетелдік турнирлеріңіз туралы көп әңгіме айтпайтын ба едіңіз? Ондағы қала көшелерінде орнатылған жалаңаш скульптуралық ескерткіштер ше? Осындай әңгімелерді мен де құлағымды түріп, есік саңылауынан қызыға тыңдайтынмын. Әңгімелеріңіз мені қоздыратын...

Жақа. Мені ұнатып қалғаныңды баяғыда-ақ сезгем, оны өзін де мойындап отырсың. Бірақ ол туралы ешкімге айтпаймын, оған қам жеме...

Қыз. Сіз неткен жақсы адамсыз! Жұрт алдында күлкі болмасын деген қамқорлығыңыз ғой?

Жақа. Әрине. Жас қыздың құпиясы ашылып қалса ұят емес пе?

Қыз. Ал мен сізге сенбеймін. Күлкі болар менде құпия да жоқ. Жаңағы келіскен шартымыздан ауытқымайық. Шешініңіз!

Жақа. Е, е! Бұл қалай? Қайда, қалай тұрмыз?! Кімді төлкек қып тұрмыз?!

Қыз. Иә, кім-кімді төлкек қып тұр? Мен үшін қиналып тұрсаңыз, айтқанды орындамаңыз. Онда маған да өкпелемеңіз. Дәл көзір шыңғырып айқайлауға құмартып тұрмын!

Жақа. Жарайды, жарайды! Айтқаның болсын!.. *(Көйлегінің түймелерін ағыта бастайды).* Көк бет екенсің!..

Қыз. Міне, енді жөнге келіп, маған ұнай бастадыңыз!..

(Жақа көйлегін, аяқкиімін шешеді. Шалбарының түймелерін ағытып, оны қайта түймелейді).

Жақа. Мүмкін, осы да жетер?

Қыз. Тез-тез қимылдаңыз? Айнала қап-қараңғы боп барады!..

Жақа *(шалбарын шешуге әрекеттенеді).* Шеше алмаймын. Саусақтарым иікпейді.

Қыз. Талай істерді атқарып жүрген саусақтар, талай доллар санап жүрген, талай қағаздарға қол қойып жүрген саусақтар неге иікпей қалды? *(Жақа зормен шалбарын шешеді).* Е, міне, саусақтар қайта іске қосылып кетті!.. О, сіздің саусақтарыңыз шебер саусақтар, енді қалғанын виртуозно шеше салады!

Жақа. Трусиімді де шешемін бе?!

Қыз. Әрине. Енді қиналатын ештеңе жоқ. Өзіңіз шетелде талай барған «дикий пляждарды» көз алдыңызға елестетіңіз де, сыпырып тастаңыз. Сонда бөрінен тып-типыл құтыласыз!

Жақа. Дүние күйіп кетсе де, дәл бұны істей алмаймын.

Қыз. Істейсіз. Осы болмашы нәрсеге бола атыңызға кір келтіріп, артыңыздан сөз ілестіріп, жиған-терген дүниеңізді күйдіріп кәйтесіз? Ар, ұят, намыс — олар «мінсіз адам» деген

ғимараттың фасады ғана дейді!.. Ал қимылда. *(Жақа арбауға түсіп қалғандай қолын трусиіне жақындатады)*. Солай... Енді екінші қолыңызбен, адамды ұрған қолыңызбен де әрекет етіңіз. *(Жақаның қолдары еріксіз қимылдайды)*. Дұрыс. Енді қолдарыңызды төмен жылжытып шеше беріңіз. Күннің толық тұтылуына қас қағым уақыт қалды. Ол толық тұтылған кезде Адриатика мен Ақ теңіз суларына түсіп, күміс тартқан денеңізді толық көруге мүмкіндік болмақ. Міне, күн жоғалды! Жан-жануарларды үрей биледі. Үріккен үйір аттар айналып шауып жүр. Еліктер, жайрандар, сайғақтар оқтай зымырап, құм дала қойнына сіңіп кетіп жатыр. Иттер қыңсылайды... Ал адамдар?!.. Адамдарға тамаша керек — қолдарында күйелі шыны. Бәрі бір сәт қара дөңгелекке ұқсаған Күн көзіне қадалуда. Ең жарығымыз, ең сұлуымыз, өміріміздің өзегі жалғыз Күніміздің бетіне түскен көлеңкеге де қуанып, тамашалаймыз! Осындай әлемдік оқиға кезінде әлемдік өлшеммен қарағанда биттің көлемі ғұрлы келмейтін сіздің құныс денеңізге кім қарап қалыпты сонша!

Жақа. Мейлі әйтпесе! Көр, міне! *(Шұғыл қимылмен трусиін бұтынан сыпырып жіберіп, тез қайта киеді. Қыз теріс айналып, компьютер қасына барады)*. Неге теріс айналдың?! Көргің келгенді көрмейсің бе?! Мен шешіндім ғой... сөзімде тұрдым...

Қыз. Шешіндің не, шешінбедің не, сендей адамдар киімі түгілі, терісі жоқ сорлы жәндіктер сияқты. Сүйегі өспеген, еті толмаған жиіркенішті құныссың, тьфу! Малғұнның аты — малғұн! Арсыздар мен ұятсыздарға күннің тұтылғаны да әсер етпейді. Осындайда үрей қуған хайуандардың да сезімталдығы әлдеқайда жоғары болғаны ма? *(Компьютер арқылы «Барабан дүмпілі» музыкасын қосады. Жақа апыл-ғұпыл киімдерін киеді. Сосын Қызға жақын келіп, кетіп қалуға бата алмай тұрады. Қыз оған бұрылып қарамайды)*. Енді табаныңды жалтырат, Геркулес! *(Жақа бірдеңке демек боп ұмтылады)*. Кетіңіз!.. Күн көзін қалқаламай!.. Әлде тағы бір шарт қояйын ба?

Жақа. Жоқ, жоқ... *(Тез-тез люкпен төмен түсіп жоқ болады. Пауза. Артынша люктің қақпағы қайта ашылып, Жақаның басы қылтиып көрінеді)*. Егер сен қыз осы оқиғаны жұртқа өсек қып тарататын болсаң, бәрібір саған ешкім сенбейді, себебі мен жұртқа танымал Жақамын. Ал сен бар болғаны мұрынбоқ қызсың. Тағы бір айтарым: әлгі «дикий пляждар» туралы әңгімелерімді кезінде сенің мамаң құшағымда жатып құмартып тыңдайтын! Солай!

(Люкпен зып етіп түсіп жоқ болады. Қыз әлдебір алыс кеңістікке қарап тұр. «Барабан дүмпілі» музыкасы тұншыға алыстап шығады. Жол-жөнекей біртіндеп оған әдемі әуен ілеседі, ол кең тынысты музыкаға айналады. Әлемнің әдемілігін бейнелейтін музыка құшымен бірге айнала біртіндеп жарқырап кетеді. Күн тұтылудан босап шықты. Бір кезде люк қайтадан ашылады да, бізге таныс Апай шығады. Жалтақтай шыққан ол ортада теріс қарап тұрған Қызды көріп, сыртынан жақындап, бірдеңе демек боп оқтала береді).

Қыз *(бұрылмай).* Кет, кет, кет, көлеңке! Бетіме енді, сірә да, түскізбеймін. Кет, кет, көлеңке! Көзіме енді көрінсең, жолымда тұрсаң, енді киіміңді емес, өз тереңді өзіңе сыпыртам! «Кет» деймін!..

Апай. Қойшы, әй! Не болды саған?..

(Қыз бұрылып қарайды да, аз уақыт түсініксіз халде тұрып, кенет күліп жібереді).

Қыз. Ой, Апай, сіз бе едіңіз?

Апай. Не, сен әртістікке дайындалып жатқандай?

Қыз. Қайдағы артистік!

Апай. Сенің бет-бейнең, кескінің әртіске келеді. Сұлусың. Әртіске лайық... Әй, әртіс болшы-әй, шынында да! Артыңнан бір әкім жүгіріп жүрсін... Е, басқалардан кемсің бе?... Әй, сонда мына көмпитерлеріңе ешкім тиіспес еді. Мен де осы жұмысымды істей берер ем... Е, айтқандай, шептерің қайда? Бағана бір келіп мына кірлерімді жайып кетіп ем. Ешкім болмады. Тек әлгі қу мысық «мияулап»... Ө, айтқандай, мысық демекші, мысық сияқты бір еркек артымнан аңдып келіпті. Өзі профессор екен. Осында жұмысқа келіпті. Өзілқой. «Уақытша холостякпын, контактироваться боп тұрайық» дейді. Өзі ничего. Тек солпиған қарны болмаса... аяқтарының келтелігі болмаса... шөлтиіп тұрғанда бұтының тырыып қалатыны болмаса... бетінде бір түгі жоқ көселігі болмаса... Әй, айтқандай, жаңа біразда Күн тұтылды-ай! Құдай салмасын, көңілім қобалжып біртүрлі болды-ай! Бірақ көре алмадым тұтылғанын. Артымнан ілесіп үйге кірген жаңағы профессордың жағы бір тынбады. Мылжыңдай берсем мені құлап түседі деді ме екен! Анекдот айтады да, өзі мәз боп шиқылдап күледі. Американдарға еліктеп «секс, секс» дегендерді көп айтады екен байғұс... Айтқанын көйтейін... Айта береді, айта береді... тек. Жүйкені жеп бітті әбден. Бір уақытта қарасам Күн ашылып кетіпті. Тұтылғанын көре алмай қалдым. Ой, ашуымның келгені-ай! Мен сосын анаған айттым:

«Бүйткенше, сен Америкаға барсайшы секс туралы бос сөзді көп айтатын! — дедім. — Солармен бірге сағыз шайнап жүресің!..»

Қыз. Ол үшін оларды Америкаға жіберіп не қыласыз? Бұндай мәселелерде біздер ешкімнен кем қалып жатқан жоқпыз...

(Кенет мысықтың «мияулаганы» естіледі).

Апай. Ойбай, мына сұмырай мұнда жүр ғой!.. Кіс! Кіс!.. Қайдасың-өй?.. *(Іздей бастайды).*

Қыз *(Апаймен бірге іздеп).* Кіс! Кіс! Кіс!.. *(Терезеден сыртқа көзі түсіп кетіп).* Әні, әні, мысық!

Апай. Кәні?

Қыз. Әні, әні!.. Қарсы жақтағы үйдің шатырында жүр...

Апай. Иә, иә, көрдім!.. О, албасты, құс аңдып отыр, әй!.. Бесе, осында көтерілсем болды мысық мияулайды. Мен ойлаймын «менің мысығым өліп қалып еді ғой» деп. Мынау басқа ғой. Өзі тап-тарғыл екен. Тарғыл мысықтар маған ұнамайды. Менің мысығым... байғұс... ақылды болатын... *(Даусы дірілдеп шығады. Пауза. Кенет шаттана).* Ө, мынаны қара! Мынаны қара! Біздің қаламыз әдемі екен ғой! Мен неге көзімді ашып қарамағанмын осы жерден! Анау-мынау деп күйбең сөздерден шыға алмаймыз. Одан да, әу, әріптестер, қарайық та мынау айналада болып жатқан жаңалықтарға... *(Шаттана, тоқтамай қатты күледі).*

Қыз. Әлі бұдан да әдемі болады... Мұнда дүниежүзіндегі ең үлкен, ең биік үйлер салынатын болады... Сіз, Апай көз алдыңызға елестетіңізші: бір үй — жеке бір қала! Онда жиырма-отыз мың адам тұрады. Адамға керектінің бәрі ішінде. Ақмоланың ақ боранын онда сезбейсіз. Транспорт ол — эскалаторлар мен суперлифтілер. Ал оның биіктігі соншалық, осы сияқты террасасында тұрып күшті дүрбілермен айналаға қарағанда мына жағы Қарағандыны, мына жағы Жезқазғанды, мына жағы Көкшетауды көре алатын боласыз...

Апай *(әрі сенбей, әрі қуақы).* Е, онда мына тарғыл мысық оның шатырына шығып, құстарға бұлттардың ар жағынан қарайды десеңші!.. Шығарын шығып алып байғұс түсе алмай отыратын шығар?.. Түу, қандай биік, қорқынышты!.. Ей, мен ондай биікке шығып жан-жаққа қарай алмаймын...

Қыз. Сіз сенбей тұрсыз... *(Компьютер жанына отырып).* ...Ол қалай болатынын мен сізге көрсетейінші, Апай? Оны біз досымыз екеуміз компьютерлік графикамен былай суреттеп шықтық. Қараңыз!

(Классикалық динамикалық музыка. Монитор экранында «Болашақ қаланың» фантастикалық бейнелері өте бастайды.

Ара-арасында кәзіргі Астана силуэттері көрінеді. Графикалық бейне-топтама біткенде үнсіздік пауза орнайды).

Қыз (*жай үнмен*). Біздің қаламыз осындай болады. Осындай болғанда арамыздағы арамзалар, топастар, ұрылар сіздің алдыңызда, Апай, «Антальяда демалдым, Таитиде серуендедім, Нью-Йоркте қыдырдым» деп мақтана алмайды. Түсінесіз бе? Олардың біздің қаламыздан түк те артықтығы болмайды.

Апай. Мақтана алмайды менің алдымда, мақтана алмайды... Е, мен ол кезде мысығымның артынан кетіп қалармын құдай ұйғарса...

(Люк ашылып, бір кісі шығады — ақ сақалды, бурыл шашты, арықша талдырмаш, жинақы, сүйкімді. Ақсақал Апай мен Қыз жаққа келе жатып Апайдың алдына тоқтап, елеусіз иіліп сәлем бергендей қимыл жасайды. Апай апыл-ғұпыл жауап ретінде басын изейді).

Ақсақал (*аса бір әдептілік мәнермен Апайға*). Сіздің мысығыңыз өте жақсы мысық болатын... ақылды... асылтұқымды... Сіз өзіңіз де жақсы адамсыз, бірақ американдарды сыйламайсыз... Біздер — американдар оған өзіміз кінәліміз: сізге ұнамайтын қылықтар жасаймыз, сағыз шайнаймыз... Ол үшін мен кешірім өтінемін...

Апай (*таңғалып*). Ә... иә... жо!.. Американдарда нем бар, құдай сақтасын...

Қыз (*Апайдың сөзін бөліп, Ақсақалға*). Кешіріңіз, сіз осы өмірде барсыз ба?

Ақсақал. Әрине. Апайдан кешірім сұрап тұрсам, неге болмайын. (*Қызға бұрылып, жақындап*). Сіз тура открыткадағы суретіңізге ұқсайсыз. Мен өзіңізді тезірек көруге ынтығып, асығып келіп едім!

Қыз. Ал сіз қалтаға түскіш ұры сияқтысыз. Саусақтарыңыздың іздері соны дәлелдейді.

Ақсақал. Ұры болайын, қары болайын, бірақ бай-бақуатты болайын. Өзіңізді сонда тек Мальта, Мальдив, Майамиде демалтамын. (*Қыздың қолын алып сипай бастайды*).

Апай (*бақылап тұрып, кенет шыдамай*). Сіз, Ақсақал былай әдеп сақтап дегендей... (*Қолын қағып тастайды*).

Қыз. Мен өзіміздің «Болашақ қалада» ғана өмір сүргім келеді.

Ақсақал. Жаным-ау, менің өмір бақи жиған байлығым жетпей ме екеумізге?.. Біз жоспарлаған «Болашақ қала» біздердің арман-қиялымызда ғана туған жоқ. Ол, міне, айналамызда, көз

алдымызда қаланып жатыр. Олай болса, онда мәңгі өмір сүретін боламыз... *(Екі қолымен Қыздың иығын ұстайды)*.

Апай. Өле-ө! Масқара! Көзіргі қақбас шалдар әбден есірді-ей! Мынаның беті жаман! Әй, шал жолдас, бұл Қыз әлі совсем жас, қолыңды тарт, е! *(Ақсақалдың қолдарын тағы да қағып тастап, орталарына тұрады)*.

Ақсақал. Сүйген жүректердің ортасына түскен обал болады...

Апай. «Сүйген жүрек» дейді, бетім-ау!.. Айнаға қарадың ба, жасың қаншада екенін білесің бе?..

Ақсақал. Жаста тұрған не бар? Менің атам баяғыда алпыс жасында он алтыдағы қызды тоқалдыққа алған екен... Мен одан кем емеспін.

Апай *(Қызға)*. Мына шал ұятсыз, тентек екен!..

Қыз. Неге, Апай? Менімше жақсы кісі сияқты ғой?

Апай. Жақсы кісі?! Өлө! Сенің басың сау емес, көмпитер өтіп кеткен! Қой!.. Шал сенің теңің емес! Сенің теңің — осында сенімен отыратын үрпек бас бала! Ол қайда өзі?

Қыз. Оны ұстап алып кетті. Ұрлықшы екен өзі. Осында бір халыққа танымал ұятты адамның машинасының кілемшелерін, транзисторын сыпырып алыпты. Кәйтсін — кедейшілік. Ондай түгі жоқ жігіттен гөрі, дүниесі дайын шалдар жақсы емес пе?

Апай *(таңғалып әрі ашулы)*. Әй, мен сені білмей жүр екем ғой! Масқара... Е, онда тиіп ал мына шалға!.. Е... е-ей, көзіргі жастарға Американың әсері көп тиіп жатыр! Киноларын көре қалсаң, мақтайтындары бай адамдар, ал кедейлерінің бәрі малғұн, наркоман!.. Бірақ менің саған айтарым: адамның сезімінен, ақыл-ойынан қымбат нәрсе жоқ. «Махаббат по-расчету» деп жүріп өкініп қалма. Жаман болса да үрпек бас баланы байқашы, қарағым!..

Ақсақал. О, бұныңыз қалай, Апай? Шал болсам мен адам емеспін бе? Менің сезімім түкке тұрмай ма? Сұранамын: біздің арамызды бұзбаңызшы? Сізге қарыздар боламын: көйлегіңіз менен! Осы Қызды қатты ұнатып қалдым! Айныта көрмеңіз! *(Ақсақал Апайдың алдына тізерлеп отыра кетіп, тізелерін құшақтап алады)*. Сұранамын!

Апай *(баж ете)*. Ойбай! Мына қақбас шал кәйтеді-ей! Қойшы-ей! Жібер деймін! Масқара! Ұят-ай! Менің аяқтарымды құшақтап алды. Өмірі қол тимеген... Жібер, ей, жібер, есі ауысқан... *(Ақсақалдың басын итеріп босанбақ болғанда «бас тері» — маска сыпырылып қалады да, Жігіттің «үрпек басы» көрінеді)*. Ойбай, мынау қандай пөле еді! *(Масканы жиіркене лақтырып*

жібереді). Кет-ей! Кет!.. (Жігіт Апайдың тізелерін босатады да, орнынан тұрады). Сен кімсің-ей, албасты!

Жігіт *(шашын түзетін, жапсырылған сақал-мұрттарын сыпырып). Бұл мен ғой, Апай!..*

Апай. *Е... е!.. Қойшы-ей!.. «Мен» емессің!.. Оборотень!..*

(Үлкен пауза орнайды. Қыз бен Жігіт қатты күлуге батылдары жетпейді. Апай да болған нәрсені енді түсініп, не күлерін, не ұрсарын білмей тұрып қалады).

Жігіт *(жай ғана). Кешіріңіз!..*

Апай *(кенет қатты даурығып). «Кешіріңіздің» бар болсын, мына Қызды бір шал алып кете жаздады ғой... Маған да біреу жабысып. Осының бәрі — Күннің тұтылғанының әсері! Көлеңкелеу, қараңғылау жерлерде көңілі бұзықтар құтырады!.. Әй, Күніміз ашылды ғой, құдайға шүкір! Өмірімізде, көңілдерімізде көлеңке-қараңғылық болмасыншы, өу, халайық!*

Мониторда «Болашақ қала» көріністері. Жігерлі барабан думпүй күшті музыка.

Екінші бөлімнің соңы

Алматы, 2001 ж.

КӨЛ ЖАҒАСЫНАН КӨРІНІС

(екі бөлімді лирикалық пьеса)

Қатысушылар:

Біржан — ғылыми қызметкер

Сара — студенттер

Есет

Мария — Біржанның бұрынғы әйелі

Артықбаев

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Жазғы кез. Көлдің жағасы. Бір жақта пляж. Бірақ оның аздаған бір бұрышы ғана көрінеді. Балалар алаңына қоятын әткеншек, карусель.

Бірлі-жарым ірі-ірі қойтастар, жағаға тіркестіріп қойған қайықтар.

Тас үстінде Біржан отыр. Көптен бері отырса керек. Бұл жер пляж екендігі оның есіне де кіріп шықпайтындай. Жүзі ұйпа-тұйпа, шаршағандық белгі.

Музыкалық пауза.

Сара шығады, 18-19-дардағы қыз. Үстінде пляждық модалы жеңіл киім. Өзі талдырмаш, сондықтан иығына салып көтеріп келген қайықтың ескектері бұны жаншып жіберердей. Ескектерін жағадағы қайықтардың шеткі біреуіне салып қояды. Қайықтың шынжырын ағытып, суға түсірмек болып итере бастайды. Бірақ қайық құмға терең отырып қалса керек — қозғалмайды. Сара қайықты итеріп әлек болып жүр.

Оның тырбаңдағанынан ештеңе шықпады. Ол не істерін білместен дағдарып тұрып, жалғыз отырған Біржанды көреді. Еріксіз оның қасына жақындайды.

Сара. Кешіріңіз... (Біржан оның даусын естімейді, тек аз уақыттан кейін өзіне біреудің қарап тұрғанын сезіп, Сара жаққа басын көтереді). ...Кешіріңіз... Қайықты суға түсіре алмай жатқаным... Құмға отырып қалыпты... (Біржан орнынан тұрады. Бірақ Сараның не дегенін түсінбеген сияқты, қасында жатқан портфелін, костюмін қолына алып, әй-жәй Сараға қарап тұрып қалады. Репродуктордан естіліп тұрған әдемі классикалық музыка кенет үзіліп қалады да, әлдебір жеңіл-желпі әнге ауысып кетеді. Біржан жақтырмағандай репродуктордың даусы шыққан жаққа мойнын бұрады).

Сара. Бұлар осы бір музыканы қайталай береді, қайталай береді...

Біржан. Өмірде құлақ естімеген... *(Олар үнсіз тұрып қалады. Біржан Сараға қарамайды да, бір қолында портфель, бір қолында пиджак. Ол біразырақ тұрған соң орнына қайта отырады).*

Сара. Мен сізге келіп ем...

Біржан. А-а?.. Келіңіз?..

Сара. Сіз маған қайықты суға түсіруге көмектессеңіз?

Біржан. Әрине... *(Орнынан қайта тұрып, үйреншікті әдетімен портфелін, пиджағын қолына ала Сараның дәл алдына келіп тұрады. Сара оның түңілген жүзіне қарап қалады да, бұрылып қайықтарға қарай жай басып кете береді. Біржан артынан ереді. Қайықтың қасына жете бере қолындағыларды тастың үстіне тастай салып, қайықты итеріп суға түсіреді).*

Сара. Ой, рақмет!.. Бұл осылай дайын болып тұра берсін... Сізге рақмет. *(Ол Біржанға қарап күлімсіреді, бірақ ол оны тіпті елемейді, сұлқ түскен күйі бедірейіп тұра береді. Сара әлдекімді күткендей. Біржан портфелін, пиджағын алып, бұрынғы отырған орнына қайта барып отырады. Үнсіздік. Сара зеріккендіктен қастарындағы карусельді бос айналдыра бастайды. Бір кезде қызығып кетіп өзі мініп алады. Карусель тез тоқтап қалады).*

Сара. Ағай!.. Кешіріңіз! *(Біржан цирктегі үйретілген аттардай орнынан үн-түнсіз тұрып, карусельді итеріп, айналып жүре бастайды. Ойы тіпті басқа алыс жақта. Сара қыздарға тән қылықпен жымың қағып, карусель үстінде отыр. Үнсіздік).*

Сара. Рақмет, ағай! *(Біржан осы бұйрықты күткендей итеруін қоя қояды).* ...Қайықпен емес, карусельмен талай жерге серуен құрдық... Уәде берген адамым келмеді, мүмкін, қайықпен де бірге серуендерміз? Қалай дейсіз?

Біржан. Серуен?.. Серуен... Менің уақытым жоқ, асығыспын.

Сара. Ал мен сіздің күні бойы күнге қақталып бос отырғаныңызды байқап қойдым... Әрине, ол өз ісіңіз. Тек анау қайықты суға түсіріп алғаным болмаса, жөндеп есе де алмаймын. Ол есімде де болмапты. Жалғыз өзім көл бетіне шықпайтын шығармын. Мазаңызды алғаным үшін кешіріңіз.

Біржан. Ә, маған бөрібір енді — күнге қақталмақ түгілі, отқа өртеніп кетсем де! Бөрібір... Ай!.. *(Қиналып, буынып кеткендей).*

Сара. Сізге не болды? Ауырып тұрған жоқсыз ба?

Біржан. Қаңсып шөлдеп барамын...

Сара. Қазір су! *(Карусельден түсіп, жүгіріп кетеді. Біржан портфелі мен пиджагын жастық етіп сүйеніп орнына отырады. Көзін жұмады).*

Біржан. Не болса о болсын! Салпаң-салпаңмен, міне, жарты өмір өтіпті — өз басыма деген ештеңе жоқ. *(Үнсіздік).* Оның үстіне... Иә! *(Күрсінеді).* Құдайдың сыйы менің алдыма тартқан... *(Кенет бос кеңістікке қадалып қарап, тырп етпей ұзақ отырып қалады. Сара су алып қайта оралады).*

Сара. Мінеки, су!

Біржан *(ұйқыдан оянгандай).* А... Иә!.. Рақмет! *(Суды алып бір-екі жұтады, сосын әлгі ойланып отырған ойының «құшағына» кіріп кете беретіндей. Өзіне-өзі).* Бұл не ғажап?! Бұл не?.. Иә!.. *(Ойынан арылып, кенет сергек).* Қайықпен қайда жүзіп бармақ едіңіз?

Сара. Енді ешқайда.

Біржан *(өкінішпен).* Енді ешқайда! Менің жолым осы — ешқайда!.. Ал кезінде ескекті жақсы есетінмін.

Сара. «Ешқайда» дейтінім — біз көл ортасындағы аралға бармақ болғанбыз...

Біржан *(балаша таңданып).* Көлдің ортасында арал бар ма?

Сара. Бар... кішкентай ғана.

Біржан. Өсімдік, ағаш өсе ме?

Сара. Жоқ, ештеңе өспейді. Ал онда басқа адамдар болмаса тіпті тамаша. Тастар, тастар... Басқа планета сияқты.

Біржан. Мен де сондай аралда немесе... планетада өмір сүргім келеді... *(Оқыс өзіне сұрақ қояды).* Өмір сүргім келеді?! *(Армандағандай үнсіз қалады, сосын).* Әй, мейлі, жүзіп барып келейік?

Сара *(мүдіріп).* Бірақ мен өзіме серік таба алмай жүрген жоқпын. Тек сіздің жападан-жалғыз отырғаныңыз...

Біржан *(сөзді іліп әкетіп).* ...Қызық болып көрінді ғой? Білемін. Өте қызық менің мына түрім! Қайтемін енді? Менің бар келбетім осы...

Сара. Сіз келеке етіп отыр деп ойлап қалмаңыз?

Біржан. Бірдеңе жайында ойлауға мұршам жоқ шындығымды айтсам. Бәрібір дедім ғой... *(Қайыққа беттейді. Сара дүдәмал күйінде тұрып қалады).*

Сара *(тосын).* Ал қайықтың үстінде сіз ауырып қалмайсыз ба?!

Біржан *(жағымсыз тыржың ете қалады).* Менің жаңағы түрім қояншық ауруы бар адамның түрінен айнымайды!..

(Бұрыла бере әлдебір құрсауға тұскендей тістеніп тұрып қалады, екі иығы бұлк-бұлк етеді. Сосын қайыққа барып, мініп, басын төмен бұғып отыра кетеді).

Сара *(өзіне)*. «Сырын білмегеннің сыртынан жүрме» деген. Бұған не деп жауап берем? *(Есет келеді. Ол Сара қатарлы жас жігіт)*.

Есет. Өте, өте, өте кешірім сұраймын кешіккеніме! Бір жолдас жігіттер кездесе кеткені. «Сонша немене, бізді елемей жүгіріп барасың? За то мы тебя накажем, собака!» деп өзілдеп жібермей қойғаны. Түсінесің ғой. Ашуланбайсың ғой?..

Сара. Одан не пайда?..

Есет. О, молодец!.. Мынау сенің сыбағаң! *(Целлофан қалтаға салынған жеміс, тамақты береді)*. Кеттік. Қанша жүземін десең де дайынмын...

Сара *(целлофан қалтаны алып)*. Рақмет! Ары қарай өзім-ақ «күн көремін»...

Есет. Сара!.. Мен саған кешір дедім ғой! Кешір, кешір, кешір тағы да! *(Пауза)*.

Сара. Мен жалғыз емеспін...

Есет *(қайықтағы Біржанды байқап)*. Бұл кім тағы?

Сара. Кім болушы еді? Адам, әрине...

Есет. Адам! Ол адамның аты кім? Заты?..

Сара. Саған адамдардың алдымен аты, қызметі, тамыр-танысы керек екендігін білдім. Сондықтан сенің алдыңда жауап беру менің міндетім болмаса да жауап берейін...

Есет. Жауап беру емес, мен атын ғана сұрап тұрмын?

Сара. Адамның аты — адам деген жауапқа көңілің толмайды... Жарайды, онда менің атым кім?

Есет. Сенің атың?! Осындай қиқарлықтың керегі не?.. Ал... айта қояйын: сенің атың Сара!

Сара. Олай болса, оның аты Біржан!

Есет. Біржан? *(Пауза. Түсініп)*. А!.. Пай-пай! Біржаныңды іздеп тапқан екенсің ғой?! Ал менің атым Есет. Оны сен білесің. Сара деген атқа ұйқас келмегенмен... Жаман жігіт емеспіз...

Сара. Бірақ бәрібір Біржанға ұқсамайсың.

Есет. Да! Да! Да! Тапқан Біржаның мынау екен ғой?! Бұл кім өзі? Бұғып отырғаны несі?! Алқаш емес пе, әйтеуір?

Сара. Аты ұнамаған адамдарды келеке етіп, өзін жоғарымын деп ойлауды қандай қасиетке жатқызарымды білмеймін.

Есет. Топастық, мәдениетсіздік, мақтаншақтық, карьерист... тағы қалай? Тағы сол сияқтылар... Солай ғой? Солардың қайсысына жатсақ та ризамыз, сенің қалауың болсын.

Сара (*мырс етіп*). Ой, мүсәпірім менің! (*Есеттің шашын сипайды*). Біреуді жазықсыздан-жазықсыз кінәлаудың қажеті не? Ал мынау, сен жек көріп тұрған адам — алқаш емес, ол бокстан спорт шебері!

Есет. Да?.. Бокстан емес, жүгіруден спорт шебері болып жүрмесін, қолға түспей қашып кететін?

Сара. Болды, болды. Салғыласа бермейік, бәрібір әр уақытта бірге, қатар жүруіміз біз үшін заң күшіне енеді деп ойламаймын. Өйткені бәрі дап-дайын, көл-көсір ысырапты өмір салтына, сірә да, құмарлығым жоқ. Сен «бұдырсыз жолмен, қауіпсіз тұстармен жүріп өтейік» дейсің, ал мені мынау ойы белгісіз, сыры сенімсіз, беймәлім дүние қызықтырады. Мүмкін, ғажайып бір дүниеге тап болармын?! (*Қайыққа беттейді*).

Есет. Мен сендерді дәл осы жерде күтемін! Кімнің кім екендігі туралы сонда сөйлесеміз! (*Кетеді. Біржан қайықта отыр. Сара жағада тұр. Үнсіздік*).

Сара (*кенет*). Жаңағы жігітті көрдіңіз бе?

Біржан. Қайсы жігітті?

Сара. Жаңа мына тамақты алып келген?

Біржан. Жоқ, көрген жоқпын.

Сара. Оның аты Есет, өзі боксер...

Біржан. Боксер?! (*Алғаш рет сәл жымығысы келгендей болады*). Мен де бір кезде бокспен айналысып едім!..

Сара. Да?! Менің байқауымша, спорт шеберісіз ғой, солай емес пе?

Біржан. Жоқ... Оған жетер-жетпес тастап кеткем.

Сара. Белгілі нәрсе... Егер тастамағанда ғой! Бәрібір мен қателеспеппін, дәл тауып айтқан екем!

Біржан. Иә... тастап кетпегенде бір нәрсе шығар ма еді! Енді, міне. (*Айналаға қарап, сөзін жалғай алмайды*). Ештеңе жоқ...

Сара. «Ештеңе жоғы» қалай?.. Қараңызшы, мына айналаға, көл бетіне — күн сәулесіне шағылысқан мөлдір, жұмсақ толқындарға... А...а, иә, жаңа Есет туралы сөз бастап едім, көлдің әдемілігін айтып кетіппін. Сол Есет... Жоқ... Ол туралы айтпай-ақ қояйын. Күн сәулесіне малынған толқындарға оның ешқандай қатысы жоқ... (*Үнсіз қалады*).

Біржан (*ілтипатсыз, нанымсыздау патетикамен*). Қалайша қатысы жоқ?! Біз мына әдемі көлдің жағасында отырғанымызбен,

Жер шары былай тұрсын, бүкіл галактикамызда болып жатқан өзгерістерге немқұрайды қарай алмаймыз! (*Пауза. Сара Біржанға тағы да әлдебір сенімсіздікпен қарайды*). Не дейді ол?..

Сара (*ойы басқада болғандықтан сұраққа кеш мән беріп*). Кім?

Біржан. Есет?

Сара. Сіздің есіміңізді сұрайды менен.

Біржан. Ал иә? Кім деп таныстырдыңыз?

Сара. Кешіріңіз... мен сіздің есіміңіз Біржан дедім Есетке.

Біржан. Дұрыс. Онда тұрған не бар? Әп-әдемі есім...

Сара. Жоқ. Сіз мені түсінбедіңіз. Оның әдемілігінде тұрған дәнеңе жоқ. Бәленің бәрі Біржан деген есімнің Сара деген есіммен қатар аталатындығында! Себебі менің атым Сара! Түсініп тұрсыз ба? Сонда Біржан-Сара болады. Ал Есетке Сараның басқамен қатарласып тұрғаны ұнамайды... Ой, кешіріңіз, сізге сыртыңыздан Біржан деп ат қойғаным!

Біржан (*күліп жібереді*). Кешірдім, Сара!

Сара. Рақмет! Мені былдырлап қалған біреу екен деп те отырған боларсыз?

Біржан. Жо-о-қ! Былдырласаңыз да, былдырламасаңыз да сіздің атыңыз Сара екендігін естіп шынымен күлкім келіп кетті.

Сара. Сара деген есімнің күлкі тудыратындығын бірінші рет естуім. Ал сіздің атыңыз кім? Оны естіп менің де күлкім келер, мүмкін?!

Біржан. Біржан атым. Ал күліңіз!..

Сара. Біржан?! (*Мазақпен, әдейі ішегі қата ұзақ күледі*). Шынында да бұлай танысу өте күлкілі болып шықты. (*Біржанның күлмей отырғанын байқап, күлуін қояды*). Өзіліңіз күшті екен! Сенуге де болады.

Біржан. Өзілдеу менің немді алған!

Сара. Қалай?! Есіміңіз Біржан?! (*Сенбей*). Мені келеке еткіңіз келеді. (*Өкпелі тұр көрсетеді*).

Біржан. Өз атымды да дәлелдеуім керек! Қайықпен жүземіз бе, әлде жүзбейміз бе?

Сара (*сенімсіз*). Кешіріңіз, мен... Оның үстіне, ауа райы бұзыла бастаған сияқты. Көлдің ашуы жаман...

Біржан (*көңілсіз*). Солай... Түсінікті... (*Үнсіздіктен кейін*). Мен сізді дәл ойыңыздағыдай алдайтын болдым... Басталар әңгіме басталды... (*Біржан пиджагының қалтасынан паспортын алып, Сараға ұсынады*).

Сара. Бұл не? Паспорт? Қойыңыз, қойыңыз! Мен сіздің документтеріңізді тексеру үшін айтып отырғам жоқ. Өзіл ғой!

Біржан. Көре беріңіз. Рұқсат... Өзілді мен де түсінемін... Көріңіз, көріңіз! *(Сара паспортты алып, абайлап ашып оқиды. Пауза. Сосын Біржанға қарайды).*

Сара. Біржан!.. Солай жазылыпты!..

Біржан. Онда басқа есім жазылса, сіздің қасыңызда да басқа біреу отырар еді көзір.

Сара. Мен бірінші рет кездестіріп тұрмын... сізді, Біржан!.. Біржан есімді адамды!

Біржан *(мән бермей).* Мен де солай... Сізді... алғаш рет, Сара, кездестіріп тұрмын! *(Сара паспортты Біржанға ұсынды).*

Біржан. Арғы беттерін ашып оқыңыз! Арғы жағында «үйленген» деген белгі бар...

Сара. Айтқаныңызға сенемін... *(Паспортты Біржанға ұсынады).* Алыңыз, алыңыз! Мен бәрібір ары қарай оқымаймын...

Біржан *(паспорттың алды).* О, бұл адам тілімен айтылған сөзден гөрі, қағазға жазылған жазудың қадірі қайда жатыр десеңші! Алдында отырасың бажырайып, бірақ сенің сен екендігіңе сенбейді... Ал не істейміз енді? Ақындардың атымен аталған екенбіз?! Олай болса, біздің де арамызды жалғап тұрған бір энергетика бар-ау, шамасы? Балалық шағымды баяндамай-ақ қояйын. Тоқетері — отызға келген жасым бар, институтты үздік бітірген дипломым бар. Үздік бітірген соң институттың лабораториясында қалдырған. Әйелім екеуміздің мамандығымыз бірдей. Ол да сол лабораторияда. Бірақ ол пысықтау. Кандидаттықты тез қорғады — Өмірова Мария, ғылым кандидаты!

Сара *(сөзін бөліп).* Кешіріңіз!.. Өмірова Мария?! Ол кісі сіздің жолдасыңыз ба?!. *(Біржан жауап бермейді).* Мүмкін, аттас біреулер ме екен? Өйткені менің мұғалімімнің фамилиясы, аты да осылай! Бірақ ол кісі күйеуінен баяғыда ажырасып кеткен деп естігенбіз, өйткені...

Біржан. Өйткені?! *(Орынсыз күліп).* Өйткені қасында күйеуі болса, ол өзін дәл қазіргідей кеңдікте ұстамас еді ғой, солай ма? *(Сара үндемейді).* Мынау өмірде солай болып жатқандығын айтып отырмын... Ал, сонымен, тағы не дейді?..

Сара *(таңданыста).* Не дейді дегенде... Артық кетсем айып етпеңіз... Кешіріңіз... Сұрайын дегенім сол: диссертациясын профессор Артықбаев қорғатқан Мария ғой?

Біржан. Сол... Міне, ортақ таныстарымыз бар адамдар болып шықтық... профессор Артықбаев сияқты!..

Сара. Ол өзі белгілі, модный профессор! Жапонияға барып шашын өсіріп келді, бұрын басынан паригі түспейтін. Әдемі студент қыздар көрсе!..

Біржан. Онда тұрған не бар?

Сара (*сұрақ белгісімен аз уақыт қарап қалды*). Көзқарасыңыз заманымызға төн көзқарас сияқты. Екіойлылық, күйгелектік, жалтақтық, көнгіштік... Қайбір оқиғаға болмасын шаршаған, мезі болған көзқараспен қарау... (*Біржанның бұны тыңдауға зауқы жоқ. Оны Сара байқады*). Жарайды. Менің осындай ойымдағыны төге салар жаман әдетім бар. Араласпайтын жерге де араласып жүремін...

Біржан. Арман деген балам бар. Бөрінен де соған қиын болып тұр!..

Интермедия

Музыка. Айнала аппақ. Жапалақтап қар жауып тұр. Дүние шыр көбелек айналып бара жатқан сияқты.

Біржан коляска итеріп келеді. Колясканың үстіне пальтосын жауып, оның үстінен қолшатырмен де паналап қойыпты. Өзі костюмшең, мойнына ұзын шарф орап алған. Интермедия бітеді.

Екеуі үнсіз отыр.

Сара (*серпіліп*). Мен сіздің атыңыз Біржан екенін білгеннен бастап сізді біртүрлі жақын тарта бастадым!

Біржан (*мұңлы әсерден арыла алмай*). Да?.. Айттым ғой, таныс болып шығуымыз да мүмкін. Ал сіз менің түріме қарап есі дұрыс емес біреуге баладыңыз...

Сара. Өйткені мен Біржанды бірінші рет операда көргенмін. Өзі орта жасар, қарны бар, томпақ беті баттасқан грим, үстінде олпы-солпы, алабажақ ұлттық киім, шөңкілдек дауыс!.. (*Күледі*). Ал сіз!.. Сіздің типіңіз басқаша: жас жігітсіз... маған ұнайды... (*Пауза*). Ал мен Сараға ұқсаймын ба, Біржан?!

Біржан (*сол қалпын өзгертпей, бірақ бірінші рет Сараға көз тоқтатып қарайды*). Иә... Жастау сияқтысыз, бірақ Сара!

Сара (*аз мүдіріп, сосын жартылай әзіл-ойнақылықпен*). Жастау!.. Мен бірақ шынымды айтып қояйын, жігіттерге әр уақытта ұнаймын, ол мақтанғаным емес, бірақ... Сіздей Біржанды кездестіріп, оған ұнайды екенмін деген ой үш ұйықтасам түсіме кірсеші!

Біржан. Мені көзір төлкек етуге болмайды, Сара! Ал мен сізді ертерек... бос кезімде кездестірсем, сөзсіз жолыңызды кесіп өзілдесер едім, қыдыруға шақырар едім. Себебі мен жігітпін, ал сіздің өңіңіз әдемі. Өте әдемі!.. Әдемілікті көрсем бар болмысым еріп, елжіреп кетеді. Сағыныш-өкініш, кездесу-айырылысу, күлу-жылау... *(Пауза)*. Бәрі әдемі!.. Әй!.. Көзір маған ондай ештеңенің керегі жоқ. *(Ол әлдебір алысқа мақсатсыз көз жібереді. Пауза)*. Маған көзір бәрібір... Жадағай тартқан сезім, өйтеуір.

Сара *(салмақты)*. Қазбалап сұрай бергенім ұят болды... Мен жаныңызға бататындай жайды есіңізге түсірдім, ол үшін кешірім сұраймын!

Біржан *(жауап берудің орнына аспанға қарайды)*. О, аспанды бұлт басып кетіпті, біз байқамаппыз! Міне, жаңбыр тамшылай бастады!

(Су беті толқи бастаған еді шынымен, алыстағы таудың үстінде найзағай жарқылдайды).

Бұл да әдемілік. Аспан ашық еді, енді түнеріп, төгейін деп тұр. Адамның жайма-шуақ қуанышы, қасірет-қайғысы, күлкісі, көз жасы сияқты көшпелі-өтпелі табиғат құбылысы... Көлге қараңызшы, толқындар толқи бастады! *(Пиджағын Сараға береді)*. Жамылып алу керек! Көзір жаңбыр селдетеді. Төксінші бәрін, төксін!.. Түнерген аспан күпті көңіл сияқты. Міне, келді оның да төгілер, сөгілер кезі! Оның артынан сөзсіз бар дүниені жұмсақ шуағымен аймалаған күн шығады...

(Қараңғылана береді. Күн күркіреді. Найзағай жарқылдайды. Нөсер төгеді. Тау-тау толқындар жағаны ұрады).

Екінші көрініс

Көл жағасы. Пляж. Көлеңке үшін жасалған шатырды паналап Сара мен Біржан отыр. Жаңбыр жауып тұр.

Сара *(сергек)*. Ой, қандай тамаша жаңбыр! Маған жаңбырдың төгіп-төгіп жауғаны ұнайды. Мінезім де солай болса керек.

Біржан *(ойы сол бұрынғыдай, басқа жақта)*. Бұл жаңбыр да өтпелі болар?! Жаңа басталды, көзір бітеді... Қып-қысқа...

Сара *(онша мән бермей)*. Бір сәтті бір өмірлік уақытқа ұзарту өзіміздің қолымызда... Міне, мына қалтадағыларды ұмытыппыз. Мұнда жейтін тамақ бар. Келіңіз! Жаңбыр өз алдына жауа берсін, ал біз бұл сәтті күш жинап алуға жұмсаймыз. *(Целлофан қалтадан бутербродтар алып қояды)*. Келіңіз!..

Біржан *(оғаш қимылмен кенет бутербродты бас салып, тез-тез жей бастайды)*. Шынында да бұл ақылыңыз дұрыс. Нәр татпаппын кешелі бері!..

Сара. Қалай?! Кешелі бері?.. Бүгін таңертең де, түсте де ештеңе ішкен-жеген жоқсыз ба?!

Біржан. Ештеңеге төбетім болмады. Кеудеме шойын құйып қойғандай. Сізге рақмет! Серги бастаған сияқтымын...

Сара (*Біржанды көңілдендіргісі келіп*). Охо! Сараны көрген Біржан қалайша сергімесін!? (*Тамақтың бәрін Біржанның алдына итереді*). Жеңіз!.. Қарын тоқ болса, көңіл де көтеріңкі болады...

Біржан. Көңілді тек аспен ғана көтерсе ғой!.. Менің көңілім балада!.. (*Жеуін қоя қояды*). Соның жағдайы болмаған соң менің көңілім әрі-сәрі, не істерімді білмеймін... (*Орнынан тұрып, шатырдан шығып кетеді*).

Сара. Біржан, жаңбыр?!

Біржан. Жаңбыр! Менің күйінішімді шайып кетсе екен! (*Аспанға*). Төге түс! Төк!..

Сара (*дұдәмал оймен*). Біржан, сізге не болды?!

Біржан. Не болушы еді? Күйініп барам... Сағынып барам баламды!

Сара (*түсінбестен, күдікпен*). Сағынсаңыз, балаңызға барып, көріп мауқыңызды басыңыз, мұнда жаңбырдың астында неғып тұрсыз?

Біржан. Барып көріңіз? (*Жағымсыз жымияды*). Қалай көремін?! Маған тыйым салынған көруге!.. (*Біржан шатырдың ішіне кіріп, үнсіз ары-бері жүреді*). Ол маған енді жоқ!.. Сөздің тоқетері — Мария шынымен менің жолдасым еді, кенеттен ажырасып кеттік. Ол болмады, мен арты дәл осылай боларын күтпеп едім... Арман — екеуміздің баламыз... Мүмкін, ол туралы айтқан сөздерім артығырақ болар? Ешқандай жазығы жоқ... Заң жүзінде менен айырып, шешесімен қалдырғанына ол кінәлі ма? Оның үстіне, дәл қазір ауруханада хал үстінде жатқаны да...

Сара. Қалайша?!

Біржан. Қалайша?.. Мария баланы көрі шешесімен қалдырып кеткен. Арада екі күн аралатып оны көруге барсам... жоқ! Ауруханаға түсіпті. Ары жүгірдім, бері жүгірдім, сосын осылай қарай...

Сара. Одан да қасында болмайсыз ба?

Біржан (*айқайлап*). Кәйтіп боламын?! Көрсетпейді де, жібермейді де! Осыны хабарлайын десем, мынау шешесін де таба алмай... Осы жаққа демалысқа кеткен деп естідім...

Сара (*аз үнсіздіктен кейін*). Мұншалықты түңілетіндей трагедия көріп тұрған жоқпын. Әрине, баланың ауруы жаныңызға

батқаны болмаса. Тіпті оған қайғырудың қажеті жоқ! Оны жазып шығарады.

Біржан (*мақұлдағандай басын изей береді*). Иә, иә... Емдесе екен... Иә, иә... Аман болсын... Аман болсын... Осындайда ауру оған неге қадала қалды? (*Кенет оянғандай*). Қалай? Трагедия емес?! Күндердің күнінде, қараптан-қарап тұрып семьяңды, үй-жайыңды жоғалтсаң да ма, балаңнан айырылсаң да ма?!

Сара. Білмеймін... Ал балаңыз туралы жаман ойлай беруге сіздің түйірдей де хақыңыз жоқ.

Біржан. Мен өзім де олай ойлағым келмейді. Бірақ көйтемін, бәрі солай болып жатыр ғой мен үшін. Шетінен теріс айналып...

(*Үнсіз отырысып қалады. Осы кезде шатыр астына Есет жүгіріп келеді*).

Есет (*алқынып, ештеңеге мән бермей*). Во...ай! Мен сені зыр жүгіріп іздеп, таба алмай!.. Сара, бұл қалай? Көл беті тулап, толқып жатыр. Қайыққа мініп, толқын қуып кетті ме деп... Жаурап та қалған боларсың? Міне, киімдер, Сара! (*Есет Сара мен Біржанға кезек-кезек қарайды да, өз әрекетін жалғастыра береді. Сараның үстіндегі Біржанның пиджагын алып тастап, өзі әкелген киімді жабады*). Бұл не? Сара, сен неге үндемей отырсың? Не болды? Сара?! Жоқ, сен айтпасаң да мен бір нәрсеге түсініп тұрған сияқтымын. Оны қазір-ақ анықтаймыз... Жәбірледі ғой?..

Сара. Біржан!.. Теріс айналғандар өз жөндерімен жүре берсін, ал біз, міне, алдыңызда тұрмыз. Солай ма, Есет?

Есет. Біржан?! (*Түсінбесе де мақұлдап*). Иә, солай, солай...

Біржан. Қаншама еңбек етіп едім осы бір кіп-кішкентай адамға!

Интермедия

Музыка. Сахнаның бірінші шетінен екінші шетіне дейін керілген кірілгіш жіп.

Біржан үйде кір жуып жүр... Ол ұлкен ыдыспен баланың жөргектерін алып шығып, сахнаның бір шетінен іле бастайды. Ол іліп жүргенде жас сәбидің жылағаны тоқтамайды. Ол жөргектерді сахнаның келесі шетіне дейін іліп шығады.

Қараңғылану.

Бірінші бөлімнің соңы

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Үшінші көрініс

Жаңбыр қойған. Уақыт кешкілік. Бірақ күн әлі батып кетпегендіктен жарық. Айнала коттедждер. Көлдің бір шеті көрінеді. Би алаңы. Алаңның шетіндегі скамейкада Сара отыр. Талғаммен киінгендіктен сұлулығы бұрынғыдан да айқындала түскен.

Алаңның ортасында Есет тұр. Ол Сарамен қалай сөйлесудің амалын таппай тұрған сияқты. Пауза. Алыстан музыка естіледі.

Есет. Музыка!.. Естіп тұрсың ба, Сара? Вальс!.. Вальсті қалай билеуді көрсетейін бе? *(Сара жауап бермейді).* Ал, міне, қара! *(Есет тік, әдемі жүріп алаңды бір айналып өтеді де, Сараның қасына жақындай бере ойша «біреуді» биге шақырғандағы иілу гүрпын жасап, сосын «оны» алаңның ортасына ертіп барып, бар сәнмен «екеуі» билей жөнеледі. Есет, шынында да, вальсті барлық элементтерімен нақышына келтіре жақсы орындайды. Бірақ би бітпей жатып музыка басқа, жылдам ритмдегі музыкаға ауысып кетеді. Есет аз-кем тұрып қалады да, осы ритмге ілесіп билей бастайды. Бұл биді ол көңіліне орала кеткен сюжет негізінде билейді: «Ол іздеп жүр. Дүниені кезеді. Күтеді. Тағы да іздейді. Кеудесі тыншығар емес бір. Сағыныш кернеп барады. Міне, тапқан сияқты!» Есет биін Сараның алдына тізерлеп отырған күйі аяқтайды).*

Сара *(жай ғана күліп).* Тамаша билейсің.

Есет. Сәби кезімнен ата-анамның маған жұмсаған еңбектерінің нәтижесі. Спецшкола, би кружогы, музыка!.. Универсал азамат болып шыққанымды өзің көріп отырсың.

Сара. Сонда сол оқыған, үйренген информацияны жан сезіміңмен қабылдап үлгересің бе?

Есет. Қайдағы! Қайсысын игеріп, сезініп үлгересің? Жүгіріп жетіп алып үлгерсек те қалай!

Сара. Жаңағы әдемі биді де сезімсіз орындадың ба?

Есет. Әрине! Заман солай ғой зымырап бара жатқан...

Сара. Өз әрекетіңе өзің бар жан дүниеңмен сенбесең заманда не кінә бар?

Есет. Неге?.. Кінәлап отырған мен жоқ... Тағы билеп берейін?.. Ойымды бимен дұрысырақ білдіре аламын. Өзің де солай дедің.

Сара. Ойыңды түсіндім, оны қайталап керегі не?

Есет. Онда әңгіменің тақырыбын өзгертсек қайтеді? Саған қайсы тақырыпта сөйлескен ұнайды?

Сара. Қазіргі заман тақырыбына.

Есет. Ха!.. Жеңіл-желпі оқиғалар, көпірме политологтер, түтеген экология, тойда, ток-шоуда зіркілдеп билеген адамдар! Хроника.

Сара. Ол — заман тақырыбының көзге көрінер беті ғана. Ал мен де сен туралы дәл осындай сырт көзқараста қалғым келмейді.

Есет. Шындықты білдім деп қателесіп жүрмесең болғаны. Мені өзімнің қалауымдай түсінсе екен деймін...

Сара (*бөліп*). Сол баяғы әдет: «мені түсінсе екен, менің қалауымша болса екен, мен үшін істесе екен, мен үшін, мен үшін!..»

Есет. Түсінікті... Енді басқаша сөйлесейік... Біз мұнда не күтіп отырмыз?

Сара. Күтіп отырған мен... Біржанды.

Есет. Біржанды?! Тағы да Біржан? Екеуің туралы ғашықтық поэма жазу керек деген ойға келуге әлі ертелеу болар?

Сара. Ертелеу.

Есет (*мысқылмен*). Әрине, әрине! Оны да жақсылап зерттеуің керек. Семьясы, бала-шағасы бар ма? Мүмкін, ажырасып кетіп, алимент төлеп жүрген біреу болар?

Сара. Мен оны білемін. Сырттай біледі екенмін!

Есет. Семьясы бар ғой, әйтеуір?

Сара. Қазір жоқ.

Есет. Өне, айттым ғой! Белгілі жағдай! Мұндайлар жас қыздардың басын айналдырып ала қояды, әйтеуір!

Сара. Маған сол керек.

Есет. Әрине!.. (*Пауза*). Мен сені түсінбеймін. Өзім туралы барлық информацияны алдыңа жайып салдым ғой? Қай жері ұнамайды?

Сара. Информация — жалаң фактілер ғана...

Есет. Ал мына біреуді тек сырттай ғана білесің...

Сара. Сырттай білемін, іштей түсінемін. Себебі ол біреу емес, ол Біржан!

Есет. Какой Біржан?! Ол анау әдебиеттегі Біржан сал емес! Өшейін аты Біржан болар!

Сара. Маған өшейін Біржан ұнайды.

Есет. Тамаша! Бәрі тамаша!

Сара. Мен оның өміріндегі бар өзгерістердің куәгері екенмін. Оның Арман деген баласы бар. Жолдасы Мария, менің бірінші

курста лабораториялық жұмыстан жетекшілік еткен мұғалімім. Ал Артықбаев деген профессормен көңілдес болып, күйеуінен ажырасып кеткен. Біржан оған кінәлі емес.

Есет. Мария?! Артықбаев?! (*Пауза*). Қалайша?! (*Ары-бері жүреді*). Сол ма, сол емес пе, бірақ Артықбаев деген — менің жақыным!

Сара. Солай ма?

Есет. Солай! Солай! Менің профессор жақындарым көп, бүкіл қала біздікі! Неге маған тесірейіп қарайсың?

Сара. Жақсылап танып алу үшін сені! Қателесем кешір мені, Есет! Сен бұдан бұрын да менің ұнатпайтын адамдарыма ұқсайтындай болып жүр ең!

Есет. Енді тек ұқсайтындай болып тұрған жоқпын, дәл ұқсаймын! Ал жек көр! Мінсіз, таза адам туралы ойлармен басыңды қатырып, жұртты шенеп, әрекетсіз, дәрменсіз ақылгөйсін отыру тамаша қасиет! Иә!.. Марияның хикаясы біз үшін үлкен жаңалық болып па?.. Несі бар, Артықбаев оны қорғатып адам қатарына қосты? Ал олардың арасында болған жағдайларда біздің ісіміз қанша?

Сара. Айта түс.

Есет. Мен де сен үшін бәрін жасар едім.

Сара. Мен сен үшін, сен мен үшін! Не деген арзанқол, саудагерлік сөздер! (*Пауза*). Өңгіменің қысқасы, бұлардың жаңағы Арман деген баласы Мария осы жағалауға Артықбаевпен қыдырып кеткенде қатты ауырып қалған. Ауруханада қиналып жатса керек. Ешқандай байланыс алмағандықтан Біржан соны хабарлауға өзі іздеп келіпті.

Есет. Да?! (*Пауза*). Мария мұнда жоқ. Оны Артықбаев екеуін осыдан елу шақырым жердегі бір совхоздың директоры қонаққа алып кеткен. Бес-алты күн болды. Саған бола мен олармен бармай қалып ем...

Сара. Қашан келу керек олар?

Есет. Әлдеқашан келулері керек еді, ары қарай аң аулауға кетпесе...

Сара. Мына қызықты қара, Есет. Енді есіме түсті, мен Біржанды талай көргенмін.

Есет. Сахнадан көрген боларсың деп ойлаймын?

Сара. Жоқ... Оны сен де білуің керек? Осыдан бірер жыл бұрын жас ғалымдардың ішіндегі үлкен үміт күттіріп жүретіндердің бірі болатын.

Есет. Естіген емеспін. Ғылыммен айналыспаймын, себебі мансап жолын қусам деген ойым бар! Бастық болсам, докторлық өзі келеді!

Сара (*есіне әлдене түскендей*). Есет! Шыныңды айтшы, Артықбаев жақыным еді дейсің бе, сонымен?

Есет. Иә, жақыным — нағашым! Нағашыма тартып кеткендігім ұнамайтын болар саған?

Сара. Маған ешкімге ұқсамайтын, ешкімнің сыбағасына қол сұқпайтын елеусіз, қарапайым адамдар ұнайды.

Есет. Онда, әрине, мен олардың қатарында жоқпын... Осындай бос әурешілігіңе болайын! Адамның қытығына тиетін анайы қылық! Елеусіз адам деген кім ол?! Әңгіме оның неге елеусіз жүргендігінде. Қолынан бірдеңе келе тұра неге оны көрсетпейді? Өзінің дәрменсіз қарапайымдылығымен жұрт алдына түскісі келеді, көсем болғысы келеді...

Сара. Қарапайымдылық әлсіздік емес. (*Пауза*). Мысалы, сен өзің қарапайым болуға тырысып көрші?..

Есет. Мені толғандыратын бір-ақ сұрақ: Саған қалай ғана жағуға болады? Сені жақын білген сайын арамыз алыстап бара жатқандай. Соны ойласам жүрегім сыздап кетеді. Ештеңе қызықтырмайды, ештеңенің керегі жоқ...

Сара. Қалайша? Біз екеуміздің мақсатымыз мұқтаж адамға қолғабыс, көмек көрсетудің жолы емес пе? Егер мен саған сенбесем, сенімен кездесіп әуреленбес едім. (*Есет үндемейді*). Біржанға қолымыздан келгенше көмек көрсетейік?! (*Біржан шығады. Үнсіздік*). Мен сізді қанша уақыт күткенімді айтайын ба?

Біржан. Жоқ... Мен терезеден қарап тұрдым... әңгімелеріңе бөгет жасамайын деп.

Сара. Охо! Қызды күттіріп қойып, өзі терезеден сығалап тұратын жігітті бірінші рет кездестіруім!

Біржан (*алғашқыда түсінбей, сосын тіксініп*). Сіздердің менсіз тірліктеріңіз жоқ па?! Ересек адаммын. Жолымды өзім табамын...

Сара. Жолыңыз болсын... Біз сізді сол ересек адам болған соң күтіп отырмыз Есет екеуміз. Есет тіпті қонақ етуге тамақ та дайындап қойыпты!

Есет (*таңғалып, сасқалақтап*). Иә! Мен дайындатқызып жатырмын, сонда кеттім. Күтемін. (*Кетеді. Пауза*).

Сара. Біз бір-бірімізге тіпті бөтен адамдармыз...

Біржан. Кешіріңіз!.. Шынында да мен сіздің таңертеңнен бері әуіреңіз болдым ғой, солай емес пе, өзіңіз айтыңызшы? Маған қолайсыз...

Сара. Маған да...

Біржан. Менің айтып тұрғаным да сол.

Сара. Менің мынадай қамқорсыған, жағымсыз қылығымды сіз де кешіріңіз! Бірақ, мүмкін, пайдам тиіп қалар?

Біржан. Қалай?! *(Сараға қарап біраз уақыт үндемей қалады).* Сіз маған дәл қазір шынымен керексіз. Оны мен алғаш кездесе салып-ақ сезгем. Жайшылықта болса ғой осы сезімді байқамас едім немесе өзіме лайықсыз көрер ем... Мынадай жағдайда жүріп жолға керекті нәрселерді ұмытып, билетім қалтамда болған соң кете беріппін... Бір тиын ақшасыз кетіп қалыппын... үйден.

Сара. Ал онда кешелі бері қайтіп жүрсіз?!

Біржан. Көріп тұрсыз...

Сара. Түнде қайда қондыңыз?

Біржан. Осы лагерьдің тіркеу бөлмесінде креслода отырдым... Мариялар бүгін де келмейтін болды білем. Маған қарызға ақша бере тұрасыз ба? Сіз Есет екеуіңізден басқа ешкімді де танымаймын...

Сара. Әрине, әрине. Бірақ қарызға емес.

Біржан. Неге?

Сара. Маған «қарыз» деген сөз ұнамайды.

Біржан. Онда өтінішімді қайтып алдым... Ал Есет те ұнатпай ма бұл сөзді?

Сара. Мен оны білмеймін... *(Пауза).* Айтқандай, мен сіз туралы бәрін есіме түсірдім.

Біржан. Мен туралы?

Сара. Үйде балаңызға қарап отырып лабораторияға телефон соққан кездеріңіз есіңізде жоқ па?

Біржан. Соғып тұратынмын, бірақ...

Сара. Сонда бір студент қызбен сөйлесетінсіз әр уақытта?

Біржан *(азырақ ойланып).* Одан бері біраз уақыт өтті. Оның үстіне, семьямның мына іркі-тіркі жағдайы... Ол сіз бе едіңіз?!

Сара. Иә... Сіздің сөбиіңіздің қалай өсіп келе жатқанын мен білуші ем ғой? Телефон арқылы бәрін баяндап тұратынсыз...

Біржан. Есімде болсапы!.. Сонда бір рет есіміңізді сұрасамшы! *(Екеуі де үнсіз қалады. Біртіндеп қараңғылана береді).*

ЕСКЕ ТҮСІРУ ИНТЕРМЕДИЯЛАРЫ

Бірінші интермедия

*Лаборатория. Студент Сара тәжірибе жасап жүр.
Телефон шырылдайды.*

Сара. Алло!

Біржанның даусы. Алло! Лаборатория ма?

Сара. Иә!

Біржанның даусы. Саламатсыз ба!

Сара. Саламатсыз ба!

Біржанның даусы. Маған Мария керек еді?

Сара. Мария апай лекцияда.

Біржанның даусы. Ә... ә!.. Кешіріңіз... Онда мен звондады деп айта саласыз ба? Жолдасыңыз деп?..

Сара. Жақсы.

Біржанның даусы. Рақмет! Сау болыңыз! (*Телефон гудогы*).

Екінші интермедия

Сол лаборатория. Сара. Телефон шырылдайды.

Сара. Алло!

Біржанның даусы. Алло! Бұл мен едім тағы да... Кешіріңіз!

Сара. Жоқ...

Біржанның даусы (*оны бөліп*). Жоғы қалай? Мен шынымен кешірім сұрап тұрмын!

Сара. Сіз түсінбедіңіз. Кешіретіндей сіз маған ешқандай кесір жасаған жоқсыз дейін деп едім.

Біржанның даусы. Ә...ә! Ой, оныңызға рақмет!.. Сонымен, айта саларсыз, ә, мені звондады деп... Алло! Алло! Бұл мен ғой Марияны іздеп звондап тұратын, таныдыңыз ба?

Сара. Танып тұрмын... Сөзсіз айтамын.

Біржанның даусы. Ә! Онда рақмет!.. Айтқандай, мен кіммен сөйлесіп тұрмын?

Сара. Мен студентпін.

Біржанның даусы. Студент?... Мейлі, бәрібір, біздің жағдайымыз жақсы деп айтарсыз. Мен үйде отырмын. (*Телефон гудогы*).

Үшінші интермедия

Лаборатория. Сара. Телефон шырылдайды.

Сара. Алло!.. Ә, бұл сіз бе едіңіз? Саламатсыз ба?

Біржанның даусы. Бұл мен екендігімді қайтіп біліп қойдыңыз?!

Сара. Қалай?.. Мария апайды іздеп звондайтын кісі емес-сіз бе?!

Біржанның даусы. Дәл өзімін... Сіздің есту қабілетіңіз музыканттардың есту қабілетіндей екен! Тамаша! Ал, бірақ сіз мені кісі деп атамаңыз!

Сара. Неге?

Біржанның даусы. Себебі мен бар болғаны жиырма алтыдамын. Кісі деп менен жасы үлкенірек адамдарды айтса керек.

Сара. Жақсы, кісі демеймін...

Біржанның даусы. Онда Марияға бір жігіт звондады деп айта саларсыз. Біздің жағдайымыз жақсы, бала ішін босатып алып, тыныш жатыр. Егер ол жұмыстан шыға алмаса, мен жұмысыма тағы да бармай-ақ қоямын, алаңдамасын... (*Телефон гудогы*).

Төртінші интермедия

Тағы да лаборатория. Сара. Телефон шырылдайды.

Сара. Алло!

Біржанның даусы. Бұл мен ғой...

Сара. Иә... балаңыз қалай?

Біржанның даусы. Ауырғыш болады екен... Түнімен ұйықтамай... Оған қараймын деп мен де көз ілмедім.

Сара. О, онда демала бермейсіз бе? Мен сізді звондады, бөрі жақсы, баланың жөргектерін жуып, оларды утюгтеп қойыпты деп айтып қойғам Мария апайға.

Біржанның даусы. Да?! Рақмет... Бірақ утюгтеп қойды дегеніңіз артықтау болған екен. Олар әлі кеуіп үлгермей жатыр...

Сара. Сонда да болса айтылғандарды істеп қоятын шығарсыз?

Біржанның даусы. Әрине... Жас нәрестені утюгтелмеген жөргекке орауға болмайды.

Сара. Өтірікші болып жүрмейік дегенім ғой менікі...

Біржанның даусы. Жоқ, жоқ, жоқ... Бірақ сіз маған көп жүк арта бермеңіз.

Сара. Мария апай мұнда жоқ...

Біржанның даусы (*киіп кетіп*). Да, да, да, да, да! Ол қалайда қорғауы керек, одан артық маңызды іс жоқ!

Сара (*паузадан кейін*). Жарайды... Тағы не дейін апайға?

Біржанның даусы. Ештеңе! (*Біраз үнсіздіктен кейін телефон гудогы*).

Төртінші көрініс

Қазіргі стильде салынған коттедж бөлмесі. Ортадағы үстелдің екі шетінде Біржан мен Есет отыр. Бір шетте магнитофон. Музыка. Біраз отырған соң Есет магнитофонды өшіреді.

Есет. Классика! Шындықты айту керек, жақсы көрем тыңдауды, бірақ түсінбеймін. Ол үшін ешкім кінәлай қоймайтын шығар? *(Пауза)*. Сонымен... арамыздағы жалғыз қызымыз қайда жоғалып кетті? *(Біржанның жауабын күтпей)*. Тағы біреулермен әлек болып жүрмесе болғаны. Онда жанашыр адамымызды жоғалтамыз да аламыз. Қайсыбірімізге жете берсін? Сосын бізге ешкім қамқорлық жасамайды... *(Біржан үндемейді)*. Да!.. Қой, Сараның келген-келмегенін күтпейік. Өзімізше әрекет жасап, өмірімізді әрі қызықты, әрі мазмұнды оқиғалармен қойылта түскеніміз жөн емес пе, ә? *(Есет портфельден бөтелкелер шығарып, үстел үстіне қояды)*.

Біржан *(кенет)*. Сонда бұл бөлмеде Сара жалғыз тұра ма?

Есет. Әрине... жалғыз...

Біржан. Әдемі екен...

Есет. Оның өзі де әдемі! *(Пауза)*. Менің сөзіме қосылмайсыз ба, қалай?

Біржан *(өзіне-өзі)*. Шынында! Оның маған деген қарым-қатынасы сол әдемілігінен шығар? Е!.. Мен оны енді ғана байқап отырмын. «Оның өзі де әдемі?»

Есет. Ғашық боласыз әлі оған!

Біржан. Мен бе? *(Есеттің сөзіне сенгісі келмегендей ойланып қалады)*. Бірақ... ондай сезімнің керегі қанша маған?

Есет. Ондай сезім көкірегіңнің бір түкпірінде жылтырап жатады әр уақыт. Уақытын күтіп, аңдып жатады! *(Үстелді жасап болып, стақандарға ішкілік құйып, біреуін Біржанға ұстатады)*.

Біржан. Дәл қазір мен ол туралы ойлағым келмейді. Менің көңіл күйім... әй, несін айтайын, жылаңқы көңіл күй. Маңызсыз... Керексіз...

Есет. Ішіп қояйық? *(Біржан мән бермей іше салады да, Есетке түсініксіз түрмен қарап қалады)*. Көңілдес, үндес!.. Біз шаршадық — демаламыз, біз қамкөңілміз — көңіл көтереміз!.. Қалай?

Біржан. Қалайы — қалай?.. Маған не болған, іше салыппын ғой қолыма ұстатқанды?! Маған көңіл көтеріп жату жараспас?

Есет. Бұл — көңіл көтеру емес, демеу көрсету. Сіздің жағдайыңыз біздің жанымызға батпайды дейсіз бе?

Біржан. Рақмет... Қалай десем болады...

Есет. Ал енді көңілдірек музыка қояйық. Осы магнитофонда бір испан әуені жазулы сияқты еді ғой? Сіз билеуге қалайсыз?

Біржан. Жоқпын бұл жағына.

Есет. Мен билеуді жақсы көрем. Менің жақсы билегенім Сараға ұнайды, ал өзім... (*Музыка*). Міне, испан музыкасы! (*Есет тағы да ішкілік құйып ішеді*). Ах! Кәне, билейміз. (*Ол испан стилінде билейді. Жақсы билейді. Сара кіреді*).

Есет (*билеуін тоқтатады*). Міне, асыға күткен адамымыз! (*Сараға*). Біз уақытымызды көңілді өткізуге тырысып жатырмыз, бірақ мына қонағымыздың көңіл күйі сенсіз ашылар емес!

Сара (*Біржанға*). Бәрі дұрыс сияқты, алаңдайтын түк те жоқ.

Біржан. Түсінбедім?

Сара. Арман туралы айтам. Сіз осыдан қайтып барғанда алдыңыздан жүгіріп шығады.

Біржан. Сара! (*Сараның қолынан ұстай алады*). Айтқаныңыз келсін! Айтқаныңыз келсін! Жалғыз ғой ол... Әке-шешесі — мынау біздердің сиқымыз. (*Пауза*). Оны сіз қайдан білдіңіз?

Сара. Телефонмен звондап білдім.

Есет. Сара папасы мен мамасына телефон соқты, ал олар аурухана қызметкерлерін тік тұрғызды!.. Солай ғой?

Сара. Солай...

Есет (*Біржанға*). Себебі Сара да, мен де әке-шешелеріміздің жалғыздарымыз. Материалдық, моральдық күштілігіміз де сондықтан...

Біржан (*оның сөзіне мән бермей*). Сара, айығып кетеді деді ғой, ө?

Сара. Сөзсіз.

Біржан. Ал «жағдайы қиын» деп қорқытып еді...

Есет. Сараның папасына олай деп айтып көрсін!..

Сара. Есет!..

Есет. Мен бәріміздің басымызда бар нәрсені айтып отырмын. Сен де қамқорлық көрсетіп отырсың... мүмкіндіктерің арқылы!

Сара. Менің мақсатым басқа. Өз пайдам емес...

Біржан. Рақмет... (*Теріс айналады*). Қамқорлықтарыңызға.

Сара. Сізге не болды? Жаңа қуанып қалып едіңіз ғой? Әлде сенбейсіз бе?

Біржан. Сенуін сенемін ғой. Содан көңілім босап... Бірақ... Жасанды жанашырлық көңілге қонбай тұр...

Сара. Қандай жасандылық?

Біржан. Білмеймін, білмеймін... Ыңғайсыз өңгіме бастадым ба!

Сара. Өңгіме кішкентай баланың денсаулығы туралы болып тұрғанда қайдағы жасандылық, қайдағы ыңғайсыздық?

Есет. Е, е, құрметті жолдастар, мына өңгіме жараспайды мұнда! Егер өмірің жайлы да комфортный болса, оны өзіңше бір қиындата беру... енді ақымақтық деп айта алмаймын, ол — тек көңіл аударуға тұрмайтын қылық. (*Стақандарға ішкілік құяды*). Осында не үшін жиналдык бүгін, а? Сол туралы айтпайықшы! Ол үшін ең бірінші, көне, стол басына отырайық!

Сара. Отырайық, отырсақ?! (*Бәрі отырады*).

Есет (*қайта орнынан тұрып*). Мен тост айтайын. Оны айтпасаң ештеңе бітпейді, ештеңе басталмайды, ештеңе жалғаспайды...

Біржан. Сара, мен сізді түсінбеген екенмін...

Сара. Түсінсеңіз болыпты енді...

Біржан. Иә, мен де сондай ойдамын. (*Жасанды ыржияды*).

Есет. Біздің осы жиынымыз аса көңілді болуы үшін, отырысымыз аса маңызды болуы үшін мен аса жағымды да жайлы хабар айтқым келеді! Мен Артықбаевтың жиенімін!.. (*Ешкім үндемейді*). Мен Артықбаевтың жиенімін деймін!

Сара. Нағашың сыйлы да зиялы адам шығар? Сол үшін тост көтермексің бе?

Есет. Жоқ... Мен сізге айтып отырмын, Біржан!

Біржан (*қозғалақтап*). Маған?.. Ол... Дұрыс айтқаныңыз. Қуаныштымын...

Есет. Несі дұрыс болсын!? Несіне қуаныштысыз!? Сіз Артықбаев деген фамилияны естімеп пе едіңіз? Сіздің Марияңыздың Артықбаевы?! (*Аз уақыт үнсіз қалады*).

Біржан (*жай ғана*). Мария — менің Мариям емес қазір... Ол — Марияның өз ісі. Мен ол жағын қазбалаған емеспін... Ал сіз оның жақыны болсаңыз, мен не істеуім керек, жек көруім керек пе?

Есет. Сонда қалай? Мен егер дәрекілеу сөйлесем, кешіріңіз, әрине. Сіз әйеліңізді алып кеткен адамның атын естігенде де ашуланбайсыз ба, қызғанбайсыз ба?

Біржан. Мен айттым ғой «ол — Марияның өз ісі» деп. Адам адамның жекеменшігі емес, ал оның сезімі мен махаббатына ешкім билік жасай алмайды.

Есет. Жарайды... Бұл айтқандарыңыз аса бір ерекше ойлар деп есептемей-ақ қояйық...

Сара (*сықақтай*). Сен Есет, басқа мінездеріңмен қоса қатыгездігің де бар екен ғой?

Есет. Иә, иә, бар!.. Орынды жерінде солаймын!

Біржан. Мүмкін болса?.. Бәрібір осы тақырыпқа сөз қозғап отырмыз... Есет, бір сұрағым бар, шын көңілмен жауап бересіз бе?

Есет. Шын көңілмен? Менің әрекеттерімнен жалғандық көріп отырсыз ба? Сіздің жұртқа сенбейтін қылығыңыз бар екен!

Біржан. Онда айтыңызшы, Артықбаев қандай адам? Жақыныңыз болса, жақсы білуіңіз керек қой?

Есет (*бөгеліп қалады. Сараға қарайды*). Қалай жауап беруге болады? (*Ойланып*). Артықбаев — өзіміз сияқты адам. Ғалым ретіндегі беделін жұрттың бәрі біледі... Жоқ... жақынырақ таныссаңыз, оның жаман адам емес екендігін өзіңіз де көрер едіңіз... Жақыным болғандықтан емес бұлай деп отырғаным. Мария сіздің әйеліңіз болмағанда, мүмкін, ойыма қосылар ма едіңіз!

Сара (*әжуамен*). Әрине, қосылады.

Есет. Шын көңілмен айт дедіңдер — айтып отырмын... Тек өз сезімін өзі билей алмайды... Сондай адамдар болады ғой?! Ғашық болып қала беретін? Жүрек қалауын істейтін? Ол жақсы көрген адамынан ештеңені аямайды, бәрін жасайды.

Сара. Жалғыз Артықбаев қана ма екен солай ететін! Бұл оның ерекшелігі деп білмей-ақ қой! Жақындары мен жақсы көретіндерін тартқылайтындардың жақыны бола тұра, олар үшін ұялудың, наразылық білдірудің орнына Біржанның басын моральмен қатырып отырсың.

Есет. Неге, неге? Айтқандарым бәрі шындық. Ол дұрыс адам. Оған намыстанбаймын...

Сара. Шірік психология! Бүгін семьясын бұзғандарға, ал ертең намысын сатқандарға түсіністікпен қарайтын боламыз!

Есет. Болды! Болды! Сара, сен не туралы айтып отырсың? (*Орнынан тұрып кетеді*). Қайдағы бұзақылар, қайдағы сатқындар? Адам өмірінде болып жататын күнделікті қоқыр-соқыр тіршілік көрінісін биік мораль деңгейіне көтерудің керегі не?! Сенікі дұрыс емес!

Біржан. Есет, сіз!.. Жайырақ...

Сара. Айтсын, айтсын! Сыбырлап айтса да, айқайлап айтса да, әділін айтсын?..

Есет. Әділін айттым деп ойлаймын...

Біржан (*орнынан тұрып*). Бар сый-сияпаттарыңызға рақмет! Мен мұндай маңызды әңгімелердің себебі боламын деп ойламаппын!.. Түк түсінбеймін өйткені. Кешірім сұраймын! (*Кетеді*).

Есет (*біраз үнсіздіктен соң*). Мен артықтау ішіп жібердім... мұндай кезде көңілсіз күйге түсемін. Жан-жақтың бәрі сұрғылт, аздап сағынышты... Бірақ бұның бұл жерде қандай қатысы бар? Бала кезімде-ақ бастағам. Ол кезде қызық болатын, қызасың, айналаң құбылып тұрған сияқты. Менің қатар достарымның бәрі ерте бастады бұл шөлмекті. Біздің жиылысымыздың аты «Орталық» болатын. Орталықта тұратындардың балаларының жиылысы. Бір жарым қабатты ескі үйдің төбесіне — чердаққа жиналатынбыз көбінесе. Кейіннен оны бұзып жіберді. Қайтеміз, басқа баратын жер толып жатса да, сол қуыс бізге жайлы болатын. Үйде болайын десең, оқымысты әке-шешеңнен тыныштық жоқ. Жатқан ақыл, мораль. Одан гөрі чердақтағы жиылысымыз әлдеқайда қызықты. Әрине, сырт көзге жексұрын, тәртіпсіз көрінетінімізді білетінбіз... Арамызда қыздар да болатын... Бірақ сен ойлап қалма... Олардың ешқайсысына саған түскендей көңілім түскен емес... Олар жаман адам болғандықтан емес. Біздің жиылысымыздағы балалар да, қыздар да бәрі адам болып кетті. Бастары қатты істейтін. Тіпті кімнің әкесі қандай қызметке көтерілетінін немесе қандай қызметке төмендейтіндігіне дейін біліп тұратынбыз...

Сара (*мысқылмен*). ...Бастарың, шынында да, қатты істеген екен. Жиылыстарыңды «жас экстрасенстер үйірмесі» деп атамаған екенсіңдер?! Ал «бастары істемейтін балалар» болса ғой — уақыттарының бәрін «Жас техник», «Жас агроном» деген үйірмелерге, музыкаға, тіпті жай көшедегі ойынға құртып бекер жүр! Олар, әй, адам болмайды-ау!..

Есет. Мен бәрібір айта берем, мен маспын. Ал, сонымен, тыңдай бер. Сен осы біздің жиылыстың балаларына неге қарсысың? Олар өмірде жаман болып жатқан жоқ...

Сара (*бөліп*). Білемін. Бәрі мақтауға тұрарлық. Бірақ бұл әңгіме мені түк те қызықтырмайды...

Есет. Білемін... Білемін кім сені қызықтырып тұрғанын... Жағдайымызды жасадық, құшағымызды аштық. Одан артық не керек? Кеткісі келді — кете берсін! Барсыншы қалаған жағына...

Сара (*жай*). Адамды бағалауымыздың бар сиқы осы. Құшақ жайдық, жағдай жасадық. Біржан сияқты басына қиындық түскен адамдарға бос кеудемен аша салған құшақтың керегі не?

Мүмкін, онда арамдық жатқан болар? Жасаған жағдайыңды не қылсын? Оның көздері онсыз да тұманды, өзінің проблемасынан басқа ештеңені көріп тұрған жоқ.

Есет. Сара, осы әңгімелерді қояйықшы. Бәрібір оларды біз шеше алмаймыз. Одан да бірдеңе ішейік. *(Есет ішкілік құйып, Сараға ұсынады).*

Сара *(алып).* Аман болайық! *(Ернін тигізеді).*

Есет. Мен сен үшін ішемін. *(Ол ішпей тұрып Сараға жақындайды. Қасына отырып, мойнынан құшақтайды. Сара тартынады).* Кеттім мен сен үшін! *(Ішеді).* Сара!.. *(Сараның қолынан сүймек болып, басын оның алдына иеді. Қолын сүйеді. Сара екінші қолымен оның шашын сипайды. Есет басын Сараның тізесіне қойып, тізерлеп отыр).*

Сара *(жай ғана).* Мұншалықты тізе бүгудің қажеті жоқ.

Есет. Саған бүгілмеген тізе!.. *(Сараның тізелерін құшақтайды, белінен ұстайды).*

Сара *(жайшылық қалпын өзгертпей).* Мені өкпелеткің келеді ғой?

Есет. Өкпелеткені несі? Мен сені басыма көтеріп жүремін. Міне!.. *(Сараны көтеріп алады).*

Сара. Жібер, Есет!

Есет. Жіберу оңай, ұстау қиын. Сен асықпа, Сара. Қолымда тұрғаныңда көңілімдегіні айтайын, тыңдашы?

Сара. Ал тыңдайын қолыңда тұрып.

Есет. Сүйемін... сені! *(Ол көтеріп тұрған күйі Сараның ернінен сүймек болады. Сара бетін бұрып әкетеді).* Жаным! Мен сені... Ешкімге бермеймін сені!.. Сара! Естідің бе?

Сара. Сен қайтып көріспейтіндей сөйлейсің. Жіберші мені?

Есет. Жоқ. Бар шыным!.. *(Пауза).*

Сара *(әдейі).* Неге екенін білмеймін, Біржанға ғашық болып қалған сияқтымын! *(Есет Сараны көтерген күйі біраз уақыт үнсіз тұрып қалады).*

Есет. Солай! *(Жай ғана Сараны жерге түсіреді. Сыбырлағандай үнмен өзіне).* Солай!.. Солай, Артықбаевтың үрім-бұтағы! Сен бір жексұрынсың. *(Есет қалт тұрып қалады. Сараға қарайды. Одан ешқандай ыңғай білінбеген соң сипалақтап оң-солынан бірдеңе іздегендей болады. Кенет «Екінші бөлімнің» басында билеген музыкасының әуені естілгендей болады. Есет сол ырғақпен билегісі келгендей қимылмен қозғалып, «жоғалтқанын іздей бастайды». Бірақ ештеңе таппайды. Музыка үзіліп қалады. Есет дел-сал тамақ салып келген портфелін қолына алады).*

Сара (*үстел үстін нұқып*). Мыналарды ала кет. (*Есет ерекше бір ызаға буынып, үстел үстіндегі бөтелкелерді, ыдыстарды портфеліне қатты лақтырып сала бастайды. Тіпті болмаған соң үстел үстіндегілерді дастарқанымен орап алып, портфельге тығады*).

Есет. Біз бұл жерге жарамаймыз! (*Есет есікке беттейді. Есікке жете бере бұрылып, Сараға ынтыға қарайды. Қараңғылану*).

Бесінші көрініс

Таңертеңгі кез. Бірнеше бөлмелік коттеждердің ортаңғы үлкен бөлмесі. Есіктің қоңырауы сылдырлайды. Ешкім жауап бере қоймаған соң тағы да үстін-үстін сылдырлайды.

Басқа бөлмеден ұйқылы көзбен Артықбаев шығып ауызғы бөлмеге кетеді де, аз уақытта Есетпен қайта оралады.

Артықбаев. Иә, айналайын, хал жақсы ма? Бізсіз мұнда саған көңілсіз болған жоқ па?

Есет (*салқын ғана*). Жоқ... Мен сіздерді таңертеңгі тамаққа күтіп ем... (*Отырады*).

Артықбаев. Ой, қайдағы тамақ! Әбден тойып, шаршап, өзіміз де таңға жақын діңкелеп зорға келмедік пе? Бірақ енді өте тамаша болды. Тек ішу жағы көбірек болып кеткені ауырлау. Жақсы демалдық. (*Мария шығады. Төсектен тұрғаны көрініп тұр*). Марияға да өте ұнады...

Мария. О! Бұл кім десем?.. Өзіміздің Есетжан!

Есет (*орнынан тұрып*). Сәлем!..

Мария. Сәлем, сәлем!.. Ой, біз шаршап... Ағаң айтып та қойған шығар? Тамаша бәрі! Райисполкомнан, совхоздан, не керек, жергілікті дөкейлер қонақ жасады!

Артықбаев. Бәрін айтып үлгерген жоқпын, бірақ...

Мария. «Өттең, сені бекер бірге жүрмеді» деп жол бойы өкіндік... Саған не болған, Есет? Көңілсізсің?

Есет. Ештеңе... Жай... Күн бұлтты бүгін. Көл бұрқан-тарқан болып толқып жатыр.

Артықбаев. Да... Мен де байқап тұрмын... Ауырып қалған жоқсың ба, әйтеуір? (*Әзілдеп күледі*). Өлде әлгі махаббатыңмен келісе алмай қалдыңдар ма?

Есет. Келісе алмадық.

Артықбаев. Қой?!

Мария. Қандай махаббат? Маған ештеңе деген жоқсыңдар?

Артықбаев. Әйелдерге бәрін айта беруге болмайды себебі. Біздің Есет осында тамаша бір әдемі қызбен кездесіп жүр. Ол үлкен бір кісінің қызы! Аты кім деп едің?

Есет (*құрт қатайып*). Атының керегі не еді?! Аты-аты!.. (*Артықбаев пен Мария бір-біріне түсінбестікпен қарайды*).

Мария (*Есетті қолпаштап*). Ештеңе емес... (*Күледі*). Біз — әйелдер осындай үлкен эмоцияға беріліп өкпелеуге тұрмаймыз. Ондай арулармен қалай сөйлесудің құпиясын айтып берейін бе?..

Есет. Білем құпиясын! Керегі жоқ үйретудің!

Мария (*түсінбей*). Да?.. Ал мен сені әлі кішкентай бала көріп жүрсем...

Есет (*Марияның сөзіне мән бермей*). Менің сіздерге қояр өте маңызды сұрақтарым бар. Соған шын жүректен жауап бересіңдер ме? (*Пауза. Артықбаев пен Мария бір-біріне тағы да түсінбеген тұрмен қарасады*).

Артықбаев. Айналайын, Есет, қандай жауап? Не болды?.. Болашақ келінмен келісе алмай қалған сияқтысың ғой?! (*Қатты күледі*).

Есет (*оның күліп болуын күтіп тұрып, нықтап*). Профессор Артықбаевқа осылай қатты күлу жарасады деп айта алмаймын... (*Пауза. Бәрі тосылып қалады*).

Мария. Сұрақ болғанда ол қандай сұрақ? (*Өзілдегенсіп*). Мүмкін, біз жауап бере алмайтын сұрақ шығар? Мысалы, «Жер бетіндегі тіршіліктен басқа тіршілік бар ма?» деген немесе...

Есет. Осы өмірдегі сұрақтарға жауап ала алмай жүріп, басқа тіршілікте нем бар?! Ал бұл өмірге байланысты қандай сұрақ болсын әр адам өзінің шама-шарқына, ақылына, қасиетіне сай жауап бере алады деп ойлаймын.

Артықбаев. Әрине, әрине, жауап бере алатындары болса, жауап беріп көрейік. Бірақ өз басым біреудің алдында жауап беруді жек көрем. Менің — профессордың алдында жауап берсін керісінше.

Мария (*жалған күлкі араластырып*). Мен де... Есет сұрағаннан кейін болмаса... Былайша міндетті емеспін... ешкімге. (*Есет кенет жөтел қыштағандай көрші бөлмеге кетеді*).

Артықбаев. Бұған не болған? Әлгі қызбен келісе алмай...

Мария. Мен түсінбеймін! Неге маған... бізге өзінен үлкен адамдарға тіктеп сөйлейді?!

Артықбаев. Қайтеміз, Марияш, көңіліңе алма. Ағайдың жалғыз — бәріміздің еркеміз. Оның мінезі тік болғанымен, ар жағы қайырымды. Өзің де көріп жүрсің ғой?

Мария. Сонда да. (*Есет қайта шығады. Пауза*).

Есет. Сонымен, «өзіміздің іс-әрекеттеріміз үшін жауап бермейтіндей дәрежеге жеткенбіз» демексіздер ғой?

Артықбаев (*күлкімен жуып-шайып*). Біз түсінбей отырмыз, айналайын? Қойшы сол сұрақтарыңды, біз сен үшін барлығына жауап берейік.

Есет. Егер мені өз ар-намыстарыңыз ретінде санасаңыздар, онда жауап бере қойыңыздар!

Артықбаев (*онша түсінбесе де*). Ал бізді дайын деп есептей бер!

Есет. Онда бірінші сұрақ... Мен, әрине, екеуіңізге ғана қатысты мәселеге тиіп кетсем кешірім сұраймын... (*Артықбаевқа*). Сіз — көке ғылымның осы саласындағы, атақты, аты жүріп тұрған ғалымдардың бірісіз. Осы салада жастар арасында, мысалы, мынау Мариядан гөрі оның күйеуі, бұрынғы күйеуі Біржан әлдеқайда қабілетті деп естідім?!

(*Мария мен Артықбаев үшін қолайсыз пауза*).

Артықбаев. Иә?

Есет. Солай ма, солай емес пе? (*Артықбаев бейжай Марияға қарайды*).

Мария. Солай. (*Есет жауапты Артықбаевтан күтіп, қадалып тұра береді*).

Артықбаев. Мен ол жағына көңіл бөлмеппін. Мария айтса, солай болар?

Есет. Онда соған неге бірінші жол бермедіңіздер? Ғылымға одан көбірек пайда тиер еді ғой?

Артықбаев (*күле*). Қайдағы пайда бізге? Мен өзімнің Марияма көмектестім. Көмектесемін де! Құдай қаласа, болашақта доктор болады. Пайда маған, міне, Мариядан!

Есет. Ғылымға келер пайданы айтамын? (*Марияға*). Сіз қалай қарайсыз?.. (*Мария мүдіріп қалады*). Қорғаған диссертацияңызбен ғылымға пәлендей жаңалық аштым деп ойлайсыз ба?..

Мария (*кенет ашуланып*). Нең бар осы менде?! Менің ісіме араласатындай кім едің сен?! Ал әке-шешеннің жалғызы екенсің, ал әкең үлкен қызметтегі адам екен?! Ал?!

Есет (*өзін тежей*). «Сұрағыңа жауап береміз» деп айттыңыздар ғой?

Мария. Бұл — сұрақ емес, төлкек!

Артықбаев. Есет! Айналайын!.. Біз екеуміз бір-бірімізді жақсы түсінетін едік қой? Мен сені жақсы көремін, сыйлаймын. Ал?.. Марияш, көңіліңе алма, Есет бұндай емес, ол бізбен ойнап

отыр! (*Күледі*). Әй, Есет, айналайын, қалайша күліп жібермей осылардың бәрін әртісше «ойнап» отырсың-ей?!

Есет. Шыным. (*Пауза*). Мария, мен өзімнің бұл қылығым үшін кешірім сұраймын! Кешіріңіз!..

Артықбаев. Өні, айттым ғой!..

Есет. Бірақ көңілімде тұрып қалған қарапайым ғана сұрағыма жауап беру соншалықты қиын емес шығар?!

Мария. Көңіліндегі қарапайым сұрақ — сұрақ емес, қинау, күлкі ету!..

Есет. Күлкі ету тіпті ойымда жоқ!.. Тағы да кешірім сұраймын. Тіпті болмаса, қарапайым сұраққа жауап беруге де...

Мария. Иә! Жарамаймын. Білемін өзімнің қандай екендігімді!.. (*Пауза*). Менің бұрынғы күйеуім Біржан, шынында да, талабы зор жігіт. Онысын мен іштей қызғанатынымын да. Бірақ ол өзінің қабілетіне сеніп әрекетсіз, дәрменсіз жүре беретін жігіт. Бәрі орны-орнымен, кезегімен келе беретіндігіне сенеді. Оның шектен шыққан адалдығы үшін жек көріп кетесің! Кім жұмсаса — соның жетегінде. Өз пайдасын білмейді...

Есет. Сіз ше?

Мария. Тамыр-таныстықтың, әділсіздіктің заманы ешқашан таусылмайды екен! Мен шаршадым! Шаршадым...

Есет. Мария, кешіріңіз, сіздің мына жап-жас түріңізге қарап «шаршадым» деген сөзіңізге ешкім де сенбейді. Себебі көл суына сүңгіп-сүңгіп алған аққудай құлпырып тұрған қызға қарап қалай олай ойлауға болады?!

Мария. Комплиментіңе рақмет, әрине, бірақ менің шаршадым деп тұрғаным — ол моральдық жағынан ғой. Күшің тасып тұрғанымен, тамырыңнан қысып, жүйкелетіп қойса қайтесің? Сүйеуің болмаса, сүйретіліп қала бересің. Олай болса, сұлулығың мен жастығыңды бағалап, қолдау көрсетер қуатты қол іздегеннің несі айып?

Есет (*сөзін бөліп*). Махаббат ше?!

Артықбаев (*сөзге араласып*). Есет, айналайын, мен Марияны өте жақсы көремін. Ол жағына тиіспей-ақ қойшы!

Мария. Мен де... сүйемін...

Есет (*кенет даусын көтеріп*). Қайдағы сүю? Қазір ғана айттыңыз ғой қолдау табу үшін деп! Сатылу ғой бұл!..

Артықбаев. Есет! (*Есеттің жағасынан алады. Есет ешқандай әрекет жасамай тұра береді*). Не деп көкіп тұрсың? Ішіп алғансың ба, әлде есің ауысқан ба?!

Есет (*жайбарақат*). Өкеме айтамын... Менің жағамнан алды деймін, «көп болсам, көрінген жағамнан алмас еді» деймін... (*Артықбаев Есеттің жағасын жібереді*). Дүниеде неге жәбір көрген адам жақсы?! А? Кинода, романдарда опық жеп жүргендер — жақсы геройлар. Неге?.. Жауап беру қайда, ә? Өйткені біз ешкімнің алдында жауап беруге міндетті емеспіз деп ойлаймыз! Біз міндетті емеспіз, басқалар міндетті! Өттең, осының бәрін анау жас сәби бала түсіне алатын болсашы!.. (*Есет кілт бұрылып, шығып кетеді*).

Мария. Қалай? Балам?! Оған не болды екен?!

Артықбаев. Мынау не деп кетті!?

Мария (*әлі құрығандай*). Не деп кетті қайырымды, сері жігітіміз?! (*Үстел үстіне бетін басады. Қараңғылану*).

Алтыншы көрініс

Бірінші бөлім, бірінші көріністегі көл жағасы. Бірақ бұл жолы көл беті буырқанып жатыр. Жел мен толқын шуылы, шағалалар шаңқылы. Таңертеңгі кез.

Бір шетте сол қайықтар. Тас үстінде Біржан отыр. Сара шығады, көңілсіз. Біржан орнынан тұрады.

Сара (*жай*). Қайырлы таң!

Біржан (*Сараның қасына жақындап*). Не болып қалды?

Сара. «Қайырлы таң» дедім...

Біржан. Иә!.. Қайырлы...

Сара (*салқын*). Қабылдау бөлмесінің орындықтары жайлы болды ма түнде? Тағы да сонда қонып шықтыңыз ғой?

Біржан. Иә!.. А ештеңе емес... Жап-жайлы орын тауып берді. Тіпті түс көрдім. Әп-әдемі. Өзі түрлі түсті, күншуақты, бірақ сағынышты. Ал оянсам, ауа райы бұзылып... Көңілсіз... Сіз де?

Сара. Көрген түстегідей емес... иә.

Біржан. Түс — ол адамның фантазиясы, мұң-мұқтажы туралы елестер шығар, мен жори алмаймын... бірақ түндегі түсімде... сізге қызық емес қой енді бірақ?

Сара. Айтыңыз? Түсті ертегі дедіңіз. Мен ертегіні өте жақсы көрем, ертегіге сенем...

Біржан. ...Айдала. Түсімде. Ұшан-теңіз гүлдерден аяқ алып жүргісіз. Мен кәдімгі өмірімізде ондай әдемі бояулы гүлдерді кездестірген емеспін. Бір-бірімен ұштасып, толықсып, жарасып жатқан жарық пен түрлі түстердің таусылмас гаммасы... «Осы бағытпен кете берсең, — дейді бір дауыс, — гүл ортасында отырған балаңды көресің...» (*Үндемей қалады*).

Сара. Сосын?

Біржан. Адамның гүл ортасында отырғанын қалай жоруға болады?

Сара. Мен де түсті жори білмеймін. Тіпті әңгіме сонда ма екен? Мен көрген түстерімде әр уақытта бір нәрсені іздеп, бір нәрсеге қол жетпей, поезге, самолетке — бәріне кешігіп жете алмай жүремін. Осылайша түні бойы шаршап шығамын...

Біржан (*түсінің әсерінен арыла алмай*). ...Неге оянып кеттім? Неге осындай түс көрді екенмін? Жақсылық болсын, әйтеуір! Ұйқы да, түс те өмірдің өзі сияқты — басталуы да, аяқталуы да аяқасты.

Сара. Сіз алаңдайтын енді ештеңе жоқ.

Біржан. Сонда да... Бәрі қаңырап қараң қалғандай... (*Пауза*). Ал сізге не болып қалды, көңілсізсіз?

Сара. Менің жан күйім де дәл көзіңіз өзіңіз айтқандай жағдайда... Қызық. Мен үшін бәрі дайын, оның қиындығы да жоқ, кемтігі де жоқ. Ал өзім кімге керекпін? Бар әрекетім — болмашы бір үйреншікті тірлік, із-түзсіз...

Біржан. Мен олай демес едім. Жасаған әрекет із-түзсіз жоғалмайды, мысалы, осы бір аз уақытта арамызда болған қарым-қатынасты, оқиғаны мен еш уақытта ұмыта алмаймын енді. (*Кенет бағана басындағы репродуктор жұмыс істей бастады. Музыка*).

Сара. Көл беті толқып жатыр!..

Біржан. Ол таң қылаң бере басталды... Мен ерте тұрып кеткем. Ол кезде көл әлі тыныш еді. Тып-тыныш. Жүгіріп келіп жағаны аялай сипап жатқан сансыз майда толқындар әдемі көрінеді екен. Көңіліңді көтеріп, рақатқа батырады. Маған сонда қараптан-қарап тұрып мынадай ой туды. Айтайын ба?

Сара. Егер құпия болмаса?

Біржан. Неге екенін білмеймін, мен өзімді Біржан емес, Көл жағасы деп атағым келді.

Сара. Көл жағасы? (*Еріксіз күліп жіберді*). Үндістердің есімі сияқты!..

Біржан (*салмақты*). Солай... Көл жағасы. Толқындар келіп оны аймалай шайып, жуып кетеді. Бейне бір сені қоршаған жақсы адамдар сияқты...

Сара. Маған ұнайды теңеуіңіз...

Біржан. Ал сізде атымды өзгертсем деген ой болмай ма?

Сара. Жоқ. Әке-шешем ойланып-толғанып қойған атым өзіме ұнайды.

Біржан. Сенімді болу жақсы қасиет: алған есіміңе, берген уәдеңе, істеген ісіңе...

Сара. Ол күнделікті өмірдің үйреншікті ағымы емес пе? *(Кенет ойнақы әзілмен).* Сіз үндістердің қай руынан боласыз, Көл жағасы?! *(Екеуі қатты күліседі. Біржан бірінші қоя қояды да, қолайсызданған күйге түседі).*

Біржан. Міне, менің болмысым: өз-өзім болып қалуға табандылық жоқ. Біреуге ергіш, біреуді тындағышпын. Жанұяма тірек болып жарытпадым. Мария екеуміздің ажырасып кеткеніміз де осыдан шығар?! Олай болса, өзіме Көл жағасы деп ат қоюым құдайдың аузыма салғаны шығар! Қатты толқыған толқын көл түбіндегі қоқыс-лайды жағаға лақтырып тастайтыны ойыма келмепті. Мен соларды қабылдайтын Көл жағасымын ғой...

Сара. Мені де құрбыларым «Ақжүрек» деп келеке етеді. Кім көрінгеннің ісіне қалай арласып кеткенімді өзім де байқамай қаламын. Менсіз іс бітпейтін сияқты болады да тұрады. Мейлі. Біреу болмаса, біреу осындай болуы керек қой?

Біржан. Біреу ғана емес, бәріміз осындай болсақ!.. Егер сіздей адам болмаса, мына тастардың арасында қанша отырар едім?

Сара. Мен өзім бір адам баласы үн қатқанша отыра берер едім.

Біржан. Шынында да. Адам үні!.. Мені жалғыз қалдырмаған сол үнді жанымдай жақсы көрем енді! Менің орнымда кез келген басқа біреу болса да осындай ризашылығын айтар еді! Рақмет, Сара!

(Есет келеді. Алғашқыда Сараға қарамауға тырысады).

Есет *(жасанды).* Сәлем бердік Біржан ағамызға!

Біржан. Сәлем!..

Есет. Мен сіздерден... сіздердің әңгімелеріңізді бұзып жібергеніме кешірім сұраймын! Кешегі оғаш мінезім үшін де, әрине...

Біржан. Кешегі оғаш мінез?!

Есет. Иә, иә!.. Солай болды ғой! Ештеңе болмағандай-ақ түр көрсетпейік...

Біржан. Кешіретіндей ештеңе болмаса да кешірдік. Менімен әуреленгендерің үшін керісінше мен сұрауым керек шығар кешірімді?..

Есет. Мен біреудің проблемасына араласпаймын, сіздің де проблемаңызға! Сондықтан кешірім сұрасаңыз, Сарадан сұрай беріңіз... Иә, мен, айтқандай, өзара қарым-қатынасымызды анықтауға келген жоқпын! Айтайын дегенім: Мариялар келді!.. *(Пауза. Дүдәмал үнсіздік).* ...Мария мен Артықбаев қонақтан

қайтып келді!.. Мықты күтіпті!.. Аудандық деңгейдегі маңызды той-жиын ретінде ұйымдастырса керек... Бәрі жапырыла құлапты Артықбаевтың беделінің алдында! Соған өздері мәз-мейрам, бақытты!.. Мен сіздің келгеніңізді хабарладым, Біржан аға!.. *(Тағы да ыңғайсыз үнсіздік)*. Мария естігенде қатты толқыды. Бала туралы... Сізді әлі де сүйетіндігі көрініп тұр... Қалай дегенмен жастай қосылдыңыздар... Алғашқы махаббат демекші. Әңгімесі сіз туралы болды. Ғылыми талантыңызды жоғары бағалайды екен! «Жол соңікі еді!» дейді. Солай деді... Сосын... Сізден кетуге тіпті ойы болмаған сияқты. Неге сіз оның кетуіне қарсылық жасамағансыз?!

Біржан. Қарсылық жасағаны қалай?! Мен оған еш уақытта, ешқашан қарсы болған емеспін!..

Есет. Ол да солай деді... Көнгіштігіңізден қажыса керек. Кей-кейде «жоқ, бұл болмайды!» деп нықтап айтпаған екенсіз дә... Мысалы, Артықбаевпен кетіп бара жатқанда!..

Біржан *(Есеттің сөзіне мән бермей)*. Түсінбеймін!.. Еш уақытта жолына бөгет жасаған емеспін — жұмысына, қызметіне!.. Енді не керек менен?!

Есет. Өзіңіз шешерсіз... Мен тезірек хабар бергім келді сізге. Мұнда сол үшін келіп, соны күтіп жүрсіз ғой асыға!

Біржан. Иә, иә! Рақмет оған! Баруым керек... Тез барайын... Мүмкін, бірге қайтармыз?.. Балаға жақсы болып қалар еді!.. *(Сара мен Есетке)*. Мен барайын, ә?! *(Олар құптағандай түр көрсетеді. Біржан кетеді)*.

Есет. Бұл туралы енді тіпті де ойламаймын, болды! *(Жағадағы қайықтарға қарай жүреді)*. Мына жүрісіме, сірә да, риза емеспін. Жағына беру, жалына беру намысқа тиді! Мен нақтылықты ұнатам: бар-жоқ, бар-жоқ! Қайдағы бір профессорлармен, министрлермен, жеке өзімнің ішкі жан дүниеммен, отбасы меншігімен бөлісе алмаймын, бөліспеймін!.. *(Байлаулы қайықтың шынжырын ағыта бастайды. Сара оның қасына жақындап, қолынан ұстайды)*.

Сара. Қайықты тізгіннен босатып, мына толқып жатқан көлге батырып жібергің келе ме?

Есет. Иә, сөйтсем қайтесің?

Сара. Қайтушы ем? Қайықтың жазықсыздан-жазықсыз суға батқанына өкінемін!.. Ал сен өзіңді ер мінезді етіп көрсеткісі келетін кеудемшілдігіңмен менің қасымда қалмақсың ғой?!

Есет. Иә... Мәңгі... Қалғым келеді.

Сара. Тиме қайыққа! Ол да қалғысы келеді!

Есет. Тимедік... тек қайық болғаны үшін ғана! *(Ары-бері сенделіп жүре бастайды. Алыстан музыка естілді).* Сара, музыка! Билейміз бе? Кел, бірге билейік?!

Сара. Сен жақсы билейсің ғой, Есет! Билеші? Мен тек қарағым келеді... *(Есет өзіне тән шеберлікпен билей бастайды).* Тамаша!.. Қандай әдемі!.. Ішкі дүниенің де осындай ғой. Оны өзің түсінемісің?

Есет *(билеген күйі).* Түсінемін! Түсінгенде қандай!.. Мен сенен басқа ешкімге де дәл осылай әдемі билеп бермеймін! Сен түсінесің бе? *(Музыка үдей түседі. Есет қышырлана билейді. Сара оған біртіндеп ілесіп билей бастайды).*

Екінші бөлімнің соңы

ӨЗ ЖОЛЫМДЫ ІЗДЕЙМІН!..

(бес көріністі пьеса)

Қатысушылар:

Әлкен — ауылдан оқуға түсу үшін келген бала.

Арғын — бір министрліктің қызметкері.

Дариға — оның әйелі, жұмыссыз.

Леонардо-Шынбала — Әлкенмен бірге келген жолдас баласы.

Гүлмайра — Дариғаның сіңлісі, Әлкен қатарлы.

Бірінші көрініс

Алматы шағын аудандарына тән пәтерлердің бірі. Ортадағы кеңірек бөлме арқылы ішкі бөлмеге және ас бөлмесіне өтуге болады.

Таңертеңгілік. Жым-жырт. Үй иелері ұйқыда болса керек. Кенет сыртқы есіктің қоңырауы шырылдайды. Қоңырау дегбірсіз, шыдамсыз, жиі-жиі шырылдайды.

Ішкі бөлмеден ұйқылы-ояу, жол-жөнекей халатын иығына іле Дариға «Бұл кім сонша таң атпай?!» деп ауызғы бөлмеге өтеді. Есіктің сырт-сырт ашылғаны, сосын дабыр-дұбыр дауыстар естіледі.

— Арғын көкемнің үйі осы ма?

— Иә...

Артынша бөлмеге екпіндете Әлкен кіреді де, қолындағы ауыр жүгін ортаға қоя салады. Дариға ілесіп кіреді.

Әлкен (бұрыннан таныс адамдай, балалық аңқаулықпен, ашық-жарқын). Амансыздар ма! Мен... Келдім осында!..

Дариға. Иә?!

Әлкен. Арғын көкемнің үйі осы ма?

Дариға. Осы дедік қой жаңа...

Әлкен. Көкем үйде ме?!

Дариға. Жоқ, үйде емес, командировкада.

Әлкен. Қап, енді кәйттім? Сәлемдеме беріп жіберіп еді ауылдан. *(Ортадағы жүкті нұсқайды).* Қашан келер екен көкем?!

Дариға. Бүгін кеп қалуы керек...

Әлкен *(қуанып).* Бүгін?! Түуһ!.. Жақсы болды ғой, жақсы болды ғой!.. Әйтпесе «мынаны қайда апарам» деп ойлап қалып ем!.. *(Есін жиып, салмақты бола қалады).* Бұл ет!.. Сіздерге!.. Кеше ауылдан шығарда сойып берген... Түні бойы жүріп келдік... Иномаркамен... Біздің ауылдың бір жігітінікі. Ол осында бизнесмен. Базарда «стоянкасы» бар...

Дариға. Өзің кімсің?

Өлкен. Мен Өлкенмін. Мектепті бітірдім, енді оқуға түсемін! Арғын көкеммен біз ағайын боламыз. Бір совхоздан. Ауылдарымыздың арасы бір-ақ километр. Ақбұлақ, Көкбұлақ деген екі ауыл... Ал сіз Дариға жеңшесіз! Біз сізді білеміз. Екі ауылдың адамдары түгел біледі сізді. Мақтап отырады. «Алматы аруы» деп атайды сізді ауылда. *(Екпіндете тоқтайды. Пауза).*

Дариға *(қолайсызданғандай, үсті-басын реттегендей қимыл жасайды).* Надо же!.. Солай атай ма мені?!

Өлкен. Атамағанда ше! Атайды!.. Жақын-жақын деген ағайындардың үйінде суретіңіз де бар! Өлбомға салып қойғанбыз...

Дариға *(әрі ұнаттып, әрі ыңғайсызданып).* Сонша жерден ет тасудың керегі жоқ еді?!

Өлкен. Ойбай, жеңше, онда не әкелеміз? Ақша жоқ ауылда! Оқуға түсуіміз керек. Оның үстіне, совхоз құрып, қолдағы бар малдың пайдасы болмай тұр. Сатсаң — арзан, бақсаң қымбатқа түседі. «Осы бастан сойып-сойып көздерін құрта берейік» дейді әкем...

Дариға. Көрейікші, иісі шығып қалған жоқ па?

Өлкен. Е, жоқ, үлгерген жоқ!.. *(Жүзінің аузын ашады. Дариға қолын да тигізбестен, иіліп иіскеп көреді. Тыжырынғандай болады. Сосын ұн-тұнсіз жуынатын бөлмеге шығып кетеді. Ол жақтан краннан аққан судың шуылы естіледі. Өлкен аң-таң. Дәл Дариғаның позасымен оның қимылын қайталап, еңкейіп етті иіскеп көреді. Сол сияқты тыжырынады).*

Өлкен *(созып).* Фу-у-у! Жаңа сойылған еттің иісі!.. Әрине, малдың ішінде жүрмеген соң айыра алмайды иістерді! *(Шетте тұрған орындыққа отырады).* Айтып едім ақша тауып беріңдер деп... Оның иісі басқа! Бүйтіп тыжырынбас еді! *(Төрдегі терезе алдына барып, сыртқа қарайды).* Ой, қандай тамаша! Алатау мыналардың терезесінен қарап тұрады екен ғой! Сонау бір шыңдарына шықса, адам тайғанап құлайтын шығар, ө, қардың беті жып-жылтыр екен?.. *(Үй ішін барлап қарап).* Мынау үйде төсек-орын көрінбейді. Қайда ұйықтаймын?.. Бірақ мен ұйықтауға келген жоқпын ғой... оқуға!

(Дариға қайта шығады).

Дариға. Иә, қандай план?

Өлкен. Қандай план?

Дариға. Ары қарай не істемекшісің? Қайда барып, қайда тоқтамақшысың?

Өлкен *(түсінбей).* Тоқтап тұрмын ғой!

Дариға. Тоқтап тұрсың, бірақ белгісіз жерде тұрсың ғой? Тоқтап тұрған жеріңнің үй иелері бар екендігін, олармен алдын ала келісу керектігін түсінетін боларсың? Ол жерде тоқтауға мүмкіндік бар ма, жоқ па оған да қарау керек! Солай емес пе?

Әлкен (*аз үнсіздіктен кейін*). Иә, тарлау екен үйлеріңіз!.. Онда жолдас баламды шақырмай-ақ қояйын, ә, бұл жерде тұруға?!

Дариға. Қандай жолдас бала тағы да?!

Әлкен. Бірге келдік... Ол да оқу іздеп... Үлкен чемоданымен далада қалды. Оның жүгі менікінен де ауыр — жоғарыға көтеріп шығара алмаған соң қалды!.. Егер шығару керек болса, бөліп-бөліп тасимыз ғой!

Дариға (*не күлерін, не ашуланарын білмей*). Ол жолдас балаңның қасында оның жолдас баласы жоқ па?

Әлкен. Бар жолдас баласы!.. Ол... мен ғой!

Дариға. Ал чемоданы неге сонша ауыр оның? Түйенің етін арқалап келген бе?

Әлкен. Жоқ, ә! Қайдағы түйе?! Оның үйінде шыбыш ешкі де қалған жоқ соятын. Чемоданында жай әшейін толған кітаптар, он шақты блокнот, өзінің жазған шығармалары, сызған чертеждері, әртүрлі макеттер, бояумен салған суреттері... Ол ақын, жазушы, архитектор, конструктор, суретші болғысы келеді...

Дариға. Охо! Универсал болып шықты ғой досың?

Әлкен. Ой, ол... ол пәле!

Дариға. Пәле?.. Ауылдарыңда «пәле» деп мақтай ма?

Әлкен. И-и...ә! Қатты мақтағанда «пәле!» деп, қатты ұрысқанда «бәле!» дейді біздің ауылда!.. Білмеймін ғой неге солай айтатынын!.. Қызық өздері...

Дариға (*қызығушылық танытып, сәл үнсіздіктен кейін*). Аты кім еді жолдас балаңның?

Әлкен (*қуанып*). Ә, аты Леонардо ғой! Леонардо да Винчи дө! Кәдімгі. Біз солай атаймыз. Е, Леонардо да Винчиді өзіңіз де танысыз ғой... Италиядағы!.. Мынау да сол сияқты әр бөлені істейді. Ойлап таппайтыны жоқ. Әркімге әртүрлі идеясын тықпыштап қоймайды!.. Ауылдағылар азарда-безер боп бітті...

Дариға (*күліп*). Леонардо!.. Қызық екен, қызық екен! Ал шын аты кім баланың?

Әлкен. Ой, оның екі шын аты бар! Бірінші шын аты Ұлбике!.. Бұл туғанда кіндігін бір үлкен әжеміз кесіпті. Ол кісінің көзінде қалың очкиі болады екен. Сол жарықтық бұның ұл бала екенін

қалың очкимен де көре алмағанға құсайды. Содан қыз туды деп атын «Ұлбике» деп қойыпты әлгі әже.

Дариға. Да, да?! Содан кейін не болды?

Әлкен. Содан кейін одан бетер қызық болыпты, жеңеше! Артынша нәрестені шомылдырмай ма. Алғашқы шомылдыруын да әлгі очкиі қалың әжеміз шомылдырыпты. Шомылдырып отырып әжеміз алақанымен бұның бұтын сипалай бергенде кенет баж ете қалыпты: «Ойбай, мынаның бұтындағы салбырап тұрған не артық ет?!» деп. Әйелдер қаумалай барып қарап жіберсе, ер бала болып шығыпты! Содан атын «Шынбала» қойыпты!..

Дариға. Бұл баланың тарихы қызық екен! Жай болмаса керек! Онда көрейік Шынбаланың жасаған тірліктерін. Ертіп келе ғой гений досыңды. Бірақ өкпелемеңдер, осы бастан айтып қояйын сендерге қоятын талабымды: үйіміз тар болған соң мұнда тазалық ұстауымыз керек. Жаз айы болған соң адам терлейді, иісі шығады! Сондықтан күнделікті жуынып, тазаланып жүру керек! Үйге келе сала носкилеріңді жуып қоясыңдар!.. Қолтықтарыңды да!..

(Дариға ішкі бөлмесіне қарай кетеді. Әлкен Дариганың артынан аң-таң қарап тұрады да, алма-кезек қолтықтарына басын еңкейтіп, мұрнын жақындатады. Сосын бір аяғын екі қолымен ұстап жоғары көтеріп, иіскеп көреді. Екінші аяғын да).

Әлкен. ...Мына жеңшем иісшіл екен, шынында! Ауылда қайдан білесің қай жерден қандай иіс шығып жатқанын! Фу-у!.. Шынында да әпшінді қуырып жібереді екен!.. *(Аяқкиімін де иіскейді).* Қытайдың аяқкиімі қанша арзан болса, сонша сасық болады, шіркін! Кәйтеміз енді, носкимен бірге туфлиді де жуып тұрамыз да күнде!.. Е, анау не дер екен? Ұзын тұраны, Леонардоны айтам?! Чемоданы кітапқа толы, көкірегі намысқа толы бөле көне ме екен тәрбиеге?!

(Шығып кетеді. Таңғы Алматының тыныштығы бұзыла бастайды. Транспорт гуілі... «Молоко! Творог!» деп айқайлаған сатушылардың дауыстары...)

Екінші көрініс

Екі күн өткен соң

Сол бірінші көріністегі пәтердің ортадағы кең бөлмесі — залы. Дариға, Арғын. Арғын үстел басында қағаздармен шұқыланып жазу жазып отыр.

Дариға (*тынышсызданып*). ...Қайда жүр екен ол бала?! Бір хабар беруі керек қой!.. Ауыл баласы, бірдеңеге ұрынып қалмаса екен!.. Әй, осы ауылдың адамдары-ақ... жайбарақат... жауапсыз!.. Үйіңе келіп-кету туралы сенен сұрамайды. Алыс болса да ағайындықты алға тартып келе салады. Сенің жағдайыңа қарамайды. Әдейі іздеп келгендей сыңай танытады да, соны мойныңа міндет етіп арта салады тіпті... Біз отау құрғалы бері табалдырығымызды аттамаған адамы қалмаған шығар ауылдың! Бөрінің проблемасын шешіп беру керек!.. Ісі біткен соң тыныш кетсе мейлі — берген асыңды, жатқызған төсегінді сынайды! «Алматыда тұрамыз деп әлдеқандай қылғаны осы ма?! Үйлері тар! Жатқан кезде аяғымның ұшы коридорға шығып кетті» деп келеке қылады...

Арғын (*жұмысынан бас көтермей*). Ескі әңгімені қайта қоздырып не қыласың? Нервіңді сақтасайшы!.. Олардың салты солай — түзей алмайсың.

Дариға. Түзейін деп отырған жоқпын, мынау жас баланы ойлап отырмын!..

Арғын. Біреудің баласында нең бар? Бала емес, жігіт!.. Жолын табар...

Дариға. Біреудің баласы!.. Сенің жақының емес пе? Ауылдарыңның арасы бір-ақ километр екен. Қоя тұршы жұмысыңды!.. Жоғалып кетсе көйтеміз жақының? Әкесі саған сеніп жіберіп отыр ғой?!

Арғын. Жоғалып кетсе?! Ау, мен бүкіл ауылдың балалары үшін жауапты емеспін ғой?

Дариға. Жауаптысың! Бір малын сойып, артып жібергені — баланың да жүгін мойныңа ілгені!..

Арғын (*мырс етіп күліп*). Етте тұрған не бар? Сәлемдеме емес пе? Тіпті сол ауылдан шыққан жалғыз лауазымды адам ретінде-ақ беріп жібере салады маған мұндай-мұндай сый-сияпаттарын!..

Дариға. Па, шіркін! Рядовой аппаратчик кімге керек? Сый-сияпаттың астында қалғандай сөйлейсің!.. (*Сыртқы есіктің қоңырауы естілді*).

Арғын. Өне! Кімді айтсаң, сол келеді!..

Дариға. Аллаға рақмет! Келді-ау деймін?.. (*Есікті ашуға шығып кетеді де, аздан соң қайта оралады. Жүзінде кейігендік сыңайы бар, себебі артынан күткен Әлкен емес, Гүлмайра кіріп келе жатты. Гүлмайра да Әлкен қатарлы қыз*).

Гүлмайра. Здравсьте!

Арғын. Оу, Гүлмайра! Біздің балдыз келіп қалыпты ғой! Здрасьте, здрасьте! Жоғары шық!..

Гүлмайра. Спасибо!.. (*Дариғаға қарап*). Вы что-то не рады мне?

Арғын. Мен әр уақытта қуаныштымын.

Дариға. Жоқ... Саған емес, Гуль... Өзің білесің ғой, ауылдан балалар келетін сезон басталды. Туған-туысқан көбейетін кез!..

Гүлмайра. И за это вы расстраиваетесь? Это же счастье богом данное...

Дариға. Именно... Құдайдың бергені!.. Арғынның ауылынан бір бала келген оқуға түсуге, сол жоқ. Екі күн болды. Жолдас баласын ертіп келем деп шығып кеткен — содан жоқ!

Гүлмайра. А, сколько ему лет?

Дариға. Өзің қатарлы. Биыл мектеп бітіріпті...

Гүлмайра. Мой ровесник? Господи, Даригуша, за что переживаешь?! Взрослый парень и тем более не один. Придут они, никуда не денутся...

Арғын. Мен де соны айттым... Әпшең эмоциональный адам ғой, бәрін жүрегінен өткізеді... Өзің қалайсың? Сен де биыл университетке түсесің ғой?

Гүлмайра. Да не знаю...

Арғын. Білмегені қалай?

Гүлмайра. Половина класса уехали зарубеж, а половина класса подались на экономиста, да юриста. А я не знаю... Юристом, экономистом быть не хочу. К тому же надо иметь поддержку... Там!.. Может мне тоже уехать куда-нибудь?!

Арғын. Қайда кетпексің?

Дариға. Что ты говоришь, Гуль? Мамаң жалғыз, ініңе де қарау керек...

Гүлмайра. В том-то и дело!.. Потом на какие шишы мне учиться?

Арғын. Сначала самой надо определиться. Алдыңа қойған мақсатың анық болса, оған жетудің амалы табылады. Пессимистік көңіл күй әдемі қызға жараспайды.

Дариға. Өзің қатарлы мына ауылдан келген балаларға қарашы! Біреуі бір өгіздің етін арқалап келіп отыр оқу үшін. Біреуінің қара чемоданы толы жазған-сызған еңбектері, басы толған идеялары, көкірегі толы намыс екен!..

Гүлмайра. А, как он выглядит?

Арғын. Кім?

Гүлмайра. Ваш брат.

Арғын (*әзілмен, өзін нұсқап*). Мына мен қандай болсам, інілерім де сондай. Ұзын бойлы, сымбатты!..

Гүлмайра. К вашему сведению, красивые парни мне нравятся! Ну... а вы взрослый человек... то есть мужчина... (*Даригаға қарайды*).

Дарига. Қалай деуге болады? Арғын да ауылдан алғаш келгенде осы балалардай арық болатын, кейін келе-келе өседі, толықсиды ғой, әдетте. Келген баланың аты Әлкен екен, ал екіншісін көрген жоқпын. Е, оларды тану қиын емес, көрініп тұрады ауылдан екені!..

Гүлмайра. Ну, хорошо, увижу такого парня — пошлю к вам.

Арғын. Қазір Алматы толы ауыл балалары. Бәрін біздің үйге жинап жүрме...

Гүлмайра (*Арғынға*). Вы тоже дома сидите сегодня?

Дарига. Үйде болғанын көйтейін, жұмысынан тыныштық жоқ.

Арғын. Иә, жұмыста қазір апыр-топыр, біреуі келіп, біреуі кетіп... Срочный қағаздарды үйде отырып жазбаса, онда мүмкіндік жоқ.

Дарига. Бар уақытын сол жұмысына сарп еткеннен бір пайда болса екен! Әбден біліп алған бұның профессионал екендігін. Желкесінен түспейді, үйге де тапсырма беріп жібереді. Соған қарап не айлығы, не қызметі өссе екен. Әйтеуір, еңбегін көрінген ит жеген адам болды ғой.

Гүлмайра. Ну, хоть ты пожалей дома.

Дарига. Жалеть — унизить.

Арғын. Жарайды, жарайды! Мені есіркеудің қажеті жоқ. Бәрі дұрыс. Жалғыз біз дейсіңдер ме осындай жағдайға түскен? Заман!.. Өзгеріп барады. Әйтпесе дүрілдеп тұрған бүкілодақтық институттар жабылып, оның сен сияқты бас мамандары — ғалым-инженерлері жұмыссыз қалады деп кім ойлаған! Солардың қатарын көбейтпейін деп мен де отырмын басымды бұғып. Лажсызбын. Басымызға келгендер маман болмаған соң олармен тіл табысып сөйлесе алмайсың. Жүйе жоқ тірліктерінде, сондықтан ойларына келгендерін тапсырма етіп береді. Амалсыз орындайсың. Шыдайық!.. Өзгерер...

Дарига. Әрине, өзгереді. Өзгермейтін дүние жоқ қой. Тек өз жөніңді, өз жолыңды білсең ғана сол өзгерістермен қатар жүре аласың... (*Гүлмайраға*). Шай-пай бір нәрсе ішіп-жегің келмей ме?

Гүлмайра. Не-нет. Спасибо. Ничего не хочется...

Дариға. Үйде қалай?

Гүлмайра. Так же...

Дариға (*паузадан кейін*). Бірақ көңіл күйің жоқ сияқты ғой?..

Арғын. Мектеп бітіру деген!.. Соңғы емтихандар!.. Соңғы қоңырау!.. Мектеп бітірушілер балы!.. Т-ұ-у. Айналаның бәрін романтика билеп алатын сияқты!..

Гүлмайра. Это когда вы закончивали школу, наверное...

Дариға. Неге, көзір де солай. Мектеп жанынан өтіп бара жатқанда көреміз ғой. Салтанатты жиындар, сөздер айтып, музыкалатып дегендей...

Арғын. Бәрі көңіл күйге байланысты ғой. Бүгін біздің Гүлкеннің көңіл күйі жоқ!

Гүлмайра. Да, вы правы... Поэтому я к вам... Не знаю. Как мне поднять свое настроение?! Не могу найти зацепку.

Дариға. Не нәрсе болмасын оңайлықпен келмейді, күресу керек...

Гүлмайра. А я не стремилась? Училась лучше всех в классе. Одноклассники признавали, учителя восторгались. И в результате... (*Пауза*). Вы сами знаете, у мамы нет возможности ходить в школу, директору, учителям... Я бесхозная и обладательницей «Алтын белгі» не стала!

Арғын. Бұл қалай?! Мы были уверены!.. Онда алдын ала бізге айтпадың ба ең болмаса?

Гүлмайра. Что я вам скажу, что я учусь на отлично, но золотой медали не получаю?

Арғын. Бірақ солай екен-ау ситуация. (*Өзілдегенсін*). Біздің кезімізде партия, комсомол, пионер дегендер артымыздан қалмай, «отличник бол», «отличник бол» дейтін. Көзір енді... жақсы оқушы атану үшін жақсы оқу аздық етеді. Ол үшін ата-аналары, таныстары жүгіруі керек!.. Қай жерде болсын солай боп тұр ғой.

Дариға. Мен де базарға кеттім емес пе?

Гүлмайра. А, гордость?.. Разве вас не задевает, когда не ценят как хорошего ученого или компетентного управленца?

Дариға. Задевает, задевает конечно. Но, что делать? Көну керек, көндігу керек.

Арғын. «Гордость» деген намыс қой, ә? Ал «намыс» деген қандай жағдайға байланысты туындаған нәрсе екендігін айыра білу керек. Осыдан бес-алты жыл бұрын ғана көпшілік ортада «сатушы боламын» деп айтуға жастар намыстанатын, ал

базарға барып сатумен айналысу!.. Көзір басқаша. «Пөленшенің жекеменшік базары бар» деген сөз тек байлық көзін ғана білдіріп қоймайды, ең бастысы сол адамның қоғам өміріндегі үстемдігін көрсетеді. Мақтан тұтады.

Дариға. Адамдық қасиет, ұлттық, қоғамдық құндылықтардың бағасы көз алдымызда өзгеріп бара жатыр. Кеше ғана ұят-аят категориясына жататын әрекет-қылықтар бүгін мақтаныш ретінде қабылданады.

Гүлмайра. Вот и вот! Странные пошли люди. Заколдованные что ли. Неприятно, когда тебе в глаза хвалят, а за спиной гадят.

Арғын. Ой-й, айналайын Гүлім, өйтіп айтуға әлі сенің жиенный опытың жоқ, естігенінді, оқығаныңды айтып отырсың.

Гүлмайра. Как же, как же!.. То что одно мгновение я не стала медалисткой, это не жизненный опыт? Круглой отличницей училась и ждала золотой медали. И все говорили, и учителя, и директор об этом на собраниях... Но, в результате получает медаль одноклассница в аттестате были даже тройки. Накануне ее отец стал акимом района и дочь тоже за одну ночь стала отличницей! *(Пауза).* И, кажется, все от меня отвернулись как будто я в чем-то провинилась... взгляды и сожалеющие... Вообще, распрощалась я со школой душой опустощенной и одинокой.

Дариға. Мен сені түсінемін, Гуль. Өмірде бола береді небір қиындықтар. Бірақ сен пессимизмге берілме. Өмір жолын енді бастадың, сондықтан, жаңа Арғын ағаң айтқандай, алға қойған мақсатың анық болуы керек. Ал біреулердің саған дұрыс, біреулердің қиыс қарауы — ол адам болмысындағы табиғи нәрсе. Көзір саған мұндай отрицательный эмоцияның керегі жоқ. Есінді жи. Ойлан. Шеш. Қалай қарай жүресің?!

Гүлмайра. В принципе я тоже так думаю, так и поступлю конечно. Но... злюсь на себя, за свою слабость... Хочу физический уничтожить этих нечестных людей!

Дариға. Олай деме. Балалық жасама...

Арғын. Гүлмайра, мен саған мынаны айтайыншы. Меніңше, өзіңе жамандық жасаған адамды физический құртқан невыгодно. Біріншіден, өзің преступник болып шыға келесің. Екіншіден, физический құртылған адам өзінің жамандық жасаған кінәсін сезбей кетеді ғой.

Дариға. Ой, қайдағы жоқты айтасың! Бұл тақырыпта сайқымазақ сөз айтуға бола ма?!

Арғын. Мен әзілдеп отырған жоқпын. Назло своим обидчикам сен бұрынғыдан да жақсы болуың керек, «успешная леди» болуың керек. Үлкен жетістіктерге жетуің керек. Сонда олар іштері күйіп, өздерін-өздері іштей жеп құриды. Былайша айтқанда, сен морально жеңесің... Бұл — жазалаудың ең эффективный формасы. (*Бәрі аз уақыт үнсіз қалады*). Қалай менің ақылым, Гүль?

Гүлмайра. Как всегда вы мудры. (*Паузадан кейін*). Отец был бы жив немедленно расправился бы негодяями!.. К сожалению, вышел наоборот.

Арғын. Иә, айтқандай, ол кәзірге дейін полковник шенін алып қалар еді.

Дариға (*қатқыл*). Бұл әңгімені тоқтатайық! Дені дұрыс әңгіме құрып қалды ма?!

Гүлмайра (*сәл үнсіздіктен кейін армандап, қиялдап*). Хотела бы куда-то далеко-далеко уехать! Там!.. Тоскливо все вокруг...

Дариға. Мен сені түсінемін. Біздің де басымыздан өтті ғой. Шіркін, сағынышты күндер, сағынышты сәттер. Мектеп бітірген жылы. Есімде: бүкіл болмысымды қуаныш, сағыныш, қимастық билеп алған. Бір ұяда өскен достар жан-жаққа тарап барады! Оларды ұстап қалуға дәрменің жоқ! Алыстап бара жатқан қимастық сәт жүрегінді күйдіріп барады!..

Арғын. Институт бітірген кезде де осындай күйге түсесің. Айтқандай, Гүлмайра, сен мына балаларды білуің керек? Кішкентай кезінде сенің мамаң, папаң, біз, Дариға екеуміз — бөріміз ауылға барып едік қой? Сонда сен осы балалармен ойнағансың. Менің есімде.

Гүлмайра (*көңілденіп, қуанып*). Да, правда!.. Это — они, да?! Я помню: было очень весело, интересно! Они изменились? Да, откуда вам это знать? Конечно изменились-повзрослели... Я хочу их найти!..

Дариға. Солай етсең дұрыс болар еді. Олар саған ұнайды. Бірге жол табарсыңдар, достасарсыңдар, мүмкін...

Гүлмайра. Я тогда пошла... искать их. Как их зовут?

Дариға. Біреуінің аты Әлкен, екіншісінің аты Леонардо. Леонардо да Винчидің атымен атайды екен. Талантты бала болса керек.

Арғын. Оларды тауып ал да айт: «көкелерің ұрсып жатыр, тез үйге қайтсын деп жатыр» де!

Гүлмайра (*күліп, әзілдеп*). Ваше приказанье будет выполнено, жездеке.

Үшінші көрініс

Аула. Балалар алаңы. Бірақ мұнда ойнап жүрген майда-шұйде балалар көрінбейді. Есесіне қатар тұрған екі әткеншекке Әлкен мен оның ұзын тұра келген досы отырып алыпты. Ұзын тұра қара бала ол — Леонардо-Шынбала. Қастарындағы скамейка үстіне ұлкен қара чемодан, бірнеше сөмке, рюкзактарды тізіп қойыпты.

Әлкен. Е, айтсай, е!.. *(Леонардо үндемейді, әткеншегін жай шайқалтып отыра береді).* Е десей, е десей. Қайда барғың келеді — жол ашық. Қайда? Әлде отаның Италияға қайтасың ба? Бөржарға!.. *(Леонардода үн жоқ, ойына бір идея келгендей тұрі).* Е, ең болмаса мынау көкеміздің үйіне кіріп амандасып шығайық? Өкпелейді ғой! «Менсінбей кетті» деп. Үйлеріне қонбай кеткеніміз ұят болды! Аскарблятса етіп қалған шығар ол кісілер. Тіпті ашуланып алып келген етімізді де лақтырып тастауы мүмкін!.. Ал сен болсаң «нәскиімді иіскеп тексеретін үйге кірмеймін» деп шіренесің. Е, оны кірерде шешіп алып қалтамызға салып қоя саламыз ғой! Е, ө, қалай, ө?.. *(Алаңның бір шетіне Гүлмайра шығып, бұларға бақылай қарап, скамейкаға отырады).* Мен ауылға қайтпаймын!.. Ал сен не істейтініңді өзің біл. *(Леонардо үндемейді).* Е, Шынбала. Мен сен туралы мына үйдегі жеңшеме айтып бердім, е! Ең бірінші Ұлбике, сосын Шынбала, ақырынды Леонардо болғандығың туралы!..

Леонардо *(кенет зірк етіп).* Ей!.. *(Әткеншектен тұсіп, қалт тұрып қалады).*

Әлкен *(алғашқыда сескенгендей тұрмен сәл отырып қалады).* Ей!.. Е, өстіп сөйлесейші ең болмаса! Ал... ал енді айтшы, не істейміз?

Леонардо. Сасық нәскиімді қалтама салғым келмейді, ей!

Әлкен. Е, онда мен салайын сенікін де?

Леонардо. Мені кім деп ойлайсың өзің, досының қалтасын сасытатын арамза сасық деп ойлайсың ба?! *(Ары-бері жүреді, сосын маңызды тұрмен).* Менің шешімім былай: анау чемоданның ішіндегі жазған-сызған барлық еңбектерімді, жасаған барлық макеттерімді лақтырамын! Керек десең чемоданымен!.. *(Пауза).*

Әлкен. Дұрыс!.. Дұрыс чемоданымен лақтырғаның. Оны алатын адам жинап әуре болып жүрмейді, чемоданымен ала салады... Қандай ақылды шешім!.. Сенің жазған бума-бума дәптерлерің редакциядағы ағайларға ұнамаса да, жасаған макет-

теріңе институттағы профессорлар көз қырын салмаса да! (*Пауза жасап*). Қара халық алады алатындарын. Қарық болып қалады тегін дүниеге!..

Леонардо (*алаңғасар*). Солай дейсің бе? Ойымыз, міне, бір жерден шықты! Шынында не істеймін бұларды? Бостан-бос көтеріп жүре берем бе? (*Осы кезде Гүлмайра жақындап келеді*). Басқалар ұнатпаған соң өзім де жек көріп барам!

Өлкен. Битке өкпелеп тонын отқа жаққанның керін келтір-мекпісің? Асықпасай!.. Көріп тұр, сен сөзсіз атақты адам боласың.

Леонардо. Қойшы-ей, осы алдамшы әсіре сөзінді!.. Осы сен ғой мені бұзған. «Талантсың, атақты боласың» деп. Атақтың маған керегі не? Өзім ешкімге керек болмай тұрғанымда...

Өлкен. Неге ешкімге керек емессің? Мен ше? Көтеріп жүрген мен ғой сол чемоданды. Ал кластас достар ше?

Гүлмайра (*бұларға жақын келіп*). Өлкен!..

Леонардо (*бірінші жауап беріп*). Ол анау!.. (*Өлкенді нұсқайды*).

Гүлмайра (*Өлкенге жақындап*). Өлкен?..

Өлкен (*оны танымағандықтан мүдіріп*). Мен бе?

Гүлмайра. Вас зовут Өлкен?

Өлкен. Иә, Өлкен!

Гүлмайра. Тогда... вы!

Өлкен. Вы деген қайсы?

Леонардо. Сені «сіз» дегені ғой, ә! (*Гүлмайраға*). Вы что-то хотели? Мы вас не знаем.

Гүлмайра (*Өлкенге*). Вы действительно меня не узнали?

Леонардо (*Өлкенге*). Сен бұл қызды бұрын көріп пе едің, е?

Өлкен. Көрсем, көзір көріп тұрған шығармын.

Леонардо (*Гүлмайраға*). Таких девушек у нас нет. Мы первый раз видим тебя!

Гүлмайра. Почему первый раз? Вы братишка дяди Аргын, который живет в этом доме. (*Қолымен үйді көрсетеді*).

Леонардо (*Өлкенге*). Көкеңнің аты Аргын ба еді, ей?

Өлкен. Арғын... Арғын.

Леонардо (*Гүлмайраға*). Аргын, Аргын! Түсіндің бе? Поняла?

Гүлмайра. Я не глухая... (*Өлкенге*). Раз так, то вы должны меня помнить, мы с вами встречались!

Өлкен. Иә?! Солай ма? Есімде жоқ сіздің түріңіздей түр!..

Гүлмайра. Да как же! Вы точно Аргына братишка?

Өлкен. Иә.

Леонардо. Көрші ауылда тұратын інісі.

Гүлмайра. А как зовут его жены?

Әлкен. Дариға.

Гүлмайра. Кем она работает?

(Әлкен білмеймін дегендей иығын қиқаңдатады).

Леонардо. «Өртіс» дей салсайшы... Өртіс!

Гүлмайра *(шыдай алмай).* Я не с вами разговариваю! Почему за него отвечаете?

Леонардо. А сама?.. Почему его допрашиваешь?! Он в тюрьме сидит что ли, чтобы допрашивать? *(Пауза. Үшеуі де үнсіз қалады. Гүлмайра түсінбегендей екі балаға кезек-кезек қарайды. Леонардо өзін кінәлағандай қымсынып, қиқаң-қиқаң етеді).*

Әлкен *(жуып-шаймақ болып).* Леонардо! Лионка, е! Шынымен таныс шығармыз? Жөн сұрасып тұр ғой.

Леонардо. Жарайды, өңгімелеріңе кедергі болмайын. *(Шеткі скамейкаға барып отырады. Ыңғайсыз пауза).*

Гүлмайра *(үнсіздікті бұзып).* Ну, что ж!.. Печально... меня не помните. Между прочим они вас ищут! Нехорошо так потеряться!.. Дядя Аргын и за вас, и за других ребят вашего ауыла головой отвечает. А если что случись с вами?! *(Қуланып).* У нас в городе постоянно ловят бродячих... и собак тоже и увозят куда-то!..

Әлкен *(пауза).* Әй, мынау *(Леонардоны нұсқап)* үйге кірмей қойды! Амал жоқ, оның чемодандарын көтерісіп жүруге тура келді. Бармаған жеріміз жоқ. Ешкім қабылдамады оның жазып-сызғандарын... Оның үстіне, үйдегілер қоярда-қоймай мал сойып, ет беріп жіберген. Дариға жеңшем әкелген етке біртүрлі қарап, сосын иіскеп көріп тыжырынды ма!.. Жерге кірердей ұялдым! Қайта баруға бет жоқ.

Гүлмайра. Да, она притворяется. Не хотела показывать свою радость. Вы столько мясо притащили! *(Пауза).* А вы совсем не изменились.

Әлкен. Қалай? Біз таныс емеспіз.

Гүлмайра. Такой же наивный, стеснительный.

Әлкен. Сіз де... Есімде жоқсыз. Қашан кездесіп ек?

Гүлмайра. О, это давно, в день свадьбы дяди Аргын и моей тетушки Дариги в ауле. Нам с вами тогда было три или четыре годика.

Әлкен. Қанша?!

Гүлмайра. Три, точно...

Әлкен. Иә?.. Есімде жоқ!.. *(Күледі).* Үш жаста!.. *(Күледі. Леонардо бұларға жақындайды).*

Леонардо (*сезіктеніп*). Білем! Сендер маған күліп жатыр-сыңдар!.. (*Гүлмайраға*). Все равно я им докажу!

Гүлмайра. Что хотите доказать?

Леонардо. То, что сейчас не могу доказать!..

Әлкен. Леонари, Шынбала, тұра тұршы. Сенің төрт немесе үш жастағы кезің есінде ме?

Леонардо. Ей, оның не керегі бар бұл жерде?

Әлкен. Жоқ, жоқ... Айтшы, есінде ме?

Леонардо. Ей, керек десең, апамның мәмесін еміп жатқан кезім де есімде!..

Гүлмайра (*күлкімен*). Ну, да!?

Леонардо. Да, да! Правда! Мен анамның мәмесін вот так двумя руками как мячик держу... ну, не футбольный мяч конечно, маленький мячик... И быстро-быстро начинаю сосать как будто за мной кто-то гонится... и шашалып қалатынымын!.. (*Кәдімгідей шашалып, тоқтаусыз жөтеле бастайды*).

Әлкен. Тағы да ауруы басталды! (*Леонардоның арқасынан ұра бастайды. Гүлмайра да арқасын қағады*).

Леонардо (*кенет шашалғаны, жөтелгені тыйылып*). Көрдіндер ғой. Есімде. Есіме түссе болды, дәл солай шашалып-қақалып жөтеле бастаймын. Инстинкт.

Әлкен. Ал мына қыз мені үш жасымнан білем, есімде дейді!

Леонардо (*Гүлмайраға, таңғалғандай*). Ты что, до трех лет сосала грудь матери?!

(*Пауза. Бәрі бір-біріне ыңғайсыз түрде қарап қалады*).

Гүлмайра (*паузаны бөліп, жай*). Кстати, я не только в три года, даже с рождения толком не сосала грудь матери... Вообще, потом мне рассказали, что проблема была у матери кормить грудью и для меня молоко покупали у одной русской женщины.

Әлкен. Е-е-е. Сонымен, сонда сіз кімсіз осы?

Гүлмайра. Я?.. Да кстати, меня зовут Гүлмайра.

Әлкен. Гүлмайра... Жақсы екен... Біздің ауылдың қыздары бүйте алмас еді. Осылай батыл, тіке, әй-шәйға қарамай танымайтын жігіттермен сөйлесе бермес еді!..

Гүлмайра. Да, они у вас не как я — бесцеремонная. Извините!..

Әлкен. Жоқ-жоқ. Қайта осы жақсы, маған ұнайды бесцеремон деген...

Леонардо (*Әлкенге*). Орыс әйелінің сүтін еміп өссең, сен де орыс мінезді болар едің!

Гүлмайра. Да, какой там русской характер! Только языком владею и все.

Өлкен. Айтқандай, менің атым Өлкен.

Гүлмайра. Я уже выяснила.

Өлкен. Сонымен, сіз құдаша болып шықтыңыз! Дұрыс. Жақсы. Ә, дұрыс дегенім дұрыс. Онда танысып қоялық! (*Қолын ұсынады*). Менің атым...

Гүлмайра (*күліп*). Да, я уже знаю. Өлкен... Сколько раз можно знакомиться?!

Өлкен (*қолын ұсынған күйі*). А-а? Қол алысып танысқан жоқпыз өлі. Давайте знакомиться.

Гүлмайра (*ішегі қата*). Ну, хорошо, раз так. (*Қолын береді. Өлкен Гүлмайраның қолын аларын алса да, қайтіп қайта қоя беруді білмей тұрып қалады*).

Леонардо. Е, сендер бір нәрсеге спорласып тұрған сияқты ажыраса алмай тұрсыңдар! Мен кесіп жіберейін. (*Екеуінің қолдарын қолының қырымен ұрып «кеседі»*). Теперь давай мы с тобой познакоимся. (*Гүлмайраға қолын ұсынады*). Шынбала! Өлкенмен бірге бітірдік мектепті. Екінші атым Леонардо! Говорят я как Леонардо да Винчи, универсал все могу, но не знаю что делать, куда поступить. Вообще как все великие люди. Ходили мы с ним (*Өлкенді нұсқап*) разным профессорам. Анда бар, мында бар... А ты куда собираешься?

Гүлмайра. Но... я не универсалка, как вы. Моя мама видит во мне только философа. «Язык, — говорит, — твой подвешанный, много болтаешь». Я ей говорю. «Зачем?.. Дефицит философов что ли? Столько их вокруг!..» Между прочим я хотела бы стать председателем какого-нибудь колхоза! Вот шикарная работа! В подчинении целый колхоз! Вы смотрели фильм «Председатель»?

Леонардо. Фильм про колхоз? Действительно, только в кино остался колхоз. Сейчас нет колхозов. Что смотреть?

Өлкен. Ол былай ғой. Бөліп алған бәрін. Кәзір бәрі өздеріне-өздері бастық.

Гүлмайра. Ну и хорошо! Ничего бесхозного не осталось значит? Значит впереди меня ничего не ждет!..

Леонардо. Ой!.. Ты тоже как я. Меня тоже никто не ждет. А кто должен ждать нас? Все только своих ждут!..

Гүлмайра. А у меня нет своих.

Леонардо. А я умею предсказать все что угодно. Например, где нас ждут.

Гүлмайра. Да?! Это интересно! (*Өлкенге*). А вы? Что скажете, құда бала?

Әлкен. Сказать... Кәйтіп барарымды білмей отырмын ғой анау үйге.

Гүлмайра. Не охота идти? Решайтесь!.. Кстати в зоовет поступаете да?

Әлкен. Неге зоовет?

Гүлмайра. Кто приезжают из аула все поступают туда.

Әлкен. Көкем не дейді, соған байланысты.

Гүлмайра. А, понятно. Вы — рядовой солдат, вы ждете команду. Да?

Әлкен. Білмеймін ғой. Солай болар.

Гүлмайра. Да, да. Солай. Они вас страшно ищут! Как найдетесь, сразу получите команду. Они все приготовили для вас!.. Ой, извините, я вас тут задержала!..

Әлкен. Неге, ойбай? Біз өзіміз отырмыз ғой мұнда... ешкім ұстамай-ақ.

Гүлмайра. Зачем сидеть бесцельно. Идите же пока ждут!..

Әлкен. Ал өзіңіз?

Гүлмайра. А я ухожу.

Әлкен. Мейлі ғой, бірақ... қайда түсесіз дегенім ғой?

Гүлмайра. Это так важно? (*Пауза*). Можете спросить у вашего друга. Он сказал может предсказать.

Леонардо. Да, могу. Он будет поворотом!..

Гүлмайра. Прекрасная профессия!.. Мне бы тоже такую необычную профессию... Ладно. Пойду!.. До свидания! (*Кетеді*).

Әлкен (*қалт тұрған күйі*). Ой, бұл кім өзі? Тіпті байқамай сөйлесе беріппіз!..

Леонардо. Ол періште!

Әлкен. Періште?

Леонардо. Жарқ етті де жоқ болды! Таба аласың ба, жоқ па енді оны?

Әлкен. Түу, енді!.. Токтата тұру керек еді, ұзағырақ бола тұру керек еді. Өзі келіп тұрғанда! Шынында да періште сияқты, иә!

Леонардо. «Періште» деп айттым-бітті! Елес берді де, ғайып болды!

Әлкен. Енді не істейміз? ...Әлде артынан қуып жетейін бе? Алысқа ұзай қойған жоқ. Өзі қай жаққа қарай кетті? Мына үйлердің арасына ма, әлде анау үйлердің арасына кірді ме? Не дейсің, Шынбала? Тез айтшы, тез! Айырылып қалармыз, ей, әйтпесе!

Леонардо. Менің ойымша... Мен ойланып көрейін...

Әлкен (*сөзін бөліп*). Ой, осыны да ойланасың ба? «Жүгір» немесе «жүгірме» десең болды ғой. Ойыңа келгенін айта салсай?!

Леонардо. Жоқ!.. Ойыма келгенді мен қандай ой келді деп ойланып алуым керек. Мен ойдың адамымын. Сен сияқты «айт» десе ана жаққа, «қайт» десе мына жаққа жүгіре беретін жүгіргіш емеспін.

Әлкен. Сонша ойшыл бола тұра тез ойлана алмайсың ба? Робот сияқты мысалы? «Сарт» еткізе салсайшы жауабыңды. Темір-терсектен кемсің бе?

Леонардо. Робот не деуші еді? «Ешқайда жүгірудің керегі жоқ» дейді.

Әлкен. Неге, ей?

Леонардо. Сенің көкеңнің балдызы болса, ол өзі келмей ме ол үйге. Сен бар ол үйге, сонда табысасыңдар! Соған да басың жетпей ме? Темір-терсек!..

Әлкен. Сен ше? Сен бармайсың ба менімен бірге?

Леонардо. Жоқ... Ол қыз маған ұнамады! Ей, мен қыздың артынан жүгіруге келдім бе? Өзің жүгіре бер!..

Әлкен. Мен қыз туралы бір нәрсе дедім бе? Әшейін. Көкемнің үйіне барғанымыз дұрыс қой ақыры келгеннен кейін... Ақылдасып... Сосын айтады ол кісі айтатындарға!.. Қалай?.. Неге үндемейсің, еу, Леонардо да Винчи!.. Анау толып тұрған ақылды қалай ішінде ұстайсың?

Леонардо. Маған бір жақсы идея келіп тұр!

Әлкен. Тағы да адам ойына келмейтін бір пәле ме?

Леонардо. Неге «бір пәле»?! Өзіңнің ойың тар болған соң бәрі «бір пәле» болып көрінеді.

Әлкен. Енді мынау көзіргі жағдайымызға қарай соған шақтап ойлап тапсайшы идеяңды!

Леонардо. Енді сөйтеің деп тұрмын ғой! Вообще... Есінде бар ма, Политехке барып менің мынау құрастырған макеттерімді кімге көрсетерімді білмей тұрғанда Ленинградтан келген бір кісі бізбен сөйлесіп, заттарымызды көріп, «молодец» деп, сосын адресін беріп, «бізге келіңдер» деп кеткені?

Әлкен. Иә. Өзі үлкен кісі болғанымен, өте қарапайым, кішіпейіл адам екен. Бізбен қатар адамдай сөйлесті ғой.

Леонардо (*қалтасынан бір жапырақ қағаз тауып алып оқиды*). Міне, Ленинградский институт точной механики и оптики... Декан... Доктор... Профессор... Общежитие, стипендия береміз депті!

Әлкен. Е, Леонардо!.. Бізбен сөйлескен кісі декан, профессор кісі болған ба?!

Леонардо. Енді, міне, өзі солай деп берді ғой!

Әлкен. Ой, қандай жақсы болды-ей! Ауылға барғанда ауыз толтырып айтатын болдық! Басқа кластастардың алдында әбүйіріміз артып қалатын болды!..

Леонардо. Қайдағы ауыл? Осыны айтып әбүйіріңді көтеру үшін ауылға қайтпақпысың? Енді идеямды тыңда! Екеуміз осы шақырумен Ленинградқа кетеміз!.. Қалай дейсің? Күшті идея емес пе?

Әлкен. Идеяң күшті. (*Ойланып, күмілжіп*). Шынбала, е, мына институттың атына мен түсінбей қалдым.

Леонардо (*қайта оқып*). «Точной механики и оптики».

Әлкен. Точный?.. Бірінші рет естіп отырмын. Мектепте оқытқан жоқ, ө, мұндай сабақты? Сондықтан білмейміз. Түсінбейміз.

Леонардо. Оқытпаса, оқимыз. Мен де түсініп тұрған жоқпын. Түсінгім келеді. Түсініксіз нәрсенің ар жағында қызық бір нәрсе болатын сияқты. Соны көреміз, Әлкен. Түсіндің бе, мен солай ойлаймын! Кеттік Ленинградқа?!

Әлкен (*әрі қызығып, әрі екіойлы*). Кеткенде... Барғанымыз дұрыс болар еді, әрине. Бірақ математика, физика дегендерден менде «үштік» қой, өзің білесің. Алысқа барып ондай бағамен не жарытамын?

Леонардо. Жарытасың. Көбірек оқысаң, көбірек ізденсең бәрін біліп аласың. Физика, математиканы тек жаттай беру керек. Жаттау қиын емес қой?

Әлкен. Саған қиын емес жаттау. Сен түсінесің, ал мен түсінбеймін. Түсінбесем қалай жаттаймын?

Леонардо. Түсінбесең қайталап оқи беру керек, сұрау керек. Бірге оқимыз ғой, біріміздің түсінбегенімізді біріміз түсіндіреміз. Қалай, кеттік пе шақырған жерге?

Әлкен (*ұзақ ойланып*). Білмеймін. Арғын көкем не дер екен?

Леонардо (*күйіп-пісіп*). Түу!.. Көкем, көкем! Е, ол көкем я сен үшін, я мен үшін оқымайды ғой?! Барғың келе ме, келмей ме, соны айтшы?! Конкретно! (*Әлкен үндемейді*). Екеуміз уәделесіп едік қой, «қайда барсақ та бірге барамыз, қайда түссек те бірге түсеміз» деп?

Әлкен (*төмен қарап*). Енді бірге түсеміз ғой... Арғын көкеме айтып көреміз... бірге түсір деп!..

Леонардо. Мен сенен сұрап отырмын ба көкеңе айт деп? Маған керегі жоқ ондай оқудың! Сол үшін алыстан ет арқалап әкелмей-ақ қойдым!..

Әлкен (*намыстанып*). Мен етті сол үшін алып келді дейсің бе? Өзің көрдің ғой әкемнің арқалатып жібергенін, «құрқол барма» дегенін!.. Ал сен болсаң соны бетіме салық қылып отырсың. Басында-ақ ішім сезген еді сенің осылай ойлайтыныңды! (*Өкпелеп қалады. Екеуі біраз үнсіз отырады*).

Леонардо (*ақталып*). Басында өйтіп ойлаған жоқпын...

Әлкен. Ойламасаң неге айтасың?

Леонардо. Ленинградқа баруға көндіру үшін айта салғаным ғой. Көңіліңе алма!..

Әлкен. Бірге барамыз деп келіскен жеріміз Алматы болатын. Ары қарай басқа жаққа... білмеймін... бара алмайтын шығармын.

Леонардо. Қалайша?! Сен бармасаң мен көйтемін? Жалғыз!.. (*Кенет Гүлмайра қайта оралады, Әлкен мен Леонардо таңғалып, аңтарылып қалады*). А вот она сама явилась!.. Әлкен, қуансайшы!..

Гүлмайра. Я зашла к дяде Аргын сказать, что вы нашлись. Они ждут вас. Идите!..

Әлкен (*Леонардоға*). Өне, айттым ғой, айттым ғой «ждет» деп! Шынбала, бізді «күтіп отыр» дейді! Барайық, күтіп отырғанда бармағанымыз ұят болып жүрер!.. Ей, алыста неміз бар қаңғырып, мынау жақын жерге бара салмай күтіп отырған?!

Гүлмайра (*Леонардоға*). Вы что не хотите к ним идти? Будете ночевать здесь на улице? Или есть куда идти?

Әлкен. Айтшы, айтшы, құдаша, «бар!» деп.

Гүлмайра. ...Стесняетесь, наверное? Да, вы не стесняйтесь. Дарига и Аргын очень гостепримные... ну... привыкшие гостям. Каждый год, знаете, сколько абитуриентов приезжает к ним? Не один колхоз!.. Они всех устраивает, хлопочет... Вообще... странные такие!

Леонардо (*Гүлмайраға*). Помнишь, говорил что могу предсказать где нас ждут?

Гүлмайра. Да... и где нас ждут?

Леонардо. Вот где ждут. (*Қағазды береді*). Вот, читай.

Гүлмайра. Что?.. Приглашение?.. (*Қағазды оқиды, сосын*). Туда приглашают? Нас всех? (*Леонардо басын изейді*). Вот здорово!

Леонардо. Я тоже говорю: здорово! А он (*Әлкенді нұсқап*) не понимает этого. Так что... давай, мы с тобой поедем?

Гүлмайра. Я, с тобой?

Леонардо. Да... Этот профессор двоих пригласил. Как я один поеду? Там нас ждут. Поедешь? Ты же смелая!

Гүлмайра. Ты оказывается действительно можешь предсказать!.. (*Ойланады*). Интересное предложение!.. Учиться на философа мне не по душе как я уже сказала... (*Пауза*). А ты знаешь, что такая точная механика и оптика?

Леонардо (*қуанып*). Как же! Эта... точная механика и оптика!

Гүлмайра. Кажется я тоже знаю. Как свое действие точно выверить и далеко-далеко смотреть!

Әлкен. Жақсылап ақылға салу керек, әрине. Үйдегілер не дейді? Қай жерде болсын бір сүйенішің болғаны дұрыс қой! Ал... ана жақта... Кімің бар?!

Гүлмайра (*әзілмен*). Вот, умница, құда бала! Надо по-советоваться!.. Можно, Шынбала, я посоветуюсь с мамой, все-таки она одна и дам ответ. Завтра. (*Леонардо «мақұл» дегендей үмітпен басын изейді*). Ну, тогда вам придется ночевать у дяди Аргын. Кстати, моя тетушка Дарига варит свежее мясо. Разумеется, которые вы привезли. Она умеет вкусно готовить! Так что, дорогие гости, идите же пока вас ждут!..

Төртінші көрініс

Бірінші көріністегі Бекетовтер пәтері. Сол ортадағы үлкен зал. Аргын үстел басында: өзінің жазу жұмысымен айналысып, ал Әлкен еденде палас үстінде отыр. Қасында бірнеше кітаптар жатыр. Емтиханға дайындалған тұр көрсеткенімен, бар ойы басқа жақта. Оқта-текте қағазға бірдеңелер тұртеді.

Аргын (*күтпеген жерден*). Сен өлең жазып отырғаннан саумысың?

Әлкен. Өлең? Жоқ.

Аргын. Онда неге аспанға қарай бересің?

Әлкен. Аспанға?.. Жай... шыбындарды... Қалай байқап қойдыңыз?

Аргын. Байқайтын түк те жоқ, тек қиялмен отырсың ғой.

Әлкен. Шынбала-Леонардо не болды екен деп ойлап отырмын. Ленинградқа кеткендеріне бір апта болды!.. Гүлмайра екеуі дұрыс жүр ме екен.

Аргын. Әрине, дұрыс жүреді. Олар өз жолдарын тапты. Ал сен зооветке түсуге келдің бе — дайындал... қиялдай бермей.

Әлкен. Мен қиялдап отырған жоқпын, ойланып отырмын... Неге зооветке түсуім керек?

Арғын (*байыптай қарап*). Неге? Әкең солай деген маған жазған хатында. Сенің өз қалауың да солай болса керек?

Әлкен. Білмеймін... не қалайтынымды.

Арғын. Білмесең, үлкендердің ақылын тыңдау керек.

Әлкен (*үндемей отырып*). Мейлі...

Арғын. Не мейлі?

Әлкен. Соған десеңіздер, соған түсе салайын!

Арғын. Өзің біл, айналайын. Әрі-сәрі болып отырған жалғыз сен деймісің. Мен де отырмын ғой мынау материалды қай бағытта жазарымды білмей! (*Телефонмен сөйлеседі*). Алло!.. Бұл Бекетов. Бастықтың докладына бірнеше жылдың салыстырмалы цифрлары керек еді. Менің сұрағаным жеткіліксіз бе?.. Бұл менің өзіме керек емес... Жарайды, жарайды! Түсінікті. Менің бастығым сіздің бастыққа звондайды. Сосын сіздің бастық сізге!.. Жо-о-қ, ешқандай... Сіз бен біз тек орындаушылармыз, сондықтан ешқандай... дедім ғой! (*Трубкины қояды*). Енді осы туралы бастыққа звондасам, тызаңдап өзімді кінәлап, мораль оқи жөнеледі... Әй, осы салыстырмалы цифрлардың кімге қажеті бар? Жалпылама жазып бере салмаймын ба баяндамасын?.. Бұлар жалпылама түрде білгішсініп, ақылсынып сөйлегенді жақсы көреді. Ортағасырлық бір философтың сөзін қосып қойсам тіпті тамаша! Кімді қоссам екен? Үйде афоризмдер кітабы бар сияқты еді?

Әлкен (*кенет*). «Білме, білгеннің тілін алма» деген сөз бар, мысалы.

Арғын. А?.. «Білме, білгеннің тілін алма». Білем, бұл жақсы мақал. Бірақ мына жерде басқа бір, көпшілік түсіне бермейтін, ішкі қиыр-шиыры көп сөздер керек болып тұр.

Әлкен. Е, онда Лениннің кітаптарынан ала салмайсыз ба?

Арғын. Дұрыс қой. Өзіміз үйреніп қалған Лениннің қай тақырыпқа болса да сай келе беретін сөздері көп, бірақ енді ол болмайды, енді капиталистердің, миллиардерлердің айтқандары бізге таңсық!.. (*Пауза. Арғын өз жұмысымен, Әлкен кітап оқып отырған сияқты*).

Әлкен (*қараптан-қарап отырып*). Е, мен оны енді есіме түсірдім!..

Арғын (*көңіл аударып*). Кімді есіңе түсірдің?

Әлкен. Гүлмайраны айтамын... Біз бала кезімізде сіздер олармен бірге ауылға қыдырып келгенсіздер. Есімде: ойнап жүріп ол құдықтың ішіне түкіріп жіберген. Оның бұл қылығына балалар жиіркеніп, біртіндеп сыдырылып бір шетке ойнамай

шығып кетті. Мен де сөйтеін десем, бұл артымнан қалмайды. Құтылмақ болып ары-бері жүгіргенімді ойын екен деп бір елі қалмай жүгіреді. Өзі жүгіргіш екен — қатты шаршатты!

Арғын (*жұмысынан бас алмай*). Иә?..

Өлкен. Мен шаршаған соң орылмаған көк жоңышқаның үстіне құлай кеттім. Ол да ұялмайды екен, ыржалаңдап келіп қасыма тақалып құлай кетті! Мен бойымды алыс салып жатсам, ол одан бетер тақалып жатады. Сықылықтап күле береді. «Здорово, да! Как в кино, да?» деп қоймайды.

Арғын (*жартылай тыңдап*). Қызық екен. Сосын не болды?

Өлкен. Сосын... Кешке ағайын, туған-туысқан үйге жиналды ғой сіздермен бірге. Ауылдың әдет-ғұрпы емес пе, алыстан қонақ келсе бала-шағасына дейін қалмай жиналатын. Ойын-күлкі, әзіл дегендей. Төрде бригадиріміз Бектұрсын көкем кешті басқарып отырды. Оның Сақып деген баласы, менімен құрдас, екеуміз ойнап жүріп кіре қалмаймыз ба қонақ үстіне. Бізді көре сала Бектұрсын көкем Гүлмайраның мамасына дауыстап тұрып. «Құдағи, анау жүгіріп жүрген қызыңызға құда түссем бе деп отырмын! Оның қасында тұрған менің балам Сақып жігіт боп қалды!» — деді әзілдеп. Гүлмайраның мамасы «Болсақ, болармыз!» деп салды күліп. Тобымыздағы біз қатарлы қыздар Сақыпқа қарап кекетіп, жырқ-жырқ күлісті. Тілі ащы біреуі: «Құдыққа түкіргіш бұл бәле Сақыптың табағына да түкіріп, тамағын арамдайтын болды, хи-хи!» — деді. Оны естіген Сақып шыдай алмады, әкесінің қасына жағалап жетіп барды. «Әке, — деді жұртқа естірте, — мен оны алмаймын!» Отырғандар онша түсінбей, аз уақыт жым боп қалды да, кенет шуылдап ду күлісіп жіберді. Өрқайсысы «ондай қыз ғой, мұндай қыз ғой, бас тартпа» деген әзіл сөздер айтып жатты. Шу аздап бөсеңси бергенде Бектұрсын көкем «неге?» деп сұрады Сақыптан. «Ол құдыққа түкіріп жібереді екен», — деді Сақып. Жұрт тағы да ду күліп, біраз даурығысты. Бектұрсын көкем: «Ничего, балам, оған жеке құдық қазып береміз, қанша түкірсе, сонша түкіре берсін!» — деп қарқ-қарқ күлді. Сақып әкесінің қасында тұрып алды. Соны байқаған әкесі баласын жанына тартып, арқасынан қағып, әзілдеп: «Балам, көп сөзді қой, айттым-болды!» — деді. Сақып ызаланып, жүгіріп далаға шығып кетті. (*Пауза*).

Арғын (*бір кезде көңіл аударып*). Сонымен, ол сол бойы қарамай қойды, ө? Ал сен ше?

Өлкен. Мен? Ештеңе. Сол күйі есімнен шығып кетіпті. Енді түсіріп отырмын есіме... Гүлмайраны...

Арғын. Солай де. *(Телефон шырылдайды)*. Алло. Иә-иә. Жазып алайын, айта беріңіз. *(Жаза бастайды. Оқтын-оқтын «да, да» деп қояды)*. М-м, рақмет. Көмегіңізді ұмытпаймын... Жаман емес... Үйде отыру керек дейді дәрігер. Дәрілерін ішіп жатырмын. Хабарласамын! *(Трубкины қояды)*. Солай, солай...

Әлкен. Сіздерде ауырған адамды да қинап жұмыс істете береді екен, ө?

Арғын. Айтпа! Ауыруға да болмайды. *(Пауза. Біраз қағаздарына қарап отырады)*. Сонымен, саған Гүлмайра ұнай ма? *(Әлкен оған түсінбей қарап қалады)*. «Гүлмайра ұнай ма?» деймін?

Әлкен *(мүдіріп)*. Білмеймін... ұнататынымды...

Арғын. Неге білмейсің? Мен байқап қалдым ғой!

Әлкен *(ойланып, біраз үндемей отырып)*. Мейлі!..

Арғын. Не мейлі?

Әлкен. «Ұнатасың» десеңіз, ұнатайын!..

Арғын *(мырс етіп)*. Мейлі болса, мейлі. Бірақ... «Бірақ» деген проблема бар. Ол болашақта техника саласының ғалымы болады, ал сен — зоотехник немесе ветеринар. Жолдарың екі бөлек, қиыспайды. Оның үстіне, сенің «мейлі» деген әдетің бар екен мақсатсыздыққа, немқұрайлыққа жетелейтін. Осыны жақсылап ойлан. *(Ұзақ пауза. Әлкен түсінбейді. Бірақ ойланады)*. Дайындал, дайындал, болашақ зоотехник!.. *(Орнынан тұрып)*. Мен аздап жатып алмасам, мынау тамағым болар емес. *(Арғын көрші бөлмеге кетеді. Әлкен кітаптарды бір шетке сыдырып тастап, палас үстіне шалқасынан жатады)*.

Әлкен. Мен де жатып алмасам, жүрегі құрғыр шыдатар емес! *(Аяқтарын, қолдарын ербеңдетіп, керіліп-созылып бой жазады)*. Е, анау екеуі не істеп жүр екен, ө? Гүлмайраның баратынын білгенде... барар ма едім! Е, мейлі, бұйыртқаны болар. *(«Гимнастика» жасап тағы біраз жатады. Телефон шырылдайды. Әлкен алғашқы кезде орнынан ұшып тұрады. Телефонның қасында не істерін білмей тұрып қалады. Телефон үздіксіз шырылдай береді. Әлкен оған көңіл аударғысы келмегендей орнына отыра кетіп, кез келген кітапты ашып, шұқшия қалады. Арғын шығады)*.

Арғын. Мына телефонды алмайсың ба?

Әлкен *(кітаптан басын зорға көтергендей)*. Мына кітаптың қызығына батып кетіппін!..

Арғын *(трубкаға)*. Да!.. Саламатсыз. Иә, ауырған соң... Ол мәселені контрольда ұстап отырмын, бірақ асығыс емес,

справкасын үшінші кварталда береміз... Оны енді жұмысқа шыққан соң дайындаймын... Өзім де тез шығуға асықпын... Кешіріңіз, бара алмаймын. Бара алсам, жұмысқа шыға салмаймын ба!.. Бір-екі күн шыдауға болмас па екен?.. (*Тіксініп*). Бұл мәселенің ешқандай асығыстығы жоқ деп тұрмын ғой!.. Жарайды, жарайды... Жақсы... жақсы... (*Трубкины тыңдамай, біраз ұстап тұрады да қоя салады*). Тастайтыныңды тастап жібер керек болса!.. (*Ары-бері жүреді. Ішкі ашу толқынын білдіргісі келмейді. Телефон қайта шырылдайды, оны алмақ болып ұмтылады да, тоқтап қалады. Өлкенге*). Алшы телефонды! Мені жоқ де!

Өлкен (*трубкины алады*). Иә! Мен... Менмін!.. Ол жоқ!.. (*Трубкины құлағынан алыстатып, Арғынға*). Жаңа ғана бар еді ғой дейді? (*Арғын «кетіп қалдым» дегендей белгі береді*). Кетіп қалды!.. Ол қай жақ?.. А?! На тот свет?.. Мен орысшаға онша емеспін, түсінбей тұрмын... Вобщем, айтамын... сізді на тот светте екен деп!.. Звондасын деп!.. А?! Енді қайдасыз?! Өле, ағай!.. Але!.. (*Трубкаға қарап*). Өзі сөйлеп алып, өзі қойып қойды! Түсінбедім!?

Арғын. Әрине, түсінбейсің, себебі ондайлар өздері де түсінбейді не керектігін. Тірліктері тиянақсыз, ары сапырылыстырып, бері сапырылыстырып, іскерлік түр көрсетеді!.. (*Үстел басына қайта отырып жұмыс істемек болады — істей алмайды. Телефон шырылдайды. Жылдам трубкины алады*). Алло!.. Ә, саламатсыз ба!.. Иә, иә, аздап. Рақмет... Жоқ. Ол кісіге мен ешқандай қатты сөз айтқан жоқпын!.. Бір-екі күн жатып жазылып шығайын дегенім-ақ. Дәрігер солай деген. Ол түсінікті ғой, бірақ күйіп тұрған ештеңе жоқ... Иә... Жарайды. Түсіндім. Рақмет. Сау болыңыз! (*Трубкины қояды*). Шағынуға жылдам! (*Басқа бөлмеге кіріп кетеді. Пауза*).

Өлкен. Оқып-оқып үлкен қызметке қол жеткендегі өмір осылай екен ғой!? Бар жұмысың — қағаз жазу... Біреу үшін! Ол үшін тағы сөз естисің. Әділетсіздік қой мынау! Сазайын берер ме еді олардың! (*Телефон шырылдайды. Өлкен оның қасына жетіп барады, білегін сыбанып, бірақ трубкины алмайды*). Ә, міне, кезегі келді әділетсіздіктің мойнын бұрап алатын! Өзі тұмсығын тосып тұр. «Менің сазайымды берші» дейді. (*Телефон шырылдайды*). Мен мұндайда қарап қалам ба. Ағамның намысын қорғау — жігіттік парызым! (*Телефон шырылдайды*). Ойбай-ау, ол мені оқуға түсірейін деп жатыр! Жәні кеп тұрғанда оны ақтамаймын ба?! (*Телефон шырылдайды*). Қоя тұршы-ей! Бұл не деген қорлық! Ойлануға мұрша бермейді.

(*Телефон шырылдайды*). Түу! Былшиған бетіңді одан бетер!.. Жоқ, бұзықтық жасамау керек, барынша кішіпейіл болған дұрыс мұндай жағдайда. (*Телефон шырылдайды*). Қоймадың ғой, менің құрметті телефоным. (*Трубкины алады. Екпіндете сөйлейді. Ар жақтағы адамның сөзін тыңдамайды*). Әле-әле-әле-әле! Телефон, телефон!.. Сен неге тыныштық бермейсің? Науқас адамға?! Телефон, телефон!.. Сен үлкен бастықсың... Үлкен!.. Хақың бар звондауға, бірақ ауырғанда емес! Тыныштық бер ауру басыма, күйзелген жаным, шаршаған қол-аяғыма. Телефон, теле... Ой, қойып қойды? Айтқан сөздерім сүйегінен өтіп кетті білем!.. Қалай-қалай дедім-ей?! Ауылдағы ақсақалдар сияқты. Телефон, телефон!.. (*Телефонды орнына қояды. Пауза*). Әй, шорту, келістіріп айта алмадым. Түсінетін адам болса, осы да жеткілікті. Әлде түк түсінбей, менің өзімді күлкі қылып отыр ма екен. Телефон? Асықпауым керек еді. Қашан болса да асығыс, шала-шарпы жүрісім-ай осы! Мынау оқуға да әкем аузын ашпай жатып көне салдым! Өйтпесе зоовет менің немді алған. Ойым басқа еді ғой. Ой демекші... Анау бастық әйел қайтадан телефон соқса, не жауап қайтаратындығымды ойланып алайын. Былай десем... Әрине, сыпайы болуды ұмытпау керек... Былай десем... Құрметті апай!.. Жоқ, бұл жерде Пәленше Пәленшеевна деп атайды. Онда қалай деймін. Пәленше Пәленшеевна дейтіндей мен қаланың адамы болсам екен!.. Мәдениетті!.. Мысалы, Арғын аға!.. Біз оны бүкіл ауыл болып өзімізге сүйеніш тұтамыз. Бүкіл ауыл оны үлкен қызметте деп ойлайды, ал ол болса мынау телефонмен... Бар білетіні таңертеңнен кешке дейін жазу екен, ауруына қарамастан. Демалайын десе, мына телефон «жаз, жаз!» деп дікеңдейді! Егер ауылдағылар естісе бұны!.. Ауыл ақсақалдары, кемпір-кешектері, бала-шағалары, колхоз правлениесі... Ой, құрып кеткен колхозда правление бола ма?!

(*Әдеттегідей палас үстінде екі аяғын екі жаққа созып отыра кетеді*).

Уһ! Шаршатты мына жұмыс!.. Бәрін менің мойныма арта салады!.. Айтқандай, Гүлмайра!? Мына бір проблемаға араласам деп түрін де есімнен шығарып алыпшын!.. (*Көзін жұмып қиялға батады*). Қандай еді-ей?! Есімде ғой, міне!.. Бірақ түрін келтіре алмай жатырмын көз алдыма. Түрі қайда құрып кетті қараптан-қарап тұрып? Мынау Леонардо... Дәл өзі! Көкір-шүкірін арқалап жүр сол!.. Ал Гүлмайра?.. Атын атаймын — түрі жоқ көз алдымда... Осы ғой... Жақсы көрген нәрсемді қасақана көз алдыма келтіре алмайтын қырсығым бар... (*Көзін жұмған күйі*

тағы біраз отырады. Есіктің қоңырауы сылдырлайды). Түу! Енді-енді елесін ұстадым ба дегенде!.. (Есік ашу үшін шығып кетеді де, Дариға екеуі қайта оралады).

Дариға. Қолымдағы жүтім ауыр болған соң біреуінді көмекке шақыра қояйын деп звондасам, басқа біреуге түстім ғой деймін, былдыр-былдыр, міңгір-міңгір дейді, қоя салдым!..

Өлкен. Ой! Сіз телефон соқтыңыз ба? Жаңа ғана ғой?

Дариға. Иә. Өлде сен бе едің?

Өлкен. Жоқ... Әшейін білейін дегенім ғой. Қызық, бұл үйге өңкей әйелдер телефон соғады екен!

Дариға. Өңкей әйелдер?

Өлкен. Одан ауру адам да тұрып кетеді!

Дариға. Ағаң да тұрып кетті ме? Қайда кетті?

Өлкен. Түк тыныштық бермеді мынау телефон! Бастық телефон!..

(Дариға көрші бөлмеге кетеді).

Бесінші көрініс

Сол пәтердің асхана бөлмесі. Үстел басында Дариға мен Өлкен тамақтанып отыр.

Дариға *(тамақ жеп отырып).* М-м!.. Мынау тамақты дәмді пісіріпсің. Өте дәмді.

Өлкен. Қайдам қалай болғанын. Арғын көкем екеуіңіздің қолдарыңыз тимейді. Кеш келесіздер. Содан кейін бірдеңе дайындай салайыншы дегенім ғой. Бәрібір қолым бос, не істеймін басқа?

Дариға. Қайдан үйренгенсің тамақ пісіруді? Өртүрлі овоцтар қосыпсың. Аспаздық құпияңмен бөлісуге бола ма?

Өлкен. Ой, қайдағы құпия, менікі әшейін апамның істегендерін көріп алғаным ғой.

Дариға. Е, онда апамның құпиясын айтып қоятын болдың, иә?

Өлкен. Бірінші пісте майды жақсылап қыздырып, иісін шығарып алады.

Дариға. Иісін шығарғаны қалай?

Өлкен. Кез келген майдың өзіне төн иісі болады. Содан құтылу үшін ірілеу туралған біруыс пиязды қызған майдың үстінен салып, пиязды қызарғанша қуырып, сосын оны бір түйірін қалдырмай алып тастау керек. Сол күйген пиязбен бірге майдың қышқыл дәмі кетеді дейді апам. Шынында да содан кейін майдың иісі біртүрлі жағымды боп қалады.

Дариға. Содан кейін?

Әлкен. Содан кейін жаңағы сұйық майға қарасаңыз, біртүрлі бір әсер аласыз. Бірақ үңіліп қарамау керек, бетіңіз күйіп қалады, көп қарап тұруға да болмайды, 10—15 секундтан кейін майыңыз күйе бастайды. Күйген майға пісірген тамақтан күйіктің дәмі шығып тұрады... Ойбай!.. Өшіре тұрайықшы... Түсіндіріп жатқанда шынымен күйіп кетер!.. Ең бірінші, бәрін дайындап алу керек қой. Баклажан, сәбіз, пияз, көк келімдері... тағы не қосқыңыз келеді? Солардың бәрін жуып, тазалап, кесіп дегендей... Помидор, әртүрлі көк шөптер...

Дариға. Сен аппетитті ашып жібердің!..

Әлкен. Қалай? Әлі ештеңе дайын емес қой.

Дариға. Дайын болғанда қандай дәмді болатынын көріп отырмын. Осындай тамақтарды сен үйіңде де пісіріп жүрсің бе? Ауылда ер адамдар тамақ пісірмейтін сияқты еді ғой?

Әлкен. Неге, пісіретіндері бар ғой. Мен де кейде... Әкем, апам күні бойы жұмыста, қолдары тимейді. Солардың келетін кезіне дайындаймын. Ал апам болса әр уақытта қарны тоқ адамдай тамақты үйдегілерге бөліп құйып, «ішіп қойыңдар, ішіп қойыңдар» деп зорлағандай ішкізіп қояды. Содан мен «неге өйтеді» деп ойланып қалам. Дәмсіз, тұзсыз боп қалды ма екен, кім білсін? Бір рет, жеңеше, бар өнерімді, бар ішкі дүниемді салып картошка қуырдым. Соның алдында ғана апам «картошка қуыру керек еді» деп жүретін. Рақаттанып жеп алды. Сосын «Болашақта келінді жақсы күтетін болады екенсің» деді рақметтің орнына!..

Дариға. Шынында. Дәл тауып айтқан екен мамаң!

Әлкен. Қалай, қалай? Мен апам үшін бар өнерімді салдым ғой?!

Дариға. Кейін келіншегің үшін де бар өнеріңді саласың! (*Әлкен қымсынады*). Жарайды, ұялмай-ақ қой!.. Қалай дайындайтыныңды ары қарай айта бер?

Әлкен (*әлі де ұялғансып*). Иә-ә!.. Ақыры келіндеріңіз үшін пісіретін болсам, не қылам сізге айтып?! Ә, тіпті білмеймін де пісіруді... Шын айтам жеңше, өкпелемеңіз! Біртүрлі қобалжып кеттім бе, әлде толқып кеттім бе, неден кейін нені қосуды ұмытып қалдым!.. Апама ұнамаған соң солай деген болар?..

Дариға. Сен олай ойлама. Мамаңа өте ұнаған соң жаңағыдай өңгіме айтқан. Өрі сенің қытығыңа тигісі келген, өтірік қана сені болашақ келіншегіңнен қызғанғансып!..

Әлкен (*қутыңдап*). Да?! Мен де ойлаймын неге олай деп. Құдай бұйыртса, оны кейін көре жатамын ғой, көзір әлі уақыты

келген жоқ дегенім ғой!.. Жеңеше деймін-ау, қандай тамақты қалай дәмді дайындау керек екендігі туралы менің кө-ө-п өз ойларым бар дә! Керек болса, мен күнде сізге бір ерекше дәмді тамақ пісіріп беріп тұрайын!? Бірақ апам «болашақ келінімді семіртіп жіберерсің!» дегендей, сізді де сөйтіп жібермеймін бе? Өйткені бар ғой, мен біреуді ұнатсам, соған дайындаған тамағым дәмді шығады!.. Сіздер көкем екеуіңіз маған ұнап қалдыңыздар, сондықтан екеуіңізді де семіртіп алмаймын ба деп отырғаным ғой!.. Солай боп ұят боп жүрсе!.. Мәссаған!.. Сіздер маған адам сияқты жақсы қарап жатсыздар, ал мен жақсылықтарыңызды қалай ақтаймын?

Дариға. Сен оған қам жеме. Біздің жасаған жақсылығымыз — сенің оқуға түсіп кетуің. Бірақ оған ең бастысы өзің жақсы дайындалуың керек. Таңдаған мамандығыңды өте-өте сүюің керек, тек сол мамандыққа жан-жақты қызығуың керек, оны іштей түсінуің керек. Мысалы... мысалы, сен... иә, мынау аспаздық мамандығың жоқ, оның оқуын бітірген жоқсың, бірақ өзің қарашы, тамақты қалай дәмді пісіруді жан дүниеңмен сезесің. Қандай мамандыққа болсын адам онымен табиғи жақындықта болатын сияқты... (*Пауза*). Айтқандай, маған бір жақсы идея келді!.. Мүмкін, сен... аспаздық оқуға түсерсің?

Өлкен. Аспаздық? (*Пауза*). Ұят емес пе?!

Дариға. Ұят? Кімнен ұят? Несі ұят?

Өлкен. Білмеймін ғой! Алматыға ерлей барғандағы бар тапқаны осы ма дейді ғой! Беттерін шымшиды!..

Дариға. Қызық! Аспаздық мамандығы — дүниежүзінде ең сыйлы мамандықтардың бірі! Олардың арасында өз жұлдыздары бар!.. Мейлі, ол жағын өзің шешерсің. Ал зооветке түссең ауылдағылар беттерін шымшымай ма?

Өлкен. Шымшымайды. Өздері солай деген соң өздерінің беттерін шымшымайды ғой... Арғын көкеме сеніп отыр.

Дариға. Арғын көкең мойнына міндеттеме алған жоқ, әрине! Қолынан келсе көмегін аямайды, жол сілтейді. Ал өз мақсатын білмейтін адамға қалай көмектесуге болады, өзің айтшы? Нақты айта аласың ба — өзіңнің алдыға қойған мақсатың, арманың бар ма? Кім болғың келеді?

Өлкен. Кім болғанда... Мен сол туралы ойламаппын, жеңеше. «Анау боламын, мынау боламын» деп сөйлеп жататын балаларды мен өзім жаратпаймын. Білмеген нәрсемді білем деп қалай айтамын? Біртүрлі ыңғайсыз... Егер менің кім болғым келетіндігім туралы ойымды білгіңіз келсе, мен бір-екі күн

ойланып, сосын айтайыншы?! Не дегенмен де болашақ өмірім туралы ойлануым керек қой.

Дариға. Әрине, ойлануың керек!.. Менің бір подругам кәзіргі заман талабына сай бизнеске көшкен — өзінің рестораны бар. Аспаздық туралы айтқан себебім — сол жолдасыма сені көрсетсем бе деген ойым ғой. Өзіңнің де ебің соған келіп тұр, егер көнсең?..

Әлкен. Көнгенде... Мен көне берем ғой сіздер айтсаңыздар. Бірақ жұрттың балдары университетке түсіп жатқанда менің бір повар апайға барып тығылғаным қалай болар екен?

Дариға. Ол апай — жай повар емес, ресторан иесі. Ол — ғылым докторы! Өз саласының белгілі ғалымы!

Әлкен. Доқтыр дейсіз бе?

Дариға. Иә, ғалым. Кәзір бизнесмен, ресторан саласының.

Әлкен. Сонда... доқтыр науктар ресторан ашып жатыр, ө, жеңеше? Е, олар әртүрлі жаңалықтар ашып жатқанда ресторан аша алмайды дейсіз бе?! Бәрін зерттеп, бәрін есептеп қойған ғой ғалымдар! *(Сыртқы есіктің қоңырауы шылдырлайды).*

Дариға. Арғын келді!

Әлкен. Мен ашайын есікті! *(Шығып кетеді. Дариға үстел үстін реттеп, дастарқан жасайды. Әлкен қайта келеді).* Анау бөлмеге кетті. Тамақ аз болып қалмай ма, жеңеше? Жаңадан бірдеңе пісірсеңіз, мен көмектесейін. Тез дайындай саламыз!..

Дариға. Басқа да тамақтар бар ғой, жетіп қалар.

Әлкен. Көкемнің жүзі біртүрлі салқын. Аздап көңілсіз сияқты. Ө, бір жерім ауырса мен де сөйтемін. Жұрттың бәрі көңілсіз болады ғой бір жерлері сыздаса.

Дариға. Е, бүгінде кім арқа-жарқа көңілді жүр дейсің? Өмірдің дәмі өзгерді. Қадір тұтып жүргеніміз қадірсіз болып қалады. Ұят деп саналатын іс-әрекеттер үйреншікті дағдыға айналды.

Әлкен. Бір жағы жақсы болып қалды емес пе, жеңеше?.. Қайда барсаң молшылық — базар, жаныңа керектінің бәрін табасың! Дефицит деген құрып барады, ә? Тек ақшаң болса, болды!..

Дариға. Мәселе сонда — ақша табуда. Ол үшін жұмысың болу керек. Бәрін ақшамен өлшеу өмірге, мақсатқа деген тым қарапайым, оғаш баға болып көрінеді маған.

Әлкен. Ылдым-жылдым әрекет етуге мүмкіндік бар сияқты кәзір, мен оны сеземін. Ақша да табуға болады.

(Арғын кіреді. Селқос).

Дариға. Мақтап жүреді екенсің, тамақтың үстіне келдің.

Арғын. Мақтап жүреміз ғой, енді кәйтеміз! *(Дариға алдына тамақ салынған тарелка қояды. Ол қасықпен шұқып көреді де, бір шетке итереді).*

Дариға. Жемедің ғой, тойдырып жіберген бе?

Арғын. Тойдырғанда қандай, әбден тойдырды!.. Тойдым әбден!.. Соны итеретін бір жүз грамм болса?..

(Дариға оның бетіне бірауық қарап қалып, бір нәрсе түсінгендей шеттегі шкафтың ішінен бөтелке мен рюмка алып, Арғынның алдына қояды. Арғын бөтелкенің аузын ашып, рюмкаға арақ құяды).

Дариға. Жуатындай бір жақсылық болғай?

Арғын. Ауырған тамағымды шаямын. Аурулар мезі етті! Құрысыншы солар! Деніміз сау болсыншы өзіміздің. Сол үшін! *(Ішіп қояды да, алдындағы тамақты өзіне тартып жей бастайды).*

Дариға. Қалай?

Арғын. Дәмді пісіріпсің...

Дариға. Мен тамақты айтпаймын. Денсаулығыңды сұрап отырмын?

Арғын. Оған қам жеме. Жұмыссыз қалған адамның денсаулығы қызметіне де әсер ете алмайды!..

Дариға *(аздап үнсіздіктен кейін).* Тағы да қысқарту ма?

Арғын. Иә, солай ғой. Жөн-жосықсыз «ананы істе, мынаны істе» деп қыспаққа ала бергендері ілік іздеген түрлері ғой!

Дариға. Жарты жыл сайын жалаңдаған бұл қысқартулар жұттың бір түріне айналды! Шалғыша шалып тастайды. Қанша адам кеттіңдер?

Арғын. Отыз процент!

Дариға. Кімдер қалды сонда?

Арғын. Кімдер қалушы еді? Как всегда басқарма бастығы, орынбасарлары, сектор меңгерушілері. Солардың бөріне бір орындаушы — инспектор!..

Дариға. Енді басқа қызмет табылғанша қанша уақыт үйде отыратындығыңды құдай білсін!

Өлкен *(сөзге кенет араласып).* Сонда, көке, телефонмен қайта-қайта тықақтап сөйлесіп қоймаған әне бір әйел ме сізді жұмыстан шығарған? *(Қолайсыз пауза. Дариға мен Арғын бір-біріне қарап қалады).*

Арғын. Сондай бастықтар көп қой осындай жұмыстармен айналысатын.

Өлкен. Көптің аты көп десеңізші! Е, олар неге көп сонда? Бәрібір адамға жабылып өлімжеттік қылғандары ыңғайсыз емес пе? Біреуінің өлі жетпей ме сонда? Мен бастық болсам, жалғыз өзім-ақ шығара салар едім. Өрине, сізді шығармаймын ғой, көке. (*Арғын мен Дариға күледі*).

Дариға. Жақының болған соң шығармайсың. Олар да сөйтіп отыр.

Өлкен. Жоқ, шыным... сөйтер едім. Енді мені кәйтіп оқуға түсіресіз, көке, қызметіңіз жоқ?! (*Пауза*).

Арғын. Иә, оның рас. Қолыңнан қызмет кетті де, сенің де қадірің жоқ! Білмеймін... Көреміз...

Өлкен. Өзімнің де соған ынтам жоқ еді! Осылай боларын білгендей. Жоғарыдан белгі берді ме, қайдам. Әйтеуір, болмайтын сияқты болды да тұрды ғой!..

Дариға. Төменірек болса да басқа жұмыс ұсынбады ма?

Арғын. Екі айлық жалақымды береді. Қалғанын кейін көреміз дейді.

Дариға. Шығарып салудың амалы!.. Кейін дегені ешқашан дегенмен бірдей. Тағы да қолында қауқары бар қолдаушыға телміреміз де!..

Арғын (*өзілдеген тұрмен*). Азар түбі ауылға барып қой бағармыз Өлкен екеуіміз! Бәрібір оның да оқуға ынтасы жоқ. Солай ма, Өлкен?

Өлкен. Қандай қой, көке?

Арғын. Е, ауылдағы отар-отар қойлар ше? Бір отарын екеуімізге берер бағуға?

Өлкен. Өрине, береді ғой сізге. Сыйлайды сізді, көке! Ауылдағылардың қайсысы болсын сізден аямайды ештеңесін!..

Арғын. Міне, проблема шешілді! Екеуіміздің атымыз шығатын болады «Миллионер шопандар» деген! Енді маған қызметтің, саған оқудың керегі жоқ! Керек болса, қызметтерін өздері атқарсын, оқуды да өздері оқысын! (*Арақ ішеді*).

Өлкен. Көке, бірақ сіз оларға өкпелемеңіз!

Арғын. Кімге өкпелемейін?

Өлкен. Ауылдағыларға... Олар бізге қой бере алмайды... бағуға! Берер еді-ау, жоқ қой! Бәрі тарап кеткен! Бұрын қой бағып жүрген көкемдердің өздері қойсыз бос жүр. Жұмыссыз. Көшемен кетіп бара жатсаңыз көресіз үйлерінің жанында шоқиып-шоқиып отырғандарын! Өлдебір жаққа қарап!.. Өлдебіреулерден жақсылық хабар күтіп!..

Арғын. Да... Олар да күзеуге түсіп, тақырға отырған екен дә. Онда біз бара алмаймыз. Баратын ауыл жоқ.

Әлкен. Неге? Баратын ауыл бар ғой! Бірақ малы бар ауыл жоқ дә!..

Дариға. Ағаң әзілдеп отыр әшейін. Баршылық кезде бармай жүрген адам енді бара қояр деймісің! Басқалар сияқты ағайындармен араласып, алыс-беріс жасауды білмедік, «уақыт жоқ, уақыт жоқпен», міне, осы заманға жеттік!

Арғын. Ауылға сирек баратынымыз рас. Бірақ олардан қол үзген жоқпыз, қолымыздан келгенше көмегімізді жасап келеміз! *(Әлкенді көрсетіп).* Міне, мына сияқты ауылдың қаншама баласы қолымыздан өтпеді?! Біреуін оқуға түсіру керек, біреуін емдету керек, біреуіне жұмыс тауып беру керек!.. Жаз бойы тар үйіміздің табалдырығы босамайды ауыл адамдарынан. Өзің емес пе, соларға тамақ пісіруге, төсек-орын салып-жинауға жалықпай кең пейіл көрсететін?!

Дариға. Ағайынның алдында ұят боп қалмасын деп тыраштанамыз. Бағасы болар, қайырымы болар!

(Пауза. Арғын тағы да арақ құйып ішіп, тамақ жейді).

Арғын *(Дариғаға).* Сенің бүгінгі пісірген тамағың ерекше дәмді екен. Ең болмаса асқазанымды жұбатайын дегенсің ғой?!

Дариға. Бүгін тамақты пісірген мен емес, Әлкен пісірді.

Арғын. Әлкен пісірді? *(Әлкенге).* Солай ма?

Әлкен *(біртүрлі қымсынып, қалғансып).* Жай... Енді... Істей салып едім!.. Өзім де білмей қалдым қалай болғанын!..

Арғын. Білмей қалғанда... Айналайын-ау, бұл сенің қолыңнан іс келеді деген сөз ғой! Молодец! Өте дәмді!

Дариға. Тамақты қалай пісіретіндігі туралы жай әңгімесін тыңдап отырып-ақ аппетитің ашылып, сілекейің ағып кетеді!..

Әлкен. Егер сіздерге ұнап жатса, білмеймін ғой, аянбайтын шығармын. Тек артынан семіртіп жібердің деп ұрыспасаңыздар болды.

Арғын. Жоқ, ұрыспаймыз қанша семірсек те! Ең бастысы сенің мынадай өнерің бар екендігіне мен қуанып отырмын! Дүниежүзінде жақсы аспаз дефицит екенін білесің бе?

Дариға. Мен де соны айттым! Жақсы маман болады. Менің анау рестораны бар подругама стажер етіп орналастырсақ қалай?

Арғын. Мынау идеяң көңіліме қонып тұр. Бірақ ауылдағылар оны түсінбейді ғой. Өкпелейді. «Өзінің баласын осындай оқуға берер ме еді?» дейтін болады. Солай ма, Әлкен?

Өлкен. Білмеймін ғой. Өкпелегенде... Ауылда бәрі өкпелей береді. Сосын қояды. «Сәлем айтып жатыр» десе болды, мәз боп, өкпесі тарқап кетеді!

Арғын. Ал мына жеңешеңнің ұсынысына өзің қалай қарайсың?

Өлкен. Енді... біртүрлі... Бұрын ойыма келмепті. Өзіңіз дұрыс деп отырсыз ғой! Идеясын... Дұрыс болса, дұрыс шығар!

Арғын. Ауылдағылар не дейді?

Өлкен. Олар сіз не десеңіз соны құптайды.

Дариға. Күмәнданатын ештеңе жоқ, Өлкен! Біз саған дұрыс жол көрсетіп отырмыз. Өркім өзінің қолынан келетін іспен айналысуы керек. Кейін атағың шыққан маман болғанда бізді ұмытып кетпе бірақ!

Өлкен. Сіздерді қалай есімнен шығаратынымды білмеймін ғой!..

Арғын. Әй, Өлкен, білмейтін түгі жоқ! Мына көкең қызметсіз қалған күні, інім, сенің қандай жолмен жүретініңді белгілеп, келісіп отырмыз. Жолыңның анық, ашық болғаны қандай тамаша! Мен сол үшін тост көтеремін! Дариға, сен де алшы! Сенің идеяң үшін!

Соңы

СЕЗІМ ОҚИҒАСЫ

(бір актілі пьеса)

Қатысушылар:

Арман	—	солдат жігіт
Дариға	—	
Дәмелі	—	
Тоты	—	студенттер
Бірінші қыз	—	
Екінші қыз	—	
Студент	—	

Қысқа пролог-монолог

Мен созылта, ұзақ ойнаған саксофон әуенін ұнатамын. Ол менің кеудеме сен оқып жүрген қаланың әдемі келбетін тәтті тұстей құя салады. Оның даусын естісем, бір сезім оқиғасы көз алдымнан ақырын жылжып өте бастайды.

Иә, сезім оқиғасы деп бекер айтып отырған жоқпын. Басқадай теңеу жоқ менде.

Сөйтіп, мен сені кездестірдім. Бір-ақ сәтке. Өмір бақи ұмытпастай есімде қалдың. Мен сезіміме сендім... Ол сезімім мәңгіліктей көрінді. Оны ақыл елегінен өткізуге күш-жігерім жетпеді. Ендігі жерде жұдырықтай жүрегім тек сен деп соғады.

* * *

Тұң. Студенттер жатақханасы. Фойе. Вахтер үстелі. Үстел жанында Дәмелі отыр. Бір шетте орындықтар. Радиодан музыка естіліп тұр. Қолында чемоданы бар әскери киімді Арман кіреді.

Арман. Саламатсыз ба?

Дәмелі. Саламатпысыз... (Пауза). Кім керек еді сізге?

Арман. Дариға... Фамилиясы Байсалова, алпыс бірінші бөлмеде тұрамын деген.

Дәмелі. Жоғары көтерілер біреу арқылы шақыртарсыз.

Арман. Рақмет.

Дәмелі. Отырыңыз.

Арман. Рақмет. (Орындыққа барып отырады. Пауза. Есіктен Тоты кіріп келгенде, Арман орнынан тік тұрады. Тоты өтіп бара жатады).

Дәмелі. Осы қыздан айтып жіберіңіз.

Арман (Тотыға). Кешіріңіз!.. (Тоты бұрылады). Маған алпыс бірінші бөлмеден...

Тоты (оны бөліп). Дариға Байсалованы шақырып жіберуім керек шығар?

Арман. Қайдан біліп қойдыңыз?!

Тоты. Қайдан біліп қояр менің көріпкелім жоқ. Келген жігіттер Дариғаға келген соң оны шақырып келу бізге әдетке айналған! Жарайды. *(Кілт бұрылып кетіп бара жатады да, кенет тоқтай қалып Арманның қасына қайта оралады).* Жаңылыспасам сіз Армансыз?

Арман. Жоқ... жаңылысқан жоқсыз!..

Тоты. Мен сізді таныдым, ал сіз мені танымайсыз. *(Тоты тез бұрылып кетеді).*

Дәмелі. Келмей жатып көзге іліндіңіз, отырыңыз!

Арман. Рақмет. Дәмелі Жақанова деген қыз да осы жатақ-ханада деп еді?

Дәмелі *(аңтарылып).* Оны қайтесіз? Мен ғой ол!

Арман. О... о!.. Сіз болсаңыз *(орнынан тұрып),* саламатсыз ба, Дәмелі!

Дәмелі. Саламатсыз ба...

Арман. Өркенді танысыз ба?

Дәмелі. Қайсы Өркенді? Менің ерімді ме?.. Танымағанда, ойбай!..

Арман. Өскерде ол екеуміз біргеміз.

Дәмелі. Өркенмен бе?!

Арман *(қалтасынан хат алып, Дәмеліге ұсынады).* Сенбей тұрсыз ғой деймін. Мына хатты берген еді... *(Дәмелі аңтарылған күйі Арман ұсынған хатпен бірге кенет оны құшақтай алады да, бетін оның көкірегіне басып ұзақ тұрады. Сосын теріс айналып кетеді).*

Дәмелі. Кешіріңіз! *(Көзін сүртеді).* Кешіріңіз, мен осындай жылауықпын! *(Күледі).*

Арман. Суретіңізге ұқсамайсыз, онда көңілдісіз.

Дәмелі. Көп уақытқа айырылысу кімге көңілді дейсіз? *(Пауза. Дәмелі хатты асығыс оқи бастайды. Тоты қайтып оралады).*

Тоты. Дариға бөлмеде жоқ.

Арман. Қайда екен?

Тоты. Білмеймін. Түсінбеймін оған! *(Кетеді).*

Дәмелі *(оқып болып).* Қашан қайтасыздар, қашан?!

Арман. Енді жарты жыл қалды ғой.

Дәмелі. Жарты жыл! Жарты жылың алты ай, алты айың жүз сексен күн! Ол күндердің тез өтуі менің еркімде емес қой, қайтемін енді?! *(Пауза).* Мен сізге бар мұңымды шағып кетпедім бе? Қалай жеттіңіз?

Арман. Жақсы... жолда ауылға қайырылмастан тіке тартып отырдым. Ал мұнда келсем, іздеп келген адамым орнында жоқ.

Дәмелі. Келіп қалар... Жағдайларыңыз қалай?

Арман. Қалай деуге болады? Жағдайдың бәрі сіздерге байланысты емес пе? Хат жазып, көңілді жүрсеңіздер — тамаша! Ал үн қатпай хабарсыз кетсеңіздер — онда біздің күніміз қараң!

Дәмелі. Өркен мені сағынып жүр ме? (*Күледі*).

Арман. Сағынып жүр, сағынып жүр. Осылай деп айт деді.

Дәмелі. Шын ба? Солдаттар сағына ма?

Арман. О! Солдаттардың жан дүниесіне үңіліп көрсеңіз! Сырттай темір сияқты болғанмен... Мысалы, әйел жанын нәзік дейміз, ал солдат жаны одан да нәзік. Солдат сондықтан солдат болар, кешірерсіз... Менің айтайын дегенім басқа. Өркен «Жағдайың қалай, Дәмешім?» деп сұра деді. Шын айтам. Ұялмай жауабын айта беріңіз.

Дәмелі. «Рақмет, Өркенім! Күтіп жүрмін, күте беремін! Сен ертерек қайтшы, қасымда болшы!» деп сұранады деңіз. Осыны ұмытпаңызшы.

Арман. Жақсы, ұмытпаймын, сеніңіз!.. Оқуыңыз қалай?

Дәмелі. Бітуге жақын қалды ғой.

Арман. Мұнда неғып отырсыз? Кезекшісіз бе?

Дәмелі. Вахтер кемпірдің шалы ауырып үйіне кеткен еді, соның орнында отырмын. Сыйласып жүретін үлкен кісі ғой... (*Көшеден студент кіреді*).

Студент (*мастау*). Жақанова! Кемпірді тағы да есіркеп шалына жібердің ғой, ә?!

Дәмелі. Жібердім.

Студент. Жібер, жібер. Бәрібір өмірден ешкімге қайырым жоқ. Одан оны әуре-сарсаң боп күтіп жүрген жұртта да ес жоқ. Жұрттың есі қайда кеткен, Жақанова? Соқыр сезімге қашанғы бағынамыз, айтшы?

Дәмелі. Бүгін тағы да массың ғой!

Студент. Тағы маспын. Басқа амалым жоқ.

Дәмелі. Олай болса, соқыр сезімге бағынып жүр деп жұртты айыптама.

Студент. Иә?

Дәмелі. Оған бағынып жүрген өзің!

Студент. Иә?

Дәмелі. Иә, иә... Соқыр сезімнің шырмауымен ада болып жүрсің. Немесе өзің-ақ ақылға салшы: қаншама сүйсең де, кетер адам... бұл дүниеден кетті, бақытсыздық... Ал сен — ер жігіт сол сезіммен өзіңді жүнжітіп жүрсің! Сен, әрине, менің бұлай тіке айтқанымға ренжіме. Егер менің өз басыма түссе қайтер едім? (*Көзін беторамалымен басады*). Кешір!

Студент (*мастығы тарқап кеткендей*). Но, но! Жақанова!.. Дәмелі! Сен осы сөз айтсаң жетесіне жеткізіп жібересің. Бірақ көзіңе жас алмашы, қажеті не? (*Арманды байқап*). О, солдат! Бұл дүниеде бәріміз көзіне жас алмас, көкірегін қайғы шалмас

болаттай берік солдатпыз. Менің жаңағы айтып тұрғандарым бекер. Сенбесең, қара бері! (*Студент солдатша тік тұрады*). Мен де армияда болғанмын. Марш-музыка! (*Музыка. Студент марш екпінімен жүреді*).

Дәмелі (*құлағын жауып*). Қойыңдаршы! (*Студент жүруін қояды*).

Студент. Енді қалай ету керек? Мас болсаң — мас болма, тебіренсең — тебіренбе дейсің. Қайтейін енді, Дәмелі? Көкірегіміз бір күйге көнер күн бар ма?

Дәмелі. Жоқ.

Студент. Тағы да осы жауап. (*Ол Дәмеліге жақындайды*).

Дәмелі. Жолама. Бар, кет әрі! (*Студент тоқтап қалады*).

Арман (*Студентке*). Дәмелінің кет дегенін естіген боларсыз?

Студент. Жарайды... (*Кетеді. Пауза*).

Дәмелі. Оңбаған... сүйетін қызы болатын, көшеде машина астына түсіп қалып... (*Арман үндемей бұрылып кетеді. Пауза*). Иә, өңгіме айтыңыз? Өркен қайтіп жүр?

Арман. Бірқалыпты. Ол — бізге саяси сабақ жүргізетін майордың көмекшісі. Ішіміздегі жалғыз жоғары білімді солдат сол.

Дәмелі. Қызмет ететін жерлеріңіз қайда? Адрестеріңізге қарап онда жазылған қаланы картадан таба алмай-ақ қойдым.

Арман. Ол құпия... Біз туралы әжептәуір сөйлестік қой деймін. Енді сіздер туралы сөйлесейікші.

Дәмелі. Біз туралы не сөйлесуге болады? Сіздер келмей, бізбен қатар жүрмей өмір түкке тұрғысыз сияқты маған. Сағыныш та! Сағыныш!.. Сіз күлмейсіз бе?

Арман. Жоқ, түсінем ғой бәрін.

Дәмелі. Дүниедегі қас жауларым — жалғыздық пен сүйгеніңнен алыста жүру. Жүрек деген, менімше, біреу үшін, біреуге серік болу үшін жаратылған сияқты... Түу... Мен сізді сөзге айналдырып, қонақжай көдесін ұмытып кетіппін! Мен барып кофе дайындап әкелейін.

Арман. О, жо-о!..

Дәмелі. Сіз тек қана менің орнымда отыра тұрыңыз. (*Дәмелі жүгіріп кетіп бара жатып*). Постыда тұрмын деп есептеңіз!

Арман (*әзілмен*). Құп болады!

(*Пауза. Музыка естіледі. Арман әрі-бері жүреді. Қабырғадағы ілінген студенттер тізімінің алдына келеді. Оқиды*).

Арман. Алпыс бірінші бөлме... Міне! Байсалова Дариға!.. (*Музыка бұрынғыдан да анық естіледі. Көшеден екі қыз кіреді*).

Арман. Қыздар, пропуск!

(*Қыздар оның сөзіне құлақ аспай өтіп бара жатады*).

Бірінші қыз (*мазақпен*). Пропуск? Менің атым Жібек! (*Екеуі күледі*).

Екінші қыз (*бұрылып, Арманға тілін көрсетеді*). Менің атым Баян. Сіз кім боласыз, солдат?

Арман. Мен Арманмын!

Бірінші қыз. Арман болсаңыз, қолымыз жетпес онда! (*Екеуі күлген бойы кетеді*).

Арман. Тамаша... Өмір өте тамаша! Қыздар күледі, қыздар тілін көрсетеді... (*Пауза. Музыка. Арман орындыққа барып отыра бергенде Дәмелі келеді. Арман тік тұрады. Дәмелінің қолында поднос, термос, нан, конфет т.с.с.*).

Дәмелі. Сый, әрине, студенттік сый, айып етпейсіз.

Арман. Рақмет, Дәмелі! Мен бұны күтпеп едім.

Дәмелі. Келуіңіз бізге үлкен қуаныш қой, өттең, магазиндер жабылып қалған...

Арман. Ол не дегеніңіз! Солдат ішкілік ішпейді. (*Тоты келіп, басқа нәрселерге қарағансып, бірақ Арманды сырттай бақылайды*).

Дәмелі. Көне, отырыңыз!

Арман (*отырып жатып Тотыға*). Айтқандай, өтінішімді орындағаныңыз үшін рақмет айтпаппын-ау! (*Тоты бұрылып қарағанда*). Асқа жақындаңыз!

Тоты (*түсініксіз ашумен*). Рақмет! (*Кетеді*).

Дәмелі. Көңіл аудармаңыз, ашулы біреу ғой. Шай ішейік.

Арман. Солдат еркін қуанғанды, еркін күлгенді, еркін ашуланғанды сүйеді! Еркіндік... Тек еркіндік! (*Шай іше бастап*). Постыда тұрсыз: көзіңіз түн жарымның қараңғы түкпіріне қадалғанда көңіліңіз аңсарлы ақ дүниені кезіп жүреді. Сонда осылардың бәрін осы күйінде көрсем деп таңсықпен еске аласыз, ал... (*Кенет үндемей қалады*).

Дәмелі. Ойыңызды аяқтамадыңыз ғой?

Арман. Ой!.. Қандай ой?.. Мен сізге неге екенін білмеймін, өте ризамын.

Дәмелі. Неге? Шайға ма?

Арман. Өркен сіз жазған хаттарды маған да оқытады, бірақ бұл құпияны ашқаным үшін оған ұрсып жүрмеңіз! Менің сұрайтыным басқа: осынша жылылықты қайдан аласыз, Дәмелі?

Дәмелі (*күліп*). Менің бар ыстық ниетім тек Өркенім үшін емес пе? Ал сізге осы келген құрбыңыздан артық ыстық жан болмас!

Арман. Солай... Бірақ Дариға хатты өте сирек жазады. Сонда да хат алу солдат үшін қандай қуаныш екенін білесіз бе?!

Дәмелі. Бір-біріңізді көптен білесіздер ме?

Арман. Солай десе де болады... (*Кенет сергін*). Қыздарыңыз таң атқанша қыдыра беретін бе еді? Сағат 12-ден асып кетті!

Дәмелі. Тыныштықты сіздер қорғап тұрсыздар, стипендияны үкімет беріп тұрса неге қыдырмасқа?! (*Пауза*). Сізге қанша күнге отпуск беріп еді?

Арман. Отпуск емес, командировкаға кетіп бара жатқан бетіміз еді, Қазақстан жеріне келгенде командирім «еліңе келдік, анаңды көріп қайт!» деп екі күнге рұқсат берді. Самолетпен анама емес, осында тартып отырдым. Туған ауылдың үстімен өттім. «Баланың көңілі — далада» деген солай!..

Дәмелі. Бұныңызды мен айыптай алмаймын. Егер мүмкіндігім болса, мен де Өркенге қарай тіпті төрт қанатпен ұшар едім. *(Сол ашулы күйінде Тоты жетіп келеді. Арман әдеті бойынша тік тұрады).*

Тоты (Арманға). Мүмкін, кешірерсіз, мүмкін, кешірмессіз, бірақ мен сізді алдаған болатынмын!

Арман. Қалайша?

Тоты. Мен Дариғамен бір бөлмеде тұрамын. Ол үйде.

Арман. Солай де?! Неге бірден айтпадыңыз?

Тоты. Дариғаның өтініші...

Арман. Өтінгенде... Бәрібір мен онымен кездеспей кетпеймін ғой?!

Дәмелі. Алыстан біз деп келіп тұрғанда бұларың қалай, қыздар?

Арман. Дәмелі, оның бөлмесіне кіруге рұқсат па?

Тоты (оны бөліп). Оның өзі келе жатыр осында!.. Алыстан ат болдырып артынан келген адамыңыз... алдыңыздан шықты. *(Дариға көрінеді).* Өне, қарсы алыңыз! *(Дариға келеді де, Арманнан алысырақ тоқтайды. Қолайсыз дүдәмалды пауза).*

Дариға (түк болмағандай). Саламатсың ба?

Арман. Сәлем!..

Дариға. Қашан келдің?

Арман. Көп болған жоқ... *(Дәмелі подноспен ыдыстарды алып кетеді. Тоты да кетеді).* Сені үйде жоқ деп... *(Сенімсіз күледі).* Бұл жұмбақтың шешуі қалай екен?

Дариға. Мен ұйықтап жатқан болатынмын... Бүгін ертерек жатқам...

Арман. Оятып жібергенім үшін кешір, себебі алыстан азғана уақытқа өзіңе арнайы келіп едім.

Дариға. Қашан қайтасың?

Арман (күлген болып). Келмей жатып кетуімді сұрама. Ертең кешке дейін уақытым бар. *(Үнсіздік).* Жағдайың қалай?

Дариға. Жақсы...

Арман. Мен біз алғаш кездескен рейспен ұшып келдім. Ақтөбеден Алматыға дейін бір-бірімізден көз айырмай келгеніміз есінде ме? Кірпік те қақпадық, ө, сонда?

Дариға. Мен әшейін қарағанмын. Ұйқың келмегенде солай...

Арман. Кеше ғана сияқты еді... Сонда көзің мөлдір дүниедей көрінген.

Дариға. Бәрі өзгерді... Сонда мәлдір болса, енді басқаша шығар...

Арман. Бұл мен үшін жаңалық! Бұл туралы хатыңда жазған жоқсың?.. Сонда қалай? Арамызда тек алдамшы сезім жүргені ме?

Дариға. Мен шынымен екен деп ойламайтынмын... Білмеймін... Болмайтын нәрсеге бас ауырту маған ұнамайды.

Арман. Болмайтын нәрсесі қайсы?

Дариға. Тегі айтамын. *(Пауза).*

Арман. Тегі айтатын болсақ, менің мынаған көзім жетіп отыр, Дариға! *(Дариға үндемейді).* Сенде маған деген ешқандай сезім болмаған екен. *(Дариға үндемейді).* Солай ма?

Дариға. Білмеймін... Иә, менде ешқандай сезім болған емес. Ол басқа біреуге сезімім болғандықтан емес... Мүмкін, бұл қылығымды кейбіреулер айыптар, бірақ менің жауап хаттарымнан түсінуің керек еді!..

Арман. Кінә өзімнен. Сенің маған деген жоқ сезіміңді «бар, бар» деп өзімді алдандырып келдім! Міне, қазір соқыр көңлімнің көзі ашылды!.. *(Пауза. Музыка естіліп тұр. Арман бір шеттегі қол чемоданының қасына келеді. Оны алып үстел үстіне қойып ашады да, ішінен кішкене пакет алып, Дариғаның жанына оралады).*

Арман. Дариға, мынау сенің хаттарың. Суық жазылған болса да, жалғызсыраған көңілге жылу әкелген хаттарың. Мені өртеп жібермес үшін онымен қоштасуым керек. *(Береді).* Ал енді жалынмен жазылса да жолын таппаған менің хаттарымды сен де қайтарып бере ғой?

Дариға. Хаттарды сақтамаушы едім мен... Ондай әдетім жоқ!..

Арман. Бәрі жыртылып желге ұшқан еді десеңші?! Сақтауға жарамаған хаттарды жазған жарамсыз бір сорлы екенмін ғой...

Дариға. Жігеріңді жерлеп, намысыңды қорлап тұрғам жоқ, Арман! Осыны ақылмен түсін. *(Подноспен Дәмелі оралады).*

Дәмелі. Мен тағы да шай дайындап әкелдім. Бәріміз отырып ішейікші! *(Дәмелі үстел үстіне қояды. Ешкім үндемеген соң).*

Арман. Рақмет, Дәмелі! *(Пауза).* Өркенге айтар тағы қандай сәлемдеріңіз бар?

Дәмелі. Не болды!?

Арман. Мен қайтамын... Қайтуым керек!

Дәмелі. Әлі уақытыңыз бар емес пе? *(Арман үндемейді).* Өркенге сәлемдеме беріп жіберуге... бәрі ұйқыда, жабық.

Арман. Бәрінен жүрек сәлемі қымбат екенін ұмытпайықшы. Ол не деп соғады, соны айтсаңызшы?!

Дәмелі. Кеудем қанша жалаң боп кетсе де — сүйемін, дүние қанша қараң боп кетсе де — күтемін оны. Басқа сәлемім жоқ.

Арман. Жақсы, көріскенше! *(Дәмелі оны кенет алғаш келгендегідей құшақтай алады).*

Дәмелі. Сізге менің бір тілегім бар: бұның бәрін сіз көңіліңізге ауыр алмаңыз, мақұл ма? Бұл жақсылық пен бақыттың табалдырығы сияқты маған. Сеніңіз! Оған әлі-ақ көзіңіз жетеді.

Арман. Қыздардың бәрі сіздей болса, өмір өте әсем болар еді, Дәмелі!

Дәмелі. Ертерек оралыңыздар!

Арман *(Дариғаға жақындап).* Тағдыр бізді қайта жолықтырса қайтеміз, Дариға!

Дариға. Амандасатын шығармыз!

Арман. Амандасатын шығармыз!.. *(Пауза).* Иә, амандасамыз, әрине, себебі біздер жақсы таныстармыз ғой! Көп уақыттан кейін жай таныстар ретінде кездессек те мен қуанатын боламын.

Дариға. Мен де қуанатын боламын!.. Мүмкін... өкінетін де шығармын... Арман... Бірақ ескі таныстар бір-бірін жоғалтпайды деседі...

Арман *(елең ете).* Әрине, әрине! Жоғалтып алса қалай таныс болады?!

Дариға. Аман бол!

Арман. Қош! *(Қол алысып қоштасады. Осы кезде Тоты келеді. Арман Тотыға).* Сіз де сау болыңыз! Жаратпасаңыз да жүзданыс болдық, оны есімнен шығармасын.

Тоты. Ақылсыз сұрақ қойғаным үшін, мүмкін, кешірерсіз, мүмкін, кешірмессіз, бірақ сіздіңше шындық қайда, білесіз бе?!

Арман. Менімше, әркімнің өзінде... *(Пауза).* Сау болыңыз! *(Есікке беттейді).*

Дәмелі *(оган ұмтылып).* Мүмкін, қонып, ертең-ақ қайтарсыз?

Арман. Ертеңгі күн басқаша. Ал бүгінгі күннің оқиғасы осы болғандықтан одан қаша алмайсыз, одан қашудың да керегі жоқ. Дәмелі! Көрсеткен құрметіңізге үлкен рақмет! Қош, сау болыңыздар! *(Кетеді. Арман кеткен соң сұрақ белгісіндей тыныштық орнайды).*

Дәмелі. Бір сәтке келсең де бар кеудемді жақсылық хабармен толтырып кеттің, солдат! Бірақ сен қамықпа! Сен таңдайтын әлі талай арулар тұрады жолыңда!

Тоты. Дариға, мен басқа бөлмеге ауысамын!..

Дәмелі. Орын ауыстырғанмен, сезім өзгерер ме екен?..

Дариға. Мен оны енді ғана тани бастадым!..

(Радиодан сағынышты музыка естіледі).

1970 ж.

Соңы

Аудармалар



1431 ЖЫЛЫ ЖАННА Д'АРККЕ ҚҰРЫЛҒАН РУАНДАҒЫ СОТ

(16 көріністі трагедия)

Анна Зегерстің радиопьесасы бойынша
Б.Бессонмен бірлесіп жазылды.
(Қазақ тіліне 1975 жылы аударылды).

Сот мәжілістері күнделікті латынша хатталып отырды. Бове епископы — Кошонға арнайы дайындалған протоколдың түпнұсқасы бұгінде Париждегі депутаттар палатасында сақтаулы. Осы протоколдың негізінде және сот қорытындылары мен куәгерлер естеліктерінің желісі бойынша радиопьеса жазылды. Бертольт Брехт «Берлин ансамблі» театрының сахнасына қою үшін оны қайта өңдеді.

Анна Зегерс

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Жанна д'Арк	Жан Масье
Екі қыз	Гийом Эпар
Жак Легрен	Оның немересі
Шаруа	Балалар
Шаруа әйелі	Халық
Баласы	Бове епископы — Кошон
Келіні	Жан Бопер
Сәби қыз	Жан Лафонтен
Д-р Дюфур	Жан Шатийон
Доктордың жиен	
қарындастары	Никола Миди
Сәнқой	Гийом Маншон
Жеңілтек қыз	Жан Эстиве
Балық сатушы әйел	Жан Лефевр
Трактир иесі	Рауль Ринель
Шарап сатушы	Хаттаушы
Жарымжан	Ағылшын бақылаушысы
Жас капеллан	Оның адъютанты
Жендет	Ағылшын күзетшілері
Төрт монахша	
мен солдаттары	Қарт Брей

Бірінші көрініс

1430 жылдың күзі. Англия мен Францияның арасындағы соғыс сексен жыл бойы құтырынып тұр. Осы жақында ғана он жеті жасар қыз — Жанна д'Арктің бастауымен француздар екі рет қанды жорық жасады. Бұл елдің бұрынғыдай үштен екі бөлігін иеленіп отырған Англия басқыншыларының жанталаса қарсыласуы еді. Францияның азат бөлігі Турень деревняларының біріне қорқынышты хабар жетті.

* * *

Турень деревняларының бірі. Шаруа үйінің ауласы. Қақпа алдында Екі қыз бөшкеге салып жүзім езіп жатыр. Оларға балалар көмектесіп жүр.

Қыздар (*ән салады*).

Жанна д'Арк, үй-жайыңды қалдырып,
Майдан кешіп жыл арасы бойжеттің.
Енді өзіңе жау қаһары түк емес,
Жорықтарда сыр бермедің шаршаған.
Семсерің мен көк сауытың айбатты,
Қызу айқас, салқын айтыс тән саған.
Қорқыныштың құшағына бөленіп,
Зәресі ұшқан отан жауын зарлаттың.

Екінші қыз (*Балаларға*). Сендер, әйтеуір, ауызға сала бергендерің болмаса, жүзімді құс құрлы да шоқи алмайды екенсіңдер!

Баласы. Ал сіздер әлі бір бөшкені де толтыра алмай жатырсыздар!

Қыздар (*ән салып*).

Құдай берген құтқарушы екенін
Бәрі білмес, бәрі білмес, бұл қыздың.
Көзі жастан арылмайтын байғұстар
Кейде көрмес ақ сәулесін жұлдыздың.
Қол астында жауынгерлер көп оның,
Бұйрық берсе ұрыс салар қуана.
Франция күні туар кез келді,
Тас құрсауын лақтырып Луара.
Бірінші қыз. Жак қайда кеткен?
Екінші қыз. Тағы да қалаға кетті.
Бірінші қыз. Екі аяқтың соры екен өзі.

Екінші қыз. Оны ұстап тұра алмайсың. Анау жоғарғы сабақтарда қанша жүзім қалды?

Бірінші қыз. Екі акрдей¹ болар.

Қыздар (*ән салады*).

Итаршылар, қаскүнемдер, ей, сендер!

Кір келтірген Франция атына.

Масқаралап жатқан кезде ол қызды

Жауға иілген — орған шөптей жапыра.

Елді сатып, басқындардың алдында

Құл болдыңдар опасыздық іс құрған.

Өділетпен өмір сүру жақпаса,

Бастарыңа өлім келер ысқырған.

Легрен (*келеді*). Оны Компьен түбінде тұтқынға түсіріп, түрмеге жапты. Жақында Руанға алып келеді.

Бірінші қыз. Қойшы әрі?

Легрен. Менің жүк қапшығымды өперіңдерші.

Екінші қыз. Қайда жиналдың?

Легрен. Руанға. Жарты фунт макрель² балығын сатып өке-лемін.

Екінші көрініс

1431 жылдың 21 ақпаны. Ағылшындардың қол астындағы Руан базарының алаңына жұрт тобыры жиналды. Олар ағылшын вельмождары мен ағылшындарға мойынсынған француз шіркеу князьдерінің батыр қызды тергеуге қалай апара жатқанын бақылап тұр.

* * *

Руандағы базар алаңы. Топ арасында шаруа семьясы (әке, ана, кішкентай қызымен келіні, баласы), Балық сатушы әйел, зат салатын қапшығы бар Легрен, Сәнқой, Жеңілтек қыз, Шарап сатушы, доктор Дюфур, күнделікті киімімен Жендет. Ағылшындық екі солдат. Қоңырау дабылы. Барабан дүңкілі.

Сәнқой. Ал мынау герцог Бедфордский!

Балық сатушы әйел. Астындағы айғырын қараңыздар! Мал егесіне тартады демекші — өзі сияқты жұп-жұмыр семіз екен!

Шаруа әйелі. Әй, Джонни, қызды қашан алып өтер екен?

Баласы. Мүмкін, оны алып өтіп кеткен болар?

¹ Акр — өлшем.

² Макрель — теңіз балығы.

Балық сатушы әйел. Көкешім, оны көретіндігімізге шүбә келтірмеңіз.

Шаруа әйелі. Әжен, тамақ оралған түйіншекті ұмытқан жоқпысың?

Сәби қыз. Ой, анау әлекей-шүлекейге бөленген кім?

Сәнқой. Бұл Бове епископы — Кошон.

Доктор Дюфур. Француз епископы ағылшын герцогінің артынан қаңғалақтап жаяу еріп барады! Тек оның мойнына қарғыбау тағып қоймағандары таңғаларлық екен.

Жеңілтек қыз (*әндетін*).

Кошон — Бове епископы,

Қауесетке ермейік, шынында.

Қуанышты әрі ызалы,

Өзі күйген бес мың фунт шығынға.

Балық сатушы әйел. Бұл Бойжеткен өзінің ісін өзі ақылға салмаса болмас, арты насырға шабуы мүмкін.

Жеңілтек қыз. Бұл Бойжеткеніңіздің көріпкелі бар деседі, әлдебір дауыстар естиді екен.

Шаруа әйелі. Естідіндер ме? Оның көріпкелі бар...

Шаруа. Әй, қойшы әрі!..

Шарап сатушы. Енді бұның анық-қанығын ғалым мырзалар тексере жатар.

Сәнқой. Папаның тазасы келе жатыр!

(*Шаруа әйелі шоқынады*).

Жеңілтек қыз. Шляпасының түріне қараңдар өзінің!

(*Бәрі күледі, шаруа әйелі де*).

Келіні. Қызды аяймын. Британдықтар, әрине, оны жек көреді.

Сәнқой. Мадам, мен сіздің орныңызда болсам, жұрттың көзінше мұндай әңгіме қозғамас едім.

Шаруа. Тілі сүйексіз оның!

Жеңілтек қыз. Естимісің, Джонни, бұл жерде сен біреуге ұнамай қалдың?

Балық сатушы әйел. Е, олар француз тілін түсінбейді!

Шарап сатушы. Арты жақсы болса екен, әйтеуір, осы Бойжеткеннен-ақ тынышымыз кетті.

Балық сатушы әйел. Өйткені ағылшындармен жасап жүрген саудаң пайдалы боп жүр дө!

Доктор Дюфур. Дөп тиді!

(*Жеңілтек қыз күледі*).

Сәнқой. Қойсаңдаршы!

Шаруа әйелі (*Сәби қызға*). Қандай тамаша мейрам, ө, Жаклина?

Шарап сатушы. Бұдан бұрын мен бір мыстанды қалай өртегендерін көргенмін.

Жендет. Қашан?

Шарап сатушы. Осыдан төрт жыл бұрын Боведе, бір мың төрт жүз жиырма жетінші жылдың көктемінде.

Жендет. Болған ондай.

Балық сатушы әйел. Мынау Дюжарден мырза, жаналғыш, жендет!

Шаруа әйелі. Қайсы?

(Бәрі жендетке қарайды).

Жеңілтек қыз. Б-р-р!

Сәнқой. Мойнымыздың жұлынын өлшеп жүрген болар, сірә.

Доктор Дюфур. Қараңыздар, өне, Париж діндарлары!

Баласы. Ол қызға ағылшындардың өздері неге үкім айта бермейді?

Доктор Дюфур. Оларға мұны француздардың өздері істегені тиімді.

Баласы. Бірақ француздарда ол үшін ешқандай себеп жоқ қой?

Доктор Дюфур. Осынша еркек ғұламалар жиналыпты, әйтеуір, бір себеп табар!

Легрен. Ең бастысы — оларға батылырақ жауап беру!

Келіні. Батылырақ! Осындай итаршылардың арасында қыз өзін-өзі қалай ұстасын!

Жеңілтек қыз. Онда бұл іске шатасып несі бар? Үйінде тыптыныш отырмай ма?

(Сәнқой қостап басын изейді).

Легрен. Өйткені Францияға ағылшындар басып кірді, өйткені олар Францияны Луараға дейін жаулап алды. Өйткені олар бүкіл елді жұтып қойғысы келді. Өйткені олар біздің корольді құлатты. Өйткені біздің короліміз қорғануға ерініп, дәрменсіздік көрсетті...

Шаруа әйелі. Өйткені, өйткені, өйткені... Бәрібір, егер есі дұрыс болса, қыздың еркек киімін киіп, солдаттарды шабуылға бастағанын кім көрген!

Шаруа. Үніңді өшірсең етті, сен кемпір!

Сәнқой. Отанды құтқару өзінің ғана ісіндей көріп пәлсінеді ол қыз, мадам!

Доктор Дюфур. Отан... Әңгіме қандай отан туралы?

Балық сатушы әйел. Дауыстары елден ағылшындарды қуып шығуды бұйырыпты ғой қызға, доктор!

Доктор Дюфур. Отан! Кім ат үстінде отыр, кім оның жерін таптап жүр, герцог Бедфордский ме, әлде герцог Орлеанский ме — мұның бәрі Отанға бәрібір емес секілді! Оның наны мен шарабына, құсы мен жемісіне, салығы мен жеріне сұғын қадап отырған Бове епископы ма, әлде Глостер ма — бұл да Отанға бәрібір емес секілді!

Балық сатушы әйел. Өзіміздің француз мырзаларға ойыңдағыны айтып салуға болады. Ал ағылшындық мырзалар тіпті қарғысыңды да түсінбейді.

Сәби қыз. Ал мынау кім, король ме?

Келіні. Жоқ, бұл — ағылшындық кернейші.

(Барабан дабылы).

Жеңілтек қыз. Әні ол! Келе жатыр!

Ағылшын солдаты. Кәнеки, артқа! Артқа!

Шаруа әйелі. Абайла, Эжен, жұмыртқалар жарылып қалмасын!

Жеңілтек қыз. Неткен кішкентай қыз еді, бетім-ау!

Келіні. Үстіндегі шынжырлардың зілдейін! Бүлдіршінім менің!

(Шарап сатушы күледі).

Легрен. Ағылшындар осы бүлдіршіннен-ақ өлердей қорқып қашты емес пе!

Доктор Дюфур. Осы бүлдіршін үшін герцог Бедфордский герцог Люксембургскийге он екі мың фунт ақша төледі.

Шаруа. Не үшін төледі сонда?

Балық сатушы әйел. Оның ағылшындары ендігәрі қорқып қашып кетпеуі үшін.

Үшінші көрініс

Король сарайының кішкентай шіркеуінде ірі діни процесс ашылады. Жанна өзін діннен азған етіп көрсеткісі келген клириктердің айлакер сұрақтарын шеберлікпен бұрып жіберіп отырады. Және оларға Францияның қайғы-қасіретте екенін батыл ескертеді.

* * *

Король сарайының кішкентай шіркеуі. Клириктер³ — Бопер, Шатийон, Лафонтен, Эстиве, Маншон, Миди, Лефевр, Масье, Рауль аға. Хаттаушы. Адъютантымен Ағылшын бақылаушысы және Бове епископы кіреді. Клириктер тізерлеп тұрады.

³ Клириктер — шіркеу қызметкерлері.

Епископ. Иисус Христостың мәртебесі артсын.

Бәрі. Мәңгілік бірге болсын. Аминь.

Ағылшын бақылаушысы (*Епископқа*). Splendid crowd of doctors!⁴

Епископ. Thank you⁵.

Ағылшын бақылаушысы. Pleasant chapel, even if not one of the oldest⁶.

(*Бәрі орындарына отырады*).

Епископ. Біз, Бове провинциясының епископы — Кошон және біздің құрметті заседательдеріміз — қайырымды мырзалар мен құдай жолындағылар сіздер қатысып отырған сот мәжілісін ашық деп жариялаймын. Милорд жарқыным, айыпталушының сот алдына келуі керек екендігін, заң бойынша біздің барлық сұрақтарымызға жауап беруі керек екендігін хабарладыңыз ба оған?

Адъютант. Айтылмыш әйел сотқа келуі керектігі жөнінде шақыру қағазын алған, қазір есік алдында күтіп тұр. Тек тергеу алдында дінді қабылдауға рұқсат берулеріңізді сұрайды.

(*Епископ заседательдермен ақылдасады. Олар басын шайқайды*).

Епископ. Айыбының ауырлығы мен айыпкердің өз үстінен ер киімін шешуден бас тартқандығын ескере отырып, өтінішін қабылдай алмаймыз. Масье мырза, айыпкерді алып келулерін сұраңыз.

Масье. Айыпкерді алып келсін.

Адъютант. Қызды алып келіңдер!

(*Ағылшындық екі солдат Жаннаны алып кіреді*).

Епископ. Мынау алдымызға келіп тұрған әйел баласы Жанна, халық оны «Бойжеткен» деп атайды, біздің епархиямызда ұсталды. Аса христианшыл тақсырымыз — Англия мен Франция королі діннен азған деген күдікпен оны бізге тапсырған болатын. Құдайға еткен құлшылығымызды қорлап, оны жоққа шығарғандығы туралы сыбыс тек біздің епархиямызда ғана емес, бүкіл Францияға, сонымен қатар бүкіл христиан әлеміне тарағандықтан, жауап алу үшін ол айыпқа тартылып отыр. Жанна, біз сенен Киелі інжілдің⁷ атымен барлық сұрақтарға тура жауап беремін деп ант беруіңді талап етеміз, Масье мырза!

⁴ Докторлардың тамаша жиылысы!

⁵ Рақмет сізге.

⁶ Анау айтқан көне де емес, тап-тұйнақтай шіркеу екен.

⁷ Киелі інжіл — Евангелия.

(Масьенің белгісімен Рауль аға Библияны — інжіл кітабын әкеледі). Қазір Киелі інжілмен шоқынасың. Екі қолыңды кітап үстіне қой.

Жанна. Сіздердің не туралы сұрайтындарыңызды мен қайдан білейін. Мүмкін, мен айта алмайтын нәрсені сұрағыларыңыз келер.

Епископ. Ал әйтпесе тағы да... Барлық сұрақтарға тура жауап берем деп ант ет.

Жанна. Мен өз жерлестерім туралы, туған селом туралы және Шинонға келгенге дейін басымнан өткендердің бәрін ешқандай бүкпесіз айтып беремін. Бірақ естіген дауыстарым мен көріпкелім бар екендігі туралы басымды шапса да ештеңе айтпаймын.

Епископ. Жарайды, Жанна. Біз мынаны ғана талап етеміз: сен құдайға құлшылық ету жайындағы сұрақтарға, қайбір процестегідей болмасын, тура жауап беруің керек.

Жанна (тізерлен). Құдайға құлшылық ету жайындағы сұрақтарға тура жауап беремін деп ант етемін. (*Отырады*).

Епископ. Есімің мен әкеңнің атын ата.

Жанна. Мені үйде Жаннета дейтін, ал Франция Жанна деп атады, басқадай есім менде жоқ.

Епископ. Қай жерде тудың?

Жанна. Маас өзенінің бойындағы Домреми деген жерде.

Епископ. Әке-шешенің аты-жөндері қалай?

Жанна. Жак д'Арк және Изабо.

Епископ. Жасың қаншада?

Жанна. Он тоғыздарда болар деп шамалаймын.

Епископ. Құдайға сиынуды алғаш кім үйретті саған?

Жанна. Анам. Ол маған «Әкеміз біздің», «Ave Мария» және «Сенемін» деген дұғаларды үйретті.

Епископ. «Әкеміз біздің» дұғасын оқышы.

Жанна. Дінді қабылдап тәубе етуіме рұқсат етіңіз, сосын бар ынтаммен сіздерге дұға оқып беремін.

Епископ. Сен ер киімімен дұға оқымақпысың? Одан гөрі «Әкеміз біздің» дұғасын айт, көні.

Жанна. Оқымаймын — сіздер мені тәу етуге жібермессіздер, сірә?

Епископ. Жанна! Біз, сенің Епископың саған біздің жарлығымызсыз түрмеден қашуға тыйым саламыз. Онда сен шіркеуді тыңдамаған күнәлі болып шығасың, ол құдайға еткен тәубелікті басқа тепкендік болады.

Жанна. Бұндай жарлықты мен қабылдамаймын. Егер қашып кетсем, ешкім мені сөзін бұзды деп сөге алмайды, тіпті ешкімге ешқандай уәде берген жоқпын. Ал мен өз тарапымнан үстіме шынжыр артып, темір құрсаулап тастағандарыңыз жайлы арыз беремін.

Епископ. Онсыз да талай рет қашып кетпек болдың, сондықтан сені осылай қатал ұстап тұрмыз.

Жанна. Иә, қашпақ болдым. Кез келген тұтқын сияқты қазір де қашып кеткім келіп тұр.

Епископ. Сенің жаңғырық дауыстарың қалаған уақытыңда қашып кетуге рұқсат ете ме?

Жанна. Бұл туралы мен олардан сұрағанмын, бірақ осы уақытқа дейін рұқсат алған жоқпын.

Епископ. Солай де.

Жанна. Бірақ «Құдайға үміт арт та, өзің де қапы қалма!» деген мақал да бар.

Епископ (*Ағылшын бақылаушысына*). Милорд, сіздің келісіміңізбен, (*күзетшілерге*) Джон Грей, Уильям Телбот сіздерге бұл қызды аса қырағылықпен күзетіңіздер, онымен сөйлесуге ешкімге рұқсат бермеңіздер деген нұсқаулар береміз.

Күзетшілер. Jes, Sir!⁸

Епископ. Париж университетінің Дін ілімі факультетінің профессоры Жан Бопер мырза, тергеуді жалғастыру сізге тапсырылды.

Бопер (*Ағылшын бақылаушысына иіледі*). Бәрінен бұрын, Жанна, мен тағы да өзіңе қойылған сұрақтарға тура жауап беруге шақырамын. Қолыңнан қандай өнер келеді?

Жанна. Көйлек-көншек тігуді, жіп иіруді үйренгенмін.

Бопер. Үйде немен айналыстың?

Жанна. Үйдің барлық тірлігін істедім. Ал кейде ағылшындар ұрлап кетпес үшін малды қамалға айдасып баратынмын.

Миди. Бопер мырза, жолай сұрақ беруге рұқсат етіңіз. Домреми тұрғындары кімді қолдайды — біздің аса христианшыл мырзамыз, Англия және Франция королін бе, жоқ, әлде жеке Францияның королі деп сен атаған біреуді ме?

Жанна. Мен Домремиде ағылшындарды қолдайтын бір-ақ адамды білемін, ал егер жаратқанның еркі болып, ол адамның басын шауып алу мүмкіндігі туса, одан да тайынбас едім.

(*Заседательдердің арасында тынышсыздық пайда болды*).

Епископ. Бопер мырза, тергеуді әрі жалғаңыз!

⁸ Құп болады, сэр!

Бопер. Жаңғырық дауыстарды ең алғаш қашан естідің?

Жанна. Құдайдың маған бағыштаған даусын он үш жыл бойы естіп келемін. Бірінші рет естігенде өте қорықтым. Бұл әкемнің салған бауында, жазда, түс кезінде болған еді. Дауыс арт жақтан, шіркеудің тұсынан естілді де, өткір шақпақ жарқ етті.

Бопер. Егер шақпақ арт жақтан болса, сен оны қалай көрдің?

Жанна. Дауысты үшінші рет естігенімде менімен періште тілдесіп тұрғанын түсіндім.

Бопер. Ол не деді саған?

Жанна. Ол маған әр уақытта қайырымды іс жаса деп ақыл берді. Өнегелі болып, шіркеуге ықыласпен барып тұруға оқытты. Сосын маған өзіміздің корольге жолығып, Орлеанды жау қоршауынан босатуым керектігі жайында аптасына екі рет, тіпті үш рет қайталап отырды.

Бопер. Сен не деп жауап бердің?

Жанна. «Туғалы ат үстінде отырмақ түгілі, буыны қатпаған қызбын ғой, — дедім, — мен, оның үстіне, соғыс ісі туралы түк те сезбеймін...» Бірақ дауыс та тыйылмады, маған да тыныштық бермеді, жолға жиналудың кезі келгендігін қиыла айтып қоймады. Содан кейін жолға жиналдым.

Эстиве. Жолай сұрақ. Ал одан бұрын үйден алыс ұзап көріп пе едің?

Жанна. Иә, бірде біздің селомызға ағылшындар шабуыл жасады. Біз үй-жайды тастай қаштық, тек екі апта өткен соң ғана күлі көкке ұшқан атақонысымызға қайта оралдық.

Епископ. Ары қарай!

Лафонтен. Үйден ешкімге айтпай жасырын кетуге бола ма екен? «Құрметпен еске ал өкең мен анаңды өзіңнің» деп айтылған емес пе Жазылмыш кітабында?

Жанна. Иә, бірақ менің жүз әкем, жүз анам болса да бәрібір кетер ем.

Бопер. Шинонға бара жатқаныңда үстінде қандай киімің бар еді?

Жанна. Шинондағы өзіміздің корольге ер киімімен, семсер тағып келдім, басқадай қаруым болған жоқ.

Бопер. Ер киімін кімнің ақылымен кидің?

Жанна. Басқа бір нәрсе туралы сұраңыздар.

Эстиве. Қасиетті тақсыр, ер киімін ки деп айыпкерге кім ақыл бергендігін біз қалайда білуіміз керек.

Шатийон. Солай, иә!

Жанна. Басқа бір нәрсе туралы сұраңыздар.

Епископ. Жазылмышта айтылған «Әйел ер киімін кимейді, ер әйел киімін кимейді» деп. Оны білмейтін бе едің?

Жанна. Мен әрі қайырымды ақылға еріп, әрі өзімше ұғыппішіп солай еттім.

Бопер. Өзімнің королім деп санайтын адамға сен қалай жолықтың?

Жанна. Тіпті оңай. Күн сәске кезінде Шинонға келіп жеттім де, керуен үйіне тоқтадым, ал түс қайта сарайға қарай беттедім. Дауыстар маған корольді бірден тануға көмек етті. «Ағылшын-дармен соғысқым келеді» дедім мен оған.

Маншон. Жолай сұрақ.

Епископ (Боперге). Маншон мырза!

Маншон. Дауыстарды король де естіді ме?

Жанна. Өзінен сұраңыз, мүмкін, ол сізге айтар.

Лефевр. Жолай сұрақ. Корольден сен қандай қашықтықта тұрдың?

Жанна. Найза тастамдай жерде деуге болады.

Лефевр. Өзімнің королім деп санайтын адамды бірінші рет қашан көрдің, сол кезде оның қасында періште бар ма еді?

Жанна. Құдай сақтасын, мен ешқандай періште көрген жоқпын!

Епископ (Боперге наразы). Мынау Лефевр!

Эстиве. Ал басының айналасын шұғыла көмкеріп тұрмады ма?

Жанна. Оның айналасында ержүрек серілердің қалың қолы болатын. Үш жүздей сері, одан аз емес. Аспан жарығын айтпағанда, елу факель алаулаған болатын.

Маншон. Рұқсат етіңіздер. Ал өзің әлі бұрынғыдай дауыстарды естимісің?

Жанна. Оларды естімейтін кезім болмайды. Қазір оларсыз маған күн жоқ.

Лафонтен. Дауыстарыңнан сен не сұрайсың?

Жанна. Менің партиямның жеңісін.

Шатийон. Сен Париж маңында соғысқан күні құдай мейрамы емес пе еді?

Жанна. Мүмкін.

Шатийон. Құдай мейрамы күні соғысуға бола ма?

Жанна. Басқа бір нәрсе туралы сұраңыз.

Лафонтен. Компьенға келгенде, сен тұтқындалатын күні, егер дауыстарың алдын ала оны болжап, соғысқа қатыспауға бұйырса қайтер едің?

Жанна. Қатыспағанымға жүрегім ауырып, ішім күйсе де бұйрықты орындар ем.

Миди. Бореуар қамалында қамауда көп уақыт болдың ба?

Жанна. Төрт ай болдым. Мені ағылшындарға сатқандарын, жақында олардың мені алып кетуге келетіндерін білген кезімде еңсем түсіп кетті. Оның үстіне, дауыстарым ақыл бермеген соң алғашқыда қорқынышта өмір сүрдім. Әсіресе ағылшындарға деген қорқынышым күшейе түсті де, бар күшімді жинап тере-зеден қарғыдым.

Миди. Ағылшындардың қолына түскенше өлгенім артық дегенсің ғой?

Жанна. Әрине, ағылшындардың қолына түскенше құдайдың қолына түскен артық.

Бопер. Дауыстарыңды соңғы рет қашан естідің?

Жанна. Бүгін.

Епископ. Не деді олар саған?

Жанна. Олар менің судьяларым — сіздерге батыл жауап бер деді. Бове епископы, сіз өзіңізді менің судьям деп атайсыз. Бұл дұрыс па, дұрыс емес пе, білмеймін, менің білетінім басқа. Оны сізге айту парызым: егер маған нашар судья болсаңыз, онда өзіңізді үлкен қауіпке душар етесіз.

Бопер. Кім сенімен тілдесті: әулиелер ме, періштелер ме, әлде Құдай Тағаланың өзі ме?

Жанна. Киелі Екатерина мен киелі Маргарита.

Епископ. Тағы кім?

Жанна. Киелі Михаил.

Бопер. Соңында кім тілдесті?

Жанна. Киелі Михаил. Ол маған Шинонға бар деп өмір етті.

Бопер. Ал қазір не дейді ол? *(Миди дыбыссыз сылқылдап күледі).*

Жанна. Қайғырмай, сіздерге батыл жауап бер дейді.

Масье. Киелі Михаил жалаңаш па екен, қалай?

Жанна. Жалаңаш? Киелі Михаил? Құдай Тағала өз періштелерін киіндіруге түк таппай қалды деп ойлайсыз ба?

Лефевр. Оның шашы қысқа етіп кесілген бе?

Жанна *(алғаш рет жеңіл шыдамсыздықпен).* Киелі Михаилға қысқа етіп күзетілу неге керек?

Ағылшын бақылаушысы. Let her be asked whether Saint Margaret speaks English?⁹

⁹ Киелі Маргарита ағылшын тілінде сөйлей ме екен. Сұраңыздаршы одан?

Адъютант (*Масьеге*). Киелі Маргарита ағылшынша сөйлей ме екен дейді милорд?

Масье (*Жаннаға*). Киелі Маргарита ағылшын тілінде сөйлей ме?

Жанна. Өзі ағылшындарға қарсы болса, ағылшын тілінде сөйлеп не қылсын.

(*Ағылшын бақылаушысы күледі*).

Шатийон. Оның архангел кейпіне түскен шайтан емей, киелі Михаил екенін кәйтіп айырдың?

Жанна. Менімен тілге келіп, қайырымдылыққа үйреткенінен білдім.

Шатийон. Ол саған қандай ақыл айтты?

Жанна. Бәрінен бұрын осыншалықты қайыршылыққа батқан өз халқыма жәрдем етуге шақырды. Францияның қандай қорлықта екенін айтып берді.

Бопер. Солай-солай. Ал семсерің бар ма еді?

Жанна. Иә, Вакулерден алдырған семсерім болатын. Мен оған шыдамды теріден қынап жасатуға келіскенмін.

Бопер. Сенің өз жалауың болды ма?

Жанна. Ақ қардай аппақ туым болды.

Лафонтен. Ал семсер мен жалаудың қайсысын көбірек қадір тұтасың?

Жанна. Әрине, жалауды. Оны қырық есе артық қадірлеймін. Онымен мен полктер алдында зырлап, жау қатарын бұзып-жарып кіретінмін. Өзім бірақ ешкімді өлтірген емеспін.

Эстиве. Ағылшындарды қырғынға ұшыратқан жерде сен болмаған да шығарсың, мүмкін?

Жанна (*күлкімен*). Болмағаны несі? Бұл не сандырақ! Қырғынсыз майдан болмайды. Біздің елімізге неге басып кіреді олар?

Бопер. Қарсыластарыңмен неге келісім жасамадыңдар?

Жанна. Менің адамдарым ағылшындарға біздің жерімізден тайып тұрмасаңдар, ешқандай аяушылық болмайды деп ескерткен. Мұнда қалмаңдар, кетіңдер деп мен өзім де жар салғам. Жандары жай таппай тұрып табандарын жалтыратсын!

Ағылшын бақылаушысы (*Адъютантты итеріп*). Go and tell him¹⁰.

Адъютант (*Епископ жаққа*). Епископ мырза!

Епископ. Не керек сізге?

Адъютант. Герцог Бедфордский мырза наразы болар, себебі ол сотты тездетуді сізден қиыла сұраған болатын. Осы тергеу бізге артық әурешілік!

¹⁰ Анаған барып айт!

Епископ. Бұл жерде соғыс трибуналы емес, шіркеу соты екендігін Бедфордский мырзаның түсінуі керек. Дегенмен істің нәтижелі болуына герцог тынышсызданбай-ақ қойсын. Бопер мырза, әрі жалғаңыз!

Маншон. Жолай сұрақ. Сенің партияңды қандай тағдыр күтіп тұр, қалай ойлайсың?

Жанна. Оны жеңіс күтіп тұр. Ағылшындар жақында Франция жерінің соңғы сүйемінен айырылады. Олардың бәрі біздің елден қуылатын болады.

Миди. Қайда тұрғаныңды ойлан, қыз.

Епископ. Періден естімесең, мұның бәрін қайдан білесің?

Жанна. Пері түк те білмейді. Ал ағылшындардың мені өлтіргісі келетіндігі маған айдан аян. Мені өлтірсе, оларға бүкіл Францияны жаулап алудың сәті түседі деп ойлар. Бірақ олардың әскерлері қаншама көп болғанымен, мейлі қазіргіден жүз мың есе көбейсе де, бәрібір Францияны ала алмайды.

(Ағылшын бақылаушысы тұрады).

Бопер. Бұны протоколға тіркеудің қажеті жоқ.

Масье. Сотталушының сөзін сызып тастауға болмайды. Профессор Бопер мырза, мен наразылық білдіремін.

Бопер. Ағылшындарды құдай жек көреді деп ойлаймысың сен?

Жанна. Құдай ағылшындарды жек көрсе де, жақсы көрсе де, олардың шыбын жандарын қайда жіберер ниеті маған беймәлім. Менің білетінім — тек біздің жерге жамбасы тигендерінен басқалары Франциядан қуылады.

Ағылшын бақылаушысы. Incompetent¹¹.

(Адъютантпен бірге кетеді).

Епископ. Эстиве! Біздің бұл процесті абыроймен алға апаруымыз керектігін герцог мырзаның түсінуі керек. Бүкіл дүниенің көзі бізге қадалып отыр. Масье мырза! Бопер мырза, жалғай беріңіздер! Рауль аға! Милордты қуып жетіп айтыңыз: бұл жерде дүниежүзінің барлық елдерінен бақылаушылар қатысып отырғандығын милорд түсінсін. Базель соборынан, Римнен, европалық барлық шіркеу кафедраларынан. *(Рауль аға кетеді).* Бопер мырза!

Бопер *(ынтасыз).* Еркек киімін ки деп құдай өмір етті ме саған?

Жанна. Киім туралы айтып нені дәлелдегілеріңіз келеді? Одан да неге шындықты айтпайсыздар: сіздер мені ағылшындарға қарсы болғаным үшін өртегілеріңіз келеді!

¹¹ Көргенсіздік.

Бопер. Киелі алдыңа келгенде оны да ер киімімен қарсы алған боларсың?

Жанна. Иә, еркек киімімен, бірақ қарусыз.

Епископ. Сонымен, айыпкердің жауабын тыңдап, біз бүгінгі мәжілісті жабық деп жариялаймыз. Масье мырза, айыпкерді түрмеге қайта алып кетіңіздер. (*Жаннаны алып кетеді*).

Мырзалар, ендігі жерде айыпталушыны түрменің ішінде ешқандай келісімсіз, осы соттың құрамынан екі заседатель таңдап алып, бір өзім тергеу жүргіземін. Ал сіздер, мырзалар өздеріңізге берілген уақытты тергеудің протоколымен танысуға жұмсаңыздар. Тағы да естеріңізге саламын: процестің ақырына дейін ешкімге Руаннан кетуге рұқсат жоқ. Иисус Христостың даңқы артсын!

Бәрі. Мәңгілік жарылқасын! Аминь.

Төртінші көрініс

Бове епископы — Кошон Ла Тур де Шандағы Жанна қамалған түрмеде болып, оған көңілге қонбайтын сұрақтар қояды.

* * *

Ла Тур де Шан түрмесі. Ағаш койкіде Жанна жатыр. Ағылшындық екі күзетші сүйек ойнап отыр.

Бірінші күзетші. Жанна!

Жанна (*қалжыраған*). Не дейсің!?

Бірінші күзетші (*оны мазақтап*). Мен киелі Екатеринамын!

Жанна. Сен өте батыр солдатсың...

Екінші күзетші. Ал мен киелі Маргаритамын!

Жанна. Үніңді өшір, малғұн!

Екінші күзетші. Жанна, мен киелі Михаилмын! (*Жанна оның қолын қағады*). Әй, өлімтік! Немене, киелі Михаил сені осылайша оятқан жоқ па? Ол сені былайша шеңгелдеген жоқ па?

(*Жан Лафонтен кіреді*).

Лафонтен. Не боп жатыр мұнда?

(*Күзетшілер Жаннаны жібереді. Ол тұрады*).

Бірінші күзетші. Тоқта, мұнда кіруге болмайды, қатаң тыйым салған!

Лафонтен. Мен айыпкерді тергеуге келдім. Неге жылап тұрсың, Жанна?

Жанна. Мен жылап тұрған жоқпын, тыныштық беріңдер маған.

Лафонтен. Өткен сенбіден бері бұл жердегі өмірің қалай болды?

Жанна. Өзіңіз көріп тұрсыз, қайырымды әкеміз. Оншалықты жақсы емес. Епископ мырза маған бір түйір балық жіберген екен, содан құсқым келіп тұр.

Лафонтен. О, неткен аянышты. (*Ыммен күзетшілерге әрі тұр деп бұйырады*). Тыңда. Бірбеткейлікті қойып, менің ақылымды қабыл ал. Біздің ортамыздағы заседательдердің көбісі саған жақсылық тілейді, түсінемісің?

Жанна. Жоқ.

Лафонтен. Дайындал, Жанна! Қазір тергеу басталады.

Жанна. Тағы бәрін басынан бастап па?

Лафонтен. Оның қанша уақытқа созылуы өзіңе байланысты. Өне, Епископ келе жатыр. (*Епископ, Масье, Хаттаушы кіреді. Кіргендерге жай*). Бұл жерде адам төзбес жағдай. Мынау ағылшын күзетшілері бар ғой...

Епископ. Несі бар, солдаттардың қоғамына қыз үйреніп қалған. Ол өзін-өзі қорғай алады. Масье мырза! (*Масьенің ымымен күзетшілер мен Хаттаушы кетеді*). Сенің айтуыңша біз, сенің Епископың сені соттаймыз деп басымызға қауіп тудырыппыз? Сенің сөзің нені мегзейді? Мені қандай қауіп күтіп тұр? Ал басқа судьяларды не күтіп тұр?

Жанна. Жақында білесіздер.

Епископ. Сенің дауыстарың саған бірдеме айтты ма?

Жанна. Бұның процеске қатысы жоқ. Ал кім мені жарық дүниеден қуғысы келсе, оның өзі менен бұрын көрге барады.

Епископ. Сенің дауыстарың қолайлы өзгерісті алдын ала болжап айтты ма?

Жанна. Бұл сұраққа жауап беріп қойғанмын.

Епископ. Ол қашан басталады?

Жанна. Күні мен сағатын білмеймін.

Епископ. Ал жылы?

Жанна. Оны сізге білуге қазір ерте.

Епископ. Бұл Иванов күніне дейін болар?

Жанна. Басқа бір нәрсе туралы сұраңыз. (*Масье Епископтың құлағына бірдеңе сыбырлайды*).

Епископ. Ал Грейге күзетшілер туралы не дедің?

Жанна. Мейрам алдында барлық киелілерді бақытсыздықтан сақтандырсын дедім.

Епископ. Лафонтен мырза!

(*Масьенің ымдауымен Хаттаушы кіреді*).

Лафонтен (*Жаннаға жақындап*). Түрмеден босатыласың деп дауыстарың уәде берді ме?

Жанна (*табан асты қуанышпен*). Дауыстарым маған көмек беруге сөз берген. Шындығын айтсам, ол қалай болатынын білмеймін! Не бұл түрмеден шығамын, не мені жазалау кезеңі жақындағанда маған бостандық әперетін көтеріліс басталады. Тек ұлы жеңіс қана маған бостандық әкелетінін дауыстарым әр уақытта қайталайды.

Лафонтен. Дауыстар естиміз дейтін басқа да адамдар бар. (*Жанна үндемейді*). Сен ларошелілік Катарина деген біреумен таныссың ғой, солай емес пе?

Жанна. Иә, дәл сол Катарина маған былай деген болатын. Оның түсіне ақ көйлекті бір әйел кіріп, корольден герольдер мен кернейшілер туралы сұра деп бұйырыпты-мыс. Өлгі кернейшілер мен солдаттар бүкіл қаланы аралап:

«Кімде алтын болса, немесе күміс, ең болмаса, әйтеуір, құпия қазынасы болса, бәрін тезірек берсін» деп жария шақырулары керек депті. Ал кімде-кім бермесе, оны қазынасымен қоса ақ көйлекті әйел тауып алады-мыс. Катарина сол жиналатын ақшадан менің жорығыма қаржы беремін деп уәде еткен.

Лафонтен. Сен оған не деп жауап бердің?

Жанна. Мен оған үйіңе қайтып, бала-шағаның алдында отырғаның дұрыс болар дегенмін. Сонда да болса киелі Екатерина мен киелі Маргаритаға ол туралы айтып едім, олар ларошелілік Катаринаның бұнысы өзі ойлап тапқан сандырағы десті. Бұл бос сөз. Өзімнің корольге берген есебімде мен осылай деп жазғанмын да.

Лафонтен. Ал онымен басқа еш нәрсе туралы сөйлескен жоқсың ба?

Жанна. Неге сөйлеспейін, ол ағылшындарды татуласуға көндірмек болған. Ал мен олардан татулықты тек семсердің күшімен тартып аласың дегенмін оған.

Епископ. Солай ма?

Жанна. Айтқандай, мен Катаринадан саған ақ киім киген әйел әр түн сайын келе ме деп сұрадым. Сөйтіп, оның үйінде қалайда түнеп шығуды ойладым. Солай да еттім: түн жарымға дейін ұйықтамадым, бірақ ешкім келмеді. Сосын ұйықтап кеттім. Таңертең Катаринадан әйел келді ме деп едім, сен ұйықтап жатқанда келді деді. Бірақ Катарина мені оята алмапты. Мен ол әйел келесі түні тағы келе ме деп сұрадым. Ол келеді деді. Сонда мен келесі түні ұйықтамас үшін күні бойы ұйықтадым. Ал түнде шынымен ешқандай ұйқы көрмедім. Бірақ ешкім

келмеді. Катаринадан қашан келетіндігін жиі сұрап отырдым, ол бар болғаны қазір кеп қалар дей берді.

Лафонтен. Сөйтіп, сен өзіңді бақыттымын деп сезінесің ғой?

Жанна. Егер мен сол жағдайда болмасам, жалбарынамын, құдай маған оны бере көрсін. Егер сол жағдайда болсам, тәңірім содан айырмасын. Құдайдың маған мейірі түспегенін білсем, мен оның пенделерінің ең сорлысы болған болар едім.

Лафонтен. Мұнарадан өлмек болып секірдің ғой, солай емес пе?

Жанна. Жоқ. Менің қашып кеткім келді.

Лафонтен (*аса қулықпен*). Сөйтіп, өлім күнәсіна енді батпаймын деп есептейсің бе?

Жанна. Құтқарылатындығыма сенімім мол.

Епископ. Егер өзіңнің құтқарылатындығыңа осылай нық сенетін болсаң, онда тәубе ету неге керек?

Жанна. Адамның ары қаншалықты таза болса, соншалықты ол өзіне сенімді болады, Епископ!

Лафонтен (*ашумен*). Ал адамды қулықпен алдап тұтқынға алу, оны өлтіру бұл өлім күнәсі емес пе?

Жанна. Ондай іс істеген жоқпын мен.

Лафонтен. Солай ма? Сенің бұйрығыңмен Ланьиде өлтірілген аррастық Франке деген біреу туралы не айтасың?

Жанна. Е, сол туралы ма еді айтпағыңыз! Ол өз сыбағасын алды. Алааяқ, арамза әрі сатқыншы екендігін өзі де мойындаған. Мен оны, менің партиямның жақтаушысы, қайырымды адам — париждік Делурс мырзамен айырбастамақ болып едім, бірақ ол табан асты өліп кетті! Ал жексұрын Франкені тектен-тек босата салу ақымақтық болар еді.

Лафонтен. Франкені ұстаған адамға ақша төледің бе?

Жанна. Мен ақша соғушы немесе Францияның қазынашысы емеспін, қайдан алайын ақшаны.

Епископ. Жанна, біз сені не үшін айыптайтындығымызды тыңда. Бірінші — сен Париж түбінде құдай мейрамы қарсаңында соғыс аштың, екінші — өзіңді өлтірмек болып Бореуар қама-лының мұнарасынан секірдің, үшінші — аррастық Франкенің өліміне сен кінәлісің, төртінші — еркек киімін кидің.

Лафонтен. Сеніңше осының бәрі өлім күнәсі емес пе? Жауап бер, Жанна!

Жанна. Сақтаныңыз, Бове епископы! Өділетсіз сот құрып отырсыз сіз! Біріншіден, Париж туралы айтсақ, бұл жерде құдай мейрамының қандай қатысы бар? Бұл күнә ма, күнә емес пе, мұны менің діндар иелерім шешпесе, соттың шешетін ісі емес.

Екіншіден, мұнарадан секіруге мені үмітсіздік итерген жоқ, үмітпен секірдім.

Епископ. Ал еркек киімі ше?..

Жанна. Қамаудан босағанша ер киімін киюге мәжбүрмін. Маған анама қайтуға рұқсат етіңізші — мен үйге әйел киімімен кетейін.

Масье. Жанна, жантәсіл дұғасын әйел көйлегін киіп тұрып тыңдау мен оны тіпті естімей-ақ қоюдың қайсысын қалар едің?

Жанна. Маған әншейін қарапайым саудагер қызының киімін кигізіп қоюларыңызға болады! Егер онсыз маған дұғаны тыңдауға болмайтын болса, онда ұзын шлейф¹² кигізіңіздер, қаласаңыздар әйелдер шляпасын да... Ал кейін бәрібір мен бұл шүберектерді үстімнен сыпырып тастаймын. Ең тәуірі — сіздерден сұранамын, осы күйімде қалдырыңыздаршы мені!

Епископ. Сені ерлер киімін үстінен шешкісі келмейді-міс дегенді айтты бізге, өйткені саған бостандық әперуге уәде етіпті ғой?

Жанна. Мен басқа сұрақтарға жауап бермеймін. Протоколыңыздағы менің бұрынғы жауаптарымды қайталап оқуларыңызға болады.

(Ағаш койкіге құлайды).

Епископ. Жақсы... бүгінгі тергеуді осымен доғарамыз. Сотқа айыптау актісін беріңіз.

Бесінші көрініс

Руандағы жексенбілік жәрмеңке.

* * *

Екі дүкенші. Шаруа әйелі Баласымен ірімшік, май, жұмыртқа, ал Балық сатушы әйел балық сатып отыр. Жарымжан адам сыбызғыда ойнайды. Сатып алушылар келеді, олардың арасында жиен қарындастарымен доктор Дюфур да бар. Шаруа әйелі дүкеншісінің қасында, сатып алған заттарын көтерген ағылшын солдатты. Ол саусағымен барлық товарларды түртіп шығады. Оған екі рет он жұмыртқа, төрт домалақ ірімшік және екі фут май өлшеп береді. Ол Шаруа әйеліне ақшасын алу үшін құмәжінін ұсынады.

Шаруа әйелі (санайды). Жиырма екі, жиырма төрт.

Ағылшын солдатты. Тоқта!

¹² Әйелдер көйлегінің сүйретіліп жүретін артқы етегі.

Жүдеу киінген әйел. Маған екі жұмыртқа, мадам. *(Солдат балық дүкеніне келеді де, ең үлкен балықты таңдап алады... Сосын құмәжінін суырады, сатушы әйел одан ақша алады).*

Ағылшын солдаты. Тоқта! *(Өзіне-өзі мәз боп, ыржиып күліп кетеді).*

Балық сатушы әйел. Ең болмаса құдай сені алсайшы! *(Доктор Дюфурге).* Бүгінгі макрель тамаша, доктор!

Доктор Дюфур *(таңдап).* Анау көзі қайғыға толған біреуін беріңізші маған. Бұл да дауыс естісе керек әсте! Сонымен, олар оны тірідей өртеуге бұйырды.

Бірінші жиен қарындасы *(Шаруа әйелі дүкеншісінің қасында).* Көке!

Шаруа әйелі. Құдайға құлшылық еткенге күлу күнә. Ол қыз — сиқыршы. Сондықтан әңгіме етер түк те жоқ.

Балық сатушы әйел. Ағылшындарды жек көретін адамның сиқыршы болуы қандай өкінішті!

Шаруа әйелі. Оның дауыстары шайтандікі.

Балық сатушы әйел. Онда тұрған не бар? Байқап қарасам, оның дауыстары жұрттың айтып жүргенін айтады екен. Ағылшындарды Франциядан қуу керек дейді.

Баласы. Ол киелі қыз.

Шаруа әйелі. Тіліңді тарт әрі!

Доктор Дюфур *(сатып алған балығына).* Киелі болсаң да, сиқыршы болсаң да қазір сен біздің қолымыздасың, олай болса, біз сені қуырып жейміз.

Балық сатушы әйел. Дүп-дұрыс, доктор. Ол сиқыршы болса да, болмаса да, ағылшындар бүкіл Францияны жеп қойғысы келген соң соттайын деп отыр.

Бірінші жиен қарындасы. Кетейік, көке, бекерге абыройыңызды төгесіз.

(Қорқынышпен айналаны барлап кетеді).

Доктор Дюфур. Әй, бәйбіше-ай, сіз Бойжеткенге қарсысыз, себебі ол сиқыршы. Егер сиқыршы болмаса, әрбір қайырымды француз әйелдеріндей мадам Брайар соның жағында болар еді. Бәйбіше, мен қазір сіздің католиктік тамаша майыңыздан, жаңа көрдіңіз мадам Брайардан француздың қайырымды балығын сатып алғандай, жарты фунт сатып аламын. Менің табамда бұл екеуі қосылып, табылмас дәмді тамақ боп шығады.

Балық сатушы әйел. Сіз еш уақытта өзгермейсіз, доктор Дюфур.

Доктор Дюфур. Мен несіне өзгермекпін, мадам Брайар?

Балық сатушы әйел. Неге екенін, мүмкін, ана қыз түсіндіре алар, доктор Дюфур.

Баласы. Ол қыз ана сотқа көресіні көрсетіп жатыр деседі. *(Төрт клирик: Бопер, Эстиве, Маншон және Лефевр сөйлесіп, базар алаңынан өтіп барады).*

Маншон. Сөйтіп, енді не болмақ?

Бопер. Ештеңе де. Бітті енді.

Маншон. Бітті дегені несі?

Бопер. Париж университеті қорытынды шешім жіберіпті.

Эстиве. Отқа — отын. Кінәліға — өлім.

Бопер. Ол қыз діннен азғандықтан айыпталады деп танылыпты. Барлық он екі пункт бойынша.

Лефевр. Әрине, Парижде де Руандағыдай британдықтар отырып алды дейді ғой.

Маншон. Онда не тұр, Париж ол — Париж!

Лефевр. Қарт Герсоннан айыпкерді қолдайтын шешім келді деседі! Қалай дегенмен бұл адам өзінің білгірлігімен Европаның ең тамаша ақыл-ойы болғанына бір он жыл болған жоқ. Барлық шіркеу процестерінде оның сөзі істің нәтижесін шешетін.

Бопер. Кәрі түлкі! Ол әр уақытта бір құлағын тобыр халықтың сыбырына түреді де жүреді. Констанцада ол Ян Густі өртеуге жол бере тұрып, енді Бойжеткен халықтың ұлы деп шіренуін көрмейсіз бе?

Маншон. Халықтың ұлы! Қай көрінген қаймана халық мәртебелі дінбасылардан қулығын асырып тұрады! Дауыстары өзіне ер киімін киюге бұйырды деуден ол қыздың қалайша сақтанатынын байқадыңыз ба? Өйдеу өзінің өлімі екенін ол біледі. Өйткені дауыстар жынның даусы деп мойындауына тура келер еді онда.

Лефевр. Бірақ сонда да біз оның жындармен тілдесіп тұратындығын дәлелдей алмас едік. Шайтанмен ойнасқан қыз — қыз емес. Ал Жаннаның шын қыз екендігін леди Бедфорд жеке де көріпті.

Эстиве. Сосын оның күйеуі, біздің құрметті герцог Бедфордский де едендегі арнаулы саңылау арқылы осыған көзі жетіпті деседі. *(Күлкі. Клириктер әрі жүреді. Дюфур Жарымжан адамның құлағына бірдеңе сыбырлайды. Ол басын изеп, Бове епископы — Кошонды ажуалайтын әнді ойнайды. Маншон Жарымжанға тиын тастайды, бірақ Эстиве әннің келемеж мағынасына оның көңілін аударады).*

Эстиве (*Жарымжанға*). Мұттайым! (*Ызаланған клириктер кетеді*).

Балық сатушы әйел (*қосыла әндетін*).

Кошон — Бове епископы,

Қауесетке ермейік, шынында.

Қуанышты әрі ызалы

Өзі күйген бес мың фунт шығынға.

Алтыншы көрініс

1431 жылдың 9 мамыры. Король қамалының қару-жарақ палатасында Жаннаны азаптап қорқытады.

* * *

Король қамалының үлкен мұнарасындағы қару-жарақ палатасы. Бове епископы, заседательдер. Рауль аға және Хаттаушы, Жендет, Жанна және күзетшілер.

Епископ. Иисус Христостың даңқы артсын.

Бәрі. Мәңгілік бірге болсын. Аминь.

Рауль аға. Қасиетті тақсыр, мынау Дюжарден мырза, жендет. (*Жендет Епископ алдына тізерлейді де, оның етегінің шетінен сүйеді. Епископ оны шоқындырады*).

Епископ. Жан де Шатийон мырза, Париж университетінің дін ілімі факультетінің профессоры!

Шатийон. Жанна, ізгі ниетпен әрі сабырлықпен, титтей де кек немесе жаза туралы ойламай, тек өзіңнің абыройың үшін біз соңғы рет сенің жаның мен тәніңді құтқаруға әрекеттенгіміз келеді.

Жанна. Өз сөзіңізді ақырына дейін оқып шығыңыз. Мен содан кейін жауап беремін.

Шатийон. Басқа айтарың жоқ па сенің?

Жанна. Одан да айыптау актісін бірден оқыңыздар.

Шатийон. Сенің қылмыстарың мына протоколдарда жазылған, Жанна. Олармен біз аса зер салып таныстық және сенің ауыр күнәһарлық істеріңді көріп отырмыз.

Жанна. Протоколдарыңызға не жазғандарыңызды мен қайдан білейін.

Шатийон. Не демексің сонда, шіркеу тағайындаған бұл дүниедегі судьяларың бізді мойындағым келмейді демекпісің?

Жанна. Дәл солай.

Шатийон. Жанна, егер сен Articulum Ecclesiam Catholicam¹³ заңын мойындамасаң, сот сені отқа өртеуге жөнелтеді.

¹³ Киелі католик шіркеуі туралы заңдар жинағы (латынша).

Жанна. Отқа өртенсем де басқа айтарым жоқ.

Шатийон. Жанна, адам ақылына сыймайтын нәрселермен әуестену, жаңа құбылыстарға сену, ойдан оқиға ойлап табу қаншалықты дәрежі және қауіпті екенін біз саған көрсеттік, өйткені осындай әуестенушіліктің артында әр уақытта шайтан тығылып тұрады. Дін ілімі ғалымдары мен Париж университетінің докторлары сенің дауыстарың мен елестерің туралы әңгімелеріңді бірауыздан шылғи өтірік деп жариялады. Біздің уағызымызды менсінбей, өзіңнің өркөкіректігіңмен құдайдан тікелей жаңалық пен жарлық алып тұруға лайықтымын деп ойлайсың. Құдай сен сияқты бұзылған, менменшілдерді сынау үшін әдейі жын-шайтандарды араға салады. Оны сен түсінбей, қайдағы бір дауыстарды естимін деп шатасасың. Сондықтан да біз сені өзіңнің менмендігіңді қоюға, өтіріктен бас тартуға шақырамыз. Егер бүгіннен бастап шіркеуге тәу етіп, бетіңнен қайтпасаң, онда сенің жаның тозақ отында, ал тәнің бұл дүние отына лаулап жануға мәжбүр болады.

Жанна. Осындай сөздермен мені қорқытамын, дегеніме көндіремін деп ойлайсыз ба?

Епископ. Лафонтен мырза!

Лафонтен. Сүйікті қарындас, Жанна. Істі насырға шаптырма. Егер шынымен-ақ дауыстар саған естілген болса, қымбатты қарындас, бәрібір оны жалған әрі жөнсіздік деп жариялаған Париж университетінің пікіріне қосыл. Саған солдаттарыңның біреуі короліңнің қарамағындағы офицерлердің бұйрығын орындауға ниет етпейміз деп мәлімдесе сен не дер едің? Сондай-ақ сен өзіңнің рухани жетекшіңе бағынудан өзің бас тартқаныңды ақтай аласың ба? Қарсыласуды таста, сүйікті қарындас, әйтпесе сенің жаның мәңгілік азапқа душар болады, өмірің үшін де мен қатты қорқамын. Ал осыған көн, осы туралы сенен қиыла сұранамын, өйткені біз сенің жаныңды да, тәніңді де құтқара алатын болайық.

Жанна. Мен құдай жолына бойсұндым ғой, сіздерге тағы не керек?

Лафонтен. Жанна, біліп қой, біз салтанат құрушы шіркеу — *ecclesia triumphans* пен жауынгер шіркеу — *ecclesia militans* — мі айырамыз. Салтанат құрушы шіркеу — бұл өзінің киелілері мен құдай және барлық құтқарылған жандар. Жауынгер шіркеу — бұл біздің киелі әкеміз, кардиналдар¹⁴, епископтар, священниктер — бір сөзбен айтқанда, барлық христиандар. Бұл — құдайдың өзі

¹⁴ Шіркеу дінбасыларының ең жоғарғы шені.

ниет етіп жер үстіне жаратқан, қателеспейтін шіркеу. Оған бағынуға ырзасың ба сен?

Жанна. Басқа ештеңеге жауап бермеймін.

Епископ. Жанна, ақырғы рет сұраймын, шіркеуге бағынуға ырзасың ба?

Жанна. Шіркеу дегеннің мәнісі не? Жоқ, менің үкімшілерім, сіздерге мен бағынбаймын.

Епископ. Папаға бағынуға ырзасың ба?

Жанна. Мені оған алып барыңыздар — өзіне жауап беремін.

Епископ. Базель соборына бағынуға ырзасың ба?

Жанна. Ал Базель соборы деген бұл не нәрсе?

Лефевр. Бұл — барлық шіркеулердің бірлестігі әрі кеңесі. Оған ағылшын өкілдерімен бірге сенің жеке партияңның өкілдері де мойынсынады.

Жанна. Несі бар, олай болса, ол соборға бағынар едім.

Шатийон. Базель соборына!

Лефевр. Бұл оның өз еркі!

Шатийон. Бұл туралы әңгіме болуы мүмкін емес.

Бопер. Тіпті ойламаңыз да!

Епископ. Бұны қызға кім айтты?

Масье. Ешкім де емес.

Маншон. Оған бұл сұрақты берудің керегі не еді?

Хаттаушы. Протоколға келісімді түбегейлі енгізуге рұқсат етесіз бе?

Епископ. Жоқ, қоя тұр.

Жанна. Менің пайдама келер сөзді, әрине, жазғызбайсыз.

Епископ. Өшір үніңді! Жанна, сен біздің ақылымызды тыңдамадың және шындықты жоққа шығарудан қайтпадың, сол себепті біз сені жауапқа тартуға мәжбүрміз. Масье мырза! Айыпталушыға азаптау құралын көрсетіңіз.

(Күзетшілер Жаннаны азаптау құралы бар үстелге алып барады).

Маншон. Жауап бер, Жанна!

Лефевр. Бойсұн!

Эстиве. Көне ғой, балам!

Лафонтен. Сенің бірбеткейлігіңнен не пайда!

Шатийон. Міне, Жанна, қызметшілер дайын. Олар сені күшпен ақылға келтіруге, осы жолмен сенің жаныңды құтқару үшін қызмет етуге белгі күтіп тұр.

(Жанна талып қалады, оны қайтадан бұрынғы орнына жайғастырып, есін жиғызады).

Жанна. Егер сіздер мына құралмен менің барлық мүшелерімді бұрап, тәнімдегі сорлы жанымды қинасаңыздар да басқа ештеңе айтпаймын. Ал, бірақ сіздер күтіп тұрған нәрсені айтқан күнде де бәрібір кейін менен бұл сөздерді зорлықпен суырып алды деп жариялаймын.

Масье (жай). Солай ету соншалықты қажет пе?

Лафонтен (жай). Бұл қызды мынадан құтқарайық.

Епископ (дауыстан). Бұл ерекше жанның жүрегі мейірімсіз екенін, қылығы мен жауабының сарынын және оны азаптаудан түк те шықпайтындығын ескеріп, біз, оның төрешілері оны қолдануды тоқтата тұруға бейіміз. Айыпталушыны түрмеге алып кетіндер. (*Жаннаны сүйрелеп әкетеді*).

Жетінші көрініс

Ла Тур де Шан тұрмесі. Жексенбі. Жанна би әуенін естиді, бірақ бұл әуеннің не жайында екенін білмейді.

* * *

Түрме. Ағаш кереуетте Жанна. Қасында екі ағылшындық күзетші. Алыстан әлдекім «Кошон — Бове епископы» әнін сыбызғыда ойнайды.

Жанна. Жұрт неге мәз болып жүр?

Күзетші. Өйткені бүгін мейрам. Мұндай күні көңіл көтеру күнө болмас?

Жанна. Жоқ.

Сегізінші көрініс

Жаннаға халық өзін ұмытып кеткендей көрінеді. Дегенмен базар алаңдары мен трактирлердегі әңгімелердің бәрі осы өзі туралы болып жатқан. Халық оны тұсіне бастайды.

* * *

«Петр ауы» трактирі. Шаруа семьясы тұскі тамақ ішіп отыр. Легрен. Жұпыны киінген Жас капеллан. Жеңілтек қыз. Сәнқой. Трактир иесі. Сыбызғы әуені естіледі.

Легрен. Менің байқауымша, мұнда отырғандардың бәрі адал жандар сияқты. Хат танитын біреу бар ма?

Жас капеллан. Оның қажеті не?

Легрен. Мынау ол қыздың Орлеанды алу қарсаңында ағылшындарға жолдаған хатының көшірмесі еді. Бұны дауыстап оқығыларыңыз келе ме, жоқ па — білмеймін.

Жас капеллан. Менімше, бұл қағаз ағылшын ақшасы төленіп жазылмаған. *(Оқиды).* «Иисус және аса киелі Мария атымен. Англия королі, сіз және өзіне Францияның регенті¹⁵ атын иемденуші герцог Бедфордский, сіз де, сонымен бірге өздерін герцог Бедфордскийдің тағайындаған лейтенанттарымыз деп атаушылар: Уильям Пул, граф Сэффолкский, Джон Телбот, Томас, лорд Скэльский жұртты зар жылатып өздеріңіз басып алған барлық қамал-қалалардың кілттерін қайтарыңыздар. Құдай Тағала атымен Бойжеткен келеді. Егер Францияны босатып, мұндағы өздеріңіз жасаған бүліншіліктің құнын төлесеніздер, ол бітім жасауға даяр. Ал біздің Орлеанның қабырғасында тұрған стрелецтер, солдаттар тағы басқалары, сіздер, құдай атымен жалбарынамын, өз елдеріңізге қайтыңыздар. Бұлай етпеген жағдайда күндеріңізді қараң етер Бойжеткенді күтіңіздер...»

Жеңілтек қыз. Тамаша айтылған.

Жас капеллан. «...Білесіз бе, Англия королі, сіздің адамдарыңызды француз жерінің қай түкпірінен кездестірсем де, олардың қалау-қаламауына қарамастан тегіс қуып шығамын. Ал, тіпті болмаса, олардың бәрін қырып жіберуге бұйырамын. Ағылшындар, қай жерде кездестірмейік, біз сіздерді аяусыз жазалап, Франция тарихында болмаған дүрбелең көтереміз. Пасха алдындағы аптаның сейсенбісі, бүгін жазылды. Жанна». Ол қайтпайтын қыз.

Ағылшын солдаты *(кіріп вино талап етеді).* Evening! Some wine!¹⁶

Жас капеллан. Иисус Христостың даңқы артсын.

Шаруа *(теңселіп ағылшын солдаттына жақындайды).* Егер сен герцог Бедфордскийдің малайы болсаң, тыңда: сенің герцогің қаскүнем.

Сәңқой. Кетейік, Бланш!

Шаруа әйелі. Гийом!

Шаруа. Ол қаскүнем, оған тек бір бөшкеден кейін екінші бөшкені бере бер, бере бер. Ол біздің қанымызды ішіп, бізден салық алуды ғана біледі!

(Ағылшын солдаты бұрылып кетеді. Ду күлкі).

Жас капеллан. Хатты маған бер.

Тоғызыншы көрініс

Сент-Уэн бейітінің жанындағы шіркеу. Отқа өртену үрейі мен жалғыздық сезімі билеген Жанна өз пікірінен қайттым деп қолын қояды. 1431 жылдың 24 мамыры.

¹⁵ Монархиялық елдерде монарх орнына мемлекетті уақытша басқарушы.

¹⁶ Сәлем! Маған шарап!

Сент-Уэндегі приход шіркеуі. Күзетшілер мен ағылшын офицері. Жаннаны алып келгенде қоңырау дабылы мен жиналған халықтың гуілі естіледі.

Лафонтен. Жанна, сен Сент-Уэндегі приход шіркеуіндесің. Қайраттан, сүйікті қарындасым, алаңда отын қалап жатыр.

Жанна (*естілер-естілмес*). Киелі Михаил.

Лафонтен (*оган жақындап*). Маған сенсең, Жанна, сенің әлде де құтылуыңа болар еді.

(*Епископ, Гийом Эраp, Масье, Бонер, Рауль аға кіреді. Тағы да қоңырау дабылы мен шуыл естіледі*).

Епископ. Қайтуды кейінге қалдырғаныңыз үшін рақмет сізге, Гийом Эраp. Сөйтіп, ол қызбен кешегі кездесуде өте әдемі әсер алып шықтым дейсіз бе?

Гийом Эраp. Құдайдың қолдауымен солай. Ол қыздың тән күші біртіндеп түгесіп келеді. Болып жатқан сотқа халық қалай қарайды, әлде оларға бәрібір ме деп сұрай береді. Оның адамдарының түрмеге кірмек болған әрекеттерінен де түк шықпады. Бір жағынан, қыз өз дауыстарының үн қатпағанына да көңілі күпті. Ал бүгінгі болар оқиғаның анық-қанығын жеткізген боларсыздар оған?

Лафонтен. Бұны ол таңертеңгі сағат үште естіді.

Масье. Міне, қағаздар. Мынау — ол қыз бетінен қайтса шығарылатын үкім. (*Қағазды Епископқа береді, ол оны Рауль ағаға созады*). Ал мынау — ол қыз бетінен қайтпаса шығарылатын үкім. (*Қағазды өзінде қалдырады*). Және мынау — бас тарту актісі. (*Гийом Эраpға береді*). Оны бетімнен қайттым деп қол қоюға көндіріңізші, мынау үкім (*өз қолындағы қағазды көрсетеді*) күшіне енбей-ақ қойсын.

Епископ. Гийом Эраp! Масье мырза!

Гийом Эраp. Бәрі де бізге аян, аяулы қарындас. Сенің королің діннен безген адам, сондықтан да ол сені ұмытты. Аян берді дегендерің — ол қияли нәрсе, білетін ғалымдар сөйдеп отыр. Саған ешкім көмекке келмеді, алдыңа ақ жалау тартпады, ендігі жерде үстіңнен ер киімін тастасаң да болады. Дауыстарың да сені алдап үндемей жатыр, бұның осылай екенін мен білемін! Әлде сен оларды бүгін немесе кеше естідің бе, айта қойшы?

Жанна. Кеше естіген жоқпын.

Гийом Эраp. Ал алдыңгүні ше, қызым?

Жанна. Алдыңгүні де.

Гийом Эраp. Міне, олардың сені тастап кеткендігіне енді көзің жеткен болар, ал қақпаның сыртында отын қаланып жатыр.

Егер сен біздің ақылымызды тыңдап, адасқан бетімнен қайттым деп мына менің қолымдағы қағазға қол қойсаң, сені түрмеден босатады.

Жанна (*жылайды*). Мен ешқандай жамандық жасаған жоқпын.

Гийом Эрар. Қарындасым, егер бетіңнен қайтпасаң, сені отқа өртейді. (*Оның ымдауымен қақпаны ашады, қоңырау дабылымен көпшілік тобырдың шуылы анығырақ естіледі*). «Меңде болып шықпаған, ол бір бұтақ жұлынған...» деп жазмышта айтылғандай, одан да саған анаң — шіркеудің саясында қалған дұрыс емес пе? (*Жанна жауап бермейді*). Мен сенімен тілдесіп тұрмын, Жанна!

(*Масьенің белгісімен қақпа жабылады*).

Масье. Егер қағыс естісем кешірім сұраймын, бірақ, менімше, ол «Мейлі, мен келістім» деп сыбырлағандай болады. (*Бәрі Жаннаға жақын келеді*). Егер Базель соборы бұл қыз бетінен қайтып, қол қоюы керек деп шешсе, оны мен істеймін дейді.

Бопер. Жоқ, сүйікті қарындас, сен бұны қазір істеуің керек.

Жанна. Тұруға дәрменім жоқ менің.

Бопер. Мен саған көмектесемін.

Жанна. Жаза білмеймін.

Лафонтен. Мен қолыңнан ұстап жүргізейін!

Шатийон. Қол қой ертерек.

Жанна. Мен ойланып көруім керек.

Бопер. Сыртта Жеңдет күтіп тұр. Ол оттығын тұтатып қойды.

Лафонтен. Қол қой! Қол қой!

Жанна. Халім нашар.

Лафонтен. Қайраттан, Жанна.

Шатийон. Қол қоюың керек сенің.

Жанна. Қайда? Ештеңе көрмей тұрмын. (*Лафонтен Жаннаның қолынан ұстап жүргізеді, ол қол қояды*). Отқа өртенгенше қол қойған дұрыс.

Епископ. Бақытты күн туды қызым. Тән де, жан да құтқарылды. (*Рауль ағаға*). Үкімді бері беріңіз.

Бопер. Қызым дауыстарың алдады сені.

Жанна. Иә, қателескенімді өзім де көріп тұрмын.

Епископ. Тұтқынға әйел киімін беріңдер. (*Екі монахша кіреді. Керме шымылдық әкеледі. Монахшалар әлсіреп тұрған Жаннаға әйел киімін кигізеді*). Рауль аға! Милордқа қыз өз бетінен қайтып қол қойды деп хабарлаңыз. (*Үкімді асығыс оқиды*). Жанна, біздің жалықпай-талмай айтқан өсиеттерімізді тыңдаған соң сен

өзіңнің адасқандығыңды ашық мойындап, жұрт алдында одан бас тарттың. Сондықтан шіркеу сені өз саясына қайта қабылдайды. Бірақ шіркеуге қарсы сөз айтып осыншалықты ауыр күнәға батқаның үшін біз сені өмірлік түрмеге жабуға үкім етеміз. Көз жасы — шарапқа, қасіреті — нанға дегендей, бұнымен де сені текке қалдырмаймыз. Соттың түбегейлі үкімі осылай.

(Өзінің көмекшісімен Ағылшын бақылаушысы кіреді).

Ағылшын бақылаушысы. Goddam! The wiich has be bured at once!¹⁷

Адъютант. Мұнда не боп жатыр?

Епископ. Ол бетінен қайтты.

Адъютант. Сендер корольге опасыздық етпексіңдер!

Епископ. Менің намысыма тидіңіз. Ол үшін жауап беруді талап етемін!

Адъютант. Сендер қызды құтқарып алмақсыңдар!

Епископ. Бұл жалған.

Адъютант. Қызды қазір құрту керек!

Епископ. Қашан құрту керектігін мен шешемін.

Ағылшын бақылаушысы. No!¹⁸ *(Адъютантымен кетеді).*

Масье. Қызды қайда апарайық?

Епископ. Қайдан әкелдіңдер — сонда әкетіңдер. *(Кетеді).*

Масье. Қайтадан түрмеге әкетіңдер оны. *(Кетеді).*

Жанна. Мені босатады дегендеріңіз қайда?

Күзетші. Жайырақ, шыбыным, кеттік үйге. Әйел киімінде не деген сүйкімдісің!

Оныншы көрініс

Сент-Уэн бейітіне жиналған халық Жаннаның өз бетінен қайтқандығы туралы естиді.

* * *

Руандағы базар алаңы. Жиын. Ағылшын солдаттары. Бәрі күтіп тұр.

Жарымжан. Оны бүгін өртей ме, жоқ па?

(Ағылшын солдаты иығын қиқаңдатады).

Екінші солдат. Бұл істің тағы да ақыры көрінер емес! Осы алаңда түстенбесек болғаны!

Бірінші солдат. Лағынеттер!

Келіні. Оны жөнге келтіре алмайсыздар-ау, сіре? Ондайлардың қырын сындыру қиын.

¹⁷ Қарғыс атқандар! Тез өртендер мыстанды!

¹⁸ Жоқ!

Қыз. Қоңырау неге соқпай қалды?

Шаруа әйелі. Қайдам.

Бірінші солдат. «Жирен арыстанның» тамағы қымбат, ал «Петр ауында» тамаққа сарымсақ қосады.

Екінші солдат. Бізді келмесін деп әдейі қосады.

(Екеуіне үшінші солдат келеді, бір нәрсе дейді. Солдаттар күледі).

Келіні. Ағылшындар неге күледі?

(Солдаттар күлген бойы алыстайды).

Жеңілтек қыз. Генри, не бопты ана жақта?

Бірінші солдат. Үйді-үйіне қайтыңдар, тараңдар. Бойжеткендерің бетінен қайтыпты.

Екінші солдат. Шындығында ол Бойжеткендерің қыз емес екен.

Легрен. Бұл тағы қай далбаса?

Жеңілтек қыз. Бітті. Қоңыраулар соғуын қойды.

Келіні. Немене, сөйтіп, өртемейтін болды ма?

Баласы. Оның шындықтан бас тартуы мүмкін емес! Бұл опасыздық болар еді!

Жарымжан. Солайы-солай-ау, бірақ ол бас тартыпты.

Трактир иесі. Өз өмірін құтқарғаны да!

Шаруа әйелі. Енді күтер ештеңе жоқ шығар! Болды ма?

Шаруа. Ол бетінен қайтыпты. Жүр, біз де қайтайық.

Шаруа әйелі. Әжен!

Шарап сатушы. Ха-ха-ха, ха-хах-ха! *(Жас шаруа жігіт оны итереді).* Бойжеткен қыз емес екен.

Балық сатушы әйел. Қызды қайтер екен олар?

Он бірінші көрініс

«Петр ауы» трактирінде талас туады.

* * *

«Петр ауы» трактирі. Трактир иесі. Балық сатушы әйел, Сәнқой. Жеңілтек қыз.

Сәнқой. Мен ағылшындарды жақтамаймын. Дегенмен өзің суын ішіп жүрген құдыққа түкірме деген бар... Көше сыпырушылар мен әжетхана тазалаушылардың азаматтық сезімге бөленуі — бұл мақтауға тұрарлық. Олар ағылшын күзетшілермен ұрыс-керіс шығарып жүр — мұнысы да тамаша. Бірақ ақыры не болмақ? Олар немен бітпек? Өйткені ағылшын күзетшілері тұрған үйдің қақпасы мен менің особнягімнің қақпасында айырмашылық шамалы. Ағылшындар, әрине, көргенсіз халық,

дәрекілікке тәрбиеленген, жергілікті халықпен қарым-қатынас жасағанда болмашы қателіктер жібереді. Сонда да болса қазіргі заман тәртібінің бар тірегі солар.

Жеңілтек қыз (*Балық сатушы әйелге*). Тәртіп туралы шатып тұруын-ай мынаның! Өзі менің ақымды неге төлемей жүр екен?

Балық сатушы әйел (*тыныштандырып*). Тыныш, Бланш, саспа.

Сәнқой. Өркім өзінің әлін білсін, құмырсқа жолын білсін. Мен, мысалы үшін өз аспазшымды қайдағы жоқ тағамды ойлап тап деп қинамаймын!

Жеңілтек қыз. Маған ақша төле!

Сәнқой. Шаруа қызы қаншалықты қу болмасын, ол шаруа күйінде қалады. Ал Франция мен Англияның арасындағы саяси қарым-қатынас, құдай деп айтайын, оп-оңай іс емес. Атам заманнан қалыптасып келе жатқан байланысты ұмытпаған абзал. Бұл жөнінде қайдағы бір мұжықтың қызы не білер дейсің!

Жеңілтек қыз. Ақшамды төле деймін менің!

Легрен (*кіреді*). Франсуа мырза, бір рюмке вино құйыңызшы. Сауда портында қазір болып жатқан топалаңды көрсей! Жүк тиеушілер «Глориус» корветінен¹⁹ зеңбірек снарядтарын түсіруден бас тартты. Герцог Бедфордский өзінің қарауыл иттерін жіберіп еді, бірақ қарсыластары олардың әкесін танытты!

Трактир иесі. Онда мен трактирімді жапқаным ақыл болар, әйтпесе тағы да бәрін талқандап кетер!

Балық сатушы әйел (*күледі*). Қызық! Ал Епископ не істеп жатыр екен, а?

Сәнқой. Сіз, күлесіз, ө, мадам? Жетер! Жетті маған! Мен енді бар ойымды ақтарамын! Руанда тәртіп орнату керек. Көрінген жерде күлкі, сыбыр, қиғаш қарастар. Тұра-бара жүрек ауруың болса, көшеге шығуға қорқатын боласың!

Жеңілтек қыз. Әйтпегенде ше! Сен әуелім кіріңді жуғанға да ақысын төлемейсің!

Сәнқой. Міне! Мінеки, бүліншілік!

Жеңілтек қыз. Сонымен, төлемейсің ғой?

Сәнқой. Үстімдегі көйлегімді сыпырып алмақшы-ай!

Трактир иесі. Ха.

Жеңілтек қыз. Әйтпегенде ше? Бет әлпетің әжептәуір болса екен өзіңнің! Күндіз күңкіліңді, түнде ыңқылыңды есіту маған соншалықты рақат деп ойлаймысың? Ақша төле де, жоғал әрі! Қалай дедің-ей, сен: мұжықтың қызы деймісің! Мен сеніңше

¹⁹ Ерте замандағы үш мачталы соғыс кемесі.

кіммін, сұрауы жоқ сайқалмын ба?! Менімен ұйықтап ләззат алған екенсің, төле енді! Төле! Төле!

Сәнқой. Ақша жоқ менде!

Жеңілтек қыз. Маған десең шләпінді тұт те, қауырсынын сат онда! Дүрдиген күркетауық!

Сәнқой. Тағы бір сөз...

Жеңілтек қыз. Қалай екен! Төле!

Сәнқой. Сендер сияқты сайқалдармен де, бойжеткендеріңмен де бір-ақ әңгіме: сабау керек сендерді, өз қандарыңа өздерінді тұншықтырып, езу, асу, таптап отқа жағу керек сендерді!

(Жеңілтек қыз оның жағынан салып жібереді. Ол кетеді).

Балық сатушы әйел. Өйтпеу керек еді. Ол енді сенің атыңды барлық сыраханаларға жаяды!

Жеңілтек қыз. Мен онсыз да барлығы үшін уайымға батып жүрмін!

Трактир иесі. Жалғыз сіз емес, бойжеткен, жалғыз сіз емес.

Он екінші көрініс

Руанда қанды соғыс жүріп жатыр. Бове епископы таңғаларлық хабар алады.

* * *

Епископтың үйі. Епископ тұскі тамақ ішіп отыр. Масье.

Епископ. Мынау мылжың ағылшындар менің оларға қандай қызмет көрсеткенімді өлі де түсінген жоқ. Францияны жаулап алу олардың қолынан келер, бірақ француздардың жанын жаулап алу қайдан келсін.

Масье. Өзіңіздің ептілігіңізбен сіз оларды күшті қарсыласынан, ал шіркеуді азап шегуші қыздан құтқардыңыз.

Рауль аға (кіреді). Епископ мырза! Қалада күшті толқу басталады. Халық портқа лек-легімен ағылып, ағылшын моряктарымен төбелес шығаруда. Кейбір жерлерде қарауыл постыларына шабуыл жасаған. Ағылшындар шара қолдануды талап етеді.

Епископ. Қайдағы бір ұрыс-төбелестерге араласу менің ісім емес! Ағылшындар өздерінің қарауыл қызметін күшейтсін!

Рауль аға. Бірақ олар бар күнәні бізге, анығын айтқанда, сот шешіміне тағып жатыр, қасиетті ғұлама! Герцог Бедфордский ашудан ауырып қалды деседі.

Епископ. Герцог Бедфордский өзіне тәуіп тауып алар, айтпақшы, ол онсыз да бауыр ауруымен азаптанып жүретін. Бұның бәрі ырду-дырду өмірден. Тағы не?

Рауль аға. Ағылшындар анау қыз таңертеңнен бері еркек киімін қайтадан киіп алды деп хабарлады.

Масье. Өзі үшін тұтанып күшейіп жатқан толқуларды естіген соң сөйткен ғой.

Епископ (*ашумен орамалды лақтырады*). Маған су әкел! (*Рауль аға оған дәрет алатын тостағанды береді*).

Он үшінші көрініс

Ла тур де Шан тұрмесі. Халық даусын естіген Жанна күресті жалғастыра беруге бекінді.

* * *

Тұрме. Жанна қайтадан ер киімін киген. Бове епископы мен Лафонтен кіреді.

Епископ. Сен еркек киімін қайтадан кигенбісің?

Лафонтен. Бұндай күйікті сен бізге неге таңдың? Сүйікті қарындас, енді біз сені құтқара алмаймыз. Сен уәдеңді бұзып, қайтадан күнәға баттың. Сөйтіп, өз көріңді өзің қаздың.

Жанна. Сіздерге қандай уәде беріп ем?

Епископ. Мүмкін, сен дауыстарыңды қайтадан естіген боларсың?

Жанна. Иә.

Епископ. Олар саған айтқан болар...

Жанна. Өз ісіңді саттың деп.

Епископ. Бірақ сен халық алдында бас тарттың ғой!

Жанна. Иә. Өйткені бұл халық алдында бас тарту екенін мен түсінбедім. Мен тек от алдындағы қорқыныштан ғана бас тарттым. Соғыста оттан қорықпайтынмын, өйткені онда мен жалғыз емес ем, жанымда өз адамдарым болатын. Ал мұнда халқыма күмән келтіріп, мен өлсем де оған бөрібір, олар думан құрып, сыра ішуді ғана біледі деп ойладым. Бірақ олар мен туралы әрдайым хабардар болып тұрыпты, есінен де шығармапты, олай болса, мен ештеңеге өкінбеймін.

Епископ. Қайдағы бір күбі, бөшке жасаушылар мен балық сатушылардың хабардар болуы қандай маңызды десеңші!..

Жанна. Тыңдаңыз, Епископ, Турень сырашылары мен Нормандияның кеме жасаушылары бір үстелдің басында отыратын күн келеді әлі. Ал сіз туралы сынық сөз де қалмас жұрт есінде.

Епископ. Сонымен, сен бұрынғы күнәһар ісіңе қайта оралдың да, содан енді қайтпаймын дейсің ғой?

Жанна. Иә, қайтпаймын.

Епископ. Жанна, сен үйшігіне оралған күшіктей бұрынғы адасу жолына қайта түсіп, күнәларыңа қайта баттың, шіркеу сені бұдан артық қорғай алмайды.

(Лафонтенмен бірге кетеді).

Он төртінші көрініс

1431 жылдың 30 мамырында Жанна д'Аркті Жендеттің қолына береді.

* * *

Түрме. Авансценада Жанна. Оның артында Жендет, Монахша, ағылшын офицері, ағылшын солдаттары, екі күзетші. Масье кіреді.

Масье. Жанна, сені ақырғы жолға дайындау үшін мені Бове епископы жіберді.

Жанна. Иә.

Масье. Өлімнен қорқып тұрсың ба сен?

Жанна. Иә, өте.

Масье. Онда өкініп те тұрған боларсың?

Жанна. Жоқ.

Масье. Жанна, өлім алдында жауап бер: сен әлі де дауыстарыңа сенесің бе бұрынғыдай?

Жанна. Иә.

Масье. Тыңдашы, Жанна, осы дауыстарың саған түрмеден біржола құтыласың деп уәде бермеп пе еді?

Жанна. Онсыз да бүгін түрмеден біржола құтылмаймын ба?

Масье. Бірақ, Жанна, саған олар бостандық жариялаған жоқ па?

Жанна. Онсыз да өлім қорқынышынан босанбаймын ба? Онсыз да дәулеттілер үкімінің қорқынышынан құтылмаймын ба?

(Бове епископы, барлық судьялар мен заседательдер салтанатпен кіреді).

Епископ. Өлімің жақын, Жанна. Тағы бірдеңе айтқың келе ме сенің?

Жанна. Иә. Сіздер от тұтатып, жендеттеріңіз оны үрлеп отын жана бастар, бірақ менің бұрынғы айтқаным — айтқан, осы бетімнен қайтпан.

Епископ. Апарыңдар отқа оны.

(Жендет көрінеді).

Масье. Қасиетті тақсыр, бұл тәртіпке қайшы болады. Үкімді сіз өзіңіз дауыстап жариялауыңыз керек.

Епископ. Әкетіңдер оны, әкетіңдер!

(Жендет Жаннаны әкетеді).

Он бесінші көрініс

Руандағы базар алаңында қалың топтың көз алдында қызды өртейді.

* * *

Руандағы базар алаңы. Қалың топ. Ағылшын солдаттары.

Келіні. Анау тұрған еркектердің арасында мынау қыздың тинақтайын-ай!

Шаруа әйелі. Сәбиді жоғарырақ көтер!

Баласы (*Жас капелланға*). Ол өте қорқып тұр ма екен, қалай ойлайсың?

Жас капеллан. Біз ғой қорқып тұрған, оған түк те қорқынышты емес.

Сәби қыз. Қазір жарық қой, өне бір кісі неге от алып жүр?

Кәрі монахша. Бұл, қызым, Жендет. Ол мыстанды өртейтін отынды тұтату үшін оттық дайындап жүр.

Балық сатушы әйел. Герцог Бедфордскийдің көңілді күлуін қарашы! Оның Бойжеткен үшін төлеген он екі мың фунты босқа кетпесе керек, сірә.

Баласы. Герцогің не, кардиналың не — бәрі бір сайтан. Ағылшындық мырзаларың да, француздық мырзаларың да — бәрі бір сайтан!

Шаруа. Тіліңді тарт, әй!

Солдат. Кім сайтан деген?

Балық сатушы әйел (*Шаруа баласының қашқанын білдірмес үшін корзинкасын ақтарып алады*). Үйбай, балығым менің! Макрельдің бәрі жерге ақтарылып қалды.

Шарап сатушы (*Солдатқа*). Мені артымнан біреу итеріп жібергені.

Жас капеллан. Итергені рас, мен де көрдім.

Жеңілтек қыз. Генри, үйіңе қайтсайшы!

Епископ даусы. Жанна, біз, Бове епископы сені қайта күнәға батқан, діннен азған деп жариялап, осы себептермен шіркеуден аластаймыз, бірақ сен жан тапсырып, тәнің отқа өртенген соң саған деген үкімді құдіретті аспан жеңілдетсін деп табынамыз.

Бірінші солдат. Өлдеқашан өсту керек еді!

(*Қоңырау дабылы*).

Екінші солдат. Жә, бұлай омыраулай бермеңдерші! Өртейтін ағаш-отынды дегендей-ақ қалапты. Оны онсыз да көрерсіңдер!

Балық сатушы әйел. Сұмдар! Ұзағырақ азаптансын деп отынды биік етіп қалапты!

Екінші солдат. Жұртты неге осылай жақын жібереді екен!

Бірінші солдат. Найзаңмен ойнап тұра берсеңші. Не қыласың оларды, қоя бер, түтін жұтып қақалып, өз жөндеріне кетер.

Жеңілтек қыз. Әні, қараңдар!

(*Монахшылар «Ave Marіаны» оқиды.*)

Бірінші солдат. Сенікі жөн. Қайттық үйге. Көздеріңді неге қадайсыңдар сонша? Өртенді — бітті.

Шаруа (Әйеліне). Жылама! Ол тіпті ештеңені сезер емес.

Жеңілтек қыз. Ол әлі де бірдеңе деп айқайлап жатыр!

Екінші солдат. Ақырғы демі біткенше кеңірдегін жыртуын қарай гөр!

Келіні. Ол енді қайтып айқайламас.

Он алтыншы көрініс

Бес жыл өткен соң париждіктердің көтерілісі Францияның түбегейлі бостандық алуы мен қайта бірігуіне негіз салды. Көтеріліс жасаған халықтың алдында аты аңызға айналған жап-жас Жанна д'Арктің бейнесі адымдап бара жатты.

* * *

Туреньдегі деревня. Жак Легрен шарап бөшкесін тұптеп жатыр. Көрші деревнядан келген қарт немере ағасы Брей бала жетектеп оның жанына келеді.

Брей. «Петрдің ауы» трактирінде едәуір кідірдің-ау, ө, Жак! Шамамен бес жылдай болып қалар?

Легрен. Е, Брей аға, орманға қанша тереңдеген сайын, ол сонша қалыңдай түспей ме. Біздің заманымызда бір жүрсең көп жүресің ғой.

Брей. Руанға бара жатасың да, Парижден бір-ақ шығасың, дұрыс айтып тұрмын ба? Онда әлі ағылшындар отырған болар, бөлкім?

Легрен. Жоқ, аға, қазір отырған жоқ.

Брей. Бұны қалай түсінуге болады?

Легрен. Қалай болсын, қала маңындағы жұмысшылар мен шұғашылар, терішілер мен тіпті базаршылар оларды Парижден қуып шықпады ма.

Брей. Онда біздің Жак Легрен сияқты жігіттер де болған шығар, дұрыс айтып тұрмын ба? Ал Компьенде ше, онда әлі ағылшындар бар ма?

Легрен. Ол жерден де, Реймс пен Шалоннан да қуылған. Рас, Кале мен оңтүстікте — Бордода әлі отыр олар.

Брей (*Балаға*). Естідің бе? Франция қайтадан француздардың өзіне тиіпті!

Баласы. Ал сен ол қызды көрдің бе, мсье Легрен?

Легрен. Оны қалай өртегендерін көрдім, Пьер.

Брей. Францияға жол көрсеткен, әне, сол қыз!

Легрен. Оныңыз рас, бірақ Франция да оған жол сілтеді.

Брей. Мен оны қайдағы бір дауыстарға ерді ғой деп ем!

Легрен. Иә, біздің дауыстарымызға ерді!

Брей. Ергені қалай?

Легрен. Ол былай: алғашқыда ол халықты бастап жауға тарпа бас салды. Сосын оны тұтқынға алды. Руандағы мұнара ішінде қамауда отырып, бізден ешқандай хабар ала алмай, оның жігері құм болады. Керек десеңіз, бетінен қайтып, қол да қойды. Бірақ ол бас тартқан кезде Руандағы жай халықтың ашынғаны сонша, ағылшындарды соққылау үшін портқа лап қояды. Қыз бұл туралы естіп, қайратын қайта жияды. Ол соттың трибунасы биік бекіністердің орларынан да гөрі маңызды ұрыс алаңы екенін түсінеді. Өзінің ұлы жеңілісінен ол қыз біздің ұлы жеңісімізді жасады. Оның үні өшсе де, даусы естіліп тұрды.

Брей. Иә, иә! Бірақ соғыс әлі біткен жоқ.

Баласы. Ата, мұнда шынымен тағы да ағылшын солдаттары келе ме?

Брей. Енді келе қоймас. Ал сендерде биыл жүзім қалай?

Легрен. Биылғы жүзім бір мың төрт жүз жиырма сегізінші жылғыдай деседі қыздар, бірақ сол жылы мен үйде болған жоқпын. (*Жүзім жинап жүрген қыздардың әні естіледі*).

«Майға дейін сот құрды шіркеу үш ай,

Қаралады Жаннаны, ақтамады.

Өртелерін білсе де көп ұзамай,

Бойжеткен қыз өз арын таптамады.

Жанна сонда дауыспен тасқындаған,

Айқай салды лаулаға от ішінен.

«Құтқарыңдар Отанды басқындардан,

Құтқаруға болады көп күшімен!»

Бұл әнді қазір Францияның екі жағы да айтып жүр.

Соңы

САХНАЛЫҚ МИНИАТЮРАЛАР

(Аркадий Райкиннің репертуарынан)

Владимир ПОЛЯКОВ

ИНФАРКТІНІҢ АЛДЫН ҚАЛАЙ АЛУ КЕРЕК?

**Бір көріністі кәдімгідей-ақ ғылыми пьеса
(кейіпкерлер есімдері қазақшаланды)**

Аурухана. Жеке палата. Науқас, Әйелі, Дәрігер, Құтуші.

Науқас. Ой! Өліп барамын...

Дәрігер. Шыдаңыз, жолдас... Шыдаңыз...

Науқас. Шыдар емеспін... Доктор!.. Көмектесіңізші, жалынамын... Құтқарыңызшы!..

Дәрігер. Бәрін жасаймыз. Барлық шараны қолданамыз.

Науқас. Ой!..

Құтуші. Есінен танып қалды.

Әйелі. Доктор! Доктор, айналайын! Құтқара көріңізші оны... қиналып жатқанын қараңызшы... Мүмкін, үлкен профессорларды шақырып консилиум құру керек болар?

Дәрігер. Үлкен профессорлар көрген, консилиум болған, бірақ қолданар амал жоқ. Миокард инфарктісі... Жүрегі шыдар емес. Оттегін беріп, укол жасап, өмірін тағы да жарты сағатқа ұзартамыз... жүрегіне бірінші рет қашан шағынып еді?

Әйелі. Жиналыста. Неге екені белгісіз, бөлім меңгерушісі оны ұрсып, жөнсіз сынапты... Бұл өзі үлгілі қызметкер...

Дәрігер. Сыйлық алып тұратын ба еді?

Әйелі. Еш уақытта алған емес.

Дәрігер. Неге?

Әйелі. Ол өте қарапайым... Ешкім елемейді...

Дәрігер. Екінші рет қашан қысылды?

Әйелі. Менімен ұрсысып қалған. Мен оған қаттырақ бірдеңе деп едім...

Дәрігер. Не деп едіңіз?

Әйелі. Еркек емессің. Еш уақытта сені сүйген емеспін дедім.

Дәрігер. Неге сіз оған олай дедіңіз?

Әйелі. Сөз ыңғайы келіп қалған соң... Көңіл күйім де болмай тұрған, былш еткізіп айта салдым. Содан спазм пайда болды.

Дәрігер. Еш уақытта былш еткізіп айта салмау керек. Сонымен, сіздің ойыңызша инфарктінің бірінші себебі басшыларының бұны елемеуінен, еңбегін бағаламауынан дейсіз ғой?

Әйелі. Менімше солай.

Дәрігер (*Күтушіге*). Науқастың халі қалай?

Күтуші. Есіне келмей жатыр. Пульсін айыру қиындап барады. Жүрегі әлсін-әлсін соғады. Дем алысы тоқтады десе де болады.

Дәрігер. Онда оттегін беріңіз де, пульсін қадағалаңыз. (*Телефонға келіп, номер тереді*). Алло! Бұл Профком болар?.. Сіздердің қызметкеріңіз Түтіновтің әл үстінде жатқанын білесіздер ме? Бүгін. Отыз минуттай ғұмыры қалды... Хабарлап тұрған — бөлімнің бас дәрігері. Оны жерлеуге қанша ақша бөлесіздер?.. Аздау. Тағы қосыңыздар... Иә... Өте қажет... Жақсы... Венок пен гүл алдырыңыз. Көбірек болсын... Оркестр? Өздеріңіздікі ме? Тамаша... Сосын сөз сөйлейтін адамдарды келісіп алыңыздар. Директордың өзі сөйлегені дұрыс. Профкомнан да біреу сөйлесін. Жолдас-жораларына тез хабар беру керек... Иә... Бүгін он алты отызда. Келістік... Күтемін. (*Трубкины іледі. Аурудың әйеліне*). Ал енді жоқтап жылаңыз.

Әйелі. Оу, ол, мүмкін, әлі?..

Дәрігер. Жоқ. Мен бекер айтпаймын.

Әйелі. Елешім! Жаным менің! Мені кімге тастап кеттің?.. Еле... еш... а...а! Мен сенсіз не істеймін? Сен менің бар өмірім едің! Дәл өзіндей кімді сүйіп едім тағы?! Жанашырым менің! Неге ғана ұрсып едім саған, қоңқылдап едім саған, қорқылдап едім саған? Сен менің ақылшым едің ғой! Сен менің дүниедегі ең-ең сымбаттым едің ғой! Сен менің ең сүйіктім едің ғой! Сен менің дүниедегі ең жақсы!.. Ал мен... (*Айқайлап жылайды*).

Күтуші. Бетіне рең кірді.

Дәрігер (*Әйелге*). Жылаңыз, жылаңыз.

Әйелі (*дауыс салып*). Сенің жақсылығыңды білмеген мен неткен ақымақ едім!

Күтуші. Дем алысы жақсы.

Әйелі. Сенің қадіріңді білмеген мен неткен есуас едім! Елешім! Жаным менің... Сүйіктім ме...еңің!..

Күтуші. Пульсі бірқалыпты.

Дәрігер (*Әйелге*). Тезірек үйіңізге барып, барлық туған-туысқандарыңызға хабарлаңыз, тамақ дайындап, осында әкеліңіз.

Әйелі. Сонда қалай?

Дәрігер. Көп сөйлемей, айтқанды орындаңыз! Адам ақырғы демін алып жатқанын көрмей тұрсыз ба?

Әйелі. Сендей еркек табыла ма енді бұл дүниеде! (*Жылаған күйі жүгіріп шығып кетеді. Венокпен біреу кіреді*).

Венок әкелген біреу. Осында қою керек пе?

Дәрігер. Осында.

(Біреу венокты қойып кетеді).

Дәрігер (оқиды). «Аса қымбатты Елеш Түтіновичке қызмет-тестерінен». Тамаша. Естідіңіз бе, Елеш Түтінұлы?

Науқас. Естіп тұрмын. Бірақ әлі көзімді аша алар емеспін.

Дәрігер. Ашудың қажеті жоқ. Көретін түк те жоқ әлі.

(Венокпен екінші біреу кіреді).

Екінші біреу. Венокты осында қою керек пе?

Дәрігер. Осында.

(Екінші біреу венокты қойып кетеді).

Дәрігер (оқиды). «Сүйікті жарым Елешке...

Науқас (басын көтеріп). ...безілдеуік әйелінен».

Дәрігер. Көңіл босатарлық екен.

Науқас. Шынында. Бәрі сүйеді екен ғой мені. Не істеп жатқандарын қараңыз!

Күтуші. Дем алысы тәуір, қан соғысы бірқалыпты.

Дәрігер. Тамаша... Ал сіз жатыңыз. Қайда барасыз сүйретіліп? Әліңіз жоқ қазір, сондықтан күш жинау керек. Оқыс қимыл жасауға болмайды. Өмірдің қызығы әлі алда. Үлгересіз оған.

(Оркестр кіреді).

Трубашы. Марқұм осында ма?

Науқас. Осында, осында.

Трубашы. Бастауға бола ма?

Дәрігер. Болады.

(Оркестр Шопеннің жерлеу маршын ойнайды).

Науқас. Тым көңілсіз екен...

Дәрігер. Бұл музыканы тоқтатыңдар! Көңілдірек бір нәрсе ойнаңдар.

(Оркестр көңілді танго ойнайды).

Ауру. Е, бәсе.

Дәрігер. Тырп етпей жатыңыз. Көзіңізді ашпаңыз. Күш сақтаңыз.

(Директор, профсоюз комитетінің төрағасы мен хатшысы Атуева, Әйелі және туысқандары кіреді).

Профком төрағасы. Профсоюз комитетінің тапсыруы бойынша жерлеу митингісін ашық деп жариялаймын. *(Оркестр қоштасу әуенін ойнайды).* Сөз институт директоры жолдас Бибөринге беріледі.

Директор. Жолдастар! Біз бүгін біздің қызметкеріміз Елеш Түтінович Түтіновті соңғы сапарға шығарып салмақпыз. Ақ жүректің, сезімтал жолдастықтың, сенімді достықтың адамы

әрі тамаша еңбекқор жан Түтіновичті біз онша бағаламадық. Ал шындығына келсек, ол біздің институттың сәні еді. Керек десеңіздер, ол біздің мақтанышымыз болатын.

Науқас. Қағыс естіген жоқпын ба.

Директор (қатты). Жоқ. Мақтанышымыз болатын. Несін жасырайық? Біз ол екеуміз бет жыртысып қалған кездеріміз де болды. Өзім де, менің орынбасарларым да ешқандай себепсізден-себепсіз осы бір бейкүнә адамды әр уақытта жәбірлейтін едік, былайша айтқанда, түрткілейтінбіз, өткен кварталда жазықсыздан-жазықсыз сыйлықтан қақтық.

Науқас. Қаттырақ айтуға бола ма?

Директор. Болады... Жазықсыздан-жазықсыз сыйлықтан қақтық деймін. Шынымды айтсам, біздің институт Елеш Түтіновичсіз қандай халге түсерін білмеймін. Амал қанша. Қаңғырып келген өлім оны біздің арамыздан қағып кетті. Аянышты. Аса аянышты. Оның атына сай болуымыз керек енді. Қош бол, қымбатты дос... *(Төсекке гүлдер букетін қояды).*

Науқас. Рақмет. *(Букетті алып иіскейді).*

Профком төрағасы. Сөз профсоюз комитетінің хатшысы Атуева жолдасқа беріледі.

Атуева. Сенгім келмейді. Міне, тұрмын осында — сенгім келмейді. Бурабайға путевка бермегеніміз кеше ғана еді, ал бүгін ол, міне, мынау жатыр, біз оған қоштасу сөздер айтып тұрмыз. Сенгім келмейді.

Дәрігер. Онда путевка беріңіз.

Атуева. Кімге?

Дәрігер. Оған.

Атуева. Қалай?!. Анда кетті ғой, Бурабайға емес?!

Дәрігер. Мен сізге дәрігер ретінде айтамын — беріңіз.

Атуева. Жақсы. Марқұмның әйеліне жазып береміз.

Науқас. Қай айға?

Атуева. Август айына.

Науқас. Ол үшін рақмет.

Дәрігер. Қимылдамаңыз. Мен кімге айтып тұрмын?

Атуева. Оның қасына жақын барып, еңбекке жаралған іскер қолын қысып тұрып, «Елеш Түтінович, сенің адал еңбегің үшін, адамгершілігің үшін, адамдығың үшін саған рақмет» дегім келеді. Көздеріме жас толып кетті. Айта алмаймын. Қош бол, Елеш Түтінович.

Дәрігер. Ағайындарының жақындауына болады.

Әйелі. Елеш!!! Жаным! Сүйіктім! Ардақтым!!! *(Оны сүйеді).*

Туысы. Елеш! Мені ұрса көрме, соңғы қарызымды қайтаруға келдім. Айлыққа дейін деп мен сенен екі мың теңге қарызға алып едім, оны он ай бойы ұстадым. Мә, ақшаң, қымбатты бауырым. Кешір. Рақмет. *(Ақшаны қояды)*.

Науқас. Ақыры қайтардың-ау!

Дәрігер. Барлық гүлдерді мұнда әкеліңіздер. *(Құтыушіге)*. Ал сіз электркардиограмманы тездетіңіз. *(Ауруға)*. Түрегеп отыруыңызға болады. Тек, ең алдымен, арқаңызға жастық қояйын.

Бәрі. А-а!..

Дәрігер. Тынышталыңыздар, жолдастар. Қорқатын да, таңданатын да түк те жоқ. Жүректі емдеуге моральдық фактордың үлкен маңызы бар. Ол әуре-сарсаңды, ырың-жырыңды көтере алмайды, келеңсіздікке, дөрекілікке, немқұрайлыққа іштен тына налиды, ал керісінше қамқорлықты, сыйластықты, ілтипатты, махаббатты жақсы көтереді, ғұмыры ұзарады. Бұл кісіге тірі кезінде кім гүл сыйлады?

Науқас. Е, қайдағы гүл!

Дәрігер. Оның атына жылы лебіз, жақсы тілектер айтылатын ба еді? Еңбегі еленіп, марапатталып, сый-сияпат көрсетілді ме? Әйелі ше? Әйелі өзінің нәзік сезімін дәл бүгінгідей білдіріп тұратын ба еді? Аузынан шыққан артық сөз үшін кешірім сұрайтын ба еді? Оның қошеметіне арнайы оркестр ойнады ма? Ал бүгін ол осылардың бәріне қарық болып жатыр. Көзі жұмылып көрге түскенде емес, тірі кезінде көріп жатыр. Тірі кезде көрген сый-құрметке не жетсін! Адамға көрсеткен ілтипат инфарктіні жеңді. Олай болса, тірі кезде ескерейік оны. Марқұмның денсаулығы үшін ішкеннен гөрі бұл әлдеқайда орынды. Көне, шарап, бутерброд, бауырсақтарды бері беріңіздер. Ал науқасқа көбірек жеміс-жидек беру керек. Айтқандай, газетке мынадай хабарландыру беруді ұмытпаңыздар: «Министрлік, институт әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті Елеш Түтінұлы Түтіновтің мезгілсіз сауығып кеткенін қатты қуанып хабарлайды. Сау адамның семьясына көңіл айтып, кешіріңіздер, өзінің қуанышы мен мақтаныш сезімін білдіреді. Азан айтылмайды. Дене шығарылмайды». Сіздің денсаулығыңыз үшін, қымбатты Елеш Түтінұлы! Оркестр, туш!

(Оркестр туш ойнайды. Шымылдық).

Соңы

ДАҢҚ САТЫСЫ

(монолог)

Даңқ сатысы! Бұл сатының әрбір басқышы — жаңа қызметке көтерілу, жаңа пост, жаңа ғылыми дәреже. Адам қарапайым жұмыскер болатын, басқышпен көтеріліп еді — бригадир болды, цехтің мастері, инженер болды; адам инженер болатын — цехтің бастығы, директор болды; шопан еді — академик болды. Бұл сатымен әркім-ақ көтеріле алады, бірақ оның тіреусіз екендігін есте сақтау керек. Бұл сатының тіреуі — ұят пен борышкерлік сезімі. Міне, кейбір жолдастар осы сатымен былай жоғарылайды...

(Шымылдық ашылады. Сахнада алтын басқышты саты. Ол биікке өрлеп кеткен. Орындаушы саты түбінде телефонмен сөйлесіп тұр).

— Бореке, саламатсың ба. Сәлем, қымбаттым! Мені құттықтасаң болады, достым, жаңа қызметке ауыстым... Иә-иә, жаңа жұмыста... Саған соға кетіп сонда түгел айтармын... Жо-о! Қандай машина?! Ештеңенің де керегі жоқ. Трамваймен-ақ жетермін. Зочкаға сәлем айт. Сау бол, достым. Иә, солай... *(Сатының бірінші басқышына көтеріледі)*. Ол не?.. Қабылдау бөлмесінде күтушілер көп пе? Ештеңе етпес. Жұрт күтсе, керек болған соң күтеді. Барлығын қабылдайтындығымды айтыңыз оларға... Бұл не? Шай? Рақмет сізге, тек босқа әуреленбей-ақ қойсаңыз да болады... Қандай машина шақырайын дейсіз бе? Ешқандай машинаның керегі жоқ, әншейін жүк машинасымен де жетермін үйге... Не? Мені телефонға шақыра ма? *(Трубкины алады)*. Иә?.. Алло... Бұл кім? ...Боря? Амансың ба, Боря... Сен мені ғафу ет! Менде мынау халық... Иә, басқа бірде, әйтеуір... Иә-иә... Солай енді... *(Екінші басқышқа көтеріледі)*. Қабылдау бөлмесіндегі не деген шу?.. Халық күтіп отыр. Ештеңе емес, күте тұрады. Маған сағат беске машина заказ етіңіз... Неге «Москвичті?» «Москвичке» мінбеймін мен. «Волганы» шақырыңыз. Және менің бөлмеме екінші телефон орнатуды сұраймын. Бір телефон жетпейді... Бұл кім тағы? *(Трубкины алады)*. Алло... Бұл кім?.. Боря?.. Қандай Боря?.. Ах, Боря! Былай Боря... Қазір менде жиналыс... басқа бір уақытта телефон соғыңыз... Айталық, бірнеше аптадан кейін... Иә... Міне... Бұл солай... *(Үшінші басқышқа көтеріледі)*. Кім ондағы?.. Мен сізді екі рет шақырдым, сіз қоңырауды естімейсіз

бе, қалай?.. Қабылдау бөлмесіне тағы да адамдар кіріп кетті ме? Айтыңыз, мен бүгін ешкімді де қабылдамаймын. Менің мәжілісім бар, олардың шаруалары түгілі, өз жұмыстарым бастан асады... Қандай машина келді?.. «Волга!» Оны гаражға қайтарыңыз да, маған «Чайканы» шақырыңыз... Маған неге лимонсыз шай әкелдіңіз?.. Мен осындай болмашы нәрселерді де сіздің есіңізге салуға міндеттімін бе? Бұл кім тағы? *(Трубканы алады)*. Кім бұл?.. Боря?.. Қай Боря?.. Ах, Борис Николаевич! Тыңдаңыз, Борис Николаевич, сіз менің бос еместігімді неге түсінбейсіз, менің жұмыстарым көп... Бірнеше айдан кейін соғыңыз. *(Трубканы қояды)*. Маған тағы бір телефон орнатсын деп айтыңыз... Бала құсап төрт-ақ телефонмен күнелтіп жүрміз... Бұл... Бұл солай... *(Төртінші басқышқа көтеріледі. Секретарьға)*. Сіз қайда жүрсіз? Мен келгенде сіз неге есік алдынан күтіп алмайсыз, а?.. Кім ол күтіп тұрған? Олар мені көргісі келеді дегеніңіз не сөз?! Мен оларды көргім келе ме — алдымен соны неге біліп алмайсыз?.. Трубканы алыңыз. Естимісіз, телефон соғып жатыр... Мені ме? Бері беріңіз. *(Трубканы алады)*. Не болып қалды?.. Боря?.. Борис Николаевич?.. Фамилия, фамилияңызды айтыңыз, жолдас!.. *(Секретарьға)*. Трубканы алып, не керектігін сұраңыз одан... Не? Оның туған күні?.. Мені шақыра ма? Жақсы. Айтыңыз, менің... орынбасарым барады... Оның оны білмеймін дегені несі? Оны мен білемін, осының өзі жетіп жатыр... Екінші орынбасарды тауып алыңыз да, тез арада менің моншама керекті кафельдерді алып келуге жіберіңіз. Тіпті жүдедім... дем алуға мұрша бермейді... Барыңыз!.. Бұл солай... Бұл... *(Бесінші басқышқа көтеріледі. Барынша ісініп-кебініп кеткен. Трубканы алады)*. Алло!.. Кім?.. Борис Николаевич?.. Тыңдаңыз, жолдас, сіз өзіңіз кіммен сөйлесіп тұрғаныңызды білесіз бе?! Жетер! *(Трубканы қояды. Секретарьға)*. Мен дачаға барамын. Гаражға телефон соғыңыз да, «Чайканы» менің әйеліме жіберіңіз. «Волганы» біздің үйдің қызметшісі мініп базарға барсын, ал маған... «Шевролет» шақырыңыз. *(Алтыншы басқышқа көтеріледі. Айқайлап)*. Мен мекеме бастығы болғандықтан!.. Бұл...

(Төбеден жай түскендей күркірейді. Сатыр-сұтырмен ол жоғары сатыдан құлап түседі. Қараңғы. Жарық. Кіп-кішкентай, моп-момақан бола қалған ол қолында трубка бар, сатының түбінде тұр).

Алло... Бореке?.. Сен мені танымадың ба, достым?.. Ескі достарды ұмыту жақсы емес... Мен, мен... Өрине, мен... А?.. Жоқ... Мені әлдеқашан... Иә, мен қазір онда жұмыс істемеймін. Өзіңе бірде соға кетіп сонда толық айтармын... Қандай машина?

О, не дегенің, жо-о... Трамваймен-ақ жетермін. Зочкаға сәлем... Сау бол...

Бұл басқыш — даналық сатысы. Ол өзінің үстінде мына сияқты адамдарды көп ұстап тұра алмайды. Бұл сатымен көтеріліп бара жатып қарапайымдылық пен қайырымдылықты, тазалық пен көрегенділікті әр уақытта есте сақтау керек. Бұған біздің заманымыздың даңққа бөленген, әр уақытта халықпен бірге жүрген тамаша адамдары үлгі бола алады.

(шымылдық)

Владимир ПОЛЯКОВ

ОТБАСЫ ХРОНИКАСЫ

I

Үйдің ауызғы бөлмесі. Орындықтың үстінде кір жуатын ыдыс. Әйелі кір жуып жатыр. Жол-жөнекей галстугін байлап Ері шығады.

Әйелі. Сен тағы кетіп барамысың?

Ері. Иә.

Әйелі. Мен осылай үйден шықпай отыра берем бе?

Ері. Енді не дейсің маған? Кір жуу керек пе? Керек. Менің көйлектерімді үтіктеп қою қажет пе? Қажет.

Әйелі. Ертеден кешке дейін ошақ басынан шықпаймын, әйтеуір.

Ері. Түсте тамақ керек пе? Керек. Кешкі тамақты тағы да дайындау керек. Оның бәрін дайындап қоятын кемпір жоқ үйде.

Әйелі. Мен саған кемпір екем ғой!

Ері. Өне, тағы қажай бастайсың. Өмірге бұлай үстіртін қарауға болмайды ғой, жаным-ау! Мен сені сүйемін бе? Сүйемін. Сен мені сүйесің бе? Сүйесің. Енді не керек? Мен кеттім. Құшып сүйдім өзіңді.

(шымылдық)

II

Бульвар. Скамейка. Скамейкада бізге таныс Ері мен бейтаныс қыз Лиля отыр.

Ері. Түсінесіз бе, Лиля! Сізсіз менің өмірім қараң... Мен сіз туралы жұмыста да ойлаймын, үйде де ойлаймын, троллейбуста да... әр уақытта ойлаймын... Маған қараңызшы... Міне, мен сіздің көзіңізге қараймын. Қараймын да, ғажайып дүниеге ба...а...атып кетемін!.. Ғажайып дүниеге, Лиляша... Сіз мені түсінесіз бе?

Лиля. Сізбен бірге болу маған да жақсы...

Ері. Мен әйеліммен ажырастым... Ол бір өзі әбден «отбасы, ошақ қасы» болған адам, рухани өмірден жұрдай, түгі жоқ... Не керек, бір сөзбен айтқанда, саяз адам, Лиляша... Ойлап көріңізші өзіңіз, екеуіміздің өміріміз қандай тамаша болады! Сіз оқисыз, медицина институтын бітіресіз, институтта немесе клиникада қызмет істейтін боласыз, ал мен өз қызметімдемін. Кешке үйде жиналып көрген-білгендерімізді ортаға саламыз немесе жай ғана көшеде қол ұстасып қыдырамыз, біз біргеміз... Осылайша өмір бақи, өмір бақи. А? Лиляша... Күнім менің!..

(шымылдық)

III

Ауызғы бөлме. Лиля кір жуып жатыр. Жол-жөнекей галстугін байлап Ері шығады.

Лиля. Сен кеттің бе?

Ері. Иә.

Лиля. Мен тағы жалғыз қаламын ба?

Ері. Енді мен қайтейін? Кір жуу керек пе? Керек. Менің көйлектерімді үтіктеу қажет пе? Қажет.

Лиля. Ертеден қара кешке дейін үй тірлігінен шықпай-ақ қойдым.

Ері. Түскі тамақ керек пе? Керек. Кешкі тамақ керек пе? Керек. Оны істеп берер кемпіріміз жоқ үйде.

Лиля. Мен саған кемпірмін.

Ері. Тағы қажай бастадың. Өмірге бұлай үстіртін қарауға болмайды ғой, Лиля! Мен сені сүйемін бе? Сүйемін. Сен мені сүйесің бе? Сүйесің. Енді не керек? Мен кеттім. Құшып сүйдім өзіңді.

(шымылдық)

IV

Бульвар. Скамейка. Тағы да бізге таныс Ері мен Соня деген қыз.

Ері. Түсінесіз бе, Соня. Сіз болмасаңыз, менің өмірім қараң... Мен сіз туралы қызметте де, үйде де, автобуста да ойлаймын... Маған қараңызшы... Міне, мен сіздің әсем көздеріңізге қараймын, қараймын да ләззатқа батамын... ба...а...атып кетемін!.. Тамаша. Маған рақат! Түсінемісіз? Маған рақат!

Соня. Маған да...

Ері. Мен әйелсымағыммен арадағы жіпті үздім. Ол үй тірлігінен аса алмайтын адам, базар базарлаудан басқа қызығы жоқ, өсектен басқа сөзі жоқ, ештеңесі жоқ... Сізге несін тәптіштеп айтып жатайын, түгі жоқ, түгі... Сонечка, екеуміз құрған өмір өте-өте тамаша болады: сіз оқитын боласыз, уиверситетті бітіресіз, сөйтіп әлдебір институтта немесе заводта істейтін боласыз, ал мен өз қызметімде. Кешке үйде басымыз қосылғанда қызықты әңгімелер айтамыз немесе киноға барамыз немесе тек әншейін көшеде қыдырамыз. Мен сізге қараймын, сіз маған қарайсыз, екеуміз бір-бірімізге қараймыз. Осылайша өмір бақи. А? Сонечка! Күншуағым менің!..

(шымылдық)

V

Сол асхана. Сол кіржуғыш, бірақ кірді енді Ері жуып жатыр. Жол-жәнекей шашын жөндеп Соня шығады.

Ері. Сен тағы кеттің бе?

Соня. Иә.

Ері. Ал мен тағы да жалғыз қаламын ба?

Соня. Енді мен қайтейін? Кір жуу керек пе?

Ері. Керек.

Соня. Үтіктеу керек пе?

Ері. Әрине.

Соня. Оны істеп қоятын үйде кемпір жоқ.

Ері. Мен кемпір емеспін ғой, Сонечка-ау!

Соня. Өмірге бұлай жеңіл-желпі қарауға болмайды.

(шымылдық)

Владимир ПОЛЯКОВ

ЖАЗҒЫ ТҮНДЕ КӨРГЕН ТҮС

(бір перделі, прологі бар өнегелі пьеса)

Пролог

Мекеме меңгерушісінің кабинеті. Жазу үстелі. Телефон. Үстел басында Меңгеруші. Телефон шырылдайды.

Меңгеруші (трубкаға айқайлап). Алло! Тыңдап тұрмын!

Трубкадағы дауыс. Бұл Погин жолдас па?

Меңгеруші. Иә.

Дауыс. Сөйлеп тұрған Климов.

Меңгеруші. Мен сізді тыңдап тұрмын, жолдас Климов.

Дауыс. Жұмысты нашар істейсіз. Сіздің үстіңізден арыздар түсіп жатыр.

Меңгеруші. Бәрінің көңілін табу қиын, жолдас Климов.

Дауыс. Ал үстіңізден жұрттың бәрі шағым айтады және шағым айтқандары дұрыс та. Тапсырманы созғылап, кейінге қалдыра бересіз, өздігіңізден ештеңені шешпейсіз. Сіз өз тарапыңыздан бастама көтеріп, екпінді жұмыс істеуіңіз керек қой. Ойлану керек қой!

Меңгеруші. Ойлану керек деу оңай.

Дауыс. Өз бетіңізбен жұмыс істеу жоқ сізде, түсінемісіз?..

Меңгеруші. Ол қалайша, жолдас Климов? Мен...

Дауыс. Өз бетіңізбен ештеңені де шеше алмайсыз. Былайша айтқанда, «ақылшы әжесіз» аттап баспайсыз. Ескертемін: егер жұмыс тәсілін өзгертпейді екенсіз, орныңыздан аламын.

Меңгеруші. Ау, мен, жолдас Климов...

Дауыс. Осылай. Сау болыңыз.

Меңгеруші. «Ақылшы әжесіз» дейді... (*Үстелге басы сылқ етіп құлайды*).

(шымылдық)

Дауыс. Сөйтіп, бейшара әдемі бір түс көреді.

Шымылдық ашылады. Сол кабинет. Жас сәбидің биік орындығында Меңгеруші ұйықтап отыр. Меңгерушінің мойнына аты жазылған сілекей жапқыш тағылған. Күтуші кемпір кіреді.

Күтуші кемпір. Көкешім!.. Тұратын уақыт болды, балақан. Жетер, бөпешім. Күн шықты. Қораздар әлдеқашан ку-ка-ре-ку... Тұр, жаным, нәм-нәм же. Қайырлы таң!

Меңгеруші. Әже!

Күтуші. Не, айналайын?

Меңгеруші. Көкем фу-фу дегісі келеді.

Күтуші. Мә, айналайын. (*Сигарет береді*).

Меңгеруші. Бер, бер, бер!

Күтуші. Тағы не, төтешім?

Меңгеруші. Бер тю-рю-рю... пых-пых.

Күтуші. А! Мә. (*Тұтатқыш береді*).

(*Ол шылым тұтатады. Орнынан тұрып, бір аттайды*).

Күтуші. Ол жаққа барма. Онда болмайды. Онда бжәй...

(*Әйел кіреді*).

Әйел. Кіруге рұқсат па, жолдас Погин?

Меңгеруші. Рұқсат дейік...

Күтуші. Апайыңа қолыңды бер. Әдепті болу керек. (*Меңгеруші Әйелге қолын созады*). Міне, солай... Бөпешім, көкешім...

Әйел. Өткен аптада мен сізге арыз берген едім... Соның жағдайын білуіме болар ма екен?

Меңгеруші. Мен әлі қарағам жоқ.

Күтуші. Ал сен арызын қара, ойластыр, ойлан... Басыңмен. Міне, мына жеріңмен. (*Ақырын ғана оның шұйдесіне ұрады*).

Меңгеруші (Әйелге). Күте тұру керек.

Күтуші. Неге күте тұрады? Өу, көкешім... Қимылдат қолыңды, қимылдат, ей! (*Меңгеруші үстелден арызды алады*). Е, міне... Бөпешім, көкешім. Енді тексер оны, әйтпесе апай жылап қалады.

Меңгеруші (оқиды). «Сұраймын...» Түсінбеймін.

Күтуші. Сұрайды. Сұрайды. (*Оған көрсетеді*).

Меңгеруші (оқиды). «Маған отын босатуыңызды сұраймын». Немене сұрайсыз?

Күтуші. Отын сұрайды... Отын... Ағаш... Апайың жаурап жүр... Ол тю-рю-рю... жылынғысы келеді... пых-пых...

Меңгеруші (қуанып). Пых-пых! Көке түсінді... Көкеш ақылды... Несі бар... Оны жасаймыз. Отын бізде бар... Тек сізді кезекке қою керек.

Әйел. Маған кезексіз беруіңізді өтінемін. Менің кішкентай балам бар.

Күтуші. Апайыңның бөпесі бар... (*Қолымен көрсетеді*). Апайға кезексіз жазып беру керек.

Меңгеруші. Оны кәйтіп істеймін?

Күтуші. Қолмен, қолыңмен. (*Меңгеруші оң қолын бұлғайды*).

Күтуші. Ол қолмен емес. (*Меңгеруші сол қолын бұлғайды*). Онымен де емес. Ал мынамен қол қою керек. (*Оның қалтасынан қаламсап әпереді*).

Меңгеруші (қол қоймақшы болады да, қаламсапты тыға салады). Бір айдан кейін кірерсіз, сонда резолюция жазып берермін.

Әйел (әбігерленіп). Бір айдан кейіні қалай? Мен отынды дәл бүгін алуым керек.

Меңгеруші. Но... мен оны келісуім керек.

Күтуші. Ал сен оны өзің шеш, өзің ұйымдастыр. Ойлан... Жас емессің... Қырықтың қырқасына шықтың... (*Меңгеруші жылайды*). Әлди, әлди әлбөпем! Жылама, бөпем, жылама.

Әйел. Менің емізулі балам бар... Өзім де ауырамын. Менің нервім... (*Сумкасынан беторамалын алады*).

Меңгеруші (*даусын көтерін*). Бөрінің нерві бар! Менің де нервім бар. Жұмыс үстінде менің нервіме тимеңдер!

Күтуші. Өйтпе, көкем!

Меңгеруші. Қайдағы біреулер келе береді екен осында!

Күтуші (*оның аузына емізік тыға қояды. Әйелге*). Сіз қам жемей-ақ қойыңыз, азаматша. Айтқандарыңыз дұрыс. Жарты сағаттан кейін кіріңіз — бәрі дайын болады. Ол қазір ұйықтайды, ұйықтап тұрған соң тиісті жұмыстың бәрін-бәрін шешеді.

Әйел. Рақмет сізге... Үлкен рақмет.

Күтуші. Ол өзі сондай жақсы, ерке... Тек ұйықтар алдында беймазалығы бар.

Әйел. Онда мен жарты сағаттан кейін кірейін. Үлкен рақмет. Сау болыңыз. (*Кетеді*).

Күтуші. Кіре ғой, жәнім, кіре ғой. Сәті бір түскенде! (*Емізікті суырып алады*). Әй-әй-әй-әй! Көке жақсы, көкешім қайырымды, көкешім мұқиятты, көкешімнің сана-сезімі бар. Апайлармен осылай сөйлесуге бола ма екен? Апай екінші ай сенің кабинетіңе тыпыл-тыпыл... Міне, осыдан кейін апай ағайға шағым айтады, ал ағай саған келеді — мүйізі бар ешкі келеді, ешкі келеді... Сүзем дейді, сүзгілейді, сүзгілейді... (*Меңгеруші шыңғырады*). Өлди, өлди, өлди-ай... Бір пәлеге қалды-ай...

(*шымылдық*)

Владимир ПОЛЯКОВ

СІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗ ҚАЛАЙ?

Дәрігердің кабинеті. Таразы. Клеенкамен жабылған диван, көз тексеретін сандар кестесі. Кішкентай үстел. Үстелде тіркеу кітабы. Шымылдық ашылған кезде қабылдаушы Дәрігер Жас жігітті тексеріп бола береді.

Дәрігер. Келесі кім?

Жас жігіт. Демек, мен жараймын ғой?

Дәрігер. Жарым-жартылай.

Жігіт. Түсінбедім.

Дәрігер. Міне, әңгіме сол түсінбегеніңізде. Сіздің көру қабілетіңіз нашар, шырағым.

Жігіт. Барлық әріптерді оқып бердім емес пе, қалайша нашар болмақ?

Дәрігер. Әріптерді оқуын оқыдыңыз, бірақ оның астарына көзіңіз жетпейді, көрмейсіз. Осы жағы өкінерлік. Ал тек әріптерді көру ол аз. (*Сестраға*). Былай деп жазыңыз: «Жартылай

жарамды. Көретін нәрселерді үнемі көре бермейтіндіктен, басшылық қызметке жіберуге болмайды». Қолдан келер көмегім жоқ. Келесі кім?

(Жігіт кетеді, жуан портфельді Толық адам кіреді).

Толық адам. Сәлем!

Дәрігер. Таразыға тұрыңыз.

Толық адам. Оған да тұруға болады. *(Таразыға тұрады).*

Дәрігер *(өлшейді).* Тоқсан екі килограмм.

Толық адам. Менің салмағым баршылық.

Дәрігер. Ал портфельсіз ше? Кәне, портфельді қойыңызшы! *(Толық адам портфельін орындыққа қояды).*

Дәрігер. Кәне. *(Толық адам таразыға тұрады. Өлшен).* Портфельсіз ешқандай салмағыңыз жоқ екен. *(Сестраға).* Вера, жазыңыз: «Түкке жарамсыз» деп жазыңыз.

Толық адам. Түсініңкіремей қалдым?

Дәрігер. Сіздің ешқандай салмағыңыз жоқ.

Толық адам. Мынау менің салмағым жоқ па?! Ха-ха!

Дәрігер. Даурықпаңыз, шуламаңыз...

Толық адам. Өте дұрыс, шуласам, басқа жерде шулаймын. Сонда сөйлесерміз де. *(Кетеді).*

Дәрігер. Келесі кім!

(Әйел кіреді).

Әйел. Сәлеметсіз бе, доктор. Мен докторларды сондай жақсы көремін. Менің өзімде де осы медицина саласында көптеген қызық таныстарым бар. Емделуді сондықтан да жақсы көретін болармын мен. Бірақ та жалпы көңіл күйім тамаша. Сіздің түсіңіз өте таныс маған. Сіз осы Ғалымдар үйіне барып тұрмайсыз ба? Онда менің бас администратордан бастап барлығы достарым. Ол бір кезде менің құрбымның ері болатын. Ол құрбым қазір жындыхананың директорына тұрмысқа шыққан. Олар жақында сонда көшіп алды. Аты Ляля, Ляля Шайкакова, ерге шықпай тұрып Никанорова болатын. Ал одан бұрын ерге шықпай тұрып Ковыленко. Білесіз бе?

Дәрігер. Тіліңізді көрсетіңіз.

Әйел. Сосын «а» деп айту керек қой?

Дәрігер. Сіз айтып қойдыңыз, жеткілікті. *(Сестраға).* Жазыңыз: «Тілі ұзарып кеткен». Енді жүрегін тексерейік.

Әйел. Шешінейін бе?

Дәрігер. Керегі жоқ.

Әйел. Қызық екен. Тағы врач дейді!

Дәрігер. Деміңізді алмаңыз. *(Тыңдайды).* Түсініксіз сырыл...
Жүректе бөтен біреулер...

Әйел. Қайдағы бөтен? Өзіміздің достар, жігіттер...

Дәрігер. Жүректің сырылы содан екен ғой. Жазыңыз:
«Жарамсыз».

Әйел. Кім ол жарамсыз?

Дәрігер. Сіз.

Әйел. Осы сөзді де еркек айтып тұр ғой, ө??!

Дәрігер. Мен врачпын, азаматша.

Әйел. Мен неге кенеттен жарамсыз бола қалдым?

Дәрігер. Жүрегіңіз жауыр боп, тіліңіз ұзарып кеткен. Кеуде
бос, суық жел еседі...

Әйел. Осы күнгі докторлар не болып кеткен! *(Кетеді).*

Дәрігер. Кім бар кезекте?

(Шляпа киген біреу кіреді).

Біреу. Мені неге шақырдыңдар? Менің жұмысым көп. Мен
үлкен маңызды істі шешіп жатырмын. Мені мазалау кімге қажет
болды? Қайдағы комиссия бұл? Бұл тексеріс қай тексеріс? Не
ойларың бар өзі?

Дәрігер. «Жарамсыз» деп жазыңыз. Сіз боссыз.

Біреу. Бұл қалайша — боссың? Менің қолым еш уақытта
бос емес. Шақырдыңдар, жұмыстан қалдырдыңдар — қараңдар
енді, тыңдаңдар.

Дәрігер. Біз сізді тыңдап қойдық. Кете берсеңіз болады.

Біреу. Бейкүнәсін өзінің. Мен жай кете алмаймын. Мен тек
зырылдаймын. «Жарамсыз» деген ұнай ма, мысалы, өздеріңе?
Осы уақытқа дейін ешкімге алдымды бермей келген маған... Енді
жарамсыз. Қандай себептермен? Қандай негізде?

Дәрігер. Негіз — танауыңызды тым жоғары көтересіз.
Айналаңыздағылардың демалатын ортасына зиянды иіс таратасыз,
қоғамымыздың алдыңғы қатарында болуға жарамайсыз.

Біреу. Мен жарамасам, онда барайын баратын жерге. Сіз,
әрине, қайда екенін сезіп тұрған боларсыз. *(Кетеді).*

Дәрігер. Мейлі, бара берсін қайда болса да. Алысқа кете
қоймас. *(Жапсырылған мұртын жұлып, халатын шешеді).*

«Бұл неткен көріпкел дәрігер?.. Өмірде мұндай болмайды,
бұл фантазия» дерсіз сіз. Қателесесіз. Мұндай көріпкелдік,
көрегендік — біздің өміріміз. Ол нашар адамдарды жаратпайды.
Міне, осы жерде халықтың өзі дәрігер-диагностик болады.

(шымылдық)

ДОН ЖУАННЫҢ ҮРІМ-БҰТАҒЫ

Сахнаға Қыз бен Жігіт шығады.

Қыз. Біздің ендігі көрсетпек пьесамыз ерлер мен әйелдерге арналады. Егер де бұл пьесада әйелдер атына мақтау айтатын болсақ, оны, әлбетте, заңды деп түсіну керек...

Жігіт. Ал еркектер, амал жоқ, өлтіре сыналып, күлкіге ұшырайды.

Қыз. Несі бар, о да заңды!

Жігіт. Сондай еркектің рөлін мен ойнамақпын.

Қыз. Сіз оған налымаңыз. Әйелдер де періштедей аппақ емес. «Оу, әйелдер, әйелдер, сендерді кім ғана ойлап тапты екен?» деген екен Шекспир. Ол бекерден-бекер олай демеген болар. Шекспир өз сөзін желге лақтыратын адам болмаған. Тоқетерін айтқанда, әйелдер де кемшіліксіз емес! Бірақ сіздерде, әрине, әртүрлі жағымсыз қылықтар толып жатыр. (*Жігіт кетеді. Көрермендерге*). Әңгіме былай болған еді. Оңтүстіктің жазғы экзотикалық көрінісін көз алдарыңызға елестетіңіздер: кипаристер, пальмалар, цитрустар. Бұталардың арасында шегірткелер шырылдап жүр. Ал ағаштардың саясындағы орындықта жас сұлу келіншек отыр, ол, кешірерсіздер, әрине, мен. (*Скамейкаға отырады*). Міне, осы кезде ер кісі пайда болады. Өлгі әжуа етуге жарайтын кісілердің түрінен.

(*Жігіт шығады. Отырған Қыздың қасынан бір өтеді, екі өтеді, сосын қасына отырады*).

Жігіт (*паузадан соң*). Кино деген ғажайып нәрсе өзі! Залда отырасың, ал экранда не болып жатқанын құдай өзі білсін. Жаңа домнаның іске қосылуы, біреудің бес бала тууы және әншілердің Сочидегі конкурсы. Сосын көркемсуретті фильм. Махаббат, сезім, проблемалар... Кино деген ғажайып нәрсе, солай емес пе? (*Қыз үндемейді. Жан-жаққа, жоғары қарайды*). Ия-а, жұлдыздар, планеталар... Қалай әлгі? Қосмос. Ғылым байғұсқа обал. Нелерді ғана ол зерттемейді? Спутниктерді де ұшырып жатыр, Шолпанға да жетті, бірақ әлі күнге дейін онда өмірдің бар-жоқтығына көздері жетпей жатыр. Байғұс ғылым. Біртүрлі оған жаның ашиды, дұрыс па? Сіздің жаныңыз аши ма? (*Қыз үндемейді*). Бұл адамдардың ойлап таппайтындары болсайшы! Ракета, ә? Континентаралық... жо-жоқ, континентаралық... Тіпті тілің келмейді. Ал сіздің тіліңіз келе ме? (*Қыз үндемейді*). Көрдіңіз бе, сіздің де тіліңіз келмейді! Сіз бен біздің спутниктерімізді

ұшырып жіберіп, олар бір-бірімен түйісу жасап жатса да, тілге келуіміз қиын. Иә... (*Пауза*). Кеше мен концертте болдым. Кім еді әлгі?.. Әлгі мексика әндерін аргентин тілінде айтатын әнші кім еді?.. Сол айтты... (*БІңылдайды*). Кім еді сол?.. Есіңізде жоқ па? (*Қыз үндемейді. Пауза*). Ия-а-а... Мынау ауа райын-ай, ө? Осындай да бола береді екен-ау. Жақсы... жақсы отырмыз, жылы, құрғақ, оңтүстік. Ал қайбір алыс жерлерде осы кезде қар жауып жатыр. Бұл жерде плюс жиырма үш, ал онда минус он бір. Табиғат демексіз ғой сіз. Ал мен, табиғат ол да... былайша айтқанда, мейлі табиғат бола қойсын, бірақ жалпы және толық алғанда пәлендей анаусыз... несіз емес... деймін... Сонда сіз не дейсіз... Не? (*Қыз шыдамдылықпен үндемейді*). Айтыңызшы, ана жақтағы пароход па, әлде катер ме?

Қыз. Катер.

Жігіт (*қуанып кетіп*). Дұп-дұрыс! Дұрыс! Молодец! Өзінің көрген нәрсесін дәп-дәл айыра алатын қызды бірінші рет кездестіріп тұрмын.

Қыз (*кенет*). Сіздің әйеліңіз бар ма, соны айтыңызшы?

Жігіт. Не?

Қыз. Үйленгенсіз бе?

Жігіт. Кім?

Қыз. Сіз.

Жігіт. Мен бе? Әрине, жоқ. Хм... Жалғызбын, түсінесіз бе, жалғызбын. Шынымды айтсам тапқан жоқпын әлі...

Қыз. Тапқан жоқсыз?

Жігіт. Дәл солай. Ол неге? Өмір сүресің, жұмысқа жан-тәніңмен берілесің. Былайша айтқанда, ақтық күшің қалғанша еңбек етесің. Сондықтан өз бақытыңды іздеп табуға уақытың қалмайды.

Қыз. Ұят емес пе сізге? Мен сіздің әйеліңіздің құрбысымын ғой. Осы жақында ғана үйлеріңізде болдым. Сонда әйеліңіз бізді таныстырған.

Жігіт. Не-е? Сіз? Біздің үйде? А-а, иә, әрине, есімде! Қалайша. Мен сол себептен де, хе-хе, сізбен сөйлесіп тұрғаным, бейтаныс әйелдермен сөйлесетіндей мені жын ұрды дейсіз бе? Құдай сақтай көрсін! Жоқ, мен сізді бірден таныдым, бірақ сіз танымай қала ма деп қорықтым. Сонда менің түр-әлпетім қалай болар еді, ө?

Қыз. Сөйтіп, ұмытпапсыз ғой, ө?

Жігіт. Онысы несі! Қалайша!

Қыз. Ал балаларыңыз қалай?

Жігіт. Балалар? Балалар шауып жүр. Біреуі оқып жүр, біреуі керісінше оқымай жүр. Әрине, бар күшіңді аямай салып тәрбиелейсің. Иә-ә... Жоқ, мен сізді бірден таныдым.

Қыз. Бірден?

Жігіт. Әрине. Келе жатсам — түсі таныс! Әйелім таныстырған.

Қыз. Онда былай, қадірлі жолдас, мен сіздің әйеліңізді де, балаларыңызды да білмеймін, ал өзіңізді өмірімде бірінші рет көріп тұрмын.


Жігіт. Қалайша, ал?..

Қыз. Сіздің өтірік айтып, сандырақтауыңыз ашуға тиеді... Әйеліңіз, бала-шағаңыздан бір айға бөлек кеткенде демалып, емделудің орнына, біртұтам құйрығыңыз жай таппай, басқа әйелдермен әмпей-жәмпей болғыңыз келеді! Тьфу! Дон Жуанның үрім-бұтағы! *(Тұрады да кетеді).*

Жігіт. Кетіп қалды. Ия-а... Тұтанбады! Несі бар екен, «Дон Жуанның үрім-бұтағы» болса! *(Қыздың артынан).* Қылымсыған өзің емес пе!

(шымылдық)

Өлеңдер



АҚ ТАМШЫ СЕЗІМ СӨТТЕРІ

Балауса жастық шақ — дарынды шақ! Бар өнер желігі — өншілік те, ақындық та сол шақтан. Сондай желіктің қанатында болған едім мен де. Бозбала кезде — мәңгілік алысқа көсілген заманда!

Армандау, қиялдау, еліктеу, екпіндеу, үміттену...

Міне, мынау — сол лүпіл-лүпіл сезімдер мен ой-талпыныстарының іздері іспеттес топтамалар. Алыстан талмаурап жеткен сағыныш әуендері секілді. Еріксіз елеңдеп құлақ түремін, шырамыта танып, көз жүгіртемін осы бір аңқау да сенгіш, биязы да ырғақты жолдарға!

БҮЛ ӨМІРДЕ...

Керегі жоқ маған алтын,
Керегі жоқ саған да.
Нан пісірген алақаның —
Бар бақытым аңсаған.

Алтын, күміс — темір олар,
Қымбат емес сезімнен.
Ақшаға тек қалта толар,
Қарын тояр кезімен.

Заман келді — базар заман,
Сатып ал тек сата бер.
Билік айтар қайбір жаман,
Қайбір жаман сатады ел.

Қалташылар, ақшалылар,
Жезөкшелер билейді.
Партияшыл мақтанқұмар
Мылжың сөзді илейді.

Керек емес маған алтын,
Байлық маған жұқпайды.
Қайбір таныс қарап салқын,
Үйіме бас сұқпайды.

Көп қабатты үй салғам жоқ,
Жетер нанға тапқаным.
Доспын деген талай жігіт
Үнсіз-түнсіз жатқаны.

Қайда кеткен ағайындар,
Қайда кеткен жанашыр?
Аяп па ем талайынан
Жанұямның панасын.

Қайта, шіркін, келсе заман
Байлық теңдей бөлінер.
Түсер еді-ау талай жаман
Әділ соттың жөніне.

* * *

Кетемін сенен, ауылым,
Шаршадым әлсіз күйбеңнен.
Кеудемде өмір дауылы,
Тағдырым алға сүйреген.

Өзіңе артар өкпем жоқ,
Әр уақыт ашық құшағың.

Азамат сынын өткем жоқ,
Іздену — менің бұл шағым.

Болашақ жолым — төуекел,
Көңілім алып-ұшады.
Ұзақ та жүріп төу етем,
Еліме — Бақыт құшағы.

1965 ж.

* * *

Таң атып келеді,
Таң тынысы неткен, шіркін, кең еді.
Ұйқылы-ояу ақ алтынды далаға
Күн нұрын себеді.

Алқапқа мақталы
Келе жатыр ыстық күннің аптабы.
Айырылысарда назбен қарап құрбыжан,
«Қош!» деп тіл қатпады.

Аттанып барамын,
Мақта құшқан күйі қалды бала күн.
Үміт алда... оралмайтын осы шақ
Түс қой есте қалатын.

1965 ж.

* * *

Айлы түн...
Адырдағы ауылда...
Кеуде толған сағынышты
Ұқсатамын піскен шырын қауынға...

Кейде адамды билеп кетер салқын мұң,
Жарып шықпай жыр кеудеде бұлқынып...
Сабыр етші, тынышталшы, жарқыным,
Түн де өтер, таң да атар, күн күліп...

Салқын түн,
Шегірткелі қыркүйек...
Ұйқы қашып дөңбекшимін,
Қиял құшып, бірде тоңып, бірде күйіп.

Кейде адамды билеп алар қуаныш,
Жан дүниеңе аппақ таңдай нұр құйып.
Көз қиығы оның салған жұбаныш,
Тұрған кезде өкпе айтып бұртиып!

1966 ж.

* * *

Қайтіп саған білдіремін
Жүректегі дірілді?
Түбінен шорт кесіп алған
Сияқты ғой тілімді.

Бәрін-бәрін түсінемін,
Түсінесің сен өзің.
Оқтын-оқтын күрсінесің,
Жаутаңдайды тек көзің.

Өп-әдемі менің кеудем,
Сырға толы сәулелі.
Жайша сөзбен олай деуге
Тілім жетпей өурелі.

Сезім тулар алып-ұшып,
Сәл ашылса ерінің.
Бұға айналып арман құшып,
Барам қайда желігіп?!

*Ленинградта Салтыков Щедрин атындағы кітапхананың
(«Публичка» дейді) ондаған залдарында кітап оқып отырған
мыңдаған адамдарды көріп таңғалдым. Сөйтіп, бос уақыттың
бәрін осында өткізуге ынтық болдым.*

ОҚУ ЗАЛЫНДА

Жақтырмайтын дабыр-дұбыр сөздерді,
Көрдім кітап сүзген сансыз көздерді.
Қадалады ақ қағазға нұр төге,
Өрқайсысы бір дүние, бір төбе.

Қатарласып отырғаны болмаса,
Өр адамның жан дүниесі — ол таса.
Жер де, Ай да су түбінде жүреді,
Өз орнында соғады тек жүрегі...

Ғашығыма асыққандай сарғайып,
Жүгіремін осында мен әрдайым.
Кітаптардан жақсы ақыл, жақсы ой,
Өздерінше қорытқаны жақсы ғой.

1966 ж.

* * *

Айналайын, жақсысың сен, бал қызсың,
Біз — он жігіт, арамызда жалғызсың.
Жанға жағар әдемі еркелігің,
Онымызды он бөлек ерітеді үнің.

Көңілдісің — біз дағы көңілдіміз,
Қабағыңда кірбіңнен сезілер күз.
Көз тастасың бар сырды ұқтырғандай,
Сол қараста молшылық, құт тұрғандай.

Ақ сезімің ортақтай бөрімізге,
Біздегі шын достықтың сөнін үзбе.
Онымыз да сүйеміз он жүрекпен,
Қарағайсың бөріне шын құрметпен.

Айналайын, жақсысың сен, бал қызсың,
Біз — он жігіт, арамызда жалғызсың.
Тек сезімің он саққа бөлінбесін,
Бір бақытты отаудың төріне сің!

1966 ж.

* * *

Ағаштар... ақ бұлт,
қалғаны көңілімде
бір сәтке қалт тұрып.
Шуаққа елжіреп жүрегім,
елітіп ессіз тұр едім;
желп етіп басталған жел тағы
оқыстан зу етті,
алып кеп өзімен өзгеріп
бұл жатқан өмірдің
көшпенді суретін.

1966 ж.

* * *

Көшені толтырып,
түседі жапырақ сарғайған.
Құйындап жел үріп,
көтерер қазанын шаң айдап.
Қаланың үстімен
жүзеді бұлттар керуені,
есіме түсіріп
балалық бал өмір серуенін.

Кенеттен жым болар,
жым болар құйын да, шуыл да.
Төп-төтті кеудеге жыр толар,
Күн нұры шағылысып,
асфальттың бетіне жуылған.

1966 ж.

* * *

Жалғыз бүгін араладым паркті,
Бұйықтыра бүркеп алған алғаш қар.
Сидан бойлы әлсіз діріл қағып тұр,
Айналада жапырақсыз ағаштар.

Буға айналған қара күздің шуағы...
Шулап жатыр, көне, шіркін жазғы сән?
Қымтанып ап сағыныш түс қуады,
Талмаурайды алыстан бір сазды өн.

Қатқылданып қаспақтанған су бетін,
Қалқалайды қуаң құрақ жалбырап.
Дымқыл иісті сұп-сұр өмір суреті,
Мұзға айналар аяз демі шарпып ап.

1966 ж.

* * *

Аққайың, әдемі аққайың,
Сыбдыр-сыбдыр сырласатын самалмен.
Сендей қызға алғаш рет
ғашық болған бар жайым.

Құпиямды жаяйыншы алдыңа,
Сырымды ұқ,
Аққайыңым, қалғыма,
Дәл осылай сырласпадым онымен...

Ары-бері кеттік тағдыр жолымен,
Бір жағынан бақыттымын, бір жағы
Өкінішім көкіректі тұр жарып...

Аққайың, айнымас аққайың,
Сымбатыңа төнті болған бар жайым.

1966 ж.

АЛТЫБАҚАН ЖЫРЫ

Жүректерде жыр тасқындап,
Ғажап түнде қыр астында.
Алтыбақан тептік біздер,
Шырқап алыс кеттік біздер.

Ей, жігіттер, тербете түс
Аяулыммен екеумізді.
Биігірек өрлете түс,
Биігірек жеке бізді.

От лаулайды ортамызда
Армандардай көңілдегі.
Аспанда — Ай, ал таң ұзақ,
Сиқырлы өн төгіледі.

Неткен сұлу бүгін қыздар,
Қара пүліш мынау түнде!
Неткен сұлу аққайыңдар,
Кетті айналып басым мүлде.

Ей, жігіттер, тербете түс
Аяулыммен екеумізді.
Биігірек өрлете түс,
Биігірек жеке бізді.

1966 ж.

* * *

Кеше — көктем, бүгін — қыс,
Қар басыпты даланы...
Ерте көктем бүлінгіш,
Ерте көктем — бала үні.

Кеше қара жер беті,
Бүгін аппақ жамылған.
Кеше сергек жер беті,
Тыныштыққа бас ұрған.

Бүгін неткен көңілсіз?
Ертең — көктем, бүгін — қыс.
Жыр тумайды сезімсіз,
Бар болмысым түңілгіш.

Мұзды ерітіп сірескен,
Күн қызса екен ертерек.

Қуып шықса кеудеден,
Күйбең күйді желкелеп.

Ертең — көктем, бүгін — қыс,
Қар басыпты даланы...
Ерте көктем бүлінгіш,
Ерте көктем — бала үні.

1966 ж.

К.БРЮЛЛОВ. «ПОМПЕЙДІҢ АҚЫРҒЫ КҮНІ»

(полотно)

Таусылмас уақыт із салған,
Жалғаса берер жоғары.
Сүйреген оны тек арман,
Шаршап бір көрген жоқ әлі...
Сондай бір арман елі еді
Салтанат құрған сәнімен.
Помпейде қызу өмір бар...
«Арудың салған әніне, —
Дегендей, — бір сәт көңіл сал!»
Жұмақ па дерсің Помпейді,
Үйлері ақ тас еңселі.
Жыл емес, күндеп көркейді,
Білгендер «Бұл шаһардың
теңдесі жоқ!» деседі...
Аспанға шапшып жалыны
Бір түні вулкан оянды!
Лап қойып лава қалаға,
Сағызға қара бояды.
Айқай-шу:
«Бауыр қайдасың?!
Бөріміз бір қандаспыз!..»
«...Қайдасың ана, қайдасың?!»
«Бірі аға, бірі қарындаспыз!»
...Қарт өке анау, жалынып:
«Кетіңдер тастап!» — деп еді.
Көтеріп алған бір топ жас
Тастауға оны көнбеді...
...Бір шетте жатыр мерт ана,
Ақ сәби отыр қасында.
О, тоба, ол да қайрат қып

Көрсетпейді көз жасын да,
...Осылай Помпей ақырын
Суретші сырмен салыпты.
Алапат-апат көрінісі
Полотно бетінде кеуіп қалыпты.
Бұл жарық жаһан дүниеде
Табиғат күші теңеусіз.
Жазбаса Помпей тарихын,
Қалар еді мәңгі елеусіз.

1966 ж.

КЕЗДЕСУ

Сені қашан көріп ем,
Бүгін тағы кездестім.
Кеудемде сонда лаулаған
Қып-қызыл отты сезбепсің.

Жоғалттым кенет сәуледей,
Шарқ ұрды іздеп жүрегім.
Кетіп ең сонда әурелеп,
Таппақ боп кезіп жүр едім.

Тағдырым сыйлап қуаныш
Тағы да саған кез етті...
Қалыпты сезім тым алыс,
Бұл өмір қалай тез өткен?

1966 ж.

КҮЗ

Сағынышпен сарғайған ағаштар бульварда
тыныштыққа бас қойған рақатпен.
Күй жоқ жазғы ырғалған...
Түсіп жатқан жапырақтар
бейне, арманды
махаббаттан тек құпия сыр қалған.
Кешкі шұғыламен аспанда
құлпырады бұлттар
легімен сән түзген.

Кенет... жел — дүние тас-талқан,
Дүние — қауқарсыз көшкін,
жауапсыз сезім сияқты
бөрінен үмітін үзген.

Тағы да тыныштық,
лажсыздық... тұншықтым мен.

Сыңсиды жаным сарылып —
Қайдасың, айтшы, қайдасың,
Көктемгі күндей күлкіңмен?!
Ал паркке келеді еніп
Көрі қыс, өне, күркілдеп.

1967 ж.

КӨКТЕМ — ӨМІР

Жер беті бусаң... қырбақ қар...
Боянар көктем күн санап.
Үй жаны —
Әжем құрғақта,
Сабаумен отыр жүн сабап.

Ойнайды сәуле жүзінде,
Шуақтан жылы жанары.
Тамшыдай еді үзілген,
Армансыз өнін салатын.

Қос сабаудың дүрсілі —
Шабысы-ау аппақ асаудың.
Ғұмыры өтті күрсініп,
Сәске түстен жас ауды.

Өмір-өзен тізбегі —
Қызыл-жасыл жалаулар.
Бақытын көппен іздеді,
Бақытпен жанды алаулап...

Көз жетпес өткен ғұмырға...
Әжем жоқ енді жүн сабар.
Әжемнің жаны жұмақта...
Жер беті бусаң, қырбақ қар.

1967 ж.

* * *

Ауылдың айлы кеші,
Мен тұрмын жалғыз...
Алыста қырдың төсі,
Терек тұр мынау қалғып.

Арманда жазғы әлди,
Көшеде шамдар үнсіз.
Әр жұлдыз бейне әр үй,
Сағыныш жоқ қой түнсіз.

Көзіме жас кеп кенет,
Қарадым алыс шекке.
Қасымда жалғыз терек,
Ол дағы қалғып кеткен.

Білмеймін, қандай тағдыр
Жазылған маңдайыма.
Атойлап жаным албырт,
Жолүсті талмаймын ба?

1967 ж.

* * *

Бір сәтке еске түскенде күзгі
Бейнесі ауылдың,
Сезінем сылбыр, жып-жылы сызды
Сыбдырын жауынның.
Сағынам сонда жатаған үйдің
Будақтап шыққан түтінін.
Сағынам сол бір
Бейкүнә жүрген шағымды.
Сағынам сені,
Балалық шағым, үкілі!

Бір сәтке еске түскенде күзгі
Бейнесі ауылдың.
Сезінем жұмсақ пәлектен үзген
Саф иісін қауынның.
Сағынам сонда егінжай салған
Даланың жұпар ауасын.
Сағынам бәрін —
Сағынам өмір бойында,
Таппадым оның дауасын.

1967 ж.

ЖІГІТ ӨНІ

Күлімдеген көзің жақсы
От шашатын әр уақыт.
Ойымда не, өзің тапшы,
Ойлануға бар уақыт?

Қандай әсем жаздың түні —
Сенің қара шашыңдай.
Айналайын, сырыңды айтшы,
Қалмасыншы ашылмай?

Сүйетінім рас, рас,
Жүрмін ғой тек айта алмай.
Таста мені, мейлі қыр ас,
Жүрме кейін қайта алмай.

Дәл өзіндей мен де өрмін,
Аяғыңа жығылман.
Жүрегіме үңіл, көргін,
От сезімнен жылынған.

1967 ж.

ДИРИЖЕР АҒАҒА

Бізді қайда ертіп барасыз,
Жүректердің дірілі қолыңызда?!
Күй суретін мөлдірге саласыз,
Мәңгілікке шалқып тұрар жолымызда.

Кеудемізде қуаныш —
Қол соғамыз талмай.
Тілегіміз:
Болмасын бұлаққа су алыс,
Арманымызбен бірге кетсін шалғай.
Баршаны бағыттап сілтеңіз
Соңынан Құрманғазының.
Күйі оның дауылды теңіз —
Мақсатымыз,
Мақтанышымыз, Жігеріміз!

1967 ж.

ТОСТ

Мейрам күн еді,
Кафеге жиналдық.
Бөрі көңілді, бөрі күледі
Шарықтата қиялды...
«Кімдер жоқ?.. Бастаймыз!
Созылып жүреді-ау қазақтар...»
«Шөлмекті қыз деген ашпайды,

Көз сүзіп түспеші азапқа...»
— Ал, көне, не үшін
Көтеріміз достар?
Табыс,
Өмір,
Бақыт үшін
Көтерілді кезегімен тостылар.
Бірақ олар үйреншікті сөздер ғой...
«Тағы неге арнап?»
Тұнып қалды көздерде ой...
Ойланатын не бар, замандас,
Келіндер, бүгін еркіндеп, күшейіп,
Бабалардың рухы үшін ішейік!

1967 ж.

* * *

Студенттер сөзге, сірә, тоя ма,
Бастап берші әңгімені бір қызық.
Ел туралы сөйлегенде қоя алман,
Қызыл тілді таңдайыма сыйғызып.

Студенттер сөзге, сірә, тоя ма,
Шамасынша туған жерін мақтайды.
Сөздерінде жоқ жалғандық, бояма,
Сын айтсаңыз көңілі қалып жатпайды.

Маған тисін қарасөздің кезегі,
Кең даланың төсін басқан табаным.
Бар тарихты бөдәуидей кеземін,
Ерліктерін жалау етіп бабаның.

Сыңар кетпей салайықшы ақылға,
О, қазақтар, арыдан-ақ ұлысың!
Талай жойқын отырғызды тақырға,
Қырғын көрген амандықтың құнысың.

Жас болсам да түсінемін сырыңды,
Ойланамын... үнсіз келем... болды кез!
Ыстық жаспен сүйгені үшін қырыңды,
Жұтты неге сұңқарларды сол бір кез?

Ол сұраққа жауап бермес бір адам,
Ол сұраққа жауап іздер бар ұрпақ.

Көп жүректер, көздер тұрар жылаған,
Шексіз жаза жүргендерге ар ұрлап.

Бітті,
Өзімді алайыншы қолыма,
Кеудемде бар өмір сепкен нұр тамшы.
Уа, еліме, намысыңның жолында,
Өмір бақи қарауыл боп тұрсамшы!

1967 ж.

Ленинградта оқып жүріп, «Қазақстан студенттерінің жерлестігі» қоғамдық ұйымының жұмысына белсене араластым. Қоғам кеңесінің төрағасы электротехникалық институтының студенті Сәрсенғали Қоспанов деген досым болды. Ол институтты бітірген соң сол Ленинградта қалып қойды да, әлі күнге дейін қазақ диаспорасы ұйымын басқарып келеді.

«Жерлестік» жанынан өнерлі жастарды жинап, ансамбль құрдық. Менің негізгі атқарған жұмысым осы ансамбльдің көркемдік орындаушылық жағы болды. Ансамбльге «Арай» деп ат қойған, оның концерттік афишасының логотипін және бағдарламасын да ойластырып құрастырған мен едім. Ансамбльде конференсье болдым, ән де салдым. Сол кездегі дүниежүзіне танымал әншілердің әндерін орындадық. Мысалы, француз әншісі Энрико Масиастың бірнеше әндеріне қазақша текст жаздым. Оны ансамбль болып орындадық.

«Біздің елдің қыздары», «Сенсіз сүрген өмір», «О, гитара» сияқты әндердің мынау есте қалған жолдары еді.

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ҚЫЗДАРЫ

Алыстағы елдерде қыз сұлу дейді,
Бірақ біздің қыздарға еш тең келмейді.
Біздің қыздар — қара көз, гүл ерінді,
Өсемдікке бөлеген туған жерімді.

Айналайын, мөлдіреген қара көздерім,
Болашағым, бақытым — жалғыз өздерің.

Бақыт деген немене, білесіздер ме?
Бақыт деген ал қызыл күлім жүздерде.
Ауылдағы қыздардың қиғаш қасында,
Ол қыздардың тоқыған алашасында.

Айналайын, мөлдіреген қара көздерім,
Болашағым, бақытым — жалғыз өздерің.

1968 ж.

СЕНСІЗ СҮРГЕН ӨМІР...

Ертегі әлде
Түсіме кірген елес пе?
Ес жиып енді көз салсам,
Кетіпті ол кез келмесе.
Тұйықта көңілім,
Көңілім қалған қарайып.
Дүние сүрең қызықсыз,
Сергелденде сезім сарайы.

Өзгеріп кетті-ау айнала
Ешкімге керек еместей.
Сүймеймін күнді
Мәңгі жайнаған.
Өте ме өмір осылай?
Тұрмайды түкке
Дүние мынау
Өзіңсіз.

«Кінәм жоқ!» дейсің...
Менде ме еді бар кінә?...
Себебін іздеп әуремін,
Себебі — сол бір би кеші!
Биледің менсіз
Көңілің ауған басқамен!
Құса ғып сонда өмірден,
Сезімімді таптап тастап ең!

Өзгеріп кетті-ау айнала
Ешкімге керек еместей.
Сүймеймін күнді
Мәңгі жайнаған.
Өте ме өмір осылай?
Тұрмайды түкке
Дүние мынау
Өзіңсіз.

1968 ж.

О, ГИТАРА!

О, гитара, гитара!
Ән салшы маған бүгін.
Сүйгенімнің жүзін көрмей

Өлі мен алыс жүрмін.
Сезімімді аялашы,
Шуаққа бөлей
Шырқа, көтер көңілді.
Жүрек отын үрлей түсші
Тұрғанда сөнбей,
Сүйемін мен өмірді.

Қайырмасы:

Тұңғиық аспанда Ай қалқып,
Бейнесі көлде шайқалды.
Жырлашы,
Тек үнсіз тұрмашы,
О, гитара, мұңдасым!

О, гитара, гитара!
Үніңді аңсап жүр едім.
Сен мұңланып жырлағанда
Сыздап салар жүрегім.
Сұранарым: көңілденші,
Жарқылда, жаным!
Шуақ шашсын күндерім.
Кеудеме орнап мәңгі көктем,
Сарқырап ағын,
Алыс барсын үндерім!

Қайырмасы:

Тұңғиық аспанда Ай қалқып,
Бейнесі көлде шайқалды.
Жырлашы,
Тек үнсіз тұрмашы,
О, гитара, мұңдасым!

1968 ж.

ҒАШЫҚ ЖҮРЕК

(Болгар әншісі Лили Иванованың репертуарынан)

Дүк-дүк-дүк соғып,
Қуанышқа толып,
Аласұрды жүрек
Кенет сені көріп.
Дүк-дүк-дүк соғып,
Ысып, бірде тоңып,

Ғашық болды жүрек
Ақ сезімін төгіп.

Қайырмасы:

Ендігі ғұмыр өзіңмен, жаным,
Кеудемде орнар төзім мен жалын.
Ғашық жүрек
Сені күтеді.

Сенсің жалғыз арман,
Сенсің жалғыз арман.
Қайда жүрсең алыс,
Сүймесең де қалман.
Сенсің жалғыз арман,
Сенсің жалғыз арман.
Сенші, жаным, сенсіз
Бұл өмір жалған.

Қайырмасы:

Ендігі ғұмыр өзіңмен, жаным,
Кеудемде орнар төзім мен жалын.
Ғашық жүрек
Сені күтеді.

1968 ж.

ҚОЗЫЛАРЫМ

(әзіл ән)

(«Арай» ансамблінің Гурьев облысындағы гастрольдік
сапары репертуарынан)

Қойлар байғұс қозылады,
Қозылады жылдағыдай.
Сөйтіп жұрттың көзін алды,
Көзін алды жылдағыдай.

Қайырмасы:

Айым менің, қозыларым,
Күнім менің, қозыларым!
Қозы, қозы, қозыларым!
Дүниеге келіп алып,
Барша жұрттың көзін алдың,
Қозы, қозы, қозыларым!

Өстің, қозым, әдемі боп,
Қойшылардың әлегі боп.
Өстің, қозым, сен тірі боп,
Зав. фермаға елтірі боп.

Өстің, қозым, семіз болып,
Серігіңе егіз болып.
Өстің, қозым, орта болып,
Мал доғдырға сорпа болып.

Қозым өсе тоқты болдың,
Өміріңде көпті көрдің.
Зоотехник бірде келіп,
Бесбармаққа алды теріп.

Қозым, өсе қой да болдың,
Бастықтарда ойда болдың.
Бас бухгалтер шотқа салды,
Шоттан алып отқа салды.

* * *

Ақын болсам дегенмен,
Аз нәрсеге үмітім.
Кейде шабыт келгенмен,
Жеңіл-желпі жүгі тым.

Ақын болам деу үшін
Ой-зердем кең болса екен.
Шабыт деген әр уақыт
Жүрегіме толса екен.

* * *

Күліңдер маған,
Күліңдер маған.
Өлі де баласың деп
Мен де күлемін.
Себебі білемін,
Жігітіңді бала деп
Өмір бақи бағасың деп.

Сөйлеңдер жөнсіз,
Жастарға барша
Сөздерің сөлсіз,
Сөздерің сөлсіз.
«Болашақ сендердікі!»
Десең де қанша.

Бір кітап оқыт бөріне,
Бір өн жаттат бөріне,
Бір тұлғаны мақтат бөріне,
Тыйым сал бөріне,
Тап болғанша ғасыр кәріне!

1968 ж.

* * *

Шаттық думан секілді
Өткен уақыт сағым боп.
Жүрегім көрді жетімдік,
Жүрегім қалды жалын боп.

Бақытты едім өзіңмен —
Өмірдің сенсіз дәмі жоқ.
Енді көрер күндердің
Одан артар сәні жоқ.

* * *

Жан сәулем, қасымда
Кішкентай құс едің.
Сезімін жасырған
Мен үшін түс едің.

Айырылды жолымыз —
Ол үшін кеш мені.
Ес-түссіз сүйіп ем,
Жүрегің шешпеді.

Сүйсіз алғы өмір
Өтсе де мейлі енді.
Бос қалған кеудемде
Сақтаймын бейнеңді.

1968 ж.

* * *

Ары-бері өткенімде қасыңнан
Тұнжыраған қабағыңды көремін.
Су себілер көңіліме тасыған,
Көзімдегі бар қуаныш сөнеді.

Оған себеп — өзіңсің,
Маған керек — өзіңсің,
Таста, жаным, қайғыны,

Бақыт ойнап жүзінде
Кездесесің қай күні?

Неге екенін түсінбеймін өзім де,
Қиналамын жүргеніңде мұңланып.
Жұбатарлық айтуға жоқ сөзім де,
Тек сыртыңнан телміремін ұрланып.
Оған себеп — өзіңсің...

1968 ж.

АБАЙ — БАЗАР

(Келес ауданы)

Тізеден болса да лайың,
Тізерлеп алдыңа бас иіп,
Бас иіп құлайын,
Абай — базар,
Абай — базар.

Қонақ боп Питерден келіп ем,
Өзің боп ән айтып мәңгілік,
Кеттім ғой араласып еліңмен,
Абай — базар,
Абай — базар!

АНА

Алыстан қарамды көргенде,
Малтығып,
Малтығып шығасың,
Алқынып,
Алқынып шығасың
Алдымнан.

1969 ж.

АЙТШЫ, МАХАББАТЫМ!

Қолым босағанда
Қыдырамын бабаларым мекендеген жерді.
Көргім келеді өз итімнің жатқанын
өз босағамда.
Өлі де болмаса еркім,
қайтейін, махаббатым?

Әлі де сүйіспендік жетпесе,
Бойыма жат болса бабалар серті,
Сыбағалы орнымыздан орын теппесек,
Қайтейін, махаббатым?
Мекенімде бар ауруым, бар ойым,
Сонда да көрмегендей сезінем
Ғасырлар бойы.
Жеттік пе азамат аталу кезіне,
Ойлашы, махаббатым?

Кесіліп тасталыпты бәйтеректер,
Біз шығыппыз түбірлерден.
Ұқсасақ та май желекке,
Шалқымаймыз, тек шилерміз
Өзді-өзімен күбірлеген,
Неге, махаббатым?

Жаңғырта дауыс салар ем,
О, тоба, оған да үйретпеген!
Көрмеймін — көрсем де
Көзім де қара мең.
Жүрегім соғады күйгелекпен,
Неге, махаббатым?

Көзбен емес,
Жүрекпен көремін
Бәйтеректер көп кесілгенін,
Әйтпесе далам
Осынша бос бола ма?
Сөздері енді қалған есілдердің
Ендігі ұрпақтарға хош бола ма,
Айтшы, махаббатым?

1968 ж.

* * *

Қайда менің босағам,
Қайда?
Жаным менің асфальттанған бос алаң.
Бос алаңда ескерткіш...
«Басқаша жаратыл, сен!» десе
Көнер ем.
Бәріне көнер ем —
Бос болса тек басқалардан босағам!
Ал жаным қазір — бос алаң...

1969 ж.

АЛТАЙ БАУЫРЫ

Жүрегімнің бір шеті —
Алыстағы сағынышым!
Келіп түстім бауырыңа
От болып жану үшін.
Келіп түссем, сіркіреген жаңбырың да —
Сағынышпен қарсы алғандай анашым,
Көздеріне жас алғандай анашым.
Күзгі жылы лебіңменен
елжіретіп барасың.
Қайтемін енді,
Қайтемін енді?
Ер болсам да таса жерді табайын,
Көкіректе махаббатты — ыстық жасты,
Білдірместен сығып-сығып алайын...

1969 ж.

* * *

Талантты адамдар
Танығысы келсе өмірді шын,
Табынып қаламға
Жылы бұрышта отырмасын.
Жоқ емес кітап жазып,
Белгісіз жүргендер!
Олардың өлеңі:
Қыс болса — ақ қар да,
Кеш болса — шам боп сөнеді...
Жоқ емес кітап жазып,
Елсіз жүргендер!
Оқып жүрміз
Рақат — айқай жырларды,
Таза сезім жалаң сөзбен тырналды.
Ақындар-ау, алшы өмірден
Теңеулерін жұмақтың...
Өн сала алмас
Көмейлерден төгілген
Үстірт өнге елеңдегіш құлақ тым!

1969 ж.

Болашағым, сұлу бол,
Мені өмірден армансыз өтсін десең.
Бұл дүние ме? —
Сүре білгенің құлы ол.
Бақыттымын, таза болсаң, өксімесең,
Тынышсызбын, табамын деп сірә да!
Кейінгінің ары үшін
батпай тұрып кінәға.
Болашағым,
Бүгінгіге сенер болсаң,
Бүгін-ақ жүрегіме кел, қонғын.
Сенбесең — шеш, тосам,
Өмір бақи, жеткенше ол күн.

1969 ж.

ҚЫЗ КҮЙГІ

Би басталды, би басталды көңілді,
Ортамызға келіп қонды қуаныш.
Ритмді әсем әуен төгілді,
Әсем әуен, әсем әуен — жұбаныш.

Көз салсам айналама,
Алыстан сізді көрем.
Жүрегім жайлана ма,
Тұрсаңыз қарап төмен?
Жігіттер өз қыздарын
Шақырды тегіс биге.
Бұлданам мен қызғанып,
Сіз тұрсыз ұялған күйде.

Көптен бері, көптен бері ұнатам,
Білесіз бе, ұялшақ жігіт, сырымды?
Келеді деп өзімді-өзім жұбатам,
Жоламайсыз — көзіме жас тығылды.

Тек сізбен бүгін кеште
Билеуге құштармын-ақ.
Арманды желдей ескен
Жанымды ұстаймын пәк.
Жетімше жаутаңдатпай
Тезірек шақырыңыз.

Ойпырмай, жетпей тұр ма
Осыған ақылыңыз?

Тағы күттім, тағы күттім — көп күттім,
Билемеймін, билемеймін басқамен.
Неге тұрсыз шеше алмастан сіз түкті,
Жасық жүрек — жүрек емес, тас дер ем!

Еһ, жігіт, жігіт — атың,
Болсамшы орныңда.
Тең емес ерге затың —
Сезімім толы мұңға.
Еһ, жігіт, ертең таңда
Қыз болып қайта тусаң.
Дәл мендей биге барып,
Күйікпен жылап тұрсаң!

1969 ж.

МЕН ЕНДІ ТІПТІ БАСҚАМЫН...

Мен енді тіпті басқамын,
Сыртымнан жүріп сөз айтпа.
Ісімді шешпе мен үшін,
Өмір ол — уақыт қас қағым.

Мезі етті мені,
мен үшін
ой айтып, кеуде қаққандар.
Бас изеп, еріп жүргенмен,
Піспеді еңбек жемісі.

Салтанат құрып биікте
Үлкен үй тұр ғой, өне, әлі де.
Тыныштық сырттай... құпия,
Сырт қарап жұрттың бөріне.

Сонымен, иә, не дейсің,
Айтарың бар ма ой тоқтар?
Мен енді тіпті басқамын,
Сөйлесек сөз көп,
Қой, тоқтат!

Мен енді тіпті басқамын,
Тізгінсіз тұрмын ойсырап.
Қырық деген білдей жастамын,
Табылмады лаж әлі бойсұнар.

1988 ж.

* * *

Не болған көңіл күйіңе,
Қатқыл ғой кешкі тоңғақтай?
Өрі-сәрі салың су кеткен,
Шығуға одан жол жоқтай.

Біреулер билеп өнерді,
Біреуге қонды дара сын.
Ал сен болсаң көпшілік,
Белгісіздердің бірі ғанасың.

Болмысың тұр ғой құлпырып,
Уақытпен Күн-Түн санасып.
Додаға түспей, мүлт тұрып,
Өр кезде шеттеп қаласың.

Жасқаншақ ойдың құлысың,
Шықсаңшы алға кесіммен.
Өйткені сен де ұлысың
«Көпшілік» деген есіммен.

1988 ж.

* * *

Аппақ Ай — айлы түн,
Аппақ тау — қарлы тау.
Тыныштық...
қайғы-мұң.
Алыста,
арман, қалдың-ау.
Түп-тұнық... меңзір төтті ұйқы
Қойнында төңірі ақ таудың.
Тұрмыстың мұнда жоқ күйкі,
Құпияда мәңгі сақтаулы.

Бөктері таудың. Күз түні,
Жылт етер әлсіз жалғыз от.
Сағыныш құшқан ізгі үміт
Көз ілмес түнгі байғыз боп.

Қарайды маған толық Ай,
Қараймын...
Суық, тұңғиық.
Өлдене күтіп торыға,
Отырмын жалғыз сұңқиып.

26.10.1988 ж.

* * *

Күнделікті күйбең-күйбең өмірмен
Ұмыттың-ау сағынышты мұң-сазды.
Нәзіктіктің орны бос тұр көңілде,
Елемейміз тіпті уақытты — күз, жазды.

Таңертеңмен асығамыз беймәлім,
Жайбарақат қыра алмаймыз сақалды.
Шаршасаң да, түгесілсе де кейде өлің,
Қыбырлайсың,
өйткені өмір қатал тым.

Кейде көлік, кейде дүкен, кеңселер,
Кейде көше, кейде асхана, кейде жай —
Мазмұны бар уақыттың еселер,
Толқын ойлар ұйқы алдында бей де жай.

Иә, міне, енді қисай, бат балға,
Не жетсін, терең, түс көрмей ұйықтап жатқанға.

12.10.1988 ж.

ҚЫРЫҚҚА ДА КЕЛДІМ...

Қырыққа да келдім — қырқаға шықтым,
Көз жібердім маңайға.
Кеудемде мұңым — арттағы жолым,
Алдымда — бейнет,
Артымда — уайым сарғайған.
Жалындап тұрар байыпқа келмей,
Жүгірмек жастық бұлғайды қолын.
Кеудемде мұңым — арттағы жолым,
Қозғайды келіп өкініш тасын,
Елгезек ойды зілімен басып.

1987 ж.

Жарты ғасырдай уақыт өтіпті!

Ленинград. Студенттік алғашқы оқу жылым. Ауыл баласы — маған бұл қаланың сән-салтанатты сарайлары мен қамалдары, гранитпен әрленген каналдары мен қисапсыз көпірлері ғажайып ертегідей қатты әсер етті, романтикалық армандарға жетеледі. Сондай көтеріңкі көңіл күйдің әсерімен «Сан-Петербург» атты рифмдік жолдарды күнделік бетіне түсірген екем 1966 жылы...

Уақыт өтті. Жиырмасыншы ғасырдың соңын ала Тәуелсіз ел болдық. Өз Президентімізді сайладық. Президентіміз бұл күнде төрт дүниеге мәшһүр Астанамыздың ақ кірпішін қалады. Халқымыздың рухы асқақтады! Тарихи тебіреністі бастан өткердік. Күнделік дәптерімде әсем Астананың әсерімен «Нұр-Сұлтанкент» деген жүрекжарды жолдар пайда болды 2006 жылы...

«Санкт-Петербург» — киелі Петр қаласы, Петр патшаның тұрғызып кеткен мәңгі шаһары.

«Нұр-Сұлтанкент» — «нұр» сөзі әлемдік галактикалық түсінік, ал «кент» — байырғы қазақ сөзі — қала. Олай болса, «Нұр-Сұлтанкент» «Әлемнің сұлтан қаласы» деген мағынаны білдіреді.

Сондай-ақ, әрине, бұл қала Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өз қолымен қалаған Даңқ ескерткіші ретінде сол кісінің есімімен айғақталып тұр.

САНКТ-ПЕТЕРБУРГ

Қандай әсем түнгі Нева жағасы!
Самсайды шамдар түр-түрімен жарасып.
Су жиегін әрлеген әсем гранит —
Бейнелер патша тұлпарының тағасын.

Мұнарасы алтындалған сары ала,
Петропавл қамалы маңын жағалап,
Аспан шапшып ойнақтаған атымен
Келе жатыр Петр қала аралап...

Мен де тұрмын алыс қарап, ойланып,
Сезім — шексіз, тілек — заңғар, бойда — үміт.
Кең даламның төсінде өскен шаһардың
Жатқандай бір асқақ аты тойланып!

...Ленинградқа төнтіліктің бар мәні —
Міне, осындай қала салу арманым.
Сол қаланы ақ боз атпен аралап
Жүрсе екен-ау қазақтың өз Тарланы!

1966 ж.

НҮР-СҰЛТАНКЕНТ

Неткен ғажап түнгі Есіл жағасы!
Самсайды шамдар тұр-түрімен жарасып.
Жағалауда сән құрған биік отаулар
Бой созған көкке бір-бірімен таласып.

Ақ сауытты Ақорданың жанында
Алып тұлпар тебініп тұр тағында.
Тізгін алған үстіндегі Хас батыр
«Шуу!» деді де, жөңкіп кетті сағымға.

Жолында оның жарқырайды жұлдыздар,
Шарпып жүзін бірде жалын, бірде ызғар.
Жалт-жұлт қарап көз тастайды ғаламға,
Мейіріммен жол көрсетіп ұл-қызға.

Шетсіз-шексіз, өне, Арқа төсінде
Шаһар жатыр салтанатпен көсілген.
«Нұр-Сұлтанкент» — аты мәшһүр дүниеге,
Отанымның мәртебесін өсірген.

...Астанамен мақтанудың бар мәні —
Мен қазақпын орындалған арманы!
Қазақ Елін жер-жаһанға паш еткен
Дана туған өз Елімнің Тарланы!

2006 ж.

АУДАРМАЛАР

*Мұхаммад ИКБАЛ
Урду ақыны*

КЕРУЕН ҚОҢЫРАУЫНЫҢ ДАБЫЛЫ

(поэмадан үзінді)

I

Ауыз ашпан, тыңдамады мынау жұрт,
Тілім, сөзім — үнсіздік пен мылқаулық.
Неге тұйық, айтыңдаршы, айналам?
Армандаған өн салуды, жырлауды,
Бұлбұл ұрлап ақ тұманды мұңымды,
Қызғалдаққа беріп қойдым үнімді.
Жыр жолымен діріл қағып көгеріс,
Зармен өзен тасып жарға ұрынды.

Қайғы шамы көбелектің жасындай,
Шырақ боп жан, ғұмыр, шегің қасыңда.
Мөңгілік жоқ, ақыры бар бөрінің,
Игілік пе? Өмір — бұғау тасындай,
Ал жалынсыз жанардың бос шарасы.

II

Қаралымын әсіре тұрмыс бағында,
Қуанышым ілесіп кеткен сағымға.
Құпияда қансыраған сөздерім,
Жоқтау айтам жараланған тағдырға.
Ескендір ме ем, не жолының шаңы ма?
Айнасы ма ем, әлде қоқсық маңы ма?
Болмысымда, күн сәулесі — жанымда.
Шөл далада жұмбақ жатқан байлықпын,
Із жасырдым, суық қолдан қаймықтым.
Жеке елмін, қожалығым өзімде,
Үстемдігі керек маған қай ұлттың.
Шарап емен ішіндегі қабақтың,
Бірақ мастық, ел даусы бар денемде.
Қос дүние сырын ұғып кеудеммен,
Білгенімді барша жұртқа тараттым.

III

Құдіретті сөздің менде жарлығы,
Өнін салдым ұжмақ құсын таң ғылып.
Айнасынан бұрқан-тарқан жанымның
Көрінеді жердің алғы тағдыры.
Кім көрінген елдігіңді жерлеген,
Үндістаным, елім менің еңірегем!
Өксігіңе қосылады өксігім,
Көңіл құса наразы жыр, шерменен.
О, жат жұрттар, жұл бақтағы гүлімді,
Қорғаны жоқ, ұйқылы елдің түндігін.
О, бақтағы бейқам жатқан бұлбұлдар,
Аспаныңнан бір өзөзіл үңілді.
Бау-бақшаның өні болып кернеген,
Ей, жалқаулар, жар саламын мен неге.
Қорқынышты өлі тымық-ымыра,
Көз салсаңшы азып-тозған жерге де.

Біте қайнас жаңалықпен, ғұмырмен,
Үндеместен жүре берме, күңірен.
Жетер енді бағзы өмірмен күнелту,
Айқайыңа дүр сілкінсін жұмыр жер.
Келесі ұрпақ ұмытпасын демесең,
Ұйқыңды аш, жер жалмайды немесе.
Ұйқы сүйген табиғатқа жем болар,
Өрекетпен жаһан білген ел болар.

IV

Өрекетпен жаһан білген ел болар,
Бетін тырнап көңілдегі жарамның,
Бағын ашам бақытқа зар ғаламның.
Махаббаттың шамын жағып жүректе,
Қара түнін қақ жарамын даламның.
Ақ жаңбырдай төгілемін жерге мен,
Нәзік гүлді дем лебімен тербеген.
Жібi үзіліп кенет тәспі шашылса,
Тізу үшін тастарын мен тергенде.
Таптап тастап алаауыздық ғұрыпты,
Паш етемін махаббаттың бар мәнін.
Елім менің, айна болып өзіңе,
Көрсетемін бар өлемнің арманын!
Сезімі бар — сәуле көрер түнектен,
Шөл даланы еңбегімен түлеткен.

V

Үндістаным, езгілеуге иліккен,
Қуанышсыз өмір кештің күйікпен.
Басқа елдің тіршілігін көрмедің,
Өркені өсіп, бой жарасқан биікпен.
Оян, жалқау, қарасаң бір айнаға,
Көрер едің одан өмір қайнаған.
Мәймөңкелеп сені құртқан — тек жат жұрт,
Қараңғылық құшағына байлаған.
Мылқаулықтың бұғауынан шаршаған,
Зарың ұқсар отқа жанған аршаға.
Ақиқатты бояп жалған қынамен,
Араздықтан кең дүние де тар саған.
Бос сөзге ерер ақымақтар күмәнсіз,
Жұртқа бірақ шындық керек тұмансыз.

АЗАП ДАУСЫ

Жан азаптан жапа шектім, жалықтым,
Көк иірімі, жұтшы мені Гангтің!
Айтыс-тартыс туған менің жерімде
Титықтатып бітті барша халықты.
Ырду-дырду жақын-туыс өзара
Бірлігі жоқ, бір-біріне көзі ала.
Шашылды дөн — о, лағынет, қырманда
Шашыла бермек қысастық лебі тұрғанда.

Бірлікті көксеймін достықпен игі қаланған,
Бау-бақша саламын ынтымақтықтан нәр алған.

Мен — ақынмын, мен — дәнекпін, ел — қырман,
Ғұмыр бар ма бұл дәнекке қырмансыз?
Саңырауларға сөз жеткізбек антұрған,
Елдігі жоқ елге арнаған жыр мәнсіз.
Жұрт жанының айнасындай көретін
Жырларыма құлақ аспай, ағайын,
Алаауыз боп қалдың күйсіз талайың.

Бірлікті көксеймін достықпен игі қаланған,
Бау-бақша саламын ынтымақтықтан нәр алған.

МАХАББАТ ПЕН ӨЛІМ

Жүзін жуып таң шапағы ең алғаш,
Таңғажайып жаралыпты дүние.
Айдың жүзі көмкеріліп күміспен,
Сыйға алыпты алтын төжді Күн ием.

Түнге шапан тиді қара пүліштен,
Күншуаққа бөленді бар Жер беті.
Ағаштардың алғаш атып бүршігі,
Көктем лебі көкорайды тербетті.

Көз жасындай түсті көктен мөлдір шық,
Алаулады гүл алқабы әлемге.
Құрбан етті ақын дағы өз басын
Алғаш рет шындық жолын дәлелдеп.

Қыздарындай хордың — бұйра бұлттар,
Ақ керуендей аспан кезді легімен.
«Жаннаттың мен сарайымын! — деді Жер. —
Бұл фәнидің негізі — мен, тегі — мен!»

Тоқетері: жұмақ екен — Жер беті,
Тұрған екен бар дүние сән құрып.
Періштелер ұшып жүрді жарысып,
Маңдайынан сөуле төгіп мәңгілік.

Тұрған бойы — пәктік, жастық, жақсылық,
«Махаббат» еді біреуінің есімі.
Табиғаттың сұлулығы бойында —
Тіпті тасқа тигізбейтін кесірін.

Бірде кенет жол үстінде Өліммен
Кез боп қалып, сұрақ қойды таңғала:
«Кәсібің не? Кім боласың?
Көзіңде
Зәлімдіктің ізі тұр ғой қанталап?!»

«Мен — ажалмын, — деді Өлім міз бақпай, —
Тіршілікті күлге айналдыру — кәсібім.
Талай-талай өмір гүлін солдырып,
Тұншықтыру адамзаттың жас үнін.

Құдіретті менен гөрі жалғанда
Махаббат бар, жасқанамын тек содан.
Көзінің ол қарашығы Құдайдың,
Жүрегінде туады тек адамның».

Өлім сөзін тыңдап болып Махаббат,
Күліп салды найзағайдай жарқ етіп.
Осы күлкі түйреп түсті Өлімді,
Дүние-жаһан сала берді сәнденіп.

Өлім өлді махаббаттың құдіретінен,
Өлім өлді, өлім деген жоқ енді!

*Роберт БЕРНС
Шотланд ақыны*

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ САЙЫС

Ал, көне, кімді сайлаймыз
Мәжіліс пен Сенатқа?
Болса да кім-кім депутат,
Үміттен шықса ел артқан.

Бәрін айт та, бірін айт,
Бәрін айт та, бірін айт.
Кім болсаң да Сенатқа

Сайланған соң — халықтың
Мұңын тыңда, күйін айт.

Айталық, мынау Г. мырза
Елсүйгіштігімен әйгілі.
Бар қауым оған риза,
Жағады жарқын жайлылығы.

Берін айт та, бірін айт,
Берін айт та, бірін айт.
Етіне таныс ел-жұртқа
Әділін айтар Г. мырза,
Жағымпаздарға, сірә, жығылмайды.

Лауазымға мұндай лайық
Өркімде бар нақсүйер.
Оған бірақ С. дайын,
С. мырза әбден ақсүйек.

Берін айт та, бірін айт,
Берін айт та, бірін айт.
Өтеді С.-ңыз, себебі —
Ұйытып жұртты тыңдатар
Желдірме сөздің шебері.

Атақ та емес, шен де емес
Жігіттің сыны, бағасы.
Орденге толы кеудемен
Талайдың таяз санасы.

Берін айт та, бірін айт,
Берін айт та, бірін айт.
Бекзада атын жамылған
Талай бәдік жүр елде
Уәдешілдігімен танылған.

Қыр асып бір қырт келеді
Алға сап дөкей туысын.
Сабазың
тек күшке сенеді,
Ақшаға толы уысы.

Берін айт та, бірін айт,
Берін айт та, бірін айт.
Жем болмай пысық біреуге

Жұрт үшін қыс-жаз сабылып,
Ел үшін жанын қинайтын
Азамат үшін жұмылайық!

ҚОШ БОЛ, ДОСЫМ!..

Қош бол, менің аруым,
Қоштасар келді кезегі.
Махаббат деген жан уын,
Білдірмен енді мезі етіп.

Қош бол, кешір! Кезі бір
Жетілер орны жараның.
Өзіңе деген сезімді
Кеудемде қамап қаламын.

Ата-ана күнде табынар
Дәулетті күйеубала үшін.
Жар болсын құдай бағыңа,
Бағыңа болмас таласым.

Құдайдың еткен бәсіре —
Ар еттің кедей тегімді.
Мен үшін байлық — әсіре,
Еркіндік — теңім сенімді.

Алыстан орап жолыңды
Қадаған сұғын баз біреу.
Көп таңдай берген сорыңа
Болмасын оның таз біреу.

Қош бол, досым! Тағдырдың
Жолымен кетіп барамын.
Өте қалсам қайбір түн,
Терезеңе көз салармын.

ТӘУЕЛСІЗ МЕНІҢ ТІРЛІГІМ...

Жан жарым адал өзіме,
Мен дағы оған адалмын.
Шөп салған емес көзіме,
Намысым берік адаммын.

Бейнетпен жиған-тергенім,
Жұмсасам-шашсам — өз еркім.

Біреуге қарыз бермедім,
Сұрасам қарыз кім берсін?!

Ешкімге үстем емеспін,
Байларға жалшы болғам жоқ.
Күн туса жаумен егестім,
Жеріме қалқан-қорған боп.

Халімді сұрар қауым жоқ —
Қалмайды оған көңілім.
Уайымға күйкі берілмей,
Осылай өтер өмірім.

ТҮНЕМЕЙСІҢ СЕН ҮЙІНДЕ...

Түнемейсің сен үйіңде,
Қыдырасың — білем мен.
Рақатын төсегіңнің
Бөлісесің біреумен.

Ақ жүзіңнен шырай кетті
Ұйқысыз бейтүндерден.
Етегіңді мыж-мыж етіп
Түріп жүр-ау кім көрген!

Түстің, сен қыз, қақпанына
Арты азапты жүрістің.
Шарап ішіп ашқарынға,
Дөңбекшіп түндер бүрістің.

Аспан асты түнді кешіп
Өн салдың да биледің.
Аш арадай үймеледі-ау
Салып саған инесін.

Түнемейсің, сен қыз, үйде,
Қыдырасың — білем мен.
Рақатын төсегіңнің
Бөлісесің біреумен.

МАЗМҰНЫ

ӘНГІМЕЛЕР	3
Дос көңілі.....	4
Үнді өуені.....	8
Сергелдең сезім	15
Сырбаз жаз лебі	23
Сағынышты ақ түндер	40
Өртіс	89
Бүгінгінің тойлары	92
Қып-қысқа қызық әңгімелер	95
ПЬЕСАЛАР	99
Бөрінен де сұлу... ..	100
Күн көзі	132
Көл жағасынан көрініс.....	163
Өз жолымды іздеймін!.....	196
Сезім оқиғасы	229
АУДАРМАЛАР	237
Бертольт Брехт. 1431 жылы Жанна д’Аркке құрылған Руандағы сот	238
Сахналық миниатюралар.....	275
ӨЛЕҢДЕР	293

Көркем әдебиет

Исахов Орынбасар

БӨРІНЕН ДЕ СҰЛУ

(Әңгімелер, пьесалар, аудармалар, өлеңдер)

Редакторы *Г. Тұрмағанбетова*
Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатбаев*
Техникалық редакторы *Л. Садықова*
Компьютерде беттеген *З. Мұширова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 6290

Басуға 16.06.21 қол қойылды. Пішімі 60×90¹/₁₆. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі «SchoolBook Kза». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 20,5.
Шартты бояулы беттаңбасы 21,0. Есептік баспа табағы 14,86.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz